

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х. ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ Өңірлік Университеті**

**Жауынгер жазушы, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан
Момышұлының 110 жылдығына арналған
«БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ:
ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ»
тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференцияның**

МАТЕРИАЛДАРЫ

24 ЖЕЛТОҚСАН 2020 ж.

Секциялар:

- **Тарих секциясы: Бауыржан Момышұлы: Ұлы Отан соғысы мен қазіргі жаһандану үдерісі**
- **Әдебиет секциясы: Бауыржан Момышұлының әдеби мұрасы және әдебиет әлеміндегі алар орны**
- **Тіл секциясы: Бауыржан Момышұлы және қазіргі тіл білімі ғылымындағы өзекті мәселелер**

ӘОЖ

Жауынгер жазушы, Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының 110 жылдығына арналған «Бауыржан Момышұлы: Тәуелсіздіктің тарихы мен тағылымы» атты республикалық ғылыми- тәжірибелік конференция материалдары. Тараз: Тараз университеті, 2020. – 270 б.

ISBN

Бұл жинаққа шетелдік және отандық ғалымдардың, докторантар мен магистранттардың және колледж, мектеп ұстаздары мен білімгерлерінің, архив пен музей қызметкерлерінің Бауыржан Момышұлының өмірі мен шығармалары туралы ғылыми зерттеу мақалалары енгізілді.

Жинақ материалдары ғалымдар, ұстаздар, магистранттар мен жоғары оқу орындарының студенттеріне сонымен қатар барлық ізденуші оқырмандарға арналған.

Редакция алқасының төрағасы

М. Сарыбеков – п.ғ.д., профессор, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің ректоры.

Редакция алқасының мүшелері

Бейсен Н.А. – ф-м.ғ.к., профессор; Мырзахметұлы М. – ф.ғ.д., профессор; Найзабаев Ә. – п.ғ.магистрі

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ТАРАЗСКИЙ РЕГИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ М.Х. ДУЛАТИ

МАТЕРИАЛЫ

Республиканская научно-практическая конференция на тему:
«БАУЫРЖАН МОМЫШУЛЫ: ИСТОРИЯ И УРОКИ НЕЗАВИСИМОСТИ»,
посвященная 110-летию писателя-воина, Героя Советского Союза Бауыржана
Момышулы

24 ДЕКАБРЬ 2020 г.

Секции:

- Секция истории. Бауыржан Момышулы: Великая Отечественная война и современная глобализация
- Секция литературы: Литературное наследие Бауыржана Момышулы и место которое занимает литературе
- Языковая секция: Бауыржана Момышулы и актуальные проблемы в языковой науке

Издательство
«Dulaty University»
Тараз, 2021

УДК 94(574)

Материалы республиканской научно-практической конференции на тему:

«Бауыржан Момышұлы: история и уроки независимости», посвященная 110-летию писателя-воина, Героя Советского Союза Бауржана Момышұлы. Тараз: Тараз университеті, 2020. – 270 с.

ISBN

В сборник включены научные статьи зарубежных и отечественных ученых, докторантов и магистрантов, а также преподавателей и обучающихся колледжей, школ, научных работников архивов и музеев о жизни и творчестве Бауыржана Момышұлы.

Материалы сборника представляет интерес для ученых, преподавателей и студентов высшего учебного заведения, а также для всех, кто заинтересован в изучении данной темы.

Председатель редакционной коллегии

Сарыбеков М. – д.п.н., профессор, ректор Таразского регионального университета имени М.Х. Дулати.

Редакционная коллегия

Бейсен Н.А. – к.ф.-м.н., профессор; Мырзахметулы М. – д.ф.н., профессор; Найзабаев А. – магистр п.н.

Б.МОМЫШҰЛЫ – ҒАСЫР ПЕРЗЕНТІ

Сарыбеков М.Н.

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің Басқарма төрағасы –
ректор міндетін атқарушы педагогика ғылымдарының докторы, профессор*

Құрметті конференцияға қатысушылар, қадірменді қонақтар! Бүгін біздер ғасыр перзенті, алымды қаламгер, атақты қолбасшы Бауыржан Момышұлының 110 жылдық мерейтойын атап өтпекпіз.

Б.Момышұлы - қанды жорықтардың бел ортасында жүріп, елімізді сыртқы басқыншылардан қорғауда ерен ерлік көрсеткен дара тұлға. Ол өзінің дара болмысымен, соғыс тактикасы мен стратегиясын терең білген қолбасшылық дарындылығымен ерекше көзге түсе білді. Өзінің осындай қасиетімен Б.Момышұлы қол астындағы сарбаздарымен екі жүзден аса қанды ұрысқа қатысып, бес рет жау қоршауында қалған. Алайда сол қоршаулардан өзі басшылық еткен батальонын аман-есен алып шығып, қайтадан қатарға қоса білді. Төрт рет жарақат алып, майдан шебін тастап кетпеген. Ол жөнінде сол кездегі түрлі басылымдар жабыла жазғанын сіздер білесіздер.

Әсіресе А.Бектің «Арпалыс» романы майдан шебінде жүрген сарбаздардың сүйіп оқитын көркем туындысына айналғанының өзі көп нәрседен хабар берсе керек. Аталмыш туындысында А.Бек Б.Момышұлының аузынан жазып алған әңгімелерін тарихи шындық тұрғысында жазып шыққан. Осы кезден бастап Б.Момышұлы даңқты қолбасшы болумен қатар әлем мойындаған көркем туындының кейіпкеріне айналды.

Бейбітшілік орнағаннан кейін де Б.Момышұлы әскери қызметтен бос қалған жоқ. Ол әскери академияны тамамдағаннан соң сол академияда дәріс бере жүріп, кеңестер әскерінің қатарын білімді мамандармен қамтамасыз етуге елеулі үлес қоса білді.

Әскер қатарынан демалысқа шыққаннан соң ол бір жола шығармашылық жолға бет қояды. Өзінің әскерден бірге ала келген отыз жеті дәптерін пайдалана отырып, тарихи шығармалар жазып шығады. Оның қаламынан туындаған «Москва үшін шайқас», «Курляндия майданы» сынды көлемді туындылары мен шағын әңгіме, новеллалары қазақ әдебиетінде әскери әдебиеттің дамуына өлшеусіз үлес болып қосылды.

Ұлттық әдебиетте Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» романының алар орны ерекше. Өзінің балалық шағына саяхат жасай отырып, ол XX ғасырдың алғашқы кезеңін нағыз тарихи ақиқат тұрғысында суреттеп өтеді. Сол кезеңдегі ел ішіндегі тарихи оқиғалар, ұлттық салт-дәстүрлер мен түрлі талас-тартыстар шығарманың тарихи салмағын арттыра түседі. Осы шығармасы Б.Момышұлының ұлттық әдебиетке келуіне даңғыл жол салып берді.

Б.Момышұлы жайлы көзі тірісінде-ақ аз жазылған жоқ. Ол жөнінде түрлі аңызға бергісіз әңгімелер мен көркем туындылар жалпы халықтың батырға деген сүйіспеншілігін білдіреді. Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романы сол тұста оқырман халықтың іздеп жүріп оқитын шығармасына айналды.

Батырдың жүз жылдық тойын атап өту қарсаңында танымал ғалым М.Мырзахметұлының бастамасымен «Б.Момышұлы ХХІ ғасыр көгінде» атты бауыржантану ғылыми-зерттеу орталығы құрылып, жемісті еңбек етті. Осы орталықтың қажырлы еңбегінің арқасында отыз том кітап жарыққа шығып, көпшіліктің назарына ұсынылды. Бұл орталық күні бүгінге дейін жұмыс істеп келеді.

Иә, Б.Момышұлы жайлы аз айтылып келе жатқан жоқ. Осы уақыт аралығында ол жөнінде бірнеше ғылыми диссертациялар жазылып, көптеген түрлі жанрдағы көркем туындылар жарыққа шықты. Түрлі газет-журналдарда жарық көрген мақалаларда есеп жоқ. Мұның барлығы батырдың әруағына тағзым деуге тұрарлық еңбек екендігі даусыз.

Алайда батыр жайлы айтылар әңгіменің өзегі алдымызда екендігі сөзсіз. Бауыржан Момышұлының 110 жылдығына орай «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығы қызметкерлерінің ұйымдастырған ZOOM платформасындағы бүгінгі онлайн конференциясы сол ізгі қадамдардың бір парасы ғана. Конференциямызды «Б.Момышұлы: тәуелсіздіктің тарихы мен тағлымы» деп атадық. Себебі Б.Момышұлы - қазақ елінің тәуелсіздігін жанындай қалаған дара тұлға. Осы жолда ол жеке басының мүддесін ойлаудан саналы түрде бас тартып, ел мүддесін бірінші орынға қойды. Сондықтан да халық батырды өзінің піріндей санады.

Бүгінгі конференцияға Б.Момышұлының көзін көріп, оның тағлымды сөздерін құлағына құйып өскен рухани інілері мен бауыржантануда ірілі-ұсақты еңбек етіп жүрген ғалымдар және Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві, ҚР ҚК Әскери-тарихи музейі, Жамбыл облыстық мемлекеттік архиві және т.б. мекемелерден баяндамашылар шақырылып отыр. Демек, бүгінгі жиынымызда батырдың танылмаған тұстары мен бауыржантанудағы тың ізденістер көрініс табады деп ойлаймын. Сондықтан конференцияның жұмысына сәттілік тілеймін.

ҚАЗАҚТЫҢ ХАС БАТЫРЫ – БАУЫРЖАН

Батырбаев М.Б.

*Бауыржан Момышұлы атындағы Алматы республикалық «Жас ұлан» мектебінің бастығы,
полковник, педагогика ғылымдарының магистрі*

Киелі қазақ елінің басты ерекшеліктерінің бірі – бала бойына жастайынан ар-намысты қалыптастыру басталды. Ата-баба дәстүрінен ұрпаққа мұндай тәрбие беру тек қана оң нәтиже беретінін көріп келеміз. Отансүйгіштік сезім адам бойында өзінен өзі қалыптаспайды, жастайынан «менің елім, менің жерім, Отаным туған елге қарыздармын» деген сияқты сөздерді естіп, құлағына сіңіріп өскен бала ғана туған жерін шын сүйетін патриот болып қалыптасары сөзсіз.

Еліміздің Ата заңының 36-бабында «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті» деп атап көрсетілген. Сондықтан да еліміздің әрбір жасөспірімін үйде отбасынан бастап, мектеп қабырғасында және жоғары оқу орнында әскери қызметке дайындап, туған Отаны- Қазақстан Республикасының және оның халқының алдындағы жауапкершілігін сезіндіру – біздің мақсатымыз болып табылады.

Туған еліне, жеріне, еліміздің ата Заңы мен сайланған Президентіне адал қызмет ететін болашақ Отан қорғаушы жауынгерлерлерді дайындау мектеп қабырғасынан басталады. Бауыржан Момышұлы атындағы Алматы республикалық «Жас ұлан» мектебінің офицерлер құрамы мен ұстаздар қауымының ұстанған бағыты мен көздеген мақсаттарының бірі – тәрбиеленушілерге Халық қаһарманы, Кеңес Одағының батыры, жазушы Бауыржан Момышұлының тұлғалық бейнесін, ерлік қасиеттерін ұғындырып, жас ұрпақ бойына Отансүйгіштік сезімін ұялатып, еліміздің Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге үйретіп, шымыр да қайратты, отаншыл жастарды дайындау.

Кең байтақ даламыздың бары мен сорын арқалап, арыстандай ақырып, Алаш дейтін ұлы жұрттың бары мен жоғын түгендеген, «қылша мойны- талша» болып, «арқа етін - арша, борбай етін борша» қылып, елінің азаттығы жолында жауымен арыстандай арпалысып, жолбарыстай жортып өткен бабаларымыз бен бағлан ұлдарымыздың аз болмағаны – халық жадында. Солардың қай-қайсы да қазақ ұлтының болашағы мен азаттығы үшін жандарын шүберекке түйіп ғұмыр кешкен есіл ерлер еді. Ұлтының асыл перзенттері болатын. Аты аңызға айналған қазақтың біртуар батыры Бауыржан Момышұлының өмір жолы, сұрапыл соғыс жылдарындағы жанқиярлық ерлігі, өжеттігі мен алғырлығы – үлкен өнеге мектебі.

Мектепте жыл сайын желтоқсан айының 24 күні Бауыржан Момышұлының туған күніне орай іс-шара ұйымдастырылады. Тәрбиеленушілер мектеп алаңында орнатылған батырдың ескерткішіне гүлшоқтарын қойып, тағзым етеді. Мерекелік іс-шараға Бауыржан Момышұлының келіні, Бақытжан Момышұлының жұбайы, жазушы, қазақы дәстүрлерді насихаттаушы Зейнеп Ахметова, Әскери қайраткер, полковник, әскери ғылымның кандидаты, профессор Ким Серікбайұлы Серікбаев, Бауыржантанушы ғалымдар және т.б. сыйлы қонақтар шақыртылып, өнегелі, ғибратты әңгімелер тыңдалып, салтанатты шеру ұйымдастырылады. Мұның өзі жас ұландықтарға үлкен тәрбие деп ойлаймын. Биыл даңқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының туғанына 110 жыл толуына орай мектебімізде республикалық «Жас ұлан» мектептерінің тәрбиеленушілері арасында желтоқсан айында «Бауыржан оқулары» республикалық онлайн байқауы өткізілді. Байқау үш номинациядан тұрды: «Батырдың биік тұлғасы», «Қалдырған ізің мәңгілік» және «Ұшқан ұя кітабындағы ұлттық құндылықтарды дәріптеу». «Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім- Бауыржан Момышұлы» тақырыбында ашық сынып сағаттары өткізілді.

Батыр Бауыржан Момышұлы қан майданда от кешіп жүріп, батырлықтың не екендігін ісі арқылы дәлелдеген тұлға. Оның еңбектерін оқысаңыз, ұлт өміріне берілген бағаға, тоқтаусыз жүргізілген орыстандыру саясатына ашық қарсылық танытқанын білуге болады.

Бауыржан – батыр... Бауыржан – ақын... Бауыржан – ойшыл...

Бауыржан Момышұлы – Сүйінбай ақын айтқан «Бөрілі менің байрағым, бөрілі байрақ көрінсе, қозып кетер қайдағым?!» дейтін кешегі көшпелі дәуір баһадүрлері мен ойшылдарының, көсемдері мен шешендерінің заңды жалғасы. Ол ұрпақтан ұрпаққа жалғасар ұлтты сүю мен ұлт тұтастығы үшін күресудің символы.

Біздің халқымызда «Аруақты жерден ат үркеді» деген сөз бар. Еліне ес, жауына сес болған хас батырдың аты естілсе, әлі күнге дейін тоқтамайтын қазақ, ойланбайтын адам жоқ.

Бауыржан Момышұлы – қазақ дейтін халықтың ары мен намысына, ойы мен аспасатына сұарылып, шыңдалған, ғасырлар толғатып, замана сомдаған, ұлтымыздың жүрегіне мәңгілікке мекен еткен ұлы тұлға.

«Елі ерімен мақтанады» демекші, біз Бауыржан атамыздың ерлігімен мақтанамыз.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ – ӘСКЕРИ АҒАРТУШЫЛЫҚ ӘДЕБИЕТТІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Мекемтас Мырзахметұлы

*ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ф.ғ.д., профессор
«Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі*

Бұл тақырып күрделі әрі түрік халықтары әдебиеті тарихында ғылыми негізде тұңғыш рет көтеріліп, Ұлы Отан Соғысы жылдарында пайда болған тың мәселе. Осы себепті бұл қастерлі тақырыпты арнайы сөз ету – кімге болса да қиынға түспек. Өйткені бүгінгі күнде өткен тарихымызға көз салып, сөз етуде – мәселеге ұлттық рухтағы дүниетаным тұрғысынан қарап, ой түйе жағы жыл өткен сайын жаңғырып, жаңарып, молығып келеді.

Әскери көркем әдебиет тақырыбының пайда болу, даму, қалыптасу жағы біздің халықтың яғни түркі тілді халықтардың бір бұтағы қазақ халқының көркем әдебиеті тарихында қалай қалыптасты және оның өзіндік ерекшелігі неде жатыр деген мәселе алдымызға қойылуы заңды.

Қоғамның даму жолында яғни қоғам өмірінде болып өткен іштей әрі сырттай орын алған қанды қақтығыстардың, алапат соғыстардың қозғаушы күшіне айналған тұрақты әскер мен уақыт талабына орай ұран салумен бір күнде жиналып, топтасатын қазақ жасақтарының болмысына да назар аударып, оның басты ерекшелігіне ой жіберу – қажеттілікке айналып отыр.

Таза отырықшылық кәсіптегі халықтардың қоғамдық өмір болмысына көз салсақ, ол елдердің құрылысында сыртқы жұмысы, ішкі қауіпке күресу мақсатында қажеттілікке қарай әскери жасақтың екі түрі қалыптасады екен. Мысалы, Европа мен Ресей мемлекеттерінде әскердің осы екі түрі яғни мемлекеттік тұрақты армия мен қоғамның ішкі қайшылығынан, туындайтын қарсылықты басып отыруға қарсы жұмсалатын ішкі әскери құрамдары болады екен.

Ал ертедегі көшпелі немесе жартылай отырықшы өмір кешкен түркі халықтары мен сол көшпелі өмір қалпын кеңес үкіметінің ұжымдастыру саясатына дейін таза сақтап, көшпелі қазақ халқының жау келгенде қарсы тұрар қалың әскери жасақты рулық, не тайпалық ұран шақыру арқылы ондаған түмен сарбаздарды бір күнде жинастыратын ерекшелікті көреміз.

Европалық мемлекеттер мен Ресей мемлекеті қол астындағы тұрақты армия негізгі қарулы күш ретінде негізінен сырт елдерді жаулап алып, отарлауға бағытталатыны ол армияның басты ерекшелігін көрсетеді. Әрине, бастапқы мемлекетті құру тұсында оларда қалыптасқан тұрақты армия ішкі қайшылықты шешуге жұмсалғаны тарихи шындық болатын-ды.

Ал, көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқының арғы, бергі тарихына көз салсақ, бір күнде, бір мезгілде ата ұранымен жиналып, топтастырылатын сарбаздарға, негізінен, сыртқы жаудан қорғанатын, қорғану мақсатына жұмсалатын әрі соғыс біткен күні бірден тарап кететін ерекшелік тән.

Бұл көшпелі, жартылай көшпелі қоғамдық құрылыс табиғатының тұрақты армия ұстауға жағдайы келе бермейді. Оның себебі тұрақты армияны ұстау үшін тұрақты үй-жай, киіммен, қару-жарақпен қамтамасыз етіп, арнайы даярлықтан өткен әскери қолбасшылар болмағы керек. Бұларды яғни бар жағынан қамтамасыз етілген тұрақты армияны ұстап тұру, мемлекетті қорғау мен, әсіресе, көршілес елдерді жаулап алуға арналған яғни қорғану үшін емес, басқыншылық мақсатына бағыттау, әрине, әділетсіз соғыстарды тудырады. Бұл қала, қалама, әділетсіз басқыншылық соғысқа әкеледі. Бұл мәселені тарихта болып өткен соғыс атаулының бәрі де айғақтайды.

Әділетсіз, басқыншылық соғыста тұрақты армияның моральдық жағы, яғни соғыс үстінде ерлік жасап жан беріп, жан алу жағынан осалдық жасап, әлсіз соғып жатады. Өйткені басқа елді қырып жойып, жазықсыз жазалау жасап отырғанын жауынгердің жүрегі сезеді, өздерінің қару жұмсап басқыншылық жолда жүргені жауынгер санасында мазасыздық тудырады, адамшылық арына қозғау салмай қоймайды.

Ал, өз елі мен жерін, Отанын қорғау жолында әділетті соғыс жағындағы сарбаздардың көзсіз батырлығы мен қайталанбас ерлігін басқыншы жаулардың өзі де ауыр болса да талай рет мойындаған болатын. Отаны үшін саналы түрде жан беріп, жан алу жолында көзсіз ерлік көрсетушілер ішкі моральдық жағынан биік тұратыны да шындық. Бұл айтқанымызды, мысалы, Америка индустары көрсеткен жанкештілік, Қазақстандағы Кенесары көрсеткен қарсылық немесе 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістегі қайсарлық, арғы тарихқа көз салсақ, өзімізге танымал Ақтабан шұбырынды заманындағы қазақ қолы мен батырларының ерлігі, жекпе-жек соғыстағы ажалға тайсалмай барып, халқының намысы үшін алысқан көзсіз ерліктері де айғақтайды.

Өркениеттің 2 түрі бар:

1. Көшпелі дәуір өркениеті

Ерекшелігі – қанағат

«Малым жанымның, жаным арымның садағасы» - рухани тұрақты армиясы жоқ, мақсаты – рухани қорғану

2. Отырықшы ел өркениеті:

а) Қытай

б) Мысыр

в) Грек

Ерекшелігі – қанағатсыздық (Мағжан өлеңі)

Тұрақты армия ұстау – мақсаты а) жаулап алу, б) руханиятын қирату

Әскери әдебиетте Бауыржан Момышұлының өткен заман мен біздің заманымызда болып өткен әлем халықтарын қамтыған соғыстардың қайталанбас үш түрлі ерекшелігі болғанын атап өтумен бірге өз танымын жіктей отырып көрсететіні бар. 1969 жылы 2 қарашада Қазақ Совет энциклопедиясының Бас редакторы профессор М. Қаратаевқа жазған хатында:

“Әскери ғылым адамзат тарихында үш дәуірге бөлінеді:

а) Мануфактурный период ведения войны,

б) Машинный период ведения войны,

в) Термоядерный период войны.

Үшеуінің үш түрлі ұғымы бар. Үшеуінің үш түрлі қару-жарағы бар. Үшеуінің үш түрлі тактикасы мен стратегиясы бар. Үшеуінің үш түрлі тілі бар, біріне-бірі ұқсамайды. Ол тарихи нәрсе... Осы таным тұрғысынан қарағанда, түрік халықтары басынан кешкен әскери әдебиеттің болмысын, тарихын танып білуге, ол жайында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізгенде осы ой танымдарды әскери теориялық қағида ретінде қарап, үнемі сүйеніп отыруға болатын идеялық бағыт-бағдар бола алады деген байламға келеміз. Б.Момышұлының осы ой танымына сүйене отырып, ой көзімен қарағанда:

1. Соғыс жүргізудің мануфактуралық дәуірі негізінен майдан төрінде бес қару түрін молынан әрі тұрақты түрде қолданумен шектелген жағдайды көреміз.
2. Соғыс жүргізудің машиналық кезеңі негізінен отпен атылатын мылтықтан басталып, пулемет, зеңбірек, танк, самолет, т.б. техникалық қару-жарақ түрлерінің бәрін қамтуымен ерекшеленеді екен.
3. Соғыс жүргізудің ядролық қаруды пайдалану дәуірі бүгінгі компьютерге сүйенген ақпараттық техника көмегімен жүргізілмек.

I

Соғыс жүргізудің мануфактуралық дәуірі Б. Момышұлы танымы бойынша: «Қазақ тілінде мануфактурный период ведения войны тілдер де түсініктер де, ұғымдар да бар. Оған дәлелдер – ертегілер, батырлық эпостар, шынымды айтсам, ол жағынан мен өзімді өзім тексердім. Мануфактурный период ведения войны деген нәрсе өз заманында сойыл, шоқпар, найза, садақ, айбалта, т.б. қолмен ұсталатын қарулармен өткізілген екен (кәдімгі қып-қызыл төбелес)». Яғни, соғыс негізінен бес қару түрін пайдалану жолымен іске асады екен. Ол қарулар қылыш, садақ, найза, шоқпар, қанжар тәрізді соғыс құралдарымен шектеледі. («Қару-жарақ сөздігі» - Т. Байжанов) Бұл соғыс қаруы тұсындағы соғысушы сарбаздар жаумен бетпе-бет келіп, күш сынасады. Майданда әлі жеткені, айласы мен ақылы асқандары басым түсіп жатады. Жауынгер

майдан төрінде жеңсе де, жеңілсе де айқас әділетті түрде жүргізіліп отырады. Бұл тұста қазақтың батырлық жырында жырланатын атақты батырлардың жекпе-жек соғысуы мен жеңген жағы тікелей рухы көтеріліп, қан майданға түсетін соғыс көріністері көз алдымызда елестейді.

Қазақтар бұл дәуірде бес қарудың түрімен қорғану, шабуыл жасау жорықтарында соғыс жүргізудің мануфактуралық түрінде басым түсіп отырған. Бұл соғыстың қыры мен сырын жақсы біліп, соғыстың стратегиясы мен тактикасын жете меңгерген халық екенін әлемге танытып отырған. Мұның үстіне қорғану жолында жүргізілген соғыста өз жерінің табиғатын яғни тауы мен даласын, қыры мен жазығын да білгірлікпен пайдаланып, қарсыласын жер қаптырып отырған. Мұның үстіне қазақтардың ат құлағында ойнайтын шабандоздығы, соғыста жылқының шешуші күшке айналуында көп мәселенің түйіні жатыр. Бұған дәлел Еділ, Шыңғысхан, Әмір Темір, т.б. қолбасшылар заманында тұлпар аттың шешуші күшке айналған ерекшелігін сезінеміз. Ал батырлар жырында батырмен бірге тұлпар аттың бейнесі қатар сомдалуында көп сыр жатыр. Соғыста ең ықшам, маневр жасауға бейім, алыс пен жақын жерді тез басып өтетін жарамды қазанаттың болуы – қазақ жерін жаудан қорғап, Отан кеңістігін ұстап қалудың шешуші жолы да жауынгер мінген жарамды жорық атына байланысты болып келгені де шындық. Осы себепті халқымыз шығарған эпикалық жырларда батыр образын сомдаумен бірге оның таңдап мінген, тұлпарлардың бейнесі де қатар алынып суреттелуінде көп сыр жатыр.

II

Соғысты жүргізудің машиналық дәуірі деп отпен атылатын қару түрлері жетіліп, автомат, пулемет, зеңбірек, танк, ракета, самолет, бомбы мен гранат түрлерінің заманын айтады. Бұл техникалық жарактармен соғыс жүргізгенде, қару жарактардың небір жаңа түрлері майдан төрінде қолданылса да бәрібір адам психологиясы мен рухани табиғаты яғни, адам жаны шешуші күшке айналып отырады.

Қазақ халқы өз тарихында соғыс жүргізудің машиналық дәуірі деп аталатын түріне яғни мейлінше жетілген түріне алғаш рет Кеңестер Одағы мен фашистік Германия арасындағы соғыста араласты. Қазақ солдаттары мен қазақ командирлері майдан төрінің бұл дәуіріндегі қару-жарактың барлық түрін тез арада меңгеріп, әлем жұртын таңдандырған ерліктер жасап жатты. Яғни тарихтың қатал сынынан абыроймен өтті.

Өз халқының қас батыры атанған Бауыржан Момышұлы да алғаш рет соғыс жүргізудің мейлінше жетілген машиналық дәуіріне араласып, ерлік даңқы бүкіл әлем халықтары назарына ілікті. Ата жауға қарсы Отанды қорғау жолында жауына қарсы соғыс қару-жарактарымен бірге қаламын яғни қамал бұзар қаһарлы сөзін де қоса жұмсаумен ерекшеленді. Бұл тақыр жерде пайда болған кездейсоқ құбылыс емес, ол көне заман ата-бабаларынан бермен қарай үзілмей келе жатқан дәстүр жалғастығы болатынды. «Мен бастан кешкендерін жазып жүретін жауынгерлердің бірімін. Майданда жауынгерлер арасынан шыққан, қалтасында жазушылар одағының билеті болмаса да жазатын майдангерлер деп аталатын бытыраңқы топ бар. Мен бұл топты жазушылардың жаңа буынының тұтас бір армиясы деп ойлаймын. Олар әзір оқиғаны болат қаламсаптың ұшымен көркем сөзбен шебер өрнектеуді меңгере қойған жоқ. Олар көзбен көргендерін, өздері куәгер болған оқиғаларды, соғыстың қатқыл тілімен жазып жүр. Олардың кейбіреулері оққа ұшты, кейбіреулері мүгедек болып қалды, басқа біреулері өз қызметін атқаруда. Көргендерін хатқа түсіріп жүретін менің қарулас жолдастарымның бірі, осында отырған Совет Одағының Батыры М. Ғабдуллин. Оның жазғандары 10-ға жуық дәптер болады. Соғыс жүріп жатқан кезден бері бұл топқа көптеген басқа адамдарды қоссақ мыңдаған парақ жазылған болар еді. Соғыс аяқталған кезде соғыс әдебиет майданында да басталады, қазір әдебиет майданында соғыс жоқ. Ал біздің соғыс деп жүргеніміз – жай шамалы қақтығыс қана. Соғыс аяқталғаннан кейін майдангерлер армиясы жазу өнерін меңгеруді қызу қолға алып, бүгінде әдебиет тосқауылында бұғып отырған кейбір жазушылармен шайқасатын болады. Мұның өзі бәлкім бес жылдан кейін бе, болмаса он жылдан соң ба, яки болмаса жиырма жыл өткеннен кейін бола ма – оны мен дәл білмеймін. Бірақ соғыстан кейін жаңа адамдардың, жаңа жазушылардың туатынын білемін», – деп жазады Б. Момышұлы.

III

Соғыс жүргізудің бүгінгі күндегі ядролық дәуірі де өз белгісін беруде. Жапония халқына қарсы қолданылған атом бомбысы осы құбылыстың айғағы десе болғандай. Атом бомбасына ие, ядролық қаруға ие мемлекеттер саны да бүгінде отызға жақындап келеді. Соғыс білімпаздарының айтуы бойынша, егер ядролық атом қару-жарақтарының тетігі ағытылар болса, жеңуші де, жеңілуші де болмайды, әлем бұрын- соңды болмаған апатқа ұшырап, жер шары орбитасынан ауып, құрдымға кетуі мүмкін.

Соғыс жүргізудің осы үш түрінің алғашқы екі кезеңінде әскери әдебиет түрі пайда болып, дамудың, жетіліп қалыптасудың ұзақ жолдарын бастан кешті.

Әскери әдебиет деп нені айтамыз, оның тақырыптық негізі мен зерттеу нысанына нелер жатпақ деген сұрақтар алдымызды орағытатыны да шындық.

Әскери әдебиет деп әскери ғылым түрлері мен бірге көркем өнердің өзіндік ерекшелігіне орай пайда болған көне заманнан бүгінге дейін дамып, қалыптасу үстінде келе жатқан рухани құбылыстың қомақты бір саласын айтамыз.

Әскери әдебиеттің көркем әдебиет саласында пайда болған түрлерін, оның өзіндік дербес саласына жататын жалпы әскери көркем әдебиет пен соғыс майданына тікелей қатысып, толарсақтан қан кешіп, Отан үшін жан беріп, жан алысқан әрі майданда қаруымен бірге қамал бұзар қаһарман сөзді қоса жұмсаған дарынды жауынгер мен қолбасшылар қаламынан туған әскери көркем әдебиеттің жөні бір басқа екенін баса айтамыз. Әскери әдебиеттің түрі деп бізде Ұлы Отан Соғысы тақырыбына жазылған көркем әдебиет жанрларын айтып жүрміз. Кеңес дәуірінде Ұлы Отан Соғысы тақырыбына жазылған көркем туындылар ішінде біздер, қазақстандық жазушылар, Ресей мен Украинадан кейінгі орынды иемденеміз. Кеңес үкіметіне қараған түрік халықтарының ішінде қазақтар әскери әдебиет тарихында жетекші орында тұр.

Қырғын соғысқа қатыспай-ақ сырттан бақылап, майдан өмірі туралы көркем шығарманың әртүрлі жанрында жазатын ақын, жазушылар, драматургтар да болады. Мысалы, Л. Толстой орыстардың басынан өткен 1812 жылғы Отан соғысы шындығын суреттейтін өзінің «Соғыс және бейбітшілік» романын жазса, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы жайында Ғ.Мүсірепов, «Қазақ солдаты» романын, М. Әуезов «Намыс гвардиясы» пьесасын жазды. Басқа ақын-жазушылар да майдан тақырыбына қызу атсалысты. Әрине, бұларды да соғыс тақырыбына жазылған көркем әдебиет саласына жатқызамыз.

Біздің көздеп отырғанымыз, яғни ой талқысына салып арнайы ғылыми зерттеу нысанында ұстанарымыз соғыс майданына әскери жауынгер ретінде араласып, қанды қырғын ішінде ауыздықпен су ішіп, етігімен су кешкен қас батырлар көп шықты. Оларды жорыққа бастаған қолбасшылар мен партизандар жауға қарсы қаруымен ғана емес, қаламын да қаһарлы қару ретінде қатар жұмсаған көрнекті ақын-жазушылар әскери әдебиеттің көрнекті өкілдеріне айналды.

Б. Момышұлы «ВОВ в казахской прозе» деп аталатын баяндамасында «На фронт отправились более сотни работников искусства. Они одев серые солдатские шинели, с оружием в руках становились в строй, они были солдатами войны. Среди них были такие талантливые поэты как Касым Аманжолов, Павел Кузнецов, Дихан Абилов, Жумагали Сайн, Абдулла Жумагалиев, Дм. Снегин, Абу Сарсенбаев, Сырбай Мауленов, композитор Рамазан Елебаев, дирижер Газиз Дугашев, певец Темирбек Кокубаев и др.

Они эти солдаты и офицеры, находясь на переднем крае на различных должностях, умело сочетали штыки с пером», - деп жазуға қарсы қарумен қоса қамал бұзар қаһарлы сөз өнерімен соғысқан ақын-жазушылар мен өнер иелерін көреміз.

Көшпелі өркениет заманында соғыс жүргізудің мануфактуралық дәуіріне сай қалыптасқан қолбасшының жауға қарсы күресінде бес қарумен қоса ақындық өнерді қоса қабат пайдалану дәстүрі болатын. Мысалы, қазақ қалмақ соғысы заманында бұл ата дәстүрді Ақтамберді мен Қожаберген жырау, тәуелсіздік үшін күрес жолында Махамбет, қоқанға қарсы соғыста Мәделі қожа ата дәстүрін жалғастыра түсті. Міне, осы дәстүр Ұлы Отан соғысында да өмірден орын тауып жалғастық табуын атақты қолбасшы, аты аңызға айналған қазақтың ұлттық батыры Б. Момышұлының қанды майдан үстіндегі өмір жолынан да байқаймыз. Мұны «Қанмен жазылған кітап» шығармасында: «Ұлы Отан соғысында алған тәжірибеміз ата-бабамыздан қалған халқымыздың жауынгерлік дәстүр-мұралары ондай әдебиетті жазуға аумақты, көлемді, сіңімді қорек бола алады», - деп ата-дәстүрге мән бере жазуында астарлы ойлар жатыр.

Көркем әдебиеттегі әскери әдебиет деп аталатын бұл құбылыс тақыр жерден пайда болған дәстүрсіз, дәстүрлі жалғастықсыз өлі дүние емес. Түрік халықтарының көне дәуірден бүгінге дейін дәстүрлі жалғастық тауып, дамып келе жатқан әскери әдебиеті болғандығын жазба тарих ескерткіштері де айғақтайды. Түрік халықтары әдебиетінің бастау көздері біздің заманымызға дейінгі мыңжылдықтар ішінде жатқанын, яғни оның бастамасы сақтар елінен шыққан, бірақ өлеңдерін қытай тілінде жазғанын көне қытай жазба деректері бойынша менің шәкіртім Әлімғазы өзінің кандидаттық диссертациясы арқылы ғылыми айналымға түсіріп отыр. Бірақ біздер сақтар дәуірі мен тұңғыш Түрік қағанаты (ҮШ ғ.) арасындағы әскери әдебиет туралы нақтылы дерек көздерін әзірше терең танып бойлай алмай келеміз.

Бұл мәселені Түрік қағанатының ұлы идеологы әрі ойма жазу арқылы тасқа шекіп, ұлы мұра қалдырған әйгілі Тоныкөк данадан бастаудың жөні бар деп білеміз.

Сол замандағы түрік халқының тәуелсіздігі жолында болып өткен қырғын соғыстарға қатысып, қаруымен де, қаламымен де күреске түскен Тоныкөк бабамыз – түрік халықтарының әскери әдебиетінің басында тұрған тарихи тұлға. Түрік қағандығы дәуірінен кейін Қараханидтер заманында бұрынғы он садақ аталған елден шыққан әлемге әйгілі «Құдатғу білік» (XI ғ.) кітабының авторы Жүсіп Баласағұнның еңбегінде сол заманда ғұмыр кешкен қоғамның саяси-әлеуметтік топтарын жүйелеп, әскери қолбасшылар туралы сарапталған пікірлері бүгінгі таңда да қолданысқа сұранып тұрған ой танымдарға тұнып тұр. Автордың майдан төрінде әскери қолбасшылардың шешуші орнын анықтап, жеке тұлғаның қаншалықты ықпалы барын сараптай келіп:

«Мың арыстанды бастаған қой бастықтан»

Мың қойды бастаған арыстан бастық артық», –

деген аталы сөзі тек майдан төріндегі әскери қолбасшы туралы ғана емес қазіргі қоғамдық билеу сатысындағы әрбір бастыққа қолдануға болатын шындық екенін анық сезінеміз.

Біз ерекшелеп назарда ұстап отырған әскери әдебиет туралы танымның өлшеміне Моғолстан мен шағатай өлкесіндегі Әмір Темір әулеті заманында да акын, ғалым, қолбасшы, патшалық билік еткен айтулы тұлғалардың әрекет еткенін алға тарта аламыз. Мысалы, атақты З. Бабыр патшаның өз мақсатына жету жолында жүргізген күрестерінде қаруы мен қаламын қатар жұмсап, артына өз өлеңдері мен әлем мойындаған «Бабырнама» туындысын қалдыруы – осының айғақты дәлелі. Немесе Бабырдың бөле туысы, Моғолстаннан қанат қаққан М.Х. Дулаттың «Тарих-и-Рашиди» деп аталатын мемуарлық жанрдағы еңбегі мен «Жаһаннама» дастаны өз заманындағы әскери әдебиеттің бұрынғы өткен дәстүр жалғастығын ұштастыра дамытып қалыптастырған дарынды акын, тарихшы ғалым, даңқты қолбасшы болғанын көреміз. Осы заманда яғни Бабыр мен Хайдар мырза билік еткен замандағы әскери әдебиетке айтарлықтай үлес қосқан Хасен Әли Жалаирдың қасида жанрындағы теңдесі жоқ ақындық өнерін екеуі де аса жоғары бағалап, өнегелі үлгі ретінде таныстыратыны бар.

Хасени Әли Жалаирды Бабыр мен мырза Хайдар, тіпті сол замандағы ақындардың бәрінен де жоғары қойып, қасида жанрында жер басып жүрген ақындардың бәрінен де озық, теңдесі жоқ шебер деп бағалаған. Осы тұста ұлы классиктер Жами мен Науаидың өмір сүріп отырғанын біле отырып, пікір білдіруі аса жоғары бағаланған ой-пікірі болуымен-ақ назар аудартады.

Бұл аталған ақындардың бәрінің де өз заманында мемлекеттік билік үшін күрес жолында қан майданда қол бастап, күреске білек сыбана кіріскен, ақындық өнеріне қоса қару-жарағын жауға қарсы сілтеген ерекшелігі мен мұндалап тұрады.

Алтын Орда империясы құлап, біртұтас түрік халықтары көптеген ұсақ хандықтарға бөлініп, ыдыраған тұста, тарих сахнасына шыққан қазақ хандығы XV ғасыр мен XVIII ғасыр арасында өз тәуелсіздігін сақтау жолында айтарлықтай мән-мағынасы бар тарихи күрес жолын бастан өткеріп жатты.

Қазақ хандығының тәуелсіздігі жолында, әсіресе, ұзақ жылдарға созылған қазақ пен қалмақ арасында болған соғысқа қатысып, өз көз алдында өткен тарихи оқиғаларға тікелей араласқан қазақ акын-жыраулары әскери әдебиеттегі бабалар дәстүрін ары қарай жалғастырды. Ақтабан шұбырынды заманын көзі көріп, қасіретін өз басынан өткізген Қожаберген, Ақтамберді жыраулар жауға қарсы қол бастап, қанды майдан алаңында жауға қарсы найзасы мен отты жырын қатар жұмсаған әрі арманын келер ұрпаққа аманатқа қалдырған жыр жолдарын қалдырды. Ол тұстағы қазақ акын-жырауларының бәрі де майдан алаңында болып, жауға қарсы күресте қаруы мен ақындық өнерін қатар қолдануы арқылы әскери әдебиеттің де көрнекті өкілдері еді.

XVIII ғасырдың басында Ресей империясы қазақ жеріне қол салып, XIX ғасыр ішінде қазақ еліне тұтастай отаршылдық ойранын орнатып бақты. Қазақ елін біртұтас қалпынан ажыратып, XIX ғасырдың алғашқы жартысында үш бөлікке ажырап кетуіне себепкер болды. Кіші жүзді

Орынборға қаратып, ел билеудің халыққа жат Сұлтан правитель билігін орнатты. Орта жүзді Омбыға қаратып, ел билеудің аға сұлтандық жүйесін орнықтырды. Ұлы жүз Қоқан хандығына бағынып, ел билеудің рулық жүйеге негізделген датқалық түрін бастан өткізіп жатты. Тұтас бір халық отаршылдық саясаттың нәтижесінде үшке жарылып, рухани тұтастығының ыдырай бастағаны XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиет әлеміндегі заман шындығының айнасы болған поэзия жанрында айқын байқалды.

Батыс Қазақстан қазақтары арасынан ақырып теңдік сұраған Махамбет отты жыры арқылы сол тұстағы нағыз әскери әдебиет дәстүрін жалғастырушы жауынгер поэзияның бірегей көрнекті өкіліне айналды.

Ал, Махамбет поэзиясы Исатай бастаған халық көтерілісінің жаршысына (идеологына) сай отты жыр жолдарын ағытты.

«Исатай басшы мен қосшы» деген Махамбет Ресей патшасы мен Жәңгір ханның қарулы қолымен бетпе-бет келгенде, қан майданда жауға қарсы қаруы мен ақындық сөз өнерін қатар жұмсаған нағыз әскери әдебиеттің хас жампозы болғанын көрсете білді.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында Қоқан хандығының қорлығы мен зұлымдығына қарсы көтерілген халықтың жарқылдаған алмас қылышындай ақын Мәделі өлендері қалың елге рухани қуат берді. Мәделі де Қоқан жасақтарымен қанды майданға түсіп, қаруы мен сөз нөсерін қабат қолданып, талай ерліктің үлгісін көрсетті.

Мәделі кожа ақындық өнері мен бес қаруын қоқандықтарға қарсы сілтеген қазақ жеріндегі соғыс жүргізудің мануфактуралық дәуіріндегі әскери әдебиеттің көрнекті өкіліне айнала білді. Қазақ ақындарының әскери әдебиет жасаудағы ата дәстүрін жалғастыру әрекеті, тіпті 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің жаршысы мен жыршысына айналған халық ақыны Омар Шипиннің шығармаларында да айқын белгі беріп жатты. Міне, бастамасы орта ғасырдағы ақын әрі қолбасшы түрік қағанатының темірқазық жұлдызындай мызғымас идеологы болған Тоныкөктен басталған поэзия жанрынан өрбіп өріс жайған әскери әдебиетте қалыптасқан дәстүрдің соңғы жалғасы Омар Шипинмен аяқталады. Бұл сан ғасырларға созылған соғыс жүргізудің мануфактуралық дәуіріндегі әскери әдебиет өкілдерінің бәрі де бес қарудың күшімен сөз өнерін қоса жұмсаған кезеңмен аяқталады.

Соғыс жүргізудің машиналық дәуіріне қазақ халқы шын мәнінде Кеңестер Одағының фашистік Германиямен болған 1941-45 жылдардағы Ұлы Отан Соғысында тұңғыш рет қатысты. Бұрын мұндай соғысты ішінара ұлт-азаттық күресіне қатысып, кең мағынада бастан өткізбеген әрі бұған жетерліктей даярлығы болмаған қазақ солдаттары мен командирлері соғысқа арналған бүгінгі күн қару-жарақтарды тез меңгерді. Мәскеу түбінде болған шешуші айқастарда көзсіз ерліктер жасап, бүкіл әлем халқын таң қалдырды. Панфиловшы батырлардың ерлігі осы көріністің нақтылы айғағына айналды.

Бауыржан Момышұлы өмірі Кеңестер Одағы мен фашистік Германия арасында болып өткен Ұлы Отан соғысында соғыс жүргізудің мейлінше жетілген машиналық дәуіріне түс келді. Соғыс басталғанға дейін-ақ Бауыржан Момышұлы 1932 жылдан әскер қатарында қызмет етіп, әскери білім мен іс тәжірибесін жете меңгерген аға лейтенант дәрежесіне дейін көтерілген яғни алдын ала даярлығы жетілген жауынгер командир ретінде қалыптасқан еді. Мұның үстіне рухани дүниесі де қордаланып байи түскен еді. 1928 жылдан бастап қолына қалам ұстап алғашқы өлең жолдары мен публицистикалық тұңғыш «Тау сағыз бен көк сағыз» деп аталатын мақаласымен бірге күнделіктер, естеліктер жазу арқылы қалам ұштау үстінде соғыс тақырыбына арналған туындыларын жазу арқылы қаламы ұштала түсті.

Ұлы Отан соғысы басталып, қанды майдан қызған тұста «Барлығы да майдан үшін» ұраны белең алды. Майдан жауынгерлеріне рух беріп, отаншылдық сезімін ұштай түсуге барлық өнер қайраткерлері жұдырықтай жұмыла түскен кезде кең мағынадағы әскери әдебиеттің саласындағы қаламгерлер өнері қалыптасу, даму жолына түсті. Осы тұрғыдан қарағанда әскери әдебиеттің аумағына енетін әрі қайталанбас өз ерекшелігі мен дараланатын мынадай жіктелістерді байқаймыз:

1. Тылда, майданнан алыста отырып соғыс тақырыбына жазған ақын-жазушылар тобы шыға бастады. Мысалы, XX ғ. Гомері атанған Жамбыл Жабаевтың «Ленинградтық өренім», Ғабит Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы, Мұхтар Әуезовтің «Намыс гвардиясы» мен халық ақындарының 28 панфиловшылар туралы өлең, дастандары, т.б.
2. Қазақ әдебиетінде бұрын болмаған партизан ақын-жазушылардың өз бастарынан кешкен партизандық өмір шындығы арқау болып өрілген шығармалары. Мысалы, Қ. Қайсенов, Ә. Шәріпов, Ж. Сайын, т.б.
3. Майданның өтінде болып, жауымен бетпе-бет келіп алысқан жауынгер ақын-жазушылар: Б. Момышұлы, Қ. Аманжолов, М. Ғабдуллин, А. Бек, Ә. Нұрпейісов, Т. Ахтанов, т.б.

4. Соғыс жылдарында майдан қажетіне қарай бірде ашылып, бірде жабылып отырған қазақ тіліндегі әскери газеттерде істеген журналистер туындылары.

Бұлардың бәрі де Ұлы Отан Соғысы кезіндегі әскери әдебиеттің қалыптасып, дамуына өз үлестерін қосып, тақырып аумағын кеңейтіп, майдан жаңалықтарын дер кезінде жеткізіп, халық рухын көтеріп отырды. Жоғарыда аталған әскери әдебиеттің өкілдеріне қарағанда үшінші топтағы ақын-жазушылар туындысы арасынан Б.Момышұлының алар орны бөлекше. Ол ата-бабадан бермен келе жатқан әскери әдебиеттің дәстүрімен терең таныс болып, ата дәстүрді дамыта жалғастырып, түрік халықтар әскери әдебиетінің негізін салып, қалыптастырушы қайталанбас тұлғаға айналып үлгерді.

Б. Момышұлы қатысып, қолбасшылық еткен майдан төрі соғыс жүргізудің машиналық дәуірі еді. Мұндай тарихи тағдыр шешілетін соғыс жүргізудің бұрын-соңды болмаған жаңа техникалық құралдарды пайдалану, оны жете меңгеру, майданда шеберлікпен қолдану үшін қолбасшы әскери ғылым салаларын жетік білу шарты алға қойылды. Ал, ширек ғасыр өмірін кеңестік тұрақты армия қатарында қызмет атқарып, соғыс кезінде аға лейтенант шенінен, дивизия командиріне дейін өсу жолында Б.Момышұлы армия уставына өзгеріс ендіріп, стратегия мен тактика саласында жаңалық ендірген, әскери ғылым саласында мейлінше жетіліп, теңдесіз ерліктер жасап, атағы әлемге танылып, халық танып мойындаған дарынды тұлғаға айналды. Соғыс аяқталған соң Ұлы Отан Соғысының ең озық әскери қолбасшыларынан іріктеп таңдап алынған 250 командирден жасақталған бір мезгілдік әскери академияға оқуға алынған жалғыз Азия халқының өкілі еді. Әскери академияны бітіріп, әскери академияға стратегия мен тактика саласы бойынша дәріс беретін профессор қызметін атқарған әскери саладағы тұңғыш қазақ болумен де ерекшеленетін.

Б. Момышұлын қан майданда жасаған көзсіз қайталанбас ерлігі үшін генерал майор, 8 гвардия дивизиясының командирі әрі әскери ұстазы Панфиловтан бастап оны Совет Одағының Батыры мен генерал атағына талай рет ресми түрде ұсынған еді. Бірақ Б.Момышұлының әлемге танылған даңқы мен әскери ілімдегі тереңдігін, дарабоз қолбасшылығын көре алмаған пенделігі басым бас штабтың және тікелей қорғаныс министрінің қарсылығына ұшырады. Осы себепті, 1956 жылы 46 жасында отставкаға шығып кетті. Отставкаға шығу себебінің өз ұстазы генерал Чистяковке жазған хатында айтылуында көп сыр жатыр. Бұл сияқты өзге ұлт өкілдерін мысалы, Қ. Қайсенов, Р. Қошқарбаев, т.б. шамасы келгенше батырлық атаққа жібермеуге тырысқан тоғышар қолбасшылардың болғаны да рас. Осы көріністі ақын Әзімбек Жанқұлиев сөзімен өрнектесек:

Батыр таппай баһадүр алашымнан,
Орыстардың онда да бағы ашылған.
Қазақ батыр болмауын қадағалап,
Жол бермеуге жан салып аласұрған.

Көгенкөзді көк көздер көп түртетін,
Солар жаудың алғандай жағасынан ...
Басқа ұлттың баласы болғандықтан,
Батырлығы Баукеңнің зорға ашылған,-

деген өлең жолдарында («Ар Ай» 01.12.2005) Ұлы Отан Соғысы кезіндегі ресми атақ берудегі алақолдылық Ауғанстан соғысында да қайталанып отырғанын әшкерелейді. Ауған-Кеңес соғысына біз жақтан негізінен мұсылман жастары қатысып, қолбасшылық билігі орыстар жағында болатын. Осыған қарамай батырлық атақ соларға бұйырып жататын. Осы әділетсіздік ақын тарапынан таңбаланып айтылуы да заман шындығынан туындап жатқан көрбілте заңдылық еді

Б. Момышұлы өзінің әскери жолдағы болашақ карьерасы болмайтынын білген соң, жазушылық өнерге бағыт алып, тез танылды, Қазақстан Республикасы мемлекеттік сыйлығын алды. Бұл өзгерісті Б.Момышұлының екінші ерлігі деп бағалады оның замандастары.

Б. Момышұлы өзінің жазушылық өнерін әскери әдебиетке тікелей қатысты болу себепті өзінің бастапқы кезде жазылып танылған мақал-мәтел, афоризмдері мен өлеңдері эпистолярлық жанрдағы туындылары да майдан өмірі шындығынан туындап жатуы табиғи құбылыс еді. Әскери әдебиет саласында Б.Момышұлы күнделікті соғыс жағдайында қанды майдан ішінде бастан кешкен өмір тәжірибесін ойда қорытып жазған теориялық деңгейі биік мақалаларымен таныла бастады. Қаз ССР Ғылым Академиясында бір апта бойы таңдаулы ғалымдар мен өнер қайраткерлерінің алдында соғыс жайы туралы оқылған лекциялары («Психология войны»,

«Қанмен жазылған кітап») мен әскери академияда стратегия мен тактика пәнінен өткізген дәрістері арқылы, әскери көркем әдебиеттің ғылыми тұғыры мен теориялық негізін салды. Ал, оның көркем әдебиеттегі көріністері жазушының қолынан шығып, басылым көрген шығармаларында жатты.

Б. Момышұлы соғыс кезінде және өзі соғыстан кейін де қаламы қолынан түспеген, жазушылық талантын бүкіл әлем таныған айтулы жазушыға айналды. Қазақстан ЖО-да әскери әдебиет иқтиясының төрағасы болуы да заңдылық еді.

Б. Момышұлының әскери ғылымды терең меңгеріп, полковник атағымен-ақ дивизия командиріне көтерілуі, әскери академияда профессор атағымен дәріс беруі және осы әскери саладағы ой-танымын, майдан шындығын көркем шығармалары арқылы әскери әдебиеттің шыңына көтеруі жолдары оның бірден бір түрік халықтары әскери әдебиетінің негізін салуына алып келді. Өйткені, түрік халықтары тұтас (Түркия түріктерінен басқалары) ҰОС-на түгел қатысып, олардың ақын-жазушылары да ата-бабаларынан рухани мұра болып қалған әскери әдебиет дәстүрін жалғастырып жатты. Ал, Б. Момышұлы болса, осылардың арасынан сұрыпталып, ерекше әскери әдебиет саласында қалыптасады, ғылым әрі көркем шығармалары арқылы әлем халықтарына танылуы себепті «Түрік халықтары әскери әдебиетінің негізін салушы» деген тарихи тұғырға көтеріле алды. Өйткені Б. Момышұлының бұл мәселеге алдын ала саналы түрдегі даярлықпен келгендігі оның өз досы Құрманбек Сағындықовқа 10.04.1944 жылы жолдаған хатында: “Қазақ тілінің қазіргі кезеңдегі даму жайы туралы 20 беттей мақала жаздым, Мұхаметжан кеңес шақырды, көптеген шаралар белгіленіп отыр, тамаша документ болып шықты (тағдыр жазса, оларды оқып шығарсың). Мен бізде әскери ағартушылық әдебиеттің негізін салуды бастау үшін қолдан келгеннің бәрін істедім”, деп хабар беруінен мәселенің төркіні көрініп-ақ тұр. Бізге дейінгі бабаларымыз Тоныкөктен (ҮШ) Мәделі қожаға дейінгі (ХІХ ғ.) соғыс жүргізудің мануфактуралық заманында тал бойына жарасқан бес қаруын асынып, жауға қарсы барғанда, осы қаруының үстіне ақындық, жыраулық өнерімен де жаумен жағаласқан дәстүрін Б. Момышұлы бастаған әскери әдебиеттің өкілдері ары қарай жалғастырды. Бірақ бұлар соғыс жүргізудің машиналық дәуірінде жалғастырып дамытушылар болды. Бұл құбылыстың басында өзінің ерлігі мен ақындық, жазушылық өнеріндегі өрлігін қанды майдан төрінде қатарластыра жұмсаған Б. Момышұлы тұрды.

Бұл проблема кең қаралып, еркін көсілетін ғылым саласы болғандықтан, біз әзірше өзіміздің жеке пікірімізді ортаға салумен шектелеміз..

БАТЫР БАУЫРЖАН, ҚАЗІРГІ ЗАМАН немесе БАТЫРДЫҢ МАЙДАНДАҒЫ ІЗІ, ДАНАЛЫҚ СӨЗІ

Ким Серікбайұлы

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, профессор, әскери ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының әскери ғылымдар Академиясының толық мүшесі

*«Ана тілімізге мән бермеушілік, оны құрметтемеушілік –
шынайы патриоттарды тәрбиелеу жұмысына үлкен зиян».*
Бауыржан Момышұлы

2020 жыл – Ұлы Жеңістің 75 жылдығы. Осы жылдың күнтізбесіндегі еліміз үшін өзіндік ерекшелігі бар күн – 24-желтоқсан – халқымыздың ұлт мақтанышы Бауыржан Момышұлының 110 жылдығы.

Мұрағат дүниелерімізде бүгінге дейін сақталып келген тарихи құнды құжаттар баршылық. Оның ішінде: ұрыс қимылдарының мәліметтері мен хабарлары, шайқас сызбалары мен карталар, сонымен бірге отты жылдарда батыр ағамызды Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылған құжаттар (әлдеқалай себеп-салдарсыз іске асырылмағаны) дүниесі батыр ағамыздың туа бітті дарын иесі, шынайы талантты қолбасшы екенін айғақтай түседі. Елдік бар жерде, ерліктің туы

мәңгі болатынын кейінгі ұрпағы бүгінде батыр есімін Ұлт батыры деп мадақтаудан жалыққан емес. Дегенмен де кейбір жарияланымдар Баукеңнің тұрмыстық жайлары мен «өткір» мінезіне де тоқталып әсірелеуге тырысады. Бұл жазбалар әрине қызығушылықпен оқылады. Дегенмен, менің пікірімше, ең бастысы Баукең өзі талап еткендей әлі де шындықты, нақтылықпен шындай түскеніміз дұрыс.

Бауыржан Момышұлы ұлт тарихында алдымен дарынды әскери ойшыл, тағылымды тәрбиеші, қалам қарымы, тек, шындыққа тиек етілген жазушы тұлға. Сондықтан, міне, батыр ағамыздың осындай қасиет қыры ақпараттық құралдарымызда алдыңғы қатарда айшықтала түсуі қажет.

Осыдан біраз уақыт бұрын жас қалам иесі орынсыз жерде ретсіздеу сұрақ қойғаны бар: «Аға Бауыржан Момышұлын мақтай беретініміз қалай?»-деп. Маған мұндай сауал қойғанына таңырқап, бірден «бұл сауалыңның астарында не бар еді?» деп қарсы сұрақ қойдым. Қойған сұрағыма жалпылай түрде Баукең жайында ғана емес, Ұлы Отан соғысы жайында «өз ерекшелігі» тұрғысынан дерексіз, ақылға қонымсыз жайларды көңірсіте бастады. Біздің арамызда осындай жазғыштардың барлығына налыдым.

I. Батыр ағаның майдандағы қолданған айла-тәсілдері

Ұлы Жеңістің 75 жылдығы ТМД мемлекеттерінде түрлі сипатта атап өтілді. Фашизмнің қанды құрсауын талқан еткен екінші дүиежүзілік соғыстың Ұлы Жеңісі кешегі кеңес жауынгерлеріне оңай келмегенін бүгінде ұрпақ түрлі деректер арқылы танып білуде. Ұлы Жеңісті мансұқтанушылар аз емес. Балтық елдерінде, украинада сол сұрапыл соғыста қасық қаны қалғанша фашизммен арпалысқан қолбасшылар мен жауынгерлерге орнатылған ескерткіштердің қиратылуы, Еуропаның кей елдерінде осындай сорақылықтарға жол берілуі, сол соғыстағы боздақтар рухына қиянат жасау емес пе?! Қала берді аға-ұрпақтың ерлік жолын құрметтемеу біздің ұлтымызға жат. Дұрыс дүниені бұрыс деп айғайлағандар өз жұртымыздан да табылып: - Совет өкіметі қазақтарды күштеп соғысқа тартып, жүздеп, мыңдап оларды құрбан етті. Тіпті, «9-мамыр қазақтар үшін қаралы күн»- деп те даурықты. Адамзат тарихында қанқұйлы соғыстың қай-қайсысы болмасын тарихтың еншісінде тарихи дерек ретінде ғана емес, адам баласының тірішілік иесі ретіндегі орны мен елдің, ұлттың, территорияның бүлінуге әкелінуі үлкен алапат екені айтылып та жазылып та келеді. Қазір, тіптен, оқып білген адам үшін қазақ жауынгерлері тарихта болған одан да бұрынғы соғыстар мен шайқастардағы ерліктері шетелдік әдебиеттер мен тарихи мұрағаттардан табылып жатқаны ұлттың жауынгерлік рухының тереңнен басталатынын айғақтамай ма? Сондықтан екінші дүние жүзі соғысындағы аға ұрпақтың ерлік рухына абайлап қарап, оны қастерлеу әр қазақ азаматының адами болмысы.

Бауыржан Момышұлының «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» дегенін сол отты дүрбелеңдегі Төлеген Тоқтаров, Нұркен Әбдіров, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова, Сұлтан Баймағамбетовтей ерлеріміздің ерлік рухын қастер тұтып, барынша жас ұрпаққа аманат ету баршамыздың парызымыз. Қан майданнан Жеңіспен оралып соғыстан кейінгі ел экономикасы мен шаруашылығын көтеруге белсене араласқан екі мәрте Кеңес Одағының батыры Талғат Бегилдинов, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллин, ұшқыш апамыз Хиуаз Доспанова, Изғұтты Айтықов, партизан-жауынгер Қасым Қайсенов, рейхстагқа ту тіккен Рақымжан Қошқарбаевтай ағалар рухын аттап кету, бізге жат әрі немқұрайлылық емес пе?!

Соғыстың сан түрлі әрекеттік жағдайларында «қоршаудан шығу мен шегініс» жасап орағыта отырып, ұрыс тәсілін жасап ұрысты ұйымдастыра білу, аз күшпен жауды еңсеріп, шегініске шығып, күш жинап, қайта тойтарыс беруде дивизия командирі И.В.Панфилов пен батальон командирі Б.Момышұлының әскери ойлы танымы – командир басшы мен қосшы деген қос қолбасшының әскери қас шеберліктерінің дүниетанмына тән құбылыс емес пе?!.

Қиян-кескі, жау күшінің басым түскенде, тығырыққа тірелген шақта, жол тауып, тәсілді оңтайландыру – командир үшін сын сағат. Ұлы Отан соғысының бастапқы кезеңінде Қызыл Армияның көптеген бөлімдері осындай сәттерге душар болу жағдайларына ұшырағаны белгілі. Бұндай соғыс драмасы Қазақстан мен Қырғызстанда жасақталған 316-атқыштар дивизиясының командирі генерал-майор И.В.Панфиловтың да басынан өтті. Дивизияның әскери қимылға

дайындығына үш ай мерзім берілді. Дайындық мерзімі қысқартылып, Мәскеу қорғанысының солтүстік-батысындағы 130-140 шақырымдық шепке орналастырылды.

Бақайшағына дейін қаруланған жаудың моторлы дивизиясы Мәскеуге қарай лап қойған сәт. Бауыржан ағамыздың барлау тобы қолға түсірген офицердің «Таңғы ас – Вольоколямск, кешкілік ас – Мәскеуден» дегенінде жаудың өрекігінен айқын еді. 316-атқыштар дивизиясының алдында аса күрделі міндетті шешу тұрғаны анық болатын. Қорғаныс шебін кең фронтқа құрып, оны 4-6 апта ұстап, қайткенде де жауды құрсаулап, адымын ашырмау.

Қарапайым ғана дайындығы бар дивизияға тапсырманы қалайда орындау міндеті тұрды. Жау күші үш-төрт есе басым.

Дегенмен де, міндет орындалды Мәскеу қорғанысы жауға төтеп берді. Жан алысып, жаумен жаға жыртысып, кескілесіп, тойтарыс бере білген ерлер ар жолында намысын жалау етті. Кейіннен Мәскеу қорғанысы жөнінде өз жазбасында Бауыржан ағамыз генерал И.В.Панфиловты: «Табанды да, тегеурінді, танымы жүйелі, ойлы, ұстаз-генерал құрметке бөленді» деп жазды.

316-атқыштар дивизиясының ұрыстары жөніндегі мұрағат құжаттарынан Бауыржан Момышұлының батальоны арьерград құрамасы ретінде жауынгерлік тапсырмаларды жиі орындағаны байқалады. Яғни дивизияны басым күшпен қорғай отырып, жауға алдымен қатты тойтарыс беріп, шегініп жаңа позицияға орнығу. Әр шайқаста, жаудың басым күшімен қиян кескі ұрыс салып, батальон тапсырманы орындап, жауынгерлік қабілеттерін сақтай білді. Полковник Серебряковтың ұрыс мәліметтеріндегі баянатында: «Дивизиядан бес рет бөліне шығып, жау тылында арнайы күрделі тапсырманы орындап, Бауыржан Момышұлы өз батальоны мен соғыс техникасын шығынға ұшыратпай қоршаудан шығара білді. Ал армия генералы И.М.Чистяков «Отанға қызмет» кітабында И.В.Панфиловтың Бауыржан Момышұлының бойындағы батырлық пен өжеттікті бағалағанына арнайы тоқталады. Москва түбіндегі шайқаста батальон бірнеше күн қоршауда қалып, полкпен байланыстан үзіледі. Батальон жаудың басым күшімен кескілескен ұрыс жүргізеді. 400 фашисті жер жастандырады. Волоколамск тас жолында жауды тоқтатып, орманға қарай маневр жасап, жау қоршауын бұза жарып, өз полкіне қосылады. Осы ұрыстан кейін И.В.Панфилов қиын қыстау сәттерінде Бауыржан Момышұлын қасынан шығармай резервтік күш ретінде, тек, ең ауыр шайқастарға жұмсайды. Шайқас көріністері Бауыржан ағамыздың «Москва үшін шайқас» кітабының «Генерал И.В.Панфилов» повесінде кеңінен жазылады.

Міне, осындай түрлі дерек көздерге үңіле отырып, батальонның ұрыс қимылдарындағы карталары мен сызбаларына, құжаттарына талдау жасау арқылы әскери ғылым дүниесіне **«Бауыржан серіппесі»** (Бауыржановская спираль) тәсілі деген терминді қосуға тура келді (1995ж). Бұл ұғымның негізгі мәні Б.Момышұлының батальоны (арьерград), жау қоршауының басым күшін бұзып, шыға ұрыс жасау. Бұл жаудан бас сауғалап қашу емес, қайта жауды қапталдан, ол жол бойында немесе орманды жерлер мен алқаптарда жау күштері мен колонналарына тұтқиылдан, шеңберлеп, шабуыл жасап талқандау тәсілі. Жаудың тірі күшін жойып, техникасын қиратып, бас көтертпей талқан ету. Батальон тек дивизия командирінің бұйрық беруінен кейін ғана жылжуға бет алған. Тіпті, кейін жылжуда да әр ротадан не взвод, бөлімшелерден бір екі адамды соңынан қалдырып, ізін байқатпай шапшаң қозғалып отырған. Осы ерекшеліктерді бағамдап зерделесек, Бауыржан құрамасы арьерград батальоны болып, тактикалық ұрыстың жаңа формасы болып **«Бауыржан серіппесі»** (Бауыржановская спираль) деп тануға әбден лайықты. Әрине **«серіппе»** термині дивизияның соғыс қимылдарын ұйымдастыруда комдив И.В.Панфиловтың әдіс тәсілдерімен байланысты шыққаны мәлім. Әйтсе де, соғысқа дейінгі жауынгерлік жарғыларда «тірек пункіті», «қарсылық торабы» оның ішінде тіптен «танкіге қарсы торап» сияқты терминдік ұғымдар қолданыс таппаған еді. Қорғаныс ,тек, тұтастай қазылған ор түрінде жасалды. Ал енді дивизия амалсыздан қорғанысты аса кең көлемдегі (40-60км) кеңдікте құрған кезде жау күшінің ұмтылу тұсын анықтау үшін қарсыласқа кедергі келтіру үшін миналық алқаптар мен түрлі кедергілерді де құруға тура келді. Серіппе дивизияның қорғаныс фронтына тартылып құрылып, ең бастысы осы серіппенің үзілмеуі негізгі роль атқарды. Серіппе жиырылып, келген жауды қысып тығырыққа тіреді, ентелеген жаудың екпінін басып, соңынан «Найзағай соғыс» жоспарын быт-шыт етті. Ешқандай күмән жоқ дарынды шәкірттің ойлы ұстазының ақыл-ойынан туындаған теорияны дәп басып іске асырғандығы.

«Бауыржан серіппесі» комдив И.В.Панфилов тұрғысынан дұрыс деп мақұлданды. Батальон командирінің есебін тындаған генерал: «Сіз, өзіңіздің серіппе-тартпаңызды еске түсіріңізші. Сіз, оны қалай іске асырдыңыз? Осыдан бастаңыз...»

Қоршаудың мығымдылығы ол алдымен жергілікті жерде инженерлік жабдықтар мен құрылғыларды, қоршауларды жүйелі түрде дұрыс ұйымдастыруды қамтамасыз етуде жатыр... - деген жазбалар соғысқа дейінгі жазбаларда қамтылған болатын. Соғыс басталғандағы нұсқамаларда тағы бір жаңа шарт пайда болды, ол – әскери құраманың маневрлігін жетілдіру.

Біз бүгін Бауыржан Момышұлының шайқастары маневрлік шеберлікке айналғанын айқын байқаймыз. Ал ағамыздың «серіппесі» маңызға ие болып ол әрі қарай «ұтқырлы қорғаныс» деген терминге ұласты.

«Әскери айлакерлік» ұғымы әскери тәсіл әрекетінің тәуекелі. Ол штаб базасындағы есепті жүргізуші командирдің творчествосынан туындап, соғыста дұрыстыққа қол жеткіздіртеді. Оқып танымын дегенге әсіресе, әскери адамға Б.Момышұлының тәуекелшілдігі мен қырағылығы батальон командирі ретіндегі соғыс қимылындағы шешімі А.Бектің «Волоколамск тас жол» кітабында айқын көрініс тапқан. Аз күшпен шығынсыз жау күшін қирата соғуы мен қоршауды бұзып-жарып, шығынсыз шығуы таңдандыратын құбылыс. Грюна, Середа селолары мен Матернино станциясына тұтқиылдан шабуыл жасап, қимыл-әркет үстінде аңшылық қулыққа көшіп, сондай-ақ батальонды ерекше «ромб» жауынгерлік тәртібіндегі сапқа тұрғызу арқылы немесе атыс қаруынан бір сәтте дүркін-дүркін оқ атқызып, жолдағы жау колонналарын талқандауы, Мәскеу қорғанысындағы тапсырмаларды ыждаһаттылықпен, көрегенділікпен орындауы шайқастың сәтті аяқталуына әкелді. Бұл жағдайларда комбат әрдайым жауынгерлер арасында, тізе қосып анталаған фашистермен ерлерше арпалысты. Осының бәрі жауынгерлердің бойындағы қорқынышты жеңуге әкеліп, жаумен күресе алатын жігерлілікке бой алдырды. Мұны өзі комдивке берген баянатында «соғыс психиологиясы» деп атап, шайқастың дәл солай болғанын генерал И.В. Панфилов аса зор ықыласпен құптаған болатын.

Жауынгерлік тәжірибесі мол комдив И.В. Панфилов пен комбат Б.Момышұлының ұрыстық тактикасы жалпы жауынгерлік жарғыға «қоршаудан шығу жылжи отырып, шабуыл жасау тарауына ұрыс қимылдарына орай «очаговая», «тірек пункті», «танкіге қарсы торап» сияқты арнайы терминдерді қосты.

Бауыржан Момышұлының шабуыл немесе басқадай ұрыстар тактикасын жүргізуге қосқан үлесі зор. Жетекшінің аналитикалық таным таланттылығы мен творчестволық ойлау жүйесі соғыстың одан кейінгі жылдарында полкке жетекшілік етіп, одан дивизия басқарған кезде айқын көрініс тауып, таныла бастағаны баршаға мәлім болды. Б.Момышұлы кәсіби соғыстың жаңа типті білгірі ретінде шабуылдың бұрыннан келе жатқан – жауды талқандау, тек, шабуылдаушы жаяуәскердің алдыңғы үзеңгісіндегі ұрысқа тиесілі және одан әрі қарсыласты «мүжгілеу» деген әдістер көп ретте атыс пен техниканың маневрлік максималдық мүмкіндіктерін тиімді ете бермейді осыдан әскери құрамалардың шабуылдағы екпініне кедергі келтіреді- деп, ескі тәсілдеріне қарсы болады.

Б.Момышұлы, тек, терең ұрыстың теориясын жақтап қана қойған жоқ, жауынгерлік ұрыстың «ұтқыр тәсілдерін» (тгб) игертуге ат салысқан бірден бір жаңашыл командир. Ресей әскери-галымы генерал Триандофилов дайындаған әдісті шынайы соғыс жағдайында іске асырған. Терең ұрыстың теориясын жақтаушы тактик. Аталған теорияны іске асыруда қолжеткізетін максималды тиімділік – алдымен полктың жағдайды есепке ала отырып, өз еркімен қимыл жасауына бүтіндей ерік беру және дивизияның танк, артиллерия құрамаларын ішінара бағыныштылыққа көшіре отырып, шабуыл жасау. Бұл жағдай шабуыл кезінде маневрлік пен атыстың шабуылдау мүмкіндігін үдете түседі. Бауыржан Момышұлы жалпы әскери соғыстың маңызына ерекше мән берген командир. Ұрыс- қарама-қасы күштердің бір біріне оқ жаудырып атысып шайқасуы. Кімде кім атысты дұрыс ұйымдастырса, сол жеңіске жетеді, кім қажет кезінде тиісті орында болса, дер шағында атыста басымдылық көрсетсе, алапат атысқа бой бермей шапшаң қимылдап, қарсыластың атыс ұяшықтарын тез жойған күш қана жеңіске ие болады. Маневр мен атыс жеңістің негізі. Соғыстың соңғы жылдарында 1-Прибалтика фронтында өз дивизиясы мен түрлі құрамалардағы шабуылдың төмен екпінін байқаған командир Б.Момышұлы бұл жағдайды қарсыластың атыс ұяшықтарын жедел түрде жоймағандықтан, оны ұзақ уақыт атқылауға жеткізіп барып тұншықтырудан деп түсіндіреді.

Литвада Марияполені алған кезде батыр ағамыз қала тұрғындарының алдында сөйлеп: «Бұл жеңіс ауыр шайқастармен, командирлердің тапқырлығымен, жауынгерлердің ерлігі мен жергілікті тұрғындардың көмегімен келді». Соғыстағы жеңіс жауынгерлердің бауырластығымен, тылдағы халықтың қолдауымен келді. Даңқты командирдің осы аталы сөзі бүгінде ұмытылып бара жатқаны? Бұл қандай өкініш?!

Бауыржан ағамыздың құнды пікірлері мен практикалық тәжірибелерін қазіргі жауынгерлік дайындыққа есепке алу – бірден бір төтенше маңызға ие болатыны даусыз. Бүгінгі артиллериялық жүйе Отан соғысы аяғы жылдарындағы артиллериядан бірнеше басымдылыққа ие. Әскери құрамалардың жаңаланған реактивті артиллериялармен, жаңа ракеталық кешендер, тек, қана тактикалық ауданға ғана емес, сонымен қатар оперативтік тереңдіктегі яғни жүздеген шақырымдарға атыс дүмпуін жасайды. Сол себепті қазіргі жойғыш атыс кешені (КОП) ұғымы қалыптасты. Жойғыш атыс кешенінің нәтижесі мен тиімділігі шабуылдау ұрысының оперативті әрі шапшаң жүруін қамтамасыз етеді.

Б.Момышұлы әскери жеке құрамалардың өзара тығыз байланыста болуын маңызды санап оған аса мән берді. Терең ұрыс жүргізудің тиімділігі шабуылдауда тұтастай маңызға ие екенін астын сыза таныта білді. Шабуылдаудағы ең бір түйткілді жағдай ол – жау қоршауын бұзып-жару. Оған жету үшін алдымен шабуылдау белдеуінде қоршауды қай тұстан бұзу қажеттігін тандай білу және осы тұсқа негізгі күштерді шоғырландыра отырып, қарсыласқа басымдылық көрсету. Сондықтан Б.Момышұлы штабтан әскери күштің арасалмағы мен қару-жарақ, техниканың нақты есебін талап етіп, әрдайым барлау бастықтарының мәліметіне сүзіліп, оны ой елегінен өткізіп, топшылауды әдетке айналдырған. Әбден ойталқы жасаған соң ғана шешім қабылдаған. Тапсырманы қалайда орындауға бел байлаған. Дивизия командирінің өз бойындағы салқынқандылық, жігерлілік табиғаты жұмыс барысына өз тұрғысынан басшылық жасай білу қабілеті ұштасқанда қарамандағылардың бойында үлкен арқа тұтар сенімділікті ұялата білген. Шайқастың қысталаң сәтінде қазақ комдивінің жанында жүргендер оны бастан өткерген.

Осыдан көп жылдар бұрын, Ұлы Жеңістің 40-жылдығында, Мәсімхан Бисебаев атындағы Талғар ауылшаруашылығы техникумінде – аталған техникумның директоры Ләйлә Үмбетованың ұйымдастыруымен өткен осы іс-шарада панфиловшы-майдангер, 19-атқыштар полкінің барлаушысы Сейітхан Тұрсынқұлов: «Ұрыс барысында біз әрдайым полк командирін көріп жүрдік. Блиндажда болғанымызда бөрісінің төбесі көрінгеннен, біз, өзімізге ерекше жігерлілік энергиясын алатынбыз. Таңқаларлығы сол! Әрбірімен жекелей сөйлесіп, өткір көздерімен барлаушы көздеріне тіке қарап, сөзін бөлмей ерекше ыждаһатпен тыңдайтын, өйткені полктың тағдыры сенің мойнында деген ойды ұқтыратын. Барлаушы тобында небір қабілетті жігіттер болды, кейбірі полк командирімен жас шамасы қатарлас болатын. Әйтседе, полк командирінің сөзі олар үшін әке сөзіндей қабылданатын. 42-ші жылдың қысы мезгілі еді, бұл кезде жауды біраз еңсеріп келе жатқан кезіміз шаңғымен шапшаң жылжып келе жатсақ, өзімізбен қатарласып, полк командирінің де келе жатқанын көрдік. Оңтүстік қазағы үшін шаңғымен жылжу оңайға түспейтіні анық. Дегенмен де осының алдында жергілікті жердің тұрғындарын тонап, жазықсыз жандарды атып-асып, небір сойқанды көрсеткендерге кегіміз де баршылық. Іштегі ызаның буы жалтыраған тақтаймен сырғанауда аса кедергі бола қойған жоқ. Осы қатарда бізбен бірге комиссарлар Мәлік Ғабдуллин, А.Мухамедияров сияқты командирлер жеке бастарының үлгі өнегелерімен жауды одан сайын өкшелей қууға, жауынгерлерді тұтастай шабуылға көтеруге күш берді. Сонда біз ерекше жігерленіп, бойымызға күш құйылғанын сезіндік. Мұны мен ешқашан ұмытпаймын!» деп сөзін аяқтаған болатын.

Сөз жоқ осындай қабілет қарымы биік Бауыржан Момышұлы жұртшылық көңілінен шығып әскерилер арасында үлкен абыройға бөленді. Әсіресе, Әскери Академияда қызмет еткен жылдарда ұлт батырының қасиет қыры одан сайын биіктей түскенін байқаймыз.

Соғыстан кейінгі жылдары тыңдаушылар алдында Баукең: «Офицер қай әскери лауазымда болмасын, ол адымен жауынгерлік дайындығы бар, ең бастысы шайқаста жеңіске жеткен командир болуы керек, сонда ғана ол жоғары кәсіби әскери маман. Ал, керсінше, болса, ол құзыретсізділік, бейбіт уақыттағы офицердің нашар дайындығы. Бұл жауынгерлік оқуларда бөлімшенің, құрамалардың төмен көрсеткішіне әкеледі, ал соғыс жағдайында ол түрлі операциялар мен ұрыстарды жеңіліске ұшыратады» -деген болатын.

Б.Момышұлының шәкірті генерал-полковник И.М.Глушко өзінің «Тылдағы солдат» кітабында былай деп жазады: «Біздің аудиториямызға әсер еткен үздік оқытушыларымыздың ішінде және жартылай аңызға айналған адамды еске алмауым мүмкін емес. Сөз жалпы тактика курсынан лекция оқыған полковник Бауыржан Момышұлы жайында. Біз әрқашан ол кісінің лекциясын аса қызығушылықпен күтетінбіз. Әрбір материалды ұғынықты дәрежеде жеткізіп, әрі әр тезисті түрлі мысалдар арқылы жауынгерлік тәжірибелерінен ұсынақты бекітетін. Тактиканың ең күрделі мәселелерін өздігімізден ойланып шешуге үйрететін».

«Бостандық аралының» 10-жылдық мерейтойына Куба елінің басшылығы құрметті қонақ қатарында Ұлы Отан соғысының батыры Бауыржан Момышұлын шақырғаны белгілі. Соғыста ерлік жасағандар көп бола тұра неліктен Б.Момышұлын шақырды деген сұрақ туады еріксіз?!

Бұл шешімді қабылдаған Фидель Кастроның өзі екен. Ол кісіден кімді шақырамыз деп сұрағанда. Бірден ойланбастан: «Волоколамск тас жолының ең басты батыры!» деген екен. Бақсақ, қолбасшы осының алдында ғана «Волоколамск тас жолы» кітабының испан тіліндегі аудармасын оқыған болып шығады. Ресми қабылдау аяқталған соң Кубаның Қорғаныс министрі Рауль Кастро Бауыржан Момышұлына Куба Қарулы Күштерінің қолбасшылығы алдында сөйлеуіне өтініш білдіреді. 1963 жылдың қарашасында Бауке: Егер сіздер алдыңғы қатарлы армия құрсаңыздар – бұл бейбітшілікті қорғаушылардың позициясын бекітуге көмектеседі. Қарулы Күштер елдің тәуелсіздігі мен бостандығын қорғауға құрылады. Мемлекеттіліктің сақталуы мен өз халқының бейбіт еңбегін қамтамасыз етеді»- деген өрелі сөзді кубалықтарға арнаған болатын.

Тағы бір ескеретін жайт ол Баукеңнің ақыл-ойларын тәуелсіз Қазақстан мемлекетіміздің Әскери доктринасы мен «Қорғаныс және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері туралы» Заңдарын жазғанымызда негізге алғанымыз. А.Бектің «Волоколамск тас жолы» мен Б.Момышұлының «Соғыс психологиясы» кітаптары әскери жоғары оқу орындарында білім алатын тыңдаушылар үшін міндетті әдебиеттер тізіміне енгізілді.

Бауыржан Момышұлы тумыснан табиғи талантты, аз уақыт ішінде жалпы әскери ұрыстың заңдылықтары мен принциптерін танып игерген дарынды қолбасшы. Оның өткір ойы, аналитикалық қабілеті шайқастың өтуі мен дамуын дәл болжауы – алдыңғысын көргендікпен дәп басып, шешім қабылдауы ерекше таным. Сол себепті Бауыржан Момышұлы сенімділікпен батальон, полк одан соң соғыстың соңғы жылдарында – дивизияны басқарды. Қазақстан тарихындағы ерекше тұлға.

Осыдан соң біздің ардагерлер арасында Қазақстан Қарулы Күштерінің жауынгерлері және қызметшілердің еңбегін бағалап, Бауыржан атындағы орден мен медальді жарыққа шығару кезеңі туды деген пікірді ұсынып отырмыз. Және осыдан біраз жыл бұрын марапаттың бұл үлгілерін Бақытбек Смағұл дайындаған болатын.

Баукемен екі рет кездесу

Бұл кездесулер жөнінде бұдан бұрын «Бауыржан Момышұлы менің өмірімде» кітапшамда айтқан болатынымын. Ол кездесулер туралы қысқарақ әңгімелейін. Менің Баукемен кездесу әңгімем қалыптан тыс, сирек кездесетін тұлғаға одан сайын терең үңілуіме жетеледі.

Алғашқы кездесуім 1975 жылдың қаңтар айының бірінші жартысында болды. Орта Азия Әскери Округі мен Қазақстан Жазушылар Одағы Ұлы Отан соғысының 30-жылдығына арналған конференция өткізді. Конференцияға соғыс майдангерлері де шақырылған. Ардагерлердің ішіндегі бірегей тұлға – Бауыржан Момышұлы. Батырды алғаш көруім. Менің, офицер мамандығын таңдауымда батыр болмысы аса маңызды рөл атқарып еді. Конференция жұмысына өзім қызмет атқарып жүрген әскери училищенің офицерлері мен курсанттары да қатысты. Осы жылдары әскери училищенің тактика кафедрасының бастығы қызметінде едім. Училищеден конференция делегациясына жетекшілік жасау тапсырылған болатын.

Сағат 10.00-де конференция жұмысының ашылуын жазушы Бауыржан Момышұлының майдангер досы – Дмитрий Феодорович Снегин ашты. Біз байқағанымыз, залда Бауке көрінбеді. Д.Ф.Снегин Баукеңнің жоқтығына ләмим демеді. Мінбеге баяндама жасауға Орта Азия Әскери Округі саяси бөлім басқармасының бастығы генерал-майор М.Д.Попков шықты. Көп уақыт өтпей залға жартылай әскери киімді оң қолында таяғы бар адам кірді. Кірген бойдан алдыңғы қатарға жайғасуға ыңғайлана бергені сол еді, төралқада (президиум) отырған Д.Ф.Снегин бас изеп, қолымен ымдап, үнсіз төралқалық орынға жайғасуын сұрады. Осы кезде зал іші күбірлеген дауыспен қозғалысқа толып кетті. Бір кезде төралқадағы Д.Ф.Снегиннің жанына жайғасқан адам орынынан жайлап тұрып, оң қолын алдыңғы жаққа созып, әмірлі дауыспен: «Тоқта, генерал! Сіз жақсы оқып тұрсыз! Баяндамаңыз маңызды, бірақ сізді тыңдамай тұр»-деп қолын түсіріп, сәл іркілді. Генерал сасқанынан, көзілдірігін алып, не болғанын білмей сөзін тоқтатты. Осыған дейін генералдың сөзін бұлайша ешкім бөлмегені байқалды. Генерал бір сөз айтпай, залға қарады.

Осы кезде: - Мен – Бауыржан Момышұлы – деді қатты дауыспен, әрі қарай жайлап: - Мені көбі білмейді, сондықтан, «шал кешікті, онысымен тұрмай төралқадан орын алды»- деп, өзді-өзі

сыбырласып жатыр. Мені шақырды -дей келе Д.Ф.Снегиннің иығын ұстап сөзін доғарды. Зал көп уақыт бойы қол шалапалақтауын тоқтатпады. Осы кезде генерал мінбедегі орнынан түсіп, Баукене таяп келіп, батырды құшағына алды. Біз бәріміз орнымыздан тұрдық. Қол шапалақтау одан сайын ұзаққа созылып, зал кезек-кезек көтермелеу лебіздеріне толды. Біреулері орысша, енді біреулері қазақша лебіздермен айқайлап жатты. Бір ғана түсінік: Қатысушылар Баукені ыстық ықыласқа, ерекше құрметке бөледі. Зал гуілдеп кетті. Тыңдаушылар орындарынан тұрып «Ба-уыр-жан!», «Бау-ке!» деп дауыспен лебіз білдірді. Менің жүрегім аса бір ерекше екпінмен лүпіл қақты. Себебі алғаш рет тағдырма әсер еткен, өзіме үлгі етер адамымды бірінші рет көріп, дауысын естідім!

Генерал мінбеге қарай жүргенімен, зал іші әлі алақан соғуын тоқтатпады. Бауке ел ықыласын бағалап орынынан тұрып, тағыда оң қолын алға созды. Зал бірден тынды. Ерекше сезіммен, қаттырақ дауыспен: «Рахмет! Спасибо! Енді отырыуларыңызды сұраймын, ал генерал, сіз баяндамаңызды жалғастырыңыз». Әрқарай мен баяндаманы үзіп-үзіп тыңдадым. Баяндама мазмұны бүгінгі кезеңмен және Мәскеу қорғанысындағы панфиловшы-батырлардың ерліктерімен араласып кетті.

Баяндама аяқталған соң, үзіліс жарияланды. Сол кезде қасымызға Баукең келіп: «Әй, халдарың қалай, қырандар?»-деді. Менің кителімдегі Фрунзе атындағы академияның белгісіне қарап: «Жарайсың!»-деді. Менің аузымнан: «Сіз маған академияға түсуіме көмектестіңіз»-деген сөздің қалай шығып кеткенін өзім де аңдамай қалдым. Ол кісі маған таңырқағандай қарады да бұрылып жүре берді.

Үзілістен соң Д.Ф.Снегин мінбе сөзді Бауыржан Момышұлына берді. Зал іші қайта орнынан дүр көтеріліп, қошемет жасады. Баукең асықтастан мінбенің қасына келіп, оң қолымен мінбенің бұрышын ұстады, сол қолымен тынышталыңыздар деп белгі берді. Біз орнымызға отырдық.

Баукең мінбе жанында тұрып байсалды үнімен әр сөзді анықтап, сөзін бастады. «Қазақ және орыс тілдерінде сөйлеймін, жазамын. Бүгін орыс тілінде сөйлейміз». Біраз тоқталып, сөз тиегін ағытты: «Ұлы философ айтқандай қозғалыс – өмір. Мен жетінші онжылдыққа аяқ бастым, сонда да жаяу жүргенді қалаймын. Бүгін маған таудағы дем алып жатқан жеріме машина жіберіпті, бірақ мен оған отырмадым. Сіздерге кездесуге келу үшін жеті шақырымға жуық жол жүрдім, бірақ кішкене есебім шықпай қалып, азырақ уақытқа кешіктім. Кешіріңіздер. Бірақ мен өзімді сонда да жеңіл сезініп тұрмын. Жасарғандаймын. Жұрт тағы да сөзін бөліп, қол шапалақтады. Азырақ үзілестен соң Бауке: «Генерал мазмұнды баяндама жасады, оны қайта зерделеп, оған асықпай ой арту керек. Мен сіздердің көңілдеріңізді әскери мәселенің екі түріне аударғым келеді. Тағы сәл үзіліс жасап, сөзін әрі қарай жалғады: «Сонымен бірінші. Қозғалыс шынымен де тіршіліктің негізі. Ал әскери істе «қозғалыс» ұғымы мынадай категорияларды құрайды, ол әскердің маневрлілігі мен ұтқырлығы. Егер соғыс алқабында кімде кім қимылдап, жағдайды ескере отырып, жылжыса ғана қажетті маневрлікке қолжеткізеді. Әрине мақсатқа жету оңай емес, себебі басқадай түрлі шарттар мен факторлардың әсері болуы да мүмкін. Әскердің іскер маневірлілігі ол шайқастың, ұрыс пен түрлі операциялардың жеңісіне бастайтын бірден бір алғы шарты.

Бауке залды түгелдей көзімен бір асықпай шалып алып: «Соғыстың бастапқы жылдарында біздің әскерлер айтарлықтай шығындарға ұшырады,- деп оң қолының сұқ саусағын көтеріп, төралқада отырғандарға қарап алып, одан соң бізге қарап: «Ол алдымен біздің қолбасшылығымыздың жалпы әскердің маневрлілігі мен қозғалысына салғырт қарғандығынан. Техниканың болмағандығы, біздің қозғалу ырқымызды тежеді. Сондықтан жау кейде бізді қуып жетіп, енді бірде алға озып, біздің бөлімшелер мен құрамаларымызды қоршауға да алып отырды. Тіркесті айтып боларда, Баукеңнің даусы біткендей ақырын шықты. Сол қырық бірінші жылдың қара күзіндегі күндер мен түндердегі өз батальонының басынан кешкен қиын қыстау кездерді, меніңше, бір сәт санасында жаңғырытып, еске алғандай болды.

Қайта күш алып сөйлеуіне секундтар ғана қажет етілгендей. Дегенменде лезде байсалдылығы көрініс тапты. Әрі жалғастырды: «Әрине, сіздердің барлықтарыңызға белгілі үкіметіміз бен жоғарғы қолбасшылықтың, халқымыздың ерен еңбігінің арқасында біз 1942 жылдың аяғы мен 1943 жылдың бас жағында мықты техникаларға қол жеткіздік. Олар: танкілер сауытты машиналар, өздігінен жүретін техникалар мен автомобильдер. Осы техникалардың келуімен атыс күштері өсті. Әрине роталардан бастап майданның әскери құрамаларының барлық шегінде маневрлік мүмкіндіктер туды. Механикаландырылған техникалар мен танк бригадаларының қозғалысы дивизияның жалпы қозғалысына одан соң армия корпусының жылжуы, жауды оң не сол қапталдан қоршап не басып озып, тұтастай алғанда шабуылдың ілгерілей басуы

белең ала бастады. Осының бәрін тәптіштеп айтуға уақыт тығыз. Ол жеке лекция. Ал қазір, міне, жүргіш техникасыз бір сөзбен айтқанды күшті қарусыз бір де бір әскери бөлім, әскери құрама, тіпті бөлімше жоқ екен. Бұл жақсы, мықты! Бауке тағы бір сәл тыныс алып қайта сөзін жалғады. Сұқ саусағын қайта көтеріп:

«Бірақ техника жүру үшін материалды жақсы білу керек, оны әйелді күткендей күту керек (залда қызу қозғалыс байқалды). Техниканың пайдасын одан сайын артыру үшін ұрыстың қабілеті мен маневрлілігін білікті түрде қолдана білу керек. Бір сөзбен айтқанда ұрыс техникасының шайқастағы тиімділігін максимальды түрде қолданып, оны әрбір жауынгер оның ішінде әсересе, командир жатпай тұрмай күн демей, түн демей шеберлікпен игеріп жүргізе білуі керек. Білім-деді, курсанттар, сіздерге айтам – бізге қарап әскери жоғары оқу орнында, ал дағдыны қызметте аласындар, одан әрі техникаға деген қызғушылықты артыру үшін әр жауынгерді, командирді тәрбиелеу керек. Бұның барлығын орындауға болады. Мен сіздерге қарап отырып ойланып, өзімнің жастығымды есіме алдым-деді Бауке сәл жымиып. Сіздерге қызыға қарап отырып айтатыным мен сіздердің жастарыңызда мынадай көлемді болған жоқпын. Расында, қазіргі ұрыс машиналарының жүк көтергіштілігі мықты. Бәрі осындай деп тағы да күпірлік келтірмеу керек. Жан жақты дайындықта жауынгерге ұрыс машинасының люгін ашып, кіріп шығу оңай емес. Ал ұрыста осыны секундтың бір бөлшегінде игеру керек. Жас достар, осыны ойлау керек....»-деп өткір көздерін біздің жақта отырған қызметтестеріме бағыттады. Мен жан-жағыма көз салып едім, көпшілігі залдағы отырғандар ыңғайсызданып, қозалақтап қалғандай болды. Баукең жеңіл жымиып әрі жалғады: «Сіздерге, жас достарым, бір жақсы кеңес бергім келеді, артық салмақтан құтылудың жақсы дәрісі ол–қозғалыс! Жүр, жүгір сонда бәрі ойдағыдай болады! Маған, кәрі солдатқа сеніңіздер»- деп ойын аяқтады.

Бізге, Бауке сөзін тиянақты тыңдау – шын мәнінде, ойды мазмұнды етудің нағыз әдістемелік шеберлілік сабағы болды. «Қозғалыс» сөзінің мәнін күнделікті тіршіліктегі қарапайым мағынасынан бастап ұрыс жағдайындағы семантикасын төгілтіп, таразылап, нақтылап аз сөзбен алдымызға жайып салуы – батыр ойының тереңдігі әр таным бірлігінде биік екенін танытты.

Осыдан кейін Бауке басын терезеге бұрып, шамалы уақыт үнсіз қалды. Ыңғайланғандай болды. Жүзі өзгеріп, қатуланды. Тағы бір жаңа ойды бастағысы келгендей. Осы кезде Баукең мінбеге келіп, микрофонға еңкейе сөзін жалғады: «Әрбір жасы келген қазақ жолда немен келе жатсада оның алдынан бір мола кездесе, міндетті түрде тоқтап көңіл аударады. Егер Құранды білсе құран бағыштайды, оқиды. Ал егер үлкен зиратқа кезіксе, онда жолаушы жақын келіп, жерден бір уыс топырақ алып, «Жатқан жерің торқа болсын-дейді. Бұл дәстүр!», - деп айтып ойланысын, сөздің байыбына барсын дегендей сәл үзіліс жасады.

Одан соң: «Майдан жолының көптеген шақырымдарын жүріп өттім. Құлап өлген жауынгерлерді көрдім. Жау шегініп кетерде жаралылар мен қарттарды, әйелдер мен балаларды айуандықпен өлтіріп кеткендерін көрдім. Бұл айуандық көрініс. Мұндайды көрген өзін шаққа ұстаған болар, қатал көздерге еріксіз жаста келді. Мен бұл көріністер жөнінде көп ойландым да өйткені командирлер мен жауынгерлеріміздің жүрегіне өшпенділік әкелді. Осыдан кейін қатты кекшілденіп кете ме,- деп. Бірақ бақытыма қарай олар, өшпенділіктің айуандығына барған жоқ. Біздің солдаттар фашизм тырнағынан дүние жүзінің халқын аман алып қалу үшін өздерін құрбан етті. Аға ұрпақтың ұлы ісіне бас иіп ұрпақтары жүздеген, мыңдаған ескерткіштер мен белгілерді орнатты, егер сөзім дәл келсе бауырластар зиратын жасады.

Бауырластар зираты!

Ол жерде түрлі халықтар мен ұлт өкілдернің түрлі діни сенімдегі соғыста шейіт кеткендері жатыр. Жер бетіндегі бейбітшілік үшін фашизмге қарсы аяусыз алысып өмірлерін қиды. Біз мұражайларға барғанда мұрағаттарды көріп, әңгімелер тыңдаймыз, ал бауырластар зиратының басында олардың рухтарына өз еркімізбен тәу етуіміз керек!!

Ел арасында немесе басқа елдерге жолаушылап сапарға да көп шығамын. Қай жерде болмайын, сол жердегі бауырластар зиратына баруға тырысамын. Бір жақсысы зираттың күтілгенін көремін. Басында әрдайым гүлшоқтары тұрады. Өйткені ол жерде адамдар жерленген. Кейбірінде мәңгі алау алаулайды. Бұл дұрыс! Зиратқа жасалған күтімге қарап сол ортаның, халықтың тәлім-тәрбиесі мен мәдениетінің деңгейін байқайсың.

«Менің ойымша соғыс жеңісінің салтанатын тек мәдениет үйлері мен сарайларда ғана өткізбей, сол жеңіске жеткізген жандардың жатқан зиратының басында да өткізу қажет. Бұдан біз төмендеп қалмаймыз, қайта жанымыз тазарады. Азаматтылығымыз кеңейеді!»- деп Баукең екінші ойын аяқтады.

Соғыстан қайтпаған солдатты еске алу, оған тәу етіп, құрмет көрсету оны дәстүрге айналдыруды әрі қарай жалғастырып, іске асыру, жастар, сіздер болуларыңыз керек. Ол әрбір адаммын дегеннің, қасиетті борышы! - деп Баукең сөзін аяқтады.

Осы жолдарды жазып отырып, аз сөзбен екі түрлі ұғымды кең аудиторияға ,тек, талай соғысты бастан өткеріп ,өмірде алған сабағы мол дарын иесі, әскери ұстаз, ақылгөй адамның ғана қолынан келеді-ау деп ойладым.

Сол 1975 жылғы Баукең сөзін санама қайта оралта отырып, мен бала кезімнен құлағыма сіңген қанатты сөзді еске алдым. Оны жастардың білуі керек деп ойлаймын. « Кімде кім өз ата-бабаларын ұмытса, сол ұрпақтың өзі құриды!»-деген атадан балаға мирас болып келе жатқан аталы сөзді ұмытпауымыз керек. Осы сөзді оқып сенде ойлан, оқушым! Әсіресе, сол шейт кеткен жандардың зиратының басындағы түсті металдан жасалған жұлдызды, ай белгісі мен жазуларды жұлып, өз құлқындары үшін тонауы сұмдық емес пе?! Олары айуандық емес пе ?!

Баукеңмен екінші кездесуім 1978 жылдың мамыр айында болды. Ардагерлердің демалып, өзара қауқылдасып, бас қосатын сүйікті орындары бар. Бұл Абай атындағы опера және балет театрының жанындағы сквер. Мұхтар Әуезов мүсінінің жанындағы орындықта екі адамның сөйлескен дауыстары арасынан Баукеңнің даусын таныдым. Әскери тәртіппен қолымды бас киіміме апарып: «Денсаулығыңызды тілеймін, жолдас гвардия полковнигі!»- дедім. Әскерилердің әскери рәсіммен амандасқанын Баукеңнің ұнататынын естігем. Маған бұрылып, көзін күннен көлегейлеп: «Сізге де саулығыңызды тілеймін»- деп оң қолын ұсынды. Одан соң қазақы дәстүрмен ана тілімізде сәлемдесуді жалғастырдым. Сәлемімді тағы да тыңдап алып, енді маған сол қолын қоса ұсынып, жайлап өзіне тартып, жанына отыруыма ыңғай білдірді. Маған қарап алып: «Сенің атыңды ұмытыңқырап тұрмын, меніңше, сенің атың қазақтың аты емес. Басқасы есімде сен ол кезде подполковник едің, енді қазір мені қуып жеттің». Осыны айтып, күліп алды. Жанындағы әңгімелесіп отырған адамға қарап: «Жастар жақсы адымдайды. Маған академияға түсуіме, яғни тағдырма әсер еттіңіз –деген. Ал, жас полковник, енді бізге қазір соны айт!»- деді бірден.

1966 жылы академияға түсерде емтихан билетіне тактика жөнінде мынадай сұрақ келді: «Қоршаудағы ұрыс және қоршаудан шығу». Сұрақты оқып, танданып қалдым. Өйткені біз жауынгерлік жарғының «Қорғаныс» және

«Шабуыл» бөлімдерін жаттағамыз.

- Сонда сен жауапты білмедің бе?!

Ойымды жинақтап, жоқ, Бауке, мен жарғыны еске түсіріп, оның үсітне ең бастысы 316-атқыштар дивизиясындағы арьерград батальонының ұрыс сызбасын тақтаға түсіріп, батальон командирінің ұрысты ұйымдастыруын айтып бердім. Емтихан алушылар асықпай көңіл қойып тыңдады. Емтихан билетінде бұдан басқа тағы төрт сұрақ болды. Бір сөзбен айтқанда жарты сағат ішінде бес бестік (25 балл) жинап, академияға оқуға түстім. Менің арманым осылай жүзеге асты. Сол себепті, Бауке, сіздің көмегіңізбен мен академияға түстім –дедім.

– Мәскеу түбіндегі батальонымның ұрыс тактикасы жөнінде қай жерден оқыдың? – деп сұрады. Атақты әскери қолбасшылардың бірнеше кітаптарын тізбелеп, одан соң Фрунзе атындағы академияда «Ұрыс тактикасынан мысалдар» кітабы шыққанын айттым.

– Сонда не жазылған, Бауыржан Момышұлы тек қоршаудан шығып, шегінумен болған ба ,деп пе ?!

Мен бірден тездетіп: «Жоқ бұл кітапта ұрыс түрлеріне қарай басқада бөлімдер бар, соның ішінде, сіз басқарған полк пен дивизияның шабуылы да жазылған.»

«– Сен әскери училищеден партия мектебіне бекер кеттің. Мен сияқты вечный полковник боласың» -деп сөзін бітіріп орнынан тұрды. Біз осы жерде қоштастық.

Арысымызды әрдайым ардақтайық

Баукеңнің «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас», «Соғыс психологиясы» шығармалары мен басқада жазба дүниесі келешек ұрпаққа теңдесі жоқ ұлы мұра болып қалады. Жас достар, сіздер осы кітаптарды оқыдыңыздар ма?

Егер оқымасаңыздар, міндетті түрде оқыңыздар! Бұл шығармалар сіздердің танымдарыңызды кеңейтіп қана қоймай соғыстың қандай қырғын екенін, сондай-ақ Жеңістің тарихи шындық дерегін тереңнен біле аласыздар. Әрі адамгершілік қасиеттеріңіз одан сайын беки түседі.

Баукең «патриот», «патриотизм» ұғымдарын түсіндіре отырып, ұлттық намыс осы түсініктердің құрамдас мазмұнды бөлшегі екенін баса айтқан болатын. «Адам баласының бойына өз ұлтының салт-дәстүрі мен мәдениеті, тарихы, ата-бабаға құрметі туған жерге деген махаббатын оятып, патриоттық болмысын қалыптастырады. Ана тілінді жеткілікті білгенде ғана сен оған қолжеткізесің. Бірақ осының бәрі өзге ұлт өкілінің ұлттық намысына көлеңке түсірмеуі керек»- деген болатын.

Бауыржан оқулары қалай пайда болды және оның мазмұнында не жатыр? Бауыржан Момышұлына Кеңес Одағының батыры атағы берілгеннен кейін сол жылдары жұртшылық «суворов мектебі» деп аталып жүрген әскери мектеп-интернатқа батыр атағын беру жөніндегі кепілдемені алуға біз бел байладық. Мектептің бірінші жетекшісі ретінде өз алдыма қойған бірінші міндетім орындалды. Әрине бұл іс-шара да оңайға түспеді... Бүгінде мен әділдік іс үшін сол кездегі Президент әкімшілігінің жетекшісі Н. Әбіқаевқа, Пример-министр Ұ. Қарамановқа осы өтінішімізді іске асыруға көмектерін бергені үшін алғысым шексіз.

Екінші міндетім – деп өз аңқытамам бойынша – Бауыржан оқуларына екпін беру, яғни негізгі мазмұн – Баукең шығармалары мен батыр туралы жазған авторлар дүниесін жас ұрпаққа оқыту. Осы міндеттерді жүзеге асыру арқылы өзім үлгі тұтқан тұлға – Бауыржан Момышұлының бейнесін жастар жадына ұялату. Оқу-ағарту министрі Ш. Шаяхметовтың қолдауымен және мектептің педагогикалық кеңесі 1991 жылдың 3-мамырында яғни Ұлы Жеңіс күнінің алдында алғаш рет Бауыржан оқуларын өткіздім. Мектептің кең залына осы үлкен іс-шараға қатысушылар мен офицерлер, мектеп тәрбиеленушілері мен педагогикалық ұжымдық толды. Мектепке Бауыржан Момышұлы атын беру мен алғашқы Бауыржан оқулары жөнінде өзімнің «Бауыржан Момышұлы менің өмірімде» атты повесімде арнайы тоқталып, жан-жақты баян еткен болатынмын. Бізді, ардагерлерді, Бауыржан Момышұлының әскери-теориялық, адамгершілік мұрасын үгіттеушілерге – батырдың Отанға сүйіспеншілікпен қызмет ету ойлары мен ұрпақтың өз жанұясы мен қоғам алдындағы міндеттерін шешуде жаңа бағытта кең түнде құлаш жайғаны қуантты.

Баукең еңбектерін әскери оқу орындарының бағдарламаларына енгізіп, ғылыми-практикалық конференциялар мен Бауыржан оқуларын өткізу – ол батырды оқып-үйренудің негізгі формасы болып табылады. Жыл сайын Алматы қаласындағы №131 Бауыржан Момышұлы атындағы мектепте батырдың туған күніне арналып, деректі-әдеби апталық жоспарлы түрде өткізіліп келеді. Бұл күні қабырғалар қызылды-жасылды түрде безендіріледі. Баукеңнің өмірінен шежіре суреттер мен кинофильмдерден үзінділер қойылады. Және балалар творчествосынан, шығармалардың байқауы өтеді. Бұл байқау өте қызықты, тартымды жүргізіледі.

Осы жұмыстардың басында ұйымдастырып, істі жандандырып мектеп директоры Роза Зияханқызы Достанова жүреді. Мектеп-лицейде керемет мұражай жұмыс істейді, көп жылдан бері оның жетекшісі О. Ж. Масатбаев.

Бауыржан Момышұлы атындағы Республикалық «Жасұлан» мектебін тәжірибелі жетекші полковник Батырбаев Манат Болатұлы басқарады. Аталған мектепте жыл сайын Бауыржан оқулары өтеді, бұл шараға соғыс ардагерлері мен Қарулы Күштердің офицерлері, Баукеңнің келіні жазушы Зейнеп Ахметова, немересі Ерлан қатысады. Осы мектептің қадірлі қонақтарының бірі ҚР Парламентінің депутаты – Бақытбек Смағұл. Ол тек, қонақ қана емес, Баукең жайында повесть пен тамаша жырлар жазған белсенді бауыржантанушы. Бақытбектің көмегі арқылы «Командир күнделігі» кітапшасы жарық көрді. Бұл дүние батырдың орамды пікірлері түзілген офицердің кәсіби шеберлігін жетілдіріп шындайтын бірден бір құнды дерекөздік сипаты биік дүние.

Ауған соғысының ардагері, Бақытбек Смағұл мақсатты түрде Қазақстан патриотизмінің тәрбиесі үшін жемісті еңбек етіп келеді. Ұлы Жеңістің 75 жылдығының қарсаңында Алматы қалалық Медеу ауданының ардагерлер ұйымының бастамасымен Қорғаныс министрлігі мен Спорт және Мәдениет министрліктерінің қолдауымен Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінде «Волоколамск тас жолы» кітабы бойынша оқырмандар конференциясы өтті. Ең басты мақсат қазіргі ұрпаққа 1941 жылдың қазан-қараша айларында Мәскеуді қорғаушылардың ерлігі мен батырлықтарын еске түсіртіп, санада жаңғырту. Конференцияның эпиграфы ақын Борис Слуцконың «Казахи под Можайском» атты өлеңі болды:

С непривычки трудно на фронте,
А казаху труднее вдвойне:

С непривычки ко взводу, к роте
К танку, к пушке, ко всей войне.

Но врожденное чувство чести

Удержало казахов на месте.

В Подмоскovie, в большую пургу

Не сдавали рубеж врагу.

Конференция жұмысына Қорғаныс министрлігі, Ұлттық гвардиядан, Алматы гарнизонының жауынгерлері қатысты. Конференцияны даярлауда белсенді іс атқарушылар «Қазақстан Кітап клубының баспасы» болды. Олар жедел түрде орыс, қазақ тілдерінде кітап шығарып, оны тез арада тарата білді. Конференцияны ұйымдастыруға Абай атындағы ҚазҰПУ-дің ректоры Т.О. Балықбаев көмек қолын созды.

Жоспарлы түрде өткен конференцияның ұйымдастырылуы конференция жұмысының жемісті жұмыс жасауына әкелді. Осындай конференциялардың еліміздің барлық жоғары оқу орындары мен әскери оқу орындарында, әскери ұжымдарда өтуіне ұсыныс айтылды. Мұндай жиындар Отанымыздың нағыз азаматының қалыптасуына себін тигізері анық.

Осы орайда айта кететін тағы бір үлкен іс-шара: Жамбыл облысы әкімшілігі мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев телефонмен қоңырау шалып: – Аға, облыс әкімі Сапарбаев Бердібек Мәшбекұлының шешіміне байланысты Бауыржан атамyzдың 110-жылдығына арналған конференция өткізбекшіміз. Құрметті қонақ болуыңызды өтінеміз, - деді,

Жоқ. Мен құрметті қонақ емеспін. Батыр ағамыздың ерлігін, даналығын халыққа жеткізуші қара жұмысшысымын. Міндетті түрде барамын.

Бұл шара 26-27 қарашада Тараз қаласында өтті. Әуелі батырдың туған жері Жуалы ауданында, оған арналған мұражайда жастармен, аудан карттарымен кездесумен басталды. Кейін Тараздағы әскери бөлімде шерулер өтіп, оған сардарлар мен сарбаздар қатысты. Тек қана мен емес, олардың өздері де батыр ағамыз туралы мағыналы қанатты сөздер айтты.

Бұл үлкен шара Бауыржан Момышұлына арналған Даңқ сарайында өтті. Әуелі батыр тұлғаның ескерткішіне гүл шоқтары қойылды. Қатысушылар: соғыс майдан ардагерлері, оқу орындарының басшылары, жауынгерлер, жастар. Сол сарайдағы көрнекті мазмұнды суреттерді көріп, батыр Бауыржанның және де басқа Қазақстандықтардың ерлігіне куә болды. Сарай алдындағы батырдың ескерткіші, сарай ішіндегі дүниелер, суреттер адамзат баласына үлкен орасан зор рух беріп тұрғандай. Бұл салтанатты шара сол сарайда облыс әкімінің басқаруымен конференция жоғарғы деңгейде өткізілді. Конференцияда батырдың келіні Зейнеп Ахметқызы, Мәжіліс депутаты Бақытбек Смағұл, ақын Маралбек, батырдың немер інісі Бекет сөз сөйледі. Иншалла бұл мереке ескерткіш батырдың туған елінде басталғаны бүкіл Қазақстан жерінде атап өткені орынды болар.

75 жылдан астам уақыттан бері Екінші дүние жүзілік соғыстағы шайқастардың сипаты жайында идеологиялық кереғар пікірлер орын алып келеді, тіпті, гитлерлік фашизмге қарсы тұрып, оны талқандаған мемлекеттердің үлесін бағалауда да осындай біржақтылықтар бар. Бұл текетірестер Кеңес Одағы құлағаннан кейін, тіптен, өршігенін көріп отырмыз. Ұлы Жеңістегі Қызыл Армияның шешімді рөл атқарғанын бұрынғы одақ көлеміндегі өз алдына ел болдық деген бірсыпыра елдер бүгінде жеңістің қиындықпен келгенін жоққа шығарады. Бұл бүтіндей фальсификация. Жеңіс аға ұрпақтың ел үшін, келешек ұрпағы үшін күрескен бүгінгі жас буынның болашағы үшін қан төккен ағаларымыз бен жас өмірін шейт еткен боздақтардың ерлігі емес пе? Бүгінгі жас буынды ата жолынан адастырмайық, ағайын!

Масқаралық жағдай! Фашизмнен азат етуші Совет жауынгерлерінің өз қаруласының, өз командирінің қанқұйлы шайқастағы ерлігін мәңгіге естелік ету үшін орнатқан ескерткіштерін қирату?! Тіпті, оның орнына сол фашист жендеттерінің шашбауын көтергендердің ескерткішін қою не сұмдық? Бұл тарих алдындағы адамгершілікке қарсы әрекеттер, фашизммен жаға жыртасып өз өмірлерін қиған қыршын жастың алдындағы күнәлілік емес пе? Бейбітшілікпен өмір сүрген ұрпақ ата-бабаның қанымен келген, жеңістің осындай рухын тәрк етуге адами құқымыз жоқ!

Жеңістің ең бір тұғырлы дертесі – түрлі ұлт өкілдерінің бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ұрыс даласында ділі басқа, тілі басқалардың өзара бауырласып, бір мүддеге түйіліп барып, жауға түйіндей тастүлек болып аттануы еді. «Қазақстан 2050» бағдарламасында аға-ұрпақтың даңқ жолын қастерлеу – ол жастардың қасиетті борышы деп асты сызылып айтылған болатын.

Сөзімнің аяғына қарай айтарым Бауыржан Момышұлын кейбір авторлар қазақтың Суворовы, Жуковы дейді. Осындай салыстыру үздік әдіс емес, өйткені талант қыры сан түрлі Баукеңдей тұлғамыздың табиғатына сай емес.

Талас жоқ дерек – Бауыржан Момышұлы – талантты әскери қолбасшы, дарынды жауынгер-жазушы, бізге әскери психология мен әскери педагогикаға, сондай-ақ тактика іліміне құнды теориялық негіздерді тарту еткен ойшыл-философ. Әскери ғылым тілімен айтқанда әскери ғылымның методологиясына өзіндік бағыт жасаған тұлға.

Жаратылысынан ғажап ақылдылығы мен ержүректілігі, қайнаған күш-қуаты, қайтпас қайрат-жігері Баукеңді көзі тірісінде аңызға айналдырды.

Өкінішке орай, бейбіт күнде оны бағалай алмағандар да болды.

Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов: «Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан соғысының 1418 күні мен түнінде ерлік жасап жүрді»-деп жазады.

Әзекен, меніңше, Баукеңнің жауынгер серіктерінің ой-пікірлерін түйіп айтты.

Бауыржан Момышұлы: «Мен-запастағы полковникпін, бірақ азамат ретінде әрқашан саптамын!»-деген. Запаса мерзімінен бұрын шығарылса да, жасымады, қажымады, шарт сынбады, өзіне жауыққандарға жем болмады.

Баукең Адамгершілік, Азаматтық және Отанды сүю сияқты асыл қасиеттерді ардақтаған тамаша кітаптар жазды. «Бұл –Бауыржанның екінші ерлігі»-деді Баукеңнің майдандас досы жазушы Д.Ф.Снегин.

Мен XX ғасырдағы ұзақ та қанкешті соғыс қаһармандарынан Баукеңнің бір ерекшелігі, осы десем, қателесе қоймаспын!

Баукеңнің есімі – Ерліктің символы, Қазақ халқының мәңгілік мақтанышы.

МОЙ АТАШКА

Макбал Мусина

Санкт-Петербург

«Ты будешь моим аташкой, - решительно произнесла я. - Ведь папа у меня уже есть, а аташки еще никогда не было». Усы, из-за которых этот суровый с виду человек показался мне стариком, дрогнули в улыбке.

Бауыржан Момышұлы женился на моей маме, Гайникамал Баубековой, в 1961 году. Они прожили вместе 12 лет – до самой смерти мамы в марте 1973 года. Те, кто действительно интересуется биографией Момышұлы, наверняка читали книгу Азильхана Нуршаихова «Истина и легенда», в которой показано, какое место в жизни Бауке занимала моя мама, которую он называл Камаш.

История их женитьбы с самого начала наделала много шума. Мама, мать троих детей, была замужем за моим папой, Шаханом Мусиным, от которого она ушла к Бауке. Сам Момышұлы тоже официально развелся со своей женой (с ней они уже фактически не жили вместе, и детей у них не было) – чтобы вступить в законный брак с Гайникамал, или Камаш, как он называл мою маму. Вышел неслыханный по тем временам скандал.

«Дело» разбиралось на Партбюро в Союзе писателей Казахстана: коммунисту Момышұлы был объявлен строгий выговор за «аморальное поведение». Первый секретарь ЦК Компартии Казахстана Исмаил Юсупов вызвал героя-панфиловца к себе и потребовал объяснительную: почему тот отбил чужую жену. Оказывается, накануне в газете «Қазақ әдебиеті» вышла статья, обличающая этот поступок, недостойный звания советского писателя и гражданина. Бауке написал объяснительную на казахском языке, но арабской графикой, справа налево, после чего ушел, не сказав ни слова. Юсупов арабского алфавита не знал, а потому призвал на помощь Кунаева, в то время – председателя Совета Министров. Тот, прочтя записку, состоящую из трех строк, от души посмеялся, однако вслух зачитать смог лишь первые две: последняя оказалась уж слишком неприличной. Об этом случае, ярко характеризующем личность Бауыржан-ата, мне не так давно рассказал Мекемтас-коке (Мекемтас Мырзахметов, ныне профессор, доктор филологических наук, в те годы учился в аспирантуре и жил в нашей семье, исполняя роль, как бы сейчас сказали, личного секретаря и доверенного лица Момышұлы).

Маме на тот момент исполнилось сорок лет, у нее было трое детей и безнадежно больное сердце (она имела инвалидность из-за стенокардии), о чем Бауке не мог не знать. Что же подвигло этих двух, далеко не юных, людей пренебречь общественным мнением и пойти на такой немислимый, безрассудный шаг? Думаю, ответ напрашивается сам собой: их связывало глубокое чувство. Причем чувство это возникло не спонтанно: оно зрело давно. Познакомились они еще до войны, маме тогда едва исполнилось восемнадцать лет. Затем была романтическая встреча на фронте, куда мама выезжала в составе концертной бригады и где выступала перед бойцами Красной армии. Их жизненные пути после войны разошлись, но когда спустя почти двадцать лет они встретились вновь, то, скорее всего, поняли, что уже не смогут жить друг без друга. К сожалению, я не знаю всех подробностей тех перипетий, но наверняка где-нибудь в дневниках Момышұлы обо всем этом написано.

Мой папа, очевидно, с пониманием отнесся к поступку мамы – во всяком случае, я никогда не слышала, чтобы он как-то обсуждал или осуждал ее. Мне представляется, что после всего пережитого отцом – десяти лет каторги на Колыме, многолетней сибирской ссылки – такой «пустяк», как уход жены, не стал для него трагедией. Более того, он был благодарен ей за то, что она родила ему троих детей. Впоследствии отец женится на замечательной женщине, с которой проживет до конца своих дней – почти сорок лет. С Бауыржаном Момышұлы у них сохраняются уважительные отношения, о чем свидетельствуют дарственные надписи отчима на книгах, которые он передавал отцу.

Итак, в моей жизни появился аташка. В свои пять лет, я потянулась к нему всей душой. Детей обмануть невозможно: они сразу распознают фальшь и неискренность. От Бауыржан-ата исходила такая нежность и теплота, что это позволило мне, по крайней мере, на первых порах, не думать о разлуке с любимым папой. Конечно, развод родителей – это всегда травма для любого ребенка, часто незаживающая рана на всю оставшуюся жизнь. И я благодарна аташке за то, что он своим отношением к маме и к нам, ее детям, не давал повода сожалеть о случившемся.

У нас с ним вообще сложился дружный дуэт. Я рано научилась грамоте и в пятилетнем возрасте уже самостоятельно читала толстые книги сказок. Аташке это очень нравилось, и он всячески поощрял мое увлечение чтением. Часто Бауке брал меня с собой, когда ходил по своим делам в Дом писателей, где на первом этаже находилась редакция издательства «Жазушы». Обычно он относил туда свои рукописи. Однажды я решила, что не буду отставать от своего аташки и тоже начну писать, но только не про войну, а сказки – о принцессе по имени Кюсюм (почему Кюсюм, не знаю: помню, мне хотелось, чтобы имя у принцессы было совсем-совсем необычное). Как-то раз Бауыржан-ата подвел меня к столу, за которым сидела доброжелательного вида женщина, и велел показать ей тетрадку с моими сказками, которую я носила с собой в сумочке. Это была редактор издательства. Она внимательно просмотрела тетрадные листки, исписанные корявым детским почерком, похвалила меня и пригласила приносить новые сказки. Я смутилась, так как догадывалась, что «сказки» мои далеки от совершенства, но мне было приятно, хотя бы потому, что аташка был мной доволен и весь сиял.

Помню эпизод, связанный с приездом в Алма-Ату Бориса Полевого, автора легендарной «Повести о настоящем человеке». В актовом зале одного из ВУЗов (кажется, это был Казахский педагогический институт, а, может, медицинский?) состоялась встреча писателей Б.Полевого и Б.Момышұлы со своими читателями. Зал был заполнен до отказа. На сцене расположился президиум – за длинный стол, накрытый свисавшим до полу красным полотнищем, сели почетные гости и, очевидно, члены руководства института. Нас с мамой проводили в первый ряд зрительного зала, однако это меня совершенно не устроило. Я привыкла, что мое место – рядом с аташкой. Встреча уже началась. Слово предоставили Борису Полевому. Тем временем, я самостоятельно поднялась по ступенькам с правого края на сцену (мама даже глазом моргнуть не успела), юркнула под полотнище, закрывавшее стол, и поползла к своему аташке. Найти его было проще простого: он единственный из всех, сидящих в президиуме, был в галифе и военных сапогах. Когда я вынырнула из-под стола и с удовлетворенным видом заняла свое законное место на коленях у Бауыржан-ата, зал развеселился. Борис Полевой, выступавший с трибуны, сначала не понял, почему все смеются, но, увидев в президиуме маленькую девочку с огромными бантами, тоже рассмеялся. Когда потом мы все вместе сели в машину и поехали домой, Борис Николаевич подарил мне красивый значок. Где этот значок теперь? Увы, я не знаю.

Бауке был известен своим грозным нравом. Один лишь вид его, строгий и непреклонный, мог внушать взрослым людям страх и трепет. Однако мне, ребенку, иногда казалось, что внутри он – ранимый и даже порой беззащитный. И кто же его защитит и пожалеет, если не я? Об одном таком эпизоде Бауке написал в своем рассказе «Байгус полковник» («Бедный полковник»). Бауыржан-ата был расточительным человеком, не любил считать деньги, а потому отдавал их все маме – вести «учет и контроль». И вот в конце лета 1961 года аташка повез нас (маму, мою старшую сестру Шапигу и меня) в Москву – показать столицу нашей Родины, которую он защищал в Великую Отечественную. Мы гуляли по Красной площади, посетили ВДНХ, Кремль, Третьяковку и другие достопримечательности. Однажды вечером Бауыржан-ата принес два билета в Кремлевский Дворец съездов. На представление пошли мама с сестрой, а мы с аташкой остались в гостинице. Я надулась. Было обидно, что нас не взяли. «Детей и стариков туда не пускают», попробовал объяснить и утешить меня ата. Но мне вдруг стало жалко не себя, а его. «Бедный полковник, - вздохнула я. – Денег ему не дают, в театр не пускают. Бедный полковник!» Он был растроган до слез, смеясь, расцеловал малое дитя, проявившее к нему такое сочувствие...

КУБИНСКИЙ КАЗАХ

В декабре 2010 года в Центральном Государственном музее РК в Алматы открылась экспозиция, посвященная 100-летию Б.Момышұлы. На одной из фотографий, представленных на выставке, я увидела себя. Сразу же в памяти всплыл эпизод из далекого детства...

В ноябре 1963 года Бауыржан Момышұлы побывал на Кубе. Позже Бауке напишет о своих кубинских впечатлениях, о встречах с интересными людьми, в том числе и с Раулем Кастро Рус. Аташка был очень доволен поездкой. Я запомнила, с каким уважением он отзывался о кубинском народе, особенно он выделял Хосе Марти – поэта и публициста, национального героя Кубы. Это было время, когда романтический образ революционной Кубы действительно волновал умы советских людей. Повсюду звучала песня «Куба – любовь моя!», которую и мы, дети, с удовольствием распевали.

Для Бауке приятной неожиданностью явилось то, что имя Момышұлы весьма популярно у жителей острова Свободы. Оказывается, лидер кубинской революции Фидель Кастро чуть ли не первым из кубинцев прочел повесть А.Бека «Волоколамское шоссе», и книга ему так понравилась, что он рекомендовал читать ее всем, в первую очередь, молодежи.

Примерно через год, осенью 1964, в Алма-Ату приехали студенты из Кубы (их было человек 20, все – юноши, наверное, военные курсанты), которые, конечно же, захотели навестить легендарного «компаньера коронел» Момышұлы. Мы тогда уже жили на улице Фурманова. Просторная гостиная нашей квартиры едва вмещала всех присутствующих, поскольку, кроме кубинских гостей, пришли гости «местные» – родственники, друзья, а также незнакомые мне люди, по-видимому, переводчики, журналисты, а может еще кто-то. Было шумно и многолюдно.

В завершение встречи аташка стал подписывать свои книги и вручать их кубинским гостям. Меня, как всегда, разбирало любопытство, и я внимательно наблюдала за всем происходящим. Молодые люди подходили по очереди, чтобы получить свой экземпляр из рук героя-панфиловца. И вот, когда почти все уже разошлись, я заметила парня-казаха, который стоял в прихожей и не хотел уходить. Это был тот самый юноша, который немногим ранее также подходил за книгой к аташке, но Бауке его прогнал: книги предназначались только гостям из Кубы – ввиду их ограниченного количества.

Молодой казах окликнул меня: «сеньорита!», что было довольно необычно. Я позвала аташку. Он стал ругать парнишку за нескромность, но тот не испугался и все твердил: «порфавор», да «порфавор». Из кухни выглянула мама и сказала: «Бауке, что ты шумишь? Этот мальчик – кубинец». Так и есть: вылитый с виду казах оказался настоящим кубинцем! Бауке, как будто, слегка смутился, а потом, смеясь над собственной оплошностью, тут же подписал книгу кубинскому «казаху» и приобнял его, словно извиняясь.

«Видишь, дочуля, как обманчива бывает внешность», сказал он мне, когда за далеким гостем закрылась дверь.

Сколько еще дорогих сердцу воспоминаний хранит память! Я счастлива, что в моей жизни был Бауыржан-ата, который любил мою маму, а меня ласково называл своей дочулей и Бусенькой. Это был непростой человек, с тяжелым характером, но с щедрой душой, бесстрашный и честный.

Он обладал обостренным чувством справедливости, терпеть не мог вранья и подхалимства. Никогда ни перед кем не пресмыкался, с достоинством сносил удары судьбы. Его образ навсегда останется со мной.

МӘҢГІЛІК ӨНЕГЕ

Мамытбек Қалдыбай

филология ғылымының кандидаты, доцент, Бауыржантанушы

Ұлы тұлғаларымыздың риясыз бауырмалдықпен, шынайы достық қарым-қатынаспен бір-біріне жазған хаттары рухани өмірімізден ерекше орын алып, жан-дүниемізді, ой-санамызды барынша байыта түсері анық. Бұл ретте Мұхтар Әуезов пен Бауыржан Момышұлының бір-біріне деген мөлдір сүйіспеншілігі, ыстық ықылас-ниеті ұрпағымызға оң бағыт сілтейтін, баға жетпес рухани қазына дер едік. Шынайы сезімімен бірінші болып ықылас білдірген Баукеңді Мұхаң шын ағалық пейілімен ұнатып, іле-шала жауап жазады. Баукең кешіктірмей тағы хат жолдап, тағы хат алады. Осылайша бір-бірімен үзбей пікір алмасу басталады. Бұл пікір алмасулар бүгінгі, ертеңгі қаламгерлеріміз үшін де терең мәнге ие. Бір ғана мысал. Майдан төрінде, алғы шепте соғысып жүрген Баукеңнің: «М. Әуезовтің «Абайы» ұлы шығарма, бірақ кейбір жерлерімен келіспеймін. Неге? Себебі не? Сіз Абайды көтеремін деп Құнанбайды кемітесіз. Бұл өте үлкен қате деп білемін. Қазақ «Иттен ит туады бөк жейтұғын, малдан мал туады шөп жейтұғын» дейді. Осы принципті Мұха саясатқа бейімдеуге бардыңыз. Құнанбай – ол қазақтың Иван Грозныйы. Иван Грозный мақсатына жетті, Құнанбай жете алмады. Сіз осыған түсінбедіңіз» деген өткір пікірін ашық білдіреді.

Оны қалай қабылдағанын Мұхаңның жауап хатынан аңдаймыз. Ол кісі ешқандай шамданбай: «Бәрін мойындаймын. Бізде өстіп тікелей айтатын ақылгөйлер жоқ. Сенің айтқандарың маған көптеген ойлар салды. Әділ сыныңды, пайдалы пікірлеріңді көңіліме ауыр алғаным жоқ», – деп өз тарапынан кешірім сұрауы – даналықтың үлгісі дерліктей. Ойы таяз өзімшіл біреу болса, кешірім сұрап жауап жазу орнына бет көріспей кетер еді.

Баукең кешіктірмей: «Дидарласпай тұрып араздаспайық», – деп кішілік, інілік көңілін білдіре келіп: «Я бываю резким и грубым в выражениях, согласен – это мой недостаток. Очень сожалею, что могу помочь вам только за ваши же оплошности», – деп жазғанының сырына ой жіберсек, «өктеммін, дөрекімін» деген сөздерді Баукеңнің жұрттың кішіпейілдікпен айта салатын әдетімен жазбағанын, ол сөздердің астарында қойнау-қойнау сыр жатқанын аңдаймыз. Баукеңнің табиғатында ешқандай өктемдік, дөрекілік жоғын, оның: «Мен сияқты адамнан өктемдікті, дөрекілікті табу киын», – деп жазса, өзін-өзі дәріптеу, ақталу, бөспелік болып шығатынын Мұхаң сезген, білген, Бауыржанның адамға жаны ашығандықтан шындықты тап-таза күйінде бетке айтатын, өте жоғары мәдениетті адам екенін таныған. Жарамсақ, жағымпаз жандарша өтірік сөйлемей, «жолдастарыма өктеммін, дөрекімін – бұл менің кемшілігім» деуі – Баукеңнің екінің бірінің қолынан келе бермейтін жетістігі, халқымыздың «дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» дегенінің көрінісі екенін Мұхаң нәзік түсініп, мойындаған. Ол кісінің кешірім сұрауының түп-төркіні осында жатыр.

– Оңаша сырласып отырғанымызда:

– Ашулануыңызды қойып, сабаңызға түсіңіз. Содан кейін маған кезек беріңіз. Сөз жүзінде сіздің алдыңызға түсетін адам жоқ. Дүние жүзі таныған сізге қателесуге болмайды. Абай ешуақытта әкесіне бір қарсы сөз айтып көрген емес. Абай ақылды, дана адам. Қодарды өлтіру – Құнанбайдың өміріндегі әділетті шешімдерінің бірі болатын, – деуі де терең мәнге ие. Баукең шын мәнінде ерекше тұлға. Профессор Есмағамбет Исмайлов кезінде қатал қайрат иелерін әруақыт өткен тархымыздан іздеп келгенін, қатал қайрат иесі деп тек өжет, мықты батырлар емес, ақылды, айласы қайратына сүйеу болып, отыратын, қиын-қыстау күндерде ел-жұртын, әскерін тас қамау, тар асулардан алып шыққан қолбасын, мемлекет басшыларын айтатынын, сондай қолбасы, қатал қайрат иесі Бауыржан екенін сүйсіне жазған болатын.

Жасыратыны жоқ, кейбір жандар тарапынан Баукеңді: «Кісі көңіліне қарамайды, дөрекі», – деген алыпқашпа сөздерін Мұхаң да талай естіген шығар-ау. Шындықты айтқан адам ешкімге ұнамайтынын, оның сырын түсінуге кез келген жанның өресі жете бермейтінін, жетсе де мойындағысы келмейтінін Мұхаң білгендіктен Баукеңді ерекше жақсы көріп, құрметтеген-ау

деген ойдамыз. Баукеңнің: «Жіберген қателігіңіз үшін сізді жазалаймын. Соған өкінем» – деуі «қателік жіберу сізге жараспайды» дегенді астарлап жеткізген ескертуі тәрізді. Дөрекі, оспадар жан: «Сіздің жіберген қателіктеріңізді түзетерлік пікір айтқаныма ризамын», – деп бөсуі де мүмкін ғой. Екінші мысал. Хатпен жіберген Мұханның Әлжаппар Әбішевпен бірігіп жазған «Намыс гвардиясы» пьесасы қолжазбасын оқып шығып, Баукеңнің ұнатпаған пікірін ашық та ащы білдіруі – ақын-жазушыларымызды, өнер адамдарын ғана емес, қарапайым оқырмандарымызды да терең ойға қалдырғаны анық. Баукеңнің: «Сіз талантты адамсыз. Бәйгенің алдын бермейтін жүйріксіз. Есекпен қосақтасқаныңыз қалай?» – деп шымбайына батыра айтқанын Мұхаң көңіліне алмай, Баукене ұзақ хат жазуы «Бауыржан ешқандай дөрекі емес» деген біздің пікірімізді тиянақтай түскендей. Бұған қоса Шығыс Қазақстан облысы Аякөз ауданының біраз жыл әкімі болған Аманкелді Керімтайдың: «Бауыржан шала тентек емес, дана тентек» деген халықтық бағасын ескерсек, Мұхаң талғамының қаншалықты биік екенін алғаусыз аңдаймыз. Баукең Мұхтар Омарханұлымен достық қарым-қатынасын әрдайым сүйіспеншілікке толы сезіммен еске алады. «Мұхаң білуге (любопытный) құмар адам еді. Ол кісі әр сасық құдыққа үңілмейтін» деген мінездемесімен өзінің де таным тереңдігінен хабар бергендей. 1943 жылдың желтоқсан айында Баукең Алматыға келгенде, құшақ жая, қуана қарсы алғандардың бірі Мұхаң екен. Талант әр кезде де тапқыр, алғыр келеді ғой. Баукеңнің тұлабойындағы қасиеттерін жіті танып білген Мұхаң сол кездегі Қазақ ССР-і Ғылым академиясының президенті, академик Қаныш Имантайұлы Сәтпаевпен ақылдасып, Баукеңнің соғыс тақырыбындағы әңгімесін өз аузынан есіту мүмкіндігін қарастырады. Соның нәтижесінде Баукең жиырмашақты таңдаулы академиктерімізге 31 сағат дәріс оқиды. Ол кейін орыс тілінде «Психология войны», қазақ тілінде «Қанмен жазылған кітап» деген атпен қалың оқырман қолына тиіп, шексіз мақтаныш, әрі таңданыс сезімін туғызды. Психология ғылымының докторы, профессор Құбығұл Жарықбаев Алматы жоғары оқу орындарының оқытушы психологтары бас қосқан үлкен жиында: «Мұндай соғыс психологиясын терең ашып көрсеткен сүбелі еңбекті атақты маршалдар мен генералдар, тіпті атақты психолог Тепловтың да жаза алуы неғайбыл. Өйткені олар Бауыржан Момышұлы басынан кешкен қанды оқиғаларды өз бастарынан кешкен жоқ», – деген болатын. Осы орайда, шіркін, Мұхаң қандай сезімтал, қандай алысты болжағыш деген ойға берілесің?! Егер ол кісі сол жолы Қаныш Имантайұлына қолқа салып, «соғыс жағдайын Баукеңнің өз аузынан естік» деп ұсыныс жасамағанда, баға жетпес, аса құнды «Психология войны», «Қанмен жазылған кітап» дүниеге келмес еді. Қолына қалам ұстап жүрген бүгінгі бауырларымызға Мұханның осы жанашыр, қамқор қасиеті жұқса екен деген тілек тілегің келеді. Мұхаң мен Баукеңнің мөлдір бауырмашылдығына, шынайы достығына ешқашан сызат түскен емес. Екеуі бір-бірін іздеген, көрмесе сағынатын болған. Дәлел керек пе? Тыңдаңыз. «Әскери Академияда оқып жүргенімде Алматыға келгенімді естісемен Мұхаң үйіме соғатын. Түннің бір уағына дейін әңгімелесіп отыратынбыз. Ол кісі шыдамды еді. Тыңдай отырып, оқта-текте бір сұрақ қоятын... Мәскеуге келгенде мені тауып алатын. Телефонмен тапса:

– Әй, Бауыржан, уақытың болса, екеуіміз түстік ішейік те, – деп шақыратын.

– Иә, Мұха, қашан? – деп қол тисе, баратынмын. Барам деп уәде берсем, тапжылмай күтетін. Тапсырысты үстемете беретін.

– Бауыржан, көптен бері кездеспей кеттің. Бүгін ешкімді шақырғаным жоқ. Екеуіміз кеңінен емін-еркін сөйлесейік деп шақырдым, – дейтін әңгімені өзі бастап».

1958 жылы Москвада қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне дайындық кезінде «Бауыржан Момышұлы жазушы емес, оны онкүндікке баратындардың тізімінен алып тастаңдар» деп сыздыртып тастамақ болған «қамқоршылар» Баукеңнің «Жазушы» баспасынан шығармалар жинағының екі томын жарыққа шығармауға әрекеттенеді.

«Қамқоршыларымыздың» бұл жымысқы әрекетін біліп қалған сол кездегі Қазақ ССР-і Мәдениет министрі Әмір Қанафин: «Бұлардың қалай? Бұл іштарлық па, әлде не?», – деп азаматтық жасап, екі томды тездетіп шығартып, Москваға баратындардың тізіміне қосқанынан хабарыңыз бар ма, Мұха? дегенде, Мұханның:

– Бәлі Бауыржан, хабарыңыз бар ма дейсің-ау. Әмір Қанафинге айтып, қозғау салған біз ғой. Ол жақсы, білгір жігіт екен, көмек қолын созды, дегенінен де бауырмалдықтың, жанашырлықтың, кісі еңбегін бағалай білушіліктің тамаша үлгісін көріп, тамсана таңдай қаққанымыз бар.

Мұханның: «Біздің қазақтың біреуі бастық болса, енді бізді қанатыңның астына алып, бағып-қағасың деген жаман әдет бар ғой, Бауыржан. Менің құдаларым тек өз еңбектеріне сүйенген жандар. Жақсы адамдармен жекжат болғаныма қуаныштымын», – деп Димаш Ахметұлы Қонаевпен құда болғанын Баукене сеніп, сыр шерткені де бізді ойлатады.

Біздің бір байқағанымыз – мұндай бір-бірімен шынайы бауырмал, дос болудың пайдасы көп. Ең бастысы бір-бірін рухани байытып, жемісті, байсалды еңбек етуге көмектеседі. Бұдан шығатын қорытынды – өзіміз менмендік мағынасыз дау-жанжалға жол ашып, әдебиетімізге, жастарымызға кесірін тигізетінін ескерсек екен. Сөз етіп отырған екі ұлы тұлғамыздың танымдық, тағлымдық қарым-қатнаспен сыйласқан, сырласқан кездері тіпті көп. Оны кезінде сөз етерміз. Мұханның алып жүрегінің тоқтағаны туралы суық хабарды естіген сәттегі Баукеңнің қандай ауыр хал кешкенін өз сөзіне құлақ түре отырып пайымдайық.

«Елдің атын ер шығарады. Махамбет, Шоқан, Абай, Ыбырай, Жамбыл бір-біріне ұқсамайды, әрқайсысының өздеріне жарастықты атақ шеңберлері, тарихта орындары бар. Мұханның орны ғылымда, әдебиетте, қоғамда, тарихта.

Мұханның көзі тірісінде ол кісіні біз де, достарымыз да, дұшпандарымыз да қазақтың ұлы перзенті деп таныған. Абзал аға, әлемге атышулы жазушы, зерек ұстаз, ғалым, белгілі қоғам қайраткері, халқымның ұлы перзенті Мұханның ұзақ сапар тартқанын естігенде, қабырғам қайысып, жүрек бауырым құм болып, еңіреп жылады. Табытының қасында қаралы қарауылда тұрғанымда Мұханның бетіне шыбын қонды. Оны Мұхаң бетін тыржиытып ұшырды. Мен ол кісінің тірі екеніне сеніп, толқып кеттім. Кейін қимай қайғырғанымның әсерінен психологиялық калпымнан бір сәт ауытқығанымды сезіп, есімді жидым.

Мұхаң бізге сегіз қырлы, көп сырлы мұраларын қалдырды. Кен- мұраңыз жас ұрпақтың сансыз алғыс айтуына күмән келтірмейді. Жатқан жеріңіз торқа болсын, ағатайым!». Міне, бір-бірін шынайы бауырым, досым деп танып, адамгершілік туын биік ұстаған, бақастық, бақталастықты, көре алмаушылықты бастан құлақ садаға еткен, өзімнен кейінгілерге ізгіліктен із қалдырсам, ойлы, жақсы істеріммен мен де халқыма олжа салсам деген жасқа да, жасамысқа да алыстан ат сабылтып іздеуді қажет етпейтін дайын, қандай қасиетті, мәңгілік өнеге десеңізші!

АЛАШТЫҢ АЙБЫНЫ - БАУЫРЖАН

Бақытбек СМАҒҰЛ

Парламент Мәжілісінің депутаты, «Қазақстан ардагерлері» қауымдастығының төрағасы

Бауыржан Момышұлы - өрліктің синониміне, ерліктің символына айналған аса ардақты әрі айбынды есім. Оның алып тұлғасы бар биіктің ішіндегі заңғардай, қыран қия тәрізді қиырдан мұнартады. 24 желтоқсанда Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қаһарманы, даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, ерліктің толассыз қайнары, өшпес өнегесі, тозбайтын асылы Бауыржан Момышұлының туғанына 110 жыл толады. Ұлы баба есімі әркез еске алынып, ерліктері жас ұрпақ алдында сырдай сөз болып, жұрт алдында жырдай айтылып отырса, оның өнегесі талай жүректерді жаулап, түлектерді баулып, қанаттандыра берері сөзсіз.

Батырдың туған күні қарсаңында Б.Момышұлы атындағы Аманжол Қазымбет басшылық ететін Алматы Республикалық әскери мектеп-интернатының аумағында менің бастамамен батырдың жаңа бюст-ескерткіші салтанатты жағдайда ашылды.

Ерекше айтар жайт, Елбасы – Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Баукең жұлдызды болған күн – халықтың жұлдызы жанған күн» деген сөзі ескерткішке қашалып жазылды. Өйткені, Президентіміздің ерік-жігерінің арқасында Бауыржан Момышұлына (қайтыс болғаннан кейін) Кеңес Одағының Батыры атағы беріліп, тарихи әділдік қалпына келтірілді. Сонда батырдың ұлы Бақытжан Момышұлын ең алғаш болып құттықтаған Н.Ә.Назарбаев өз хатында осылай жазған.

Бұл ретте аты аңызға айналған ұлы қолбасшымыздың жаңа ескерткішін қою ісін қолдағаны үшін Алматы қаласының сол кездегі әкімі Бауыржан Байбекке, сондай-ақ, қала басшысының орынбасары Арман Қырықбаевқа зор алғыс айтқымыз келеді.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына орай бұл сауапты бастаманы іске асыруды «Қазақстан ардагерлері» қауымдастығы өз мойнына алған болатын. Біз ең алдымен ескерткішті қоюға және оның эскизіне Баукеңнің тікелей мұрагері, немересі Ержан Момышұлының қолы қойылған, нотариалды рәсімделген келісімін алдық. Екіншіден, ол ескерткіштің өз аумағында орналасуына Республикалық әскери мектеп-интернаты да рұқсат берді. Жауапты қос мекеме – Білім және ғылым, Мәдениет және спорт министрліктерінің де құптауына қол жеткіздік.

Батыр бабаның жаңа ескерткішінің ашылу рәсіміне мәртебелі меймандар, Баукеңнің туған-туыстары, Ұлы Отан соғысының ардагерлері, генералдар, Кеңес Одағының Батыры, ауған ардагерлері, Парламент депутаттары, қоғам қайраткерлері, жалпы есебі үш мыңға жуық адам қатысты.

Ескерткіштің ашылу салтанаты аясында Бауыржан Момышұлы атындағы білім ордасының табалдырығын енді аттаған шәкірттер ант қабылдады. Сондай-ақ, жарыс ұйымдастырылып, мектеп-интернаттың түлектері мен ат спорты секцияларының өкілдері көкпардан сайысқа түсті. Айтқандай, кеңестік кезеңде-ақ Бауыржан Момышұлы ата-бабамыздың батырлық дәстүрлерін кеңінен насихаттау, ұлттық спорт пен өнерді дамыту ісін ілгерілетуге үлес қосқан. Бұған батырдың 40-шы және одан кейінгі жылдардағы сол тұстағы Қазақстанның бірінші басшысы Жұмабай Шаяхметовке жазған хаттары айғақ. Осыған орай Алматы қалалық Көкпар федерациясының басшысы Дәулет Данияр деген отаншыл азаматымыз қарабайыр қазақ тұқымындағы он жылқыны мектеп-интернатқа сыйға тартты. Ол «Бауыржан кавалериясы» деп аталатын болды.

Біз бұл шарамен шектелмек емеспіз. Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында Б.Момышұлына арналған «Қаһарман» атты кітабым жарыққа шықты және Астанада соған орайластырылып, ұйымдастырылған арнайы ғылыми-тәжірибелік конференция барысында туындының ресми түрде тұсауы кесілді. Батыр баба мұрасын орыс тілді оқырмандарға да етене ету үшін алда «Герой» атты кітабым жарық көрмек. Мұның сыртында Қорғаныс министрлігінің 4 өңірлік қолбасшылығының сұранысы бойынша «Қолбасшы күнделігі – Дневник полководца» атты кітап та басылуға дайын. Бұл жинақ елі емірене қадірлейтін, білімін – бағдар, өмірін – өнеге, тағдырын, талантын, тазалығын тағылым тұтатын асылымыз Бауыржан Момышұлының нақыл сөздерінен құрастырылған.

Б.Момышұлы қанша уақыт өтсе де тот баспайтын, құндылығын жоғалтпайтын ақиқат-шындықты шындап қана қоймай, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа шегелеп қалдырды. Осы орайда айтарым, ұлттық рухы мен ұлттық сана-сезімі батыр бабалардың ерлік, өрлік істерінен нәр алып жатқан ұрпақ қана мемлекетімізді «Мәңгілік Елге» айналдырмақ. Бауыржан Момышұлының құдыреті ғажап, көркемдік қуаты мол нақыл сөздері мен толғаныс-тебіреністері парасаттылық пен кісіліктің, тазалық пен тектіліктің айдынын аңсаған барша оқырмандар үшін қызықты болары сөзсіз.

Тағдырдың тезінен аман өткеніміз де, Тәуелсіздік таңына абыроймен жеткеніміз де ең алдымен Алаштың арғы-бергі тарихындағы Бауыржандай асыл азаматтардың арқасы. Ол соңына сарқылмас мұра, таусылмас мирас тастап кетті. Біле білсеңіз, тіпті, ешбір мүйізі қарағайдай маршалдардан да осыншама үлкен, ұлағатты, тек әскерилерге ғана емес, басқаларға да ұстаздық өсиет ретінде қызмет етер өнегелі өмір жинағы, мұралары қалған жоқ. Жазса, бірнеше кітап, естеліктер жазған шығар. Ал, бірақ жүз томдыққа жүк болардай асыл құндылық тек Бауыржаннан ғана табылды. Оны ұғыну, бойымызға сіңіру – бізге сын.

Біз оның бар қазынасын таныдық деп айта алмаймыз. Көзіміз шалып, ойымыз танып болмаған асқар биігі мен тұңғиық тереңі қаншама?! Оның мұрасына, даналығына үңілсеңіз, әр сөзінің астарындағы отты сәулесі жасындай жарқ етіп, төңіректі нұрландырып жібергендей сезімде боласыз. Даралық дариясы, тағылым телегейі қанша алсаң да таязданбайды. Қиялы ұшқыр, рухы асқақ Бауыржан Момышұлының қанатты сөздерінің құдіреті ғажап, тәрбиелік қуаты мол. Оның толқыныс-толғаныстары жүректі тербейді. Оның идеялық мұратының биіктігі, білім-танымының тереңдігі, философиялық көзқарасының кемелдігі қайран қалдырады. Оның ерлігі әрқашан әр қазақ баласының көкірегінде мақтаныш сезімін тұтатып тұрары сөзсіз. Мұның барлығы Бауыржан Момышұлының мәңгілік өмірінің куәсіндей. Қазақ аман тұрғанда, Бауыржан аты өшпейді. Елбасы ұсынысымен, Бауыржан Момышұлының «Отан үшін отқа түс, күймейсің!» деген ұлықты да рухты сөзі ұлы қаған Күлтегіннің, ұлы үш бидің өсиеттерімен бірге, Парламент төріне жазылды. Осындай ұл тудырған, ұрпақ берген біздің ел «Мәңгілік Ел» болуға тиіс және бұл – оның табиғи құқы! Біз осынау Ұлы Даланы мұраға қалдырған ұлы бабалардың лайықты ұландары екендігімізді сезінуге, солардың рухымен рухтануға тиіспіз. «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан терінді сығып жүріп, еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі өзің екенінді ұмытпа!», – дейді Елбасы. Демек, қазақты қарашаңырақтың құт-иесі ретінде ұрпаққа таныту үшін батырларымызды ұлықтау, сөйтіп, түптен келгенде, төл тарихымызды танып-білу маңызды. Қазақ

елінің жаңа тынысын ұлттық рухпен жарастыра үйлестіру бізді өзіміз армандаған көкжиекке алып шығары анық.

Бауыржан Момышұлы өз тұсында шепті жарып, шеңбер бұзды. Құрсауланған дәуірде тас шайнап, от жұтқан батыр еркіндік үшін бұлқынды. Азаттық ауасын аңсады. Ұлтының елдігі мен теңдігін талап етті. Азаттықтың да бастауында осындай елін қалтқысыз сүйген, қиындықтан қаймықпай, дүлей соққан дауылға қарсы жүрген қазақтың қыран мінезді ұлдары тұр. Олардың найзағай намысы мызғымас саналған, тегеуріні қатты, өкімі өктем империяның тас қамалының да қабырғасын қақыратты. Бұл дүниеде сүтпен бірге сүйекке біткен кісілік келбетінен айнымай, тектілік тұғырынан таймай, жүзін сыртқа, арқасын ыққа бермей, ақ адал ғұмыр кешу тек дараларға ғана даритын сирек қасиет. Барша Қазақстан халқы, жастарымыз Бауыржанды оқып, жадырасын, желпінсін. Жүректерінде тазалық, өрлік, адалдық, адамдық қасиеттер атойласын! Отан үшін қанымызды төксек те, арымызды төкпей, Бауыржанмен рухтансақ, жігеріміз жалындап, бойымызды кернеген қуат-күш ел тізгінін ұстаған, ел жүгін арқалаған Елбасымен бірге Отанымызды өрлету жолында алға қарай жетелей берері сөзсіз.

Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЛАРЫНА ТАЛДАУ

Мұхтар Қазыбек

*Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі,
Бауыржантанушы*

Момышұлы қазақ әдебиеті тарихында әскери әдебиеттің негізін салушы ғана емес, ол шын мәнінде кәсіби әскери әдебиетіміздің атасы да. Қазақ халқының жауынгерлік салт-дәстүрі, жау жүрек батырлығы мен ерлігі, қайтпас қаһармандығы, қолбасшылық қабілет-қарымы, әскерді ерлік жасауға, жауды талқандауға, әскери операцияларды орындауға жұмылдыра алу қасиеті, шешендігі мен тапқырлығы, парасаттылығы, даналық сипаты дәл Момышұлындай ешбір әскери тұлғаның бойынан көрініс таба алған жоқ. Халқымыздың асыл қасиеттері, алғырлығы мен тосын жағдайдан жол таба білушілік зеректігі, не нәрсені де ақыл таразысына салып, салмақтап, дұрыс шешім қабылдай білуі, кемеңгерлігі, намыстылығы, отанына қалтқысыз қызмет ету сияқты асыл мұраттарды бойына ана сүтімен терең сіңіре білген Бауыржан Ұлы Отан соғысында творчестволық тұрғыдан терең ойлап, тапқыр шешім қолдана білетін командир ретінде өзін таныта алды. Тарихымызды сын көзімен оқып, зерделеп, орыс әскери ойларынан терең сусындаған Бауыржан ұрыс даласында қызыл әскердің саптағы көп командирлерінің қатарында қалып қоймай, қан майданда күші де, техникасы да әлденеше есе басым жаумен алғашқы айқаста-ақ өзінің қабілетін, ұрыс жүргізуді дұрыс ұйымдастыра білуі арқылы көрсете алды. Адамзат тарихындағы ең ауыр, ең күрделі, бұрын-соңды болмаған ұрыстарға өз батальонымен кірген Момышұлы мына шайқастың техника мен техниканың, қарумен қарудың шайқасы ғана емес, бұл ақыл-айланың, әдіс-тәсілдің, парасат пайымның да айқасы екендігін алғашқы ұрыс қорытындыларына талдау жасағанда көзі жетті. Күші де, техникасы да басым, әрі бүкіл Европа жерін басып алып, кеңес елінің күлін көкке ұшырып, жер бетінен мүлде жойып, із-түзсіз құртып жіберуге бүкіл әскери әлеуетін, ақыл-ойын жұмсаған вермах армиясының жайпап келе жатқан үрейлі күшіне төтеп беру отанымызға сын болды. Панфилов дивизиясының құрамында батальон командирі, аға лейтенант шеніндегі Момышұлы Мәскеу түбіндегі шайқасты бүкіл майдандағы соғыс қимылының тағдырын шешетіндігін терең сезіне білді. Ол мұны аға лейтенант шеніндегі батальон командирі деңгейінде емес, мемлекеттік деңгейде түсініп, ой қорытып ұрыс қимылдарына дұрыс басшылық жасай алды. Оны оның жазбалары нақты дәлелдей алады. Қатысқан әрбір шайқасты, ұрыс барысын жауынгерлердің ерлік қимылдарын, жіберілген кемшіліктерді, қателіктерді әскери адам, командир ретінде ізін суытпай, ұрыстан қол босаған сәттерде қойын дәптерлеріне дәл, уақытыменен, күні, сағатына дейін мұқият түсіріп отырды.

Момышұлының соғысқа дейін де әдеби шығармашылықпен өз бетінше ізденіп айналысып келгені, өлең жазып қойын дәптерлеріне ой-пікірлерін түсіріп отыруы машығының көп пайдасы тигенін, майдан даласында жүргізілген күнделіктерінен айқын көріп, нақты сезініп отырамыз. Момышұлы майдан даласындағы ұрыстарда, шешуші шайқастарда Қызыл әскер уставында

көрсетілген талаптар мен міндеттерді басшылыққа алумен қатар, ұрыс жағдайы талап еткен нақты міндеттерді, нақты жағдайға сәйкес шеше білуді жүзеге асырған командир болды. Ол берілген тапсырманы орындау үшін мұқият жоспар жасап, егжей-тегжейлі ой елегінен өткізіп отырды, творчестволық тұрғыдан шешім жасай білді. Момышұлының командирдің әскери басшы ғана емес, ол ең алдымен творчестволық тұлға екенін дәлелдеп, оны өзінің бүкіл болмыс бітімімен, соғыс қимылдарын жүргізу тәжірибесімен дәлелдеп отыруы назар аударатын құбылыс. Сонымен қатар командирдің міндетін әскери устав талаптарымен шектеп қоймай, әр қырынан алып қарастыру бұл үлкен проблемалық та мәселе еді. Момышұлы командир тұлғасының творчестволық сипатын ең алдымен Панфиловтың қызметі мен дивизияға басшылық жасау тәжірибелерін, талантты қолбасшылардың ірі стратегиялық міндеттерді жоспарлап, талдап іске асыру мысалдары қорытындыларын таразыға салып екшеп барып тұжырымдаған еді. Баукеңнің әрбір қорытындысы майдан шындығынан, ұрыс тәжірибелерінен туып, ой қорытуларына негіз болып отырды. Ұрыс тәжірибелері әскери ой үшін үлкен қазына әрі бай материал да болды. Ойшыл тұлға ретінде Момышұлы оны шайқастарда шебер қолдана білді. Бауыржанның артықшылығы да осында, ол ұйымдастырған әскери қимылдардың да сәтті аяқталып отыруы көбіне осыған да байланысты болатын. Командир кез келген операцияны жүзеге асырарда алдымен ойланып толғанады, жағдайды, әскери мүмкіндікті, жаудың күшін зерттеп, жер жағдайын анықтап барып шешім жасайды. Демек, творчество адамына тән мәселелерді командир де өз басынан өткереді, яғни ол творчестволық шешім қабылдайды. Сондықтан бұл тұрғыдан алып қарағанда командир де творчестволық тұлға болмақ. Әрине творчестволық ойлау деңгейіне көтерілген командирлер көп бола қойған жоқ, Бауыржан оны да жақсы білді. Бірақ командир қалайда творчестволық тұрғыда ойлай білетін адам болуға тиіс. Өйткені әскер құрамындағы солдат тағдыры, ұрыс тағдыры көбіне операциялардың жоспарланып, дәл ұйымдастырылып өткізілуіне, оны шебер іске асыра білуге тікелей байланысты еді.

Баукеңді Мәскеу түбіндегі шешуші қанды шайқастар командир ретінде тез есейтті, батыл шешімдер қабылдап, сәтті ұйымдастырған ұрыс тәжірибелері жауынгерлердің, командирлердің, саяси жетекшілердің майдан жағдайындағы, ұрыс үстіндегі, қатерлі кезеңдегі мінез-құлықтарын, ең алдымен психологиясын зерттеуіне себеп болды. Жауынгер психологиясын зерттеп, таразылауда, талдауда Момышұлы ашқан жаңалықтар аз емес. Бауыржанның ізденістерін психолог ғалымдар да, әскери ғалымдар да мойындап, жоғары баға береріне күмәніміз жоқ. Сонда ол қандай соны психологиялық ой-пікірлер айтты деген сауал тууы да заңды. Біз оған алда ретіне қарай тоқталатын боламыз.

Момышұлы майдан даласында ұрыстың тағдырын шешетін не деген мәселені терең ойластыра білген. Техника, қару-жарақ, әскердің дайындығы, жауынгерлік қабілет, әрине шешуші рөл атқаратыны мәлім, сонымен қатар Бауыржан майданда техникадан да қатерлі қару - бұл жауынгердің рухы деп білді. Кімде кімнің жауынгерлік рухы басым әрі күшті болса, ұрыс инициативасы, жеңіс соның қолында болмақ. Жауынгерлердің рухын сындырып, жігерін жасытып тұла бойындағы бұла күшін күйретіп алмау – командирдің басты міндеті мен парызы. Командир ретінде Момышұлы жауынгерлік рухқа аса үлкен мән-мағына берді, жауынгерлердің жандүниесіне, ішкі әлеміне терең үңілді, олардың алған тәлім-тәрбиесіне маңыз берді, майданда солдаттардың сырына сараптама жасап, ой түйіндеулерін ұрыс күнделіктеріне түсіріп отырды. Зерек те зерделі командирдің ой пайымдаулары жауынгерлердің психологиясын, қабілетін, міндетін дұрыс та тапжылтпай орындай білуін жинақтап, тиянақты пікір қорытындылауына себеп пен негіз болды. Майдан даласында Момышұлы командир ретіндегі басты міндетін мінсіз атқарумен шектеліп қалмады. Сондықтан да ол ұрыс қимылдарына аға лейтенант, батальон, кейіннен полк, дивизия командирі ретінде басшылық жасаумен қатар, үнемі ізденіп, зерттеп, терең қорытындылар жасап отырғандығын да көреміз. Момышұлы өзі критерий ретінде белгілеген шарттарға өзі де іштей жауап беріп отырды. Ол командир ғана емес, шығармашыл командир, ізденуші, жауынгер психологиясын, ұрыс қимылдарының тәжірибесін зерттеуші тұлға ретінде көрінді. Оның осы қасиетін танып, аңғарған жазушы А.Бек болды. Бауыржан қуып жіберсе де Бек соңынан қалмастан айналшықтап бір жарым ай бойы кетпестен жүріп алуы сондықтан еді. Тарих кейіннен көрсеткеніндей А.Бек қателеспеді. Оның "Арпалыс" романы Бауыржанның ерлігін дүние жүзіне танытты, әлем жұртшылығы Момышұлының кесек тұлғасы арқылы қазақ халқын танып, қазақ жауынгерлерінің, Панфилов сарбаздарының ерлігіне, батырлығына, тапқырлығына сүйсініп, бас иді.

Момышұлы қорғаныс ұрыс қимылдарына басшылық жасады, шегініп қаша ұрыс салмай, жауға ойсыратып соққы бере отырып шайқаса шегіну тәсілдерін қолданды. Ең қиыны жау қоршауында қалып ұрыс жүргізу тактикасы Б.Момышұлын жаңашыл командир ретінде танытты. Панфиловтың Момышұлы батальонын резервке алуы да сондықтан еді. Бір емес, бес рет жау тылында құрсауда қалып, өз батальонын аман-есен, азын-аулақ шығынмен қоршаудан алып шығып отыруы – Момышұлының тапқырлығының, жаудың әдіс-айласынан оның қолданған әдіс-айласының, тактикасының басымдығының, творчестволық ұтымды шешім жасай алатындығының айқын дәлелі болды. Қоршауда қалған кезде, басқа қанаттас полктен оқшауланып қалған уақытта жауынгерлердің рухын көтеріп, күш беріп жігерлендіріп отыру – Бауыржанның тағы бір қырын танытады. Момышұлы жауынгерлердің тағдырын өз тағдырымен тығыз байланыстырып қарады. Жауынгерлердің жеңісі – командирдің жеңісі, жеңіліс – командирдің жеңілісі деп санады. Сарбаздарының Баукеңді әкесіндей санауы сондықтан, қазақ жауынгерлері оны ақсақал, украин – батько, өзбек – эка, орыс – отец деп атап, құрметпен ізетін білдірді. Бауыржанды әділдігі үшін, қарауындағы жауынгерлерін қатерге қалдырмайтындығы үшін солай атады.

Бауыржанның жазушылық қызметі 30-шы жылдары жазған өлеңдері мен әңгімелерінен басталады десек те, ол әдебиетпен құлай шұғылдана алмады. Ал Бекке Панфиловшылардың ерліктері туралы айтып берген әңгімесі Момышұлының жазушылық талантын айқын көрсетті. Жүздеген ұрыстарға басшылық жасап, үнемі жеңіске жетіп отырған талантты командирмен ғана емес, тумысы жазушы һәм шығармашыл адаммен кездесіп тұрғанын қапысыз сезді А.Бек. Ол кезде Бек аты әдебиет әлеміне әлі белгісіз жазушы, "Красная звезданың" тілшісі болатын. Момышұлы есімі де әдебиет әлеміне беймәлім еді. Баукеңнің қолбасшылық таланты мен әдебиетке деген бейімділік, бойында булығып жатқан шығармашылық дарыны Бектің балғын қаламын қатайтып, қанаттандырып даңқ аспанына қалықтатып жіберді. Бауыржанның диктовкасы сөз жоқ Бектің бойындағы жазушылық талантының ашылуына, оның жазушылық қабілетінің жетілуіне үлкен себепші болғаны даусыз. Момышұлы Бекке жауынгерлердің ерлігін жан дүниесімен, тәнімен сезіндірді, ол қауіпті деген алғы шепте болып қайтты, оқ пен оттың, порохтың иісін, жертөлениң сызын сезініп, басынан өткізді, ұрыс мектебінен, майдан академиясынан өткізді. Бек шығармашыл командир, болашақ дарынды жазушының қатал да қаһарлы айбынына әмірлі бұйрығына мойынсұнды. Оның айтқан әрбір сөзін, әр оқиғасын қалт жібермей, айнытпай қағазға түсіріп отырды, Баукең оны стенограф, кейде фотограф деп айтатынының мәні осында жатыр. Бек әрі көнбіс, еріну-жалығуды білмейтін, бейнетқор тілші еді, "Арпалыстың" әр повесін үш реттен қайта көшіргенін, Момышұлының әрбір түзетуін, оқиғаларды қайта-қайта айтып миына сіңіріп отырғанын, содан кейін де қайта оралып, жазуын қатал командирге имене ұсынғанын, Баукең ұрыстан босап қолы қалт еткен сәттерде Бектің қолжазбасын қайта оқып шығып, жазғанына шүйлігіп, әлсіздігін, оқиғаларды дұрыс жеткізіп бере алмай тұрғанын, соғыс жағдайын, ұрыс барысын шынайы суреттеп бере алмағанын, майданның тынысы сезілмейтінін, ұрыс қимылдарын, кейіпкерлердің ерлік істерін қайта толықтырып, әңгімелеп беріп, Бек тапсырмамен Мәскеуге оралғанын бүкпесіз жазады. Баукеңнің архивінде де Бекпен екеуінің арасында жұмыс туралы толық деректер бар. Деректер "Арпалыстың" әр повесі әбден оқылып, түзетулер, толықтырулар жасалып, жетілдіріліп, ширатылып отырғанын, үш рет қайта жазылғанын айғақтайды. Соғыс әбден қызып тұрған кезде окопта, блиндаждың ішінде, білте шамның сығырайған жарығында, кара көлеңке, күңгірт бұрышта шығармашыл командирдің өзі туралы жазылған шығарманы қару ұстаған қолына қаламын алып сызғылап, түзетіп отырып оқығанын көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Автор мен әңгімені айтып беруші қатерлі ұрыс даласында блиндажда отырып жұмыс істеп, тарих алдында шейіт болған жауынгер боздақтардың әруағы алдындағы перзенттік борышы мен азаматтық міндетін, қаламгерлік парызын абыроймен орындап шығу жолында шығармашылық күреске түседі. Окоптың, блиндаждың ішінде ширатылып, иі қанып талқыдан өткізілген, расында қанмен жазылған кітап, біздің тарихымызда жоқ, болған да емес. Оны қаһарман, хас батыр Бауыржан ғана жасады. Бұрынғы Кеңес одағының әдебиет айдынында бұл факт – айрықша құбылыс, тың серпіліс болды. Момышұлының диктовкасымен басталған әңгіме әдебиетімізде жаңа бір жанрдың, әдеби форманың түрін алып келді әрі оны қалыптастырды. Бұл құбылыс шығармашыл тұлғаның, дарынды командирдің, жауынгерлік рухты тәрбиелеу, шейіт кеткен Панфиловшыларға өлмес әдеби ескерткіш жасап кету мақсаты жолындағы жаңалығы да, ізденісінің жарқын бір көрінісі, түрі болғанын баса айту керек.

Б.Момышұлындай шығармашыл командир болмаса «Арпалыс» сынды үш-ақ айдың уақиғасын баяндайтын классикалық әдеби туындының дүниеге келуі де екі талай. Ірі таланттар мен ойшыл тұлғалардың ғана қолынан ұлы туындылар туындамақ. Бір Бауыржан талантының қырларына тоқталған кезімізде Бекке қатысты әңгімемізді тереңірек дамыта түсетін боламыз. Әзірше ұрыс даласындағы автор мен кейіпкер проблемасы, творчествосы туралы сөздің қисыны келгендіктен тоқталып отырмыз.

Сөйтіп Б.Момышұлы өзін сұрапыл шайқастарда творчестволық тұрғыдан терең ойлай білетін тапқыр командир ретінде танытып әрі мойындатты да. Дұшпанға да өзінің еркін таңа білген батыр өз басынан өткерген бір жарым жылдық соғыс тәжірибелерін қорытып, жинақтап, "Жауынгерлік тәрбие туралы" деген атпен сұрақ қояды да оған тиянақты жауап беруге тырысады. Оның мәні жауынгердің бойында жауынгерлік қасиет дарытып, ауыртпалық, қайғы-қасірет, қорқынышты жеңе білуге үйретуде деген қысқа жауап береді. Ұрыс кезінде солдаттың бойын екі түрлі сезім билейді: ол парыз сезімі мен қорқыныш сезімі. Ұрысқа кіргенге дейін, сондай-ақ ұрыс үстінде бұл екі сезім үнемі жауынгер бойын билеп, арпалысты күйге түсіреді. Жауынгердің ішкі дүниесі алай-түлей күй кешеді. Егер осындай күресте жауынгер бойындағы парыз сезімі, оның дұшпанға деген өшпенділік сезімін жеңсе — онда жауынгер ерлікпен батыл да шебер шайқаса алады, ол әрбір қадам жасаған сайын тапқырлық танытып, ең қауіпті сәттердің өзінде темірдей тегеурінділік көрсете алады.

Жауынгерлерді бойындағы қорқыныш сезіміне Баукең үнемі назар аударып, оны жеңу жолдарын іздестіріп отырған. Батыл жауынгерлердің тәрбиелеу жолдарын тұжырымдайды. Оны мұндай қорытынды жасауға, зерттеуге итермелеген ең алдымен жүздеген жауынгерлердің тағдырына деген командирлік жауапкершілік пен парыз, міндет-сезімі болатын. Адамзаттың тарихында бұрын соңды болмаған мынадай қырғын шайқаста, ел тағдыры қыл үстінде тұрған сәтте командирдің міндетін терең сезіне білген, командирді кеңес мемлекетінің өкілі деп білген батыр өзіне де қарамағындағы сарбаздарына да соғыс тәжірибесінің қатал шегінде жоғары міндет қоя білді. Алдына қойылған міндеттерді шешу кезінде командир жан-жақты ойланып барып шешім жасауы қажет. Командир шешімі барынша байыпталған творчестволық шешім болуға тиіс. Батальон командирі, аға лейтенант Момышұлының түйінді-түйінді деген тұжырымдары осындай. "Жауынгерлік тәрбие туралы" ойларында ерлік, ұят, маскара болушылық сияқты жауынгер бойындағы сезімдерге, батылдық, айлакерлік, ептілік сияқты, қасиеттерге тәрбиелеуге, айрықша назар аударып – мына мәселелерді жазу керек деп тізіп көрсетіп, мұның бәрі ерліктің элементтері деп көрсетеді:

1. Ерлік дегеніміз не,
2. Парасат дегеніміз не,
3. Сезім дегеніміз не,
4. Шеберлік дегеніміз не,
5. Ұят дегеніміз не,
6. Абырой дегеніміз не?

Шеберліксіз ерлік жартыкеш деп тұжырым жасайды. Ұрыс алдындағы қорқыныш. Ұрыс үстіндегі қорқыныш ұғымдарына нақты түрде тоқталып өтеді.

1943 жылы 18 наурызда Қазақ ССР Халық Комиссарлары Кеңесінің Төрағасы Н.Оңдасыновқа жазған хатында өзінің солдаттардың бойында жауынгерлік қасиеттерді тәрбиелеуде халқымыз басынан өткерген жауынгерлік жолдар мен ұлттық дәстүрлердің алатын рөліне баса назар аударып, өз пайымдауларын ортаға салады. Осы хатында Момышұлы пікір алысу ретінде жай көзге байқала бермейтін белгілі нәрсе ғой деп қарайтын, бірақ ұрыс тәжірибесі үнемі жауынгерлерді тәрбиелеу құралы ретінде пайдалану керектігіне көз жеткізген: халықтың даналығына, үлкенді сыйлау, ар-ұят, парыз, адам бойындағы адамгершілік, Отанға, елге сүйіспеншілік, мойынұсынушылық, өнеге сияқты ана сүтімен қанға сіңіп дағдыға айналатын жауынгерлік қасиеттердің арналарына тоқталады. Ұлттық ойындар ептілікке, ширақтыққа дағдыландыратынына, ал мұндай қасиеттің солдат бойында болуы ұрыста ауадай қажет деп санады.

Исатай, Махамбет, Амангелді батырдың ерлік істерінің өнегелік, тағылымдық сипатына тоқталып, жауынгерлік қимылдары дәстүр болуы тиіс деп білді. Ауыз әдебиетінің ежелгі дәстүрлері: бәдік айту, той, айтыс өнерінің тапқырлыққа, шеберлікке тәрбиелейтін жақтарын баса көрсетіп ұрыс кезінде күтпеген оқыс жағдайларға тап болған кезде, тығырықтан шығу үшін солдат

тапқыр әрі пайымдағыш болуы керек деп ой түйеді. Ұлттық өнеріміздің бала кезден қанымызға дарып, бойымызға сіңген сипаттары әртүрлі психологиялық жағдайларда жауынгер бойынан көрініс табатынын, сөйтіп бұл қасиеттер қиын қапастан, бұғау мен қоршаудан шығу кезінде жауынгер бойына күш-қуат, жігер беретінін ашып көрсетеді.

Ұлттық спорт ойындарының жігіттеріміздің бойында жауынгерлік қасиетке тәрбиелейтін, ал біздің "шоқынғандардың", халқымыздың осындай игі дәстүрлеріне менсінбей, елемей, күні өткен нәрсе деп қарап, қудалап келе жатқанына ашынады. Баукеңнің осылайша хат жазуына майдандағы толықтыруға келіп жатқан жас жауынгерлердің епетеісіздігі мен қажырсыздығы, қопалдығы себеп болған еді.

Майданда жүріп-ақ Баукең "Қоянды – қамыс, ерді – намыс өлтіреді" деген мақалда халқымыздың жауынгерлік мінез-құлқы бейнеленгендігін, ұлттық әдет-ғұрып пен салт, сана, дәстүрлердің жауынгерлерді тәрбиелеудегі маңызы өлшеусіз екендігін майдан тәжірибесінен айқын сезінді.

Реті келгенде айта кеткен жөн болар. Түрік халықтарының ерлік, жауынгерлік салт-дәстүрлері бай, әрі ғасырдан ғасырға, заманнан заманға өтіп жетіліп, дамып, ішкі сабақтастығын сақтап отырған. Баукеңнің тарихи мұраларға бет бұрып, тәлім-тәрбиеміздің, салт-саналарымыздың, игі дәстүрлеріміздің арналарына ден қоюының көп нәрсенің дәстүрден бастау алатынын бұлжытпай бұлтартыссыз тануында бұл қасиет батырдың дүние танымының кеңдігін, тарихи жадтың мықтылығын көрсетеді. Мұндай ерекшелік қаламгерлерімізде ұшыраса бермейді. Осы орайда Баукең бойынан бірде кесекті ердің сойы, қарағайға біткен қарсы бұтақтай, келтілген, қайраса қайта жетілген қылыш сынды құрыш білекті, жалын жүректі, от тілді, орақ ауызды Махамбеттің тұлғалық мінезін, енді бірде бөрілі байрақ ұстап, ашқұрсақ бөрідей дала төсінде жауына қарсы жортып, жорыққа аттанып, тәуелсіздігін, елдігін қорғаған, бүкіл өмірі арғымақ үстінде жауыменен шайқасумен өткен Күлтегін, Білге қаған сынды VIII ғасырларда дұшпанымен айкасып, жеңіс туын көтерген, түрік халқын іргелі ел еткен даналар еріксіз еске түседі, себебі ерлік істерінде, жүргізген жорықтары мен қанды шайқастарында талай ғасыр өтсе де керемет ұқсастық, рухани етенелік, төңірлік тілеу, күш-қуат сезілініп отырады. Тарих жаңғырығы, әлде қаннан беріліп отырған тәңірдің өзі дарытқан іштей үндестік желісі айқын сезіліп, еріксіз салыстыру жасауға түрткі болады. VIII ғасыр мен XX ғасырдың оқиғасын салыстыру сипатын, сарбаздардың жауынгерлік міндеттерін орындауы мен басқыншыларға қарсы жойқын ұрыстарында ұқсастық бар екен, оны жоққа шығара алмайсыз. Иоллығ тегіннің даналығының тағы бір қыры мынада деп білеміз: ол алғаш рет тас бетіне әскери ойларды, жорық тактикасын қашап түсіріп, түрік халқының жауынгерлік ой, әскери ой қазынасына баға жеткісіз әскери құжат, дерек құнды мұра қалдырды. Мұны ұрпағым өткеннен, ел іргесін бекіту үшін жүргізілген қанды шайқастардың, қиян-кескі ұрыстардың мысалынан тағылым алсын, қатердің алдын алып, сақтық жасап отырсын деп саналы түрде орындады. Ал одан сабақ алынды ма? Оған жауапты бірер сөзбен қайтара алмайсыз. Ауыз біршіліктің, ынтымақтың, ұйымшылдықтың жоқтығының зардабын біздің халқымыздай тартқан халық аз емес. Адамның өткеннен тағылым ала бермейтіні, алдын, артын ібілістің кескестеп өтіп кететіні, жолының бұралаңға, шырғалаңға салынып кететініне танданасың.

Бауыржан Момышұлының әскери ой пікірлеріне, жауынгерлердің жан дүниесіне, командирдің міндетіне қатысты тұжырымдарына талдау жасаған кезде – еріксіз тарихи оқиғалармен байланыстыра отырып салыстыру жасайсың. Күлтегіннің басына қойылған тасқа қашалып жазылған мәтінге, оның әскери, тарихи, әдеби, мәдени мән-маңызына біршама тоқталып, ойымызға дәйек іздеп, дәлелдей түскіміз келеді. Әңгіме тақырыптан ауытыңқырап кеткендей де көрінуі ықтимал, алайда ішкі сабақтастық, рухани дүниетанымдық жақындық керісінше жақындастыра түседі.

Атақты Күлтегін ескерткішіндегі тасқа қашалып, шекіліп жазылған көне мұрада мәдени ескерткіш ұрпақтан-ұрпаққа, түрік халқының бірлігі, тәуелсіздігі үшін, елдігін мемлекеттік қалпын сақтап қалу жолындағы ерлік күресінің, ат үстінде үздіксіз жаумен айкасып өткен жылдарының ащы тағылымын кейінгі буын, ел тұтқалары, қолбасшылар сабақ алсын деп жазып қалдырған. Бұл ескерткіш түрік халқының ерлігін, ата жауымен шайқаста ынтымақ бірлігін паш ете алғанын айғақтайды. Сондай-ақ бұл жәдігер түрік халқының әскери, жауынгерлік ерліктерінің бірден бір тарих белестерінен бізге келіп жеткен құжаты да, нақты айғақты материалдық ескерткіші де – Күлтегіннің басына қойылған ескерткіштің тасқа жазылған мәтінінің авторы

Иоллық тегін, ол әрі оқымысты, әрі ойшыл тарихшы, идеолог ретінде көрініп отырады. Тасқа қашалып, шекіліп, ойма жазумен түсірілген ескерткіш мәтінінің әбден ойланып, толғанып екшеліп барып тасқа қашалып жазылғанын сөйлем құрылысынан, шешендік толғаудың тобықтай түйінін көрсететін қанатты сөздерден, қысқа тұжырымдардан, ойды жеткізу формасынан байқалады. Қарапайым адамның емес, Күлтегіннің қасында жүрген, жорықтарға бірге шыққан, жортқанда бірге жортқан өзінің ұстазының, яғни түрік халқының бастарының бірігіп, ымыраға келіп, атқа қонып, тәуелсіздігі үшін жауына атой салған дүбірлі де дүрбелең кезеңдерді жақсы білетін, әрі басынан өткерген адамның қолынан ғана шығатын мәтін жолдары – бұл бабаларымыздың ұрпағына қалдырған ұлы өсиеті.

Араға қаншама ғасыр салса да Күлтегін ескерткішінің мәтіні келер ұрпаққа өнегелік сипатымен де құнды болып қала береді. Ескерткіш жолдарында бабаларымыздың құлдыққа түскен кездерінің, арып, ашып бектері құл, бекзадалары күң болып, жауының езгісінде болған жылдардағы көрген азаптары, тәуелсіздігі үшін өз елдігін сақтап қалу жолындағы жүргізген күрестері - сөз жоқ тарихымыз үшін құнды, бағасыз дерек, құжат та болып саналады. Көне тарихтағы бабаларымыздың, ел тұтқаларының, бектердің, қағандардың халқы үшін жұмсаған қажыр қайраты, қан төгіс шайқастары із-түзсіз кеткен жоқ. Түрік халқы сан ғасырлық тарихында ірі-ірі бірлестіктерге, қағандық пен хандық туы астында біріккен күшті мемлекетке айналып, енді бірде ыдырап, тарих толқынында қайта көтеріліп отырған. Тарихта ұқсас нәрселер параллельдер жиі ұшырасып отырады, себебі оның белгілі бір заңдылықтары да бар. Соғыстың аты қай ғасырда да соғыс. Қоғам дамуына сай соғыс құралдары ғана өзгеріп отырған ғой.

Б.Момышұлы Ұлы Отан соғысына ақ боз аты Лысаньканы өзімен бірге алып жүргені мәлім. Москва түбіндегі орыс орманының арасында ақ боз атқа мінген Бауыржанды майданда жерлестері талай рет ұшыратқан. Ақ боз ат қазақтар үшін киелі, қасиетті саналған жануар, әрі ат – ердің қанаты да емес пе. Ақ боз атты қастерлеу көне заманнан бері келе жатқан дәстүр, бәлкім бұл бағзы дәуірлерде атты адам баласы қолға үйреткен кезден басталуы ықтимал. Қалай дегенмен де киелі ақ боз ат Күлтегін ескерткіші мәтінінде жиі ұшырайды. Түрік халқын Бумын қаған, Істемі қаған таққа отырып билеген, төрт тараптағы жауларын бағындырған, еліне тұтқа болған білікті, алып қағандар болды, даңқы күллі жұртқа тарады. Дүниеден өтті. Одан кейін інісі, ұлдары қаған тағына отырды. Бірақ олар әкесіндей билік жүргізе алмады, біліктіліктері жетпеді, оларға қарағанда әлсіз болды. Табғач халқының алдауына иланып, аға-інілі өзара кектесті, бектер мен халық ымыраласа алмады, ақыры түрік халқы елдігінен айырылып қалды. Табғачқа бағынды, ұлдары құлға, арулары күңге айналды. Түрік атынан айырылып қалды. Елу жыл бағынышты өмір кешті. Осы жолдарды іші егіліп, қабырғасы сөгіліп, өткенді өкінішпен сабақ болсын деп еске түсіріп отыр. Дұшпанына қарсы көтеріліп, бірақ қарсы тұра алмады. "[Түрік халқы] жойылып бара жатты. [Сол кезде] жоғарыда түрік Тәңірісі, түріктің киелі Жері, Суы былай депті: "Түрік халқы жойылмасын деп, ел болсын" деп, әкем Елтеріс қағанды, анам Ел-білге қатынды Тәңір төбесіне тұтып, жоғары көтеріпті. Әкем қаған он жеті сарбаз жинапты". Иоллық тегін ойын осылай деп тасқа қашап түсіріпті. Өкініш мол, тарихтан алар сабақ та көп, ұрпақ қателікке, алдау-арбауға ұрынбасын деп жазыпты. Бірақ тарихи сана бар да жеке адам, қоғамдық сана бар. Адам ғұмыры ұзына көш өмір керуені жолында тым қысқа, қас-қағым сәтте өте шыққандай, алдын-артын болжай алмайтындай келте, содан да ірі ел тұтқалары болмаса қателікке көбірек ұрынып жатады. Сактық, қырағылық жетіспейді, ел билеу халықты дұрыс басқару, мемлекет іргесін нығайтып, қуатты күшке айналдыру мақсатын іске асыра алмай қалады. Күлтегін ескерткішінің басты идеясы осындай түбірлі мәселелерге көңіл аударып, елдікті, халықтықты, түрік халқын сақтап қалуды мақсат етеді. Ол жолдағы күрес - қаһармандық жорықтар ұрпақ санасына мәңгі сіңіп, бойына дарытатындай ой қуатымен жеткізілген. Күлтегін ескерткіші мәтінінің авторы Елтеріс қағанның тарих сахнасына шығуының себебін, оған түрткі болған тарихи жағдайды қысқа болса да дәл осылай қашап жеткізген. Елтеріс қағанның рухтанып, аруақтанып шыға келуін автор түрік Тәңірісінің, Түріктің киелі жерінің, суының қолдауын, аманат етуін әдемі негіздеп жеткізген. Ең бастысы Елтеріс қағанды көк Тәңірісі емес, Түріктің Тәңірісі қолдап бойына қуат дарытып асқақтатып тұр. Жазушы адамның қалам қуатынан төгіліп түсетін ой шумақтары. Елтеріс қаған жортуылға он жеті сарбаз жинаса, ағылып келіп қосылған қолдың саны одан кейін жетпіске, содан соң жеті жүз ерге жетеді. Оның жауы табғач халқы, тоғыз-оғыз халқы, қырғыз, үш құрыхан, отыз-татар, қытай (қидан), татабы. Елтеріс қаған осы жауларына қарсы қырық жеті рет жорыққа аттанады. Жиырма соғысқа қатысады. Иоллық тегін тәңірі жарылқағаннан соң, елдікті, қағандықты әлсіретпей аман

сақтап, жауын тізе бүктіріп, бастыны жүгіндірді деп тұжырым жасайды. Одан кейін Ағам қаған таққа отырды. Ағам қаған кезінде түрік халқының шекара аймағы батысы мен шығысы да кеңіді, иелігі ұлғайды. Кедейі бай болды, азы көп болды, ел өсіп-өнді. Ағам қаған жиырма бес рет жорыққа шықты. Он үш рет соғысты. Түргеш қаған білместігінен, қателесіп өлді. Ағам қаған да білместігінен опат болды. Күлтегін әкесі өлгенде жеті жаста еді. Он жасында ер атанды. Он алты жасында Ағам қағанның елін меңгерді, басқарды. Күлтегіннің жорықтарын Иоллығ тегін жүйелеп рет-ретімен санамалап, баяндап тасқа түсірген. Күлтегін алдымен Талдықын-чордың боз атын мініп шайқасты. Ат шайқас үстінде өлді. Екінші рет Ышбара Ямтардың боз атын мінді, ол ат та сонда өледі. Күлтегін жиырма алты жасында қырғызға аттанып, Байырқудың ақ айғырын мініп жауға шабады. Аттың іші жарылып өледі. Түргеш халқына қарсы жорыққа Күлтегін боз қасқа атты мініп айқасты, түргеш халқын қол астына қаратады, қағанын өлтіреді. Қара түргеш халқына қарсы ақ ат мініп шайқасты. Күлтегін жиырма жеті жасында қарлұқ халқына қарсы соғысты, ақ атын мініп айқасты. Күлтегін отыз бір жасында жау болған аз халқына қарсы шайқаста алып шалысты ағын мініп аттанды, осы атқа мініп ізгіл халқымен шайқасып қырды. Өз халқы болып саналатын тоғыз-оғыз халқы "Тәңірдің, Жердің киесіне ұшырап, жау болды". Оларға қарсы Күлтегін азбан ағына қонып айқасып, қылыштады. Едіз халқымен айқаста Күлтегін аз қаракерін мініп соғысса, оғыздармен соғыста азбан ағын мініп айқасып, шапты. Бесінші рет оғызбенен айқаста Күлтегін аз қарагерді мініп айқасты, оғыз жау орданы басып алғанда Күлтегін жетімек ағын мініп, тоғыз ерін найзамен шаншып өлтірді. Сөйтіп Күлтегін де қайтыс болды. Иоллығ тегін "көзге жас келсе – кетер, көңілге шер келсе – ұмытылар". "Уақытты Тәңірі жасар, адам баласының бәрі өлмекке туылған" деген даналық ой-пікірін түйіндеп кетеді. Мына дүниенің жалғандығын, өтпелілігін, заманның ауысып отыратынын, ұрпақ жаңарып, жас толқын жетіліп келер күнге тіршілікті жалғастырып алып кететінін ойлап толғанады. Иоллығ тегін Күлтегін басына орнатылған мүсін тасқа даланың, түрік халқының терең философиясын, дүние танымын, түйсік-қабылетін де айшықтап түсіріп кеткен. Күлтегіннің ерлік жорықтары, жауынгерлік рухы, түрік халқын қайтсем күшейтіп, төрт тарапқа атақ-даңқын жайып, бейбіт ел қатарына қосып кетсем деген перзенттік парызы мен арман-мүддесі ескерткіш мәтінінде ерекше бір сүйіспеншілікпен хатқа түсірілген. Ескерткіш мәтіні Күлтегінді мадақтау, оның даңқты істерін әспеттеу тұрғысынан жазылған, сондықтан да батыр қағанның қолбасшылық күш-қуаты жүргізген шайқастары, қандай қару қолданып жауын жаншып өлтіргеніне дейін нақты жазылып, жорықтарының санына дейін дәл көрсетіліп отыруының тарих үшін де маңызы зор. Иоллығ тегін келер ұрпақ қамын жеп, елінің іргелі мемлекет болып, оның жауынан айбары асып, байлығы тасып тұрған қуатты қағанат болып қалуын армандайды. Ел іргесін бекемдеп, жауының сағын сындырып, өзіне қаратқан Күлтегін сынды қағанның ерлік істерін мадақтап, ұрпаққа, іргелес елдерге үлгі етеді. Күлтегін қырық жеті жасында, қой жылының он жетісінде қайтыс болып, жиырма жетісінде сүйегі қойылады. Ескерткіш осылай сыр ақтарады. Арғы-бергі ел жиналып, ақтық сапарға аттандырғанша он күн уақыт өтеді. Сонда адам мәйітінің еріп кетпеу жағын да ойластырып қойғаны байқалады. Мәйітті бұзбай ұстап тұру - бальзамдаудың бір түрінің де түрік қағанында қолданғанына шүбә келтірмейсіз. Күлтегіннің жерленуіне кімдер келген, олар мыналар: Қытай (кидан), татабы халқы, оны бастап келген Удар-Сеңүн, Табғач қағаннан Іси Лікең "бір түмен торғын, есепсіз алтын, күміс алып келеді". Түпүт (тибет) қағанынан Бөлен, Артқы күнбастыстан Соғда, Бершекер, Бұхараң ұлысынан Некен-Сеңүн, Оғұл-Тарған келген. Түргеш қағаннан Мақараш, Оғыз Білге таңбашы, Қырғыз қағаннан Ынанчу-чор келген. Сонымен қатар храм (барық) тұрғызушы, бедіз жасаушылар, бітіг тас (ұстын) жасаушылармен табғач қаған жиені Чаң-сеңүн келді. Тас мүсінді жасаушылар мен шеберлерді Тұйғын Елтебер бастап келеді. "Тәтті сөз, қымбат дүниесіне алданып, түрік халқы өлдің. Түрік халқы қырылдың" деп табғач халқының жымысқы саясатының неге алып соққанын өкіне баяндайды. Күлтегіннің аталығы (ұстазы, тәрбиешісі) Иоллығ тегін Табғач қағаны жіберген Орда бедізшіге мүсін, барық, сурет жасаттырады. Күлтегіннің алтын, күміс, ақығын, мал-дүние мүлкін, төрт мың жылқысын таратылды. Ескерткішті жиырма күн отырып жаздырады.

Ата-бабаларымыздан қалған дүние жүзі халықтарында кездеспейтін бірегей ескерткіш араға ондаған ғасырлар салып, қайта сөйледі. О баста жауларымен терезесін тең ұстаған бабаларымыздың ойлап тапқан қолданыста орын алып келген ойма жазуын тарих сапырылысында, аумалы-төкпелі кезеңде ұрпағы мүлдем ұмытып, жатсынып қалды, тарихынан көз жазып қалған еді. Тарихта қызық құбылыс, парадокстар болып тұрады. Дегенмен де VIII

ғасырлардағы көне жазба ескерткіштер мәтінін біз үшін өлмес ескерткіш, тәңірдің өзі қайта қауыштырған мәдени жәдігеріміз. Осы ескерткіштерді зерделей оқыған сайын тарихи сабақтастықты, дүние танымымыздың, этнографиялық құндылықтарды, этникалық негіздерді ұшыратып, өзімізге етене жақын тұта бастаймыз. Халқымыздың бойындағы көп қасиеттер: батырлық, шешендік, ділмәрлік, ел мүддесін жоғары қоюшылық, халқының қамын, болашағын ойлаушылық, қолбасшылық, ел тұтқасын ұстау сияқты ірі-ірі мемлекеттік маңызы бар мәселелердің барынша айқын қойылып отыруы, тайпалық бірлестік емес, мемлекеттік сананың орнығуын, Көк Тәңіріне табынушылық, монотеистік діннің қалыптасқандығын, жыл санаудың, уақыт мерзімін есептеудің, есептеу амалдарының қолданысқа толық енгендігін көрсетеді. Заманына сай мемлекеттік атрибуттардың қолданып, рәміздердің дәстүрге айналғанын аңғарамыз. Күлтегінді жерлеуге көптеген елдің көш бастаған бектері мен белділерінің сый-сияпатымен, құрмет қошамет білдіруі соны айғақтайды. Мықты іргелі елді, мықтылар мойындап алыс-беріс, сауда-саттық, құда-жекжаттық қарым-қатынас жасап, дипломатиялық байланыстарын дамытып отырған. Күлтегін ескерткішіндегі жазудан түрік қағанының мемлекеттік құрылысын, ел басқару құрылымын, соғыс қабілетін, шекарасын, халықтың топтарын, қолбасшылардың соғыс өнеріне қатысты дерек, мәліметтер беріліп отырады. Соның ішінде қаған, қолбасшы қандай болуы керек деген мәселе. Түрік халқының қағандары жорыққа өзі басшылық жасап, ата жауымен жекпе-жек шайқастарға, айқастарға қатысып отырған. Қаған әрі батыр әрі қолбасшы мемлекеттің тірегі. Білікті қағандардың өнегелі істері көп болған, оларды өнеге етіп отырған.

Ескерткіште назар аударатын бір мәселе ол – Күлтегіннің астына мінген атының түсіне байланысты мәліметтер. Ат түз халқының мінсе – көлігі, жесе – еті, ішсе – қымызы, жауға шапса – қанаты, пырағы, бес қаруының бірі болды. Жылқы малын, әсіресе, сактар, одан түріктер, одан таралған халықтардың ішінде қазақтар ерекше қадір тұтып, мал басының ішінде түліктің төресі санады. Басты жұмыс атпен атқарылды. Жорықтарда, жортуылдарда жылқы малын ешбір түлік ауыстыра да алмастыра да алмады. Жаумен айқаста жараулы жылқылар белді де бөкен желісті жүйріктер, қыл құйрықтылар, қазан ат пен тұлпарларға ер салынды. Қазан ат пен тұлпардың орны мүлдем бөлек болды. Мықты жүйрік аттар аңызға айналды, пырақтар соның бір айғағы. Көшпелі халықтың жылқы малы сүйіспеншілігін туғызған түлігі әрі сенімді көлігі де саналды. Мемлекеттің қуатын атқа қонған жауынгерлердің санымен өлшеді, кімде-кімнің атқа қонған жауынгерлері, сарбаздары көп болса, оның күші де, қуаты да, айбары да зор болып саналды. Шайқастың тағдырын көп жағдайда атты әскерлер шешіп отырған. Күлтегіннің ұстазы, ақылшысы Иоллығ тегіннің шәкіртінің астына мінген атының түсін, түрін сипаттап нақтылап көрсетіп отыруының жүздеген жылдық дәстүрлік арнасы сезіліп сабақтастық желінің үзілмей жалғастық тауып отырғанын өте келістіріп келтіріп отырады. Иоллығ тегін Күлтегіннің жауға қарсы айқасқа оннан астам ақ боз ат мінгенін санамалап көрсетеді. Қара кер, күрең, қылаң, торы, қара торы, тарғыл ат емес, ақ боз ат, кейде ақ боз айғыр мініп шайқасқа кіріп отырған. Иоллығ тегін оны бөлектеп атайды. Білекпен білектің, күш пен қара күштің шайқасында, кескілескен айқаста, найзаласып, шаншысып, қылыштасып шабысып, жауды жапырып, опыра айқаста шабыстың шиеленіскені сонша әр шайқас сайын астындағы аты не оққа ұшып, не қарны жарылып өліп отырған. Тебінгіден тер, қабырғадан қан аққан, аттың тілерсегі бүгілген, жан алып жан беріскен, елі үшін айқас болатын бұл. Айқастың драмалық сәтін, шешуші кезеңін, Күлтегіннің қолбасшылық құдіретін тасқа жазылған мәтіндер айрықша етіп жеткізеді. Иоллығ тегін Күлтегіннің жорықтарының санына дейін дәл көрсетіп тасқа қашап түсірсе, Баукең де жорық жолдарын, жүргізген ұсыныстарын нақты түрде қойын дәптерлеріне түсіріп, топшылаулар жасап отырған. Ол жағынан Баукең сұңғылалық, парасаттылық ең бастысы ұқыптылық көрсетіп отырған. Еш нәрсені де ұмытпай, ұмыттырмай, ұмыт қалдырмай тарих еншісіне, болашақ ұрпаққа аманаттап отырғандай да ғой бұл қасиеті. Рухани сабақтастық дегеніңізге бұл нақты мысал емес пе? Ал одан артық қандай дерек, дәлел керек!

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ЖЕКЕ ТЕКТІК ҚОР ҚҰЖАТТАРЫ

Даут Қ., Максымканова А.Х.

Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің қызметкерлері

Ұлт тарихы жеке тұлғалармен біте кайнасып жатады. Әр дәуірдегі тарихи тұлғалардың өмір жолы мен бітімдік қалыптасу барысы сол дәуірдегі тарихи оқиғалардың төл тумасы. Ғылым, саясат, әдебиет, өнер, мәдениет, және халық шаруашылығының барлық салаларында ерекше еңбегімен танылған мемлекеттік сипықтарға ие болған, халыққа еңбегі сіңген адамзат үшін жасампаздық жаратқан, мемлекеттің көркейіп-гүлденуіне үлес косқан, ел қауіпсіздігі жолында құрбан болған, отанға даңқ аперген жеке адамдардың құжаттары қымбат қазына, ұлттық идеологиямызға сарқылмайтын байлық. Осы қазыналарды болашақ ұрпақтардың игілігіне айналдыру мақсатында Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві 1960 жылдардан бері еліміздің дамуына еңбегі сіңген, ерекше танылған, мемлекеттік марапаттарға ие болған дара тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің жеке қорларын жинақтап, тұрақты сақтаумен айналысып келеді. Атап айтсақ, әдебиет және өнер майталмандар Р. Бағланова, К. Бәйсейітова, Х. Бөкеева, С. Мұқановтардың құжаттарымен бірген Ұлы Отан Соғысының батырлары Р. Қошқарбаев, Т.

Бигелдинов, Х. Доспанова, Қ. Қайсенов, Д. Снегиннің т.б. құжаттары бар. Соның ішінде аңыз адам, талантты жазушы және әскери патриоттық жағдайда жауынгерлік психологияның зерттеушісі, әскери істің теоретигі, Ұлы Отан соғысының даңқты жауынгері, XX ғасырдың жарқын қайталанбас тұлғасы, қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлының жеке тектік құжаттары сақтауда. Бауыржан Момышұлы 1952 жылы құжаттарын Орталық Мемлекеттік архивке өзі тапсырған. Құжаттары шашыраңқы күйде болғандықтан, ғылыми-техникалық өңдеу жасалап, құжаттары жүйеленген. Құжаттарына 1432 қор деп тіркеу нөмірі беріліп, тізімдеме құрастырылған. Алғашқы тапсырылған құжаттары 1927-1965 жылдар аралығын құрайды. Құжаттарының құрамына келетін болсақ Орталық мемлекеттік архивінде шығармашылығына қатысты құжаттары жинақталған. Қолжазбалар бөлімінде өзінің кітаптары «За нами Москва», «Боевые будни», «Генерал Панфилов», «История одной ночи», «Облик война», «Біздің отбасы» кітаптарының қазжазба күйінде және автордың өзгертулерімен қоса өткізген. Еңбектерінің бірнеше нұсқалары бар.

Аталған еңбектерінде соғыста көрген-білгенін шынайы түрде сипаттап, жазған. Бұл еңбектерінде Б. Момышұлының батыр ретінде ғана емес, шебер жазушы болғанын дәлелдейді.

Сондай-ақ күнделіктері мен естеліктері де жетерлік. Күнделіктерінде соғыс алаңында басынан өткен жайттарды, соғыс барысын, сарбаздардың ойы мен әрекеттері туралы айтылады. Бұл құжаттардан Б.Момышұлының шыншылдығын байқауымызға болады.

Ал, құжаттарының біршама бөлігін хат алмасулар құрайды. Хаттарын танымал тұлғалармен жазысқан. Мысалға, М. Әуезов, М. Габдуллин, Д. Снегин, С. Муканов, К. Сатпаев, Н. Оңдасынов, А. Жұбанов, А. Нұрпейісов, Г. Орманов.

Б. Момышұлы өзінің ғылыми әскери баяндама, пікірлері де жеке тектік құжаттарында бар. Олар 9-ші атқыштар дивизиясының ұйымдастыру туралы 1945 жылғы баяндамасы, әскери тактика, операция туралы дәрістері мен далалық уставтарына өзінің әскери пікірлерін білдіргендігі туралы құжаттары бар.

Өмірбаянына қатысты құжаттар тобында әскери өміріне, қызметіне байланысты және марапаттары мен құттықтаулары бар. Соның ішінде қызықтылары Р. Қошқарбаевқа «Кеңес Одағының батыры» атағын алу жөнінде ходатайство, 1963 жылы Кубаның сыртқы істер министрі Рауль Кастроның Кубаға шақыртуы және іс-сапары туралы құжаттары бар. Бұл құжаттар тобында Кубаға барған іс-сапарында жауынгерлік дайындық туралы дәріс оқыған екен. Кубадағы революциялық қарулы күштердің 51-ші полкінің құрметті командирі атағы берілгендігі қор құжаттары дәйектейді.

Бейнелейтін құжаттар тобына Б. Момышұлының мектеп жасы кезеңіндегі фотолары бар. Отбасымен түскен, соғыс кезінде, іс-сапарда, әскери оқу барысында, өнер майталмандарымен бірген ақ-қара негізде құжаттары сақталған.

Жалпы, Б. Момышұлы жеке тектік құжаттарын 2 архивке бөліп тапсырған. Шығармашылық құжаттары Орталық Мемлекеттік архивте болса, ал әскери құжаттары ішкі істер органдарының архивіне тапсырған. Әскери құжаттары аса құнды санатқа жатқандықтан құпия болып саналады.

Б. Момышұлының жеке тектік құжаттары басқа танымал тұлғалардың құжаттарымен салыстырғанда сұранысқа ие құжаттардың бірі. Қор құжаттарын бастапқы кезеңде өзі толықтырса, кейіннен құжаттарын келіні Зейнеп Ахметова толықтырған.

Б. Момышұлының 100 жылдығына орай 30 томдық шығармалар жинағы жарық көрген болатын. «Өнер» баспасы осы шығармалар жинағын Орталық мемлекеттік архивке сыйға тартқан болатын. Бұл еңбектері де жеке тектік қор құжаттарына енгізілді.

Бауыржан Момышұлының өнегелі өмірін жас ұрпаққа насихаттау, оларды отан сүйгіштікке баулу, жастарды жан-жақты тәрбиелеу мақсатында «Орталық мемлекеттік архив»-і мен Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығы қызметкерлерімен тығыз байланыста жұмыс жасап келеміз. Болашақта Б. Момышұлының өмірі, шығармашылығы, қоғамдық жұмыстары, ол туралы жазылған туындылар, зерттеу жұмыстары жалғасын таба бермек.

Сонымен қатар, 2021 жылға Орталық Мемлекеттік архиві жеке тектік және тарихи құжаттық топтамаларымен жұмыс бөлімі Бауыржан Момышұлының жеке тектік қор құжаттары негізінде фото альбом шығаруды жоспарлап отырмыз.

Б. Момышұлы жайлы кеңірек білгісі келгендер ҚР Орталық Мемлекеттік архивтен толығырақ мағлұматтар алуға әрқашан есігіміз ашық.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ МЕН ТАХАУИ АХТАНОВ

Сәмен Құлбарак

*филология ғылымдарының докторы, профессор, М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті*

Екеуі де майдангер жазушы. Соғыс өртіне шарпылған. Рас, Бауыржан Момышұлынан Тахауи Ахтановтың жасы кіші. Бауыржан 1910 жылы Жуалы топырағында дүниеге келсе, Тахауи 1923 жылы Ақтөбенің Шалқар ауданында дүние есігін ашқан. Мүшел жас кішілігі бар. Бауыржан соғысқа дейін-ақ Қиыр Шығыста әскери дайындықта болып, майданға шыңдалған әскери командир болып соғыс өмірбаянын бастаса, Тахауи соғысқа ҚазПИ-дің 2 курс студенті кезінде аттанған.

Ұлы Отан соғысына 316 атқыштар дивизиясының жасақталуына белсене атсалысып, сол дивизия құрамында 1941 жылдың қыркүйегінен бастап қатысқан Бауыржан Момышұлы соғыс кезінде жеке басының қаһармандық ерлігімен және ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен ерекше көзге түседі. Бірнеше рет жау қоршауынан жауынгерлерін аман-есен алып шығады. Мәскеу түбіндегі шайқастағы ерлігі сол кездің өзінде Одақ көлеміне аңыз болып жайылып, осы қаһармандық ерлігі негізінде орыстың белгілі жазушысы А.Бек «Волоколамское шоссе» (қазақшасы «Арпалыс») повесін жазады. Бұл шығарма кейін бірнеше тілге аударылып тарады.

Бауыржан Момышұлының қайтыс болғанына бір жыл болуына орай жазылып, «Қазақ әдебиеті» газетінің 10 июнь 1983 жылғы санында жарияланған Тахауи Ахтановтың «Ел қасиеті – ер қасиеті» деген мақаласында автор қаһарманның даңқына сол соғыс жылдарында-ақ көппен бірге қанық болғанын жазады. Сөйтіп жүргенде, 1944 жылы алғы шепте, бірде қолына «Правда» газеті тиіп, қарап отырғанда, «Полковник Б. Момышұлы» деп қол қойылған мақалаға кез болады. Мақала әдебиет туралы еді дейді. Бұл мақала Тахауи Ахтановқа күшті әсер етеді.

«Бұл мақала менің Бауыржан туралы түсінігімді түбірімен өзгертіп жіберді. Өзім әлденеше жыл бойы іште сақтап келген тау тұлға кенет қақ жарылды. Сол жаужүрек қазақ батыры енді кеп өз заманының әдебиетінде боп жатқан процестерді терең түсініп қана қоймай, сонымен бірге соғыстағы адамның психологиясы мен жан дүниесіне одан әсте кем бойламайтын, нәзік қайырып ойлайтын парасатты адам боп шықты. Сонда мынау Момышұлы кім болды, өзі? Қатал, жігерлі командир, көзді жұмып қойып кететін батыр ма, әлде сыпайы-сырбаз интеллигент пе?» дейді толғанып.

Кейін 50-жылдардың соңына қарай жазушы Тахауи Ахтановтың әйгілі «Қаһарлы күндер» романы мен Бауыржан Момышұлының «Артымызда Москва» шығармасы жарияланып, қазақ әдебиетінің табысты туындыларына айналды.

Бұл туралы академик С. Қирабаев: «Елуінші жылдардың орта тұсына қарай біздің елімізде соғыс және оны бағалау жайында жаңа көзқарастар қалыптаса бастады. Алғашқы әсермен жазылған шығармалар қайта қаралып, соғыстың қатал шындығы әр қилы талқыға түсті. Бұл - әсіресе, жеке адамға табыну саясатының сыналуымен кең өріс алды. Бұрын тек шабуылмен жеңушілерді ғана мадақтап келсек, енді соғыста қоршауда қалған, жау қолына түскен адамдардың адам төзгісіз қиындықта жасаған ерліктерін (бұрын оны сатқындық деп түсінетінбіз) психологиялық суреттеуге жол ашылды. Орыс әдебиетінде жаңа үлгілі романдар туа бастады. Осы тұстағы қазақ романдары ішінен Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер» (1956) мен Б.Момышұлының «Артымызда Москва» (1959) сияқты кітаптарын айрықша атауға болады. Бұл шығармаларда соғыстың алғашқы кезеңіндегі (жаудың тұтқиылдан басып алуы мен біздің әскерлердің шегінуі бұрын айтылмайтын) майдангерлердің ауыр өмірі, қатты ұрыс пен шегіну оқиғалары суреттелген. Сондай қиыншылықта жүрсе де, біздің отандастарымыздың түпкі жеңіске деген сенімін жоғалтпағаны, оптимизмі тарихи шындық жағдайында көрсетілді», - деп жазды.

Біріншіден, Б. Момышұлы мен Т. Ахтановтың түйісетін тұсы – осы шығармалары болды. Екі шығарма да Ұлы Отан соғысының ең бір қиын кезеңіне – Мәскеу түбіндегі жанкешті соғысқа арналды.

Екіншіден, «Қаһарлы күндер» романының бас кейіпкерлерінің бірі - батальон командирі Мұрат Арыстанов. Оның прототипі аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы екенін романды оқыған екіншісі бірі көз жазбай таниды. Бұл кездейсоқтық па? Әлбетте, олай емес. Оның негізін автордың Бауыржан Момышұлымен ақын Қасым Аманжоловтың үйінде болған кездесуінен, сондағы ерекше әсерінен байқаймыз.

«1950 жылы алғаш ақын Қасым Аманжоловтың үйінде ол адамды жақынырақ тануға себін тигізген кездесу болды - бірін-бірі сыйлайтын адамдардың түннің бір уағына дейінгі оңаша отырысы маған батыр Момышұлын көрсетпей, Момышұлы интеллигент екен деген бір ойға ғана жүгіндірген. Бауыржанды көресің, от басы-ошақ қасы боп, өзім деген жолдастармен бірге отырасың деген шақырумен Аманжоловтың осы кезге дейін үй-іші тұрып келе жатқан кіп-кішкене үш бөлмелі үйіне жүгіріп келгендегі толғаныс-тебіренісімді айтсаң! Биік, сымбатты, кең иықты, келімді, бет-пішіні кесек, бітімді, маңдай жарқыраған кісі екен – көрдім. Бар бітімі ірі, бар болмысы үлгілі. Бірақ оның батырға ұқсас жері де сол ғана. Әйтпесе, келесі сәтте-ақ оның соқталы тұлғасы әсем әрі әдемі, ал кесек пішіні ішкі тазалықтың әсерімен бірден жұмсарып, нұрланып сала берген. Құдайдай табынған мендегі жайсыздықты ол кісінің қалайша білдірмей жіберіп, дәп бір баяғыдан бергі таныстай, жақсы дос, пікірлес адамдардай ғып өзіне жақындатып жібергенін мен аңғармай да қалдым. Жұлдызы сондай ыстық еді, жарықтық. Кісіні үйіріп алатын. Үйіріп алғаны ғой, отыз жыл бойы сол алғашқы әсерден әлі айыға алмай келемін. Ол күнгі кеште Баукең мені ырқына көндіріп қана қоймай, көл-көсір білім-білігімен де табындырған еді. Сөз кезегінде ол ғасырымыздың бас кезіндегі ақындар жайында, декадент дейтіндердің тәжірибелері туралы беріле сөйлеп кетті. Сонда кейде өлеңнің ұзақ шумақтарын жатқа соғып отырды. Өз басым ол кезде әлгілер жөнінде оларды айыптағаннан өңге еш нәрсе білген жоқ ем. Баукең ол кеште соғысты сөз қылған жоқ, өз басын тіпті араластырмады да».

Тахауи Ахтанов сол кездесудегі Бауыржанның үлкен қара көздеріне айрықша мән береді.

«Мен оның тұлға-тұрпат, әдет-қылығынан қиялымдағы, әдебиетте сомдалып, ел аузында аңыз боп кеткен батырды іздеумен болдым. Ішкі нәзік сәуленің әсерімен нұрлана түскен жарқын бет-пішіні ірі, кесек бола тұра, болмашы бір сезім құбылысын да қалт жібермес әсем қалпымен көрінді. Меніңше, жаужүрек адамның бет-жүзі бұдан гөрі түсін бермес суық болса керек еді. Сонда тағы көздерін айтсаңшы. Алғаш кезіккенде А. Бектің өзін тайдырған да осынау сирек ұшырасатын, өңменнен өткендей үлкен қара көздері еді ғой. Еркектің көздері үлкен боп келуі батыллықтың белгісі саналмайтыны тағы бар. Бірақ Баукеңнің көзі қазақ ұғымынан мүлде бөлек екен. Керек сәтте жай отындай жалт етіп, кез келгеннің аузын аштырмай қоятын сиқырлы күш те Баукеңнің көзінде болса керек. Оның елден ерек ерлігі мен қажыр-қайратының сырын ашатын кілт те сол көздерінде жатқандай. Жан дүниесі соншалық нәзік адам өлім қаупін сезінбей қала алмақ емес. Онысын және Бауыржан өз мемуарларында талай рет мойындаған, кез келген адамның басында болатын үрейді талай рет бастан кешкенін өзіне ғана тән аяусыз шыншылдықпен айтқан да. Бірақ сол үрейге бой алдырмай, алапат жігер-күшімен жеңе де білген. Мен оның атағы жер жарған әскери қолбасшы болу себебін ашқым кеп, бірде өзіне бұның арғы негізін советтік әскери мектептен іздеу керек шығар дегенімде ол: «Аптығып, алдымды орай берме. Бәрін де рет-ретімен

басынан бастау керек. Кез келген бұлтартпас шындықтың өз жөні бар. «Ұяда не көрсең – ұшқанда соны ілерсің». Демек, ұядан бастауың керек. Қаһармандық эпостың көбі қазақта. Ерлігімізді, елдігімізді ести жүріп өскенбіз. Қазақтың ең ірі, ең қасиетті сөзі – НАМЫС. Байлық мұрат емес, жоқтық ұят емес, намысың үшін өлсең бопты дейтіні де содан. Мен өз халқымның намысын аяққа баса алмаймын» деп кесім айтты».

Міне, осы және өзге де кездесулер кейін жазушының «Қаһарлы күндер» романын жазуда саналы, мақсатты түрде Мұрат Арыстанов-Бауыржан Момышұлы бейнесіне әкелгенін байқаймыз.

Т.Ахтанов пен Б.Момышұлының шығармалары XX ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысындағы жаңалығы мол, тың концепциялы туындылар болды.

«Қаһарлы күндер» романында автор майдан шындығын көркемдік тұрғыдан жинақтап, санаулы образдардың тағдыр-талайы арқылы уақыттың қатал сынын, жауынгерлердің жанкешті ерлігін бейнеледі. Соғыс туралы шығарманың қай-қайсысында уақыт шындығынан туындап жататын тарихилық сипат болады. Нақты ұрыс оқиғаларының негізінде жазылады. Дегенмен, Т. Ахтановтың романында осындай тарихилық сипат сақталғанмен, оны деректі шығарма қатарына жатқыза алмаймыз. Өйткені шығармадағы кейіпкерлерді жинақтау мен даралауда автор шығармашылық қиялға еркіндік берелі.

Т. Ахтанов пен Б. Момышұлы шығармаларының тоғысынан жері мен жанрлық айырмашылығы да осы тұстан көрінеді. Тоғысатын тұсы екі шығарма да Ұлы Отан соғысының бір кезеңін – Мәскеу түбіндегі қаһармандық шайқасты бейнелеуге бағытталған. Басты айырмашылығы Т. Ахтановтың туындысы әскери тақырыптағы әдеби-көркем шығарма, ал Б. Момышұлының туындысын әскери деректі көркем прозаның үлгісіне жатқызамыз. Біз «деректі көркем» деген анықтамалықты арнайы айтып отырмыз. Өйткені соғысқа қатысқан көптеген авторлардың шығармалары деректі болғанмен, «көркем» дәрежесіне көтеріле алмай, естелік сипатында қалып қояды. Ал Б.Момышұлының шығармасының деректілігі басты сипаты болғанмен, шығарманың орындалуы, композициясы тұрғысынан көркем туынды талаптарына жауап береді.

Б. Момышұлы мен Т. Ахтановтың соғыс шындығын бейнелеудегі әдеби-эстетикалық көзқарастары да бір жерден шығып жатады. Ұрыс окобындағы жас Тахауиды таң қалдырып сүйсінткені де осы Б. Момышұлының соғыс шындығын көркем әдебиетте бейнелеу жөніндегі өткір, сыншыл көзқарастары болатын. Ол соғыс шындығының бұрмаланбай жазылуын, ұрыс кезіндегі адам психологиясының дұрыс суреттелуін өткір мәселе етіп қойды.

«Бүгінгі күні әділін айтсақ, әскери тақырыптағы барлық шығармалар мен заметкаларда солдаттың бейнесі ашылып көрсетілмей келеді, оның орнына жансыз қағаз адамның образы жасалында. Олардың шығармаларында солдат адамзаттың әлдебір жаратылысы бөлек перзенті сияқты суреттелінеді, сөйтіп солдаттың шынайы бейнесі шықпай қалады» деп жазды Б. Момышұлы.

Шайқастың қиямет-қайымын басынан өткерген және жоғарыда айтқанымыздай, Б. Момышұлының ащы шындыққа құрылған сынын көкірегіне түйген, оның бер жағында И. Сталиннің қайтыс болуына байланысты елдегі саяси өзгерістер мен әскери әдебиеттегі жаңа беталыстар Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романының жазылу процесіне елеулі ықпал жасады. Кейінгі еске алуында: «...Осы орайда, окоптағы күндер еске түседі. Жұрт қарша жауған оқ астында жауға қарсы шабар алдында әркім өзімен-өзі боп тұнжырап отырады. Ажал күтіп отырған адамдарға жаттанды қызыл сөз айтып, ұран тастауға қалай ғана дәтің жетер. Қастарына барып, отыра кетем. Көппен бірге жанды шүберекке түйіп, шабуылға шығамыз. Өз басым «Отан үшін, Сталин үшін» деген сөзді шабуыл кезінде ешкімнің аузынан естіген емеспін. Оған көтерілерде, командирлер «Алға» - деп айқайлайды да, артынан онша құлаққа жаға бермейтін сөз кетеді. Осындай майдан шындығының газет пен кинода қалай бұрмаланатынын көріп қарадай зығырданым қайнайтын менің майдан өмірін қаз-қалпында жазбауға хақым жоқ деп білдім», - дейді.

Шындығында, романда соғыстың ең бір қаһарлы күндері тақырып етіледі. Шегініс, жау күшінің басымдығы, соған қарамастан ел үшін, жер үшін жанкешті ұрыстар. Романның жазылу тарихын автор былай таратады:

«Бұл романның жазылуы онша көп уақыт алмағанмен, толғағы ұзақ болды. Үш жыл бастан кешкен соғыс туралы роман жазуды көп ойладым. 1949 жылы бас жағын жазып, кірісіп те кеттім. Бірақ жұмысым өнбеді. Шамасы, келер жылы болар, Ә. Нұрпейісовтің «Курляндия» романы

жарық көрді. Соны оқып шығып ойға қалдым. Шығарма біраз кемшілігі болса да, маған қатты ұнады. Онда сол кездегі қазақ жазушыларының басым көпшілігінде жоқ, кәдімгі тірі, жанды сурет, бусанып тұрған өмір бөлшектері бар екен. Ал менің бастап жазып қойғандарымның дәрежесі одан әлдеқайда төмен болатын. Содан өзімнен-өзім жерідім де, жаза бастағандарымды тастап кеттім. Кейде болашақ шығарманы ойлап, толғанып жүрсем де, үш-төрт жылға дейін қайтып оралуға зауқым соқпады. Сын мен көркем аударма саласында жұмыс істей бердім. Бұл арада орыс әдебиетінде соғыс тақырыбына көптеген романдар шықты. Оларды да оқи жүрдім. Барған сайын алдымды ораушылар көбейіп, менің жазам деген романымның жолы қиындай түсті. Бірақ негізгі ой-пікірім де айқындала берді. Мен ең алдымен бұғанасы қатпай, майданға кірген, от ішінде есейген өз қатарым туралы айтқым келді. Мені және бір қызықтырған соғыстың шытырман оқиғасы, қауіп-қатері емес, соғыс арқылы, қауіп-қатер арқылы ашылатын адам характерлері болады».

Романда соғыс өртіне шарпылған әр алуан тағдыр иелері көрінеді. Взвод командирі лейтенант Ержан Қайсаров және оның қарулас жауынгерлері Бондаренко, Кәкібай, Зеленин, Көжек, Добрушкин, Қартбай... Әскери шендері жоғары, тағдыр-танымдары әркелкі батальон командирі, капитан Мұрат Арыстанов, полктың штаб бастығы, майор Купцианов, оның көмекшісі аға лейтенант Уәли Молдабаев... генерал Панферов, политрук Василий Кусков... Кейіпкерлердің тағы бір тобы - өрімдей жас, санитарка қыздар Раушан, Күләнде, санвзвод командирі Коростылев.

Жазушы оларды елден майдан шебіне әкеліп, соғыстың ең қаһарлы кезеңі Мәскеу бағыты маңындағы ұрысқа салады. Осындай жауапты кезеңде жазушының кең қамтып суреттейтіні Ержан взводы. Алғаш жаумен бетпе-бет кездескенде, әр түрлі күй кешкен, тәжірибесіздік танытқан қаруластар ұрыс шебінде бірте-бірте шыңдалады. Романдағы соғыс оқиғаларында Дәурен, Добрушкин, Кусков, Зеленин, Раушан ерлікпен қаза табады. Уәли образы арқылы жалған ар-намыс пен сатқындықтың бет пердесі ашылады. Жазушы шеберлігі - ұрыстың шиеленісті оқиғалары реалистік көркемдікпен суреттеліп, тартыс үстінде характерлер сомдалады.

Осы аралықта Б. Момышұлы мен Т. Ахтановтың соғыс шындығын бейнелеудегі көзқарас айырмашылығы да көрініс береді. Б. Момышұлы А. Бектің «Арпалыс» повесіне және өзінің кейінгі шығармаларына соғыс жөніндегі ағартушылық әдебиет және қанды шайқаста опат болған жандардың ерлігіне тағзым мен ескерткіш, олардың алдындағы азаматтық парыз деген ұстанымда болады. Сондықтан бұл шығармалар соғыстың алапат шындығын, ондағы ерлікпен шайқасқан адамдардың психологиясын терең және шыншыл бейнеленуі қажет, оған өзге қоспаларды қосудың қажеттігі жоқ деген принципті алға тартады.

Ал Т. Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романы әскери әдеби көркем шығарма болғандықтан, қосымша сюжеттік арналар өріледі. Ержан мен Раушан арасындағы махаббат сезімі, Раушанның жылпос, екіжүзді Уәлидің алдауына түсуі, кейін ұрыс үстінде Раушанның қаза табуы мен оның Ержанға оңай тимеуі – романда соғыс трагедиясы болып суреттелінеді. Жазушының романы бұл ретте Э. Хемингуэйдің «Қол бол, қару» романын, әскери медсестра Кэтрин мен американдық офицер Генри арасындағы махаббат сезімін еске түсіреді. Сұрапыл соғыстың өзі адамдар арасындағы махаббат сезіміне тоқтау бола алмайды деген өмірлік көзқарасты аңғартады.

Романдағы батальон командирі Мұрат Арыстанов батыл, тік мінезді болып көрінеді. Оның іс-қимылдары, шапшандығы мен алғырлығы, бірбеттілігі Бауыржан Момышұлын еске түсіреді. Осындай ұқсастықтар байқалғанмен, автор көркем туындының табиғатына орай оның ішкі әлемін ашуда еркіндікке барады.

«Мұрат алақанына алып салмақтап көргендей Купциановты көзімен шолып өтті. Қорғасын тұлғалы салмақты адам, қалайыдан құйғандай жеңіл тартып кеткендей де көрінді.

-Сіз мені кешіріңіз,- деді Мұрат, бірақ бұл сөзі үкім айтқандай ауыр шықты. – Мен де ащы шындықты айтайын. Қолындағы мылтығының от алмайтыны барын білген адам – жекпе-жекке тайсалмай шыға ала ма? Командир де сол сияқты. Мұндай пікірмен соғысқа баруға болмайды», - деп күш тең емес, дайындық жеткіліксіз, бізді тек өршеленген жауды уақытша тоқтату үшін ғана пайдаланады деп солқылдақтық танытатын шені жоғары Купциановты қисынды уәжімен, өткірлігімен сөзден тосылдырса, сонымен бірге ұтқыр тенеумен сөйлейтін шешендігі де байқалады.

Жазушы Мұрат образын даралауда өткен өмір-тарихын еске түсіру тәсілін қолданған. Жігіт боп есейген шағында Айша деген келіншекпен ұшырасады. Әйелі Хадишаның дүниеге жақын мінезі мен жайсыз қылықтары жанын құлазытып жүргенде, Айшамен жолығысуы өміріне жаңа

леп әкелгендей еді. Қанша толқып ойланғанымен, өзінің Айшаны шын ұнататынын сезіп, бекем шешімге де келеді. Автор Мұрат образын осылайша күрделендіре түскен.

Мұрат образының айрықша көрінетін тұсы батальонды жау қоршауынан алып шығуда алғырлық, батылдық танытуымен байланысты. Қол астындағы жауынгерлердің намысын оятып, өздеріне деген сенімін арттырып, жауға тікелей бастап шығады. Оның генерал Панферовпен қатысы мен арадағы диалогтерден де тарихи тұлға Бауыржан Момышұлының бейнесі анық көрінеді.

Бауыржан Момышұлы мен Тахауи Ахтановтың бірін-бірі түсінуі мен құрмет тұтуы көптеген естеліктерде айтылады.

Т. Ахтановтың Б. Момышұлының алғашқы ұстазы генерал И.В. Панфиловты, жазушылық еңбегін жоғары бағалаған пікірлері құнды. Сыншы Ахтанов Баукеңнің соғыс тақырыбындағы шығармаларының табиғатын тамыршыдай дәл анықтайды. «Момышұлы шығармаларында да сол Момышұлы күйінде көріне білді. Және оның шығармалары бастан-аяқ тек тамаша бір қасиетке – шындық атты ұлы сөзге тіреліп жатады» деді.

Өз кезегінде Б. Момышұлы да қаламгер інісін жоғары бағалады. «О-о, ол Көтібар көкемнің ұрпағы ғой» дейді екен сүйсініп.

Бұл жөнінде Халық жазушысы Шерхан Мұртаза «Айға шағылған найза» атты эссесінде тамаша айтады: «Мен көзі тірісінде Бауыржан Момышұлымен белгілі бір әдепте сырлас болдым. Ол туған халық, оның әдебиеті, өнері, әдебиет пен өнердің өрелі қайраткерлері туралы оңашада өз пікірлерін айтып отыратын. Солардың ішінде өзіне ерекше жақын тұтары, мінез байлығымен де, талант байлығымен де оны тәнті етері осы Тахауи Ахтанов еді. Әскери адамдардың, соғыстың сұрапылына суарылғандардың ауызбен айтып болмас, тек іштей ғана толық ұғынысар рухани туыстығы шығар, кезінде бұл екеуі ұдайы қатар жүріп, ұдайы әмпей-жәмпей болмаса да, араларындағы қимастық сезім, шын ерлерге тән асыл сезім мол еді. Мұны Бауыржан Момышұлы қабірінің басында Тахауи Ахтанов керемет жеткізді де. «Ноқталы бас пенделер дүниесінде ноқтаға басы сыймай кеткен» майдандас, найза-қаламдас ағасы туралы тебірене сөйлеген сөзі баршаның есінде», - деп жазады.

Ағалы-інілі майдандас-қаламдастардың рухы мәңгі жасай берсін!

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТАКТИКАСЫ МЕН АЙЛАЛЫ ЖОСПАРЫ

Баринов Мирас Валерьевич

ғылыми бөлімшенің офицер – ғылыми қызметкері

Бауыржан Момышұлы 1910 жылғы 24 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысы, Жуалы ауданының Орақ-Балға ауылында туған. Бауыржанның анасы ерте қайтыс болады. Оны әкесі мен әжесі тәрбиелеген.

1921-1928 жылдары Әулие Ата қаласында 9 сыныптық мектепте оқып бітіреді. 1928 - 1932 жылдары Аудандық атқару комитеті президиумының жауапты хатшысы, аудандық прокурордың көмекшісі, осыдан кейін Жуалы ауданының аудандық прокуроры сияқты әртүрлі лауазымдарда жұмыс істейді. 1932 жылы қарашада Жұмысшы-Шаруа Қызыл Армиясына шақырылды.

Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан соғысы кезінде жаумен қаһармандықпен және жанқиярлықпен шайқасты. Оның өмірбаянында Мәскеу түбіндегі шайқас ерекше орын алады.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанға дейін бірнеше жыл бұрын Бауыржан Момышұлы әскери қызмет жолын тандап, артиллерия офицері мамандығына үйреніп, Қиыр Шығыста жапондықтарға қарсы ұрыс іс-қимылдарына қатысады. Осыдан кейін Бессарабияға жіберіледі, онда кеңес офицері өзінің соғыстағы тәжірибесін молайтады. Ұлы Отан соғысы басталғанда офицер Алматыда қызмет етіп жатқан болатын.

1941 жылы офицер өзін майданға ауыстыруды өтініп әскери комиссариатқа келеді және қолбасшылық бастапқыда элиталық әскери бөлімше ретінде қалыптастырып, осы себептен оған тек жауынгерлік тәжірибесі бар еріктілерді ғана тартып жатқан 316-атқыштар дивизиясына бөлінеді. Осы бөлімшеге түскен ол бірден батальон командирі лауазымына ие болады.

Алматыда құрылған және көбінің нақты жауынгерлерлік тәжірибесі бар әскерилерден тұратын 316-атқыштар дивизиясы бірден Мәскеуді қорғауға жіберіледі. Бұл ретте дәл сол уақытта аталған дивизияның жойылып кету қаупі өте жоғары болды, өйткені іс жүзінде оның резервтері болған жоқ десе болады, ал жау тек саны жағынан ғана емес, сонымен қатар техникалық жабдықталуы бойынша да дивизиядан әлде қайда асып түсті. Дивизия штабының алдына Сібір мен Қиыр Шығыстан көптен күткен көмек келгенге дейін жауды Мәскеуге жібермеу міндеті қойылды. Алайда, 1936 жылы Қызыл армия жауынгерлерінің қорғануға емес, тек шабуыл әрекеттерін жүргізуге ғана үйретілуі біршама қиындықтар тудырды.

Панфилов ойлап тапқан тактиканы батарея командирі Бауыржан Момышұлы барынша тиімді пайдаланғанын атап өту қажет. Осы үшін де Бауыржан аға лейтенант атағы ғана болса да, 1941 жылғы қараша айында полк командирі атанды. Сонымен қатар оның Панфилов әзірлеген тактиканы тиімді қолданғаны мойындала отырып, бұл тактика «Момышұлы спиралі» деп атады. Осы тактиканы қолданған неміс әскерлерінің ірі әскери жетекшісі Эрих Гёпнер Панфилов дивизиясымен қақтығысты «қандай да бір әскери тактикалар мен заңдарды қолданбай күресетін және тұтқынға түспейтін жыртқыштармен күрес сияқты» деп сипаттайды.

Кеңес лейтенантының ерекше тактиканы қолдануы бірқатар фактілермен дәлелденеді. Мысалы, майданға келгеннен кейін ол бірден қолбасшылыққа ең тәжірибелі жүз жауынгердің тобын құруды және түнде немістер орналасқан ауылдардың біріне жасырын шабуыл жасауды ұсынды. Осындай күтпеген шабуыл нәтижесінде немістің 300-ден астам адамды жарақаттанады және өлтіріледі.

Демьянск қаласынан алыс емес жерде кеңестік аға лейтенант басқарған полк СС-тің «Өлі бас» деп аталған белгілі дивизиясымен күресуге тиіс болады, бұл ретте сандық және материалдық жағынан жау елеулі артық болатын. Момышұлы өз полкін 20 отрядқа бөліп, күтпеген жерден жаудың СС дивизиясы орналасқан алты деревняға шабуыл жасайды. Бұл ретте, отрядтар қапияда деревняға әр жағынан шабуыл жасап, қарсылас жақ есін жинап, өз күшін осы бағытқа шоғырландырғанша бірден кетіп қалып отырады. Бір отряд кеткеннен кейін, екінші отряд мүлдем басқа жақтан соққы береді, мұндай шабуылдар

СС-тықтар орналасқан алты деревняның барлығына жасалады. «Өлі бас» солдаттары орыстардың шабуылдарына әрең қарсы тұрып, қарсы жақтың кем дегенде екі-үш дивизиясының бар екеніне сенімді болады. Барлық түнгі шабуылдарда Момышұлы бастаған кеңес полкі жарақаттанған және қаза болған 150 сарбазынан айырылса, ал «Өлі бас» дивизиясы 1200 адамын жоғалтады.


Кеңестік жас офицер қорғаныс және позициялық шайқастарды жүргізуден гөрі, әрдайым белсенді түрде алға ұмтылуды жөн көрген Суворовтың тактикасын қолданған болса керек. Алайда лейтенанттың қарамағында сарбаздар тым аз болды, олар жаумен болатын үлкен бір шайқаста жеңе алмасы анық еді. Кеңес офицері басқарған отряд жаудың бір бөлімшесін жеңгеннен кейін жау бірден резервтерін жеткізіп жатады, сондықтан кеңес полкі бірнеше рет толық немесе ішінара қоршауға түседі, бірақ әрқашан жауынгерлік қабілетін сақтаумен өз әскерлерінің қатарына өтіп отырады.

Жақында ғана артқа шегінген жауынгерлерді қатаң түрде қарсы шабуылға шабыттандыру үшін бір бұйрық аздық етеді. Ал оларды шегіну командирдің бастапқы жоспары болатын деп сендіре алсаңыз, онда сіз тау қопара аласыз. 1941 жылғы қарашада Мәскеуді қорғаған жауынгерлермен де осылай болды. Аға лейтенант Бауыржан Момышұлы жалған қашу тәсілін қолданды. 41-ші жылғы 17 қарашада Матрёнино ауылында орналасқан, жаудың бірнеше шабуылын тойтарған рота жаудың минометтен жауға оғынан тым көп шығынға ұшырайды. Батальон командирі деревняны тастап қашуды бұйырды. Немістер қорғаушылар атысқа төтеп бере алмай асып-сасып кейін шегінді деп сенуі керек еді. Тіпті рота командирі Филимонов мұндай оғаш бұйрыққа бірден сенбеді. Оған бұл опасыздық сияқты көрінді: ол жау отының астында адамдарын жоғалтса да өз шебінде әлі де қарсы тұрған еді. Сонымен қатар, Матрёнино - дәл осылай аталатын станцияның жанындағы шағын деревня - тас жол мен теміржолды жабатын өте маңызды позиция болатын. Бұйрық бойынша немесе бұйрықсыз болсын оны тастап шегіну әртүрлі келеңсіз нәтижеге әкеліп соғуы мүмкін еді.

Сөйтсе де Момышұлы рота командирін бұйрықты орындауға «көндіруге» қол жеткізді. Темір жол үйіндісінің артына тығыла отырып, қызыл армия әскерлері - қатардағы жауынгерлер мен офицерлер – тастап кеткен деревняға немістердің қалай кіріп жатқанын бақылап отырады.

Қарсылас бүгінгіге жекпе-жек аяқталды деп санайды. Жау батальоны күзет қоюға аландамай, қаз-тауық аулаумен айналысып кетеді. Немістер үйлерге тарап кеткенше күтіп, кейін Бауыржан жауды деревнядан қуып шығаруды бұйырады. Комбаттың «Айдалы жоспары» толығымен сәтті болды: енді қарсы шабуылдарды күтпеген немістер алды артына қарамай қашты.

Осы эпизод Александр Бектің «Волоколам тас жолында» және «Артымызда Мәскеу», Момышұлының «Офицер жазбалары» сияқты бірнеше еңбекке енді. Кітаптардан басқа, аға лейтенант Бауржан Момышұлы бұл туралы баянат та жазды. Оны Бауыржан оқиғаның ізін суытпай жазады, құжатта ешбір жоспар (жалған қашу және аяқ астынан контратака жасау) туралы айтылмайды.



Момышұлының 1941 жылғы 16 қарашадағы күрес туралы баяндамасының үзіндісі
(сурет: РФ ҚМ ОМ)

Құжатта шайқас «Волоколам тас жолында» сипатталған күннен бір күн бұрын – 41-ші жылғы 16 қарашада болғаны және біршама өзгеше сипатта өткені туралы айтылады. Немістер «жаяу әскер батальонына дейінгі» күштерімен, екі танк пен миномет батареясының қолдауын пайдалана отырып Матрениноға сағат 12:00-де қарай келеді. Ал бір сағаттан кейін Филимоновтың 1-атқыштар ротасын 400 метрге ығыстырады. Немістер ротаны деревняға жақын жердегі орманға ығыстырып шығарады және одан әрі болған жағдайға қарағанда, олар шынымен босаңсып, деревняны тонаумен айналысып кетеді. Аға лейтенанты Момышұлының бұйрығымен қолданылған қарсы шабуыл енді неміс батальонын Матрениноны тастап кетуге мәжбүр етті. Олар панфиловшыларға әртүрлі олжа қалдырып қашты. Мұндай жағдайда Матренино үшін ұзақ шайқас болғаны, оның барысында батальон командирі әскери айла жасауды ойластырғаны түсінікті болады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Момышұлы өзін қаһарлы қазақ батырларының жауынгерлік даңқына лайықты мұрагер ретінде көрсетті. Бауыржан Момышұлының өмірі бүгінгі офицерлер құрамына, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлеріне әрқашан үлгі. Халық батыры және жазушы өз өмірін ғасырлар бойы әртүрлі мәселелерді сәтті шешіп, халықтардың басын қосып, тарихтың кеңістігі мен уақытын еншілеп алған халқына арнады. Өз халқының тарихын білу әрбір адам үшін қажет. Бірақ бұл әсіресе кәсіби әскерилер үшін керек, Бауыржан Момышұлы мұны жақсы білген.

Әдебиет

1. Назарбаев Н.А. В потоке истории. - Алматы: Атамура, 1999.
2. Назарбаев Н.А. Реформирование Вооруженных Сил - веление времени // Казахстан сарбазы - Воин Казахстана. - 1998. 20 янв.
3. Момышұлы Б. Психология войны. - Алматы: Казахстан, 1993.

4. Бакаев А.К. Защита Отечества (военно-исторический опыт: проблемы, противоречия и достижения). - Алматы: Ти-погр. ОП, 1996. - С. 194.
5. Акашева, С. "Вся жизнь его - пленительный дастан": [к 100-летию Бауыржана Момышұлы] / С. Акашева ; фото автора // Дружные ребята. - 2010. - 30 ноября (№ 48). - С. 3.
6. Бауржан Момыш-ұлы: признание подвига: 11 декабря 1990 года полковнику
7. Б. Момыш-ұлы присвоено звание Героя Советского Союза, посмертно // Простор. - 2000. - № 4. - С. 57-61.
8. Золотова, Л. А. О Баурджане Момыш-ұлы / Л. А. Золотова // Простор. - 2002. - № 7. - С. 124-125.
9. Полководец. Ученый. Писатель: Бауржан Момышұлы, 1910-1982: биобиблиогр. указатель / сост. Е. А. Астафьева. - Костанай, 2010. - 24 с.: портр.
10. Момышұлы, Б. Сборник произведений. Т. 17: Психология войны / Б. Момышұлы. - Алматы: Өнер, 2010. - 286 с. - (Үркер).
11. Момышұлы, Б. Сборник произведений. Т. 18. 1-я книга: Правда о войне / Б. Момышұлы - Алматы: Өнер, 2010. - 357 с. - (Үркер).
12. Момышұлы, Б. Сборник произведений. Т. 19. 2-я книга: Тысячи мыслей - тысячи сомнений / Б. Момышұлы. - Алматы: Өнер, 2010. - 312 с. - (Үркер).
13. Момышұлы, Б. Сборник произведений. Т. 25: Очарованные. [Письма. 6-я книга] / Б. Момышұлы. - Алматы: Өнер, 2010. - 312 с. - (Үркер).
14. Момышұлы, Б. Собрание сочинений: в 2 т. Т. 1. За нами Москва. История одной ночи / Б. Момышұлы. - Алма-Ата: Жазушы, 1986. - 302 с.
15. Момышұлы, Б. Собрание сочинений в 2 т. Т. 2: Наша семья: повесть, рассказы, выступления, статьи / Б. Момышұлы. - Алма-Ата: Жазушы, 1986. - 304 с.
16. Бектилова Д.Т., Даниярова А.Е. ДУХОВНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ НАРОДА И ПАТРИОТИЧЕСКОЕ СОЗНАНИЕ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ
17. Б. МОМЫШҰЛЫ // Международный студенческий научный вестник. - 2017. - №

ҚҰЖАТТА ҚАТТАЛҒАН ҚОЛТАҢБА

Сағындық Зейнуллаұлы

Жамбыл облысы мемлекеттік архивінің бөлім басшысы

*«Ақиқатты көкте құдай,
жерде архив қана айғақтайды»*

Б.Момышұлы

Архив кез-келген заманда стратегиялық маңызы бар объект болып табылады. Халықтардың өткенінен мол ақпарат беретін зор кеніш, шежіре, өшпеуге тиіс мұралардың көзі. Оның сансыз қойнауларына үнілер болсаң, талай беймәлім асыл қазыналарға жолығасың. Архивтегі деректер небір ұлы адамдардың өмірлері жайлы сыр шертеді. Ұлы империядан бастап, кішкене мемлекеттің өзі тарихын сақтап қалғысы келетіні анық. Қазақ халқы да тарихы мен мәдениетін, ғұрпы мен салтын атадан балаға мирас етіп қалдырды. Жазбаша мәдениет қазақ жерінде де болған. Кеңестік империяның шеңберінде бола тұра алғашқы архивтік нысан Бөкей ордасында болғандығы тарихтан аян. Салқынқанды саясаттың арқасында біздің көп тарихымыз жойылды. Оны іздеп табу әрине қиын. Алайда қолда бар құжаттарды сақтап, келешек ұрпаққа жеткізу архившілердің ендігі басты саналы міндеті.

Ұлттық тарих – рухани байлығымыздың өзегі. Ал сол тарихты жинақтап, сақтайтын әрі жариялайтын мекеме – архив екені айдан анық. Сондықтан да ұлттық сананы жаңғыртуда бүгінгі күні архивтердің рөлі ерекше екені айтпаса да түсінікті.

Архив тарихы облыс тарихымен сабақтас. Облыс болып құрылып, өз алдына жеке шаңырақ болғанға дейін оның құрамындағы елді мекендер Сырдария облысының, одан кейін осы аттас округтің, одан әрі Оңтүстік Қазақстан облысының құрамында болды. Ал Жамбыл облысындағы архивтер аудандық деңгейде ғана жұмыс атқарған. Коммунистік партияның өлкелік бақылау

комиссиясы 1933 жылдың 2-желтоқсанында «Әулиеата, Жуалы, Қордай, Мерке және Шу аудандарында архивтер құру туралы» қаулы қабылдайды. Кейіннен аталған архивтер Әулиеата атқару комитеті ауданаралық архив бюросына біріктіріліп, ол өз кезегінде Шымкент қаласындағы Оңтүстік Қазақстан облысының архив басқармасына бағындырылды.

Ал 1939 жылы облыс құрылғаннан кейін Қазақ Республикасының Ішкі істер Халық коимссараты облыстық басқармасының 1939 жылдың 22-желтоқсанындағы «Облыста архив бөлімін құру туралы» №1875 бұйрығына сәйкес жамбыл облысы бойынша архив бөлімі ашылды. Міне, осылайша облыста архив қызметі басталды.

Бүгінгі облыстағы архив қызметі елде қалыптасқан «шаң басқан архив» стереотипіндей емес. Күн сайын заман ағымына қарай жаңарып, қызметі түрленіп жатқан қызу тіршілік. Көзге көріне бермейтін, бірақ қоғам үшін маңызы алуан еңбек.

Қазіргі кезде бір ғана Жамбыл облысы мемлекеттік архивінің қорында индустрияландырудың, ұжымдастырудың және мәдени құрылыстың негізгі кезеңдерін айшықтайтын құжаттар баршылық. Сол құжаттардың негізінде соғыс тақырыбында біраз қалам тербелді. «Жеңістің өшпес шырағы», «Ерлік ұмытылмайды», «Жамбыл батырлары», «Мәңгілік ерлік», «Солдат жары», «Майдан хаттары», «Ерлік ескірмейді» атты тақырыптарда толымды, мәнді мағыналы еңбектер жарық көрді. Бұл кітаптарда жамбылдық Совет Одағының батырлары мен Даңқ орденінің толық иегерлері, Жамбыл жерінде жасақталған әскери құрамалар, соғыс жылдары жұмыс жасаған әскери госпитальдар, Жамбы жеріне көшіріліп әкелінгендер туралы жан-жақты нақты архивтік деректер енгізілген.

Отан үшін отқа түскен жамбылдық жауынгерлер аз болмады. Олардың арасынан ерлігі мен соғысу тактикасы арқылы ерекшеленіп даңқты батырлары, тыл еңбеккерлерінің ерен ерлігі, Бауыржан Момышұлындай дара қолбасшы шықты. Мәскеуді неміс басқыншыларынан қорғауда, Балтық жеріндегі қиян-кескі ұрыстарда батальон командирлігінен дивизия командирлігіне дейінгі майдан жолынан өтті. Қоршаудан шығудың және шабуылдаудың өзіндік шешімдері оны әскери қолбасшы ретінде танытты.

Қасиетті Әулиеата жері- ежелден еліміздің небір асыл ұлдары мен қыздарының туып-өскен қасиетті атамекені. Халқының адал перзенттері болған алдыңғы буын аталарымызды кеңінгі ұрпақ мақтан тұтады. Қан майданда қасиетті жерімізді аудан қорғау жолында теңдессіз ерлікпен ер атанған, мыңдаған қолды бастаған батыр-Бауыржан Момышұлының туғанына биыл 110 жыл толып отыр. Осынау мерейлі дата қарсаңында Жамбыл облысы мемлекеттік архиві де шет қалмай «Ер Бауыржан есімі ұмытылмайды» атты дөңгелек үстел өткізді.

Жуалы жерінде дүниеге келген ол қазақ халқының даңқын алысқа шығарған асыл перзенттердің бірі бола білді. Бауыржанның туған жері, өскен ортасы, ұшқан ұясы жайлы деректер мен дәйектер Жамбыл өңірінде жеткілікті. Облыстық архивте Бауыржан Момышұлының жеке тектік құжаттары сақталған. Сондай-ақ, батырдың 60 жасқа толуына орай атамекені Жуалы жерінде өткен кездесулерінен фото суреттері бар.

Ұлы Отан соғысының қаһарманның бірі, ержүрек қолбасшы, қазақтан шыққан тұңғыш әскери жазушы Бауыржан Момышұлының өлмес мұрасын саралап, тағы бір рет ой елегінен өткізу, жас ұрпаққа насихаттау керек екендігі анық.

Баукеңнің майдан жайлы естеліктерінен, қаһарманның өзі жайлы жазылған туындылардан соғыстың ауыртпалығын танып білуге болады.

Жамбыл облыстық мемлекеттік архивте батыр Баукең туралы мағлұматтар бар. Ұлы Отан соғысына дейінгі өмір жолына үңілсек, ол 1928-1930 жылдары бастауыш мектепте мұғалім, кейінірек Жуалы адандық атқару комитетінде жауапты хатшы қызметтерін атқарып, 6 ай уақыт милицияда жұмыс атқарғаны бар. Жауапты хатшы қызметінде іскерлігімен, тиянақтылығымен ерекше көзге түседі. Сол қызметінің бір бөлшегі архивте де сақталыныпты. Жуалы аудандық атқару комитетінің 1930 жылғы құжаттарының арасында аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы Бауыржан Момышұлының қолы қойылған құжат сақтаулы. Сарғайған, көне құжат анық болмаса да «Момышев» деген жазу айқын, әрі қолтаңбасы қоюлы. Бұл да бір тарих қойнауынан шерткен сыр. Құжатта қатталған қолтаңба.

Жылдар өтер, заман да өзгерер. Бірақ, Отан үшін отқа түскендер ешқашан ұмытылмауы тиіс. Баукеңнің өзі айтқандай олар отқа күймейді. Қайта биік бейнелері ерліктің алауындай асқақтай береді. Ежелден ерлеген халықпыз. Сол халықтың батыр ұлдарының ерлігі мәңгі өшпес, ұрпаққа өнеге, ұран екендігі ақиқат.

Бауыржан Момышұлы - Алаш идеясының алтын көпірі

Елен Әлімжан

облыстық тарихи-өлкетану музейі «Бауыржантану» орталығының қызметкері

Бауыржан Момышұлы қаруын қаламға айырбастап, екі ерлік жасады деп алғаш рет Кеңестер Одағының Батыры П.П.Вершигора айтқан еді оның біріншісі, әрине, соғыстағы ерлігі. Алматыда жасақталған 316 атқыштар дивизиясы мен оның Бауыржан Момышұлы басқарған батальонының даңқы 1941 жылдың күзі мен қысындағы Мәскеу түбіндегі шайқастарда қатты шықты. Бауыржан сол абыройын соғыс аяқталғанға дейін түсірген жоқ. Батальон командирлігінен дивизия командирлігіне, аға лейтенанттықтан полковник дәрежесіне дейін көтеріліп, атақ-даңқын одан әрі асыра түсті. Ал соғыстан кейін кейбір майдангерлер секілді естеліктер немесе деректі роман-хикаяттар жазумен шектелмей толыққанды көркем шығармалар жазып тағы таңғалдырды.

Бауыржанды бағалаған П.П.Вершигораның да өмір жолында да қазақ батырына ұқсастықтар бар. Мәселен ол да ұрысқа барлаушылардың жетекшісі ретінде кіріп, кейін партизан дивизиясының командирлігіне дейін көтерілген. Ал соғыстан соң жазған тамаша деректі шығармалары кәсіби жазушылардың назарына іліккен. Сондықтан да Бауыржан Момышұлының екі ерлігінің парқын білді. Бәлкім содан да қазақ батырының майдандағы ерлігі, ресми түрде лайықты бағаланбағанының орнын аз да болса толықтыру үшін де осылай деген шығар деген ой келеді кейде. Олай дейтініміз партизан құрамасының командирі П.П.Вершигораға генерал-майор шені мен Кеңестер Одағының батыры атағы берілді. Екі рет Ленин орденімен марапатталды. Ал Бауыржан Момышұлына Жоғары әскери академияны бітіргеннен кейін де генерал атағы берілмеді. Тіпті Ленин ордені де бұйырмады. Ұсынылмай қалған жоқ ұсынылды. Дивизия командирі И.Панфилов көзі тірісінде мұндай құжатқа ең алғаш 1941 жылы 7 қарашада-ақ қол қойған. Ұрысқа жаңа кірген Б.Момышұлының батальоны Кеңес әскері шегініп келе жатқанда керісінше жау қолындағы Середа деревнясына шабуыл жасап, Осташево, Становище деревняларын жаудан азат етіп, Красная Гора деревнясында кескілескен ұрыс жүргізіп, Ивановское селосын жауға бермей, табан тіреп жатып алып, тек белгіленген мерзімі біткенде ғана шебін тастап, қоршауды бұзып шыққан болатын.

Горюныда жаудың жолын бөгеп, тағы да қоршауда қалған батальонның ерлігінің маңызы да айрықша еді. Бұл ерлігін де ерекше бағалаған Панфилов Бауыржанды 15 қараша күні екінші рет Ленин орденіне ұсынады. Ал 16-20 күндері Горюны деревнясының түбінде Волоколам тас жолы мен Матренино темір жол бекетіне жауды жолатпай жатып алған батальонның ұрыстары бұрынғыдан да сойқан болатын. Осы шайқаста батальон немістің 600 солдаттының көзін жойып, 6 танкісін, 6 станокті пулеметін, 12 қол пулеметін, екі зеңбірегін жойып, «аса құпия» құжаттары бар жау штабының екі автомашинасымен қоса қолға түсірді.

Бұл қоршауды да Бауыржанның батальоны жеке құрамының денін сақтап тас түйін күйінде бұзып шықты. Бірақ, 19 қараша күні генерал Панфилов қайтыс болғандықтан да, сірә, қайғы үстіндегі штаб Бауыржанды марапатқа ұсынбаған болар. Ал көп ұзамай келген жаңа комдив Бауыржанды «Панфиловтың еркесі» деп тіпті қырына да алғаны байқалады.

Біздіңше Бауыржан Момышұлы басқарған полктің 31 қарашадан 8 желтоқсанға дейін Крюковоны қорғаған ерлігінің мәні өте-мөте зор болды. Өйткені бұл село Мәскеуден отыз-ақ шақырым жерде орналасқан еді. Оны жауға беру Мәскеуге жол ашып берумен тең болатын. Сондықтан да полк командирі Бауыржан Момышұлының ұрыс картасының Крюководан арғы Мәскеу жақ бөлігін жыртып тастап, «картаның бұл бөлігі керек емес, өйткені одан әрі бір адым да шегінбейміз» деген сөзінің әсері сол кезде Дубосеково разъезінде В.Клочков айтқан «Артымызда Москва, бұдан әрі шегінетін жер жоқ» деген сөзінен кем түскен жоқ. Клочков та, оның қасындағы 28 жауынгердің көпшілігі де сол ұрыста қаза болғандықтан бұл сөзді «тірілтіп, жан бітірген» жазушы-журналист Александр Кривицкий болатын. Ал Бауыржанның айтқан сөзін тірілтіп, ерлігін куәландырудың қажеті болған жоқ. Өйткені ол карта сақталып қалған.

Бұл айтылғандардың барлығы Бауыржанның ұрыстың алғашқы айларындағы ерлігі ғана. Алда сондай шайқастарға толы төрт жыл жатты. Әсіресе, немістер өз жеріміз деп есептеп, қамалға айналдырып жіберген Шығыс Пруссияны, демек Курландияны (Ресейдің қазіргі Калининград облысы) қорғаудағы Б.Момышұлы басқарған 9 гвардиялық дивизияның ерліктері оқырманға әлі толыққанды жеткен жоқ.

Ал енді осындай даңқты командирдің қандай жауынгерлік марапаттары бар дегенге келсек, ол жағы даңқына сай емес екенін көреміз. Рас, ол кісіні Серебряков деген дивизия командирі екі рет Кеңестер Одағының Батыры атағына ұсынған. Бірақ, аяқсыз қалған. Командирі ретінде Төлеген Тоқтаровқа, Мәлік Ғабдуллинге Кеңестер Одағының Батыры атағын беруге өз қолымен ұсыныс жазған Бауыржанға бұл атақ бұйырмады. Төрт жыл соғысқанда ол бар болғаны бір орден, бір медаль ғана алған. 1942 жылдың 6 маусымында Қызыл Ту орденімен, ал 1944 жылдың 1 мамырында «Москваны қорғағаны үшін» медалімен марапатталған. Оған 1945 жылдың 9 мамырында алған «Германияны жеңгені үшін» медалі мен сол жылдың 6 маусымында марапатталған «І дәрежелі Отан соғысы» орденін қосуға болады.

Енді екінші ерлігі жайында. Баукең жігіттік шағында-ақ ғашықтық жырлар, достарына, жерлестеріне арнау өлеңдер жазған. Оның алғы шептен жазған мақалалары мен өлеңдері, аудармалары майдан газеттерінде, «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда», «Қазақ әдебиеті» және басқа басылымдарда жарық көріп тұрған. Ал соғыстан кейін көптеген майдангерлерге ұқсап естеліктер жазумен шектелмей көркем прозаға қалам тартуы Баукеңнің шынында ерлігі еді. Демек, оның өлең құмарлығы көп қазақта болатын ет пен терінің арасындағы желік емес, болмысында бар қасиет.

Болмысында барлығынан да оның шығармалары майдан шайқастарын суреттегені үшін ғана емес, көркемдік деңгейі жоғары болғандықтан да жақсы оқылды. Оның заманында атақтары жер жаратын небір авторлардың соғыс тақырыбындағы роман-хикаяттары дүниеге келді Кеңестер Одағы бойынша. Бірақ солардың ішінен Бауыржан Момышұлын шығармалары мен ол туралы жазылған Александр Бектің «Волоколам тас жолы» романы бүкіл әлемді шарлап кетті. Жалпы Момышұлының прозалары қазақ, орыс тілдерінде 102 рет басылым көріпті. Сондай-ақ ағылшын, араб, бенгал, болгар, қытай, корей, латыш, литва, монғол, хинди, эстон, венгер, испан, неміс тілдеріне аударылыпты. Мұншама қайта басылған кітаптардың таралымы да осал болмағаны түсінікті.

Бұл енді кез келген жазушының қолы жете бермейтін жетістік. Сонда оның сыры неде? Меніңше бар мәселе соғыс тақырыбын жазуында емес, қалай және алдына қандай мақсат қойып жазуында.

Міне, осы жерде Бауыржан Момышұлының бұрын айтылмаған үшінші ерлігі шығады. Ол – Алаш идеясын қайта көтеруі. 1937-38 жылдары арыстарымызды атып тастап, олардың еңбектерін оқымақ түгілі аттарын атауға тыйым салған коммунистік-кеңестік билік ұлттық идеяны мүлдем басып-жаншыдық деп ойлады. Енді Қазақстан билігіне тек Мәскеудің айтқанын талқылауға салмай орындайтындар ғана отырады. Сондай кезеңде соғыс басталды. Сол соғыста көрсеткен ерліктері арқылы шыққан даңқы мен жиған беделін Баукең үй сұрап, тұрмысын жақсартуға емес, қазақтың жоғын жоқтап, мұңын мұңдауға жұмсады. Оның алғы шептен республика басшыларына жазған хаттары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов және басқалардың 1904 жылы Ресей Думасына жазған Қарқаралы петициясын еске түсіреді. Баукең өзінің ағалары секілді дін, шекара мәселесін сөз ете алмағанымен ана тілінің өрісін кеңейту, ұлт тарихын оқыту, салт-дәстүрлерді сақтау туралы көтерген мәселелері Алаш арыстарының хаттарымен мазмұндас. Баукең Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында мамандықтарына қарамастан қазақ тілі мен әдебиетін, тарихын оқыту уақыт талабы деп есептеді.

Қазақстан Компартиясы ОК-нің хатшысы М.Әбдіхаловқа жолдаған хатын ауыр жарақатына байланысты демалысқа Алматыға келіп кеткен соң жағдайды көзімен көріп, құлағымен естіп жазғандықтан ана тілінің мүшкіл халін нақтылы мысалдармен дәлелдейді.

Ал Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Н.Оңдасыновқа жазған хатында халқымыздың әдеті мен әдебінде үлкен тәрбие жатқандығын көрсетеді. Асық, жасырынбақ, жаяу жарыс, ақындар айтысы, көкпар, бәйге, аударыспақ, сайыс сияқты ұлттық спорттық ойын түрлерінің әрқайсысына жеке тоқталып сипаттама береді. Сөйтеді де бұл ойындардың жауынгердің ептілікке, тез ойлағыштыққа, тапқырлыққа, төзімділікке, тәуекелге, батылдыққа, барлығын жиғанда батырлыққа бастайтынын атап өтіп, оларды жандандыруды ұсынады.

Ал Мұхтар Әуезовке жолдаған хаттарында соғыс туралы жазылып жатқан шығармаларға пікірін білдіріп отырады. «Жазылып жүргендерінің көбі сол жазбаға жұмсалған қаражаттың жарты бағасына тұрмайтұғынын көріп-сезгенінде, іш қазандай қайнап тісті қайрайсың», – дейді. Мұқаңның Ә.Әбішевпен бірігіп «Намыс гвардиясын» жазып шыққандығы өте қуанышты, бірақ менің қауімім Әлжаппар дүмше молдасы құрғырдың осыдан жинап алған материалдарға толық түсініп, оларды Сізге айтып бере алды ма екен?» деп қауіп білдіреді (18.10.1942ж.)

Шығарманы оқып шыққаннан кейінгі хаттарында «кінәнің молы Әлжаппарға болса да» оның жетегінде кеткен Мұқаңа да біраз ескертпелер айтады.

Бауыржан Мұхтар Әуезовке жазған бір хатында (18.08.1942ж.) «Знамя» дейтін журналдан Александр Альфредович Бек дейтін жазушы қайтадан келіп, айтып бергін деп телміріп отырып алды. Зерікпестен бір жарым ай ілесіп жүрді. Жаман да болса, әйтеуір қағаз бетінде қалады ғой деген оймен мен оған бастан өткен соғыстардың барлығын Мәскеуге дейін толық етіп, әрбір соғысты 2-3 сағаттан баяндадым... Бек – үлкен жазушы емес, жақсы стенограф, айтқандарыңды айтқанша жазады, оның қасиеті сол» деп өзінің де қарап жатпағанынан хабардар етеді. «Намыс гвардиясының» бас қаһарманы Намысұлы (Момышұлының прототипі – Е.Ә.) полк командирі Капровтың көлеңкесінде қалып қойған деп ренжіген Баукең Александр Бекке егер сен менің батальоным туралы жазатын болсаң ондағы кейіпкерлердің аты-жөнін өзгертпейсің, әрі ол шығармаң «әскери көркем құрал» болуы керек деп шарт қояды. «Арпалыс» романындағы («Волоколам тас жолының» қазақша нұсқасы) Бауыржанның Намысұлы секілді орыс «ақылманның» (Панфиловтан өзге) көлеңкесінде қалып қоймауының, сондай-ақ Бозжанов, Рахимов, Исламқұлов, Мұхамеджанов, Танков сынды кейіпкерлердің де жарқырап көрінуінің басты себебі бас кейіпкердің осы шарттарында жатса керек.

Б.Момышұлы мен А.Бек арасында 1942 жылы ауызша, ал 1944 жылы жазбаша шарт жасалған. Бұл шартта автор мен бас кейіпкер өзара міндет бөліскен. Екеуінің арасындағы хаттарға қарағанда автор өз міндетін орындаған. Тіпті артығымен орындаған ба деп ойлайсың. Өйткені КСРО Жазушылар одағында романның жазылу барысы екі рет (1943, 1944 ж.ж.) талқыланды да шығарманың позициясын автор емес, бас кейіпкер Бауыржан Момышұлы баяндап, қорғаған.

«Көптің ой-пікірлерін, түрін, құлық-мінездерін байқап, басымыздан өткен тәжірибелерді қорыта ойлап, таразыға салып, олардан шыққан нәтижелі нәрселерді қорытып, көптің өзіне қысқа сөз арқылы жеткізіп отыруды өзімнің командирлік міндетімнің бір саласы деп таныдым» деп жазады соғысты алты ай батальон командирі, екі жыл полк, бір жыл дивизия командирі болып өткізген Момышұлы 1946 жылы.

Қазір «Соғыс психологиясы» деген атпен белгілі бұл жазбалары да әуел бастан оқу құралы ретінде жазылды. Онымен романын жазу барысында Александр Бек танысты. Демалысқа келген кезінде қазақтың зиялы қауым өкілдері мен «Мосфильм» қайраткерлеріне лекция түрінде оқып берді. Тыңдаушылардың арасында кейіннен «Қазақ солдаты» романын жазған Ғабит Мүсірепов те болды. «Соғыс психологиясы» жазушыларға ғана емес, әскерилер, жоғары оқу орындары үшін де көмекші құрал. Осы жерде біздің ойымызға Орынбор қаласында 1921 жылы 31 қаңтарда Қазақ АКСР Халық ағарту комиссары А.Байтұрсынұлының төрағалығымен өткен мәжіліс оралады. Онда көптеген Алаш зиялыларына мектеп оқулықтарын жазу міндеттеледі. Солардың ішінде мәселен ақын-жазушы М.Жұмабаев «Педагогика», Ж.Аймауытов «Психология», М.Әуезов «Жер жаратылысы» оқулықтарын жазып шықты.

Ғасырдың басындағы оқу-ағарту ісін қолға алып, ел рухын көтеру қажеттілігі соғыс кезінде де туындағанын Б.Момышұлы тереңімен түсінген сыңайлы. Сондықтан да бұл кезде Александр Бекке «Әскери көркем құрал» жазуды тапсырып, өзі «Соғыс психологиясымен» айналысқан. Өйткені мұндай құрал соғыс тақырыбына қалам тартатын нанталап жазушыларға ғана емес, командирлер мен жауынгерлерге, жалпы келер ұрпаққа керек еді. Майдандағы бұл әрекеттері Б.Момышұлының Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған қазақ әдебиетін ұйымдастырушы болғанын дәлелдеп қана қоймайды. «Міндетін кең түсінетін командирдің» Алаш арыстарының ісін өз мүмкіндігінше одан әрі жалғастыруға тырысқанын да көрсетеді. Майданнан ұлт мүддесін қорғаған батыл-батыл хаттар жазып, ал демалысқа келгенінде ұлттық рухты көтеру мақсатындағы дәрістер оқыған Момышұлын «современный Бөкейханов» деп атаған екен ұлтшылдықпен күрестің бір «қырағысы». Бұл теңеуде кекесін де, сонымен бірге сескену, шошыну да жатыр. Б.Момышұлының ұлт мүддесін қорғаған хаттары, жазбалары, лекциялары, тіпті «Соғыс психологиясының» да көзі тірісінде жарыққа шықпауы сол «қырағылықтың» әсері.

Сөйтіп, Коммунистік-кеңестік жүйе Бауыржан Момышұлының қайраткерлік жолын осылай қырықты. Соған қарамастан ол соғыс батыры ретінде де, жазушы ретінде де халықтың ең сүйіктісіне айналды. Оның баспасөздегі мақалаларында, сұхбаттарында, ресми емес мінбелерде (еңбек ұжымдары мен оқу орындарындағы кездесулерде, жол үстінде, қонақ үйлерде, демалыс орындарында) оның сөйлеген сөзінен ұлттық рух аңқып тұрды. Оның ұлттық құндылықтарды қастерлеу ұлттық мақтаныш тудыратыны, ал ұлттық мақтаныш ұлттық рухты көтеретіні, ұлттық рухтан жанқиярлық ерлік пен жасампаз еңбек туатыны туралы ұран-ойлары ұрпақтан ұрпаққа беріліп келеді.

Демек, қарапайым халық Бауыржанның бойында батырлық пен жазушылықтан да өзге бірдеңе барын білді. Бірақ ол «бірдененің» атын атап, түсін түстей алмады. Ал атын атап, түсін түстеуге тиісті советтік идеологтар «современный Бөкейханов» деп сескенген Бауыржанды «Алаш идеясының алтын көпірі болған қайраткер» деп өз атымен атауға енжарлық танытып келеді.

Сондықтан да Баукең күні бүгінге дейін соғыс батыры немесе жазушы деп қана насихаттауда. Ал сол батырлығы мен жазушылығының айбарын асырып тұрған Алаш идеясының алтын көпірі бола білген қайраткерлігі екені мойындалмай жатыр. Ал шын мәнінде оның батырлығы да, жазушылығы да Алаш идеясымен суарылғандықтан да қалың қазақтың жүрегі мен санасына ерекше әсер етті емес пе?

Солай, 1937-38 жылдары арыстарымызды атып тастап, олардың еңбектерін оқуға тыйым салып, Алаш идеясын біржола тұншықтырдық деген кеңестік-коммунистік жүйе қатты қателесіпті. Бауыржан сияқты ұлдардың арқасында Сталиннің заманында да, одан кейінгі Хрущевтің жылымығына дейінгі кезеңде де ұрпақ санасына жетіп отырыпты. Б.Момышұлының Қазақстан Жоғары кеңесі президиумының төрағасы, Министрлер кеңесінің төрағасы болған ұлтшыл азамат Жұмабек Тәшенов жайлы жазбалары, Қазақстан Компартиясы ОК хатшысы, Мәдениет министрі Ілияс Омаровпен жазысқан хаттары, академик Кәрім Мыңбаевпен және басқа азаматтармен қарым-қатынастары оның жалғыз болмағанын көрсетеді. Бұл өзі арнайы зерттеуді қажет ететін тақырып.

Б.МОМЫШҰЛЫ МҰРАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ НАМЫС МӘСЕЛЕСІ

Темірбай Мұқашев

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Ұлттық намыс мәселесі әр кездерде түрлі баспа беттерінде қылаң беріп қалып жатады. Әсіресе тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта намыс туралы жиі айтылатын болып жүр. Бұл заңды да. Себебі кеңестік кезеңде «ұлттық» мәселелердің қай-қайсысы болмасын айтуға болмайтын ұғымдар еді ғой. Сондықтан еріннің ұшымен ғана (оның өзі аса сақтықпен) айтып, көп адамдарға естірте бермейтін. Мәселен, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі тұмшаланып жатқан ұлттық намыстың сыртқа шығуы деп айтуға болады. Демек, Желтоқсан көтерілісі аяқ астынан бол қойған оқиға емес. Ол елдің бойында ондаған жыл жасырынып жатып, уақыты келгенде бұрқ етіп сыртқа шыққан ұлттық намыстың көрінісі.

Күні бүгінге дейін намыс сөзінің нақты анықтамасы жасалмаған. Оны әр адам өз түсінігінше айтып жүр. Мен диссертациямда мынандай анықтама беріппін: «Қазақ халқы- ерте заманнан ар, намыс сияқты қасиеттерді серік етіп келген халық. «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» деген халық даналығының өзі-ақ талай нәрседен хабардар беріп тұр емес пе? **Намыс** – ел басына алмағайып іс түскенде елдің басын біріктіріп, қиын-қыстау кезден құтылуға жұмылдырар, келешекке жетелер күштің негізгі компоненттерінің бірі. Намыс – биік мұраттарға жетуде адамды, бүкіл қоғамды алға жетелейтін рухани тірек. Ол тек жаугершілік заманда ғана емес, бейбіт күн кешу кезінде де керек». Бәлкім менің бұл жасаған анықтамама көптің ойынан шыға бермеуі де мүмкін.

Ал, танымал ғалым, этнограф Жағда Бабалықұлы былай депті: «Намыс – адам мінез-құлқының сыртқа тепкен рухани күші. Жеке бастың намысы, ұлттық намыс, елдік намыс, отаншыл намыс болуы керек. Адам ойының ашу-ызаға толы рухани күшінің бір аты намыс деген адам рухы қорланғанда табиғи рухтың күшке айналып сыртқа тебуі – намыс.

Ұлт қорланғанда оған ара түсуі – ұлттық намыс» [1. 195]. Намыстың бұл анықтамасы талай азапты басынан кешіп, талай ұлттық шектеу мен қысым-қорлықты көрген адамның аузынан әлдеқайда дәл шығатын тәрізді.

Дегенмен, ұлттық намысты ауызға алғанда кез-келген адамның есіне бірінші кезекте Б.Момышұлы түсетіні анық. Неге? Себебі үш жүз жыл орыс империясына бодан болған кезеңде, әсіресе, кеңес өкіметі тұсында Б.Момышұлы мұрасында ұлттық намыс ұғымы ашық, әрі терең көрініс тауып жатады. Оның үстіне М.Әуезов соғыс кезінде Б.Момышұлыға арнап драмалық шығарма жазғанда оның атауын «Намыс гвардиясы» деп атауының өзі неге тұрады. Осы туындыдағы Намыстың өмірдегі прототипі Момышұлының өзі емес пе еді. Демек, ұлы қаламгер

батырдың бойындағы ұлттық намыс сипатын аңғарғаннан кейін ғана оны көркем шығармаға көшіргенде Намысұлы деп атуы көркем кейіпкер мен шынайы кейіпкер арасындағы рухани сабақтастықтың себебінен деп түсінген дұрыс.

Бір ғажабы Б.Момышұлы намыстың нақты анықтамасын жасаған емес. Бірақ ол өзінің көркем туындыларында, естеліктерінде адам бойындағы намыс қандай болмақ керек екендігін мысалдармен, нақты оқиғалармен суреттейді. Ал өзінің мақал-мәтелдерінде намыс жайлы ойларын ұрпақтың бойына шым-шымдап сіңіріп отырады. Мәселен, «Намысты нанға сатпа», «Намыскер емес адам – ерлік жасауға қабілетсіз», «Ердің туы – намыс», «Ар-намыс анасы – тәрбие», «Намыстының намы зор», «Ұят – намыстың сезімі» т.б. Б.Момышұлының қанатты сөздері де, мақал-мәтелдері де, көркем туындылары да нақты өмірден алынған. Яғни өмір мен өлім белдесіп, намыс пен намыссыздық жаға жыртысқан уақыттарда ұлт қайраткерінің таным-түйсігінің жемісі. Сондықтан онда жасандылық жоқ. Нақты өмір бар. Ал, мұндай көңіл толқынының тебіренісі адам жанына анағұрлым жемісті әсер ететіні сөзсіз.

Бірінші кезекте, ұлттық намыстың өзі бойымыздағы көптеген қасиеттермен сабақтасып жататынын аңғаруға болады. Өйткені «намыс» ұғымы да «бақыт» ұғымы тәрізді, нақты анықтамасын жасауға мүмкіндік жоқ. Абстрактілі ұғым. Байқауымызша ұлттық намысты тудыратын, күшейтетін, қайрайтын ұлттық қасиеттер болады. Осы қасиеттердің арқасында ұлттық намыс оянады, пайда болады, қайралады тағысын тағылар. Сондықтан ұлтымыздың бойында ықылым заманда пайда болып, ғасырлар бойы ана сүтімен бойымызға сіңген ұлттық қасиеттеріміз неғұрлым шымыр, таза, өзге ұлттардан ерекше оқшауланып сезіліп тұрса ұлттық намысымыз соғұрлым күшті болады. Ол үшін не істеу керек деген сауалға жауап табу үшін Б.Момышұлының мұраларына үңіліп көрелік.

Б.Момышұлы өзінің мұраларында ұлттық мақтаныш туралы көп айтады. Мәселен, бір сөзінде: «Ұлттық мақтаныш – ұлт ішіндегі жеке адам үшін мызғымас әрі қасиетті заң. Кімде кім өз ұлтын құрметтеп, оны мақтаныш тұта алмаса, ол сөзсіз тексіз, қаңғыбас адам», - депті [2.125]. Иә, ұлттық мақтаныш ұлттық қасиеттерімізді тірілтіп, асқақтатып, көкіректе ерекше сезім оятатын күдіретті күш. Біле білген кісіге мақтаныш пен мақтаншақтық өзара ұқсас болғанымен табиғаты жағынан бөлек ұғымдар. Мақтаншақтық не нәрсе болса соған мақтанып, өзін өзгелерден асқақ ұстап, парасаттылықтан алыс тартатын мінез түрі. Оны заманында дана Абай ерекше жамандағанын білеміз. Ал мақтаныш дегеніміз тіптен бөлек. Ұлтының бойында кездесетін ерекше қасиеттерін, ешкімге ұқсамайтын жетістіктерін т.б. көңіліне тоқып, сол арқылы өзі де ерекше қанаттанып жауының алдында кеудесін асқақ ұстауы мақтаныш деуге болады. Кейде ұлтынан шыққан дарынды, батыр, қайраткер ұлдар шығатын болса ол да мақтаныш ұялатады. Сондықтан Б.Момышұлы ұлттық мақтанышқа ерекше мән берген. Мұның сыры неде болуы мүмкін? Оны біз мынадан байқаймыз.

Біріншіден, 316-атқыштар дивизиясы қазақ жерінде жасакталғанымен көп ұлтты құрама. Оның құрамында бірнеше ұлттардың өкілдері болды. Сол тәрізді Б.Момышұлының да батальоны көп ұлттан тұрды.

Екіншіден, Б.М.Момышұлы ұлттың арғы-бергі тарихын терең білді. Жастайынан қазақтың батырлық жырларын жаттап өсті. Өзі де әр уақытта Ақментей атасының батырлық істерін көкірегіне құйып өсті.

Үшіншіден, миллиондаған адам қатысқан қан төгіс соғыста Б.Момышұлы қазақ сарбаздарының ерлік істерінің түп тамыры ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан ұлттық намыста жатқандығын зерделеп білді. Сондықтан ол әр уақытта намыс мәселесін кең ұғымда таратып отыратындығын байқаймыз.

Мәселен, батыр «Соғыс психологиясы» атты әйгілі еңбегінде сарбаздың бойындағы жоғары сезімдер деп мыналарды атап өтеді: «Парыз, адамгершілік, ержүректілік, ерлік, батырлық, қаһармандық және т.б.». Енді осы қасиеттерді намыс ұғымымен сабақтастыруға бола ма? Тіпті жоғарыда аталған қасиеттер намыстың негізгі компоненттері десек қалай болар екен? Олай деуімізге негізгі себеп, Б.Момышұлы намыс туралы ешнәрсе айтпайды (мақал-мәтелдерінде болмаса). Иә, көркем туындыларында ол түрлі оқиғалар барысында ерлік көрсеткен, қорқақтық танытқан сарбаздары мен қарулас серіктерінің жасаған айла-шарғыларын баяндап отырады. Бірақ бұл жерде намыс жайлы еш нәрсе айтылмаса да кез-келген оқырман кейіпкердің істеген әрекетіне орай оған намысқой, болмаса намысы жоқ деген бағаны беріп жататыны анық. Өйткені жасаған әрекеті оңды болса оның бойында жоғарыда аталған қасиеттер бар болып шығады. Ал оған қарсы болса қандай қасиеттер орын алуы тиіс. Бұған Б.Момышұлы төменгі сезімдер деп айдар тағып, оған мына қасиеттерді жатқызыпты: «Опасыздық, ұждансыздық, үрей, қорқыныш, шошу және т.б.».».

Б.Момышұлы майданда жүріп, қарбалас соғыстан қолы қалт еткенде қолына қалам алып, елге хат жазудан жалықпаған жан. Б.Момышұлының көптеген шығармаларында «ұлттық мақтаныш» деген ұғым жиі ұшырасып отыратынын жоғарыда айтып өттік. Ұлттық мақтаныш дегеніміз не және оның қаншалықты қасиеті бар? Әрине өте күрделі сұрақ. Алайда батыр «ұлттық мақтаныш» тіркесін босқа қолданып отырған жоқ. Біздіңше ұлттық мақтаныш болған кезде ғана ұлтқа деген махаббат, сүйіспеншілік пайда болады. Өзінің ұлты үшін кеудесін керіп, өзгелердің алдында бойын тік ұстап, басын жоғары көтеріп жүретін ұрпақ қалыптастыру Б.Момышұлының басты мұраты болғандығы сөзсіз. Сондықтан ол «Социалистік Қазақстан» газетіне жазған хатында «Абай жолын» жазған М.Әуезовті, «Балуан Шолақты» жазған С.Мұқановты, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлуды» жазған Ғ.Мүсіреповті мақтап қана қоймай соларды ұлттың мақтанышына айналдыру керектігін айтыпты. Себебі қан майданда жүрген жауынгерлер жарты құрсақ аш болса да осындай шығармалармен, сол шығармаларды жазған қаламгерлермен мақтана отырып, сан рет ажалмен бетпе-бет келсе де тайсалмағанын тілге тиек етеді. Демек, батырдың ұғымынша осындай дарынды ұлдарының істегін ісімен мақтана білген ұрпақтың бойында ұлты үшін мақтаныш сезімі ояналды. Ал ұлттық мақтаныш оянған адамның бойында ұлттық намыс та оянады. Одан әрі батыр Қазақстан басшыларының бірі Ондасыновқа жазған хатында ұрпақ тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарымызды қолданудың қаншалықты қажет екендігін таратып, ой бөліседі. Майдан даласында жүрсе да ой түкпірінде жатқан салмақты пайымдарын ұсыныс ретінде хатқа түсіріпті. Ұрпақ тәрбиелеудегі сөздің (айтыс өнері), ұлттық ойындардың (асық, жарыс, жасырынбақ, көкпар, бәйге, аударыспақ, сайыс), әдет пен әдептің (үлкенді сыйлау, кішіні құрметтеу, адамгершілік т.б.) басты рөлін нақтылап көрсетеді. Сөйте келіп, ел тарихында дараланып көрінетін батыр тұлғалардың есімдерін сөздің қисыны ретінде айтып өтеді. «Подвиги славных джигитов Едиге, Кобланды, Бекета, Исатайя, Махамбета, Амангельды, Алпамыса и других должны стать традицией современных джигитов – ах, как жаль, что молодежь их мало знает!», - деп өкінішін білдіріпті. Батырдың өкініші орынды-ақ. Себебі бірнеше ғасыр өзге елдің боданында болған қазақ елінің хал-ахуалы көңіл толарлықтай емес еді. Тілі, салт-дәстүрі, ұлттық ұстанымдары, ұлттық рух біршама талқыға түскен кеңес дәуірі тұсында ғасырлар бойы шыңдалып, жетіліп келген ұлттық намыс та мұқалған кезі болатын. Б.Момышұлы айтып отырған ел тұтқасы болған Едіге, Қобланды, Бекет, Исатай, Махамбет, Алпамыс сынды небір жайсаң жандардың ерлік істері көмескіленіп, олардың орнын батыстық батырлар басқан еді. Кеңес дәуірі тұсында қазақ жастары ұлттық тәңірқұтыларынан гөрі батыстың батырлары мен қайраткерлерін танып өсті. Соларды мақтан етті. Ал ондай ұрпақтың бойында қайдан ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс болсын. Батыр осындай кері кеткен саясат үшін өзінің басын, атақ-дәрежесін бейгеге тікті.

Кез-келген адамның бойында ұлттық намыстың оянуына себеп болар өте маңызды қасиет, ұлттық рух пен ұлттық патриотизм екендігін Б.Момышұлы ерекше атап өтеді. Батыр былай дейді: «Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті – өз халқына деген сүйіспеншілігі, жеке адам өз халқымен қан жағынан да және шыққан тегі, территориясы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктері, қалыптасқан тарихи дәстүрлері жағынан да әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктерімен байланысты».

Шындығында да батырдың жоғарыда атап өткен негізгі көрсеткіштері тұтас ұлттың бойында болуы тиіс ұғымдар ғой. Әрі-беріден кейін осы қасиеттер мен таным-түсініктер болмаса ұлт деп атаудың өзі артықшылық болар. Кезінде ҚазССР деп аталғанымен де ұлтымызда батыр атап көрсеткен ұлттық нақыштарымыздың көбісі болған жоқ. Болған күнде де тек қағаз жүзінде болмаса шын өмірде болмағандығын білеміз.

Ұлттық намыс болмай ұлт дамуының өрістеуі неғайбіл. Б.Момышұлы осы аксиоманы өткен ғасырдың алғашқы жартысында-ақ білген. Сондықтан ұлттық намыс мәселесіне келгенде ол бейжай қарай алмайды. Оның әр сөзінде ұлттық намыстың көрініс тауып отыруы ұлтымыздың келешегіне деген алаңдаушылығынан тауындаған қастерлі ой-жемісі екендігі даусыз.

Әдебиет

1. Бегманов Қ. Этнографпен әңгіме. (көрнекті ақын, қаламгер Қасымхан Бегмановтың абыз, зерттеуші-ғалым Жағда Бабалықұлымен сыр-сұхбат). – Алматы: Дәстүр, 2010. -500 бет
2. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. Ауд. М.Қазбеков. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 400 бет.

Б. МОМЫШҰЛЫ ЖӘНЕ ТІЛ ТАҒДЫРЫ ТУРАЛЫ

Т. Жанкулов, З. Құламанова, Д. Кулбаева

Кешегі тарихта теңдесі жоқ, дүниенің астан-кестеңін шығарған сұрапыл соғыс жекелеген жекелеген адамдардың табиғат берген бірақ, ұйқыда жатқан, ерекше қабілеттерін оятып, қозғау салып іске асырған-ды. Бұл қоғамдық құбылыстардың темірдей қажеттілігінен дүниеге келген қасиеттер болса керек. Бұл мемлекеттің тәуелсіздігін қорғау мақсатында бойында бар қасиеттерді мүмкіндігінше сыртқа тепкізіп шығарып әділеттілікті, тәуелсіздікті қорғаған Сталин, Черчилль, Рузвельт сияқты қоғам қайраткерлері болса, ал әділетсіз расистік теорияны бір ұлттың екінші ұлттан артықшылығын дәріптеу арқылы, жаулап алу іс-әрекетінің өзегі еткен реакцияшыл бағыттағы Гитлер, Муссаллини сияқты басшылар болды. Қандай да бір құбылыс болмасын, оның екі жақтан тұратындығы-философияның бұлтартпас теориясы екендігі анық. Гитлершіл Германияның Совет Одағына тұтқиылдан соғыс ашуы, әділетсіз соғыстың бастауы болса, Сталин бастаған Совет Одағының қорғаныс соғысы әділеттілік, бостандық үшін күресу болды. Антигитлерлік - СССР, Англия, АҚШ одақ құрылды.

Гитлердің армиясы 507 дивизиядан тұрды. Егер салыстырар болсақ, антигитлерлік одақтың мүшелері: Англия мен АҚШ-тың екінші фронтты ашқанда Германияға қарсы 150 ғана дивизиясы болды. Әрине бұл келісім бойынша екінші фронтты 1942 ж ашудың орнына 1944 августа ғана ашты, ал бұл Черчилль бастаған Одақтың (Англия мен АҚШ) құйтыртқы саясаты еді. Қызыл Армия осындай алапат күшпен жалғыз соғысып, 1943 ж. Гитлер армиясының бетін қайтарып үлгерген кезі еді. Алғашқы кезде Отанын, жерін, елін қорғау оңайға түспеді. Әділеттілік үшін жан аямай күресу халық батырларын міндетті түрде алдыңғы шепке шығарды. Солардың бірі емес, бірегейі Б.Момышұлы болды. Оның ақыл мен қайраттан тұратын қайтпас батырлығы әлемге әйгілі болып үлгерді. Сол өткен ғасырдың 60жж. Совет Одағына визитпен келген Куба революциясының (социализм құрып жатқан АҚШ-тан 90 км. жердегі «Бостандық» аралының қаһарманы - Фидель Кастродан: XX ғасырдың геройы деп кімді айтар едіңіз, деп сауал тастағанда ол: «Куба жастарының кумирі Бауыржан Момышұлы деп есептеймін. Өйткені оның соғыс тактикасы мен стратегиясының авторы ретінде біз оның идеяларын мектеп оқулықтарына енгіздік», - деп жауап катады [1,100].

Бауыржан Момышұлының аса жауапкершілікпен, табиғат берген даналықпен, батылдықпен, тапқырлықпен орнатқан әскери бірегейліктің арқасында немістің қоршауын бес рет бұзып батальонын аман алып шығуы оған дейін тарихта болған оқиға емес-ті. Мұны Орталық баға жетпес ерлік деп бағалаған. Бұл немістердің Гитлер орнатқан темірдей қоршауын бұзып шығып әскерін шығынсыз алып шыққан командирлердің алғашқыларының қатарында еді.

Бауыржан Момышұлы әскери қимылдардың барысын ойлау, жоспарлау, тактика, стратегиясы ғылыми тұрғыдан бағамдау ауқымының кеңдігі, азулылығы, өткірлігі даңқты қолбасшы Г.К.Жуковқа да белгілі болады. Қолбасшы Г.К.Жуков туралы кейін Бауыржан Момышұлы былай еске алады:

Генштаб Вооруженных сил Советской Армии организовал стратегические учения по вопросу завоевания Балканских стран. Руководителем большого учения был Маршал Советского Союза Василевский. Последником от Главного командования (Сталина) был маршал Жуков. Командующим фронтом на главном направлении был назначен Маршал Баграмян. Я был назначен командующим 8-ой армии. эта стратегическая игра происходила не территории Южной Украины. В Умане меня вызвали в штаб фронта и доложить обстановку, командующему. На карту было нанесена возможные противники и наши силы. Мне было приказано доложить обстановку об операционном направлении Армии командующим мною. В армии было четыре корпуса. Взяв в руку указку, я докладывал свои соображения. Остановившись на одном из корпусов, я доложил: Я думаю, с этим корпусом ничего не выйдет. Баграмян лысый, усатый армянин страшно обозлился и самым грубым тоном бросил мне реплику:

- По вашему только вы думаете, а мы не думаем!

-Товарищ командующий, я докладываю маршалу Советского Союза Василевскому,- дедім мен. Баграмян көкпенбек болып кетіп, тағы бір нәрсе айтайын деп келе жатыр еді, Василевский өте мәдениетті, ұстамды адам екен:

- Иван Христофорович, подружитесь молчать,- деп айкайлап тастады. Содан соң маған қарап:

- Товарищ полковник, продолжайте,- деді.

Мен қанаттанып қалдым. Жуков жүр еді сонда, осының бәрін ол естіп тұр екен. Мына Құлый (Баукеңнің елі) енді не дер екен деп мені «сынап» жүргендей болды. Мен баяндамамды аяқтап, әрқайсысына бағамды беріп тұрмын. Үшінші корпусның жағдайына келгенде, Жуков мені сүріндіргісі келген болу керек. Сөзімді бөліп жіберді:

- Мұныңыз қалай, - деп тастады маған. Мен ойланып тұрған нәрсемен бөліп жібергеніне түрім бұзылып кетсе керек. Георгий Константинович Жуков соны сезе қойды. Ол кісінің бойы менен кішкене, бәкене еді. Менің қасыма келіп:

- Ты на меня обиделся?-деді.

- Полковникам на маршала обижаться не полагается. Жуков менің иығымнан қағып жіберді. Он был простым человеком.

- Тыфу, твою мать! Ты меня убил, - деді де, «Продолжай доклад»,-деп докладымды аяғына дейін тыңдады.

Содан кейін Василевский: «Доклад полковника обставленный и обоснованный. Как вы на это смотрите, Георгий Константинович»? - деп сұрақ қойды.

- Я тоже такого мнения, товарищ маршал - деп жауап берді Жуков. Баграмян көкпеңбек болып кетті. Жуков келіп тағы да арқамнан қақты. Айтқан сөзі: «Ты грамотный полковник, извини меня пожалуйста за неуместный упрек», - деп кешірім сұрады.

- Простите творищ маршал, ваша реплика для меня учеба!

- «Тыфу, ты опять меня убил»! - деді.

«Тегін адам таз болмайды дегендей», Баукеңнің маршалдармен терезесі тең адамдай пікір алысып диалог құруы, генералдық, маршалдық деңгейге көтерілуімен бара-бар болса керек. Мәселе, олардың маршалдық, генералдық регалиясында емес, мәселе маршалдық деңгейдегі, немесе одан да жоғары тұрған білім құндылығында болса керек.

Баукеңнің Сталинмен болған диалогында, оның орағытып қойған сұрақтарына тиянақты жауап қайтаруы кіші-гірім ұлттардан да тайсалмайтын батырлар мен даналардың шығатыны туралы пікірі Сталиннің ойынан шыққандай болған сияқты. Мұны Көсем мен Баукең бір толқынның жалында тұрған жоқ деп кім айтады [1,110].

Баукеңнің тегінің «ов», «ев»-пен аяқталмай «Момышұлы»-мен аяқталғаны көсемнің назарына ілікпеуі мүмкін емес еді. (Бұл басқа тақырыптың желісі болмақ).

Мұны отаншылдықтың интернационалдық символы және ерен үлгісі деп бағалау ләзім.

Гитлердің ұйғарымы бойынша Қызыл алаңға жетудің ең төте жолы Волоколам тас жолы деп жоспарлап жүздеген танклерін ромбы схемасымен осылай бағыттаған. Фельдмаршал Ясная полянадағы Л.Толстойдың имениясының соңғы этапынан Гитлерге есеп беріп: «Менің фюрерім! Бір секірістен кейін, 16км. жердегі Қызыл алаң неміс солдаттары мен офицерлерінің етігінің астында жатады», - деп көтеріңкі даурықпа дауыспен рапорт берді. Гитлер болса, «Біз Москваны алдық», - деп жер жаһанға жариялап үлгерді.

Москвалықтардың бойын үрей билеп, дүрбелең басталады. Тұрақсыз элементтер жиған-тергендерін қолына ұстап, бет алды қаша бастайды. Бірақ, дені сабырлылық танытып, «Сталин барда, не қам бар» деп Көсемге шексіз үміт артып орнынынан қозғалмай отыра береді. Бұл Көсемге дегендегі берілгендіктің, сенім артудың шынайы белгісі іспеттес еді. Осы бір сын сағатта Москваны қорғауды тапсырған генерал Г.Жуковқа, түнгі сағат екіде Сталин телефон шалады: «Жолдас Жуков, жүрегім сыздағаннан телефон шалып тұрмын. Коммунист ретінде бүкпесіз шындықты айтыңызшы, біз Москваны қорғап қала аламыз ба?»

Жуков өзінің «Естеліктер және ойға шому» деген кітабында осы бір тағдырлы трагедияға толы тағы сын сағатты есіне алып, былай дейді: «Көсемнің бұл сауалы төбеме жай түскендей болды, тілім күрмеліп, не дерімді білмей қалдым, біраз өзіме өзім келіп: «Жолдас Сталин, Москваны қорғап қаламыз деп ойлаймын» деп жауап береді. Кесіп айтуға тағы болмайды. Оның жауапкершілігі өте салмақты еді. Көсем тұтқаны қоя салды». Ұзын сөздің қысқасы, - өмір мен өлім белдескен шақта, жанталаста намыс пен қайратты қару етіп жауды Қызыл алаңға аяқ бастырмай, керісінше оны 50км жерге түріп, тастадық.

Кейін Жуковқа мынадай сауал қойылыпты. Соғыстың ең қиын кезеңін қалай сипаттар едіңіз?

-Москваны қорғап қалу! - деп жауап берген.

Аздап шегініс жасалық. Жоғарыда айтқандай, Москва тағдыры қыл үстінде тұрғанда, генерал Рокоссовский басшылық еткен фронт от пен оқтың өтінде тұр еді. Аталмыш фронттың қарамағында генерал Панфилов басқарған 316 атқыштар дивизиясы кіретін еді. Оның құрамы дені Орта Азия халықтарынан тұрды. Түркі тектес халықтардың Тұран даласын аса жанқиярлықпен қорғаған Шыңғыс хан, Жошы, Бати хан әскери жасақтары болып, соның ішінде қазақ-қыпшақтардың ерліктері ерекше көзге түскенді. Сондықтан да оттың өтіне Рокоссовский бастаған басшылар қазақтарды таңдау жағына көбірек ыңғайланса керек. Расында да ромбымен ентелеп келе жатқан жүздеген жау танкілерінің гусеницасының астына қойындарына салып алған танкі жарғыш бөтелкелерімен жата берген.

Нәтижесінде ромбының тұмсығында келе жатқан неміс танкілерін жарып, панфиловшылар жаудың бетін қайтарған.

Панфиловшылардың тосқауылының ядросының бірі болып, Б.Момышұлы басқарған батальон болған. Жан аямай қақсарып жауға қарсы ұран тастаған Колочковтың «Шегінуге жол жоқ, артымызда Москва» деген жалынды сөзі шабуылға дайын тұрған солдаттарға ерекше рух берді. Намыстан өрілген Б.Момышұлы әскерлерінің жеңіс үшін күресі, кіндік қаны тамған қазақтың жері, елі, тау-тасы, бауыр-қарындасы үшін жанын пида ететін кездің келгені Бауыржанның намысын қайрады. Әділеттілік үшін еселеп қайнаған патриоттық сезім, әділетсіз баса көктеп келген рухы төмен неміс солдаттары мен офицерлерінің мысын табанға басып, жауды жеңді.

«Біздің ісіміз ақ, біз жеңеміз», деген Көсем сөзін халқымыздың жүрегіне ұялатып, Жеңіске қол жеткіздік. Бүкіл әлем «Уһ» деп бір күрсінді. Әділетсіз ұстанымды мақсат еткен, бірақ өз бнкерінде атылып өлген Гитлерге Сталин былай баға беріп: «Собоке собачья смерть» деп бірақ қайырады. Ал Черчилль Сталинге былай баға берді: «Әлемде Сталинге тең келер тұлға жоқ. Күніге таңертең тұрғанда, оның денсаулығы мықты болса екен деп тілеймін. Әлемде бейбітшілік орнататын тек қана Сталин деп білемін» деген екен.

1943 жылы Сталиннің басшылығымен соғыстың беті қайтқандай болып Ұлы Жеңістің лебі сезілгендей болған кезде, Б.Момышұлындай ұлы тұлға халқының болашағы туралы көп ойға шомғанын байқау қиын емес.

Тіл - ұлттың өзегі екендігі, тілі өшкен халықтың өзі де өшіп кетуі мүмкін екендігі айдан анық байқала бастаған-ды. Соғыста жүргенде Одақты мекендеген кіші этностардың өкілдерінің орыс тілін білмей талай намыстарының тарих шайқағанын көріп естігенде, назарларының жердей болғанын көріп іштей тынатынының куәсі болды. Осындай кіріптарлық бағыныштан құтылатын күн туарма екен деп Баукеңді арман тербеген күндер мен түндер болғаны шындық.

Тәуелсіздіктің таңы қылаң беріп, атқанына 30жылдай уақыт болды. Мұны «Назарбаевтың таңы» деп айтуға әбден болады. Баукең империяның ноктасында мәңгі қалармыз деп іштей тынды. Мұз жастанып, су кешіп жүріп соғыстан, бір сәт уақыт тауып, елдің үлкен лауазымды басшыларына Н.Оңдасынов - Каз министрлер советінің председателі, Д.Қонаев Қ.Сатпаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ж.Ташенов т.б. хат жазып терең пікір алысты, ары-берісі 200-ден астам хат алысыпты.

Қаһарман, патриот жазушы қазақ тілін әлемдік кеңістікке көтеру, мәселелеріне кеңінен тоқталған. Еліміздің біртуар, қайталанбас ұлы жазушы отты жылдары халқына деген патриоттық сезімін, рухани қуатын бір толастатқан емес. Қазақтың тілі, салт-дәстүрі, мәдениеті, әдет-ғұрпы, мәңгілікке бағытталған құндылықтар екенін қастерлей біліп, оны жан-тәнімен сүйіп, паш етуде бір тынбаған.

Ол ел басшыларына жазған хатында, «Ежелгі атам заманнан бері тіл елдің мәдениеті, әдебиеті, өсіп өнуінің тіршілігінің, ғылымның өзегі іспеттес болды. Тілсізді хайуан дейді. Тілі кедей елді, мәдениетсіз, анайы надан халық ретінде санайды» деп тұжырымдайды.

Мемлекеттік тілдің еңсесін одан әрі қарай тіктеу үшін президент Қасым-Жомарт Тоқаев ағылшын тілін оқушыларға бірінші емес, 6 кластан бастап, енгізуге пәрмен жасады. Бұрында солай болатын. Осыдан кейін намысты қайрай білсек, мемлекеттік тілдің көсегесінің көгеретіндігі даусыз сияқты.

Оған Елбасы Н.Назарбаевтың: «Тілі өлмеген халықтың өзі де өлмейді, ол Мәңгілік Ел болуға құлаш сермейді» деп айтуы ұлттың рухын қуаттандырады. 1960 жылдардан бастау алған айтыс өнері халықтың рухани тынысын кеңейтіп дамуына серпін қосты. Сол бір жылдағы айтыста

қазақша ән шырқаған басқа этностардың өкілдерінің үні интернационалдық сипат алып, халықтың көңіл-күйін жарқыратқан-ды. Баукеңнің де арман тілегі осы арнаға ұштасқан-ды. Сол кезеңде белгілі суырып салма ақын, тегі орыс, жаны, дүниетанымы қазақ Надежда Лушникова Жамбыл, Шымкент, Қызылорда айтыскерлерінің сайысында маңдайы жарық етіп, сахнаға суырылып шығып, көрермендерді тамсандырған-ды. Ақындардың айтысы аяқталғаннан кейін қазылар алқасы ұйғарымымен, ақындарға жүлде таратылады. Әртүрлі бағалы заттар: шапан, кілем, сағат, т.б. беріледі. Осы жерде Б.Момышұлы да қатысып отырса керек. Айтыс соңынан түрлі марапаттар иелерін тауып, кезегі келгенде қазылар алқасының төрағасы Надеждаға ерлердің «Маяк» сағатын сыйға ұсынады. Осы мезетте залдың алдыңғы жағында отырған әлде кімнің саңқ еткен қаһарлы үні залды селт еткізді. Өтіп жатқан тапсыру церемониясына көңілі толмаған болу керек:

- Жоқ, Надя, бұл сағатты алмайды! Ұзын бойлы офицерлік киімдегі кара-сұр, қалың мұртты әскери адам орнынан тұрып, дауысы гүрілдеп батыл сөйлеп кетеді. Сөйтсе бұл Баукең екен:

- Менің ана тілімде асыл сөздерді маржандай теріп, жұрттың жүрегін тербеген шүйкедей сары қыз! – деді ол жұртқа Лушкинованы нұсқап. Зал сілтідей тынып, демін ішке тартып тына қалады.

- Сенің тіліңді біліп, сайрап, жәй сөзіңді сөйлей беретін орыс, неміс, өзбек, шешен, қырғыз толып жатыр-деді ол енді төрешіге қадалып. Бірақ сенің тіліңде өз тілінен артық білетін осы «Надеждадан басқа кімді көрдің айтшы кәне?

Кешегі Мәриям Жагорқызының жөні бір басқа. Дәл бүгінгі бас бәйге біздің тілімізде бұлбұлдай сайраған осынау кішкентай қызға берілуі тиіс! Сыйлық үлестіріліп болғаннан кейін, Баукең әйелі Кәмәш екеуі Надяны орталарына алып, зергерлік бұйымдар сататын дүкенге барады. Дегеннен тандап жүріп, «Лира» маркалы алтын сағатты сатып алады да, Баукең зергерге апарып оның қақпағына мынадай сөздер жаздырады: «Надя, шеберлігің үшін. Б.Момышұлы. 23.02.64». Сағатты Лушкинованың қолына тағып жатып, Бауыржан тебіреніп былай дейді: «Мұны саған Бауыржанның бергені емес, адал жүрек, асыл өнерің үшін қазақ халқының сыйлығы деп біл, үлгілісің, тақ қарағым» [1,117].

Тіл тағдыры - ел тағдырынан ажырамас, керек десе диалектикалық біртұтастықта өмір сүріп қалыптасады. Тіл халықтың рухани өзегі ретінде, қоғамның тұрақты даму өзегі ретінде оның философиялық, саяси, мәдени, әдеби, діни, юриспруденциялық т.б. салаларының бірімен-бірінің кірігіп байланыста болуын қамтамасыз етеді. Бұл қажеттіліктің ең күрделі, ең күретамырлы бағыты деп түсінген абзал. Былайша айтқанда, тілсіз қоғам, ұлт өмір сүре алмайды, «ұлттың дәйекті өмір сүруі неғайбыл» деген тәмсілге мысал келтірсек, Тәуелсіздік алғаннан кейін, 1993 жылы бізде алғашқы парламенттік сайлау өтті. Мемлекеттік тілдің мәртебесі туралы мәселеге келгенде, депутаттар екіге жарылып, тілдің тағдыры додаға түсті. Бұл елімізде титулды ұлт қазақтардан басқа жүзден аса этностардың қатар өмір сүріп келе жатқандығы байқалып қалды. Ал тағдырлы болып есептелетін тіл мәселесіне келгенде, бір тобы қазақ тілімен қатар, орыс тілі де мемлекеттік мәртебеге ие болу керектігін алға тартып, ұзаққа созылған пікірталас болды. Бұл дау-дамай қоғамның, ұлттың болашағына шешуші әсер ететін тағдырлы пікірталасқа айналды. Мәселе тек ғана қазақ тіліне мемлекеттік статус (мәртебе) беру керек екендігінің төңірегінде болды. Бұл мәселені ушықтырмай, біріздендіру мақсатымен бәрін тыңдап, залда өз креслосында отырған Президент Н.Назарбаевтың ызғарлы сөзі былай басталды: «Сіздер кімді басынып отырсыздар? Қазақтың ғасырлар бойына есесі кеткен халық, талай теперішті басынан кешіріп, ұтылып келген халық. Жер бетінен өшіп кетпеуі үшін ата-бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен қан төгіп, елін, жерін, суын, тауын, бұлағын қорғап, әзер дегенде Тәуелсіздікке қолы жеткен халықпыз. Табиғатында әрі батыр, әрі батыл, еркіндікті сүйгіш халықпыз. Оның соңғы тірегі - тіл. Бұл шашырамай ұлт ретінде мәңгі ел болу үшін ұлы қажеттіліктен туындаған үміт отын лаулатып жақтық. Әділеттіліктен туындаған дауыстарыңды дұрыстап беріңдер!»

Президенттің әділеттілікті жақтай қорғаған дауысы пәрменді шықты. Сөйтіп екіге жарылған мемлекеттік тіл туралы дау біртұтас болып, қазақ тілі мемлекеттік статусқа ие болды.

Шыны керек, бірақ тіліміз толығынан еңсесін тіктеді деп айту әлі ертерек сияқты. Ол уақыттың еншісінде болса керек.

Тілдің құдіреттілігін еселендірген Дағыстанның халық ақыны Расул Ғамзатов: «Ертең авар тілі өлетін болса, мен бүгін өлуге бармын!» деген. Бірақ Джавахарлал Неру Үндістан халқы Тәуелсіздік алғанымен өз халқы тілнің дәрежесін мемлекеттік хинди тіл статусына көтере алмады, өйткені ағылшын тәрбиесін көріп өскен топ ағылшын тілін ресми тіл болсын деген заң

кабылдатты. Нәтижесінде, ағылшын тілі хинди тілін жұтып тынды. Сол сияқты Перу, Латын Америкасы мемлекеттерінде испан отарлаушы тілі жергілікті халықтың тілін еңсеріп, испан тілі үстемдік құрды. Осындай әлемде тілдегі қиғаш әділетсіздіктер жетіп артылады. Зордың тасы өрге домалайды деген осы болса керек.

Тілін жоғалтқан халық өзін де жоғалтатыны айдан анық. Кезінде Қызыл империяның басшысы Хрущев та қазақ жерін экспанциялап, оны туған жер кіндігінен ажыратып, тілін жойып, жергілікті халықты Сібірдегі халықтар сияқты орыстандырып, түбегейлі тарих бетінен ығыстыруды жоспарлады. Мұндай қиғаш саясатты тікелей іске асыру тілдің тамырына балта шабудан басталды: Одақта жазылмаған заң бойынша кез келген Республикада жергілікті халықтың саны 25%-ке дейін төмендесе, ол Республикалық жеке субъект болудан қалады. Былайша айтқанда, Ресейдің құрамына кедергісіз еніп кетер еді. Біздің жағдайда қазақтың саны тың игерушілерді қосқанның өзінде де 27 % -тен кемімеді. Бұл дегеніміз, Хрущевтің құйтыртқы іс-әрекеті іске аспай қалды деген сөз.

Жығылған күреске тоймайды дегендей енді Хрущев Қазақстанның солтүстігіндегі астық қоры мол деп бес облысқа шүйлікті. Егер Орталық (Москва) әлімжеттік жасай қалған күнде халықаралық сотқа береміз деп сол кездегі Қазминистрлер Советінің председателі Ж.Ташенов Хрущевтан сескенбей қарсы тұрды. Нәтижесінде политбюродағы отырыстан Хрущев оңбай жеңілді. Бұл Орталыққа азуын көрсете білген Ж.Ташеновты қазақ халқы қаһармен деп төбесіне көтереді. Өйткені ол Қазақстанның біртұтастығын мәңгіге сақтап қалған ұлы тұлға болды. Б.Момышұлымен Ж.Ташенов ұлы тұлғалар ретінде есімдері тарихымызда алтын әріппен жазулы тұр.

Сонымен, ұлы державалық шовинизм кезекті рет әлсіздігін, заманының өтіп бара жатқанын танытты.

Қорытар болсақ, шованистік саясат ұлтты жұтып қоюдың басты амалы етіп, ғасырлар бойына қалыптасқан тілінен ажыратуға бар күшін сала берсе, ал тіл-ұлттың өзегі болғандықтан одан айырылып қалған халық ұлт болудан қалып әлемдік санаттан шеттетілетіні анық. Бұдан кейін тілдің салт-дәстүр, мәдениет, салт-сана секілді т.б. атрибуттары уақыт оздырып, олар да ұмытыла бастайды. Әлемде тілі өлім құшқан халықтар аз емес. Мысалы, бүгінде Сібір халықтары: чукча этносынан - 5, нивуктан - 4, юкатир – 2, айн-1адам қалған. Олардың этностық сырт пішіні ғана қалған, ал формасы – аты-жөні орысша- Соколов, Александр, Петров т.б. болып кете береді.

Бір заманда күдіреті тасып, Қытай империясын састырған қалмақ, жоңғарлар да тілінен адастырылып, жоғарыда біз айтқан күйді бастан кешуде. Кезінде 200 жылға созылған қазақ-жоңғар текетіресі соғысында қазақтар жеңіліс тапқанда, оның салдарының не болатынын көзге елестету қиын. Сондықтан намыстан өрілген, жеңісті қолдан бермеген, жеңілуді білмеген ата-бабаларымыздың әруағына мың да бір тәжім етеміз.

Әдебиет

1. Жаңақұлов Т., Құламанова З. Б.Момышұлы шығармаларының философиялық сарыны мен топонимикалық сипаты. –Алматы: «Арыс» баспасы. 2015. -344б.
2. Б.Момышұлы туралы естеліктер. Құрастырған Мырзахметов М. . – 2007. – 208б.
3. Момышұлы Б.М. 30томдық жинағы, – Алматы: Өнер, 2009.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТІК ЖОЛЫН АЙҒАҚТАЙТЫН ҚҰЖАТ

Найзабаев Әлімбай Аманбайұлы

*педагогика ғылымдарының магистрі М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
«Бауыржантану» ҒЗО-ның аға ғылыми қызметкері*

Бауыржантанудың негізін салған ф.ғ.д.,профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері Мекемтас Мырзахметұлы басшылық жасайтын «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығының жұмысы бір сәт те толастаған емес. Қайта Баукеңнің 100 жылдық торқалы тойы өткеннен соң да тың материалдарды мемлекеттік архивтер мен жеке адамдардың үй архивтерінен іздестіріп табу, орталыққа жинау, оларды жан-жақты зерделеп-зерттеу, мерзімді баспасөзде жариялау жұмыстары күннен күнге жандану үстінде.

Сондай жинастыру жұмыстарының барысында Б.Момышұлының 1930 жылдың 30 тамызында Жуалы ауданық атқару комитетінің жауапты хатшысы қызметінде болғандығын айғақтайтын төрт ресми құжат табылды. Табылған тарихи құжаттардың факсимиле күйінде түсірілген түпнұсқаларының фотокошірмесін газет оқырмандарына ұсынуды жөн санадық.

Бұл деректі құжаттарды өзінің жеке архивінде сақтап, оны өз ұрпағына аманаттап қалдырған 1929-1930 жылдары Жуалы ауданының милиция бастығы болып істеген Үсенбай Исмаилов (1897-1936) екен. Үсенбай Исмаилов - Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының тумасы. Исмаилов Үсенбайдың баласы - Пернебек. Біз Тұрмаханбетова Жанар Бердіуәліқызы арқылы Пернебектің келіні Гүлмира Алтынбекқызына хабарласып, Б.Момышұлының қолы қойылған бірнеше аса құнды тарихи құжаттардың көшірмесін ватсап арқылы алдық. Аса ұқыптылықпен сақталған бұл құжаттардың бәрі де Ү.Исмаилов пен Б.Момышұлының, Дүйсенғали Бурабаев пен бізге белгісіз Чеганың қызмет жолына байланысты. Табылған төрт құжат орыс тілінде толтырылып, бұрыштама мен мөр басылған. Құжатқа шығыс номері қойылып күні, айы және жылы көрсетілген. Ол құжаттарды шартты түрде былай деп атадық:


№ 1 құжат КУӘЛІК (машинкада басылған)

№ 2 құжат Анықтама (қолмен толтырылған)

№ 3 құжат Бұйрықтан көшірме (машинкада басылған)

№ 4 құжат Анықтама (машинкада басылған)

Біз мақаламызда солардың ішінен бір ғана құжатқа кеңірек тоталмақпыз. Ол – бірінші құжат. Онда: «КУӘЛІК. Осы куәлікті көрсеткен адам Жуалы аудандық милиция бастығы жолдас Исмаилов Үсенбайға демалыс мерзімінің аяқталғанынан кейін дәрігердің берген бюллетеніне (осы жылдың 1-ші қазанына дейін) сәйкес, 1-ші қазаннан бастап, 1-ші қарашаны қоса бір ай еңбек демалысы беріледі. Жолдас Исмаилов еңбек демалысын аяқтағаннан соң, демек 1-ші қарашадан кешікпей қызмет орнына келуге міндетті. Сол үшін қол қойып, мөр басып куәлендіріледі. Аудандық атқару комитетінің төрағасы (қолы) /Чеган/ Жауапты хатшы (қолы) /Б.Момышев/», - деп жазылыпты.



Куәлікке бұрыштама қойылып, мөр де басылған. Куәліктің сол жақ бұрышындағы бұрыштама (штамп) анық оқылады. Бұрыштамада араб әліпбиімен (төте) қазақша және кирилл әріпімен орысша жазылған мемлекеттік мекемені айғақтайтын жазулар бар. Араб әліпбиіндегі төте жазуды ТарМУ-дың журналистика факультетінің түлегі, ақын Көгедай Шәмерханның көмегімен оқып білдік. Онда: «Қаз.А.С.С.Р-РФ. Жұмыскер, еңбекші, қазақ диқан қара шаруалар уәкілдік кеңесінің Жуалы аудандық атқару Комитеті Сырдария округі» деп жазылыпты. Ал, кирилл әрпімен орысшасында: «Каз.А.С.С.Р-РФ Джувалинский Районный Исполнительный Комитет Рабочих, Трудовых Казахский Дехканских и Крестьянских Депутатов Сыр-Дарьинского Округа. «30»VIII.1930г. №2865. ст.Бурное.Ташк.жел.дор», - деп жазылған.

Куәліктің төменгі жағында елтаңбалы мемлекеттік мөр басылған. Онда: Араб әрпімен қазақша төте жазуда «Жуалы аудандық атқару комитеті, Сырдария округі Қаз.А.С.С.Р.» деген жазу бар. Оған қоса орысша: «К.А.С.С.Р. Джувалинск. Район. исполнит. Комитет. Сыр-Дарь. Окр. Россиск. Социал. Федерат .Совет. Респ. Пролетарий всех стран соедин.» - деген жазумен ортасында екі жағынан бидайдың бауымен көмкерілген орақ пен балғаның суреті бейнеленгенін анық байқауға болады.

Бір қарағанда бұл құнды құжат – жанды тірліктің жансыз дерегі сынды көрінгенімен, жіті үңілер болсақ, бір керемет ойға қалып, сол құжатпен тілдесуге, көп сырын айқара ашып, тіл бітіруге де болады.

Бұрыштама мен мөрдегі арабша, орысша қаріптерге назар аударатын отырып, әріптердің өзгеру тарихы еске түседі. 1929 жылға дейін түркі халықтарына ортақ Араб әліпбиінде жазған қазақ елі, 1929 жылдан 1939 жылға дейін латын әрпінде жазғаны белгілі. Ал, 1940 жылдан бастап кирилл (орыс) әрпіне еріксіз көшкенімізді еске алсақ, тарихтың түкпірінен сыр тартар бұл тарихи құжаттың көпшілікке белгісіз көп сырлары туралы да толғана жазуға болады.

Куәліктің төменгі жағында әлі жиырмаға тола қоймаған 19 жастағы Бауыржанның қолтаңбасына назар салыңыз. Бізге белгілі батыр Бауыржанның қолтаңбасынан сәл ғана айырмашылығы бар. Және тік жақшаның ішіндегі /Б. Момышев/ деген фамилияның өзі көп жайдан хабар береді. «Момышев» деп қол қойған жас Бауыржанның қолтаңбасына қарап отырып, әлі ұлттық санасы оянып, ой түсе қоймаған жылқы желі жиырмадағы Бауыржан көз алдымызға келеді. Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық санаға ой салатын «-ов, -ев» туралы мақаласын немесе кітабы қолына тимеген кеңсе қызметкері Баукеңді көреміз. Сөйте тұра сол жиырма жасында орысшаға өте сауатты, ісіне мығым, жауапты істің басында жүрген Жуалы аудандық Атқару комитетінің жауапты хатшысы Бауыржан Момышевті байқауға болады.

Бір қызығы, әлі еш жерден Баукеңнің Жуалы аудандық атқару комитетінде жауапты қызметте болғанын дәлелдейтін құжат пен фамилиясына "-ев" деген қосымшаның жалғанып жазылған туралы 695ан дейін бірде бір құжаттың кездеспегенін айтқымыз келеді. Тіпті, №2 құжатқа мұқият үңіліп қарасаңыз Бауыржан Момышевтің Жуалы аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін ("Председатель РИК") атқарғанын да көруге болады.

Бірақ Бауыржан ерте оянып, ойланып өзінің фамилиясына "ұлы" деген қасиетті қазақша сөзді тіркеп алуы 1932 жылдан басталады. Оны да айғақтайтын мұрағаттық құжат Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағатындағы Бауыржан Момышұлының жеке 1432 қорынан көрсе болады.

Ал, 1944 жылы сұрапыл соғыстың қан майданында жүріп қазақтың қайсар ұлы Бауыржан Момышұлы "-ов, -ев" туралы:

Пойми, мой хороший,
«Ұлы» это не форма,
Не редкость,
Не реклама торгаша...
«Ұлы» не «ев» и не «ов»
Приспешников ваших.
«Ұлы» - это символ непримиримости!

28.11.1944 г. Б.Момышұлы

деп жазған. Баукең «-ов, -ев»ті қазаққа күштеп тағылған «сырға» деп білген, және оған қарсы болған. Баукең – кешегі Алаш азаматтарының заңды жалғасы. Баукеңнің жоғарыдағы бір ауыз өлеңінің қазақшасы:

Қарағым, сен түсінгін
«Ұлы» деген түр емес.
Сиректік те емес,
Алдымшы саудагердің жарнамасы да емес...
«Ұлы» деген «ев» не «ов» та емес
Сойыл соғар сіздердің.
«Ұлы» - бұл ымырасыздықтың нышаны!

26.02.2014 ж. Аударған Ә.Найзабаев

дегенге келеді.

Қорыта айтқанда, Бауыржан Момышұлының екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі қызметтік жолын айғақтайтын бұл құжат – шежірелі-сырға толы тарихи құжат. Табылған құжат республикалық, облыстық, аудандық мұрағат мекемелері мен көпшілік ғылыми жұртшылыққа да, қалың оқырман қауымға да қажет деп білеміз.

БАУЫРЖАН АТАНЫҢ «ҚАЗАҚ ТІЛІ ТУРАЛЫ ПІКІРІН» ОҚЫҒАННАН KEЙІНГІ ТУҒАН ОЙЛАР

Дәуіржан Төлебаев

*журналист, «Ақиқат» ұлттық қоғамдық-саяси журналының Бас редакторы,
педагогика ғылымының магистрі*

Халқымыздың даңқты ұлы, қаһарман қолбасшы, ұлт қайраткері Бауыржан Момышұлының 110 жылдығына арналған М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығының ұйымдастырып отырған «Бауыржан Момышұлы: «Тәуелсіздіктің тарихы мен тағылымы» атты республикалық ғылыми-практикалық онлайн-конференциясының жұмысына сәттілік тілей отырып, баршаңызды осынау игілікті шараның өткізілуімен шын жүректен құттықтаймын! Менің баяндамамның тақырыбы: «Бауыржан атаның «Қазақ тілі туралы пікірін» оқығаннан кейінгі туған ойлар» деп аталады.

Бауыржан Момышұлының «Қазақ тілі туралы пікірі» деген қандай пікір дейтін азаматтар болса, алдымен айтарымыз бұл батыр бабамыздың 1944 жылы госпитальда (өзінің жазуы бойынша кеселханада) жатқанда Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Мұхамеджан Әбдіхалықовқа жазған хаты. Біз осы хатты бүгінгі күннің тұрғысынан қайта оқып, қадар-халімізге бағамдап көруге тырыстық.

Баршамыз жақсы білетіндей, Бауыржан Момышұлы әскери қолбасшылығынан, жазушылығынан бөлек қазақ тілінің нағыз жанашыры болып өткен бірегей тұлға! Сондықтан қазақ тілінің кешегі және бүгінгі һәм келешектегі толғаулы мәселелері жөнінде сөз қозғағанымызда Бауыржан Момышұлының тіл жайында айтқан ойларына соқпай кете алмаймыз. Өйткені ұлы тұлғаның тіл туралы айтқан ұлағатты сөздерінде ел үшін жаратылған перзенттің ұлтының аса зор құндылығына деген айнымас көңіл, берік ұстаным, ар тазалығы мен сана биіктігі жатыр десек, артық айтқандығымыз емес.

«Тіл маманы болмасам да, Алматыға келгелі орталық «Социалистік Қазақстан» газетін оқып, кейбір кейінгі кезде басылған қазақ тіліндегі кітаптарды желе-жорта қарап шығып, күннен-күнге ұлғайып бара жатқан шым-шытырық «тіл шұбарлығын» көзбен көре, құлақпен ести отырып, дәтім шыдамай жазайын деп отырғаным тіл мәселелері туралы» деген хатының кіріспе бөлімінде Бауыржан Момышұлы шым-шытырық шұбарланып бара жатқан тіл тазалығына аса алаңдаушылығын білдіретінін байқатады.

Жазушы тілді тек қана қарым-қатынас құралы ғана емес, «ежелден, атам заманнан тіл – елдің мәдениеті, әдебиеті өсіп-өніп, от басындағы үй тіршілігінен бастап, қоғам, халық, ел-жұрттың, жалпы мәдениеттің арнаулы құралы – ғылымның атаулы саласы» деп түсінеді.

Қаламгердің осынау ойларын сана сарабына салғанымызда, шын мәнінде, тілдің тұтас ұлттың сана-сезімімен, жан-дүниесімен терең астасып жатқандығын парықтай түсесіз.

Данқты қолбасшы хатының бір тұсында: «Тіл – адам баласының негізгі қасиеті» деген баға береді. Осы сөз маған терең ой салды. Қазір біз өкінішке орай, тілді қасиет деп ұғудан алыстап кеткендейміз. Тілді қасиет деп ұқсақ оның туын әрдайым биік ұстар едік, қадірін арттыруға, мәртебесін жоғарлатуға күш салар едік. Сондықтан Бауыржан атамыздың осынау сөзін санамызда қайта жаңғыртатын кез келген сияқты. Бүгінгі тіліміздің сипатына зер салып қарап отырсақ, бәрімізді де ойландыратын мәселе – тіліміздің тазалығы, тіліміздің сақталуы, тіліміздің көркемдік деңгейінің жылдан жылға төмендеп бара жатқаны. Әрине, бұған тілдің өзі кінәлі емес, сол тілді пайдаланушы, қолданушылардың тілге деген көзқарасының, жанашырлығының кемшін соғып жатқандығы деп түсінуіміз керек. Бауыржан Момышұлының «Қазақ тілі туралы пікірінде» ортаға салған мәселелері әлі де күн тәртібінде тұр, әлі де өзекті бола түсуде.

«Қазақ тілі ешуақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге жегізбегендігі мындаған жыл тарихында айқындалған емес пе еді? Барлық өткен заманның, халық тәжірибе-қасиеттерін, ғылыми мәдениетін, өнеркәсібін бойымызға тарата сіңіріп, жағдайға толық түсіндіріп, ұғындыра ел қатарына қосып, бізді бұл дәрежеге жеткізіп отырған алдымен тіл емес пе? Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе?» дейді жазушы. Ұлт қайраткерінің осынау пікірін оқығанымызда «Тіл және ұлт» деген ұғым көз алдымызға келеді. Әсіресе, «бізді бұл дәрежеге жеткізіп отырған алдымен тіл емес пе?» деген сөзі тілсіз ұлттың да дәрежесі биік болмайтынын меңзеп тұрғандығы.

Реті келіп тұрғанда айта кетейік, кешегі тарихта талай теперіш пен қыспақты көрудей-ақ көріп келген ана тіліміз 1989 жылдан бастап заңды түрде мемлекеттік тіл мәртебесін алды. Мемлекеттік тіл дейтін мәртебе қазақ тілінің өн бойына қан жүгіртті. Қазақ тілі қысымнан, кедергілерден құтылды. Бірақ, тілдің бағын жандыру ісіне барша қазақ бір үйдің баласындай кірісіп кетпеді. Өкінішке қарай, тілімізге біртұтас ұлт болып, лайықты дәрежеде көмектесе алмадық. Ісімізде шалалық, тілдік бірлігімізде ала-құлалық байқалды. Тарихта ұлы халық болсақ, ол бір жағы қуатты тіліміздің де арқасы еді ғой. Бағымызды жандырған, санамызды есейткен, жанымызды байытқан, сөзімізге сұлулық дарытқан шешен де көсем тілімізді – біріміз ұмытып, енді біріміз кемсітіп, біріміз жүре тындап, біріміз мүлде қажетсінбедік. Өз тілімізден гөрі өзге тілдер күштірек, мықтырақ көрініп, солай қарай ұмтылды. От ауызды, орақ тілді Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер сөйлеген тілдің әрін бұзып, қадірін кетірдік. Қаныш Сәтбаев бастаған бір шоғыр ғалымдар ғылыми еңбектерін жазған тілді ХХІ ғасырда бәсекеге қабілетсіздей көріп, техникалық, жаратылыстану пәндерінен алып тастадық. Аңсап жеткен тәуелсіздігіміздің басты нышаны – тіліміз еді ғой. Тіл қадіріне жетпегендер тәуелсіздіктің де қадіріне жетпейтіні анық.

Арғы тарихты есептемегенде, кеңестік 70 жылдың ішінде ұлтымыздың біраз бөлігі ана тілінен айырылыпты. Ана тілінде сөйлемейтін, ана тілін білмейтін тұтас буындар қалыптасып үлгеріпті. Олардың ұлттық санасы тәркіленіп, тілі мен ділі өзгеріске түсіпті. Кері қайтару, жүріп бара жатқан көштің басын ұлт тіліне қайта бұру мүмкін емес жағдайға айналыпты.

Кешегі коммунистік идеологияны алайықшы. Санамызға қандай тілді үйрену керек екенімізді мықтап сіңірді емес пе. Еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін ең алдымен қай тілді үйрену керектігін жақсы білді. Ол тілді меңгермесең, адам бола тұра, адам қатарына қосыла алмай қалуың мүмкін еді. Ұлтымыз өз тіліне жат көзбен қарай бастады. «Менің тілім ешқайда жарамсыз, не мектепте оқи алмайсың, не жоғары оқу орнына түсе алмайсың, не жұмысқа тұра алмайсың, партия қатарына алынбайсың» деген ой пайда болды. Шын мәнінде, тілден тілдің артықтығы не кемдігі жоқ. Құдай тағала, асылында, барлық тілді бірдей мүмкіндікпен жаратқан. Кез келген ойды кез келген тілде айтып, жеткізуге болады. Ой қуаты сияқты тіл қуаты да бірдей, біркелкі. Бір тілді екінші тілден артық не кем ететін қандай нәрсе десек, ол - идеология. Коммунистік идеология мұндай мүмкіндікті нәтижелі қолданды. Нәтижелі қолданғаны сонша – қатты өгіп кетіпті. Енді біз сол кезеңнің идеологиялық салдарымен күресіп келеміз. Ана тілін өзге тілге алмастырып жіберген ұрпақтар өсіп-өніпті, тұтас буындар қалыптасыпты. Тілдің бір қызық тұсы бар, ол – адамның санасына берік орнықса, жүрегіне ұяласа, діліне енсе, өз орнын басқа тілге оңайлықпен босата қоймайды. Тіл адамды меншіктеп алады. Егер бір адам өзге тілдің иелігінде кетсе, бұл тіптен қиын мәселе. Оқта-текте ұлттық намысы оянып, туған тілін үйренемін деп, талпынып шықпаса, басқа тілмен кеткені кеткен. Өйткені тіл адамның санасымен, жанымен байланысты дүние.

Демек, Бауыржан Момышұлының «бізді бұл дәреже жеткізіп отырған алдымен тіл емес пе?» деген ұлағатты сөзін санамызда қайта бір жаңғыртып, ой-зердемізден тағы бір мәрте өткізіп алсақ, тіліміздің бүгінгі қалыптасып отырған жағдайын шынайы сезініп, басқаша ой-тұжырымдарға келер ме едік.

Жазушы «Қазақ тілі туралы пікірінің» бір тұсында Сахарова дейтін орыс әйелінің «қазақ тілі - кедей тіл ғой, ойынды да жеткізе алмайсың» деген пікіріне қапаланып қалғанын және ол пікірінің дұрыс еместігін дәлелдеуге тырысқанын айта отырып, еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің сондай ұғым тудыруға алдымен өзіміз жазықты екенімізді атап өтіпті. Бұл да мәнін жоғалтпаған құнды пікір. Сахаровамен өрбіген сұхбатта айтылғандай мысалды басымыздан өтіп жатқан күнделікті өмірде көріп жүргенімізді жасыра алмаймыз. Еліміздегі өзге ұлт өкілдері тарапынан тілімізге деген салқындылық, бейтараптықты әлі де болсын сезінеміз. Осындай мәселеде бізге Бауыржан Момышұлының азаматтық ұстанымындай ұстаным жетпей жатыр ма деген ой келеді. Мұндай ұстанымның мәні неде? Ол – еліміздегі өзге ұлт өкілдерінің шамамыз келгенше қазақ тілінің бай тіл екенін, әлемдегі ешқандай тілден кем еместігін түсіндіріп жүруімізде. Бұл жағына келгенде көбіміз үнсіз қала беретініміз жасырын емес. Бауыржан атамыз тілімізге жасалған көпекөрінеу, орынсыз қиянатқа шыдай алмайтын жан болғанын оның осындай хаттарынан байқаймыз. Тіл үшін табанды күрес, биік азаматтық ұстаным, биік рух, қажымайтын, талмайтын жігер болғанда ғана біз өзге ұлт өкілдерін ғана емес, бүгінде өз тілін ұмытып кеткен қарақөздеріміздің де дұрыс көзқарасын қалыптастыра аламыз.

Бұл жолда Бауыржан атамыз кесіп айтар, батырып айтар мықтылығымен де көзге түскен. Мысалы, «Осы таңда қазақ тілін «дөрекі, икемсіз, топас, кедей тіл... Онымен айтайын деген ойынды, пікіріңді еркін айта алмайсың...» деп дұрыс бағаламай, жала жауып, теріс зиянды жағдайдың құлдығында жүрген ұғымсыз, жалқау, «дүмше молда дін бұзардың» кебінін киіп, сәлдесін орап, тіл бұзушы азамат, азаматшалар да жүгенсіз, арсыз топастар да қазақ арасында молайып келе жатқанға ұқсайды (дәлелді Алматының әр көшесінен табуға болады). Ащы болса шындық. «Сөз сүйектен өтеді» дегендей, кей-кейде тіл жайында ешкімге әсер бере қоймайтын тәтті сөз айтқаннан гөрі, шындықты шымбайға батыра айтқан АҚИҚАТ сөздің де пайдалы болатынын Бауыржан Момышұлы хатының мысалынан байқаймыз.

Әрине, біз бұл орайда хаттың толық мазмұнына тоқталғалы отырғанымыз жоқ, десек те, ондағы тұжырымды ойлардың (ал ондай ойлар өте көп) бірқатарына ғана тоқталуды жөн көрдік. Әйтпесе, хатта жазылған мәселелердің ауқымдылығы мен өзектілігі сонша, оны бір ғана мақаланың көлемінде қарастыру мүмкін де емес.

«Осы кезде аздап орысша білгеніне мәз болып, төбесі көкке жеткен, ана тіліне көңіл бөлмей, оны әліне қарамай менсінбей, не орысшаны, не қазақшаны дұрыс сөйлей алмай, балдыр батпаққа бөленіп жүрген келбетсіз тіл азғынын, масқараларды Алматының жауапты деген қазақ қызметкерлерінің арасынан да кездестіруге болады» деп жазады Бауыржан Момышұлы. Ардақты тұлғаның бұл пікірін мемлекеттік тілде сөйлемейтін, сөйлеуді жөн санамайтын шенеуніктерімізге, лауазымды тұлғаларымызға дөп келіп тұрғандай. Олардың ішінде мыңдаған шенеуніктер бар, миллиондаған мемлекеттік қызметшілер бар. Қазақ тілін білмейтін лауазымды тұлғаларға «Мемлекеттік тілді қашан меңгересіз?» десеніз: «Мемлекеттік тілге қарсы емеспіз. Мемлекеттік тіл дамуы керек, болуы керек. Келешекте үйренерміз. Әзірге жұмыс көп болып жатыр...» деп жауап қатады. Қазақ тілін бес айда, бір жылда үйреніп аламыз деген талай министрлерді, әкімдерді, депутаттарды көрдік. Қысқасы, мемлекеттік қызмет саласындағылардың ішінде өзі жұмыс істеп отырған мемлекетінің тілін білмейтіндер пайда болды. Оны айтасыз, алдына келген қазақша хатты орысшаға аудартып оқитын басшылар да бар. Лауазымды шенеуніктердің өзі мемлекеттік тіл мәселесіне атүсті қарайды. Басшылар сөйтсе, қарамағандағылар да соның ыңғайымен жүреді. Бір өкініштісі, мемлекеттік тіліміз басшылық қызметтегілердің қағаздан қарап оқитын тіліне айналып кетті. Қазақ тілін үйренуім керек, білуім керек деген түсінік саналарына кіріп шықпайды. Жалпы, халыққа қызмет көрсететін шенеуніктердің мемлекеттік тілді білмеуі – қазақтілді қауымның құқығына нұқсан келтіретін мәселе. Мәселен, мемлекеттік тілді білмейтін шенеуніктер қарапайым халықпен жұмыс істей алмайды. Керек десеніз, олардың не айтып тұрғанын да түсінбейді. Бауыржан Момышұлының жоғарыдағы аталы сөзін өз тілін қадірлемейтін шенеуніктердің қаперіне жеткізе отырсақ та, артық болмас еді.

Бауыржан Момышұлы бірқатар «көсемдердің» немере-шөбересі қазақ тілін ана тілім деп танымайтынын, қазақша дұрыс сөйлеп, жазып, оқып өсуді міндетім деп білмейтінін де сын садағына іліндіріпті.

Жасыратыны жоқ, ұлттың ұлт болып ұйысуы көп жағдайда оның тілі мен ділінің, салт-дәстүрінің бекемдігіне байланысты. Ал осы аталған құндылықтарды қалыптастырып, негіздеуші рухани бастаулар отбасылық тәрбиеде жатқандығы сөзсіз. Бұл отбасылық тәрбиенің адам өміріне әсер ететін тікелей ықпалын көрсетсе керек, өйткені отбасы мүшелері қай тілде сөйлеп, қай тілге көбірек басымдық берсе, жас ұрпақтың тілі де, дүниетанымы да солай қарай қалыптасып, дамымақ. Мұны ерекше айтып отырған себебіміз, осындай құндылықтардың қалыптасуына себепші болатын отбасындағы ата мен әже тәрбиесінің орны ерекше.

Біз бұл орайда өз немерелерімен, шөберелерімен қасиетті ана тілінде емес, орыс тілінде сөйлесетін қазақтың ата, әжелері аз емес. Күнделікті өмірден көріп жүргеніміздей, немересіне «внучок», «внук» деп, қазақша біле тұра, өзге тілді қолданып, сол тіл арқылы сөйлесіп жүрген аталарымыз бен әжелеріміз баршылық. Бұл жайт, әсіресе, қалалық жерде көп орын алып отырғаны байқалады. Өкінішке қарай, тілі бала кезінен орысша шығып, орыс тілінің аясында өсіп-өнген қазақ жастары аз емес. Бұл Кеңестік кезеңнен орнығып, қалыптасып кеткен үдеріс. Ал оның рухани зардабын әлі күнге дейін тартып келеміз. Өйткені тілі қазақша шықпаған баланың ой-санасы, өмірге көзқарасы, дүниетанымы, ұлтқа деген ұстанымы, халықтық қасиеттерді бойына сіңіруі ойдағыдай болмайтыны түсінікті. Дүниеге шыр етіп келгеннен бастап, азамат болып ержеткенше ана тілінің әуезді үнін естімей өскен баланың шын мәнінде қазақ болып шығуы екіталай. Ал мұндай жағдайда сол баланың тілін қазақшаға икемдеуде атасы мен әжесінің алатын рөлі ерекше болуы тиіс емес пе? Бұл айтып, түсіндіруді қажет етпейтін ақиқат екені айдан анық.

Бір сөзбен айтқанда, Бауыржан Момышұлының Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Мұхамеджан Әбдіхалықовқа 1944 жылдың ақпан айында жазған «Қазақ тілі туралы пікірінде» ортаға салынған мәселелерді кеңінен қозғап, тарқата түскенде батыр бабамыздың хатынан осындай ойлардың жосығын, жиынтығын көреміз.

Сонымен бірге хатта қозғалған өзекті мәселенің бірі – тілімізге шеттен сөз ендіру жайы. Бұл орайда жазушы: «Шеттен сөз ауыспай тіл байымайды, бірақ та «Бояушы, бояушы десе, сақалын бояптының» кері келгенді байлық деп санау теріс, зиянды пікір, тілді байытам деген ақ адал ниеттің негізі ана тілін толығынан сақтап, жаңалықтарды үстіне қосып дамыту, таныту – әбден айқын, әр халықтың тарихында бар арналы жол-нұсқа» деп нақты тұжырымдайды. Осы тұжырымды назарға алу біздің бүгінгі терминолог ғалымдарымызға да артықтық етпейді деп білеміз. Бұл, әсіресе, «Шетел сөздерін қазақшаға аудару керек пе, әлде сол күйі қалдыру керек пе?» деген даулы сұрақ төңірегінде пайдалы болар еді.

Бауыржан Момышұлының «Кейбір аудандық орындар қазақ ауылдарына орыс тілінде қағаздар жазып жібере салуды күнделікті қызметтерінде әдетке айналдырған көрінеді» деген пікірі де әлі де көнермей келе жатқан өзектілігімен қайран қалдырады. Жасыратыны жоқ, министрліктер, ресми орындар бір-бірімен хат алмасқанда орыс тілінде жаза салуды ыңғайлы көріп тұрады. Осының өзі мемлекеттік тілдегі іс-қағаздар мәселесінің әлі де болсын күрделі жағдайда екенін көрсетеді. Тілге деген осындай көзқараспен біз оның көсегесін қалай көгертпекпіз? Сондықтан, ойландыратын, шешімін табуы тиіс сауалдар әлі де көп. Бұл ретте халқымыздың мақтанышы, біртуар перзенті Бауыржан Момышұлының «Қазақ тілі туралы пікірін» қайта оқып, ондағы айтылған аса үлкен мәселелерді бүгінгі тілдік саясатта батыл қолданып, қайраткердің аманат етіп қалдырған ой-пікірлерін жүзеге асыра білсек, ол кісінің әруағы алдында да, қазақ тілінің алдында да жүзіміз жарқын болар еді. Бауыржан Момышұлы өз хатында күрделі мәселелердің шешімін де жазғаны жайдан-жай емес. Мысалы: «Аяқ асты елеусіз болып кеткен қазақыландыру мәселесін алдымен қазақтардың өздерін тіл жөнінен тәртіптеуден бастап, барлық үкімет, кеңсе, ғылым, оқу, өндіріс, өнеркәсіп орындарында қайтадан әділдікпен көтеріліп, қолға алынуы жөн» дегенінің өзі неге тұрады. Мұндай мәселер хатта өте көп айтылған.

Хатының соңында: «Мен әскери адаммын, тіл мәселесі туралы араласарлық жөнім жоқ сияқты, бірақ та айтылған мәселелер халқымыздың жауынгерлік мінез-құлқын тәрбиелеу, салт-сана, ел намысы, ер намысы, адамгершілік арына, жауынгерлік мұра дәстүріне ерекше байланысты болғандықтан, көріп, біліп, сезіп тұра, айтпағанымды өзіме үлкен ар, кешпес күнә деп түсінгендігімнен жазып отырмын» деуі де туған ұлтын, ұлтының тілін сүйген, құрметтеген, құрметтеп қана қоймай, соның бүгіні мен келешегіне перзенттік риязсыз көңілмен адал қызмет еткен, табанды түрде күрескен, ірі пікірлері мен ордалы ойларын ешкімнен қорықпастан, именбестен айта білген, тіл тағдыры үшін ештеңеге де аянып қалмаған Бауыржан атамыздың өмірлік позициясы бүгінгі ұрпақтарға да, келешек буындарға да аса зор үлгі, ерекше ғибрат деп түсінеміз.

АБАЙДЫҢ АМАНАТЫ – ИМАНДЫЛЫҚ ӘЛЕМІНЕ БАҒДАР

О. Жарылқасынұлы

*«Төле би» қорының және «Рухани жаңғыру және Бауыржан Момышұлының мұрасы»
жобасының үйлестірушісі*

*Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев.
Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ
Баласында біз білетін ақын болған жоқ.
Ахмет Байтұрсынов*

Биыл хижра жыл санау жүйесі бойынша 1318 -жыл (??? Цифрді анықтау қажет).
Бұл шығыс күнтізбесі бойынша мүшел басы тышқан жылына тұспа тұс келді.
Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт биылғы жылы адамзаттың екінші
ұстазы атанған, ғұлама ғалым әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толуына және кемеңгер ақын
Абай Құнанбаевтың 75 жылдығын атап өту жөнінде тиістік қаулылы қабылдады.
Жалпы биылғы жыл білгендей еріктер жылы (год волонтеров) деп жарияланған болатын.
Елдің басына бұндай қиындық туып, халық коронавирус индетінен осынша күйзелетінін кім
біліпті.
Халықтың денсаулығын қорғау мақсатында елімізде сақтық шаралар қолдануда. Сондықтан
аталған тұлғалардың мұрасына арналған ғылыми конференциялар, басқа да адам жиналатын
шараларға тыйым салынуда.
Соған қарамастан Абайдың мұрасы халыққа қажетті нұрын шашуда. Себебі жер бетіндегі
тірлік рухани-имандылық заңдылығына сай өрбиді.
Мысалға еліміздің ең маңызды 2017 жылы сәуір айының 12-де қабылданған «Рухани
жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасына Абайдың Имани гүл аманатын тұжылымдама ретінде
қолданса ол бағдарлама тиімді жолға түсіп, нәтижесін, халыққа берер жемісін өсірер еді.
Мына короновирус індетін рухани дағдарыстың салдары ретінде қабылдап, қоғамның
әлеуетін рухани-имандылық мәселеріне жаратылса, қоғамдағы келеңсіз жағдайлар тамырынан
жоилар еді.
«Рухани жаңғыру» бағдарламасы орыс тіліне «Модернизация общественного сознания» деп
аударылыпты. Демек, бағдарламаның мақсаты қоғамдық сананы өсіру.
Ал Абайдың «Имани гүл» өсиет-аманаты де сана-сезімді махаббат арқылы қалыптастыруға
бағытталған. Әлемнің тіреуі махаббат екенін Абай сезіп, соған осы үш шумағы арқылы жол
ашқан.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тахқиқ деп біл,
Ойлан-дағы, үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына малың түгіл

Дін де осы, шын ойласаң, тағатта осы,
Екі дүние бұл тасдиқ хактың досы,
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мақтан, әуесқой – онан шошы.

Кемеңгер Абайдың «Имани гүл» деген аманаты Алладан басталғанында терең сыр жатқаны
ақиқат. Халықтың індетке қарсы тірлігінің бағдарламасының мақсаты әрі оның қозғауыш күші
осы «Имани гүл» өсиет-аманатында жатыр, яғни Аллаға, Анаға, Әділдікке деген махаббатында.

Абай адамзатқа аманат ретінде бүткүл мемлекеттің идеологиясын сидырыпты ғой. Бұл әседікке өрілген ақиқат жалпы әлемдегі барлық мемлекеттерге дайын идеология ретінде беріліпті ғой.

Алдымен Алланы сүй, сонан соң Анаңды сүй (Анаңды сүю арқылы бауырыңды сүйесің, ал мүмкіндігің болса адамзаттың бәрін сол бауырыңдай сүй), үшінші Әділдікті сүй дейді.

Осы үш сүюді Абай Имани гүл дейді, яғни Кәміл иман дейді. Осы үш сүю біздің дағдарысқа қарсы күрес бағдарламасының тұжырымдамасы болғаны шарт. Ал пайда, мақтан, әуесқойлық Имани гүлдің жауы. Қалай анық айтқан десеңші. Бүгінгі таңда біздің қоғамды тежеп, сыбайластыққа итеріп тұрған осы үш қасірей емес пе? Ел

Еліміздің президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 10 шілдедегі жиналысында мына коронавируспен арпалысқан кезді соғыспен теңеді. Беті аулақ болсын, соғыстан кейін туған қазіргі заманның адамы ондай қиындықты көрген жоқ, оны көрмей ақ қойсын, ол туралы тек кино, кітап арқылы ғана біледі.

Осы жерде аты аңызға айналған батыр, көрнекті қаламгер, ойшыл, данагөй тұлға Бауыржан Момышұлыны еске алуға тура келіп отыр. Себебі ол Абайды терең түсінген тұлғалардың бірі. Екіншіден Отан соғысының ең қиын майданында елді қорғаған. Сондықтан да ол имандылықтың арқасында соғыс езінде ерен ерлік танытса, соғыстан кейін қолына қалам алып ерлігін жалғастырды.

Ең ғажабы Бауыржан Момышұлы Абайдың Имани гүл аманатын ең жақсы орындаған ұрпақтарының бірі.

Алланы сүю

Баукеңнің әкесі Момыш бабамыз өте сауатты молда болған. Ол кісі кирилица алфавитін еркін игеріп, қазақша, орысша оқи білген. Баукең бала кезінен Құранның негізгі аят, сүрелерін жақсы білген.

1963 жылы Баукең Фидель Кастроның ресми шақыруы бойынша Кубада болған. Фидель Кастро өкінішке орай сол кезде Баукеңмен кездеспеген екен, сыртта болған көрінеді.

Баукеңді Куба елі космонавт Юрий Гагариндей жоғары дәрежеде қарсы алған, Баукеңнің жанында Кубада ресми бағдарлама бойынша Рауль Кастро жүрген.

Талай жерге бірге барған. Талай жолы сыр шертіп, жақын отырып сөйлескен екен.

Бір әңгіме үстінде Рауль Кастро Кубада Католик діні туралы сөз бастап, тоқтап қалады. Себебі Кубада дін ресми мемлекеттік саясатқа араласа береді екен сол кезде. Ал КСРО, яғни СССР-де ол кезде саясаттың басында атеистер тұрған.

Баукең Рауль Кастроның қысылғанын байқап, былай деп әңгімені жөнге келтіріпті:

- Каменданте, сіз қысылмаңыз. Себебі, біріншіден мен молданың баласымын. Екіншіден. Ия, мен коммунистпін, бірақ та Құдайға сенетін коммунистпін деп ашық шындықты жалтақтамай айтқан ғой.

Бұл жай туралы Баукеңнің «Куба әсерлері» деген кітабында баяндалады.

Ананы, бауырды жалпы адамзаттың бәрін сүю

Баукең анасынан үш жасында айырылыпты. Тәрбиені Қызтумас әжесі, әпкелері береді. Әжесінің ертегілерінен, аңыз әңгімелері, жалпы фольклордан жастайынан нәр алып өскен ғой.

Баукеңнің жеті ғана сөйлемге сидырған патриотизм туралы тұжырымдасмасы бар. Оның мәні мұнда: нағыз патриот өз халқын жанындай сүеді, сонымен қатар ол интернационалист ретінде елдің бәрін де сүеді:

«Патриотизмді «Мен Отанды сүйемін, ол үшін жанымды беремін» - деген сөзбен жеткізу мүмкін емес.

Өз жерін сүю нақты іспен дәлелденеді.

Ата-анасын сыйлайтын бала сабақты да жақсы оқиды, ол тәртіпті, еңбекқор, адал болып өседі. Бұл өте қажетті қасиеттер.

Менің өмірден тоқып түйгенім: Отанға деген сүйіспеншілік атан-анаңа, бауырларыңа, туып өскен ауылыңа, қалаңа, өз қлтыңа деген махаббаттан басталады. Өз ауылының тасын қадірлемеген, басқа ауылдың тауын да сыйлай алмайды.

Халықтар арасындағы достық осы сезімнен басталады».

Осы концепциясына үндесетін Баукеінің тағы бір сөзі еске түсіп отыр: «Нағыз патриотизм деген биіктікке шыққандай сезінетін таза сезім. Сол жерден интернационализм басталады».

Және хақ жолы осы деп әділетті

Баукең тарихта ақиқат пен әділдіктің символы болып қалды.

Демек, Баукең иманы кәміл жан болған, сондықтан ол Абайдың аманатын ең жақсы орындаған жандардың бірі, мүмкін бірегейі болар.

Баукеңнің жолымен жүрсек Абайдың, Әл-Фараби бабаларымыздың жолына түсіп, мына дағдарыстан шығамыз.

АБАЙДЫҢ АМАНАТЫ – РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ БҰЛАҒЫ ЗАВЕТЫ АБАЯ – РОДНИК МОДЕРНИЗАЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО СОЗНАНИЯ

*Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев.
Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ
баласында біз білетін ақын болған жоқ.
Ахмет Байтұрсынов*

Биыл тамыз айының 10-да Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл толады.
Абайдың әруағы риза болса екен деген ниет – елімізге ортақ парыз.

Кемеңгер Абай атамыздың ұрпағына қалдырған асыл мұрасына ие болып, оны санаға сіңіріп, жүрекке ұялату – мемлекеттік «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының басты мақсатытының бірі.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңінде Абай атамыз «Имани гүл» аманатын мына үш ғана шумаққа сидырыпты:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және хақ жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады имани гүл,
Иманның асылы үш деп сен тахқиқ деп біл,
Ойлан-дағы, үшеуін таратып бақ,
Басты байла жолына малың түгіл

Дін де осы, шын ойласаң, тағат-4 та осы,
Екі дүние бұл тасдиқ -5 – хақтың-6 досы,
Осыларды бұзатын және үш іс бар:
Пайда, мақтан, әуесқой – онан шошы.

Алланы сүй, адамзаттың бәрін сүй бауырым деп
және әділетті сүй деп аманат айтады Абай.
Осы үш сүю болады имани гүл-дейді Абай.

Абайдың осы аманаты жөнінде ойды
тұжырымдап көрсе, оны орындаған әрі жоғары
дәрежеде орындаған тұлғалардың бірі аты

*Первый поэт Абай Кунанбаев. Ни раннем, ни в
позднем приоде истории казахов не известно
имя поэта, првосходящего его по величию духа.
Ахмет Байтұрсынов*

10-го августа т.г. Абая Кунанбаеву исполняется 175 лет.

Мы стремимся, чтобы дух Абая был доволен своим потомкам. Это общий долг всего народа. Овладеть наследием Абая, впитать в сознание и заложить в душу его потомков – это главная цель государственной программы «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания».

В произведении Абая «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» завет «Имани гүл» (Цветок веры) изложен в трех следуюих куплетах:

Люби Аллаха, который создал человечество
С любовью больше чем свою жизнь.
И люби всех людей как родного брата,
А так же как путь истины – справедливость

Эти три чувства любви есть Имани гүл,
Знай, что святыня имана эта троица.
Подумай ка и пропагандируй их,
Не только богатство, но и душу заложь в нее .

И религия это, и вера это,
Истина двух миров - друг Творца.
Есть еще три пакости, портящие святыню,
Прибыль,хвостовство, рабство чувствам, бойся их
(Это построчный перевод)

«Люби Аллаха, люби всех людей как родного брата,а так же справедливость» завещает Абай.

Эти три чувства любви есть Имани гүл говорит Абай.

Размышляя об этом завете, пришли к выводу, что этот завет Абая выполнял, причем на высоком уровне, легендарный народный герой, видный

аңызға айналған батыр, көрнекті қаламгер, данагөй ойшыл Бауыржан Момышұлы атамыз екен. Бір ғажабы биыл Баукеңнің де мерейтойы, туғанына 110 жыл толады.

- 2- Имани гүл (арапша) – кәміл иман.
- 3- Тахқиқ (арапша) – анық, айқын.
- 4- Тағат (арапша) – Құдайға құлшылық қылу, жалбарыну.
- 5- Тасдиқ (арапша) – растау, бекіту. Бұл жерде шындық мағынасында.
- 6- Хактың (арапша) – Құдайдың деген мағынада.

Осы ойымызды ортаға салып, пікір бөлісу үшін үш ғана шамалы мысалдан бастауды жөн көрдік

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті

1963 жылы Баукең Фидель Кастроның ресми шақыруы бойынша Кубада болған. Фидель Кастро өкінішке орай сол кезде Баукеңмен кездеспеген екен, сыртта болған көрінеді.

Баукеңді Кубаның халқы космонавт Юрий Гагариндей жоғары дәрежеде қарсы алған, Баукеңнің жанында Рауль Кастро жүрген екен. Олар Кубаның талай жерін бірге аралап, бірнеше жолы отырып сыр шертіп, жақын сөйлескен екен.

Бір әңгіме үстінде Рауль Кастро Кубада Католик діні туралы сөз бастап, тоқтап қалады. Себебі Кубада дін ресми мемлекеттік саясатқа араласа береді екен сол кезде. Ал КСРО, яғни СССР-де ол кезде саясат атеистік көзқарас ұстанған.

Баукең Рауль Кастроның қысылғанын байқап, былай деп әңгімені жөнге келтіріпті:

- Каменданте, сіз қысылмаңыз. Себебі, біріншіден мен молданың баласымын.

Екіншіден. Ия, мен коммунистпін, бірақ та Құдайға сенетін коммунистпін деп ашық шындықты жалтақтамай айтқан ғой.

Бұл жай туралы Баукеңнің «Куба әсерлері» деген кітабында баяндалады.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп .

Бұл сұраққа жауап Баукеңнің жеті ғана сөйлемге сидырған патриотизм туралы тұжырымдасмасында анық баяндалады:

«Патриотизмді «Мен Отанды сүйемін, ол үшін жанымды беремін» - деген сөзбен жеткізу мүмкін емес.

Өз жерін сүю нақты іспен дәлелденеді.

Ата-анасын сыйлайтын бала сабақты да жақсы оқиды, ол тәртіпті, еңбекқор, адал болып өседі. Бұл өте қажетті қасиеттер.

Менің өмірден тоқып түйгенім: Отанға деген сүйіспеншілік ата-анаңа, бауырларыңа, туып өскен ауылыңа, қалаңа, өз ұлтыңа деген махаббаттан басталады.

Өз ауылының тасын қадірлемеген, басқа

писатель, мудрый мыслитель Бауыржан Момышұлы. К стати в этом году у Бауке тоже юбилей, исполняется 110 лет со дня его рождения.

Хотим поделиться с этими мыслями с заинтересованными лицами. Для этого хотели привести небольшие три примера.

Любить Аллаха больше чем свою жизнь.

В 1963 году Бауке был на Кубе по приглашению Фиделя Кастро. К сожалению Фидель Кастро не встретился с Бауке в тот раз с Бауке. Он был на выезде.

Бауыржана Момышұлы встретил народ Кубы на высоком уровне, как космонавта Юрия Гарарина. его сопровождал Рауль Кастро, они вместе посетили важные объекты, несколько раз беседовали, затрагивая актуальные вопросы.

В одной из бесед Рауль Кастро начал говорить о Католической церкви и внезапно остановился, заметив за собой некорректность. Потому что в то время Католическая церковь на Кубе официально признавалась государством, а в СССР атеизм определял его политику.

Заметив, что Рауль Кастро замешкался, Бауке успокоил его:

- Комеднанте, вы не волнуйтесь. Во-первых я сын муллы.

Во-вторых, хотя я коммунист, но я верующий коммунист. Так он откровенно и смело заявил о своем мировоззрении. Об этом он написал в книге о посещении Кубы.

И любил всех людей как родного брата,

Этот видно из концепции Бауыржана Момышұлы о патриотизме. Она четко и системно изложена им всего лишь в семи предложениях:

«Патриотизм не выражается словами «Я люблю Родину и готов отдать за нее жизнь.

Любовь к земле нужно доказывать делами.

Сын, уважающий родителей и в учебе будет пруспевать и вырастет дисциплинированным, трудолюбивым и честным. А это самые необходимые качества.

Я выстрадал убеждение, что любовь к Родине начинается с любви к родителям, братьям и сестрам, своему аулу, городу, где родился и вырос, к своей нации».

Тот, кто не уважает камень своего аула, не сможет уважать и горы другого аула.

Священная дружба народов вырастает именно из этих чувств».

Концепция заканчивается словами: Священная дружба народов вырастает именно из этих чувств. У Бауыржана Момышұлы чувства интернационализма вырастают из патриотизма. Т.е. из любви к брату она перерастает в любовь

ауылдың тауын да сыйлай алмайды.

Халықтар арасындағы достық осы сезімнен басталады».

Концепциядағы «Халықтар арасындағы достық осы сезімнен басталады» деген түйін нағыз патриотизм мен интернационализм сезімдері тереңнен үндесетінін баяндаса керек.

Баукең нөмір бірінші патриот әрі нөмір бірінші интернационалист екенін өмір бойы іспен айқын дәлелдеді. Яғни барлық елдің адал азаматтарын өз бауырындай тең құрметтеп сыйлап өтті.

Және хақ жолы осы деп әділетті.

Баукең тарихта ақиқат пен әділдіктің символы болып терең із қалдырды.

Бұл оның балалық шағынан, тұлға болып қалыптасып, данагөй қария болғанша елдің сүйспеншілігіне бөленген қасиеті.

Абайдың «Имани гүл» аманатының құндылығы оны жеке тұлға имандылықтың бұлағы ретінде сусундап, сол ұстанымға сай бақытқа бөлене береді.

Сонымен қатар, Имани гүл бір мемлекеттің де, бірнеше мемлекеттің де, жалпы адамзат идеологиясының рухани арқауы миссиясын еркін орындауға дәрменді.

Әлемдегі барлық дағдарыс рухани дағдарыстың салдары болса керек., Абайдың аманаты арқылы адамзаттың сана-сезімін арттырып, имандылық әлеміне жол ашпақ.

Қазір әлемді алаңдатып отырған коронавирус індеті де, одан шығу жолының тығырыққа тірелуі де рухани жаңғыру дағдарыстың салдары.

12.04.17. қабылданған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарлама ұлттық идея, идеологиямыздың миссиясын орындап келеді.

Бұл әділ жолды бабалар, Баукеңдер көрсетіп әрі бастап кеткен екен. Бүгінгі таңда дін мен ғылым, оған билік бас болып үшеуі имандылық, ғылыми, саяси құндылыққа өрілген таза жолға беттеу күн тәртібіндегі шешуін күтудегі ең өзекті мәселенің бірі екені анық.

Ол береке заманның бұлағы кемеңгер Абайдың «Имани гүл» аманаты арқылы сана-сезімді арттыратын рухани жаңғыруда жатса керек ...

Ізгі ниетпен О.Жарылқасынұлы,
«Төле би» қорының және
«Рухани жаңғыру және Бауыржан
Момышұлының мұрасы» жобасының
үйлестірушісі

ко всем людям.

А так же любить справедливость.

Бауыржан Момышұлы остался в истории как символ правды и справедливости.

Его народ полюбил именно за его справедливый нрав.

Ценность этого завета Абая в том, что им может пользоваться каждый человек индивидуально, самостоятельно достичь успеха в жизни.

А самое главное Имани гул как стержень идеологии может успешно выполнить миссию как одного государства, так и нескольких и всего человечества,

Все виды кризисов берут начало из духовного кризиса. Сегодня, когда человечество буквально проваливается в пропасть бездуховности, завет Абая, повышая общественное сознание выводит его на путь возрождения и спасения.

И этот чудовищный коронавирус пугающий тупик, куда он заводит общество, тоже является следствием духовного кризиса.

Государственная программа «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания», принятая 12.04.17. успешно выполняет миссию национальной идеи и идеологии республики

Путь справедливости, указали еще наши предки, в том числе и наш славный Бауке. Время требует гармонии веры и науки, которое должно обеспечить мудрое руководство власти, основанное на высокой нравственности, науки и политической культуре общества.

Родником такого благоденствия в обществе является завет Абая «Имани гул», который повышая общественное сознание обеспечит гармонию духовности.

С добрыми помыслами О.Жарылқасынұлы,
Координатор фонда «Төле би» и
проекта «Модернизация общественного сознания
и наследие Бауыржана Момышұлы»

МҰРАСЫНДА БҮКІЛ ҰЛТТЫҢ НАМЫСЫ

Исмазова Сейсегүл Молдабекқызы

*М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
"Қазақ филологиясы" кафедрасының доценті, ф.ғ.к.*

Көзі тірісінде-ақ ұлт батыры танылып, даңқы аңызға айналған Бауыржан Момышұлы көрнекті қазақ жазушысы ретінде де биік тұғырда. Оның прозалық шығармалары қазақ әскери көркем әдебиетінің негізі деген мәртебеге ие. Ол «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас», «Генерал Панфилов», «Қанмен жазылған кітап» т.б. кітаптары арқылы жазушылық талантын бүкіл әлем таныған айтулы қаламгерге айналды. Сонымен бірге Бауыржан Момышұлының шығармашылық мұраларын оның өлеңдері де құрайды. Қоғамдық өзектілігі жоғары өлеңдерінде өзінің прозасының идеялары мен ұстанымдары толыға, дами, айқындала түседі. Сөйтіп Бауыржан Момышұлының прозасы мен поэзиясы рухани біртұтастық түзеді. Оның шығармашылығының бөлінбес құрамдасы болып табылатын өлеңдерін бағамдау, Баукеңнің азаматтық тұлғасын танып білуге септік ететін әділ іс болмақ.

Бауыржан Момышұлы әдеби қызметі үшін Еңбек Қызыл Ту ордені, Халықтар Достығы ордені, Құрмет орденімен марапатталып, Абай атындағы республикалық сыйлықтың лауреаты болды. Көрнекті қаламгер Жұмабай Шаштайұлының белгілі бауыржантанушы Мамытбек Қалдыбаймен жүргізген сұқбатында: «Баукең классик жазушы, жан-жақты талант иесі. ...Баукеңнің әріптестерінен алабөтен даңққа бөленуінің басты себебі жаратылысынан ойшыл болуына, екіншіден, отбасы, әкесі молла Момыш тәрбиесінен текті болып өсуіне, үшіншіден, Абай, Тұрар Рысқұлов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ораз Жандосов, Темірбек Жүргенов, Ұзақбай Құлымбетов, Смағұл Садуақасов секілді өз заманының кемеңгер күрескерлерінен және де әлем әдебиетінен тағылым ала білуіне байланысты. Халқымызда «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген сөз бар. Баукеңнің қыры сегіз емес сексен сегіз десем аздық ететіндей. Бір өзінің бойынан, мінезінен, ойынан, іс-әрекетінен қазақ халқының тұтас тұлғасы танылғандай... Бұған әдебиет зерттеушілеріміз мән беріп, назар аударса деген ой мен тілек бар», – деп айтылады.. Бұл – Бауыржан Момышұлының ақындығын бағалауда да есте болар дәйексөз.

Ақындық – ешкімнің де жекеменшігі емес, ол – халқымыздың асыл бір қасиеті. Оны тани білу керек. Бауыржан Момышұлының нағыз ақындықты тану әділдігінің үлгісін көрсеткен бір әрекеті оның өзінің де ақындық әлемінен екенін айғақтай түседі. Жоғарыда келтірілген Ж. Шаштайұлы дайындаған сұхбатта бұған мысал боларлық мынадай жолдар бар: «Баукең ұзақ ойға шомып, қайта сөйледі... Халқымның тілі мен дәстүрін ту етіп айтысқа түскен орыс қызы Надежда Лушникованың өнерін тұңғыш тамашалағанымда, тұлабойым шымырлап, жанарыма жас үйірілгені бар. Ал айтыс соңында Надежда өнерін елеусіз қалдырған төрешілер алқасының әділетсіздігіне, топас өзімшілдігіне ыза болғаным сондай, орнымнан ұшып тұрып: «Бас бәйге сенікі, Надя қызым!» – деп, көп жылғы сенімді серігім – алтын сағатымды білегіне қалай таққанымды есіме алсам, әлі күнге қуанам».

«Аты аңызға айналған» атты жинақта бауыржантанушылар Қайрат Қарамандаев пен Оралжан Масатбаев халқымыздың мақтан тұтқан ақыны Қасым Аманжоловтың Бауыржан Момышұлына шығарған әйгілі арнау өлеңін келтіре отырып, Баукеңнің ақындық болмысын дәйектейді:

Нақ сол кез естідім мен ер дүбірін,
Атағы атын алып келді бұрын.
Үстінде туған елдің тұрды толқып:
«Бауыржан Момышұлы» деген бір үн...

...Ойы бар бірде дауыл, бірде жалын,
Теңіздей тебіrentкен терең жанын.
Алғандай бойға жиып бар қуатын
Кешегі өзі кешкен уақиғаның

Кейде ол көк семсерлі генералдай,
Кейде ол күй көңілді ақын жандай.
Өмірдің ол шеті мен бұл шетіне
Өресі өрен ойдың тартылғандай.

Дауылпаз ақын Қасым Аманжоловтың жүректен шыққан жан тебіренерлік бұл сөзінде Баукеңнің ақынжандылығы паш етіледі. Сөйтіп Бауыржан Момышұлы кім деген сұраққа:

«Бауыржан – патриот!
Бауыржан – қолбасшы!
Бауыржан – батыр!
Бауыржан – қайраткер!
Бауыржан – жазушы!
Бауыржан – педагог!
Бауыржан – аудармашы!
Бауыржан – ақын!...

Бауыржан батырлық пен ақындық қос таланттың қожасы!», – деп, жауап боларлық баға тұжырымдалған.

Осындайлық Бауыржан Момышұлына оның мәнді де тәлімді, ой мен сезім қуаты күшті көптеген өлеңдерінің негізінде ақын атын неге кимасқа?! Оған алдағы берілген ақын өлеңдері куә, оған сол өлеңдерге талдау жасалған зерттеу – дәйек. Көңіліңіздің қалауы болсын: оқыңыз, оқыңыз да алдымен отаншыл ой деңгейіне көтеріліңіз! Ал ақын поэзиясы не туралы және мәні неде екенін өлеңдерінің өзі айтар.

Бауыржан Момышұлының прозалық шығармалары қазақ әдебиеттану ғылымында зерттелген және жазушыға қазақ әскери әдебиетінің негізін қалаушы деп баға берілген. Ал оның өлеңдері күні бүгінге дейін зерттеушілер назарынан тыс қалып келгені белгілі. Бұл зерттеу – осы бағыттағы алғашқы қадам.

Бауыржан Момышұлы өз өмірінің әр кездерінде өзінің жан сезімін, толғақты ойларын, кейінге айтар аманаты мен өсиеттерін өлең түрінде де жазып қалдырды. Ол өлеңдер кейін, автор қайтыс болғаннан соң, оның туғанына 100 жыл толу мерекесі қарсаңында бауыржантанудың негізін қалаушы көрнекті ғалым М.Мырзахметов басшылығымен жинақталып, зерттеліп, жүйеге келтіріліп, жарық көрген Б.Момышұлының шығармаларының 30 томының отызыншы томы болып жарияланды.

Б. Момышұлының өлеңдері өзіндік рух кернеген ерекшеліктерімен қайталанбас құбылыс ретінде көңіл аударарды. Оларды зерттеудің мақсаты – поэтикасының ішкі ой-сезім иірімдерін айқындай отырып, Б.Момышұлының шығармашылық ой-өрісінің жан-жақты кең болғанын көрсету арқылы ұлт батырының, ұлт қайраткерінің, ұлт ойшылының тұлғасының бай мазмұнын аша түсіп, олардағы патриотизм мен ұлттық рух құндылықтарын жас ұрпақ тәрбиесінде пайдалану мүмкіндігіне ел назарын аудару.

Әдебиет дамуының әр кезеңі – жаңа болуымен бірге, ол өткеннің жалғасы да. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі және XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ поэзиясы өзіне дейінгі дәстүрлердің ұласпасы бола отырып, тың, соны ерекшеліктермен байыды. Көркем поэзия образ бейнелеуде нақтылық шеңберін кеңітуге құлаш сермеді. Кейіпкерді белгілі бір таптың сойылын соғушы етіп көрсетуге Кеңестік идеология мідеттейтін қасандықтан бірте-бірте арылып, оны табиғи болмысы бай перзент етіп суреттеуге бет алды. Сөйтіп көркем ойдың дамуы нақты объектіні образдық көркемдеу арқылы жанды адам бейнесімен астасқан адамзаттың тағдырын, ой сезімін, қасірет-қайғысын, қуаныш-үмітін зерделеп бейнелеуге көтерілді.

Негізін Абай қалаған көркем суреттеу дәстүрінен нәр алып, өркен жайған ұлттық поэзияда философиялық ойшылдық, лиризм, шыншылдық жаңа кырларымен көрінді. Сыршылдық пен публицистикалық сипат поэзияны оқырман жанына жақындата түсті. Лирикалық шағын өлеңнің бір өзінде адамзат қоғамының дамуы мен жұмыр жердің тіршілігіндегі адам жанының нәзік сезімі өзара астасып, көрініс тапты.

Қазақ поэзиясы дамуының 1940 жыл алдындағы қарсаң мен одан кейінгі жылдардағы сатысында Т.Жароков, Ә.Тәжібаев, Х.Ерғалиев, Қ.Бекқожиндер бастаған көште Ғ.Қайырбеков,

Ж.Молдағалиев, Ж.Нәжімеденов, М. Хакімжанова, Т.Әбдірахманова, М.Мақатаев, Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, Ф.Оңғарсынова, К.Ахметова, М.Шаханов т.б. ақындардың шығармалары жаңашыл ізденістерімен лириканы байытты. Бауыржан Момышұлының өлеңдері де осы тұста жазылып (бірақ жарыққа кейінде ХХІ ғасыр басында шықты), сол кезеңдегі адам болмысының табиғи сипатын білдіре алды. Әдебиет заман ағымына елгезектік, сергектік танытпай өмір сүрмейді, онда заман ізі, замандық ой-өрістің табы жатады. Солай болса да әдебиет заман ағымының қас-қабағымен шектеле алмайды. Ол – көктегі күн сәулесі сияқты заманға да, адамға да – баршаға ортақ құндылық. Бұл орайда Ш.Елеуенов зерделі пікір айтады: "Суреткер дүниетанымы кіл саяси көзқарастан тұрмайды. Көп жағдайларда әдебиетші қаламгердің саяси көзқарасынан гөрі оның философиялық, эстетикалық, этикалық көзқарасы әлдеқайда басым түсіп жатады. Көркем образ өз идеясынан әлдеқайда бай келеді." Ақындар өмір шындығын өзінің мұрат-мүдделеріне сай жырға қосудан бірге, соған байланысты туындайтын сезім құбылыстарын оятуға, азаматтық көзқарас қалыптастыруға ұмтылады. Бауыржан Момышұлы да өз өлеңдерінде "өмірдегі жамандыққа, сұрқиялыққа деген адамгершіліктің қарсылық туғызады". Ол адамгершілік-азаматтық қасиеттердің бұзылу нышандарын көрген тұста, бұғып қалмай, ашық айыптайды.

Б.Момышұлының жекелеген нақты адамның ұнамсыз мінездерін сынайтын арнауларының стилі – тікелей ашық эпикалық баяндау, жанры – сатира. Мұндай өлеңдерге "Омарбекке," "Қ-ға," "Найза ұстап жауға барған жоқсың," "Өмірдің қиыры жоқ, түбі шалақ," "Біреулерге" т.б. туындылары жатады.

Біздің елге сен келген мейман едің,
Өркөкірек, икемсіз милау едің...
Бұл өлең әзіл болсын саған айтқан,
Пайдалы қызмет жұртқа қылмап едің...
... Қалды ма айыр тұяқ елде малдан,
Жалғыз сиыр қалмады "ет планнан",
Ел – етсіз, бала – сүтсіз қалып отыр,
Барып ең уәкіл болып сен ауданнан.

Автор бұл арнауында нақты аудан басшылығы уәкілінің елге жасаған қиянатын әшкерелеу арқылы 1931-1932 жылдардағы қазақ ауылын ашаршылыққа ұрындырған "голощекиншілдік" деп аталып кеткен кеңестік саясатқа қарсы ашық үн көтереді. "Барып ең уәкіл болып сен ауданнан" дегеннің астарында "Кеңес үкіметінің уәкілі" деген тұспал жатқанын аңғару қиын емес. Бұл өлең тарихта белгілі 1932 жылғы қолдан жасалған ашаршылықта 2 миллиондай қазақ қырылып кеткен тұста, сол 1932 жылдың өзінде жазылған.

Нақты өмірбаяндық деректерге жүгінсек, Б.Момышұлы ол шақта 22 жаста ғана, демек ол қоғамдық биікті ерте бастан-ақ ойлай білген. Өзінің ойын бүкпесіз ашық айта алатын, өрлігі де, ерлігі де туа көрінген тұлға екенін байқаймыз. Осы сарындас "Біреулерге" деген өлеңінің 1930 жылы жазылғаны бұл пікірді дәйектей түседі. Ал "Омарбекке" арнауында акын тұжырымы:

Қолдағыны сыпырып алып кеттің,
Енді келсең, таппассың бір үзім нан, –
деп аякталады. Бұл Кеңес өкіметінің саясатын батыл әшкерелеу еді. Ол ел билеушінің өктемшіл мінезін бетке басып айыптауынан да көрінеді:

Бас алдың, шаш ал десе уәкіл болып,
Айдаттың малдың бәрін қырып-жойып.
Деп келсе "Жалғыз сиыр" болсын сауын,
Ақырдың ала көзбен зекіп қойып.

Тәркілеуден, жер аударудан, жаппай "тап жауы" деген жалалы жазалаудан тозған халық психологиясын да автор ашына жазады. Осы өлеңнің жалғасы ретіндегі бірқақпай шумақта ("1932 жыл 25.05" деген авторлық белгі қойылған):

Апыр-ай, мына елді жын соққан ба,
Жар салып жөнсіз айғай – бұл дуанға.
Ақырын ойлап, ақылға көнген ел жоқ,
Ілесіп ниеті жат антұрғанға, –

деп, құлдық мінездің халық санасына тереңдеп орнап бара жатқанына налиды, ызаланады, намыс туын көтереді. Мұндағы "ниеті жат антұрған" деген ұғымның өзі жеке бір адамға ғана айтылған арнаудан әлдеқайда кең елес туғызады.

"Билеу парқын білмейтін антұрған ең,
Ел басқармай, қой бақсаң жақсы болар," –

деген ащы кесім, авторлық үкім айтады.

Бұл өлеңдер автордың өз қолында жатып қалған, кезінде жария көрмеген. Дейтұрғанмен, оның идеялық ақиқаттығы халқымыздың 1930 жылдардағы ауыр өмірін кейінгі ұрпақтың танып білуіне жетелейді.

Б.Момышұлының уытты өлеңдері ауызекі сөйлеу стилінде өріледі. Сондықтан болар жергілікті диалект сөздер қат-қабат жүреді. "Мәшке" (қанден), "сарпай" (шат), "пұл" (теңге), «қашар едің» (ұрықтану), "айуан" (хайуан), "бадамша" (өсімдік:бұта), "милау" (ақымақ, мисыз), «мейман» (қонақ), нәмі (есімі, аты) т.б. сөздер көбінесе Жамбыл облысының Жуалы ауданы қазақтарының қолданысында ауызекі түрде кездеседі. Баяндау тәсілі де ауызекі тілге жақын: "бас алдың, шаш ал десе", "біздің елге сен келген мейман едің", "қалжыңға бұның не деп ашуланба", "ақырдың ала көзбен" т.б. тіркестер – бұған айғақ.

Б.Момышұлының өлеңдерінде айтар ойдың қозғалысы тұжырыммен түйінделгенде, оқырман тарапынан іштей үндескен түсіну пайда болады, яғни сендіреді. Сөйтіп ой қуаты көркемдік форманы іздетпейді, тұтастықта қабылдауға әкеледі.

Б.Момышұлы "Біреулерге", "Кім мықты" т.б. осындай өлеңдерінде адамшылыққа жат қылықтарды шеней отырып, гуманизм жаршысы ретінде көрінеді. "Біреулерге" – 16 шумақ, 64 жолдан құрылған едәуір көлемді өлең. Олардың нысаны – адам бойындағы жаман мінездер. Идеясы – билікке араласып жүрген ауыл атқамінерлерінің "шені үлкенге жағымпаздығын," "қолдағысын сыпырып алып кететін" кішілерге жасаған қиянатшылдығын тікелей ашық батыл мінеу арқылы осындайлардың "халықтың берекесін қашыратынын" әшкере ету:

Елпілдеп тұра алмайсың елпең қағып,
Сөйлейсің өзгелердің аузын бағып.
Сипаңдап шені үлкенге жағымпазсың,
Бетіңе алуан түрлі бояу жағып.

Басқаның жамылған соң көлеңкесін,
Жалтақтап өлегіндей кетеді есің.
Жүрексіз қоян сынды сендейлер ғой,
Халықтың қашыратын берекесін.

Автор бұл нысанасын найзалағанда ойға алғанын ауыз әдебиетінде жиі қолданылатын жанама негіздеу (сілтемелеу) және мінездеу тәсілдерімен шебер жеткізген:

Айтушы еді әкем марқұм қызық өлең,
Сондағы нысанасы сен екенсің, –
деп, әке сөзіне (ел дәстүрінде бұл тәсіл «бұрынғылар айтқан екен» деп келеді) негіздей (сілтеме жасай) отырып, иттің, қанденнің, түйенің, ешкінің, қойдың, бүркіттің, өгіздің, жылқының жамандарының халық аузындағы белгілерін санамалап, суреттеп шығады. Ақын осылай жанамалай суреттей отырып, сол арқылы кейіпкерінің жағымсыз қылықтарына меңзеп, сарказмдық уытпен ащы күлкі етеді.

Ит болғанда, болар ең дүрегейдей,
Тек жатпайтын қорада үрегендей.
Бұлтты күні жатар ең үйге кіріп,
"Кет, жоғалғыр" десе де түрегелмей, –
деп, аллегориялық суретпен табансыз адам образын жасайды.

Хайуанаттардың мінезін суреттеу жолымен адамдарды жаман әдеттерден жеріндіруді мақсат еткен әдістер халық ауыз әдебиетінде аз емес. Мысалы: "Сиыр сипағанды, ит сыйлағанды білмейді", "Бура құтырса, тайлақпен ойнайды", «Тоқал ешкі лақпын деп ойлайды», т.б. мақал-мәтелдер – бұған айғақ. "Алтын сақа" ертегісіндегі мыстан кемпір тісімен түбін қазып құлатқалы жатқан бәйтеректің басында отырған бала көмекке шақырғанда, қарғалардың қайырылмай кетуі де осындай деталь.

Адам бойындағы келеңсіз мінез-құлықтарды тұспалмен мінеу – әдебиетімізде дәстүр екенін айту керек. Ол жыраулар поэзиясында да, Абайда да, Мұқағалида да т.б. әр қырынан көрініс беріп, желі түзеді.

Бауыржан Момышұлының "Кім мықты", "Мықтымын деп мақтанды – болды мырза" деген өлеңдері – мысалдар. Олардың да тақырыбы – адамның жағымсыз мінездері. Мысалдың идеялық мазмұны мынадай: Үлкен бір мәжілісте айтыс болады. Бәрінен мен мықтымын деп, асқақтаған темірге мен тұрғанда, мақтанбағың деп, от оны балқытып жібереді. Мұны көріп, су отты сөндіреді, суды аяз мұз етіп қатырып тастайды. Автор тәмсілдің тұжырымын:

Тәмсілімнің мазмұны көпке мәлім,
Кей жігіттер білмейді өзі әлін.
Болат еріп, су қатып, жалын өшті,
Сазайы осылай боп мақтанғанның, –
деп түйіндейді.

Ғабиден Мұстафин әділ пайымдап айтқан: "Бүгінгі әлеуметтік мінез-құлық: өзінен басқаның бәрін иттің етінен жек көретін өлермен өзімшілдік, жексұрын мақтаншақтық, жаны ашымас қатыгездік, мейрімсіздік, іштарлық – патология емес пе?"- деген пайым сол кездегі қоғам душар болған рухани кеселдер еді. Бауыржан өлеңдерінде де бұл заман психологиясын шенеу аңғарылып отырады Әдебиет дамуының әр кезеңі – жаңа болуымен бірге, ол өткеннің жалғасы да. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі және XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ поэзиясы өзіне дейінгі дәстүрлердің ұласпасы бола отырып, тың, соны ерекшеліктермен байыды. Көркем поэзия образ бейнелеуде нақтылық шеңберін кеңітуге құлаш сермеді. Кейіпкерді белгілі бір таптың сойылын соғушы етіп көрсетуге Кеңестік идеология мідеттейтін қасандықтан бірте-бірте арылып, оны табиғи болмысы бай перзент етіп суреттеуге бет алды. Сөйтіп көркем ойдың дамуы нақты объектіні образдық көркемдеу арқылы жанды адам бейнесімен астасқан адамзаттың тағдырын, ой сезімін, қасірет-қайғысын, қуаныш-үмітін зерделеп бейнелеуге көтерілді.

Негізін Абай қалаған көркем суреттеу дәстүрінен нәр алып, өркен жайған ұлттық поэзияда философиялық ойшылдық, лиризм, шыншылдық жаңа қырларымен көрінді. Сыршылдық пен публицистикалық сипат поэзияны оқырман жанына жақындата түсті. Лирикалық шағын өлеңнің бір өзінде адамзат қоғамының дамуы мен жұмыр жердің тіршілігіндегі адам жанының нәзік сезімі өзара астасып, көрініс тапты.

Қазақ поэзиясы дамуының 1940 жыл алдындағы қарсаң мен одан кейінгі жылдардағы сатысында Т.Жароков, Ә.Тәжібаев, Х.Ерғалиев, Қ.Бекқожиндер бастаған көште Ғ.Қайырбеков, Ж.Молдағалиев, Ж.Нәжімеденов, М. Хакімжанова, Т.Әбдірахманова, М.Мақатаев, Т.Молдағалиев, Қ.Мырзалиев, Ф.Оңғарсынова, К.Ахметова, М.Шаханов т.б. ақындардың шығармалары жаңашыл ізденістерімен лириканы байытты. Бауыржан Момышұлының өлеңдері де осы тұста жазылып (бірақ жарыққа кейінде ХХІ ғасыр басында шықты), сол кезеңдегі адам болмысының табиғи сипатын білдіре алды. Әдебиет заман ағымына елгезектік, сергектік танытпай өмір сүрмейді, онда заман ізі, замандық ой-өрістің табы жатады. Солай болса да әдебиет заман ағымының қас-қабағымен шектеле алмайды. Ол – көктегі күн сәулесі сияқты заманға да, адамға да – баршаға ортақ құндылық. Бұл орайда Ш.Елеукенов зерделі пікір айтады: "Суреткер дүниетанымы кіл саяси көзқарастан тұрмайды. Көп жағдайларда әдебиетші қаламгердің саяси көзқарасынан гөрі оның философиялық, эстетикалық, этикалық көзқарасы әлдеқайда басым түсіп жатады. Көркем образ өз идеясынан әлдеқайда бай келеді. " Ақындар өмір шындығын өзінің мұрат-мүдделеріне сай жырға қосудан бірге, соған байланысты туындайтын сезім құбылыстарын оятуға, азаматтық көзқарас қалыптастыруға ұмтылады. Бауыржан Момышұлы да өз өлеңдерінде "өмірдегі жамандыққа, сұрқиялыққа деген адамгершіліктік қарсылық туғызады». Ол адамгершілік-азаматтық қасиеттердің бұзылу нышандарын көрген тұста, бұғып қалмай, ашық айыптайды.

Б.Момышұлының жекелеген нақты адамның ұнамсыз мінездерін сынайтын арнауларының стилі – тікелей ашық эпикалық баяндау, жанры – сатира. Мұндай өлеңдерге "Омарбекке," "Қ-ға," "Найза ұстап жауға барған жоқсың," "Өмірдің қиыры жоқ, түбі шولاқ," "Біреулерге" т.б. туындылары жатады.

Біздің елге сен келген мейман едің,
Өркөкірек, икемсіз милау едің...
Бұл өлең әзіл болсын саған айтқан,
Пайдалы қызмет жұртқа қылмап едің...
... Қалды ма айыр тұяқ елде малдан,
Жалғыз сиыр қалмады "ет планнан",
Ел – етсіз, бала – сүтсіз қалып отыр,
Барып ең уәкіл болып сен ауданнан.

Автор бұл арнауында нақты аудан басшылығы уәкілінің елге жасаған қиянатын әшкерелеу арқылы 1931-1932 жылдардағы қазақ ауылын ашаршылыққа ұрындырған "голощекиншілдік" деп аталып кеткен кеңестік саясатқа қарсы ашық үн көтереді. "Барып ең уәкіл болып сен ауданнан" дегеннің астарында "Кеңес үкіметінің уәкілі" деген тұспал жатқанын аңғару қиын емес. Бұл өлең тарихта белгілі 1932 жылғы қолдан жасалған ашаршылықта 2 миллиондай қазақ қырылып кеткен тұста, сол 1932 жылдың өзінде жазылған.

Нақты өмірбаяндық деректерге жүгінсек, Б.Момышұлы ол шақта 22 жаста ғана, демек ол қоғамдық биікті ерте бастан-ақ ойлай білген. Өзінің ойын бүкпесіз ашық айта алатын, өрлігі де, ерлігі де туа көрінген тұлға екенін байқаймыз. Осы сарындас "Біреулерге" деген өлеңінің 1930 жылы жазылғаны бұл пікірді дәйектей түседі. Ал "Омарбекке" арнауында ақын тұжырымы:

Қолдағыны сыпырып алып кеттің,

Енді келсең, таппассың бір үзім нан, –

деп аяқталады. Бұл Кеңес өкіметінің саясатын батыл әшкерелеу еді. Ол ел билеушінің өктемшіл мінезін бетке басып айыптауынан да көрінеді:

Бас алдың, шаш ал десе уәкіл болып,

Айдаттың малдың бәрін қырып-жойып.

Деп келсе "Жалғыз сиыр" болсын сауын,

Ақырдың ала көзбен зекіп қойып.

Тәркілеуден, жер аударудан, жаппай "тап жауы" деген жалалы жазалаудан тозған халық психологиясын да автор ашына жазады. Осы өлеңнің жалғасы ретіндегі бірқақпай шумақта ("1932 жыл 25.05" деген авторлық белгі қойылған):

Апыр-ай, мына елді жын соққан ба,

Жар салып жөнсіз айғай – бұл дуанға.

Ақырын ойлап, ақылға көнген ел жоқ,

Ілесіп ниеті жат антұрғанға, –

деп, құлдық мінездің халық санасына тереңдеп орнап бара жатқанына налиды, ызаланады, намыс туын көтереді. Мұндағы "ниеті жат антұрған" деген ұғымның өзі жеке бір адамға ғана айтылған арнаудан әлдеқайда кең елес туғызады.

"Билеу паркын білмейтін антұрған ең,

Ел басқармай, қой бақсаң жақсы болар," –

деген ащы кесім, авторлық үкім айтады.

Бұл өлеңдер автордың өз қолында жатып қалған, кезінде жария көрмеген. Дейтұрғанмен, оның идеялық ақиқаттығы халқымыздың 1930 жылдардағы ауыр өмірін кейінгі ұрпақтың танып білуіне жетелейді.

Б.Момышұлының уытты өлеңдері ауызекі сөйлеу стилінде өріледі. Сондықтан болар жергілікті диалект сөздер қат-қабат жүреді. "Мәшке" (қанден), "сарпай" (шат), "пұл" (теңге), «қашар едің» (ұрықтану), "айуан" (хайуан), "бадамша" (өсімдік:бұта), "милау" (ақымақ, мисыз), «мейман» (қонақ), нәмі (есімі, аты) т.б. сөздер көбінесе Жамбыл облысының Жуалы ауданы қазақтарының қолданысында ауызекі түрде кездеседі. Баяндау тәсілі де ауызекі тілге жақын: "бас алдың, шаш ал десе", "біздің елге сен келген мейман едің", "қалжыңға бұның не деп ашуланба", "ақырдың ала көзбен" т.б. тіркестер – бұған айғақ.

Б.Момышұлының өлеңдерінде айтар ойдың қозғалысы тұжырыммен түйінделгенде, оқырман тарапынан іштей үндескен түсіну пайда болады, яғни сендіреді. Сөйтіп ой қуаты көркемдік форманы іздетпейді, тұтастықта қабылдауға әкеледі.

Б.Момышұлы "Біреулерге", "Кім мықты" т.б. осындай өлеңдерінде адамшылыққа жат қылықтарды шеней отырып, гуманизм жаршысы ретінде көрінеді. "Біреулерге" – 16 шумақ, 64 жолдан құрылған едәуір көлемді өлең. Олардың нысаны – адам бойындағы жаман мінездер. Идеясы – билікке араласып жүрген ауыл атқамінерлерінің "шені үлкенге жағымпаздығын," "қолдағысын сыпырып алып кететін" кішілерге жасаған қиянатшылдығын тікелей ашық батыл мінеу арқылы осындайлардың "халықтың берекесін қашыратынын" әшкере ету:

Елпілдеп тұра алмайсың елпең қағып,

Сөйлейсің өзгелердің аузын бағып.

Сипандап шені үлкенге жағымпазсың,

Бетіңе алуан түрлі бояу жағып.

Басқаның жамылған соң көлеңкесін,

Жалтақтап өлетіндей кетеді есің.

Жүрексіз қоян сынды сендейлер ғой,

Халықтың қашыратын берекесін.

Автор бұл нысанасын найзалағанда ойға алғанын ауыз әдебиетінде жиі қолданылатын жанама негіздеу (сілтемелеу) және мінездеу тәсілдерімен шебер жеткізген:

Айтушы еді әкем марқұм қызық өлең,

Сондағы нысанасы сен екенсің, –

деп, әке сөзіне (ел дәстүрінде бұл тәсіл «бұрынғылар айтқан екен» деп келеді) негіздей (сілтеме жасай) отырып, иттің, қанденнің, түйенің, ешкінің, қойдың, бүркіттің, өгіздің, жылқының жамандарының халық аузындағы белгілерін санамалап, суреттеп шығады. Ақын осылай

жанамалай суреттей отырып, сол арқылы кейіпкерінің жағымсыз қылықтарына меңзеп, сарказмдық уытпен ащы күлкі етеді.

Ит болғанда, болар ең дүрегейдей,
Тек жатпайтын қорада үрегендей.
Бұлтты күні жатар ең үйге кіріп,
"Кет, жоғалғыр" десе де түрегелмей, –

деп, аллегориялық суретпен табансыз адам образын жасайды.

Хайуанаттардың мінезін суреттеу жолымен адамдарды жаман әдеттерден жеріндіруді мақсат еткен әдістер халық ауыз әдебиетінде аз емес. Мысалы: "Сиыр сипағанды, ит сыйлағанды білмейді", "Бура құтырса, тайлақпен ойнайды", «Тоқал ешкі лақпын деп ойлайды», т.б. мақал-мәтелдер – бұған айғақ. "Алтын сақа" ертегісіндегі мыстан кемпір тісімен түбін қазып құлатқалы жатқан бәйтеректің басында отырған бала көмекке шақырғанда, қарғалардың қайырылмай кетуі де осындай деталь.

Адам бойындағы келеңсіз мінез-құлықтарды тұспалмен мінеу – әдебиетімізде дәстүр екенін айту керек. Ол жыраулар поэзиясында да, Абайда да, Мұқағалида да т.б. әр қырынан көрініс беріп, желі түзеді.

Бауыржан Момышұлының "Кім мықты", "Мықтымын деп мақтанды – болды мырза" деген өлеңдері – мысалдар. Олардың да тақырыбы – адамның жағымсыз мінездері. Мысалдың идеялық мазмұны мынадай: Үлкен бір мәжілісте айтыс болады. Бәрінен мен мықтымын деп, асқақтаған темірге мен тұрғанда, мақтанбағың деп, от оны балқытып жібереді. Мұны көріп, су отты сөндіреді, суды аяз мұз етіп қатырып тастайды. Автор тәмсілдің тұжырымын:

Тәмсілімнің мазмұны көпке мәлім,
Кей жігіттер білмейді өзі әлін.
Болат еріп, су қатып, жалын өшті,
Сазайы осылай боп мақтанғанның, –

деп түйіндейді.

Ғабиден Мұстафин әділ пайымдап айтқан: "Бүгінгі әлеуметтік мінез-құлық: өзінен басқаның бәрін иттің етінен жек көретін өлермен өзімшілдік, жексұрын мақтаншақтық, жаны ашымас қатыгездік, мейрімсіздік, іштарлық – патология емес пе?"- деген пайым сол кездегі қоғам душар болған рухани кеселдер еді. Бауыржан өлеңдерінде де бұл заман психологиясын шенеу аңғарылып отырады.

ПРИМЕНЕНИЕ ВОЕННЫХ НАЗАНИЙ В ЭПИСТОЛЯРНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ГЕРОЯ-ПИСАТЕЛЯ Б.МОМЫШУЛЫ

Белботаев А.Б.

*Кандидат филологических наук, академический профессор МКТУ им. А.Ясави,
доцент Таразского инновационно-гуманитарного университета*

Арапов С.

Старший преподаватель Высший медицинский колледж «Болашақ».

Одной из групп произведений Б. Момышұлы являются его эпистолярные произведения. К этой группе произведений относятся письма к друзьям, знакомым, родным, государственным и общественным деятелям, акынам и писателям, а также его рукописи.

В группе эпистолярных произведений героя-писателя особо отражена национальная проблема воспитания, так как относится к источникам национального воспитания. Например, шесть писем, написанные на фронте и адресованные Центральному Комитету Коммунистической партии Казахстана и выдающимся сыновьям казахского народа М. Ауэзову, Е. Ысмаилову, С. Муканову и др. «Казахский язык», «История казахов», «Писателям Казахстана», «О Кенесары», «Записи в дневниках» [2-8].

В своем письме от 18 марта 1943 года, адресованному председателю совета Народных Комиссаров Казахской ССР Нуртасу Ондасынову Б. Момышұлы пишет, что принимал участие и руководил в более 100 битвах, и делится горечью поражения и радостью победы. Участвуя в различных битвах, батыр в феврале 1942 года начинает писать заключение о битвах воинских

подразделений и о тактике проведения сражений на психологическую тему «Мысли о воспитании воинских качеств». Здесь Баукен пишет: «Я из своего опыта проведения битв убедился, что велико значение национальных традиций и воинского пути своего народа в воспитании в солдатах воинского качества» [1]. Один пунктов плана ненаписанных глав своих произведений называет «Вековые традиции казахского народа в воспитании воинских качеств джигита». В нем использует казахские пословицы:

- «Лучше помет, чем безродный»
- «Вырастят сын и дочь, пусть они будут соседями с хорошими людьми»
- «Что увидит в гнезде, оперевшись сделает то же самое»
- «Душа – жертва чести»
- «Стыд сильнее смерти»
- «Зайца камыш, а солдата честь убивает».

Раскрывает суть и философскую мысль простых слов-насталений казахского народа: «Воспитание должно передаваться через молоко матери и впитаться в наше сознание. Уважение старших, беспрекословное подчинение общественной дисциплине, законопослушание, прославлять, прежде всего, человека прививает в человеке основы нравственных качеств, любви к Родине, стране, народу, родным, любви к жизни» [1].

Приводит обоснованные примеры о том, что искусство слова, служившее людям феодальной эпохи, может стать неопенимым средством, воспитывающий людей и социалистической эпохи с эстетической точки зрения.

В этой части письма была дана первая оценка словам-назиданиям устного творчества казахского народа с научной и практической точек зрения. Эта часть дала понять могущество устного творчества казахского народа.

Бауыржан Момышұлы в этом письме пишет о влиянии национальных игр казахского народа на воспитание военнослужащих. Например, он пишет о национальных игр казахского народа: «Альчик, ивняк, игра в прятки, соревнование, борьба, белая кость воспитывают молодежь **умению, мастерству, изворотливости, зоркости, проворности, стойкости**, а также другим хорошим **воинским качествам**, как воздух, необходимых солдату во время битв. Опыты войны убедили, что неумелость – слабость, умение, героизм. Замечательные вековые традиции казахского народа и сейчас должны сотворить чудо. Драгоценное сокровище народной мудрости – наше достижение, обогащает наши знания и опыт, оказывает помощь в наших делах.

Выдающиеся казахские джигиты, оставившие свой след в нашей истории – Исатай, Махамбет, Амангельды и др. и их героические дела должны стать традицией для наших современных джигитов – как жаль, что молодежь плохо их знает» [1]. Почитая золотое сокровище народной мудрости, напоминает о том, что мы должны сохранить в цлости наши вековые традиции.

«Красноречие, той, айтыс-импровизация - состязания искусства, воспитывающие находчивости и быстроте мысли. Нет такого состязания искусства, как айтыс, который неожиданно, в удобный момент беспрестанно «положил бы на обе лопатки». Одним словом, **«Сөз тапқанға қолқа жоқ»**. Айтыс – импровизация тренирует молодых людей и девушек без запинки декламировать стихи, импровизировать на месте, повышает их любовь к устному творчеству и музыке, расширяет сознание, обучает находчивости и умению. А в сражениях много неожиданных ситуаций. Такие качества, как находчивость и понятность всегда должны быть заложены в солдатах, он обеспечивает победу в безвыходном положении – сила одолевает одного, а изворотливость, ум - тысячи».

Таким образом, Бауыржан еще в 1943 году смог понять драгоценные жемчужины устного творчества. Он не только познал, но и связав со своим жизненным опытом, объяснил в своем письме чиновникам, стоящим у власти.

Кокпра, байга, аударыспак – традиционные национальные спортивные игры, закаляющие мужество, умение, мышцы, увлекают человека, который может твердо решиться на риск, даже решиться на смерть ради чести и славы. Что эти игры приносят пользу, ни у кого не должно быть сомнений. Эти игры воспитывают в джигитах, солдатах Красной Армии рыцарские качества» [3].

Основу военного воспитания, формирования в солдатах воинских качеств Бауржан Момышұлы находит в довоенном воспитании: «проблема воспитания, проводимой в период с пеленок до рукопашного боя с копьем - проблема военного воспитания». Писатель еще в суровые годы войны говорил о месте народной педагогики в воспитании ребенка, тем самым поднимал проблему национального воспитания.

«Дело воспитания человека с самыми лучшими качествами – это воспитательная работа, проводимая до армии». «Если ребенок с пеленок не будет слушаться свою мать, в пять лет пререкается с отцом, вырастит драчуном и грубияном, то из него вырастит плохой человек, плохой солдат. Воспитать такого человека, привитие лучших воинских качеств – трудная и сложная задача для командира» [1]. Из этих слов батыра можно выяснить, что национальные традиции казахского народа занимают определенное место в воспитании ребенка с момента рождения и до формирования в нем гражданина. Таким образом, по утверждению героя-писателя уважение драгоценного сокровища народной мудрости является нашим гражданским долгом, и предупреждает нас о полном сохранении лучших традиций для подрастающего поколения.

Торжество замечательных вековых традиций казахского народа, их успехи в воспитательном процессе военнослужащих в годы войны, помощь в защите Родины от врагов являлись главной мечтой и целью героя-писателя.

Литература

1. Момышұлы Б. Психология войны. Алматы, Қазақстан, 1990.
Хаттар. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты. Қор № 1432. Тізбе № 2, Іс-235.
2. Хаттар. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты. Қор №1432. Тізбе №2, Іс-256.
3. Хаттар. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты. Қор №1432. Тізбе № 2, Іс-235.
4. Хаттар. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты.
5. Хаттар. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты. Қор №1432. Тізбе № 3, Іс-147.
6. Хаттар. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты. Қор№1432.Тізбе№3,іс - 148.
7. Хаттар. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты. Қор № 1432. Тізбе № 2, Іс-226.

БАУРЫЖАН МОМЫШҰЛЫ - 110 ЖЫЛ

Толықбаева Еңлік Әуелбекқызы

*Қазақстан Республикасы «Кинофотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар» архиві,
Ғылыми анықтамалық аппарат және құжаттарды пайдалану бөлімінің жетекшісі*

Халқымыздың даңқты ұлы Бауыржан Момышұлының туғанына биыл желтоқсанның 24-іне 110 толып отыр. Екінші дүниежүзілік соғыста ерен ерлігімен көзге түскен, бейбіт күнде оқшау пікірлерімен ел жадында қалған батыр туралы көркем шығарма да, ғылыми зерттеу де, деректі фильмдер де, естеліктер де баршылық. Алайда әлі де зерттелмеген жайыттар да жеткілікті, зерттелсе де оны қоғамға жеткізу, таныту, насихаттау мәселесі тоқтамайтын процесс.

Осы орайда бауыржантанушылар ҚР Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архиві қорында сақтаулы тұрған деректерді қаншалықты пайдаланып жүр? Бұқаралық ақпарат құралдарынан қаншалықты көрсетіліп жүр деген мәселе ойландырады. Әрине, Бауыржан Момышұлы туралы жазғандардың бәрі бірдей архив ақтара бермейтіні түсінікті. Оны біз БАҚ-та шыққан материалдарды көргенде байқаймыз. Көбіне бұрын жарияланған, жұрт талай көрген деректер мен видеоматериалдарды қайта көрсетіп жатады. Жаңа ұрпақ, жас буынға ол да жаңалық, әрине.

Осыдан біраз жыл бұрын әлеуметтік желіде Бауыржан Момышұлының сөйлеген сөзі жаппай тарағаны есімде қалыпты. Бұрын сөзін оқып жүргендер батырдың күндей күркіреген зор даусын естігенде таң-тамаша боп, бірінен бірі көшіріп таратып жатты. Бұл жайт батырдың мұрасын насихаттаудың жаңа тәсілі бар екенін де көрсетіп берді. Күнделікті өмірімізге дендеп енген әлеуметтік желіде батыр тұлғасын насихаттаса болады екен деген ойға жетеледі. Батырды зерттеушілер мен бұқаралық ақпарат құралдары осы мәселені ескергені жөн болар еді.

ҚР Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архиві қорында Б. Момышұлы жайлы көптеген видео-фото мәліметтер бар. Рас, ілеуде бір келетін зерттеушілер бар, бірақ әлі жарияланбаған материалдар да баршылық. Олар да көпшіліктің көзайымына айналса дейміз. Бұл тұста мына нәрсені айта кету керек. Бұл материалдар Бауыржан тұлғасын зерттеушілерге ғана емес, Бауыржан өмір сүрген кезеңнің мәдени-әдеби тарихы жайлы зерттеушілерге де көптеген қосымша деректер болады.

Архив қорында Бауыржан Момышұлының 1943-1972 жылдар аралығын қамтыған фотоқұжаттары бар. Сол кезде-ақ аты шыға бастаған батыр елден жеткен сыйлықты майдан өтінде жүріп күтіп алғаны бейнеленген киноқұжат та сақтаулы. Бізде Екінші дүниежүзілік соғыс тарихына байланысты жеке зерттеушілердің аздығын ескерсек бұл да мәлімет. Кеңес өкіметінің соғыс кезіндегі мәдени іс-шараларын қарастыратын зерттеушілерге таптырмас ілік. Әлбетте біз Жүсіпбек Елебеков, Роза Бағланова секілді белгілі әншілеріміздің алғы шепке барып, өнер көрсеткенін, майдандағы Рамазан Елебектің атақты «Жас қазақ» әні осылай елге жеткенін білеміз.

Бауыржан Момышұлының 1944 жылы елге келгені қазақ әдебиеті мен мәдениетіндегі үлкен оқиға болды. Бұл сәттің киноқұжаты да архив қорында тұр. Батырдың соғыс аяқталған соң іле-шала 1948 жылы Мәскеу түбіндегі Волоколамск шайқасына қатысқан панфиловшылар дивизиясы боздақтарының зиратына гүл қойғаны, 1956 жылы Алматыдағы Панфилов ескерткіші алдында сөйлегені сияқты, сонымен қатар, 1975 жылы, 1985 жылы, 1991 жылдары түсірілген деректі фильмдер де сақталған.

Мұнан өзге Бауыржанның дауысы жазылған таспалар бір төбе. 1961-1975 жылдар аралығындағы түрлі іс-шаралардағы сөйлеген сөздері таспаға түскен. Мұндай сөздерді тыңдау бөлек те, сол замандағы әдеби – мәдени және қоғамдық тенденциялармен салыстыра отырып зерттеу бір бөлек. Өткенге жаңа көзқараспен қарай бастаған шақта Бауыржан Момышұлының сөздерін қайта қарап шықса артық етпейді.

ҚР Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архиві өз қорында сақталған батыр туралы материалдарды зерттегісі келгендерге ұсынуға дайын.

МЕҢДІБАЙ ӘБІЛҰЛЫ - БАУЫРЖАНТАНУШЫ

Беркенова Р.А., Пертаева Э.К., Стамкулова Б.Ш.

Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті, Тараз қ.

Ең алдымен ғалым, жазушы-журналист, ақын М. Әбілұлының Бауыржантану ғылымына қосқан үлестері жайлы қалам тербеп, пікір өрбітейік. Ғалымның даңғыл жолына түскен М.Әбілұлы мектеп қабырғасында жүріп, атап айтқанда 7-сыныпта оқып жүргенде-ақ Б.Момышұлының 2 томдық шығармалар жинағын оқып шықты. Онан соң Ә.Нұршайқовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогын оқыды. Б.Момышұлы туралы шығармаларды, Б. Момышұлының өзінің жазған шығармаларын үзбей қызыға оқып, оқыған шығармалары туралы құрбыларына айтып беріп жүретін. Мектепті бітірген соң жоғарғы оқу орнына түсіп, студент болды. Аудандық газетте еңбек етіп журналистік салада қызмет етті...

М. Әбілұлы Б. Момышұлы туралы «XX-ғасырдың Күлтегіні», «Бауыржан түркі біткеннің әскери қолбасшысы немесе түркі дәуірі мен Бауыржан арасындағы рухани байланыс», «Бауыржан Момышұлының Тамдыда болуы», «А. Бектің «Арпалыс», Б.Момышұлының «Москва үшін шайқас» романдарының біз білмейтін құпиялары» (*Бауыржантанушы ғалым М.Кәтімханнның «Арпалыс» романының авторы кім?» атты ғылыми-зерттеу кітабы туралы*), «Қарақалпақстандық панфиловшы» атты ғылыми-танымдық мақалалар, очерктер жазды. 2008-жылы Алматыдағы «Полиграфия сервис және К» атты баспадан «Бауыржан батыр туралы қисса» атты кітабы 200 данамен басылып шықты, 2008-жылы Тараз қаласындағы Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің баспасынан «Алып Бауыржан туралы қисса» атты кітабы 500 данамен басылып шықты. Бұл қисса осы тақырыппен Жамбыл облыстық «Ар-стан» газетіне жарияланды. Бұл әрине, аз еңбек емес. Б. Момышұлының ерлігі мен өрлігін, қоғамдағы, әдебиеттегі қызметтерін осылай елімізге насихаттап, рухани байлығымызға үлес қосты.

М. Әбілұлы 2012-жылы Орталық Азиядағы туысқан түркі халықтарына белгілі журналист-жазушы Өзбекстанның Бұқара облысы, Тамды ауданының «Қақпата» деп аталатын елді

мекенінде туылған Жүсіп Әлқожамен сұқбаттасып, Б. Момышұлының Тамды ауданына іссапармен келгені туралы мақала жазды.

Белгілі ақын Қайыпназар Шотбасов:

«Қара сөздің бұлбұлы,

Отырыстың гүлгүлі,

Тәуелібай перзенті,

Әсем Тараз тұрғыны.

Бөлшегіндей даланың,

Асылысыз ағаның.

Жүз жаста да қолыңнан,

Түспесін еш қаламың...»-деп өмірінің соңғы жылдары Таразға қоныс аударып келген Жүсіп Әлқожа туралы өлең де жазған.

М. Әбілұлы Б. Момышұлының Бұқара облысы, Тамды ауданына келгені туралы 2018-жылы республикалық ғылыми-әдістемелік басылым «Қазақ тілі мен әдебиеті» атты журналға «Бауыржан Момышұлының Тамдыда болуы» атты мақала жазды. Мақалада: «Жүсіп Әлқожаұлы 2006-жылы Алматыдағы «Топ» баспасынан жарық көрген «Замандастар, тұтастар» деп аталатын естелік кітабында Бауыржан Момышұлының Тамды ауданына келгені туралы былай деп жазады: «Халық батыры Бауыржан Момышұлы және оның атқосшысы Сәуірбек Бәкбергеновтың Бұқара облысындағы Тамды ауданына барғаны жайында сол кездегі аудандық «Социалистік шаруашылық» газеті, «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», Бұқара облыстық «Советская Бухара» газеттері жазып шықты...» – деп жазды [1].

М. Әбілұлы Бауыржан Момышұлы туралы бірнеше ғылыми-танымдық мақалалар жазды, «Алып Бауыржан туралы қисса» атты шығарма жазып, ол шығармасы жасөспірімдер тарапынан жылы лебізге бөленді. Тараз қаласындағы оқушылар сарайында өткізілген мектеп оқушыларының қисса-дастандарды орындау номинациясы бойынша байқау өткізілгенде М. Әбілұлы А. Иасауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті Тараз институтының баспасында басылып жатқан «Алып Бауыржан туралы қисса» атты кітаптарының 200 данасын Жамбыл облысының әр аудандарынан келген сарайда отырған мектеп оқушылары мен мектеп мұғалімдеріне тегін таратқаны кейін ел арасында айтылып жүрді. Кейін айырым мектеп оқушылары осы Бауыржан Момышұлы туралы жазылған қиссаны жаттап алып, домбырада мейрамдарда жатқа айтып жүргені белгілі болды.

М.Әбілұлы «Бауыржан Момышұлының Тамдыда болуы» атты мақаласында өзбекстандық қазақ түркілерінің Мәскеу түбіндегі қанды шайқаста неміс-фашистерінің тізесін бүктірген атақты батырды Тамды ауданының халқы алай күтіп алып кездескені туралы мақаласында былай деп жазды: «Сол жылы ауданға «Бауыржан Момышұлы келеді екен...» деген хабар бүкіл аудан жұртшылығын аяғынан тік тұрғызды. Жүсіп Әлқожаұлы -аудандық газеттің редакторы. Дереву редакция қызметкерлерінің шұғыл жиналысын өткізіп, осы кездесуге байланысты тапсырмалар беріп жатты.

Сол бір сәт ел есінде мәңгі қалды,-дейді Жүсіп ақсақал.-Көктем мезгілі болатын, аты әлемге танымал батырды күтіп алу үшін дайындық жүргізіліп жатты. Тамды аудандық партия комитетіне Ташкенттен әртүрлі тапсырмалар келіп жатты. Тамдыдағы қазақтардың Бауыржанды күтіп алу үшін ерекше дайындық жүргізуінің мәнісі бар еді. Ел аузында Бауыржан Момышұлы туралы аңыз әңгімелер, ертегілер, өлең-жырлар көп. Жасы үлкен қариялар айтып жүреді. Оны тыңдап өскен жасөспірімдердің бойында ұлттық намыс, ұлтжандылық қалыптаса бастайды. Жаңа туылған сәбилердің есімдері «Бауыржан» деп қойыла бастады. Бата-тілектердің арасында «Бауыржандай батыр бол...» деген жолдар түспейді. Талантты ақындар Бауыржан батыр туралы өлеңдер жазып, аудандық газетке ұсынып жатты. Алыс ауылдардан "Бауыржан батырды көреміз, қолын алып сәлемлесеміз..." деп, «немерелеріміздің маңдайынан сүйдіреміз...» деп ауыл қариялары Тамдыдағы ағайын-туысқандарының үйлеріне ағылып келе бастады. Жыршы-жыраулар Бауыржан туралы жазылған өлең-жырларды жаттап алып, белгілі бір мақаммен домбыраға салып дайындала бастады. Бұл бір естен кетпес қызықты оқиға болды...» [2].

М.Әбілұлы журналистік қызметте жүрген кездері Б. Момышұлының батальонында, полкінде, дивизиясында қызмет еткен жауынгерлерді іздеді. 1971-жылы 12-ақпанда Қазақстан жазушылар басқармасының органы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған панфиловшы Бердалы Басқаровтың «Армысың, ардақты командирім» атты мақаласын оқып, панфиловшы Басқаровты

іздеп тауып алды. Ол Қарақалпақстан Республикасы, Тактакөпір ауданы, бұрынғы Ленин атындағы (қазіргі «Бөріше тау») совхозда тұрады екен. Мақаланың мәтіні мынадай: "Армысың, ардақты командирім! Армысың қымбатты командирім Бауыржан Момышұлы! Мен Сізді соғыстың алғашқы күнінен бері танимын. Бір күні сапта тұрған солдаттарды Сіз аралап келе жаттыңыз. Кенет маған көзіңіз түсіп: «Жігітім, бері кел...» - деп шақырып сұрақ қойдыңыз.

-Қай жерден келдің?

-Өзбекстаннан.

-Әке-шешен бар ма?

-Түгел.

-Жауынгерлік міндетің не?

-Отанды қорғау.

-Қалай?

-Көздің қарашығындай.

..Барлауда жүрген біз өзіңізге таңдана да қызыға қараймыз. Өзіңіздің «оққағарыңыз» мықты еді. Шіркін, жігіттің сондай болғанына не жетсін! Кейін Сіз мені СОКП мүшелігіне қабылдадыңыз. Бұл менің өмірімдегі әрі жауапты, әрі үлкен асу еді. Содан бері Сіз маған туған ағадай болып кеттіңіз. Соғысаяқталған соң Сіз әдебиет майданына көркем шығармалар беріп жүрдіңіз.

Ал өзіңіз сонау отты жылдары арқасынан қаққан «қойтапал» азамат елге сержант болып оралған еді. Отбасымда бес балам бар. Үлкен ұлым Самарқанд мал дәрігерлік институтында оқиды. Өзгелері-мектеп оқушылары. Өзім агроном болып қызмет атқарамын. Үкімет пен партия біраз жылғы еңбегімді ескеріп, орденмен марапаттады.

Қымбатты командирім, Бауыржан аға! Сізді Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтауыңызбен құттықтаймын! Мықты денсаулық, әдеби мол табыс тілеймін! Бердалы Басқаров».

М.Әбілұлы Бескала өлкесінен Бауыржан Момышұлы туралы көптеген аңыз әңгімелер, өлеңдер, ертегілер жинады. Осы ауыз әдебиетінің асыл мұраларын айтушы (информатор) панфиловшы Бердалы Басқаров болатын. Соғыс ардагері, ауыл ақсақалы ретінде Басқаровты көбінесе мектеп оқушыларымен кездесуге шақыратын. Сол кездесулерде Басқаров Бауыржан Момышұлы туралы аңыз әңгімелерді жалықпай айтып жүретін. Соның бірі «Гитлердің түсі» деп аталады. Аңызда фашистік Германияның фюрері Адольф Гитлер түс көреді. Түсінде Рейхстагқа Бауыржан батыр ақ боз атымен кіріп келеді. Қолында көк найза, иығында автомат. Бауыржан Гитлердің кеудесіне ақырып кеп көк найзаны шаншады. Осы кезде Гитлер ұйқысынан шошып оянады. М. Әбілұлы осы сюжетті өзінің "Алып Бауыржан туралы қисса" деп аталатын қиссасына енгізді.

М. Әбілұлы панфиловшы Б.Басқаров туралы "Қарақалпақстандық панфиловшы" деп аталатын очерк жазды. Оның Б. Басқаров туралы жазған очерктері, мақалалары әр түрлі тақырыппен аудандық, облыстық, республикалық газеттер мен журналдарға жарияланды.

«Бердалы Басқаров майданда барлау қызметінде болды. Бауыржан Момышұлының тікелей тапсырмасын жауынгер жолдастарымен ойдағыдай орындап жүрді. Небір қауіпті жауынгерлік тапсырмаларды орындап, жау тылынан бірнеше рет «тіл» алып келді...» - деп жазды М. Әбілұлы «Панфиловшы Бердалы Басқаров» атты мақаласында [3].

М.Әбілұлы Б. Момышұлының өлеңдеріне ғылыми пікір жазған ғалымдардың алғашқылары болып саналады. Б. Момышұлының өлеңдерінен тасқа қашап жазылған «Күлтегін» дастанынан, Абай өлеңдерінен рухани сабақтастықты іздейді. М. Әбілұлы «Бауыржан түркі біткеннің әскери қолбасшысы немесе түркі дәуірі мен Бауыржан арасындағы рухани байланыс» атты ғылыми мақаласында: «Күлтегін мен Тоныкөк жырларындағы қанатты, нақыл сөздер мен Б. Момышұлының мақал-мәтелдеріндегі рухани байланысты сезуге болады. Мысалы, «Күлтегін» мен «Тоныкөк» жырында кездесетін «Мұқият тыңда, терең ұқ» деген мәтел Б. Момышұлының : «Ой жетпейтін жер болмайды», немесе: «Көз жетпегенге ой жетеді, тіл жетпегенге үн жетеді» деген мақал-мәтелімен үндеседі...» [4].

М.Әбілұлы Б. Момышұлының әдеби шығармалары туралы көптеген ғылыми мақалалар жазып, бауыржантану ғылымына үлес қосты. «Алып Бауыржан туралы қисса» деп аталатын шығарма жазды.

Әдебиет

1. Әбілұлы М, «Бауыржан Момышұлының Тамдыда болуы», республикалық ғылыми-әдістемелік басылым «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, №12.- 2012. 84б.
2. Әбілұлы М. «Бауыржан Момышұлының Тамдыда болуы», республикалық ғылыми-әдістемелік басылым «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 12-саны, 2012. 82-83бб.
3. Әбілұлы М. «Панфиловшы Бердалы Басқаров», республикалық «Ұлағат» журналы, (республикалық ғылыми-психологиялық және педагогикалық басылым), №6, 2012. 50-54бб.
4. Әбілұлы М. «Бауыржан түркі біткеннің әскери қолбасшысы немесе түркі дәуірі мен Бауыржан арасындағы рухани байланыс», Жамбыл облыстық «Арай» газеті, №11, 16-наурыз, 2006 ж.

ЖАМБЫЛДЫҚТАРДЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСУЫ ЖӘНЕ МАЙДАНДАҒЫ ЕРЛІКТЕРІ

Жүрсінбаев Бақытжан Абсаматұлы

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің «Тарих, құқық және кәсіпкерлік»
кафедрасының доценті, т.ғ.к.*

Байболов Ерлан Түйтебайұлы

Тарих ғылымдарының магистрі

Ұлы Отан соғысы басталысымен-ақ Мемлекеттік қорғаныс комитетінің 1941 жылдың 31 маусымындағы № 346 қаулысы бойынша жалпыға бірдей жаппай мобилизация жарияланады [1, с.90]. Осыған байланысты ұлттық республикалар есебінен 20 кавалериялық дивизиялар мен 15 жеке атқыштар бригадаларын құру жоспарланып, оған 40 жастан аспаған дені сау және мықты жеке құраммен жасақталуға және олар жеке тармақпен киім-кешек, адам және ат жабдықтары, ер-тоқым, фураждық және басқа да жабдықтар, ат құрамы, суық және ішінара атыс қаруы жергілікті бюджет ресурстары есебінен қамтамасыз етілу міндеттелді. Қазақ ССР-інің әскери комиссариаттары жаппай мобилизациялауға 1941 жылдың 2-ші шілдесінен бастап кірісіп, майданға 12 атқыштар, 4 атты әскер дивизиялары, 7 атқыштар бригадалары, 50-ге жуық жеке полктар мен батальондарды аттандырған [2, 32 б]. Соның ішінде Жамбыл облысында 1941 жылы 678-ші ерекше атқыштар батальоны, ерекше инженерлер құрылыс батальоны, 81-ші атты әскер дивизиясы, ерекше ұлттық атты әскер дивизиясы, газдан залалсыздандыру отряды, ал, 1942 жылы 5-теміржол ротасы, 1914-ші және 1919-ші жұмысшы батальондары жабдықталған. Жалпы алғанда Ұлы Отан соғысына облыстан 41453 азамат аттанса, оның 14701-і Жамбыл қаласының тұрғындары құраған. Ұлы Отан соғысы жылдары Жамбыл облысынан шақырылған азаматтардың 15536-сы майданда қаза тапса, 13639 хабар-ошарсыз кеткен [3, 4 б]. 1941 жылы 21 қарашада Жамбыл облыстық депутаттар Кеңесінің Атқару Комитеті және Қазақстан К(б)П облыстық комитет бюросы «Жамбыл қаласында ұлттық кавалериялық дивизияны қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар туралы» 14 тармақтан тұратын қаулы қабылдайды. Қаулыдан ұлттық дивизияны құру бойынша негізгі ауыртпалық жақында құрылған Жамбыл облысының экономикасы әлі бекітілмеген және халық саны 320 мың адамнан сәл жоғары аудандарға түседі [4, 5-п]. Қаулының екінші тармағына сәйкес адам құрамын, жылқыларды, азық-түлік жемін, керек-жарақтар мен басқа да материалдық ресурстарды жеткізуге шығыны да аудан қаражаты есебінен алынды. Дивизияны құрамындағы қазақтар басымдылық танытқан. Мәселен 12 желтоқсанға дейін облыстан дивизияға жіберілген 671 қатардағы жауынгерлердің 658-і қазақтар құраса, командалық-басшылық құрамы бойынша 244 адамның қазақтар-165, орыс және басқа да еуропалық ұлттар-79 адамды құраған [5, 75-78 pp].

105-ші ұлттық кавалерия дивизиясын адам құрамымен толық жасақтау 1942 жылдың ақпан айында аяқталып, 26 шілдеде «Спартак» стадионында салтанатты жағдайда оған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің туы тапсырылып, сол күні майданға аттанады. Бұдан басқа да Жамбыл облысы өздерінің азаматтарын басқа да әскери құрылымдарды толықтыруға жіберіп отырған. Мәселен 1941 жылдың 20 желтоқсанында Халық комиссарлар кеңесі мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің «8-

ші Панфилов атындағы Қызыл тулы дивизияға жіберу мақсатында әскери дайындықтан өткен әскери міндетті қазақтарды іріктеу туралы» қаулысы қабылданып, жамбылдықтарды іріктеп осы Панфилов дивизиясына жіберген. Осы дивизияда жүріп соғысқан жамбылдықтар өздерінің алғашқы ерліктерің жасайды. Генерал-майор Иван Панфилов басқарған 316-шы атқыштар дивизиясының сол кездегі КСРО-ның астанасы Москва қаласын қорғаудағы өшпес ерлігі тарихта ерекше орын алады. Осы дивизияның 28 жауынгері 1941 жылдың қыс мезгілінде Дубосеково бекетінде фашистердің 50 танкісіне қарсы тұрып, жаудың 18 танкісі мен жүздеген жауынгерлерін жойғаны үшін олардың бәріне Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Солардың арасында жамбылдықтар - Николай Белашов пен Иван Москаленколар да бар еді. Мәскеу түбіндегі шайқаста аға лейтенант Бауыржан Момышұлының басқаруындағы батальонның жеке құрамы да жоғарғы дәрежедегі ұйымшылдық пен Отан алдындағы антқа адалдықтарын көрсеткен. Мәскеу түбіндегі шайқастарда Момышұлының басқаруындағы батальон 27 шайқасқа қатысып, оның басым бөлігін қоршау жағдайында өткізген. Волоколамск тас жолындағы шайқастан кейін Бауыржан Момышұлы полкті басқаруға көшеді. Оның полкі көптеген ауыр шайқастарға қатысып, табандылығымен танылған. Ол соғысты 1945 жылдың қаңтарында ол Шығыс Пруссияның 9-шы гвардиялық атқыштар дивизиясына командирі қызметінде аяқтайды [3, 23 б]. Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының есімі біздің елімізде ғана емес, сонымен қатар оның шегінен тыс жерлерге де жеткен. Ол туралы Александр Бектің «Волоколамск тас жолы», Дмитрий Снегиннің «Алыстағы көзқарастар туралы», «Ұшақ туралы» әңгімелерінде, Малик Ғабдуллин «Менің майдандас достарым» кітабында және Александр Кривицкийдің «Мен ешқашан ұмытпаймын» романында жазылған. Оның бірнеше рет Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылғанымен белгісіз себептерге байланысты оған бұл атақ берілмей, тек 1990 жылдың 11 желтоқсанында ғана Кеңес Одағының Батыры атанады. Жамбылдықтардың келесі бір ерліктің үлгісін 1942 жылдың жаз және күз айларында Сталинград түбіндегі жойқын соғыста көрсетеді. Волга жағалауында орналасқан қаланы қорғауға жалпы саны 10 мыңнан аса қазақстандықтар қатысып, тіпті қазақстандықтар кірмеген бірде-бір дивизия немесе бригада болмаған. Әсіресе жамбылдықтардан құралған 81-ші атты әскер дивизиясы Сталинград үшін шайқастарға белсенді түрде араласқан. Бұл дивизия 51-ші армиясының 4-ші атты әскер корпусының құрамында соғысқа кіріп, шайқастың алғашқы күнің сәттілікпен бастайды. Дивизия 130 шақырым алға жылжып, Абганерово ауылы мен станциясын босатады да темір жолды кесіп өту арқылы Тихорецкая елді мекенінен шығады. Осы жорықта дивизияның 10 адамы қаза тапса, 13-і жараланды. Ал дивизияның берген соққысынан жаудың кемінде 150 әскері пен офицеры қаза тауып, 200-ге жуығы тұтқынға алынады. Бұдан басқа дивизия бірнеше қойманы, ондаған зеңбіректерді, автомобильдерді және кем дегенде 300 жылқыны олжалайды [6, с.72].

Алайда 23 қарашаға қараған түні 81-ші атты әскер дивизиясы Ақсай станциясына басып кірген кезде алғаш рет ауыр шығынға ұшырап, 38 әскері қаза тауып, 89 адамы жараланады. Бірақ осындай шығындарға қарамастан жамбылдықтар румындардың 93-ші жаяу әскер полкінің 300-ден астам жауынгерін өлтіріп, 17 танк пен 12 зеңбірегің жойып жібереді. 24 қарашада 81-ші дивизия бөлімшелері тынығып, қару-жарақтарын ретке келтірген соң 25 қарашаға қараған түні батысқа қарай өзен бойымен жылжып, жоғары қолбасшылықтың бұйрығы бойынша Котельниковтан солтүстік-батысқа қарай белсенді шабуылға шығады. Алайда 27 қараша күні таңертең осы ауданда 51-ші армияның жағдайы қиындап, негізгі соққыны 81 атты әскер дивизиясы қабылдайды. Соның нәтижесінде дивизия толығымен немістердің қоршауында қалады. Немістердің жасаған қарсы шабуылы кезінде дивизияның командирінен бастап штабы толығымен жойылады. Дегенмен дивизияның бүкіл басшылығы жойылса да дивизия өзінің әскери күш қуатын сақтай отырып, қоршауды бұзып шығады. Алайда қоршауды бұзып өту кезінде дивизия 1897 сарбаздарынан, барлық зеңбіректері мен минометтарынан толықтай айрылып, зор шығынға ұшырайды [6, с.75]. 81-ші атты әскер дивизиясының құрамасы қоршаудан шыққан соң Котельниковтан солтүстікке қарай 20-30 км жерге шегініп, осы мекенде қорғанысқа көшеді де оған 9 танк, сегіз зеңбірек беріледі. Осы күштермен дивизия 4-ші корпусының Котельниковтың солтүстік-батысын қорғап, 23 желтоқсанға дейін Сталинград майданының оң қанатында сұрапыл ұрыстар жүргізеді. 2-ші гвардиялық армия шабуылға шыққан кезде, 81-ші атты әскер дивизиясы резервтік майданға ауыстырылады. Сталинград үшін болған шайқаста көп сарбаздарынан айрылған жамбылдық дивизия 1943 жылы 7 мамырда таратылып, оның құрамы Берлинге дейін барған 15-ші гвардиялық атты әскер дивизиясының қатарына қосылды. Сонымен, жамбылдық 81-ші атты әскер дивизиясы жауды Сталинградтан қуып шығуға өз үлестерін қосады [6, с.78]. 81-ші атты әскер дивизиясынан

бөлек жамбылдықтардан құрылған келесі бір әскери құрылым 105-ші ұлттық атты әскер дивизиясының командирі ұлты татар генерал Керзимов, дивизияның комиссары Қасым Сүлейменов, дивизия штабының бастығы Ғазиз Лұқманов болды. Полктарды майор Ерсайын Ещанов, аға лейтенант Байділдә Доскенов, майор Абдолла Ақбаевтар, дивизияның эскадрондарын және басқа да қосымша бөлімдерді әскери өнерді жете меңгерген талантты қазақ офицерлері басқарды [7, 22-6]. Дивизия бөлімдері 1942 жылы тамыз айында эшелондарға тиеліп алып, Москва түбіне жеткізілді. Осы жерде 105-атты әскер дивизиясы қайта жасақталып 6-шы гвардиялық әуе-десанттық дивизиясына айналады. Енді жамбылдықтар десант әскерлерінің қимылы мен тактикасын үйренуге міндеттеліп, оған 3-4 ай уақыттарын жібереді. 1943 жылдың мартында дивизия майданға аттанып, Старая Русса маңында қоршауға алынған 16-неміс армиясына қарсы жүргізілген ұрыстарға қатысады. 1943 жылдың жазында А. С. Жадов басқарған 5-гвардиялық армияның құрамында атақты Курск шайқасына қатысып, Белгород-Харьков бағытында қимыл жасайды. Дивизия 1943 жылы 29 сентябрьде Кременчуг қаласын жаудан азат етуге қатысып, Жоғарғы Бас қолбасшының алғысын алады да 6-гвардиялық Кременчуг әуе-десанттық дивизиясы деп аталады [8, с. 61-62]. Мысалға капитан Б. Доскенов басқарған батальонның ерлік істері Дала майданының органы «Отан абыройы үшін» және орталық «Правда» газеттерінде: «...капитан Доскенов бастаған атқыштар батальоны асқан ерліктен тіке шабуыл жасап, жауды бірнеше маңызды бекіністерден жойып шықты» деп жарияланды [7, 35 б].

Жамбылдықтар Алматы қаласында жасақталған 100-ші ұлттық атқыштар бригадасына да алынып жаумен шайқастарға түскен [9, с.47]. 1943 ж. 15 қазанда Большой Иван және Каратай көлдерінің арасында жау әскерлермен ұрыс жүргізген бригада жаудың 1483 адамы, 14 танк және басқа да техникаларың жойып, көптеген әскери олжаларды қолға түсірген. 1943 жылы 12 желтоқсанда бригада 6-гвардиялық армияға қарайтын 23-гвардиялық атқыштар корпусының қарамағына көшіп, 31-ші атқыштар бригадасымен бірге 1-атқыштар дивизиясын жасақтайды. 239 немістің көзін жойып, омырауына Қызыл Жұлдыз орденін қадаған Ибраим Сүлейменов осы 100-ші ұлттық дербес атқыштар бригадасының мергені еді [3, 39 б]. 1911 жылы туған Ибрагим Сүлейменов соғысқа дейін Жамбыл МТС-інде жұмыс істеп, 1941 жылдың желтоқсан айынан бастап 100-ші атқыштар бригадасының ерекше атқыштар батальонының мергені қызметіне алынады. Алғаш рет «Әскери ерлігі үшін» медалін алса 1943 жылдың 27 ақпанында «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталды. Марапатқа ұсыну қағазында мерген Сүлейменов Калинин облысының «Молодой Туд» ауданы түбіндегі соғыста 1942 жылдың 25 ақпаны мен желтоқсаны аралығында 42 гитлершілді, 1943 жылдың 4-12-ші қаңтар аралығында Великие Луки қаламаңында дұшпанның 160 солдаты мен офицерінің көзін жойған делінген. Ол 240 фашист солдаты мен офицерін снайперлік винтовкасымен, 40 фашистті гранатпен жойғаны үшін Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынылғанымен әлдебір себептермен оған Ленин ордені беріледі [3, 42 б].

Ол Псков облысындағы Невель қаласы үшін болған ұрыста қаза табады. Ұлы Отан соғысы жылдарында қанды шайқастардың бірі Днепрден өту кезінде орын алған. Осы шайқаста 20 казакстандық жауынгер Кеңес Одағының Батыры атағын алса, соның 8-і жамбылдықтардың үлесіне тиеді. Олар: Мәди Бегенов, Владимир Вишневецкий, Владимир Савва, Степан Суцев, Саян Шакиров және тағы басқалары болды. Солардың арасында 1916 жылы Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Ұланбел кентінде туған Бегенов Мәди Кайбиұлының марапат парағында былай деп жазылады: «Днепрден өткен Бегенов өз бөлімшесімен бірге бірінші болып неміс траншеяларына кенеттен шабуыл жасайды. Мәди 7 сарбаз бен бір унтер-офицерді жеке өзі жойды. Бұл арқылы ол взвод үшін табысты ілгерілеуді қамтамасыз етті. Бегенов бөлімшесімен траншеялардың екінші линиясына шабуыл жасап, жауды қашуға мәжбүр етті. Бегеновтың бөлімшесі траншеяларда бекініп алды. Соның нәтижесінде кеңес әскеріне жылжуға мүмкіндік береді». Осындай ерлігі мен батырлығы үшін Жоғарғы Кеңес Президиумының 1944 жылғы 19 наурыздағы жарлығы бойынша Бегеновке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді [10, 15 б].

Ерліктің ерекше үлгісін көрсеткен жамбылдықтардың бірі Ақәділ Сухамбаев Ұлы Отан соғысына 1941 жылдың қазан айынан бастап қатысқан. 3-ші Беларус майданының 31-ші армиясындағы 174-ші атқыштар дивизиясына қарайтын 628-ші атқыштар полкінің қатардағы жауынгері Сухамбаев Польшаның Августов қаласынан солтүстік шығысқа қарай 24 шақырым жердегі Стшельцовизна деревнясының түбінде 1944 жылдың 31 шілдесі күнгі ұрыстарды қиын сәттерінің бірінде жау пулеметін өз кеудесімен жауып, жеңіс үшін жанын құрбан етеді. Майдандық «Жауға қарсы аттан» газет атаулы оқиға жайлы былай деп жазды: «Жаяуәскер Ақәділ Сухамбаев Александр Матросовтың өлмес ерлігін қайталады. Ол өзін құрбан ете отырып, жеңіске жол ашты. Өлімнен қорыққан жоқ. «Мен фашистерді көзім жұмылғанша соға беремін» деп өзінің

соңғы шайқасқа шығар алдында айтқан еді. Ақәділ Сухамбаев өз антына адалдық танытты. Жеңіске аз ғана уақыт қалғанда қаза тапты. Жолдастары оны жауынгерлік құрметпен жер қойнына берді. Оның 2811-нөмірлі автоматы келесі шайқаста 12 фашистің көзін жойған жерлесі Лобацевичке тапсырылды» [10, 17 б]. Осы ерлігі үшін оған 1945 жылдың 24 наурызында Кеңес Одағыны Батыры атағы берілген. Соғыс жылдары әр жауынгер өзінше ерлік жасап, көпшілігі өзін құрбан ету арқылы үлкенді-кішілі жеңістерді жақындатып жатты. Солардың бірі Хожебаев Асем 1942 жылдан бастап Қызыл Армия қатарына алынып 120 мм минометтер батареясының оқтаушысы атанады. 1943 жылдың 26 шілдесінде ол Орел қаласы үшін жүргізілген ұрыстарда дұшпанның қарша бораған оғына қарамастан қарсы жақтың батареясын жойып, жаяу әскердің алға жылжуына жағдай жасаған.

Бұлардан басқа да майдан даласында ерлік жасаған көптеген жамбылдықтарды атап кетуге болады. Мәселен 1942 жылдың 25 қарашасында ұрыс даласынан жаудың артиллерия және миномет оғының астында жараланған 30 жауынгер мен офицерлерді жеке қаруларымен бірге алып шыққаны үшін Мамасаидов Рахматулла марапаттауға ұсынылса, әскер қатарында 1940 жылы Қазақ ССР-і, Жамбыл облысы, Жамбыл аудандық әскери комиссариаты арқылы шақырылып, №2-гвардиялық мотоатқыштар дивизиясындағы №4 батальонының байланысшысы ефрейтор Орехов Василий Ивановичті марапаттауға ұсынған бұйрықта былай делінеді: «Ұлы Отан соғысының басынан бастап жолдас Орехов неміс басқыншыларына қарсы күресте өзін тапқыр да, батыл қызыләскердің бірі ретінде көрсете білді. Қоршауда қалған кезде Орехов жолдас жау оғының астында бірнеше мәрте үзілген байланысты жалғап берді. Кратвия деревнясы маңындағы соғыста дұшпанның миномет пен пулеметтен жаудырған оғына қарамай 6 сағат бойы жау оғының астында еңбектеп жүріп байланысты жалғап атыса, бақылау пунктіне қайта оралған кезде ұрыс даласында бірнеше неміс солдаттары өліп жатты» [10, 17 б].

380-шы атқыштар дивизиясының 1260-атқыштар полкінің 8-ші атқыштар ротасының политругі Байгаутдинов Пірәліге жазылған марапаттау бұйрығында: «Жолдас Байгаутдинов ұрыс даласында өзін ержүрек батыр ретінде көрсетті. Жеке басының батылдық үлгісін көрсете отырып, соңынан жауынгерлер мен командирлерді ерте білді. Жауапкершілікті әрі қиын сәтте ротаны басқару ісін өз қолына алып, Гнездово деревнясына басып кіріп, көптеген дұшпан күштерінің көзін жойды», - делінеді [10, 18 б].

Ал 1923 жылы туылған Миразимов Бейсиханқа берілген бұйрықта: «435-ші жеке гвардиялық миномет дивизионының 5-ші батареясының зеңбірек командирі гвардиялық кіші сержант Миразимов Бейсиханды Шеламова ауданында бой алған ұрыста әскери тапсырманы орындауда көрсеткен ерлігі мен батылдығы үшін марапатқа ұсынамын. Зеңбіректен дұшпан артиллериясына қарсы атып, 75 мм жау зеңбірегі күйреді. Нәтижесінде Сомова селосы маңында үлкен өрт шықты. Ерлік пен тапқырлығының арқасында әскери көлікті жау артиллериясы оғынан алып шығуы нәтижесінде барлық есепті сақтап қалды» [10, 19 б].

1919 жылы Жамбыл облысы Шу ауданында дүниеге келген Саттар Естемісов Жданов колхозының басшысы болып сайланған. Кейін соғыс басталған кезде алғашқылардың бірі болып өз еркімен майданға аттанады. 1942 жылдың соңына дейін Естемісов екі рет госпитальға жатып шыққан. Ұрыстарда ерлік көрсеткені үшін бірнеше медальдармен марапатталып пулемет ротасы бөлімшесінің командирі болып тағайындалды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылғы 4 маусымдағы Жарлығымен жауынгерлік тапсырмаларды ерлікпен орындау кезінде қаза тапқан сержант Саттар Естемісов Кеңес Одағының Батыры атанады. Ол өз пулеметімен жаудың көптеген жауынгерлерін жер жастандырған. Анықырақ айтқанда бұйрықта былай деп жазылған: «...1943 жылдың тамыз айында Вердинск дивизиясының 134-ші атқыштар бөлімі жаудың шебін бұзып, Смоленск облысының Пречистенск ауданында 261,1 биіктігі үшін шайқас жүргізеді. Осы биіктікте шебер жасырылған жаудың ауыр пулеметі біздің бөлімшелерге алға жылжуға кедергі жасап, оларды ауыр шығынға ұшыратады. Командирлердің көпшілігі қаза табады. Бөлімше командирі Естемісов болса басқаруды өз қолына алып, жаудың пулеметшілерімен жекпе-жекке шығуға шешім қабылдайды. Жауды айналып өткен ол өзіне ыңғайлы позициядан оқ жаудырып немістің пулеметшісін жояды. 1943 жылдың 9 қыркүйегінде Пречистенск ауданы Дольшино ауылында ерекше ерлікпен қазақ баласы көзге түсті. Жаудың екі жаяу әскер ротасы танкілермен және САУ-мен шабуыл жасады. Жаудың басым күші біздің шепті бұзып-жарды. Бұл қиын сәтте кері шегінбеген С. Естемісов тез арада ол пулеметін алып, ыңғайлы позицияда жауды күте бастады. Жау жақын қашықтыққа келген кезде ол өз пулеметінен оқ жаудырып, 40-тан астам гитлершіні жер жастандырады. С. Естемісов ерлігінің арқасында қалған фашистер кейін шегінеді. 1943 жылдың 14 қыркүйегінде сержант Естемісов Коноплянка ауылы үшін ұрыста жауды айналып

өтіп танкіге қарсы гранатаны лақтырып оны жояды. Біздің бөлімшелеріміздің екпінді соққысы жаудың күшті нығайтылған позициясынан кетуге мәжбүр етті. 1943 жылдың 19 қыркүйегі кезекті шайқаста өз пулеметінен жиырма шақты фашисттерді жойғанымен өзі де осы ұрыста қаза табады [10, 20 б].

Жалпы алғанда ерлігі үшін жоғары әскери марапаттауларға ие болған жамбылдықтардың арасында 20 адам Кеңес Одағының Батыры атанған. Олардың қатарында әскербасы әрі жазушы Бауыржан Момышұлы, Ақәділ Сухамбаев, Ибрагим Сүлейменов, Николай Белашов, Саду Пакиров, Әлия Молдағұлова, Владимир Савва, Яков Тюлькин, Семен Ларионов, Степан Сушев, Михаил Фаязов, Андрей Сорокин, Петр Томасевич, Илья Шиловский. Федор Копдань бар. Алтауы Даңқ орденінің үш дәрежесінің кавалерлері болды. Жылдар өтіп, заман өзгергенімен бұлардың есімі - ел есінде мәңгі сақталатыны анық. Қазақтың қас батыры, ірі қолбасшы, біртуар азамат Бауыржан Момышұлы айтқандай олар отқа күймейді. Қайта уақыт өткен сайын ерліктері мәңгі асқақтай береді!

Әдебиет

1. Аравин И.Л. Мобилизация и призывы в армию на территории Новосибирской области в период Великой Отечественной войны // Вестник Томского государственного университета, 2007. – №307. – С.85-96.
2. Көшербаева Б.К. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанда ұлттық әскери құрамалардың жасакталуы және жауынгерлік жолы (1941-1945). Дисс... канд. истор. наук. – Алматы, 2006. – 170 б.
3. Рысдәулет М. Жамбыл батырлары (Жамбылдық Совет Одағының Батырлары мен «Даңқ» орденінің толық кавалерлері туралы деректер мен дәйектер). – Алматы, 2015. – 160 б.
4. ЖОММ., 399-қ, 1-т, 119-іс.
5. ЖОММ., 282-қ, 1-т, 257-іс.
6. Белан П.С. Казахстанцы в битве на Волге. – Алматы: Наука, 1990. – 268 с.
7. Доскенов Б. Майдан жолдары. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 220 б.
8. Конев И.С. Записки командующего фронтом. 1943-1944 гг. – М.: Наука, 1972. – 353 с.
9. Джетпысбаев Балтабек. Путь солдата. – Алматы: Казахстан, 1972. – 119 с.
10. Достанбаев Т.Ш. Жамбылдық жарық жұлдыздар. – Тараз: Тараз университеті, 2007. – 76 б.

ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ НА ПРИМЕРЕ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ

Сапанов С.Ж.

*НАО Атырауский университет имени Х. Досмухамедова д.и.н., директор НИИ «Истории,
археологии и этнологии Прикаспийского региона имени Х.Б. Табылдиева»*

Жумабаева К.С.,

кафедра педагогики и образовательного менеджмента, КазНУ им. АльФараби, Алматы

Великая Отечественная война внесла крупные изменения в деятельность учреждений народного образования, сферы культуры и науки Казахстана. Сеть школ в республике за военные годы увеличилась на 1%, но число учителей уменьшилось примерно на 10%, а учащихся в них - с 1 138 187 до 792 058 человек [1]. Надо сказать, что количество детей, оставивших учебу, могло быть гораздо больше, если бы государственные органы, педколлективы и общественность не помогали семьям воинов, особенно многодетным, в обеспечении их топливом, продуктами питания, одеждой и обувью. Со 118 до 92 сократилось количество средних специальных заведений, но контингент учащихся уменьшился всего на 349 человек. Что касается учебных заведений, то за военные годы в дополнение к 20 имевшимся с 104 тыс. студентов появились 4 новых, а ряды студенчества выросли на 4,6 тыс. человек [2].

Учебные планы и программы всех учебных заведений претерпели незначительные изменения. В 5-7 классах школ было введено преподавание основ сельского хозяйства и простейших сельхозмашин, в 8-10 - изучение тракторов, комбайнов и автомобилей. С 1941 - 1942

учебного года во всех школах, учебных заведениях трудовых резервов и техникумах стало реальным изучение основ военного дела, провозглашенное в законе о всеобщей воинской повинности 1939 г. В преподавании истории, литературы, географии в большей, по другим учебным дисциплинам – в меньшей мере усилилось внимание к темам и сюжетам патриотического и военно-прикладного звучания. Много в этом плане делалось и во внеурочном и внешкольном порядке в различных кружках, лекциях и беседах, встречах с прибывшими на лечение фронтовиками, а также в работе организаций Осоавиахима, спортивных обществ, комиссий по шефству над госпиталями.

Студенты техникумов и вузов с удовольствием и немалой пользой для себя и общества участвовали в выполнении заказов оборонных предприятий по изготовлению комплектующих деталей и узлов вооружения, а кое-где в их конструировании или решении возникавших технических и технологических задач.

Мощным духовным оружием в борьбе против чужеземных захватчиков выступили в те годы искусство и литература. И в них среди важнейших истоков успеха было взаимодействие и сотрудничество людей, олицетворявших ум и совесть всех народов страны. Это были М. Ауэзов и А. Толстой, С. Муканов и С. Сергеев-Ценский, К. Байсеитова и Г. Уланова, Р. Багланова и В. Марецкая. Невозможно обойти молчанием деятельность в Алма-Ате деятелей киноискусства Москвы и Ленинграда С. Васильева, А. Пудовкина, С. Эйзенштейна и др. Они помогли в подготовке местных кадров кинематографии и в преобразовании уже в 1941 г. Алма-Атинской студии кинохроники в киностудию «Казахфильм».

Уже тогда раскрылись таланты целой плеяды замечательных мастеров слова - Б. Булкишева, Д. Снегина, С. Сеитова и др. солдат и офицеров действующей армии. Еще более волнующе и призывно звучали голоса всенародного любимца Жамбыла Жабаева, акынов К. Азербайбаева, Н. Байганина, Ш. Кошкарбаева, О. Шипина, прославлявших героев фронта и тыла, обращавшихся со специальными посланиями к защитникам Москвы, Ленинграда, Сталинграда и гнавшим врага туда, откуда он пришел [3].

Чрезвычайно плодотворным оказалось сотрудничество и в области науки. В самом начале войны была создана Комиссия Академии наук СССР по мобилизации ресурсов Урала, Западной Сибири и Казахстана на нужды обороны. Научные рекомендации Комиссии, в состав которой вошли такие крупные советские ученые, как В.Л. Комаров, А.А. Байков, И.П. Бардин, А.А. Скочинский, В.К. Обручев, Л.Д. Шевяков, В.Н. Образцов и др., легли в основу развития военной экономики Казахстана.

В республике в годы войны были сосредоточены крупнейшие научные силы страны. В Боровом вели научные исследования академики В.М. Алексеев, А.Н. Бах, Л.С. Берг, С.Н. Бернштейн, В.И. Вернадский, Н.Ф. Гамалея, Н.Д. Зелинский, Л.И. Менделеев, А.С. Орлов и др.

В столице республики разместились свыше 20 научно-исследовательских институтов, в том числе институты философии, географии, физиологии АН СССР, физико-механический институт АН УССР. Академия архитектуры СССР. Солидный отряд ученых трудился в эвакуированных вузах. В Казахском филиале АН СССР были организованы астрономическая обсерватория, институты языка, литературы и истории, химико-металлургический, почвоведения и ботаники, зоологии и краевой патологии и др. В октябре 1945 г. правительство СССР приняло решение о создании Академии наук Казахской ССР.

Огромную работу по мобилизации на нужды обороны черных, цветных и редких металлов, горючих полезных ископаемых, водных и гидроэнергетических ресурсов провели ученые Казахстана во главе с К.И. Сатбаевым.

Нанесенные Великой Отечественной войной человеческие и материальные потери были очень велики. Кроме огромных материальных разрушений, СССР потерял около 28 миллионов человек.

Тема Великой Отечественной войны всегда была актуальной в Казахстане в плане воспитания молодого поколения. Оно нашло свое отражение в произведениях Т. Ахтанова, Б. Момыш-улы, А. Нурпеисова, С. Бакбергенова, У. Канахина. Тема интернационализма освещалась в работах К. Исабаева, Ж. Тлекова. В эти годы были созданы историко-биографические романы о Ч. Валиханове, о композиторе Д. Нурпеисовой, о С. Торайгырове. З. Шашкин в романах «Токаш Бокин», «Темиртау», «Доктор Дарханов» поднял вопросы истории, формирования казахской научно-технической интеллигенции, движения за обновление всех сфер жизни.

«После «Абая» Мухтара Ауэзова казахскому писателю нужен не только талант, но и смелость, чтобы взяться за исторический роман, - писал в предисловии к первой книге Абдижамила Нурпеисова «Сумерки» Юрий Казаков. - Потому что «Абай» для казахской литературы стал тем эталоном, которым всегда будут измеряться эпические произведения других писателей. И, может быть, Нурпеисов не взялся бы написать свою трилогию, но любовь его к своему народу, к жизни рыбаков из бедных аулов, его восторженное пристрастие к степям своей родины были так велики, а история казахов - как древняя, так и новая - освещена в литературе еще так скупой, что Нурпеисов решил стать на какое-то время писателем именно историческим» [4].

Будущее невозможно без прошлого и настоящего, а патриотизм невозможен без истории и людей - его несомненных источников и вершителей. Понятие Родина, любовь, народ формируются в сознании человека на основе чувства соприкосновения, сопереживания и сопричастности к определенному кругу людей, количеству событий, его окружающих и системе ценностей и идеалов, определяющих общественные отношения в том социуме, где человек формируется.

Во все времена люди опирались на опыт своих предшественников. Воспитание гражданственности, патриотизма необходимо начинать с разговора об историческом прошлом, без которого невозможно ни настоящее, ни будущее. Людям, которым не безразлична судьба страны, народа, не стоит забывать свою историю.

Для советского народа Великая Отечественная война оказалась большим испытанием.

Сегодня очень важно, чтобы молодежь изучала правдивую историю собственной страны, особенно те ее страницы, которые касаются Великой Отечественной войны, чтобы понять навсегда: до сих пор есть силы, которые стремятся вернуться к фашистской идеологии. У фашизма нет народности, а истинный патриотизм способен победить любую агрессию.

Литература

1. Народное хозяйство Казахской ССР. Стат. Сб. А-А., Казгосиздат, 1957, с 284-285.
2. Там же, с.322, 326.
3. Едыгенов Н.Е., Сулейменов Р.Б. Культура и наука Казахстана в военные годы // Казахстан в Великой Отечественной войне. Очерки. А-А., Наука, 1968, вып. 1, с. 231-354.
4. ГАРФ, ф. 9604, оп.2, д.1609, л. 51-53

БАУЫРЖАН ТӨРТТІКТЕРІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Баешова Б.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті

Қазақ әдебиетінің қай жанрын алмайық, халықтық тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, мәдениет пен философия тұрғысын сөз етеді. Түрлі жанрларға бай әдебиетіміз – терең әрі көп қырлы. Әдебиетіміздегі әрбір жанрдың сипаты, ішкі заңдылықтары, өзіндік ерекшеліктері барынша даралана, саралана түскен. Әсіресе, әдебиеттің ең көне жанры болып есептелетін поэзияның орны ерек. Поэзияда төрттаған, рубай, төрттік, қара өлең деп аталатын өлең түрлері көптеп саналады. Анықтама бере кетсек, рубай – бір шумақты, уәзін өлшемімен жырланатын өлең түрі. Жанрдың ерекшелігі сол – бір ғана шумақта үлкен ой, түйінді тұжырым жатады. Байырғы философтар, данышпандар ел билеген би-шешендер өздерінің даналық ойларын осы жанр арқылы бұқараға жеткізіп отырған. Рубай – арабың төл сөзі. Мағынасы – «рубағи»-«төрттік» немесе «төрт жолдық өлең» деген терминді танытады.

Еліміздегі төрттағанның жырлануы төл әдебиетімізде ұлттық сипатта дамыды деуге болады. Талай тарихи кезеңдерді бастан кешірген қазақ халқы небір қиындықтарды бастан өткерсе де әдебиетін, мәдениетін, рухани-қазынасын жоғалтқан емес. Әсіресе, төл әдебиетіміздегі жауһар жырлары ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Қазақ халқында төрттаған жазбағын ақын кеді-кем. Сонау жыраулар әдебиетінен үздіксіз жырланып келе жатқан көне өлеңді Бауыржан Момышұлы да серік еткен.

Қазақ халқының біртуар перзенті, халық батыры Бауыржан Момышұлының (1910-1982 ж.ж.) бірқакпай жырларының арасынан төрттаған шумақтарының көркем нақыштарын аңғарамыз. Бір қакпайлары бір ғана шумақты, бірқатары қара өлең ұйқасымен жырланған. Дара шумақты болғанымен ой жинақталған, айтылар сөз де салмақты. Мәселен:

Барлығы әйел заттың үйші емес, а

Сарнатқан домбыраны күйші емес. а

Тырбандап аяқ қолын сілтегенмен, б

Барлығы жорғалардың биші емес а [1, 8 б.], - деп келетін жолдар бір ғана шумақтан, төрт жолдан тұрады. Қара өлең ұйқасымен жырланған шумақтың айтылар ойы жинақталған, салмағы да бар.

Ақын көбіне-көп философиялық сарында төрттаған жырлаған. Оның жырларының басым бөлігінде әділеттілікті көксеу, парасаттылыққа, адами қасиеттердің биігіне бастау идеясы көрініс тапқан. Өмірде өтірікке жирене, шындыққа қасқая қарайтын от жүректі батырдың жырлары да өткір, жалынды да отты болып келетіні – табиғи құбылыс.

Бұл жалған өте қысқа өтіп кетпек,

Ырылдап әр бұрылыста ит етектеп.

Тексізге тізгін тиіп жағдай тарда,

Қор қылды-ау, арыстанды ит жетектеп [1, 8 б.],-деген шумағында үлкен философиялық ой, мысқылды астар жатыр. Ақын төрттағанындағы арыстан да, ит те адам образында жырланған. Бұл идеяны батыр М. Қашқаридың «қой бастаған 50 арыстаннан, арыстан бастаған қой артық» деген ой-толғамынан алған. Б. Момышұлы ел басқару ісін сынға алып отыр. «Тексізге тізгін тиіп тар жерде» деген жол осыған дәлел.

Бұл фәнидің тым қысқалығы, онда болып жататын әділетсіздіктер батыр төрттағанына арқау болғаны белгілі. «Өмірдің қиыры жоқ түбі шолақ», деп жырға қосқан батыр ақынның өмір, адамдардың образы, қым-қуыт тіршілік толқыны жайында қозғаған шумақтары көптеп саналады. Оның, әсіресе «жалған» тақырыбына қалам тартқан төрттағандары тартымдылығымен назарға ілігеді. Оған дәлелді мына жолдардан да аңғару қиын емес:

Уа, жалған, сен бе жалған, мен бе жалған,

Жалғандық затымызда қайдан қалған.

Серкедей таяқ жеген серттен қайтып,

Өзіме-өзім нанбай көңілім қалған [2, 188 б.].

Сондай-ақ, Баукең лирикалық сарындағы махаббат тақырыбында да төрттаған жазған ақын. Оның өлеңдерінің өзі өткір тілмен, боямсыз шынайылықпен, реалистік тұрғыда жырланған. Ақын төрттіктерінің басым бөлігінде Жаратқанға деген диалог та ұшырасады. Алланың құдіретіне танданып, арызын да айтып салады:

Құдай-ау, құдіретіңе таңғаламын,

Жолында бір ғашықтың зарланамын.

Ішімді ғашық оты күйдіреді,

Сыртыма шығаруға арланамын [1].

Сондай-ақ,

Ақ сұңқар алма мойын қалдау кейін,

Аллаға арызым жетпес мен не дейін.

Қолымнан жібек баулы ұшты тұйғын,

Берік ұстап, енді келсе жібермеймін [1], деп келетін жолдардан ақынның ғашықтық сезімінің тым биік, бірақ оны сүйгеніне жеткізе алмай зар илейтінін аңғарамыз. Барлық ақынның жүрегін махаббат сезімі мазалап тұратыны белгілі, онсыз адам ақын да бола алмас еді. Дегенмен, ақын қанша батыр, ержүрек болса да махаббат алдында жүрегі нәзік болары хақ. Махаббат сезімді аялап, көңілді шарықтата бермейді, кейде налытып, шаршатады да. Ондай сәттерде Бауыржан ақын: «Сырт етіп осы жолы көңілім сынды, Жарығына миымның сәуле кірді», деген жолдармен жеткізеді.

Баукеңнің тағы бір ерекше тұсы – төрттаған жырларын аудармамен беруі. Мәселен, аудармасымен қоса жырланған «Қорқыт баба» жайлы төрттігіне назар аударсақ:

Сарнатқан қыл қобызды Қорқыт бабам,

Жаһаннан бір тиянақ таба алмаған.

Түкіріп жүзі қара сұм өмірге,

Тайсалмай суық көрге өзі-ақ барған.

аудармасы:

Наглядевшись по сторонам и назад,

Мой продед Коркуд – музыкант.
Наплевав в лицо этому миру,
Без сожаления сошел в могилу [2, 189 с.].

Төрттік шебер тәржімаланған. Нағыз суреткер қаламына тән құбылыс. Өмірдің жүзін «қара» деп кейіптей суреттегені ұтымды шыққан. Шумақ екінші бір жалғасын қажет етпейтін, жинақталған ойы бар, философиялық сарында жырланып тұр. Айтар ойын бір ғана шумақпен беру де төрттаған жырлаушы ақынға тән қасиет. Төрттағанның негізгі сипаты да осы даралылық.

Ақынның аудармасымен келтіре жырлайтын өлеңдері жалғыз бұл емес, поэзиясында бірнешеуін кездестіруге болады. Баукеңнің өзі де бұл тұрғысында: «...Сол себепті көрген-білгенімді қазақша-орысша тілдермен ұрпаққа өз көзқарасыммен айтып кетуді өзіме парыз санадым» [2, 189 б.], деп кеткен.

Батыр ақынның шымыр шумақтарында осып сөйлеген сөздер жиі кездеседі. «Ғалымнан надан артпас ұққанменен, Тағдыр көрмей қоймайды бұқанменен» немесе «Жоқшылық ер жігітке намыс емес, Жоқ болсаң өз туғаның таныс емес» [1], деп келетін жолдар сөзімізді нақтылай түседі. Тіпті бір шумақтарынан ақынның сәуегейлігін де аңғаруға болады. 1947 жылдың қаңтарында жазған бір төрттігінде:

Қадірін білмеппіз ғой тірі кезде,
Деп жылар сорлы қазақ мен өлгенде.
Ұрпақ атар сексен мен жүздігімді,

Тарихтың түкпірінен сөз келгенде [1, 8 б.], деген жолдардан ақынның көрегенділігін аңғарамыз. Расында сәуегей ақынның тек ерліктері ғана емес, жыр шумақтары бүгінде әр қазақтың жүрегінде.

Демек, ақынның бір қақпайлары төрттік формада жырланған шумақтар. Философиялық сарындағы шумақтарда қоғамдық, әлеуметтік, рухани мәселелер қозғалды. Адамгершілік, имандылық тақырыбы да алғашқы орында сөз болған. Кесіп өтер семсерлі сөздер жиі ұшырасады, сарказмға бай жыр шумақтарының тәрбиелік маңызы орасан.

Биылғы жылы 110 жылдығы тойланып отырған Бауыржан Момышұлының көркем төрттаған туындылары қазақ поэзиясының мұрағат сөрелерінен лайықты орын алары сөзсіз. Ақынның жауһардай жарқыраған жырлары тек мазмұнымен ерекшеленбейді, оның жастарға, болашақ ұрпаққа патриоттық сезім ұшқынын ұялатуда берері мол дүниелер екені сөзсіз.

Әдебиет

1. Бауыржанның бір қақпайлары // Университет тынысы.-2009. -№ 10.-8 б. -15 желтоқсан.
2. Айналған аты аңызға Момышұлы. Құрастырып және басылымдарға даярлаған Мекемтас Мырзахметұлы,- Тараз: Сенім, 2000 ж.
3. Ерлік тәрбие жемісі. Ғылыми-танымдық мақалалар жинағы. Құрастырған: Б.Исаев.-Алматы: Шапағат- нұр баспасы, 2010 ж.

Б.МОМЫШҰЛЫ ЖАЙЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Бекназаров Б.А.

ТИГУ, «Шерхантану және рухани жаңғыру» F30 бас маманы

Бауыржан Момышұлы! Ұлы Отан соғысының даңқты қолбасшысы, жазушы, Совет Одағының Батыры. Көзінің тірі кезінде-ақ аты аңызға айналған, осы бір ғажайып адамды исі қазақтың еңбектеген баласынан еңкейген қартына дейін біледі десек, артық айтқандық емес.

Аты бүкіл әлем халқына аңыз болып таралған қазақ елінің ақиық қыраны Бауыржан Момышұлының қайталанбас ғажайып сырға толы өмір жолы мен көркем туындылары жөнінде сан тарапты пікір айтылып, толассыз жазылып келе жатқан мақала, зерттеу кітаптар қаншама. Ұлтымыздың біртуар ұлы, даңқты қолбасшысы Бауыржан Момышұлы үлкен жазушы. Бауыржанның өзі бастан аяқ қатысқан Ұлы Отан соғысындағы қаруластарының теңдесіз ерлігі жайлы төл туындылары, оның аузынан жазып алып, бір әрпін өзгертпей қағазға түсірген А.Бек пен Ә.Нұршайықовтың тамаша романдары әлемді шарлап кеткелі қашан. Қазіргі көпшілік қауым Бауыржан Момышұлын жазушылық өмірге 1950 жылдардың аяғы, 1960 жылдардың басында келді деп біледі. Тіптен олай емес екен. Ол кісі жазушылық өмірін 1928 жылдары бастаған.

Бауыржанның сол жылдардағы қаламынан туындаған, қалта кітапшасына маржандай тізіліп жазылған жыр шумақтары осыны растайды [6; 171б.].

Отан үшін соғыста ерен ерлігімен көзге түсіп, аты аңызға айналған. Бауыржан Момышұлы соғыста 207 рет ұрысқа қатысып, 5 рет өлімнің құрсауында қалған, 2 рет өлімші болып жараланған. Баукең «1943 жылдың аяғында майданнан келеді. Наурыз айына дейін Алматыда болады. Осы кезде ол екі жерде - Академияда және театрда лекция оқиды. Волоколамда болғанын, қоршауда қалғанын айтты. Панфилов туралы көп айтты. Оны туған әке, ағамыздай көрдік деді. Ол біздің бойымыздағы ерлікті жанып отыратын еді» деді. [3;334б.]— деп, Қазақ КСР - інің халық әртісі Серке Қожамқұлов өзінің сол лекцияларға қатысқанын айтып, Бауыржан естелігін жазып алғандығын айтқан.

Ал педагогика-психология саласы бойынша белгілі этнопедагог-ғалымдар: Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, Қ.Бөлеев, Н.Қожахметова, С. Ұзақбаевалардың еңбектерінде Бауыржан Момышұлының педагогикалық, психологиялық көзқарастары туралы жазылып, оң пікір берілген. Нақты айтатын болсақ, С. Қалиев: «Біз Бауыржан Момышұлының еңбектерін оқи отырып, оның халық қазынасы - ауыз әдебиеті үлгілерінен нәр алғанын, халықтық педагогиканың озық үлгілерін шығармаларына арқау еткенін, сөйтіп, өзінің де мақал-мәтел, афоризм сөздер мен терме, толғауларын шығарып, халық педагогикасын жалғастырушы, жаңартып, жандандырушы және оны тәрбие құралы ретінде тиімді пайдаланушы әрі әскери педагог, психолог болғанын байқаймыз», - деп Бауыржан Момышұлын қазақ әдебиетін дамытуға үлес қосқан көрнекті қайраткер ретінде таниды.

Оның майдандағы ерлігі туралы А.Бек өзінің «Волоколамское шоссе», (1947, 1960, 1962, 1988, қазақ тілінде «Арпалыс» - 1948, 1959, 1977 аударылған), А.Кривицкий «Ұмытпан мәңгі», Қ.Сағындықов 1976 жылы, Ә.Нұршайықов өзінің «Ақиқат пен аңыз» роман-дилогиясын жарыққа шығарды. Мұнда батыр ағамыздың бейнесі, мейлінше, кеңінен сомдалған. Содан соң Қазақфильм киностудиясы «Ел басына күн туса» (1967ж.) көркем фильмін түсірді. Соғыстағы ерен еңбегі үшін Қызыл Ту, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, 1 дәрежелі Отан соғысы, 2 рет Қызыл Жұлдыз, «Құрмет Белгісі» ордендерімен марапатталған.

Бауыржан Момышұлының еңбектері: «Офицердің күнделігі» (1952), «Бір түннің тарихы» (1954, орыс тілінде), алғашқы шығармалары осылар. Одан кейінгілері, яғни ҰОС кезінде жазылғандары мыналар: «Москва үшін шайқас» (1959 ж. орыс тілінде). Отан үшін ұлы шайқастың үлкен бір шежіресі іспетті күрделі шығарма. Мұнымен қоса «Жауынгердің тұлғасы» (1958), «Майдан» (1961), «Майдандағы кездесулер» (1962, орыс тілінде), «Генерал Панфилов» (1963, қазақ тілінде - 1966), «Төлеген Токтаров» (1965), «Куба әскерлері» (1965), «Ел басына күн туса» (1970), «Адам қайраты» (1981) тағы басқа еңбектері бар.

Өкінішке орай, Баукең еңбектерінен өзге мұралары қалың көпшілікке, шын оқырмандарына дер кезінде жете алған жоқ. Сонау қайнаған соғыстың тұсында-ақ алдындағы жауымен жан аямай айқасып жүріп, артындағы халқының келешегіне алаңдаған адамның айтқандары мен жазғандары ұзақ жылдар бүркеулі жатты. Оны жарыққа шығару сәті тек кейін ғана түсті. «Психология войны», «Қазақстан» 1990, «Бауыржанбатыр», «Қанмен жазылған кітап», «Қазақстан» 1991, «Жалын» 1991. Осы секілді кітаптарын құрастырып, алғы сөзімен түсініктеме жазған Мекемтас Мырзахметұлы болды. «Москва үшін шайқас» деп аталатын туындысы орыс және қазақ тілінде жазылған әрі Бауыржанның майдан төрінен оралмай қалған қанды көйлек майдандас жауынгерлер тағдырын суреттеумен ерекшеленетін айрықша мәні бар еңбегіне айналып үлгерді. Қазақстан халқының «Ақын елдің еркесі, батыр елдің серкесі» деп ақын мен батырды айрықша қастерлейтін дәстүрі бар. ҰОС-тақазақ халқының ұлттық батырына айналған Бауыржан Момышұлы бұлтта ойнаған жасындай Москва түбіндегі шешуші шайқаста қапияда ой тапқан, қараңғыда жол тапқан, ерен ерлігі мен даңқы әлемге жайылып, аты аңызға айналған қолбасшы ретінде танылды. Бауыржан Момышұлы өзінің жазушылығы туралы былай деген: «Мен профессионал жазушы емеспін, мен әскери мемуар жазушы ғана кісімін. Ал біздің қазақта бұрын әскери мемуарлық әдебиет атымен болған емес. Қазақта осының негізін салушымын десем, асылық та, артық та айтқандық та болмас деп ойлаймын» - деп айтып кеткен [3; 77б.].

А.Бектің «Волоколам тас жолы» кітабын талдап өтсек. Ол кітап Бауыржанның Отан соғысындағы алғашқы ұрыстарының тарихы суреттелген. Мұнда Бауыржан өз басынан өткен оқиғаларды шынайы түрде, әрі көркем етіп жазушыға баяндап беріп отырған. Осы повесть жазылғанша А.Бекті жазушы ретінде ешкім де білмейтін еді. Повесті бастамас бұрын А.Бек «Знамя» журналының редакциясына келіп, сол кездегі жүріп жатқан сұрапыл соғыс жайында

еңбек жазуға тапсырма сұрайды. 1942 жылы нағыз соғыстың қайнап жатқан кезі еді. 1941 жылы Мәскеуді ерлікпен қорғауда көзге түскен 28 панфиловшы батырлардың еңбегін ешкім толық жазбайтындықтан А.Бекке сол кездегі қызметкері «Бранденбург қақпасы» кітапшасының авторы жазушы Кривицкий осы 28 батыр туралы түсіндіре келіп, сол туралы шығарма жазуды тапсырады.

А. Бек баратын полкте бір қатал полк командирі бар екенін айта келіп, сол жайлы шығарма жазуды да қатты өтініп сұрайды. Бұл жайлы Кривицкийдің өзі де шығарма жазуды ойлаған. Алайда Бауыржан Момышұлының қатаң қаһарына шыдай алмай, дегеніне көне алмай жолдары екі айрылған болатын. Аталған тапсырманы А.Бек ойдағыдай атқарып, Бауыржан Момышұлының да, өзінің атын да дүние жүзіне әйгілі етті. Алғашында Бауыржан Момышұлы А.Бекті қабылдамай жүрген еді. А.Бек бұл қылықтарына қынжылса да, наразы болмады. «Егер дұрыс жазбасаң, алдымен оң қолыңды, одан соң сол қолыңды шауып тастаймын деген» Бауыржанның қатал бұйрығы осы кезде болған. Сөйтіп 1943 жылы «Знамя» журналына А.Бектің «Волоколамск тас жолының» алғашқы повесі журналдың 5-і, 6-ы нөмірлерінде жарық көрген. 2-ші повесі 1 жылдан кейін дәл осы нөмірлерінде жарық көрген. Сөйтіп А.Бектің «Волоколамск тас жолы» атты повесі Бауыржан Момышұлының ерлігін, батырлығын алғаш рет дүние жүзіне әйгілі етті.

Біртуар қолбасшы туралы оқырман қауымға арнап, Ә.Нұршайықов «Ақиқат пенаңыз», З.Ахметова (келіні) «Шуақты күндер», Бақытжан Момышұлы «Қасымда сенбарда», «Восхождение к отцу (Әкеге құрмет)», М.Қалдыбаев «Ұмытылмас кездесулер» атты шығармаларын ұсынса, режиссер М.Бегалиннің «Артымызда Москва» кинофильмін ұсынды. Бақытжан Момышұлының әкесімен әңгімесінде былай дейді: «Әкеммен бір әңгімелесіп отырғанда айтты, - дейді Бақытжан аға. «Я приговорен к слову, а ты обречен быть сыном» осыны да әкем айтқасын түсіне бастадым. Мен қазір 55 жастамын. Өзім де әкемін, атамын. Бірақ мен Бауыржан Момышұлының баласымын. 70-ке, 100-ге келсемде, бәрібір Бауыржанның баласы болып қала беремін. Жұрт мұнда Бақытжан емес, Баукеңнің баласы, Баукеңнің қара шаңырағы деп келеді. Міне, осы маған үлкен бақыт».

Бауыржанның көзі тірісінде баласы Бақытжан 70 жылдығының қарсаңында тәуекелге бел байлап, әкесі туралы оншақты мақала жазады да, оларды «Огни Алатау», «Лениншіл Жас», «Жетісу», «Вечерная Алма ата» сияқты газеттерде жарияланады. «Өзі туралы жан сырымды, пікірімді көзі тірісінде білсін деп ойлады, көзі жұмылған соң 100 кітап жазсам - әкеме не пайда. 70-те оңай емес деп ойлады», - дейді [4; 113 б].

Біреулер «Тірі әкесіне ода жазып, мұнысы несі? Нескромно. Самореклама» деп ұнатпапты, тіпті тіксініпті. Ал Бауыржан «Мүмкін, жазғаны дұрыс та болар, өзінің бір ойы бар шығар» депті де қойыпты.

Енді Бақытжан Момышұлының әкесі Бауыржан Момышұлына арнап жазған «Восхождение к отцу» деген кітап жазылуына тоқталсақ. Бақытжан бірде Бауыржанға мұңын шағады: «Бір кіндіктен жалғызбын. Осы жалғыздықтың қинайтын түрі бар». Бауыржан айтады: «Балам, халықпен бірге болсаң, жалғыздық көрмейсің, халықтың жолымен жүрсең адаспайсың». Бауыржан қайтыс болған соң, күйзеліп, әкені сағынып, қатты қиналып, қолға қалам ұстай алмай бірсыпыра уақыт жүреді де «Восхождение к отцу» деген кітабын жазған. 1986 жылдың 24-желтоқсанында ақиық азамат, марқұм Сейдахмет Бердіқұлов «Жалын» баспасынан «Сүйінші, данасын алып кет» деп телефон соғады. Осы кітап туралы Бақытжанның өзі былай дейді: «Жазып жатқанда дәл ту сыртымнан, иығымнан әкем бақылап қарап тұрғандай болды. Мынауың қате, мынаны түзе, олай жазба дегендей. Құдды редактор сияқты. Әрине, бұл кітапты «Восхождение» деп есептемеймін. Әке танудағы бірінші баспалдақ болар. Бақытжан өзі «Восхождение» деп есептемесе де, «Восхождение к отцу» Москвада «жылдың таңдаулы кітабы» деп танылды.

Ал енді Бауыржанның келіні Зейнеп Ахметова, қазақтың келіні қандай болу керектігінің үлгісіне айналған Зейнеп апай кезінде бетіне жан қаратпайтын айбынды атасы туралы «Шуақты күндер» атты тамаша кітап жазып, айды аспанға бір шығарғанын ел біледі.

Ал енді ержүрек батыр туралы жазылған тағы бір үлкен шығарма Ә. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңызына» тоқтала кетейік. «Ақиқат пен аңыз» қалай туды?

Бұл кітаптың бас кейіпкері - Кеңес Одағының батыры, аты аңызға айналған Б.Момышұлы. Осы кітаптың жазылуы туралы Ә. Нұршайықов былай деген: «Мен Б.Момышұлының атын ең алғаш 1943 жылы естідім. Жазушы А. Бектің «Знамя» журналының сол жылғы 5-ші, 6-шы сандарында басылған. «Панфиловшылар алғы шепте» атты повесінен оның ерлігімен таныстым. Содан бастап Б.Момышұлының аты аталса үнемі құлақ түріп жүретін болдым» [3; 417б.].

Ә. Нұршайықов Бауыржанның өзін ең алғаш 1958 жылы Мәскеуде, Қазақ әдебиетінің он күндігі кезінде көрдім. 1961 жылдан бері Бауыржанмен бір қалада тұрған Ә. Нұршайықовқа 1970 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақ Совет энциклопедиясына «Жұлдыз» журналының редакциясынан телефон соғылады. Редакция қызметкері Ә. Нұршайықовқа Б.Момышұлының 60 жасқа толуына арнап 6-7 беттей мақала жазып беруін өтінген. Содан бастап А. Бектің шығармасымен, Б.Момышұлының өз кітаптарымен танысып шығады. Алғашында Бауыржанға қоятын сұрақ саны 5-6 болды, бірақ келе-келе Бауыржанға қоятын сұрақтардың саны 40-қа жеткен. Бұған қоса Момышұлы жайындағы ел аузындағы әңгімелерді сұрастырып, күн сайын оларды да қағазға түсіре береді. Б.Момышұлымен сөйлесетін әңгімесіне жоспар құрып алады. Бұл мақаланың көлемі 40 беттен аспауы керектігін «Жұлдыз» журналының редакциясы ескертіпті. Сөйтіп «Жұлдыз» журналы соның қақжартысын «Ақиқат пен аңыз» деген атпен 3-ші санында оқырман назарына ұсынады. Роман дилогияның үзінділері «Социалистік Қазақстан», «Балдырған» журналында облыстық «Ленин жолы», «Еңбек туы», «Жетісу» газеттерінде басылды, Қазақ радиосынан оқылды.

Ә.Нұршайықов өзінің Б.Момышұлымен сұхбаты барысында «Баукеңнің өзімен сөйлесу маған бір жерде отырған бірнеше адаммен сөйлескенмен пара-пар болды. Мен мемлекет қайраткерінің, философтың, атақты қолбасшының, ақпа акынның, психолог жазушының, жалынды жас жігіттің, жасамыз азаматтың, қатал әкенің, қамқор ағаның ортасында отырған іспеттендім. Бір Бауыржанның бойынан маған қарап анталап тұрды» - дейді [3; 420б.].

«Ақиқат пен аңыздың» жазылуына да Әзілханның журналистік өнері себеп болған. Оны жазушы романның бас жағында өзі де айтады. Ардагер азамат жайындағы әртүрлі аңыздың таралуы журналист - жазушы Әзілханды қызықтырып, аяғында роман жазуына тура келеді. Бай материал кең көсілуге мүмкіндік берді. Бұл тақырыптың Әзілхан үшін бір оңай жағы бар еді де, ал қиындығы толып жатыр еді. Оңай жағы, біріншіден, Б.Момышұлы характері өзгеше, қайталанбас біртуар тұтас тұлға, мұндай прототип – жазушы үшін олжа. Екіншіден, Әзілхан – ҰОС-на қатысып, солдат, офицер өмірін, майдан шындығын өз көзімен көріп, басынан кешірген жазушы. Кілтін тауып, жүрегінің ішіне кіре алмаса, ондай тұлға ашылмауы мүмкін. Ашылмаса, аша алмаса, онда бар еңбегінің зая кеткені. Үшіншіден, Бауыржан туралы А.Бек роман жазды. Бауыржанның өзі де өзі туралы көркем шығарма тудырды. Демек, оларды қайталамау керек немесе жаңа шығарма солар көтерілген биіктіктен төмен түспей, кем қойғанда қатарлас, иықтас тұруы керек еді. Міне Ә.Нұршайықов жеңілдіктерді ескере отырып, сол қиындықтарды жеңе білді.

Осы арада Бауыржанның тілшілерді қабылдауына байланысты жұрт аңыз етіп айтатын оқиға бар екен. Бауыржан Кубадан келгенде, бастығы Момышұлынан интервью әкел дегенде бір журналист былай депті: «Мені Бауыржанға жұмсағанша, арыстанның жалынан бір сипап қайт деп бұйырыңыз», - деген екен. Б.Момышұлының осы секілді мінезін айтып та, жазып та жүргендер қаншама. Бірақ ол мінезі оның өзімшілдігі, өркөкіректігі емес, керісінше, батыр тұлғасына сай, ерекшелігінде, қайталанбастығында болса керек. Батырымыздың осындай мінезін П.Горелик деген полковник былай деп жазған: «Определяя особенность характера Б.Момышулы, характер его был Азиатский. Я бы сказал, не просто Азиатским, а байским. Сам внутренне свободный человек, не за всеми он признавал право быть и чувствовать себя свободными, а только избранными. Поставив знак равенства между казахским «байством» и российским «дворянством», можно утверждать, что Бауыржан был по-восточному аристократичен, честь для него не была пустым звуком. Он был справедлив, иногда снисходителен, а при случае – жесток и непреклонен» [8; 69б.].

Міне, осындай мінездері Б.Момышұлының Б.Момышұлы екендігін білдіріп тұрғандай. Әрі батыр тұлғасына сай болған.

Өкінішке орай, Баукеңнің көркем еңбектерінен өзге мұралары қалың көпшілікке, шын оқырмандарына дер кезінде жете қойған жоқ. Сонау қайнаған соғыстың тұсында-ақ алдындағы жауымен жан аямай алысып жүріп, артындағы халқының келешегіне алаңдаған адамның айтқандары мен жазғандары ұзақ жыл бүркеулі жатты.

Бауыржанның еңбектерін оқыған адам ғана Бауыржанның болмысына бір табан жақындай түседі. Оның ұрыстың тактикасы мен стратегиясын, солдат психологиясын терең білетін соғыс командирі, яки, соғыс батыры ғана емес екенін, Бауыржан болмысына батыр деген ұғымның тарлық ететінін түсінеді. Ол өзінің солдаттары мен офицерлерін кезекті ұрыс пен кезеңдік соғыстағы жеңіске ғана дайындамай, болмыстағы жеңіске баулығанын байқайды.

Оның еңбектері мен хаттары осындай биіктен жазылған, сөздері осындай биіктен сөйленген. Баукең еңбектерінің өз ұлты шеңберінен шығандап шығып, әсіресе, отарлық бұғауды үзгендер мен үзгелі жүргендердің сүйікті кітабына айналуының төркіні осында жатыр.

1943 жылдың 18 наурызында сол кездегі Қазақ ССР Халық комиссарлары Советінің председателі Н. Оңдасыновқа «Қазақ халқының өткен тарихындағы барлық жақсы дәстүрлер

бүгінгі таңда салтанат құруға тиіс», ал Қазақстан Компартиясы ОК-ның хатшысы М. Әбдіхалықовқа «Қазақстанда қазақ тілі заңның әділдігі бойынша мемлекет тілі болып саналып, өз орнына төрге шығарып отырғызылуы керек» деп жазып, бұл қажеттіліктерді жүзеге асыру жөнінде көптеген нақтылы ұсыныстар береді. Әділдігін айту керек, Мұхамеджан Әбдіхалықов Бауыржанның бұл ұсыныстарына құлақ асып, кезінде оны бюроға қою үшін жобалар дайындаса керек. Бірақ, өзінен жоғарылар тоқтатыпты. Бұл туралы М. Мырзахметовке Баукеңнің өзі айтқан екен. Сондай-ақ оны досы Құрманбекке жазған (7.03.1944.) «Мұхаметжан кеңес шақырды, көптеген шаралар белгіленіп отыр, тамаша документ болып шықты (тағдыр жазса оны оқып шығарсын)» деген сөздерінен аңғаруға болады [4; 46].

Өйткені, соғыс кезінде соғыс туралы туған ең жарқын шығарма «Арпалыстың» бас кейіпкері ретінде авторға болашақ шығарманың «шикізатын» ғана беріп қана қоймай, сол шикізатты лабораториялық өңдеудің «рецептін» де берген Александр Бектің өзі де мойындайды. Демек, Бауыржанның әдебиетке сіңірген еңбегін айтқанда оның көркем шығармаларымен ғана шектеліп қоймай, соғыс тақырыбына арналып жазылған әдебиетті қалыптастыруға әсер еткен хаттары, мақалалары мен сөйлеген сөздері туралы да ұмытпау керек.

Жертөледе отырып асығыс жазылған офицер хаты емес, том-том кітаптардың ортасында отырған ғалымның көркемөнер күдіреті туралы тұжырымындай.

Ұзақ тарихымыздың қай белесінде де халқымыздың абыройын өсіріп, ұлттық мақтанышына айналған даналар аз болмаған. Ел шетіне жау тиіп, сүттей ұйып отырған бейбіт қауымның басына қатер төнгенде халық ұранын байрағындай желбіретіп, елім деп еңіреген түкті жүрек, мықты білек ұлдардың да елдің, жердің амандығын, бауырының бүтіндігін көксеген басалқалы билердің де, жалын атқан жырымен, жүрек жарды сырымен алыс жақынды бірдей баураған от ауызды, орақ тілді абыз ақындардың талайының атын атай аламыз. Ұлттың рухын асқақтатып, мерейін өсірген келер ұрпақты күндей биік, мұзарт шыңдарға шақырып тұратын халықтың жақсысы мен жайсаңын қашан да мақтаныш тұтамыз. Ал енді осыншама қымбат қасиет, сирек сипаттың бәрі жиналып келіп бір адамның бойына бітсе қалай болмақшы? Сондай бола ма өзі? Болғанда қандай! Оның дәлелі – Б.Момышұлының өнегелі, отты өмірі.

Әдебиет

1. Аманжол Қ. Баукең шаңырағында болғанда / Баукең туралы толғаныстар, Тараз: Сенім, 207 б.
2. Нұршайықов Ә. Ақиқатпен аңыз, 2-том Алматы: Қазығұрт, 2005.
3. Әлімжан Е. Жанартау // Ақ жол. – 2000, № 81 (15.381) 4-5 бб.
4. Мырзахметұлы М. Айналған аты аңызға Момышұлы Тараз: Сенім, 2000.
5. Бек А. Волокалам тас жолы Алматы: Жазушы, 1982.
6. Ахметова З. Шуақты күндер, Алматы: Жалын, 1987. – 264 б.
7. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап, Алматы: Қазақстан, 1991. – 384б.
8. М.Мырзахметұлы «Өмір өзен ағысында» Алматы: Шапағат-нұр, 2010.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ОБРАЗ

Кембаева А.Т.

ТИГУ, «Шерхантану және рухани жаңғыру» FЗО директоры

Бекназаров Б.А.

ТИГУ, «Шерхантану және рухани жаңғыру» FЗО бас маманы

«Айығар соғыс өрті, жылдар өтер, Ер халық ер ұланын жырлап өтер», – деп ақындарымыз айтқандай адамзат тарихында, халық жадында мәңгі өшпес із қалдырған Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ ұл-қыздарының көзсіз ерліктері мен қаһармандық істері ұрпақтан-ұрпаққа ұдайы жырлана берері сөзсіз.

Қазақ тарихында елін, жерін қорғаған талай қаһарман тұлғалар, яғни батырлар дүниеден өтті. Олардың есімі еш уақытта халық санасынан өшкен емес. Халық өз батырларын мадақтай білді. Олар жайында көптеген аңыз- әңгімелер, жырлар жазылды. Ғасырдан-ғасырға, ауыздан-ауызға жырланып жеткен жыр, әңгімелерде сол кезеңнің тарихы, батырлардың ерліктері сөз болды. Абылай, Бөгенбай, Қабанбай, Қасым, Кенесары, Наурызбай, Ағыбай Сырым, Исатай

сынды батырлар туған топырақта Бауыржан Момышұлы дүниеге келді. Осындай қасиетті топырақтан шыққан, ата-баба дәстүрін ұстанған Бауыржан да қаһармандығымен көптің ортасынан жеке даралана білді.

Бауыржан Момышұлын тарихи тұлға дейміз. Өйткені ол кісінің есімі Ұлы Отан соғысы кезінде көрсеткен ерлігімен бүкіл Кеңес Одағына танылды.

Б.Момышұлы атақты да, мадақты да мансап тұтқан адам емес, ол елі, жері үшін күресті, қаһарман ерлік көрсетті. Оның бұл ерлігі халықтың санасынан өшпестей орын алды. Халықтың ойында, көңілінде өшпестей шырақ болып жану, Кеңес Одағының Батыры деген аттан да биік әрі мәртебелі еді.

Табиғат берген, ата-ананың қанымен келген Бауыржан болмысы тек адалдықты, шыншылдықты, өжеттілікті қажет етті. Қабағы қатулы, өңі сұсты, өткір көзді, кең жауырынды, зор үнді, қалың мұртты болып келген сыртқы пішіні қатқыл, суық көрінгенмен жүрегі нәзік, ниеті таза, адал, кең адам. Бұл – өмірдегі Бауыржан Момышұлының нақты келбеті.

Бауыржан – жазушы. 1956 жылы әскери борышын өтеп, құрметті демалысқа шыққаннан кейін, қаһарман батыр қолына басқа қару алды. Ол өмір шындығын, өзінің көргенін, келер ұрпаққа өсиет айтар даналық сөздерін мирас ету үшін қаруды қаламға алмастырды. Әрине бұл оңай бола қойған жоқ. Дегенмен де, алдына мақсат қоя білетін адам диттегеніне жетері сөзсіз. Осы тұрғыда Б.Момышұлы қазақ әдебиетіне жаңа жанр, яғни соғыс әдебиеті деген жанрды енгізді. Оның қаламынан бірнеше еңбектер жарық көрді. Мәселен «Офицердің күнделігі», «Бір түннің тарихы», «Біздің семья», «Москва үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдандағы кездесулер», «Генерал Панфилов», «Төлеген Тоқтаров», «Ел басына күн туса», «Ұшқан ұя» деген дүниелері әскери, өмірбаяндық жайттарды арқау етіп, патриоттық рухты, адалдықты, ерлікті ту еткен шығармалар.

Генерал Петр Вершигоров оның жазғандарын бағалай келіп, былай деген еді: «Бауыржанның соғыстағы ерлігі бізге мәлім. Ал жазушы болып ол екінші рет ерлік жасады. Бұл екі ерлігі менің ойымша теңдесі жоқ ерлік». Рас, оның артында қалған баға жетпес мұрасы бүкіл бір ұрпақтың елін, жерін қадірлеуге, бағалауға, тәрбиелеуге жетерлік десек артық емес. Оның кітаптарының бірінші бетін ашқанда, тұнып тұрған ізгілік, адамгершілік құндылықтардың сипатын көргенде оны жазған автор туралы ой ойламау мүмкін емес. Жүсіп Баласағұн «Халықты қаламмен басқар» дегендей халыққа құнарлы сөз, әділ, өміршең дүниелер қажет. Бұл рухани байлықты шынайы жазушылар ғана бере алады. Бауыржан жазған туындылар осындай құндылықтарымен ерекшеленеді. Бұл мақсатта Б.Момышұлы өзіне тиесілі елі мен келешек ұрпақ алдындағы міндетін адал өтей алды деуге болады.

Б.Момышұлы еңбектерін орыс, қазақ тілінде бірдей жазды және де бұл туындылары көптеген тілдерге аударылды. Бауыржан шығармаларында жасандылық, қоспа, болжам жоқ, сұрапыл соғыс шындығы ақ қағазға алқынған тынысымен, ақиқат шындығымен шынайы түскен. Көркем сөз уақытқа, өсіп келе жатқан жеткіншектерге ескерткіш. Соның ішінде Ұлы Отан соғысына арналған әдебиеттен қан майданды кешкен қаһарман тұлғалардың бейнесін, ерлігін, өмір шындығын көреміз. Сондықтан Б.Момышұлының әр сөзбен салған ою өрнегі ескерткіш болып қалмақ.

Жазушы Шерхан Мұртаза айтқандай: «Біз Бауыржанды тек батыр деп танимыз, ал ол тұнып тұрған ақыл». Әрине, Б.Момышұлы халық ауыз әдебиетінен нәр алды, орыс, әлем әдебиетінен сусынданды, өмірдің ащысы мен тұщысын қатар татты. Өмір мектебі оны кемеңгерлікке жетеледі. Бауыржан өмірі тамсануға емес, тануға зәру. Оның өмірлік тәжірибесі, шығармашылық мұрасы рухани байлық. Бауыржан елін шын сүйген азамат. Сондықтан да халықтың оған деген ықыласы шексіз. Оның еңбектері патриоттық рухта тәрбиелейтін туындылар.

Бауыржан – көркем бейне. Момышұлының қаһармандық ерлігі туралы белгілі орыс жазушысы А.Бек «Волоколамское шоссе» повесін жазды. Ә.Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» роман-диологиясын жариялады. «Қазақфильм» киностудиясы «Ел басына күн туса» көркемфильмін түсірді. Москва академиялық драма театры Момышұлы туралы «Волоколамск тас жолы» спектаклін қойды. Осы аталмыш туынды авторлары өмір шындығы мен көркем шындықты бір-бірімен жымдастырып, жігін білдірмей үйлестіре білген. Ондағы образдар мен суреттелген оқиғалар, мінездер мен қимыл- әрекеттер расында да өмірде дәл солай болғандығына шүбәсіз сендіреді.

Белгілі жазушы, соғыс ардагері Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-дилогиясын жазуда, оның басты кейіпкері қаһарман Бауыржанның бейнесін суреттеу үшін көп ізденді. Ол жайында жазушы көп айтты да, жазды да. Сондағы жазушының мына бір сөзі көңіл аударарлық: «Мен саған материалмын, оны қалай, қайтып жазамын десең де еркің. Аты жөнімді де өзгертуіңе болады. Бірақ Ұлы Отан соғысының шындығы сол қалпында қалсын деген» [1, 184-186 б]. Көркем дүние болғандықтан оған жазушының алып қосары да көп болмақ. Ә.Нұршайықовтың өзі қан майданды басынан кешірді. Сондықтан оның шындықтан алшақ кетпесіне Б.Момышұлы сенгендіктен орынды талап қоя білді. Оның өзінің өмірлік ұстанымы шындық еді. «Аңыз бен ақиқат» романында Бауыржанның нағыз реалистік бейнесі жасалды. Бұл шығарма өзінің көркемдігімен де тарихилығымен де оқырманды өзіне баурап алған туынды.

Сонымен қатар Бауыржан Момышұлының ерлігі жайында қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов «Намыс гвардиясы» деген пьеса жазды.

Ұлы Отан соғысы басталысымен-ақ М.Әуезовтің тыл мен майдан тақырыбына арналған мақала, очерктері баспасөз бетінде жиі көріне бастады. Келе-келе Ұлы Отан соғысы туралы көлемді шығарма жазу мақсатын алдына қойды. Алдына орасан зор мақсат қойған жазушыны қызықтырған тақырып 1941 жылы Москва түбіндегі үлкен шайқаста қазақстандық 8-гвардия дивизиясының бүкіл әлемді дүр сілкіндірген ерлігі болатын. Майдан хабарын жіті қадағалап, қажетті деректер көзін жинастыруға кіріседі. Осы тұста жазушының Бауыржан Момышұлы, Мәлік Ғабдуллинмен хат жазысуы да жиілейді. Бауыржанның «Отан соғысын тақырып етіп еңбек етемін. Ол еңбекті атүсті емес, әбден терең мағына-мәнісіне түсініп, біліп алып бастаймын деген ниетіңіз, талабыңыз мені өте қуантады» [2, 326], – деген хатынан жазушы ниетін қостаған пікірін көруге болады.

«Намыс гвардиясы» М.Әуезов пен Ә.Әбішевтің бірігіп жазғандары, ол сол кездегі «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланып, сахнада қойылды. Соғыс тақырыбын жазу үшін, көрерменге әсерлі болу үшін майдан көрінісін шынайы бейнелеу де Ә.Әбішев Б.Момышұлымен майдан шебінде жолығып, ой бөліскен. Оны Б.Момышұлының мына хатынан көруге болады: «Әрине, «Намыс гвардиясының» жазылып шыққаны өте қуанышты, бірақ менің қауімім Әлжаппар осыдан жинап алған материалдарға толық түсініп, оларды сізге айтып бере алды ма екен? Пьесаның фундаменті құмнан болып жүрмесе еді деген қорқыныш қой» [2, 328 б].

«Намыс гвардиясының» бір үзіндісімен танысып шыққан Баукең тағы бір хатында: «Құрманбек жаңа ғана келіп, қолына «СК» газетінің 230 номерін оқып беріп отыр, басын, аяғын әлі көргеніміз жоқ. Сондықтан пьесаға толық талқыланған пікірімізді айта алмаймыз. Сөйтсе де ортасын көріп отырып, мынаны айту қажет:

– Тырысып-ақ, шын ықылас қойып жазған екенсің, немістерді сіздің... шебер көркемдігіңіздей емес, майдан жағдайын азырақ білгендіктен, көрмегендіктен майдалы-ірі болуы мүмкін. Амандық болса оларды да оқып шыққан соң толық жаза жатармыз» [2, 329 б], – деп өзінің алғашқы әсерінен алған пікірін білдіреді.

Мұхтар Әуезов өз шығармасының бас кейіпкері ретінде суреттелген Бауыржан Момышұлымен 1943 жылы желтоқсан айында танысқан. Пьесада М.Әуезов бас кейіпкерін Намысұлы Бақытжан деп атаған. Жазушы қан майдандағы соғыс көрінісіне көркемдік бояу бергенмен Момышұлының мінез-құлқын дәл жеткізгендей. Оны пьесаның мына бір жерінен көруге болады:

«Намысұлы: Ендеше мен Отанымның жауына қарсы осы майданға не алып келдім, немен келдім? Партияның таза тәрбиесін алып келдім, жауға деген жиреніш, Отанды сүйген жүректі ғана әкелдім. Әскери білім, ысылған тәжірибе әкелгенім жоқ қой.

Панфилов: Оны кім түгендеп әкепті? Бәріміз де осы соғыстың әр сағатынан, әр қыспағынан оқып-тоқып келе жатқан жоқпыз ба?

Намысұлы: Бәсе, ендігі ойым: әкелмегенім есеп емес. Өлсем де соны табуым керек, жетуім шарт. Менің сыным сол болу керек деймін» [2, 38 б].

Бұл жерде бас кейіпкердің ұрыс алаңына келгенде тәжірибе жинап келген әскери адам емес, жүректі адам екендігін көреміз. Отанын жаудан қорғауда үлкен азаматтық танытқандығын байқауға болады. Пьесада Панфилов Бақытжанды қайта батальон командирі етіп тағайындап, оған берілген тапсырма жауды Москваға өткізбеу еді. Сондағы екеуінің арасындағы диалог мынадай болып келеді:

«Панфилов: Біз сырласып болдық. Енді бұйрықты тыңда. Мезгіл ауыр, хал қатер. Қазіргі осы жүріп жатқан соғыстан бастап бізге үлкен соққы түйілді. Бүгінгі, ертеңгі күндер жаудың бізді басып-жаншып Москваға өтеміз деген күні, сенің полкың, соның ішінде сенің батальоның зор қатердің алдында тұр. Мың жүректің бір жерден соғатын кезі жеткені осы. Не дейсің осыған?

Намысұлы: Осы айтқаныңызға бар қайратым құрбан.

Панфилов: Ендеше, батальон рубежін не болса да, ертең кешке дейін үстіңнен жау өткізбей ұстап тұрамысың?

Намысұлы: Сізше маған келетін жаудың күші неше есе артық болуы мүмкін?

Панфилов: Сенің батальоныңа жаудың бір танковый полкы шабуыл жасауы мүмкін.

Намысұлы (ұзақ пауза). Онда өткізбеймін деп айта алмаймын. Бірақ бір адым шегінбеске ант етемін?» [2, 45 б].

Бұндай антты тек қана өзіне-өзі сенімді, Отан үшін от кешуге дайын өр тұлғалы батыр ғана айта алады. Бұл жерде жазушы Б.Момышұлының нақты бейнесін бере алған. Өйткені Б.Момышұлы сөздің емес, істің адамы екенін осы М.Әуезов суреттеп отырған Москва үшін шайқаста дәлелдеді. Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Бұны Бауыржанның жасаған ерліктерінен көруге болады.

М.Әуезовтің бұл пьесасы жазылғаннан кейін театр сахнасынан түскен жоқ деуге болады. Оған сол кезеңдегі газет беттерінде жарық көрген мақалалар айғақ. Мәселен «Социалистік Қазақстан» газетінде бұл пьеса жайында біраз пікірлер айтылды. Газеттің 1942 жылы 29 қарашада жарық көрген санында А.Лекеровтің «Жеңіске шақырады» деген мақаласы жарық көрді. Сонда «Пьесада жауынгерлерге үлгі боларлықтай күшті образдар, келелі оқиғалар бар. Бүгінгі таңдағы моторлы соғыстың айла тәсілдерін меңгерген Панфилов сияқты даңқты генералдың кесек тұлғасын жазушылар шебер бере білген. Сол сияқты командирлік қабілеті зор Намысұлының образы да күшті шыққан» деген.

Театр сахнасынан түспеген бұл спектакльге: «Ұлы Отан соғысы кезіндегі ең таңдаулы спектакль ретінде қазақ театрының тарихына кірді. Алты жыл бойына ол спектакль сахнадан түспеді. Жеңіс күнінде, жеңімпаздар Қазақстанға оралған күні де спектакльді көрермендер тағы да өзгеше ыстық ықыласпен қабылдады» [3, 34 б], – деген лайықты бағасы берілді.

Пьесада Бауыржан Момышұлы мен қатар біраз белгілі адамдардың да прототиптерін көруге болады. Ол пьесада суреттелетін Айбаров Қайсар – Кеңес Одағының батыры, автоматчик Төлеген Тоқтаров. Ғалиев Мейрам деп сомдалған кейіпкер соғыстан кейінгі белгілі ғалым, жазушы болған Мәлік Ғабдуллин.

Әрине бұл пьесадағы оқиға шындыққа қаншалық жақын екендігін кезінде Бауыржан Момышұлы өзі тиесілі бағасын берген болар, ал көркемдік тұрғысынан келгенде өте ұтымды шыққан пьеса.

Жалпы Б.Момышұлының бейнесі көркем шығармаға сұранып тұрған образ. Кезінде ол жайында көптеген өлеңдер, поэмалар, очерк, мақала, пьеса, романдар жазылды. Әлі де жазыла бермек.

Сонымен қатар тағы айта кететін нәрсе өзінің қайталанбас жауынгерлік ерліктерімен, жазушылық шеберлігімен көрінген батыр Бауыржанның ел аузында сақталып қалған қанатты сөздері бар. Бұл сөздердің беретін мағынасы өте терең және тәрбиелі. Бұл сөздерді ішінара бірнеше тақырыптарға бөліп қарастыруға болады:

Ерлік-батырлық тақырыбына қатысты айтылған сөздер: Батыр батыр емес, батырларды бастаған батыр. Ежелден ер тілегі ел тілегі. Адал ұл ер боп туса ел тірегі. Сын ерді шыңдайды, қорқақты қинайды. Көзсіздік батырлық емес, есерсоқтық.

Адамның мінез құлқына байланысты айтқандары: Ақкөңіл деген нәрсенің екі түрі бар: аңғал ақкөңіл, ақылды ақкөңіл. Жалтақтардың көбі ақымақ, әкімқұмар келеді. Қостай берушілік әлсіздік. Адал болмай азаматпын демегін. Сабырлық алдында дұшпан сасады, сабырсыздан береке қашады.

Отан тақырыбына қатысты: Өз елін, ұлтын сыйламау, онымен мақтанбау ол сатқындық.. Отанға ана ретінде қара, халық үшін еңбек ет. Отан үшін отқа түс – күймейсің! Сатқынның отаны жоқ. Батыр отансыз, халықсыз болмайды.

Даңқты батырымыздың бұл сөздері әр қайсымыздың жадымызда сақталып, келер ұрпақтың санасына сіңетін асыл қазыналы сөздер.

«Ұрыста өмір ешкімге сыйға берілмейді, жеңіп алынады» деп Б.Момышұлы өзі айтқандай, оның халқының сүйіспеншілігіне бөленген абыройы, ерлігі, даңқы, атағы оңай келген сый емес, бұның барлығы жеңіспен келген құрмет.

Әдебиет

1. Ерлік шежіресі жалғаса бермек // Жұлдыз, №5. – 1985.
2. М.Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 21 том. А., 2005.
3. Қазақ театрының тарихы. – А., 1978. – 2 том.
4. Мырзахметов М. Бауыржан батыр. - Алматы: Жалын, 1991. -352 б.
5. Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. Роман-диалог, Екінші басылым. - Алматы: Жазушы, 1978. - 360 б.
6. Момышұлы Б. Әдебиет және әскери өмір // Қазақ әдебиеті. - 1964. - 31 июль.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Бупетаева С.Ж., Тұлымхан.Н.С

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
«Білім берудегі менеджмент» кафедрасының
аға оқытушысы, ГТ 19-1 тобы студенті, Тараз қ.

Елбасы Н.Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты еңбегінде: «Тәрбиенің түп мақсаты – қоғамның нарықтық қатынасқа көшіру кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы, іскер, өмірге икемделгіш, жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру» – деп атап көрсеткендей, педагогика ғылымында тәрбиенің мақсаты жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, әділетті қоғамды өз қолымен құратын және оны қорғай алатын азаматты тәрбиелеу/1/. Педагогикалық процесте жас ұрпақты азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеуде Бауыржан Момышұлының батырлық жолы мен жүрегінен шыққан нақыл сөздерін қолдану артық болмас деп санаймыз.

Адамдық, батырлық пен көзсіз ерліктің иесі, батылдық пен қаһармандықтың үлгісіне айналған Бауыржан Момышұлы атамыз қайталанбас дара тұлға, ұлы тұлға екені халқымызға аян.

Бауыржан Момышұлы атамыз 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданы Көлбастау ауылында дүниеге келген. Мектепте ұстаздық еткен. Өзінің жауапкершілігімен, еңбекқорлығымен, өз қызметіне деген ықыласымен, дарындылығымен көзге түскен Бауыржан Момышұлы ауаткомның хатшысы, милиция бастығы сияқты жауапты қызметтер атқарған. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда соғысқа аттанып, Ұлы Отан соғысы жылдары Бауыржан Момышұлы өзінің асқан ерлігімен, батырлығымен, темірдей қатал тәртібімен, соғыс өнерінің қыр-сырын меңгерген білікті жауынгерлік қасиетімен ерекшеленіп, оның атақ-даңқы аңызға айналды. Соғыс кезіндегі жасаған ерлігі келер ұрпаққа үлгі! Қаламынан шыққан кітаптарын, нақыл, қанатты сөздерін, айтқан әңгімелерін білмейтін адам кемде-кем шығар? Мірдің оғындай айтылған қанатты сөздері де кез-келген адамды қанаттандырып, бойына рух берері анық.

Бауыржан Момышұлының нақыл сөздеріне айналған, оның басынан кешкен жайттары ғана емес, өмірден көріп-білгені, көкірек-көңіліне түйгені, жүрегіне ұялағаны, қоғамға, болашаққа деген ой-пікірлері. «Тәртіпке бас иген құл болмайды!», «Тәрбиелі - тәртіптің құлы, Тәртіпті - елдің құлы» қанатты сөздері нағыз азаматтың жүрегінен шыққан сөздер деп танымыз. Тәрбиеге қоғамдағы өмір мен еңбекке даярлау барысында қажетті әлеуметтік іс-тәжірибені аға ұрпақтың жас ұрпаққа беруі, жас ұрпақтың оны меңгеруі деген анықтама берілген. Халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру құралы. Демек, Бауыржан атамыздың қанатты сөздерін жас ұрпақты тәрбиелеу құралы ретінде пайдалануымызға негіз бар.

«Ел дегенде өміреніп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет», «Отан үшін отқа түс-күймейсің!» деп айтылған нақыл сөздерін батыр болашақ ұрпаққа отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты, адамгершілік пен ерлікті өсиет ету мақсатында жазып қалдырды. Келешек

ұрпағының өз Отанын, туған жерін, елін, халқын шын сүйген нағыз азамат болып қалыптасуын қалады. Расында, осыншама адам бойында отаншылдық, батылдық сезімін тудыратын қанатты сөздер жазу екінің бірінің қолынан келмейтін дүние. Ол үшін терең ойшыл, шығармашыл ұлы тұлға болу керек.

Бауыржан атамyzдың мына бір нақыл сөзі қазіргі кезеңнің түйткілін дәл ашуы тиіс деп ойлаймыз. *«Өзгеден артық боламын деп арындама, шамаңды шақта. Тең түскенге қанағат ет»*. *“Қанағат қарын тойғызар, қанағатсыздық жалғыз атын сойғызар”* деген ата-бабаң. Бірақ тепкіге төзбе, ешқашан аяққа басылмағын». Қазіргі заманда адамдардың көбінде қанағатшылдық қасиеті жоғалып бара жатыр. Адамда қанағатсыздық қасиет негізінде неден пайда болады? Әрине, жаман көреалмаушылық, менмендік деген адамға жат қасиеттерден. Ол адамға біткен дерт сияқты. Сол себепті де жас ұрпақты мұндай өзгені көреалмаушылық, менмендік, тәкаппарлық сынды жаман қасиеттерден аулақ ұстап, мінсіз адам болып қалыптастыру қажет. Адам мінезінің аса бір көркем түрі – сабырлылық. Адам баласының бойында, сабырлылық, байсалдылық, көрегенділік, қарапайымдылық сынды мінез бітістері болуы жақсылық нышаны. Бауыржан Момышұлының *«сабырлық алдында дұшпан сасады, сабырсыздан береке қашады»* деген қанатты сөзі де дәл осы адам бойындағы керемет бір қасиет жайында айтылған. *«Сабыр түбі – сары алтын»*, *«Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа»* деген қанатты сөздер тегіннен-тегін айтылмаса керек. Ашуға да, қуанышқа да сабырлылық көрсетіп, қарапайымдылық таныту адамдықтың үлкен белгісі. Күнделікті өмірде адамдар бір-бірін болмашы нәрсеге бола ренжітіп алып жатады, ашуға бой алдырып, асығыс істер жасап жатамыз. Соңынан өкініп жататын кездер де болады. Ал осындай жағдайларға тап болмаудың жолы – сабырлы болу. Сабырлылық адам бойына екі жолмен дариы. Бірі – туа біткеннен, екіншісі адамның өзін-өзі тәрбиелеу жолымен қалыптасады. Ой-санасы қалыптаса бастаған бала ең алдымен өзіне осы сабырлықты серік еткені жөн деп ойлаймыз. Жалпы Бауыржан Момышұлының адамды ойландырмай, бей-жай қалдыра қоймайтын нақыл сөздері қаншама?! Солардың ішіндегі *«Адам өмірге, мынау жарық дүниеге жылап келеді. Ата-ана, туған-туыс айналасы шат-шадыман қуанады. Кетеріңде өзгелер жылап, өзің ризашылықпен қуанып кететіндей істе...»* деп айтылған нақыл сөзін Қорқыт атамyzдың *«қар қанша қалың жауғанмен жазға бармас, гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас»* деп айтып кеткен нақыл сөзімен байланыстыра айтып кеткіміз келіп отыр. Адам бұл дүниеде мәңгі емес. Сабақ аптасы біткенде шыны керек, біз барлығымыз кішкентай кезімізде қуанатын едік, бірақ есейе келе ол жай ғана апта емес, ай емес, біздің өмір атты айдында өтіп жатқан уақытымыз екенін түсіндік. Жалпы айналамызда болып жатқан қуаныш та, қайғы да барлығы уақытша. Сол азғантай ғана өмірде тек қана жақсылық жасап, өзі ұмытылмастай есте қалатындай істер жасауы керек. Тек қана жасаған жақсылықтарымен, қайырымдылық істерімен ғана адамдар мәңгі.

Бауыржан атамyzдың келіні Зейнеп Ахметова апайымыздың оқырман жүрегіне жол тартқан *«Шуақты күндер»*, *«Бабалар аманаты»* атты кітабында Бауыржан атаның мына бір айтқан нақыл сөздерін байқап, өзімізге ой түйдік. *«Алатын кезде – алға озып, беретін кезде артта бұғып қалатын, алғаны мен бергенін жіпке тізіп санайтын адамнан аулақ жүр. Ондай адамнан құтылудың өзі-үлкен олжа»/2/*. Жаныңда қиналғанда демеу болатын, қуанышыңды шын жүрегімен бөлісетін жандардың болғаны бір ғанибет емес пе?! Біздің ойымызша бұл нақыл сөздің түпкі мағынасы достыққа бағытталған. Жаныңды шын түсінетін, алатын кезде алға озып, беретін кезде бұғып қалмайтын жанашыр досты табу, бұл жалғанда жүз алтын тапқаннан да артық, бақыт! Ондай жанның жаныңда бар болғанын бағалай білу қажет. Жалпы адамның жеке тұлға болып қалыптасуына, тәрбиесіне ең алдымен оның отбасында берілетін тәрбиесі, мектеп және жанындағы достары әсер етеді. Сондықтан да ең алдымен айналасындағы араласатын ортасын дұрыс таңдай білу қажет.

Зейнеп Ахметова апайымыз: *«Бір пайдалы іс жасағаным - батырдың аңызға айналатынын біліп, атамнан тәрбие алған әр күнімді күнделікке жазып отырғаным. Жаза бердім, жаза бердім. Себебі, атамның әр күні – тәрбие-тағылым»* - деген екен. *«Бұрын қазақтар ер баланы еркелеткенде басынан сипамаған. Арқасынан қаққан екен. «Басына сипау ұл баланы аяп, мүсіркеу сезімдерін туғызады, төмен қарап жүретін жасық болып қалады»* деп түсінген. Ата-ана, ел-жұртына қорған болатын, шаңыраққа ие болатын ұлдың көзін жерден алмайтын жігерсіз, есіркеуді тілеп тұратын ынжық болғанын қаламаған. Ал арқасынан қаққанда ер бала батылданады, жігерленеді, еңсесін тік ұстап, тура қарауға дағдыланады. Неге болса да тайсалмай қарайтын қайратты, батыл болып ержетсін деп ұлды арқадан қағыпты. Ал қыздарды керісінше басынан

сипаған. Қыз - жатжұрттық, қыздың бағы - үйде емес, түзде. Қыз басқа босағаны аттап, өзге үйдің отын жағады, ұрпағын өсіреді. Қызды «кететін бала ғой» деп еркелетеді. «Алдында не күтіп тұр екен, тағдыр-талайы қалай болады» деп басынан сипап аялаған. Қыз баланы басынан сипағанда басы еріксіз еңіс тартады, көз жанары төмен түсіп, жасырынады. Кісі бетіне бажырайып қарамайтын әдетке үйреніп, қызға лайық биязы мінез қалыптасады. Арқадан қағу мен бастан сипаудың осындай талғамды астары, тәрбиелік мәні бар екен». Қазақ халқының өзінің болашағына, ұрпағына тәрбиені қалай бергендігінің тағы бір куәсі осы болса керек. Ұлдарымыз кеудесімен елін, жерін қорғай алатын нағыз батыр, ал қыздарымыз адам бетіне тура қарамайтын ибалы да биязы мінезді қыз болып өссін деп ырымдап отырған екен.

«Қай ұлттың болсын ана тілі, ата дәстүрі, салт-санасы - сол халықтың өзіндік қадір-қасиетін, жан дүниесін, тұрмыс-тіршілігін көрсететін төл белгілері. Олар - бүкіл бір халықтың өмір жолында ғасырлар бойы мысқалдап жинаған рухани қазынасы, ұрпақтан-ұрпаққа қалдырған ардақ-мұрасы. Онсыз қара шаңырағы бар іргелі ел болып, бүтін ұлт болып қалу мүмкін емес. Ана тілі, ата дәстүр өзінен-өзі жалғаспайды немесе біреу сырттан келіп сен үшін көсегенді көгертіп сақтап та бермейді. Халықтың өз бет-бейнесінен айырылуы не сақтап қалуы - әрбір ұрпақ өкілінің өзінен кейінгі ізбасарларына бабалар аманатын қай сапада жеткізуіне байланысты»/3/ деген сөздерінен Бауыржан атамyzдың елінің қамын ойлаған, елінің болашағын ойлаған нағыз қаһармандықтың символы екеніне тағы көз жеткіздік. Нағыз азаматтың бейнесін көреміз.

Қорыта айтқанда, даңқты қолбасшы, әскери қайраткер, жазушы, аудармашы Кеңес одағының батыры Бауыржан Момышұлы атамyzдай тұлғамyzдың әрбір қанатты, нақыл сөздері мәңгі ескірмек емес. Біздер, болашақ педагогтар еліміздің болашағын Бауыржан атамyzдың бойындағы бар патриотизмге, отансүйгіштікке, әділдікке, тазалыққа, шынайылыққа тәрбиелейік демекпіз.

Әдебиет

1. Бұзаубақова К.Ж. Педагогика.Оқулық. -Тараз: ИП “Бейсенбекова А.Ж.”, 2019. -329 б
2. Ахметова З. Шуақты күндер.-Алматы, 1984
3. Ахметова З.Бабалар аманаты.-Алматы, Алматыкітап. -2008

БАТЫРЛАР ЕРЛІГІ-ТӘУЕЛСІЗДІК ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Карабаласев К.А.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті «Бастапқы әскери дайындық» кафедрасы

ҚР тәуелсіздігі қарсаңында, аты аңызға айналған, даңқты қолбасшы, баһадүр батыр, гвардия полковник Бауыржан Момышұлының туғанына-110 жыл толуы қарсаңында, оның жауынгерлік жолын, соғыс тактикаларын оқып үйрену және өтіп жатқан іс-шара жастардың бойында әскери-патриоттық сезімді дамытуда, үлкен септігін тигізетіні айдан анық.

Бауыржан Момышұлы 24 желтоқсан 1910 жылы Көлбастау ауылы, Жуалы ауданы, Жамбыл облысында дүниеге келген. Жаяу әскер қатарында артиллерист болған, гвардия-полковнигі әскери атағымен отставкаға шыққан.

1941 жылы генерал-майор И.В.Панфилов 316 атқыштар дивизиясы құрамында майданға аттанды. Ұлы Отан соғысы жылдары Бауыржан Момышұлы Москва түбіндегі қалың омбы қарына малтыға жүріп, оның батальоны 5 рет жау қоршауында қалып оны бұзып шыққан, бірақ батальон жауынгерлік қабылетте болған, өзі 7 рет жарақат алды. Москва үшін шайқаста батальоны 9 рет асқан ерлік үлгісін көрсетті. Бауыржан батальонын 27 рет шабуылға бастап шығарды және тарихта жиі кездеспейтін соғыс тактикасының жаңалығын ашқан, ол 207 рет қол бастап ұрысқа кіріскен, жауынгерлік табандылық пен ерліктің, Отанға шексіз берілгендіктің үлгісі ретінде тарихта қалған – ұлы тұлға.

Кеңес Одағының батыры, «Халық қаһарманы» атағына қайтыс болғаннан кейін ие болды.

Б.Момышұлы Алматы қаласында жасақталған 316-атқыштар дивизиясының құрамында Москва үшін болған, кескілескен жанқиярлық шайқастарға қатысты.

Аға лейтенант Бауыржан Момышұлы өзінің әлі оқ-дәрі түтінін иіскеп көрмеген солдаттарының бір бөлігін, 15 қазанның түнінде өзгеше жауынгерлік сынақтап өткізіп көрді. Жауынгерлік рухтарын көтеру үшін әр бөлімшеден екі солдаттан алып, ұзын саны жүзге жеткен сарбаздарды соңына ертіп алған ол түн жамылып, Середа деревнясына шабуыл жасады, бұл батальонның ең алғашқы жауынгерлік тапсырмасы болатын, ол сәтті аяқталды.

Москва түбінде оның қоршауда қалып қойған батальоны бірнеше күн полктан еш хабар ала алмай, өзінен күші басым жаумен қайтпай шайқасады. Б.Момышұлының батальоны **16 қараша күні**, қоршауда қалып **Матренино станциясы** маңында **Волоколам тас** жолында аса ерлікпен соғысып, қоршауды бұзып шығады. Екі тәулік кескілескен ұрыс жүргізген гвардияшылар 400-ден астам фашистің көзін жойып, олардың Волоколам тас жолы бойындағы қозғалысын тоқтатып тастайды. Ақыры орман алқаптары мен жазық далаларда әртүрлі маневрлер жасау арқылы қоршау шеңберін бұзып өтіп, өзінің полкына келіп қосылады. Осыдан кейін Генерал-майор Иван Панфилов Момышұлының батальонын өзінің жанында ұдайы резерв ретінде ұстап, ең қиын жағдайларда ұрыс қимылдарына қосып тұруға шешім қабылдайды.

Сол күндерде комбат Бауыржан Момышұлы өзін «Шайқас алаңынан шығып кету және шегіну, Серіппе, Ирекше – Серіппе, Икемді қорғаныс, Ұрыстан шығу соғыс тактикасы, Шегініс жасау соғыс тактикасы, Соңына ілестіру соғыс тактикасы, Жау шептеріне ішкерілей еніп ұрыс жүргізу соғыс тактикасы» Ұңғыла Ирекше – Серіппе, Қарымта шабуыл соғыс тактикасы, Ошақты соғыс тактикасы, Ізіне түсу соғыс тактикасы, Қорғаныс соғыс тактикасы, Шабуыл соғыс тактикасы, Сызықтық-Линиялық соғыс тактикасы, Шептерге бекіне кескілескен соғыс тактикасы, Шептерді ұстау соғыс тактикасы, Соңына түсу соғыс тактикасы, Қорғаныс шептерін бұзу соғыс тактикасы, секілді ауыр ұрыс қимылдарының бірін ұйымдастыру мен жүргізудің үлкен шебері ретінде танылды.

Міне, тап осы кезде кейіннен **«Момышұлы серіппесі»** деген атау алатын термин бірінші рет қолданысқа енгізілді.

«Мен оны Москва түбіндегі қорғаныс кезіндегі ұрыстарымыздың бәріне шайқас барысында дұшпанның жолын кесіп өтіп, соның жағына шығып, соңымыздан ондаған шақырымға дейін оларды ертіп әкеліп, сосын қайтадан кері сокқы беріп барып, тағы да ілгері жылжып кетіп қалу тән болғандықтан, **серіппе** деп атадым.

Жазушы Александр Бектің «Волоколам тас жолы» («Арпалыс») атты романында жан-жақты суреттеледі. Кітап жарыққа шыққан бойда қалың оқырманның сүйікті туындыларының біріне айналды. Сондығынан болар, шығарма аз уақытта бірнеше тілге аударылып үлгерді. Романды, әсіресе, әскери адамдар сүйсіне оқып, өздеріне керекті оқулық ретінде қабылдады.

Москва түбіндегі шайқастарда 8-ші гвардиялық дивизиямен талай рет бетпе-бет келіп, ылғи жеңіліс табумен болған немістің 4-ші танк командирі Генерал-полковник Эрих Гепнер өзінің кезекті бір баянатында оны «ұрысты жүргізудің барлық жарғылары мен ережелерін бұзып соғысатын, солдаттары тұтқынға түсе қоймайтын, өз істеріне шектен тыс берілген және өлімнен қорықпайтын жабайы дивизия», – деп атапты.

1956 жылы әскер қатарынан босағаннан кейін шығармашылықпен айналысты. «Офицердің күнделігі», «Бір түннің тарихы», «Біздің семья», «Москва үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан», «Майдандағы кездесулер», «Генерал Панфилов», «Ел басына күн тұса», «Ұшқан ұя», «Адам қайраты», «Соғыс психологиясы», «Қанмен жазылған кітап», «Куба әсерлері» т.б. деректі көркем шығармалар жазды.

Ұлы қолбасшы Бауыржан Момышұлының соғыс өнері тактикасынан тәлім алатын Израиль, Куба және басқа да шет елдерде әскери академияларында дәріс оқылады.

Куба басшысы Фидель Кастродан «Сіз үшін Екінші дүниежүзілік соғыстың басты қаһарманы кім?» деген сұрақ қойылғанда, жұлып алғандай етіп бірден: «Александр Бектің «Волоколам тас жолы» кітабының кейіпкері, қазақ Бауыржан Момышұлы», – деп жауап береді.

Қазіргі таңда бізде, «Бастапқы әскери дайындық» кафедрасында **«Бауыржанның әскери мұрасы»** атты пән оқылады оның жетекшісі аға оқытушы майор Карабалаев К.А.

Батыр бабамыздың мынадай өлеңімен аяқтағым келеді:

Қадыріңді білмеппіз ғой, тірі кезде,

Деп жылар, сорлы қазақ мен өлгенде,

Ұрпақ атап өтер, сексен мен жүздігімді,

Тарихтың қойнауынан сөз келгенде деген екен

Батыр бабамыздың жауынгерлік жолдарын, еңбектері мен мұраларын насихаттау біздің басты парызымыз, Қазақстан жастарын «Қазақстандық патриоттық рухта» тәрбиелеу. Елі үшін туған Б.Момышұлының ерлік істері жадымызда мәңгі сақталады.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ӘЛЕМІНДЕГІ АЛАР ОРНЫ

Матай Б., Махмудова А.К.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Түйіндеме

Қазақ халқының өр тұлғаларының жалғасы, Отан қорғаған қаһарман ұлдарының бірі – Кеңес Одағының батыры, Қазақстанның халық қаһарманы Бауыржан Момышұлы. Қазақта «Ақыл жастан, асыл тастан» деген нақыл сөз бар. Бауыржан сияқты халқының ұлдарына байланысты айтылған сөз болар, сірә. Батырдың өмір жолына көз жүгірте отырып, амалсыз осындай ойға қаласың. Ол Жамбыл облысының Жуалы ауданына қарасты Көлбастау ауылында дүниеге келген. Шымкенттегі 7 жылдық мектеп-интернатын бітірген соң, біраз жылдар мектепте мұғалім болыпты. Бұл сол кездегі ең бір абыройлы, беделді мамандықтардың бірі. Сол кездің өзінде-ақ еңбекқорлығымен, өз қызметіне деген ынта, жігерімен, дарынымен көзге түскен жас жігітке аудандық комитеттің хатшысы, милиция бастығы сияқты аса жауапты қызметтер сеніп тапсырылған. Бауыржан Момышұлы әскер қатарына 1932 жылы алыныпты. Еңбекқор, іскер азаматтардың қандай да болсын істен нәтиже шығара білетіні белгілі. Баукең бойындағы мұндай қасиеттерін әскер қатарынан оралғаннан кейінгі жылдары көрсетсе керек. Осы уақытта біраз жылдар Шымкент, Алматы қалаларындағы банк саласында жемісті еңбек еткен ол, жақсылап қолға алса, өзінен тәп-тәуір қаржыгердің де шығатынын көрсеткен. Бұдан әрі қарай Баукеңнің өмірі өзінің туа біткен қасиеттерімен байланысты, яғни әскер саласындағы қызметтермен жалғасады. Яғни ол 1936 жылы Ленинград финанс академиясы жанындағы курсты тәмамдап, қайтадан Қызыл Армия қатарына алынған. Онда жүріп, взвод, рота, командирі полк штабы бастығының көмекшісі сияқты басшылық қызметтерді атқарады. 1941 жылы Қазақ әскери комиссариатының нұсқаушысы болады. Ал Ұлы Отан соғысы басталысымен 316-шы атқыштар дивизиясының жасақталуына ат салысып, сол дивизия құрамында майданға аттанады. Онда Баукең немістермен Мәскеу түбінде болған айқастарға қатысып, әйгілі 8-ші гвардиялық дивизияның батальон, полк командирі болып, соғыс бітердің алдында осы гвардияны басқарады. Тап осы сұрапыл соғыс жылдарында ол өзінің асқан ерлігімен, соғыс өнерінің қыр-сырын меңгерген білікті жауынгерлік қасиетімен ерекшеленіп, оның атақ-даңқы аңызға айналады. Соғыстан соң Баукең Кеңес армиясы Бас штабы жанындағы Жоғары әскери академияны бітірген. Ал 1950-1956 жылдар аралығында әскери академияда сабақ берген және түрлі әскери қызметтерді атқарған.

Кілт сөздер: Бауыржан Момышұлы; әдеби мұра; әдебиет

Соғыстан кейін Бауыржан Момышұлы Совет Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академиясын бітіреді. Әскери-педагогикалық жұмыспен айналасып, Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді. 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан Бауыржан біржола шығармашылық жұмыспен айналысады. Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өмірінде көрген-білгендерін арқау етеді. Оның қаламынан туған, өмір шындығын арқау еткен тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналады. Олар бірнеше қайтара басылып шығады. Бауыржан Момышұлы - әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ-даңқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында суреттелді. Кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылды.

Бауыржан бірнеше орден, медальдармен наградталады, Кеңестер Одағының батыры атағын алады. Алайда халықтың өзі «батырым» деп танып, ардақтаған қаһарман ұлына бұл атақ Отан соғысы біткеннен кейін жарты ғасырдай уақыт өткенде барып берілген болатын. Бауыржан Момышұлы атақ-даңқтан кенде адам емес. Ол Кеңес дәуіріндегі Мемлекеттік сыйлықтың

лауреаты, Қызыл Ту, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, 1-ші дәрежелі Отан соғысы, 2 рет Қызыл Жұлдыз, Құрмет белгісі сынды орден-медальдармен марапатталса, халқының шын мәніндегі қаһарман ұлына Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін «Халық қаһарманы» атағы берілді. Осылайша қазақ халқы батыр ұлының асқақ рухын тағы бір рет ұлықтады.

Көрнекті жазушының орыс және қазақ тілдерінде жазып қалдырған «Бір түннің тарихы», «Ұшқан ұя» сияқты алғаш шыққан кітаптары мен одан кейін жазылған «Мәскеу үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан» сияқты өзге де көптеген шығармалары оқырман жүрегіне жол тауып, көпшіліктің іздеп оқитын кітаптарының біріне айналды. Бұл шығармалардың барлығы да көптеген елдердің тілдеріне аударылып басылды.

«Ұшқан ұя» атты ғұмырнамалық шығармасында: «Келген қонақ ең алдымен менің атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін. Ел танудың басы ең алдымен осылай басталатынын ол кезде кім білген» деп түйіндеген Баукең одан әрі көп ашыла қоймайды. Сол «Ұшқан ұяда» өзі жақын араласқан отбасы туралы: «Сол күннен бастап Гончаровтар мені іш тартып, еркелете сөйлейтін болды. Бірақ әрқайсысы әртүрлі атап, атымды бүлдіріп бітті. Бірі – Бажан, бірі – Бардан, бірі – Буржан немесе Баржан деп тұрғаны. Ал ақкөңіл кемпір мені тіпті баласындай бауыр тартып, Буроржан дейтін» деп еске алады.

Міне, осыдан-ақ бұл аттың басқалар үшін өте тосын болғанын көреміз. Осы есімді Бауыржан Момышұлы атақ-даңқы шыққанға дейін жалғыз өзі иеленіп келген. Атақты «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогының авторы, қадірлі қаламгеріміз Әзілхан Нұршайықовтың қойған сауалына батыр былайша жауап береді: «**Автор:** Қазір елде сіздің құрметіңізге қойылған Бауыржан есімді балалар көп. Соларға қандай тілек айтар едіңіз?

Бауыржан: Маған білеміз деген жігіттер «Қазақстанда он үш мыңдай Бауыржан бар екен», - деп хабарлады. Мен әзілдеп, оларға: «Менің атым орыстың Иванындай болып бара жатыр екен ғой», - дедім. Бұл әзілім, әрине. Ал мен ол цифрдың анықтығын білмеймін. Білетінім – мен қазіргі Бауыржандардың ішінде бірінші нөмірлі Бауыржанмын. Міне, мен алпысқа келдім. Мені сыйлап, қадірлеп, сәбилеріне менің атымды қойған ата-аналарға, олардың туған-туысқандарына шын ниетпен алғыс айтамын. Ал Бауыржандарға айтарым: Азамат боп өсіңдер, қарақтарым! Қатарларыңнан кем болмаңдар. Бірің болмаса бірің менен асып кетсеңдер, оған ешқандай дауым жоқ. Барлық Бауыржанға, барлық балдырғандарға ақ ниетпен батамды беремін!» Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының 1990 жылдың 12 желтоқсанында туғанына 80 жыл толуына орай Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді. Б.Момышұлының «Әділет қашанда жеңеді, ол кешіксе де келмей қоймайды» деген сөзі шындыққа айналып, ел тілегі орындалды.

Қазақтың Бауыржан Момышұлындай ұлы перзентін таныстырып жату артық. Ел оның ерлігін, жазған кітаптарын біледі. Оның мірдің оғындай қанатты сөздері де халықтың аузында жүр. Сөйтсе де сол сөздерді жүйелеп жинақтаса, ол жаңа бір сипатқа еніп, халқымыздың батыр ұлының абыздық қырын аша түсер еді. Бұл ретте Бауыржан Момышұлының даналық сөздерін келтіріп кетуімізге болады: ер өледі, ел қалады; есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты; ел қорғау жолында ерлікпен өлген ерлердің жазығы жоқ; ақылдың артықтығы, кеңестің көптігі жоқ; бір жаралыға жәрдем беріп, оны аман алып қалған жауынгер – он ұл тапқан анадан артық; өлімнен қорқуға болмайды; еңбекке қабілеттіліктен айырылудан қорқу керек; өтіріктің балын жалап тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық; ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.

«Туады ерлер, ел үшін»

Өлмейді ісі мәңгілік,

Өшпейді абзал есімдер.

Ұрпаққа жетіп мәңгілік

Кетпейді естен асыл ер, – деп, ақ жалын ақын Жұбан Молдағалиев жырлаған. «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – үлгі» бабаларымыздың әрбір жүріп өткен жолы – біз үшін үлгі, шежіре, тағдыры – тарих. «Ел ерімен еңселі», «Елім» деп еңіреп туған ерлердің есімі еш уақытта елеусіз қалмайтыны ақиқат, халық мұндай қаһарман ұлдарын жыр аңызға айналдырып, өшпес ерлігін ауыздарынан тастамай, жан жүрегінде сақтайды. Бүкіл бір елдің қасиетін өз бойына дарыта алған, туған ұлтын шексіз сүйіп, терең қадір тұтқан халқымыздың қаһарман ұлы – Бауыржан Момышұлы.

Кейін «Ұшқан ұя» атты кітабында баяндағандай, Бауыржанның әкесі Момыш пен көкесі Момынкұлдың тәрбиесінен көп өнеге алған. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің», – деп, дана халқымыз айтқандай, оның бойындағы адамгершілік – асыл қасиет, алдымен анасының ақ сүтінен дарыса, екіншіден, өскен ортасының тәрбиесінен дарыды. Қаршадайынан-ақ жігерлігі, қайтпас

қайсарлығы, бойында бір жұмбақ күштің жасырынып, жанартаудай өз кезегін күтіп жатқандығы аңғарылады. Бауыржан Момышұлы туралы қаншама көркем шығармалар дүниеге келді. Олар Александр Бектің «Арпалыс», Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», келіні Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер», ұлы Бақытжанның «Жанымның жарық жұлдызы» және тағы басқа шығармалар еді. Тумасынан асқан дарынды Баукең 1956 жылы ең алғаш қаруын қаламға айырбастап, бірыңғай жазушылықпен айналысады. Оның қарымды қаламынан туған «Ұшқан ұя», «Артымызда Москва», «Майдандағы кездесулер», «Куба әскері», «Жон арқа», «Өмір өшкен жоқ» атты түрлі шығармалары әдебиетімізге қосылған ерлік рухқа толы, елеулі де мол мұра болды. Ер елімен еңселі. Б. Момышұлының үлкен әдебиетке келуінен де оның отаншылдығын, өз қаруластарына деген сүйіспеншілігін көреміз. «... Меніңкөпдостарым, майдандастарым опат болды. Егер солар белгісіз күйде қала берсе, онда оның өзі тірі қалғандардың арына, бәрінен бұрын өз басымның ар-намысына шек келтірген болар еді», – дейтін Баукең. Ол өз шығармаларында өзінің адамгершілігін, азаматтық тұлғасын бар мүмкіндігінше беруге ұмтылды. Момышұлы шығармаларында да сол Момышұлы күйінде көріне білді.

Қазақ халқының даңқын шығарып, абыройын асырған айтулы ұлдарының бірі – гвардия полковнигі, жазушы, Совет Одағының Батыры Бауыржан Момышұлы артында «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас» деп аталатын шығармалар қалдырды дедік.

Бауыржан Момышұлының 2004 жылы «Жазушы» баспасынан қос томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Жинақта «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас», деп аталатын туындылары қамтылған. Бұлардың әрқайсысы өзінің жазылу мерзіміне қарай орналастырылыпты. «Қанмен жазылған кітаптан» басқа туындыларының бәрі де бұрын-соңды оқырман қауымға танымал шығармалар болуы себепті, әрі жазылу мерзіміне қарай екінші томға орналастырылған. «Ұшқан ұя» туындысы Бауыржан Момышұлының орыс тілінде «Наша семья» деген атпен жазылған алғашқы көлемді шығармасы болатынды. Бұл шығарма мазмұны мен көркемдігі жағынан жоғары бағаланып, Абай атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сыйлығын алды. Ал «Москва үшін шайқас» деп аталатын туындысы орыс және қазақ тілінде жазылған, әрі Баукеңнің майдан төрінен оралмай қалған қанды көйлек майдандас жауынгерлер тағдырын суреттеумен ерекшеленетін айрықша мәні бар шығармасына айналып үлгерді. Қазақ халқының «Ақын елдің еркесі, батыр елдің серкесі» деп ақын мен батырды айрықша қастерлейтін дәстүрі бар. Ұлы Отан соғысында қазақ халқының ұлттық батырына айналған Бауыржан Момышұлы бұлтта ойнаған жасындай Москва түбіндегі шешуші шайқаста қапияда ой тапқан, қараңғыда жол тапқан, ерен ерлігімен даңқы әлемге жайылып, аты аңызға айналған бірегей қолбасшы ретінде танылды. Баукеңнің «Москва үшін шайқас» кітабын жазуға атақты «Волокалам тас жолы» кітабының авторы А.Бектің Баукеңе арнап жазған өлеңінің мына бір жолдары себеп болады:

Кейіпкерін пешкі мен ноқаттардай жайылтты,
Ал мендегі геройлар алға тартпақ тарихты.
Өр көкірек ақымақ! Үнің неден тарылды?
Шейіттерді қастерле! Нанға сатпа арыңды!
Қасиетті құрбандар жанын қиды ар үшін,
Қойсам деймін ескерткіш, бұл солдаттық парызым»-

дегеннен Баукеңнің айбарлы үнін есіткендей боламыз.

Бауыржан Момышұлының «Қанмен жазылған кітап» деп аталатын шығармасы жазылу мерзіміне қарай бірінші томға жіберілді. Бұл туындының дүниеге келу тарихынан біраз мағлұмат бере кетсек: 1943 жылы желтоқсан айының соңында Алматыға майданнан оралған гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлын Қазақстан жұртшылығы құшақ жая зор қуанышпен қарсы алды. Бұған дейін-ақ 1941 жылғы Москва түбіндегі қанды шайқастарда теңдесі жоқ ерлігімен бүкіл әлемді дүр сілкіндірген қазақстандық 316-атқыштар дивизиясының батальон командирі аға лейтенант Бауыржан Момышұлының жан беріп, жан алысқан шайқаста көрсеткен бірегей батырлық ерлігі оның есімін аңызға бөлеп, даңқ тұғырына көтерген болатын-ды. Қан майданнан жараланып емделуге келген батыр ұлын астана жұртшылығы қошеметтеп басына көтерді. Зиялы топпен, атақты ақын атасы Жамбылмен және майданнан хат арқылы хабарласып сырттай танысқан ұлы жазушы Мұхтар Әуезовпен сұхбаттасады.

Астанаға келген атағы жерді жарған батырды астана жұртшылығының мақтаныш сезіммен қарсы алуы өнер қайраткерлері мен ғылым ордаларында дүркірей өткен қайталанбас қызу да,

қызықты кездесулерге ұласып жатты. Мінбеден шешен де шешіле сөйлейтін, терең ойлы, ұшқыр пікірлі, дүние танымы мүлде бөлек сезімтал азаматтың кездесулерде майдан жаңалықтары туралы айтқан уытты әңгімелерін жұртшылық ерекше қызығумен қабылдап, аса жоғары бағалап жатты.

Жарақатынан, тез арылып, туған халқының ыстық ықыласы мен махаббатына бөленген батырдың майдан төріне қайта оралып бара жатқан тағдырының немен тынарын кім біліпті? Неде болса оның қан майданда пісіп жетілген ой танымын, өзіндік тума ой толғаныстарын келешек ұрпақ үшін хатқа түсіріп алып қалу қажеттігі айрықша сезілді. Бұл жағдайды терең ұғынған көреген жазушы Мұхтар Әуезов бұл істі жүзеге асыруға тікелей кірісті. Ел қамын ойлаған азамат ағалардың бірін-бірі іштей ұғынып, түсінісуі оларды рухани тұтастыққа бастады. Өйткені ұлы жазушы назары Бауыржан Момышұлына Москва түбіндегі қанды шайқастарда Отан тағдыры қыл үстінде тұрғанда-ақ түсе бастаған болатын-ды. Екі арадағы алғашқы байланыс бір-біріне хат жазысып, пікір алысудан бастама алды. Мұның үстіне атақты жазушының ұлы майдан шындығы жайлы сол дәуірге сай көркем туынды жазу мақсаты да ойда жүретін.

Ұлы Отан соғысы жөнінде асығыс жазылған көптеген шығармаларға көңілі толмай қомақсып жүрген Баукең үлкен жазушының бұл ниетіне қатты риза бола отырып, 1942 жылы тамыздың 18 күні жазған хатында: «...Отан соғысын тақырып етіп еңбек етемін. Ол ат үсті емес, әдеби мағына мазмұнына терең түсініп, біліп алып бастаймын деген ниетіңіз, талабыңыз мені өте қуантады. Сіз сияқты қазақ әдебиетінің полковнигі шынында солай етпеуіне болмайды», - деп тебірене жазды.

«Ер серігі – сергек ой» әңгімесін жазуға Бауыржан Момышұлы оқыған әңгіме –дәрістің үстінде ойға батқан сияқты. Себебі Мұхтар Әуезовтің «Әшекейлі, айшығы жоқ анық шындық кескін осы», -деп кең пішіліп, желісін ғана түсіргендей арнаулы ескертпесінде: «...Бұның өзі бір зор дастан, кең хикая болмақ керек. Соған талай ақын, жазушы тағы талай оралып соқсын деп, кең көсіліп шертсін деп, бұл жерде, әзірше тек болған халдің өзін ғана айтпақыз», -деп шектеле сөйлеп, түбінде Баукеңнің аңызға айналған ерлігі жайлы талай роман, дастандар жазыларына зор сеніммен қараған.

Баукең осы тарихи мәні бар әңгіме-дәрісін өткізу алдында Қаныш Сәтбаев қысқаша кіріспе сөз сөйлегенде: «...Көз алдымызда өтіп жатқан оқиғалар даусыз бүкіл дүние жүзі тарихының игілігіне айналмақ, онымен болашақ ұрпақтан шыққан зерттеушілер де айналысатын болады. Бұл аса маңызды тарихи оқиғалардың, жарқын көріністердің ішінде Ұлы Отан соғысының барысында еліміздің тағдыры шешілген, Москва үшін шайқас жүргізілген 1941 жылдың күзіндегі оқиғалар ерекше маңызды, әрі оның принципті мәні бар. Москваны қорғаудағы аса жауапты шептер, Қазақстанның абыройы мен даңқына орай, Қазақстанда генерал Панфилов жасақтаған дивизия тапсырылды. Бұл оқиғалар біздің бәріміз үшін де өте маңызды әрі біз бұл аса зор шайқастар жайлы тереңірек білуге тиістіміз.

Полковник Бауыржан Момышұлы сұрапыл шайқастарға қатысушы ғана емес, ол жетекші командир де болды, сондықтан да оның әңгімелері бізге ереше құнды болмақ», - деп, әңгіме-дәрістің болашақ ұрпақтарға арналған мән-мағынасына жете назар аударады.

Баукең әскери өнерді шарықтау шегіне жеткізе игеріп, меңгерген шығыс арасынан шыққан санаулы сардарлардың төбесінен қарап оқшау тұр. Баукеңнің шығармаларын мұқият оқысаң, көзің осыған көп ұзамай жетеді. Әрине, Баукең қалдырған асыл мұраның бәрін жүйелеп, саралап, ғылыми түрде зерттесең, талай диссертацияға тақырып болар еді. Әскери ғылымға қосқан еңбектері мұрты бұзылмай жатыр. Қанмен жазылған «Артымызда Москва» шығармасы – жер шарына қазақ деген сарбаз халық бар екенін паш еткен, ешқашан ескірмейтін киелі кітап. Соғыс, ерлік, жауынгерлік борыш, жанқиярлық, Отансүйгіштік туралы сан мыңдаған кітаптар жазылды. Қиян-кескі шайқастарға қатысқандар да жазды, соғысты кітаптан оқып, кинодан көргендер де жазып жатыр. Бірақ солардың бәрі Александр Бектің «Волоколамское шоссе» (қазақшаға «Арпалыс» деп аударылған) романының көлеңкесінде қалып қояды. Себебі, бұл шығарма Ұлы Отан соғысындағы басты шайқастың тарихы, жаны алқымға тірелген жауынгердің жан дүниесінің, күйзелісінің соққы берер жұдырыққа айналуының жыр-дастаны, масайраған арам пиғылды жауызды жер жастандырып, жаншудың шынайы көрінісі, қайғы-қасіретті қажыр мен жігерге жеңдіру – жеңіске апарар сара жолдың басты кепілі екендігіне көз жеткізген көсем туынды. Бұл романды осы деңгейге жеткізіп тұрған, әрине, оның басты кейіпкері - Бауыржан Момышұлы. Роман авторы А. Бек бас кейіпкер арқылы қазақ халқын жорықта алдына жан салмай, бес қаруын сақадай сай ұстайтын жауынгер етіп көрсеткен. Шығарма ә дегеннен «В этой книге я всего лишь добросовестный и прилежный писец» деп басталады. Соған қарағанда қаламы ұшқыр жазушы, ойы отты, сөзі жалын, ары таза, намысы өткір, мақсаты баянды, арманы асқақ, ісі адал, өзіне де, өзгеге де қатал, көргені көп, түйгені мол екенін мойындайды. А. Бек қайрақ бола

білді, Баукең қазақтың қайқы қылышы болды, қайраған сайын жүзі өткірлене беретін. Баукең тізеден қан кешіп, бораған оқтың арасында өлім мен өмір арпалысып, аспан айналып, жер төңкеріліп жатқанда да өз ұлтының болашғынан үмітін үзген емес. Соны А.Бекке жаздырды, жазушы аянып қалған жоқ. «Волоколамское шоссе» қазақ ұлтының, осы халықтың 20-ғасырдағы Бас батыры- гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының төл құжаттарындай әлемді шарлап кетті. Осы мәңгілік ескерткіштің іргетасын қалаған, әрине, қазақтың ұлы перзенті Бауыржан Момышұлы.

Әдебиет

1. Генерал Панфилов 12 - том: көптомдық шығармалар жинағы Момышұлы. - Алматы: Өнер, 2009.- 288б.- (Үркер) .
2. Б. Момышұлы; Ред. А.Естен.- Алматы: Жазушы, 2000.- 480б
3. М.Мырзахметұлы. Батыстан жеткен жат мінез бас көтертпей барады: «Егемен қазақстан»газеті, 17.07.2010 ж
4. Әлімжанов. Бауыржан Момышұлы –көп қырлы қоғам қайраткері: «Ақ жол »газеті, 05.01.2010 ж.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Матай Бұлбұл, Аружан Түребекқызы
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Түйіндеме

Біздер Бауыржан Момышұлын көбіне халқымыздың дара туған тұлғасы, кешегі Ұлы Отан соғысының хас батыры, атақты қолбасшы, екі тілде бірдей жазған қаламы жүйрік жазушы ретінде білеміз. Ал нағыз қуатты ағысы тереңде жатқан дария-дарын иесі, рухани ұстаз ретінде Баукеңді әлі толық танып-білгеніміз жоқ. Әсілі, қазақтың арқалы ақындарының бірі Хамит Ерғалиевтің «Баукеңнің телегей-теңіз тағылымы – болашақтың, таяу мыңжылдықтың әңгімесі» деуі тегіннен-тегін болмаса керек. Бауыржан Момышұлы – жалпы адам баласының, абзал қасиеттері бар азамат тәрбиесін отыз ойланып, тоқсан толғанған парасатты ойшыл. Ол, әсіресе, ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. Баукеңнің «Өзінің ұлтын сыйламаған – ұлтын мақтаныш тұта да алмайды, ол, сөз жоқ, арамза, тексіз әрі қаңғыбас» деуі жайдан-жай емес.(1) Оның адами қасиеттер қатарына жатқызатын – ақыл, ар, ерік-жігер, намыс, сезім, парыз, ұлттық рух, ұлттық мінез-құлық, ұлттық патриотизм, ұлттық мақтаныш, т.б. туралы ойлары арнайы зерттеуді қажет етеді. Бұл ойлар арысы Абайдың «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», берісі Мұстафа Шоқайдың «ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігінің болуы мүмкін емес» деген қағидаларымен сабақтасып жатыр.

Кілт сөздер:тіл мәселесі, қазақ тілі, мәдениет

Енді Бауыржан Момышұлының қазақ тілінің болашағын ойлап, оның алда неге алып келетінін болжап, біліп, ол туралы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Әбдіхалықовқа жазған хатын арнайы әңгіме өзегі етіп, бірер ойымызды ортаға сала кетсек. Бұл хаттың мән-мағынасын кешегі ке-ңес-тік кезеңде ұлтымыздың басшылары түсінгенімен, оны жүзеге асыру үшін еш шара қолдана алмады. Қайта жағдай те-реңдей түсті. Оған елімізде 700 қазақ мек-тептерінің жабылып, жаппай аралас мектептер қаптағанын айта кетсек те жетер. Олардың, шындығына келгенде, орыс мек-тептерінен айырмасы шамалы болатын. Иә, хат жазылған кез 1944 жылдың наурызы еді. Жаудың беті кеңестік кеңістіктен толық түріліп, Ұлы Отан соғысының бағыты айқындалғанымен, кескілескен ұрыстар әлі жүріп жатқан-ды. (2)Осындай кезеңде қысқа демалысқа елге келген, сезімі сергек, ойы ұшқыр Бауыржан Момышұлының ойға түйген-дері көп еді. Соның ішінде қазақ тіліне қатысты газеттерді оқып, кейбір кейінгі кезде басылған қазақ тіліндегі кітаптарды желе жортып қарап шығып, күннен-күнге ұлғайып, шым-шытырық «шүршіттенуді» көзбен көре, құлақпен естігендері бір төбе еді. Баукең қазақ қоғамындағы әлеуметтік орталарда орыс тілінің үстемдік ете бас-тағанын байқаған, келешегін таныған. Бұл мәселенің тұтас халықтың бүкіл тағдырындағы аса күрделі екенін, терең тамырлы келеңсіз көріністің алда ушығып, кері әсер етіп, қазақ халқын өзі сан ғасыр жинаған рухани байлығынан айыратынын ойлап күйзелген. Ол соғыстағы жеңілістен рухани жеңілісті жоғары қойған. Бір соғыста жеңілген келесі бір шайқаста жеңіске жетуі мүмкін. Ал рухани жеңілісте әсте

жеңіс бола қоймайды деп санаған. Бауыржан Момышұлы бүйте берсе күндердің күнінде қазақ елінің де тағ-дыры қыл үстінде болатынын жақсы түсінді. Түсініп қана қойған жоқ, онымен күресті өзінің қазақ ұлтының өкілі ретінде азаматтық борышы санады. Сол үшін хат жазды. «Мен әскери адаммын, – дейді ол, – тіл мәселесі туралы араласарлық жө-нім жоқ сияқты, бірақ та айтылған мәселелер халқымыздың жауынгерлік мінез-құлқын тәрбиелеу, салт-сана, ел намысы, ер намысына, адамгершілік арына, жауынгерлік мұра дәстүріне ерекше байланысты болғандықтан, көріп, біліп, сезіп тұра айтпағанымды өзіме үлкен ар, кешпес күнә деп түсінгендігімнен жазып отыр-мын». Этикетті қатты сақтайтын автор өзінің көзқарасының, түсініктерінің бәрі бірдей дұрыс бола бермеуі мүмкін екенін де ескертеді. Хат ана тілі туралы терең толғаныс-тар-ға толы. Оны ерекше сезім құшағында болмай, бейжай оқу мүмкін емес. Соның бірін, ұзақ та болса, келтіре кетейік: «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді», «Ат жүйрігі айырады, тіл жүйрігі қайырады», «Сөз жүйесін табады, мал иесін табады», «Қиыстырып қаласаң – отын жанар, қи-сындырып айт-саң – халық нанар», «Зе-кетсіздің малы арам, тілсіздің дауы арам» дегендейін, қазақ тілі өзінің таза түрінде бірнеше ғасыр, біздің заманымызға дейін, өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан-жүйенді жандырып, құ-лақ құрышыңды қандырып, ұғымыңа қо-нымды, жүрегіңе тиімді, көңіл көтеріп, керегінде жанға тиіп, ашындырып, өтін сыртқа шығарып, долдандырып, қысыл-таяң – қатал жағдайда қайрап, егеп, «сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендейін – ерге, елге медет болып, ер намысын, ел намысын, адамгершілік арын, қан майданда, қырғын соғыста қасиетті тудай жоғары көтеріп, текті сезім оятып-туғызып, адам түгіл жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл болған емес пе еді». Осы тебіренісін ары қарай жалғастыра келіп, Баукең қазақ тілінің еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып көрмегенін, өз сыбағасын ешкімге жегізбегенін, тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, оның салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі екендігін атап көрсетеді.

Бауыржан Момышұлы тілдің тазалығын сақтаудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөліне ерекше көңіл бөлген. Баукең «елге жақын, барлық жаңалықтарды елге түр-түрлерімен қоғамдық әр алуан арнасынан күнделікті жеткізіп тұратын арнаулы үлгі-насихат құралдары» саналатын сол кездегі қазақ газеттері мен радиосын оқығанда «сөй-лем құрылыстарына тіл күрмеленетінін», «тыңдағанда құлаққа суық тиіп, денеңді түршіктіретін», қазақ жур-налистерінің «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» кеткен жан аяр-лығы молын, жауапсыздығын, ана тілін қадірлемей, қазақша ойлап, үйлестіре сөйлеп, жазуға тырыс-пағандықтарын қатты сынады. Хаттағы тіл саласының аса маңызды буыны – термин жасау туралы ойлар да кемел. Ана тілді дамытудың, оны шеттен тіл ауысу арқылы термин жасаудың әлемдік жолын Бауыржан Момышұлы жақсы білген. Ол «тілді байытам деген ақ адал ниеттің негізі, ана тілін толығынан сақтап, жаңалықтарды оның үстіне қосып, дамыту, таныту әбден айқын, әр халықтың тарихында бар арналы жол – нұсқа» деп атап көрсетеді. Барлық сырттан алынған сөздер теріліп, жиналып, әділ билік айтылып, «өзіміздің тіл байлығымызда жоқ, бұрын халқымыздың өмірінде кездеспеген жаңа заттардың аты, сөздер теріліп, жиналып, сөз азаматтығына қабылданып, заңды жүйеге салынуы керек» дейді. Сондай-ақ қазақ тілін орысшамен байытамыз деген «талабы таудай» жігіттер қазақша іркілмей айтатын сөздердің орнына жан кинамай орысшаны жанбырдай төгіп-төгіп жіберу көбіне әдет болғанын батыл сынай отырып, хатта өзі ұсынған көптеген сөздердің аударма нұсқалары келтірілген. Олар қазір тілімізде солай қалыптасты. Сонымен қатар хатта Ресейдегідей терминологиялық, түсін-дірмелік, орфографиялық сөздіктер жа-саудың қажеттігі атап көрсетіледі. Бұл ойлар сол кез үшін өте өзекті болатын.

Бауыржан Момышұлы хатта қазақ тілінің тағдырына қатысты нақты бірнеше ұсыныстар жасайды. Солардың екі-үшеуіне арнайы тоқтай кетейік. Алдымен, 30-жылдардың басынан қазақ тілінің бұрмалануына, бүлдіріле, бұзыла бастағанына әділ баға беріліп, «қазақыландыру мәселесін алдымен қазақтардың өздерінен, тіл жөнін тәр-тіптеуден бастап, барлық үкімет, кеңсе, ғылым, оқу, өндіріс, өнеркәсіп орындарында бұл мәселені қайтадан әділдікпен көтеріп, қолға алынылуын ұсынды. Алайда бұл принципті мәселе әлі толық шешілмей, осы күнге дейін күнтәртібінде тұр. Сонан соң қазақ тілінің беделін түсіру, бұрмалау, бүлдіру халықтың халық, ұлттың ұлт болуына өте қауіпті, зиянды болғандықтан, тіл білмейтіндер, шүршіт болып кеткендердің орнына «салмақты, саналы, жауапты, қазақ тілінің мүддесін қабырғасы қайыса ойлайтын адамдар тағайындалсын» дейді. Бұл арада әңгіме өз ұлтымыздың өкілдері туралы болып отыр. Осыларды және басқаларды айтып келеді де, Қазақстанда қазақ тілі заңның әділдігі бойынша мемлекеттік тіл болып саналып, төрге шығарылып, бұрынғы қал-пына кешікпей келтірудің шаралары тездетіп қолға алынып, іс жүзінде қатал төңкеріс жүзеге асырылуы тиіс деген қорытындыға келеді. Бірақ бұған сол кездегі ұлттық мұраттарды мойындай бер-мейтін ұлы державалық шовинистік ауруға шалдыққан Орталыққа қатаң ба-ғын-ған жағдайда мүмкіндік жоқ болатын. Бауыржан

Момышұлының хатынан бері 60 жылдан артық уақыт өтті. Құдайға шүкір, еліміз егемендікке жетіп, мемлекетіміз тәуелсіздік алды. (4) Баукең армандаған қазақ тілі мемлекеттік мәр-тебеге ие болды. Бұл турасында заң да, конституциялық шешім де бар. Тілдерді қолдану мен дамытудың кезең-кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламалары жасалып келеді. Елімізде мемлекеттік тілдің қолданыс аясы кеңі түсті. Рас, сең қозғалды. Бірақ осыны айтсам, көз алдыма сонау балалық шақ еске түседі. Ол кездері Сырдариядағы сеңнің кеткенін қызықтап, өзен жағасына жиі баратынбыз. Сонда әуелгі кезде су орта-сындағы үлкен мұздар бірін-бірі ұстап, сеңнің қозғалысына қарқын бермей тұратын. Бұл сонымен қатар өзеннің айналмалары мен қолтықтарындағы мұздың ыдырауын тежейтін. Сондықтан біздер осы аумақтарда біразға дейін коньки тебе беретінбіз. Біздегі ана тілінің жағдайы осыған ұқсас. Ең негізгісі – қоғамда мемлекеттік тіл өз мәртебесіне лайықты орын ала алмай отыр. Көптеген әлеуметтік орталарда қазақ тілі босағадан сығалап қарап тұр. Қалаларда қазақша тілі шыққан жас балаларды кездестіру бүгін де таңсық. Қазақ тілін кедей тіл, онымен айта-йын деген ойынды еркін айта алмайсың дегендер мен ұлттық мақтаныш сезімі мен ұлт намысынан ада, өзінің рухани кедейлігін мойындағысы келмейтіндерді қазіргі басшы қызметкерлер мен кез келген мамандық иелері арасынан табу қиын емес.

Өзінің ұлтын сыйлай, мақ-таныш ете алмай, өзінің ана тіліне көңіл бөлмей, оны менсінбей, не орысшаны, не қазақшаны дұрыс сөйлей алмай шалдыр-батпаққа бөленіп жүрген, сонан соң бүгін азын-аулақ ағылшынша білгеніне мәз болып, өз ана тілінен жеріп жүргендерді, мәдениеттің көзін тек өзге тілден іздеп жүргендерді кездестіру осы күндері де қиындыққа түспейді. Баукең айтқан «қазақ тілін ана тілім деп танымай, қазақша дұрыс сөйлеп, жазып, оқып өсуді міндетім деп білмейтін» «немере-шөберелерді» қазіргі қазақтың кез келген отбасынан табуға болады. (5) Бұл арада принципшілдікті таныта алмай отырған ата да, әке де кінәлі, дегенмен салмақтың басы анада жатыр. Өйткені ана өз тілінде сөйлемей, баласы анасының тілінде сөй-лемейді. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома.

Қорыта келе мұның бәрі – мемлекеттік тілдің болашағы шешілетін мектеп алды мекемелер мен жалпы білім, орталық, аймақтық билік жүйелерінде қазақ тіліне қажеттілікті туғыза алмай отырғанымызда. Барлық қазақ ұл-қыздары қазақ мектептерінде оқып, өз ана тілінде білім, ғылым алулары қажет деген рухани ұстаз пікірін ескеретін де ешкімнің болмауында. Расында да, орысша оқып, орысша тәрбиеленген қазақ баласын ата дәстүрінде тәрбиелеу де, оның ұлттық сана-сезімін қалыптастыру да – қиынның қиыны. Сонымен өткен ғасырдың 40-жыл-дары көтерілген принципті мәселелер түгел шешілді деуге әлі ерте. Оның толып жатқан әлеуметтік, саяси-құқықтық себептері бар. Оны тарқатып айтуға уақыт тар болып отыр. Дегенмен мына бір мәселені ескерте кеткен артық болмас. Ол әлемдік тәжірибеде мемлекет құраушы ұлт 60 пайыздан асса, онда сол мемлекетте мемлекеттік саясат мемлекет құраушы ұлттың мүддесі мен мұратына жұмыс істеуі қажет. Бұл шындықты біздер ғана мойындай алмай отырмыз. (3) Қазір посткеңестік кеңістіктегі елдер түгел дерлік мемлекеттік тіл туралы заң қабылдады. Біздер артта қалдық. Рас, мемлекеттік тіл туралы заң қабылдаудың аса күрделі екенін түсінеміз. Алайда ғасырлар қордаланған жағдайдан тек мемлекеттік тіл туралы арнайы заң ғана алып шыға алады. Оны қабылдаудың қажеттілігі туралы құқықтық норма Негізгі заңымыздың 93-бабында айқын жазылған. Қоғамдағы саяси-әлеуметтік және экономикалық күй де орнықты. Демографиялық жағдай сонау тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен салыстырғанда әлдеқайда жақсарды. Елімізде өзге этнос өкілдерінің көзқарасында жер иесінің ана тіліне деген ізгілікті түсінік қалыптасты. Мемлекеттік тіл туралы заң қазақ халқына ғана емес, Қазақстанды туған елім, өз жерім дейтін басқа этнос өкілдеріне де қажеттілікке айналды. Оны кейінгі кездегі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер анық байқатып отыр. Осының барлығы және Бауыржан Момышұлының хатын қайта-қайта оқығандағы түйген ойымыз – мемлекеттік тіл туралы заң болмай, қазақ тілінің мәселесі толық шешімін таба алмайды.

Әдебиет

1. Радио Азаттық, 17 май, 2010. Автор: Макпал Мұқанқызы «К 100 летию Бауыржана Момышұлы издается 40 томный сборник его сочинений»
2. «Звезда Прииртышья», Павлодарская областная газета. Автор: Бекет Момынкүл
3. Blogtime.kz сайты, Бауыржан Момышұлының нақыл сөздері
4. Генерал Панфилов 12 - том: көптомдық шығармалар жинағы Момышұлы. - Алматы: Өнер, 2009.- 288б.- (Үркер).
5. Б. Момышұлы; Ред. А.Естен.- Алматы: Жазушы, 2000.- 480б

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Матай Б., Озғанбек Ш.О.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Түйіндеме

Тіл адам баласының негізгі қасиеті болғандықтан, тіл байлығы – елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғам құрылыстары мен салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің – мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз. Қазақтың салқам сахарасында «Малым - жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы» деп елі мен жері үшін етігімен қан кешіп жүріп, туған халқының ұлттық құндылықтарын, салт - дәстүрі мен тілін сонау қиын-қыстау кездерде жанұшыра, қызғыштай қорыған, бастары құлдықтың ноктасына сыймай кеткен арыстарымыз аз емес. Бауыржан Момышұлы (24 желтоқсан 1910 жыл - 10 маусым 1982 жыл) — Кеңес одағының батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшы, стратег және тактик. Бауыржан Момышұлының ана тілін ардақтап, қазақ тілін құрметтегенін, оны дамыту мен өркендету, қолдану аясын кеңейтуді мақсат тұтқан.

Кілт сөздер: Тіл, салт – дәстүр, мәдениетін.

Тілдің көмегімен өнер-білімге, мәдениет, ғылымға жетіп, өткен-кеткенмен әлемді танып, өзімізді жұртқа – әлемге танытамыз, сөйлейміз, оқимыз, жазамыз, өз басымызды, үй-ішімізді, қоғам-халықты, ел-жұртты, мемлекетті меңгереміз, сондықтан «өнер алды – қызыл тіл» дегендейін, адам баласының байлығында тілден артық не бар?!

Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге жегізбегендігі мыңдаған жыл тарихында айқындалған емес пе еді?! Барлық өткен заманның, халық тәжірибе, қасиеттерін, ғылыми-мәдениетін, өнеркәсібін бойымызға тарата сіңіріп, жағдайды толық түсіндіріп, ұғындыра, ел қатарына қосып, бізді бұл дәрежеге жеткізіп отырған алдымен тіл емес пе?! Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе?! Мен әскери адаммын – тіл мәселесі туралы араласарлық жөнім жоқ сияқты, бірақ та, айтылған мәселелер халқымыздың жауынгерлік мінез-құлқын тәрбиелеу, салт-сана, ел намысы, ер намысына, адамгершілік арына, жауынгерлік мұра-дәстүріне ерекше байланысты болғандықтан, көріп, біліп, сезіп тұра айтпағанымды өзіме үлкен ар, кешпес күнә деп түсінгендігімнен жазып отырмын – деп батырымыз оз ойын айта кеткен еді.

Бауыржан Момышұлының қазақ тілінің болашағын ойлап, оның алда неге алып келетінін болжап, біліп, ол туралы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Әбдіхалықовқа жазған хатын арнайы әңгіме өзегі етіп, бірер ойымызды ортаға сала кетсек. Бұл хаттың мән-мағынасын кешегі кеңестік кезеңде ұлтымыздың басшылары түсінгенімен, оны жүзеге асыру үшін еш шара қолдана алмады. Қайта жағдай тереңдей түсті. Оған елімізде 700 қазақ мектептерінің жабылып, жаппай аралас мектептер қаптағанын айта кетсек те жетер. Олардың, шындығына келгенде, орыс мектептерінен айырмасы шамалы болатын. Иә, хат жазылған кез 1944 жылдың наурызы еді. Жаудың беті кеңестік кеңістіктен толық түріліп, Ұлы Отан соғысының бағыты айқындалғанымен, кескілескен ұрыстар әлі жүріп жатқан-ды. Осындай кезеңде қысқа демалысқа елге келген, сезімі сергек, ойы ұшқыр Бауыржан Момышұлының ойға түйгендері көп еді. Соның ішінде қазақ тіліне қатысты газеттерді оқып, кейбір кейінгі кезде басылған қазақ тіліндегі кітаптарды желе жортып қарап шығып, күннен-күнге ұлғайып, шым-шытырық «шүршіттенуді» көзбен көре, құлақпен естігендері бір төбе еді. Бауыржан қазақ қоғамындағы әлеуметтік орталарда орыс тілінің үстемдік ете бастағанын байқаған, келешегін таныған. Бұл мәселенің тұтас халықтың бүкіл тағдырындағы аса күрделі екенін, терең тамырлы келеңсіз көріністің алда ушығып, кері әсер етіп, қазақ халқын өзі сан ғасыр жинаған рухани байлығынан айыратынын ойлап күйзелген. Ол соғыстағы жеңілістен рухани жеңілісті жоғары қойған. Бір соғыста жеңілген келесі бір шайқаста жеңіске жетуі мүмкін. Ал рухани жеңілісте әсте жеңіс бола қоймайды деп санаған.

Бауыржан Момышұлы бүйте берсе күндердің күнінде қазақ елінің де тағдыры қыл үстінде болатынын жақсы түсінді. Түсініп қана қойған жоқ, онымен күресті өзінің қазақ ұлтының өкілі ретінде азаматтық борышы санады. Сол үшін хат жазды. «Мен әскери адаммын, – дейді ол, – тіл мәселесі туралы араласарлық жөнім жоқ сияқты, бірақ та айтылған мәселелер халқымыздың жауынгерлік мінез-құлқын тәрбиелеу, салт-сана, ел намысы, ер намысына, адамгершілік арына, жауынгерлік мұра дәстүріне ерекше байланысты болғандықтан, көріп, біліп, сезіп тұра

айтпағанымды өзіме үлкен ар, кешпес күнә деп түсінгендігімнен жазып отырмын». Этикетті қатты сақтайтын автор өзінің көзқарасының, түсініктерінің бәрі бірдей дұрыс бола бермеуі мүмкін екенін де ескертеді. Хат ана тілі туралы терең толғаныстарға толы. Оны ерекше сезім құшағында болмай, бейжай оқу мүмкін емес. Соның бірін, ұзақ та болса, келтіре кетейік: «Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді», «Ат жүйрігі айырады, тіл жүйрігі қайырады», «Сөз жүйесін табады, мал иесін табады», «Қиыстырып қаласаң – отын жанар, қисындырып айтсаң – халық нанар», «Зекетсіздің малы арам, тілсіздің дауы арам» дегендейін, қазақ тілі өзінің таза түрінде бірнеше ғасыр, біздің заманымызға дейін, өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан-жүйенді жандырып, құлақ құрышыңды қандырып, ұғымыңа қонымды, жүрегіңе тиімді, көңіл көтеріп, керегінде жанға тиіп, ашындырып, өтін сыртқа шығарып, долдандырып, қысыл-таяң – қатал жағдайда қайрап, егеп, «сөз тапқанға қолқа жоқ» дегендейін – ерге, елге медет болып, ер намысын, ел намысын, адамгершілік арын, қан майданда, қырғын соғыста қасиетті тудай жоғары көтеріп, текті сезім оятып-туғызып, адам түгіл жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл болған емес пе еді». Осы тебіренісін ары қарай жалғастыра келіп, Баукең қазақ тілінің еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып көрмегенін, өз сыбағасын ешкімге жегізбегенін, тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, оның салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі екендігін атап көрсетеді.

Бауыржан Момышұлы тілдің тазалығын сақтаудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөліне ерекше көңіл бөлген. Баукең «елге жақын, барлық жаңалықтарды елге түр-түрлерімен қоғамдық әр алуан арнасынан күнделікті жеткізіп тұратын арнаулы үлгі-насихат құралдары» саналатын сол кездегі қазақ газеттері мен радиосын оқығанда «сөйлем құрылыстарына тіл күрмеленетінін», «тыңдағанда құлаққа суық тиіп, дененді түршіктіретін», қазақ журналистерінің «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» кеткен жан аярылығы молын, жауапсыздығын, ана тілін қадірлемей, қазақша ойлап, үйлестіре сөйлеп, жазуға тырыспағандықтарын қатты сынайды. Хаттағы тіл саласының аса маңызды буыны – термин жасау туралы ойлар да кемел. Ана тілді дамытудың, оны шеттен тіл ауысу арқылы термин жасаудың әлемдік жолын Бауыржан Момышұлы жақсы білген. Ол «тілді байытам деген ақ адал ниеттің негізі, ана тілін толығынан сақтап, жаңалықтарды оның үстіне қосып, дамыту, таныту әбден айқын, әр халықтың тарихында бар арналы жол – нұсқа» деп атап көрсетеді. Барлық сырттан алынған сөздер теріліп, жиналып, әділ билік айтылып, «өзіміздің тіл байлығымызда жоқ, бұрын халқымыздың өмірінде кездеспеген жаңа заттардың аты, сөздер теріліп, жиналып, сөз азаматтығына қабылданып, заңды жүйеге салынуы керек» дейді.

Қорта келе бүгінгі қазақ тіл ғылымы – бірнеше ғасырлар бойы дамып жетілудің жемісі. Өзінің даму тарихында аталмыш ғылым сан-салалы көзқарастардың, ғылыми тұжырымдардың және білікті зерттеушілердің куәсі бола отырып, дамуын тоқтатпай, бүгін де өрге ұмтылуда. Осы орайда тіл білімінің өзекті мәселелерін өткір айта және өзінің ғылыми зерттеулеріне арқау ете білген, зерделі тұжырымдарымен өз орнын тапқан, қазақ тілінің өзіндік болмысын танытқан, тіл білімінің даму, өзгеру, жаңару үрдісінен қалыспай келе жатқан ғалымдардың орны ерекше.

Ел болып, еңсе тіктегеннен кейін тіл ғылымын салааралық зерттеу, тіл тарихын жаңаша қарастыру, тіл біліміндегі лингвистикалық еңбектердің мәні мен маңызын ашу, қазақ тіл білімінің теориялық мәселелері мен практикалық қырларын ұштастыру, тілдегі түрлі бағыт-көзқарастармен таныса отырып, қазақ тілінің ұлттық болмысын, ұлттұтастырушылық қызметін ашу, саралау, тілді адаммен байланыста қарастыру т.б. мәселелер – ХХІ ғасырдағы қазақ тіл білімінің зерттеу нысанына айналған өзекті басымдықтар. Жоғарыда аталған өзекті мәселелерді шешу тіл білімінің өткен тарихымен және бүгінімен ұштастырылады. Себебі ғылым міндетті түрде ғалым есімімен, зерттеу еңбектерімен ғылыми тұжырымдарымен тікелей байланысты. Ал ғалымның еңбектерін жүйелеу, оның жан-жақты зерттеу бағыттарын ашу, өзектілігін таныту түптеп келгенде ғылымның даму тарихын зерттеу, тану, зерделеу, саралау болмақ.

Әдебиет

1. М.Мырзахметұлы. Батыстан жеткен жат мінез бас көтертпей барады: «Егемен қазақстан»газеті, 17.07.2010 ж
2. Әлімжанов. Бауыржан Момышұлы –көп қырлы қоғам қайраткері: «Ақ жол »газеті, 05.01.2010 ж.
3. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.ISBN 9965-893-73-X

ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТЕГІ Б.МОМЫШҰЛЫ БЕЙНЕСІ

Мұқашева А.

*М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы
Ғылым магистрі*

Ұлы Отан соғысы жеңіске жеткеннен кейін кеңес қалмгерлері соғыс тақырыбын бұрыннан да күшейтіп жазуды қолға ала бастағанын байқаймыз. Осы науқаннан қазақ қаламгерлері де сырт қалған жоқ. Соғысты көзімен көріп, оның тікелей ортасында болып қайтқан жауынгерлер мемуар түріндегі шығармаларын өмірге әкелсе, ал бір парасы соғысқа бармаса да соғыс көрген жауынгерлердің айтуымен түрлі жанрдағы шығармалар жазды.

Қ.Қайсенов, М.Ғабдуллин, Б.Момышұлы, Т.Ахтанов, т.б. қаламгер соғыс майданында болып, «порох иісін сезініп көрген» жауынгер ретінде қолдарына қалам алса, ал Ғ.Мүсірепов, М.Әуезов, С.Мұқанов т.б. қаламгерлер тек құлағымен естіген соғысты өз шығармаларында арқау етті. Қайсысында болмасын Ұлы Отан соғысы адамзат атаулыға тек өлім сыйлайтын қасірет ретінде көркем бейнеленді.

Ал, осындай шығармаларда көптеген түрлі кейіпкерлердің бітім-болмысы сан қырынан сомдалып отырды. Мәселен, Қ.Қайсеновтің Серігі, Т.Ахтановтың Надясы, Б.Момышұлы мен М.Ғабдуллиннің көптеген қарулас серіктері қазақ әскери әдебиеттегі тың, шынайы кейіпкерлер галереясын жасады. Ғ.Мүсіреповтің Қайрошы мен М.Әуезовтің Намысы да әдебиетіміздегі мақтаулы бейне болғандығын айта кетуіміз керек.

Соғыс біткеннен кейін қаламгерлер шығармаларына кейіпкер боларлық басты тұлғаларды қолдарына күндіз шам алып іздей бастады. Жазушылар болсын, журналистер болсын Б.Момышұлына балға жиналған арадай жан-жағынан қаптап, батырдың бітім-болмысын сомдауға кіріскені аңғарылады. Өткен ғасырдың 50-жылдан бастап батыр бейнесі көркем шығармалар мен газет-журнал беттерінде сан қырынан суреттеліп жатты.

Солардың ішінде Ө. Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романы ХХ ғасырдың хас батыры Б.Момышұлын жан-жақты сомдаған керемет туынды болып тарихта қалды. Алғашқы тарауларда айтылғандай бұрындары жарық көрген А.Бектің «Волоколамск тас жолы», Б.Момышұлының «Москва үшін шайқас» романдары мен «Ұшқан ұя» повесі және түрлі мақалалар мен очерктер арқылы батыр бейнесі оқырмандарға таныс болатын. Кез-келген нәрседі кездейсоқтық деген болмайды. Онда бір заңдылық бар. Аталмыш романның жазылуына батырдың алпыс жылдық мерейтойы себеп болған. Алғашқыда шағын көлемдегі мақала түрінде жоспарланған шығарма өсе келе көлемді романға айналды.

Негізінде бұл роман өмірде болған кейіпкер мен оқиға желісіне құрылған шығарма. «Тарихи шығарма болу үшін, - дейді ғалым Әнуар Тарақов, - тек тарихта өтіп кеткен оқиға мен тұлғаны жазу шарт па? Менімше тарихи шығарма болу үшін көзі тірі қайраткер мен сол уақытта болып жатқан оқиғаны бейнелеу де қажет сияқты» [1.18] Ғалымның ойына жүгінсек онда Ө.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романы тарихи жанрға жататын күрделі шығарма.

Автор мен кейіпкер арасындағы диалог арқылы туындаған романның құрылысы күрделі. Себебі мұндай шығармаларға автор өз жанынан көлденең оқиға, не болмаса көп шығармаларда кездесетін әсірелеу, суреттеу т.б. көркемдегіш құралдарды қосуға мүмкіндік бола бермейді. Кейіпкердің аузынан шыққан сөзді, оқиғаны сол қалыпта хатқа түсіріп, көркемдікті шектеп қана қолдану қажет. Оның үстіне Б.Момышұлының жалғандыққа қас екендігі тағы бар. Сондықтан қаламгер батыр жайлы жазуға үзілді-кесілді қарсы болғанын білеміз. Дегенмен, автордың ұзақ ізденісі мен қаламгерлік шеберлігі арқасында салмақты туынды қазақ әдебиетіне келіп қосылды.

Автордың кейіпкерімен алғаш кездесуі мен екеуі арасындағы психологиялық тартыс романның басталу сәтін қызықтыра түседі. Автор бірнеше жылдар бұрын батырмен телефон арқылы тілдесіп, жағымды жауап ала алмаған соң, «жазушы ағайындардың жазғанын ғана оқып, атағына алыстан сүйсініп жүре беру керек екен-ау», - деген қорытындыға келеді. Бұл, әрине, қаламгер ретінде әлі шыңдалмаған жай журналистің ойы болатын.

Кейіпкер мен автордың арасындағы алғашқы телефонмен тілдесуі тіптен қызық. Осы диалогтік тартыста автор мен келешек кейіпкердің арасында алынбас қамал, аяқ артпас өткел жатқандай көрінеді. Тіпті Б.Момышұлының тым дөрекі, тым қатал бейнесін де аңғаруға болатындай. Бірақ кітап оқи отырып, оқырман біртіндеп алғашқы ойдан арылары сөзсіз. Мысалы:

«- Сәлеметсіз бе, Бәуке.

- Сәлемет.

- Бұл «Социалистік Қазақстан» газетінің редакциясынан ғой, - дедім. Мен шапшандата сөйлеп, әскери адам жігі, қысқа, нақ сөйлегенді ұнататын болар деген оймен. Содан соң лауазымым мен фамилиямды айттым да, бірден бұйымтайға кірістім. – Мерекелік номерге сіздің мақалаңызды жоспарлап едік. Соған...

- Тоқта, фамилияң кім сенің? – деді Бауыржан менің жоғарыда айтқандарыма мән берместен.

Мен фамилиямды қайтып айттым.

- Мен ондай адамды білмеймін, - деді Бауыржан сөзін нығыздай сөйлеп. – Мен сізбен сөйлеспеймін...». [2.9]. Телефон трубкасының екі жағында тұрған диалог иелерінің сөзінде бір-бірін танымайтын, сыйламайтын, сенім білдірмейтін көзқарастың байқалатыны анық. Әрине, кейіпкер мен автордың арасында белгілі бір деңгейде қарама-қайшылық болатыны белгілі. Тіпті А.Бек пен Б.Момышұлы арасындағы тартысты еске түсірейікші. Ол қайнаған соғыста болған тартыс болса, бұл бейбітшілік замандағы тартыс. Соғыста түсінікті, ал бейбітшілік заманда неге жоруға болады. Осы тұста автор кейіпкеріне деген көзқарасты күшейту мақсатында «Бұл күнге дейін газет атынан сөйлескен кісіге мұндай жауап берген адамды кездестірген жоқ едім» дейді. Автордың бұл сөзі оқырманның кейіпкер жайлы көзқарасын күшейтетіні сөзсіз. Сол тұста «Социалистік Қазақстан» газеті еліміздегі бірден-бір салмақты, орталық газет саналатын. Соған қарамастан Б.Момышұлы оның тілшісімен дәрежі, ымырасыз.

Он жылдан соңғы кездесуде екеуінің арасындағы тоң жылығандай әсер болады. Оқып көрелік:

- Мұнда кел, - деді Бауыржан даусын жылытпастан маған тесірейе қараған күйі. Әлі де қуып шығар, шықпасына көзім жетпей сақтана басып қасына барғанымда Бауыржан қолын ұсынды.

- Аман-есенбісің?

- Отыр, - деп менің арт жағымдағы бос орындықты нұсқады. [2.11] Екеуінің арасындағы алғашқы диалог осылай басталады. Табиғатында автор мен кейіпкер бір-біріне қарама-қарсы тұлғалар. Себебі бірінің ойы екіншісіне үйлесуі қажет. Сонымен қатар, екеуінің арасында белгілі бір заңдылыққа жүгінетін тартыс болатын сияқты. Өйткені сұрақ туындайтын жерде сол сұраққа жауып табылуы тиіс. Бұл жағдайда сұрақ қоюшы автор болса, ал жауап беруші кейіпкер. Демек, екеуінің арасындағы осындай тартыс салдарынан ақиқатқа қол жеткізіп отырады.

Ел аузында батырлық болмысымен тарап кеткен Б.Момышұлының бейнесін қалай сомдау керек? Осы сұрақ төңірегінде қандай көркемдік шешім жасау керек деген сұрақтар төңірегіндегі ойлар қаламгерді мазалағаны даусыз. Кейіпкердің өз аузынан жазып алған әңгімелерді сол күйінде қағазға түсіру шығармашылық шеберлікке жатпайды. Осы жерде қаламгердің тыңнан шығудың жаңа тәсілін тапқанын аңғарамыз. Кейіпкердің әңгімесін тыңдай отырып, диалог басталғанға дейінгі өзі естіген, не болмаса түрлі кездесулерде кейіпкердің өзі әңгімелеп берген оқиғаларды шебер үйлестіріп отырған. Осындай көркемдік шешім романның тосын, жаңа оқиғалармен астасып, көркемдігін шыңдауға үлесін қосып отырған.

Тарихи шығармаға қалам тартатын қаламгер сол тарихи кезеңдегі оқиға желісін сырттан емес іштен байыптап, оқиғаның шынайылықпен астасуын қамтамасыз етуі қажет. Яғни қаламгердің түпкі мақсаты өзі баяндағалы тұрған оқиғаның көркемдігін ойлаумен қатар оның тарихи дәлдігін сақтаған дұрыс. Демек, бұл жерде автор әрі жазушы, әрі тарихшы. Тарихи шығарманың күрделілігі осында жатыр. Сондықтан тарихшы қозғалысты бейнелеуі тиіс, өйткені, қозғалыста тарихтың негізі айқындалады. Қарама-қайшылық күреспен дәуір динамикасын романшы оның түпкі тереңдігіне дейін зерттеуі керек. Неғұрлым деталь айқынырақ болған сайын, жергілікті колорит те неғұрлым пәрменді, сол қарама-қайшылықтар да неғұрлым ашық көрінеді, дәуірдің өзгешілігі де соншалықты толық танылады, соншалықты өткенді ұғынуға тереңдей түседі. Бұл тарихи оқиғаларға қатысты айтылар талап-тілектер.

Сонымен қатар, тарихи образды қалай сомдау керек мәселесі де негізгі талап болып табылады. Тарихи оқиғаға қатысатын образдар да романға қойылатын талаптан ауытқымауы тиіс. Оның сыртқы келбетін (портретін), мінез-құлқын (характерін), әдетін, түрлі ситуациялардағы әрекетін тағысын тағылар суреттеуде қаламгер ақиқат ауылынан алыстамағаны жөн.

Ә.Нұршайықов Б.Момышұлы образын сомдауда батырдың сыртқы келбетін суреттеп жатпайды. Өйткені батырдың келбеті оқырманға жақсы таныс, оның үстіне кездескен сәттерде

кейіпкердің эмоциялық өзгерістері арқылы сурттеуді дұрыс көргені байқалады. Тіпті батырдың ішкі болмысы мен сыртқы келбеті бір-бірімен үйлесетіндігі сонша жақтырмаған, ашушаң күйдегі батыр келбеті соншалықты құбылып, барлық ішкі құбылыстары сыртқа көрініп тұрады. Яғни, «как художники мало обращая внимание на прочие части тела, добиваются сходства благодаря точному изображению лица и выражения глаз, в которых проявляется характер человека». [58.395]. Демек, түрлі сәттердегі кейіпкердің қас-қабағынан, сөйлеген сөзінен, диалог барысында, көзқарасынан т.б. образдың бүкіл бітім-болмысы аңғарылып тұрады. Әрине, мұндай жан-жақты суреттеу тек шебер қолдан шыққан көркем шығармаларда кездесетін құбылыстар.

Б. Момышұлы жайлы шығармалардағы батыр бейнесінің барлығына тән бір қасиет ол батырдың жалғандыққа жаны қас екендігі. Әсіресе өзі жайлы жазған авторлардың алдына қоятын негізгі талабы-жалғандыққа, әсіре суреттеушілікке салынбау.

- Мен туралы менен рұқсатсыз ештеңе жазбаймын дегенің дұрыс, - деп бастады сөзін. – Бірақ, қарағым, сен өкпелемегін; мен өзім туралы ешкімге мақала диктовать етпеймін! Кейіпкердің өмірлік ұстанымы осы жолдардан-ақ танылады.

Б.Момышұлы қай кезде де өзіне ғана тән ерекшелігімен сомдалып келді. Оның бітім-болмысы, мінез қырлары, ішкі әлемі мен жан дүниесі барлық қаламгерлерде ұқсап жатқанымен, әр қаламгер батырдың бейнесін жасауда жаңа ізденістерге қол жеткізгенін аңғарамыз. Сондықтан Б.Момышұлы қазақ әдебиетінде өзіндік арансымен қалыптасқан көркем бейне деп айтуға толық негіз бар.

Әдебиет

1. Тарақов Ә. Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы. – Алматы. Қазақ университеті, - 2004, - 339 б.
2. Нұршайықов Ә. Төрт томдық шығармалар жинағы. 2 том. Алматы. Жазушы, 1992.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ЖӘНЕ СОҒЫСҚА ДЕЙІНГІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТІ

Шертаева Б.Р.

Жамбыл ауданы Айшабибі орта мектебінің директоры

Тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуы - қазақ халқының талай ғасырларға созылған ұлт-азаттық күресінің заңды нәтижесі. Қазіргі кезде халқымыздың даму тарихында мүлдем жаңа мазмұндағы саяси кезең басталды.

Тәуелсіздікке жеткізген жол даңғыл болған жоқ, ол ұлы белестерден, қиын-қыстау асулардан тұрды. Болашақ ұлттық мемлекеттің іргетасы осы тарихи кезеңдерде қаланған болатын, сондықтан да азаттық жолындағы қасиеттері де қасіретті күресте еңбегі ерен азаматтарымыздың артына қалдырған мол мұрасымен тарихын зерттеу қазіргі таңда зор маңызға ие болып отыр. «Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін, тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашан да қарыздармыз», - деп Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев айтқандай, біздің алдымызда «бабаларының игі дәстүрін сақтайтын», «күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары» болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеттері жатыр.

Бауыржан Момышұлы - даңқты қолбасшы, КСРО-ның жоғарғы әскери академиясының профессоры, ұлтын сүйген патриот болуымен қатар, қазақ халқының ұлттық рухын қорғауда қаламды қару еткен қайраткер жазушы. Оның өнегелі өмір жолы, әскери портреті талай қаламгердің қаламымен өрнектелгені белгілі. Олардың ішінде әдеби көркем шығармалармен қатар естеліктер, ғылыми еңбектер де кездеседі.

Халық батыры, батальонның аты аңызға айналған командирі Бауыржан Момышұлы, оның ерлігі, ержүректілігі және командирлік шеберлігі туралы дерек, бүкіл елге тез таралды. Оны тірісінде аты аңызға айналған комбат, халық батыры деп атаған. Ұрыс жолы, әскери зерегі мен атамекенді қорғау ісіне қосқан үлесі қазақстандықтар үшін үлкен қызығушылық тудырады. Аты аңызға айналған командир өмірінің аты шыға қоймаған беттерін, әскери өмірбаянының егжей-тегжейлі қалпына келтіру отан тарихының маңыздылығы және жауапты міндеті болып табылады.

Қазақстанның, әскери қызметшілері мен жеткіншек әскер жасындағы жастарды жауынгерлік және патриоттық тәрбиелеуге өзекті, біздің ата-бабаларымыздың әскери және рухани мұрасының, қазақ халқының жауынгерлік және еңбек дәстүрлерінің базасындағы қазіргі жағдайдағы ұлттық патриотизмді қалыптастырудың ерекше өзектілігін айтпауға болмайды.

Бауыржан Момышұлының соғыс өнеріне қосқан үлесі туралы тарихнаманы негізінен екі топқа бөліп қарастыруға болады: шетелдік ғалымдар мен отандық зерттеушілердің еңбектері.

Шетелдік ғалымдардың ішінде бұл тақырыпқа А.Бек, А.Кривицкий Бауыржан атамыз туралы қаншама көркем шығармалар жазды. Александр Бектің «Арпалыс» атты еңбегінде Бауыржан Момышұлының соғыста жүрген жерінен нақты деректерді осы ғалым беріп отыр. Себебі Бауыржан Момышұлы өзінің оқыған дәрісбаянында ылғида осы А. Бектің еңбегін сілтеп отырған. Олардың ең танымалдарының бірі белгілі орыс жазушысы Александр Бектің «Арпалыс» («Волоколам шоссе») повесі. Бұл кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылған.

Отандық зерттеуші-қаламгерлерден Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз», келіні Зейнеп Ахметованың «Шуақты күндер», ұлы Бауыржан Момышұлының «Жанымның жарық жұлдызы» және тағы басқа шығармалары Бауыржан Момышұлының шығармалары туралы М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Ш.Мұртаза, Е.Ысмайылов, Ш.Елеуенов, М.Мырзахметұлы, М.Қалдыбаев т.б. ғалым-жазушылар батыр бейнесін сомдауда үлкен еңбек сіңірді. Мәселен, Қ.Уразбаев «Ұшқан ұя» еңбегіндегі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға тоқталған. Ал Ж.О.Иманалиев еңбегінде Бауыржан Момышұлының өлеңдеріне мазмұндық талдау жасалған.

Отандық тарих саласында өзінше үлес қосып келе жатқан ф.ғ.д., профессор Мекемтас Мырзахметұлы Жамбыл облысы Тараз қаласындағы Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің қабырғасынан «Бауыржантану» ғылыми орталығын ашты.

«Бауыржантану» саласын зерттеуде *тарих ғылымының саласынан* (М.Айтказина), *әскери саладан* (Л.Н.Бакаев, Қ.С.Мұхамедқалиев т.б.) және *әдебиет ғылымының саласынан* (Ғ.А.Орынханова, Ж.О.Иманалиев, Қ.Уразбаев т.б.) бірқатар ғалымдар зерттеулер жүргізді.

Мекемтас ағамыз қазақтың біртуар ұлы Бауыржан Момышұлының 100 – жылдығына байланысты 30 томдық кітап шығарылды. Кітаптарда Бауыржан Момышұлының толық өмірі, әскери қызметі, шежіресі, артынан қалған өсиеттері, соғыс кезіндегі іс-әрекеттері, соғыс тақырыбындағы дәрістері қамтылған.

Бауыржан Момышұлының әскери қызметі 1932 жылы ноябрьден басталады. Қиыр Шығыста, Украинада қызмет етті. Қызыл армия жауынгерінен бастап, взвод, рота командирі, Қазақ әскери комиссариаты нұсқаушысы және инспекторы қызметтерін атқарған.

Осы жылы оны военкоматқа шақырады. Ол былай болған еді;

Жиналған жігіттерді тыр жалаңаштандырып, дәрігерлердің алдынан өткізіп жатыр.

Сіздің де денсаулығыңыз жарамды, – деді комиссар Бауыржанға. – Бірақ қарт кісінің жалғыз баласы болғандықтан, сізге берілетін жеңілдік бар. Егер әскерге барғыңыз келмесе, сізді де қалдыруға болады.

Бармаймын деуге Бауыржанның аузы бармады.

– Барамын, алыңыздар, – деді комиссарға. Ертеңінде үйіне мынадай қағаз келді:

– Әскери қызметті Бауыржан Термезде өтеді. Қызыл әскерде болды. Жауынгер қатарында тапсырма орындай жүріп, үздік қызыл әскер атағына ілінді. Полкымыздың командирі Дмитрий Коваленко деген кісі еді. Бір күні стрелбищеде болған жаттығуда сол кісінің көзіне түсті. Алғашқы әскери ұстазы Николай Редин деген кісі болды. Бұл жайында Бауыржан «Помком взвод Николай Редин» деген әңгімесінде жазған.

Партия мен үкімет әскерде көп қызмет істедің, демал деп, айына екі жүз сом пенсия тағайындап, ауылына қайтарды. Елге келгеннен кейін екі қолы алдына сыймады. Қызметке тұрайын десе, мамандығы жоқ. Қалай дәрігер, агроном бола алмағанында жоғарыда айттым. Мамандығы болмаған соң маған жұмыс бер деп ешкімге айта алмады. Қарап жүруге тағы да болмады. Сөйтіп, бір жыл өтті. Мен әскери борышымның мерзімін өтеп болдым. Осы кезде Коваленко маған взвод командирі болып әскерде қалсаң қайтеді деген ұсыныс айтты.

– Кәрі әкенің жалғыз баласы едім, – деді Бауыржан оған. – Қатардағы қызыл әскер ретінде парызымды өтедім ғой. Өмір бойы әскери адам болсам деп ойлаған кісі емеспін. Сондықтан мені елге қайтаруыңызды өтінемін. Бірақ Бауыржан сол кезде осы әскери салада аты аңызға айналары үш ұйықтаса түсіне кірмеді.

Коваленко қарсы болған жоқ. Қыс түсе Бауыржан әскерден босап, елге қайтты.

– Сонымен 1933 жылдың аяғында, қақаған қыста, шинелінің екі етегі делендеп, шлемінің екі құлағы салпандап, Бурныйға тоқтаған поездан дік етіп жерге түсті. Содан ауылдарды аралап жүріп үйге де келіп қалыпты.

Бауыржан үйінің қақпасы бекітулі екен біліп. Жүгіріп отырып, үй сыртындағы қар басқан терезеге барды. Бетін суық шыныға тақап тұрып әкесіне дыбыс берді.

– Бұл кім? - деп жалғыз ұлын сағынып, елегізіп отырған әкесі терезе алдына келді. Бауыржанның даусын естіп ала – құла болып далаға атып шықты. Шіркін, алыстан ауылды аңсап келгенде алдыңнан әкең шыққаны қандай ғанибет десеңізші. Содан ашаршылық жылдарында келген Бауыржан үйіне қараса төгіліп жатқан дүниеден еш нәрсе қалмапты, бәрі де сол азық – түлік алуға кетіпті. Ауылда жатуға дәті бармады, жұмыс іздеп Шымкентке барды. Сонда бұрынғы жұмысына қайтадан кірісіп кетті.

Содан Бауыржанды 1935 жылдың күзінде бір айға әскерге шақырды.

Сол бір айлық жиын Бауыржан Момышұлының барлық болашақ тағдырының тетігі болды. Егер Бауыржан сол бір айда көзге түспесе, онда Бауыржаннан басқа Бауыржан шыққан болар еді. Бір айдан кейін қайтып келді. Келген бетте аға консультант-экономист болып жоғарылатылды. Бар ықыласымен кірісіп жұмысын тағы да ілгері жүргізіп әкетті. Енді жаңадан алынған жас қызметкерлерге өзі ұстаздық ете бастады.

Сөйтіп жүргенде 1936 жылдың мартында Бауыржанды Казвоенкомат шақырды да, дереу Ташкентке жөнелтті. Келсе, баяғы Бахалов бір айлық жиында ерекше көзге түскен командир деп, жаңадан құрылып жатқан бөлімге взвод командирі етіп тағайындатыпты. Ол содан кейін ортаазиялық әскери округтың 315-ші атқыштар полкына командир болып тағайындалады. Бір жылдан кейін оның полкы ерекше Қызылтулы Қиыр Шығыс Армиясының бөліміне қосылады. Ал Бауыржан Момышұлын жарты ротаның командирі болады.

Ұлы Отан Соғысының басталмай тұрған кезінде Бауыржан Момышұлы 105-ші атқыштар дивизиясының қарамағындағы артиллериялық атқыштар бөлімшесінің командирі қызметінде болады. 1940 жылы Украинаның Житомир қаласындағы 202-ші арнаулы танкке қарсы шабулдайтын дивизионның командирі болып тағайындалады.

Әдебиет

1. Момышұлы Б. Айтылмаған ақиқат. 9-том. Алматы, «Өнер баспасы» 2010 жыл – 272 б.
2. Ұлт батыры: 21 желтоқсан-Бауыржан Момышұлының туған күні / Ш.
3. Әлдибекұлы // Дала мен қала.- 2005.- №51.- Б.6.
4. Аңызды халық тудырады, -деген еді сол бір әңгімесінде Бауыржан Момышұлы/ М. Әмірқұлұлы // Жамбыл-Тараз.- 2005.- 8 сәуір.- Б.3.
5. Рухыңа мәңгі табынамын: Бауыржан Момышұлы-95 жас / Ж. Әшіметұлы // Ақ жол.- 2005.- 16 желтоқсан.- Б.3.

УДК:811.512.122'271

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ-АНА ТІЛІНІҢ ЖАНАШЫРЫ

Сейтжанов Е.О.

*Алматы облысы, Талғар ауданы, №39 жалпы білім беретін орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Адамзат тарихында өзіндік орнын алып, кейінгі ұрпақтың жадында мәңгі қалар тұлғалар аз емес. Осынау ел ардағына айналған азаматтар халық аузында аңыздар айтылады, хикая дастандар туады, өлең жырлар жазылады. Олардың бірсыпырасы ел қамын ойлаған ерлер, Отан қорғаған батырлар, жауға қарсы жорық жасаған қаһарман қолбасшылар және т.б. болып келеді. Осындай аңызға айналған тұлғалардың бірі—даңқты қолбасшы, жауынгер жазушы, Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлы. Ол кісі ұлтын сүйген патриот болумен қатар қазақ халқының рухын жоғары көтерген қайраткер жазушы. Даңқты жауынгер жазушы 1910-жылы қазіргі Жамбыл

облысы, Жуалы ауданы, Көлбастау ауылында дүниеге келген. 1928 жылы Шымкенттегі жетіжылдық мектеп интернатты бітірген соң біраз уақыт мұғалім болып істейді. 1932 жылы әскер қатарына шақырылады. Міндетін өтеп, запастағы командир атағын алып ауылға оралғасын қаржы орындарында жұмыс істеген. 1935 жылдың қараша айында Ташкенттегі машықтандыру орталығына запастағы командир ретінде шақырылып, полковник П.Вахаловтың қарамағында бірнеше ай әскери дайындықтан өтеді. 1936 жылы полковник П.Вахаловтың шақыруымен қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде қызмет еткен, взвод, рота командирі болған. Бұл туралы жазушы өзінің "Олар менің есімде" әңгімесінде егжей-тегжейлі баяндайды. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басқаруымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316-атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанған. Соғыс жылдарында батальон, полк, дивизияны басқарды. Соғыс кезінде ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігімен, тапқырлығымен және жеке басының ерен ерлігімен ерекше көзге түсті. Соғыста көрсеткен ерліктері, батырлық атақ-даңқы ел ішінде аңызға айналды. Б.Момышұлының жауынгерлік ерлігі туралы белгілі орыс жазушысы А.Бек "Арпалыс" повестінде жан-жақты суреттеп жазды.

Б.Момышұлының әскери өмірбаянында Москва түбіндегі шайқас ерекше орын алады. Одан басқа да ерліктері аз емес. Тек 19-гвардиялық атқыштар полкінің батальон командирі ретінде Москва түбінде 27 сәтті ұрыс жүргізді. Волоколом бағытында Крюково қонысы үшін шайқаста 19-полкты басқарып, сол жерде ауыр жарақат алғанына қарамастан, күресті әрі қарай жалғастыра береді. Б.Момышұлының осындай көптеген ерен ерліктерін ескеріп, 8-гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі полковник И.И.Серебряков 1942 ж. тамызда оны Кеңес Одағының Батыры атағына ұсынады. Бірақ бұл наградтау қағазы жоғалып кетеді. 1944 ж. шілде айында Серебряков КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумына үндеу хатында: «Жолдас Момышұлына құрмет көрсетуді... өтінемін және мұны жеткізуді өзімнің парызым деп білемін... әділдік менен осыны талап етеді», - деп жазды. Бірақ Серебряковтың бұл ұсыныс хаты да аяқсыз қалады. Жерлесіміздің одан кейінгі ерліктері де ескерусіз қалады. Момышұлы полк командирі, кейін дивизия бастығы бола жүріп, Калинин майданында, Курляндиядағы неміс басқыншыларын талқандау операцияларына белсене қатысады. Соғыстан кейін Совет Армиясы Бас штабының Жоғарғы әскери академиясын бітіріп (1950ж.), сонда әскери педагогикалық қызметпен айналысты. Тактика төңірегінде оның идеяларының батыл да жаңашыл болғандығына қарамастан, 1956 жылы гвардия полковнигі Б.Момышұлы отставкаға жіберіледі. Баукең әдебиет майданында да әскери ерліктерінен еш кем емес қаһармандық іс тындырған қаламгер екені баршаға мәлім. Оның шығармаларының негізгі тақырыбы жауынгерлік мінез-құлықтың қалыптасуы, елдік пен ерлікті дәріптеу, жастарды Отан қорғауға дайын тұру рухында баулу, әскери-патриоттық тәлім-тәрбие болып табылады. Бауыржан Момышұлының басты шығармалары: "Офицер күнделігі", "Бір түннің оқиғасы" (1956), "Москва үшін шайқас" (1958), "Майдандағы кездесулер"(1962), т.б. Кеңес Одағының батыры И.В.Панфилов жайында "Біздің генерал" деген ғұмырнамалық хикаят жариялады. Ал "Ұшқан ұя" романы 1976 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Әрине Бауыржан атамыздың соғыста көрсеткен ерліктері, ол кісінің шығармалары жайлы көптеп айтылып та, жазылып та жүр. Біз өз баяндамамызда атамыздың ана тіліміздің қамқоршысы, жанашыры ретінде істеген кейбір еңбектері туралы айтып өтпекпіз.

Бұл салада оның көрнекті еңбектерінің бірі, ол кісінің 1944-жылы жазған "Қазақ тілі туралы пікір" (Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Әбдіхалықов жолдасқа жазған ашық хаты) атты мақаласы. Бұл мақаласында ол Соғыс кезінде біраз уақыт елде демалып, емделіп кетуге келген кезінде ана тіліміз тағдырындағы келеңсіздікті бірден сезінгенін және осы бір келеңсіз жайдың алдын алмаса, мәселенің қатты ушығып, халықтың өз тілінен айырылып қалу қаупі туып келе жатқанынан сескеніп, өзі әскери адам болса да, тіл тағдырына араша түсуге бел байлағандығы жөнінде айтады..

"Тіл маманы болмасам да, Алматыға келгелі Орталық "Социалистік Қазақстан" газетін оқып, кейінгі кезде басылған қазақ тіліндегі кітаптарды желе-жорта қарап шығып, күннен күнге ұлғайып, шымшытырық "шүршіттенуді" көзбен көре, құлақпен ести отырып, дәтім шыдамай жазайын деп отырғаным тіл мәселелері туралы"-дей келіп, тілдің ерте заманнан мәдениет, әдебиеті өсіп-өніп, келе жатқан арнаулы құралы екендігіне тоқталады. (Әрине, бұл жерде атамыздың "шүршіттену" деп отырғаны шұбарлану болса керек). (1-274) "Тілсізді-айуан дейді. Тілі кедей елді-мәдениетсіз, анайы, надан халық деп санайды"- дейді ашынған жазушы (1-275). Мұнан

кейін ол тілдің адам баласының негізгі қасиеті екендігін айтып өтіп, әр халық өнер білімге, мәдениет ғылымға тілдің көмегімен ғана жететіндігін айқын дәлелдеп көрсетіп, адамдағы негізгі байлық тіл деген тұжырымдама жасайды. Сонымен бірге ана тілінен ажыраған ел азғын ел атанып, кейін аты өшіп, ұрпақтары бұршақша бытырап, қардай еріп, құмға сіңген судай дерексіз жоғалып кететінін де айтып өткен.

"Таяқ еттен, сөз сүйектен өтеді", "Ат жүйрігі айырады, тіл жүйрігі қайырады", "Сөз жүйесін табады, мал иесін табады", "Қиыстырып қаласаң отын жанар, қисындырып айтсаң халық нанар", "Зекетсіздің малы арам, тілсіздің дауы арам" дегендейін-қазақ тілі өзінің таза түрінде, бірнеше ғасыр, біздің заманымызға дейін, өткірлігімен, бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан-жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіне тиімді, көңіл көтеріп, керегінде жанға тиіп ашындырып, өтін сыртқа шығарып, долдандырып, қысыл-таяң – қатал жағдайда қайрап, еген "сөз тапқанға қолқа жоқ дегендейін" ерге, елге медет болып, ер намысын, ел намысын, адамгершілік арын, текті сезім оятып-туғызып, адам түгіл жағдайдың көмейіне құм құйып, аузын аштырмай, үнін шығармай қоятын тіл болған емес пе еді. Қазақ тілі еш уақытта, өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге жегізбегендігі мыңдаған жыл тарихында айқындалған емес пе еді."-дейді (1-276). Мұнан соң сол кездегі өзінің байқаған тіл кемістіктерінің біразына тоқталып өткен. Біз де соның бірнешеуін келтіріп өтпекпіз. "Февральдің он бесі күні, кеселханаға түсе салысымен, көңілімді сұрағалы, көптен көріспеген бір таныс орыс әйелі Сахарова дейтін келіп отырып, қазақша жазылған бір парақ қағазыма көзі түсіп:

-Бауыржан почему вы пишете по казахски,-деп таңқала сұрақ қойды.

-Вы меня удивляете Нина Александровна, почему я не должен писать по казахски на родном языке, - дедім мен.

-Вед многие казахи не пишут и не разговаривают, потому, что не выразишь свои мысли-то что хочешь сказать не скажешь... . До того говорят Ваш язык бедный...-деп түйеден түскендей ұялмай-қызармай айтып отыр...

Не дерсің, сөзі өңменімнен өтіп кетті. Ол кісіге, әлімнің келгенінше, теріс ұғымын дұрыстап түсіндірдім" (1-276). Бұл үзіндідегі Сахарова сол кездегі бір халық комиссарының бірінші орынбасары екен. Оның Қазақстанда жасап жатқанына он жылдан асқан. "Жай орыстың шүйке бас, әйел-қыздары емес, көзқарасы, ұғымы қазақ тілі туралы осындайлығына ішімнен қапаланып "жарыған екенбіз"- ді қалай айтпассың, қалай ойламассың"- дейді Бауыржан атамыз (1-276). Әрине мақаладан мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Мысалы: "Ауырып жатқан бір халық комиссарының орынбасары Мәнсейітов деген кісіге: - Халіңіз қалай?-дегенімде.

-Дұрыс, самочувствием, общим состоянием не плохо,- деп жауап берді.

Бір артист:-Сіз пошему кешегі бешірге не прихаживали,- деді.

Бір жазушы:-Мен сізге званим еткен едім, но почему, то Вас не оказалось в кабинет, деді."(1-278). Мақала авторы тіліміздің осылай "шүршіттенуіне" байланысты біраз мысалдарды ашына көрсете отырып, жоғарыда көрсетілген кемшіліктердің көзін жойып, Қазақ тілінің беделін көтеріп, жоғары дәрежеге көтеру үшін атқарылуға тиісті жұмыстарды санамалап, анық көрсетіп берген.

Мұнда ол негізінен тіл тағдыры туралы екі мәселені ашық көтерген. Бірінші, шұбарланып, күн өткен сайын бұзылып, жеміріліп бара жатқан қазақ тіліне үкімет ара түспесе, тіл тағдыры су аяғы құрдымға кеткенін өзекті де өткір мәселе ретінде күн тәртібіне қоюды қатаң түрде талап еткен. Екіншіден, қазақ тілін бірінші рет мемлекеттік тіл деңгейіне көтеруді талап етті.

Б.Момышұлының бұл еңбегімен танысып шыққан соң, М.Әбдіхалықов арнайы кеңес шақырып, тиісті шаралар бекітуді қолға алған. Бірақ басы жақсы басталып, Орталық Комитеттен қолдау тапқан хаттың, онда көтерілген мәселенің жүзеге асуына бір суық қол араласып, тоқтатып тастайды.

"Егер Б.Момышұлы көтерген тіл туралы ресми мәселе сол кезде жүзеге асып кеткенде, бүгінгі күндегі қазақ тілінің есіктегі басы төрге шыға алмай отырған қасіретті тағдырына ұрынбаған болар едік"-дейді "Бауыржантану"ғылыми-зерттеу орталығының меңгерушісі, профессор М.Мырзахметов (2-19).

Әрине жоғарыда айтылғандардан Б.Момышұлы атамыз орыс тіліне немесе орыс тілінде сөйлеген адамға қарсы болған деген қорытынды шықпауы тиіс. Ол кісі өзі де шығармаларының басым көпшілігін орыс тілінде жазған. Өз кезеңінде орыс тілі туралы айтқан мынадай сөзі бар. *"Орыс тілін білуге ұмтылпайтын, оны рухани қажеттілік деп санамайтын адам біздің арамыздан табыла қояр ма екен? Мен кесіп айта алам-табылмайды! Бұл біздің үлкен жетістігіміз."-дейді ол (3-50). Сонымен бірге "Өз тілінің сұлулығын сезінбей өзге тілдің*

сұлулығын сезіну екіталай. Ана тілімізге мән бермеушілік, оны құрметтемеушілік-шынайы патриоттарды тәрбиелеу жұмысына үлкен зиян. Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту-бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту. Тіл тазалығы үшін күрес ешқашан толастамақ емес. Біздің көркем тіл қорымыз бай. Мәселе соны дұрыс пайдалана білуде. Қолына қалам ұстаған әр азамат ана тілінің бай қорын игерумен бірге басқа, әсіресе, көрші ұлт тілдерінің де асыл қазынасынан сусындауы, оны кәдеге жарата білуі абзал."– дейді атамыз (3-52,57). Бұл сөздері арқылы ол әрбір азамат өз ана тілін қадір тұтып, құрметтеуі тиіс екендігін, сонымен бірге ол өзге тілдердің байлығын да өз орнымен пайдалану қажеттігін ескертеді. Тағы бір пікірінде ол сөз өнерін әскермен байланыстырып өтеді. "Сөз – халқымыздың қымбат асыл байлығы. Мен оларды көзіме адамдар тәрізді, оның ішінде солдаттар сияқты елестетем. Олардың да жаны бар, қаны бар. Олар өмір сүреді. Жақсы жазушы үздік қолбасшымен бірдей. Сөздердің басын қосып, жұмылдыра біледі. Ал ынтымақпен бірігіп, жалын атқан сөздерден күшті нәрсе жоқ. Батыр да дара емес, елімен ер емес пе?" *"Қаһарман сөз қамал бұзады" деген мақал осыдан шыққан*" (3-61).

Міне осы жоғарыда айтылған пікірлерлерді оқи отырып, біз Бауыржан атамыздың тек жауынгер жазушы ғана емес ал, ана тілінің нағыз жанашыры болғанын да аңғарамыз. Себебі ондай сөздер өз ана тілін шексіз сүйетін нағыз патриот адамның ойынан туатындығы кімге болса айқын болса керек. Бірақ бір өкініштісі атамыздың жоғарыда айтып өткен *"шұршіттену"* мәселесі бүгінгі күндері де кездесіп қалатындығы. Мұндай келеңсіздіктерді арамыздан аластап, тіл тазалығын қалыптастыру біз бен сіз сияқты жас ұрпақтың басты міндеттерінің бірі деп ойлаймын.

Әдебиет

1. Б.Момышұлы. Екі томдық шығармапар жинағы. Алматы-2000
2. Жалын журналы. 2008, №5
3. Ана тілім-ардағым. Алматы-1990

БАТЫРДЫҢ ҰШҚАН ҰЯСЫ

Раймбекова Қ.К.

Жамбыл ауданы, Айшабibi орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақта «ұяда нені көрсе ұшқанда соны іледі» – деген сөз бар. Кеңес Одағының Батыры, көзі тірісінде Халық қаһарманы атанып (ресми атаға емес), аты аңызға айналған – Бауыржан Момышұлының екінші дүниежүзілік соғыста атағы жеті қақ көкті жарып, жерге жетті. Ерліктің символына айналды. Оның бәрі білімнен және қыран мінезден еді.

Біріншіден сол қыран мінез қанына тартқан. Қанымен берілген. Екіншіден қыранға тән көптеген қасиеттер жан-ұясындағы, елдегі тәрбиемен дарыды.

Бауыржанның атасы Имаш өте көреген, шешен кісі болса керек. Дүниенің есігін жаңа ашқан немересіне былай бата берген екен:

Алатаудың қыраны мол еді –

Қырағы болсын, құлыным.

Қойнауы суға мол еді –

Бұлағы болсын, құлыным.

Елінің тілегі зор еді –

Шырағы болсын, құлыным.

Ата тілегі оң еді –

Құмары болсын, құлыным.

Бұл жер батырлар төрі еді

Сыңары болсын, құлыным. [1,8]

Атаның асыл сөзі нысанаға тиген оқтай болып, дәлме-дәл келді емес пе? Бата дарыған Бауыржан, қырандай қырағы, бұлақтай мол, шырақтай жарық, бабаларындай батыр болып, мемлекеттің тарихында, елінің жүрегінде қалды.

Соңынан, балалықты еске алып, Баукеңнің жазғаны бар: «Қайран, балалық-ай десеңші! Алыста қалған арайлы, адал таңдарым менің. Онда мен кішкентай сәби едім.

... Қария кісілердің сақалынан қасиет-қадір белгісі көрініп тұрар еді маған. Ер мінез жігіттердің кесек тұлғаларынан, қақбаулары сылдыраған қыз-келіншектердің жүріс-тұрғысынан мен адамзаттың асқақ сұлулығын түйсіксіз байқағандай болармын. Солардың бәрі мені айналып, сүйю үшін жаратылған жандар сияқты сезілуші еді». [1,7]. Сонау сәби шағынан бауырының ыстығын, жанының жылуын немересінен аямай оны айналып, сүйіп өсірген әжесі Қызтумас болатын. Ол кісінің әр бір сөзі, қимылы, ісі, мінезі бәрі-бәрі болашақ жазушының жанында жатталып қалыпты.

Әжесінің әлди ән айтқан үні Баукеңнің құлағынан бойы кетпепті. «Ертексіз өскен бала рухани мүгедек адам», «Бесікте жатқанда құлағына ананың әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса деп қорқамын», – деді кезінде жазушы. Шынында да қазақи мінез, еліне деген ұлдық ыстық сезімі біріншіден ананың сүтімен, екіншіден әженің әлдиімен даритынын Бауыржанның өмірінен көреміз.

Әжем маған малдың «тілін» ұғудан бастап ел тануға шейін үйретуші еді. Дүние тарихы, жаратылыс шежіресі, жан-жануар болмысы жайлы алғашқы әңгімені әжемнен естігенімді, адамзат қауымының қалыптасуы туралы тұңғыш мағлұматты әжемнен алғанымды қалай ғана ұмытармын? – дейді Бауке.

Бірде бала Бауыржан үйге ұя салған қарлығашқа таяқ сілтегенін көріп әжесі «Бұл киелі құс екенін, адамның досы екенін білмеуші ме ең? – Балапанын емін-еркін ұшырып, бағытын тапқанша бұл құс менің үйімнің төріндегі ең қадірлі қонағым ғой... Қонағама қол көтергенің – мені де сыйламағаның емес пе, шұнағым», – деп ұялтып, қарлығаш туралы аңызды айтып беріпті. Содан Бауыржан қарлығашқа қамқор болғанын айтады. Осы сөзді оқығанда Жоңғар шапқандада қарлығаштың ұясын бұзбаймын деп киіз үйін жықпай шапқыншылардан қашпаған Төле би келеді еске. Бұл ерлігі үшін оны жаулары да сыйлап, әулие санап «Қарлығаш би» – деп атап кеткен жоқ па?

Міне, дәстүр осылай дана да дарқан, көреген кісілер арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасу керек...

Енді бір сөзінде «ненің жақсы, не жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді үйреткен: ар заңының, әдеттің жинағынан алғашқы тарауларды таныстырған да ең алдымен ата-ана, ағайын-туған еді» – дейді.

Бауыржанның әкесі «өз бетінше оқып-тоқыған адам». Араб әліппесінде, орыс әрпінде үйреніп, «есеп-қисапқа да» жақсы білген. «Өз жанынан өлең шығарып, жиын-тойда айтысқа да түсіп жүріпті». Әжесі «балаларымның ішіндегі еті тірісі осы болды» – дейтін көрінеді. Сондықтанда Момыш ат жалын тартып мінген халге жеткенде әкесі Имаш шаруа билігін соның қолына береді. Содан бастап ағайын-туғандардың арасындағы барлық қатынас, ас-той, дау-дамай – бәріде Момыштың араласуынсыз шешілмеген. Ел алдында оның қадірі үлкен болғаны соншалық тіпті ауылдың атын Момыш ауылы деп атап кеткен көрінеді. Білімділігі, көрегендігі шығар Момыш жиырма сегіз жасында ауылдың старшыны сайланады да, он жеті жыл старшын боп тұрады. Әділдігін көрген ел оны «тура Момыш» атап құрметтеген. Дүние, мал жинағанды жек көретін қолы ашық кісі болыпты. Бауыржанның бойынан әкесінен дарыған осы қасиеттердің бәрін байқауға болады.

Қазақтың салт-дәстүрін, үлкенді сыйлауды Момыштай білгір адам аз-кем болған шығар. Баукең әкесінен қол қусырып, иіліп нағашысын қарсы алғанын жазғаны бар. Ал, Момыштың қандай бауырмал болғаны апа-жездесін қарсы алып, қонақ қылғанынан көруге болады. «Әкемнің жүзінде күлкі ойнап, әрең шыдап тұрды да, әлден соң елбелектеп жүгіре жөнелді», – дей келе – «арқалап жүріп өсірген едің, келші өзім қолтықтап түсірейін», – деп апасын көтеріп алғанын айтады. Осындай сыйлау, осындай бауырмалдық болмаса, қазақ халқы осындай тұтас блып қазіргі күнге жетер ме еді.

Баукеңнің еңбекқорлығын түп төркіні де әкесінде жатса керек. Момыш он саусағынан өнер тамған ұста, етікші, зергер болған адам. Орыс достарымен бірігіп жер жыртып егінде салған. Өте алыста, бұлдыр сағым болып елестейтін кездерді еске алғанда Бауыржан: «Біздің үйдің іші қартайған Имаш бабамнан бастап, есін енді-енді біліп келе жатқан баласына дейін жеген нанын табан ақы, маңдай терімен тапқан. Ешкімді жалдамаған, ешкімге жалданбаған», – деп жазады. Міне, осы тәрбие болашақ жауынгерді қандай жан азабына салған жағдай болсада төзіп өз ақылымен, өз күшімен, өз еңбегімен тұйықтан жол тауып шығып, тағдырдың салған тәлкегін табандылықпен қыңқ етпей көтеруге үйреткен.

Әкесінің ел басқару үлгісі қиын-қыстау кезде ұлы үшін қол басқару үлгісі болды. Көп нәрсені дер кезінде атқармаса өкінішке әкелетінін әкесінен естіген. «Егінді салуда бір күн кешіксе өнім ала алмайсың» – дейтін. Осы сөз есіне түсіп қарбалас шақта шешім қабылдағанда бір сәт кешіксе жеңіске жете алмайтынын түсінді.

Адам әкесін мақтан тұта алатын болса еш уақытта жамандыққа бара алмайды, себебі біріншіден алдында әкесінің үлгісі тұрады да, екіншіден әкем не дер еді деген ой болады.

Бауыржан әскери болып сапарға жүрердегі әкесінің берген батасын қиын кезде қайта-қайта еске алып жүріпті. «Ер жігітке бәрі сын. Арынды болсын шабысын, алымды болсын табысын, найзадай болсын намысын. Қиындық көрсең мұқалма, ауырлық көрсең жұқарма» – деген сөздер қаншама рет ойына оралып ұлдың намысын қайрады. Ажал төніп талай рет жан алқымынан алған сәттерде де алдында әкесінің бейнесі тұрғаны сөзсіз.

«Мен жазғанда әкем қарап тұрғандай болады», – деп Бақытжан айтқандай, Бауыржанда «Әкем не дер еді?», – деп әр ісін әкесінің тұрғысынан қарауды үйренген.

Осы сәтте көз алдында «Қиындық көрсең мұқалма, ауырлық көрсең жұқарма», деп батыр ағасы тұрған шығар. Міне, ерліктің атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, «Ата көрген оқ жонар» деген осы да.

Бала Бауыржанның жүрегінде батылдықты ұялатқан, болашақ өмірінде көп көмек етер ой-түйсік қалдырған адамның бірі көкесі Момынкүл еді. Асауды құрықсыз көндіргенін жазғанда жазушының оның іс-қимылына сүйсініп отырғаны анық сезіледі. Осы жерде ағасының асқан ептілігін, шапшаңдығын және де ойланбастан қаптаған қолға жалғыз да шапқан ертедегі батырларға тән батылдығын атады. Көкесі көкпар, күрестерде алдын бермейтін адам болғанын баяндай келе Баукең оның ізеттілігін, үлкенді қалай сыйлағанын, апалары үйге келген оқиғасында көрсетеді. Кінәсіз айыптан ең ауыр қарғыстарды жаудырғанда да бір сөз айтпастан апасының ашуы басылып, істің анық-қанығына жеткенше сыртта жүріпті. Бұл көпшілікке үлгі болардай үлкен әдептілік, қазақтың қанына сіңген сабырлылық, үлкенге деген құрмет еді. Жас Бауыржан әкесі мен көкесінен көрген осындай өнегелі істерінен үлгі алып өскен. Той-думанға араласып сауық құрғанды ұнататын көкесі өзі де қыстың ұзақ кештерінде халық жырларын, қисаларды әндетіп оқып елді риза қылатын болған.

«Көкем жарықтық» өле-өлгенше ел ішінің ең қалаулы жыршысындай өтіп еді-ау. Қисалардың маржандай тізілген таза тілі, оралымды ойы, қиял жетпес теңеулері, ертіп отыратын екпіні, ұйытып тастайтын ұйқасы тыңдаушының жан сарайын жарқыратып жібергендей сезілетін. Мен осынау халық қазыналарын алғаш рет ақындардан, Көкем сияқты көзі ашық білімділерден сіңіргем. Солардан дәм татып, солардан сусындағам», – дейді Бауке. [1,43] Білімге құмар жас жүректің сусынын қандырған осы баға жетпес байлық өмір бойғы азығы болды емес пе?

Осылай халық қазынасынан қанып ішпесе елі көкке көтерген ақ иық жазушы болар ма еді, біз мақтан тұтып ол туралы ақиқат пен аңызды араластырып айтар ма едік?

Көкесінен көрген естігендері жаудың ортасында жүргенде талай ойға оралып, талай ерлікке жетелеген. Өздері қоршауда жүріп шабуылға шығу халқының батылдығын көріп, біліп өскен батырдың қолынан ғана келеді. Қаншама рет батальон өте ұтымды маневр жасап, адамдар мен техниканы сақтай отырып қоршаудан шықты. Егерде жас кезінде жыр қисалардан қазақ батырларының соғыс тәсілін естіп, ұғып өспесе командир Бауыржан осыны істей алар ма еді?

Бауке жазушы болып өткенді сараптағанда мінез-құлқының қалыптасуына, өмірге, әсіресе атбегілік өнеріне көзқарасының қалыптасуына ерекше әсер еткен адам – деп, Аққұл атасын еске алады.

Атбегілік өнерінің, бәйге, көкпардың асқан білгірі, жылқыға деген сүйіспеншілігі туа біткен ерекше тұлға болған ол кісі. Өзіне жарасар тәкәппарлығы бар Аққұл атасының тіпті атқа отырысы да ерекше болып көрінетін айналаға.

«Аққұл ерде маңғаз отыр екен. Маған ер-әбзелі ақ күміспен көмкерілген боз айғыр мен иесі ақсақалды Аққұл екуі осы сәтте бір тұтас құйылған сом мүсіндей сезілген еді», – дейді атасын елестетіп. Жылқының сұлулығы мен ақылына сүйсінбеген, разы болмаған халық жоқ шығар жер бетінде. Бірақ қазақтай жылқы жанын түсініп, аялай, сыйлай білген халық, кемде кем. Ондай иесін жылқыда барлық жан тәнімен ұға білген. Аққұл атасы тек өмірімен емес, ажалымен де дәлелдеп кеткен кісі.

Көкпар десе арқасы қозып, бір орында шыдап тұралмайтын Аққұл атасының көкпарда көрсеткен өнерін Бауке үлкен ризашылықпен суреттеген:

«Сол-ақ екен, қасқырға құйылған қырандай Аққұл ілгері ұмтыла берді... Біресе ерден ауып түсіп ат сауырын сағалайды, бірде көкпарды ат бауырынан әрі-бері ауыстырады».

Жазушы көкпар ойыны туралы жазғанда, Жантөре, Момынкұл, Аққұлдардың өнерлерін көрсеткен де көкпардың жігітке, болашақ ел қорғаушысына қаншама қажет екенін дәлелдейді. Көкпар ерден батылдықты, күш-қайратты, ептілікті, шапшандықты, айла-әдісті, ұшқыр ой, тапқырлықты талап етеді; шыдамдылыққа, қайсарлыққа, қайтпастыққа үйретеді; ерлікке жетелейді.

Ал көрермендерді шабыттандырады, шаттандырады. Осы жерде Баукеңнің көрегендігі тағыды байқалып тұр, себебі көкпар қазіргі олимпиадалық ойындардың көбінен асып түсер өнер, жарыс. Сондықтан ұлтымыздың намысын қайрап, жігерін көтеретін болашағы зор ойын.

Бауыржан, Аққұлдар осы өнерді біздерге жеткізуші дәнекерлер.

Кезінде өмірлері елі үшін күресте өткен бабаларымыз «ұрыста қолымнан қаруымды тастамай өлсем арманым болмас еді», – дейтін көрінеді. Жарықтық Аққұл да көкпарда өлсем арманым болмас деген шығар. Сол күні көкпарда қарт Аққұл Көкшолақ екеуі топты жарып шығып, кейінгі жастарға ерекше өнер көрсетеді де, бірден мәңгілікке аттанады. Бұл аққудың соңғы айтқан әніндей еді.

Өмірлерінің соңғы сәттерінде Көкшолақ иесін, Аққұл тұлпарын көздерімен іздеген. Ақсақалдың соңғы тілегінде «Мені Көкшолақтың терісіне орап қойындар», – деген. Ондай адамды қазақ жылқы жанды дейді.

Ат тек ата көлік емес, Бауыржанның өмірін сеніп тапсырардай көп жылдық серігі болы. Сонда Аққұл атасының айтқан нақыл сөздері қандай кәдеге асты десеңізші. «Ат жарықтық қыз сияқты мәпелеуді күтетін мал ғой. Шын шабандоздың сырын аты әу дегеннен ұғады. Жақсы шабандоз атқа ауыр жүк емес, қайта қанатындай демеуші болар». Бұл аталық ақыл аттың «тілін» түсініп, қасиетті жануарға дос болуға көмектеседі. Тек өзін ұққан адамды ғана жылқы қимылынан, дем алғанынан ұғып жанын аямастан қандай қиын жағдайында алып шығады.

Аттың шабысына шаттанып, қимылына қызыға қарап тұрып Аққұл атасының «Шіркін, он кісінің ортасына түссеңде, оңайлықпен беріспей, күшіне айланы астар етіп сытылып шыққанға не жетсін. Қалың топ қаңтарылғандай қарап қалар еді, сен болсаң жарып өтіп, көмбеге қарай көсіле берер ең», – дегені бар.

Иә, талай рет қоршаған қалың қолды жарып өткен батыр, соғыстан кейінгі өмірінде ерлікке айналдыра білді. Талай қиындықты, түсінбеушілікті, қызғанышты, өзгеде қоршаған кесепаттарды жарып өтіп адамдықтың шырқау биігіне көсіле жетіп, мәңгі даңқа ие болған жоқ па. Көкпар өнеріне қанып өтпесе, ақылы асқан Аққұл атасы болмаса қайран Баукең осылай істей алар ма еді?

Өзін баладан атаға, адамнан данаға шейін өсірген ата-әже, ата-ана, тама-туыс, ел тәрбиесі, – деп түсінген Баукең елді біріктіретін, жастарды қасиетті ата жолына бағыттайтын салт-дәстүрлерді, көкпе үлгі болардай үлкендердің арасындағы қарым-қатынастар туралы көп жазып, айтып кетті.

Билікке таласып отырғанның өзінде билер бір-бірін қалай сыйлай білгенін, бір ауыз сөзге қалай тоқтай білгенін қазіргі «билерге» үлгі етпеді ме?

Немесе жанұясының тарықан, ашыққан кезін жазғанда бірі тары, бірі сауын сиырын беріп көмектесіп, бала-шағаны аман алып қалған елдің қамқорлығын барлығымызға үлгі етпеді ме?

Құда түсу, күйеу бала ұрын келу, қыздың елін аралау, қыз ұзату, той-думан сияқты салттарда да жастарға өнеге болар көп жайлар жатыр. Олар: ата-дәстүрін қастерлеу, тума-туысты қадірлеу, қыз барған жерінде сыйлы болу үшін, елді ұятқа қалдырмау үшін бірлесіп жүгін жиып, киіндіріп, көмектесу, яғни «бір жеңнен қол шығару». Сонымен қатар той өнерлерінің өнерін шындай түсетін, талаптының талпынысын күшейтетін, қиялдыға шабыт беретін мереке-думан.

«Ұрпақ өзге жағымсыз қылықтарға еліктемесін десек осы мереке-тойларымыздан айырылып қалмауымыз керек», – дейді дана Баукең.

Себебі, ұл ұлтын сүйіп мақтан тұту үшін, ол ұлтының тарихын, салт-дәстүрін, ұлттық өнер-мәдениетін, өнегелі тұлғаларын жақсы білу керек.

Адам мақтан тұтатын Отанын, шын сүйетін жарын, ардақтайтын ата-анасын ғана қорғайды. Бабасын, атасын, әкесін тану арқылы ғана өзін танып сыйлай алады.

«Өз қадірін білмеген, ел қадірін білмейді», – деген кезінде Баукең. Өзін сыйлап, өзін түсіне алған кісі ғана өмірдегі өз жолын да табады, өзгегеде жол көрсете алады.

Павел Степанович Белан «Бауыржанды ұлы қолбасшы деуге болмайды, себебі ол үлкен қолды басқарған жоқ», – дейді. [2,28] Қолбасшы сөзінің анықтамасына келгенде дұрыс та шығар, бірақ өмір шындығын анықтар болсақ, ол нағыз ұлы қолбасшы. Себебі ол қалай жүзді, мыңды басқарса, солай түменді де басқарар еді.

Баукеңнің ұлылығы оның өзі үшін соғысқанында емес, сонау Кенесары, Садықтар сияқты болашақ қазақтардың намысы үшін соғысқанында. Тек біздер емес бізден кейінгі ұрпақтар да «осындай Бабамыз болған» – деп мақтанып жүруіміз үшін, басымызды түсіріп емес, көкірегімізді көтеріп жүруіміз үшін жанын шүберекке түйіп қан кешкен.

Ондай ерлікті ұрпағы еш уақытта ұмытпайтынына бүгін көз жетеді.

Баукеңде «Ерлікте естен шығару – халық қайғысы» – деген жоқ па? Кейде өзі қиын заманда батырларға кесене тұрғызып, ат шаптырып ас беру не керек дегенді естисің. Жас ұрпақ өз ұлтымен, батырларымен мақтана алатын болу керек. Сонда ғана қасындағыны қадірлейді.

«Өсер елдің баласы бірін бірі батыр» – дейді, дегендей сол бір-бірін қадірлеген ұл-қыздар жиналғанда ғана ел болмай ма?

Батыр Бауыржанды дүниеге әкелген даламыз, Дана Баукеңді тәрбиелеген еліміз әлі де талай ерлігіне әлем сүйсінетін; өнер біліміне барша халық тамсанатын ұл-қыз туатынына сенемін.

Әдебиет

1. Ұшқан ұя 2003 ж. Алматы
2. Бағдар № 1., 2004 ж., 28-бет

М.МАҒАУИННИҢ «ЖАРМАҚ» РОМАНЫНДАҒЫ МИКРОКОНЦЕПТІЛЕР

Найзабаева А.Ә.

п.ғ., магистрі

*Жамбыл ауданы, Антон Макаренко атындағы орта мектеп,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Тілдік тұлғаны зерттеуге қатысты жұмыстардың мақсаты оның мағыналық және тілдік доминанттарын табу болса, «Жармақ» романындағы негізгі концептілерінің бірі ретінде «Жан», «Күлкі» концептісін атауға болады.

Алғашқы рухани жан мағынасы төмендегідей бірнеше шеткері қабаттардан тұрады:

1. Жан – «тірі» мән ретінде өзіндік антроморфтық қасиеттер мен физиологияға ие. Дүниелік білім аясында жанның өз бетімен өмір сүре алатын материалдық субстанция сияқты және адам сияқты қызмет атқара алатындығы туралы түсінік бар. М.Мағауиннің өзіндік дүниетанымында жан алғашында жалқы болып келетін, уақыттың ыңғайына қарай екіге бөліне алатын, екі тәнге ажырап жеке дара тіршілік кешетін, алайда тіршілікпен өөштасар сіт туғанда екі тән қайта бірігіп, бір жанға айналатын субстанция болып бағаланады: *«Жарық дүниеге жалқы болып келді, сол жалқы, жалғыз қалпында оралуға тиіс. Ең соңғы мезет, тәсілім сәтінде қайта табысамыз. Алланың әуелгі есебінде, мейлі Мұрат де, мейлі Марат де, қалай атасаң да, екеу емес, бір-ақ кісі бар. Жаман болар, жақсы болар, жер бетінде ғайыптан шыққан, есептен тыс адам жоқ. Туғанда жалқы едік, өлгенде де жалғыз болып шығамыз»;*

Когнитивтік әмбебап принциптерге сай адам тілі мен оның категориялану негізінде адам көрген, сезінген тәжірибесі жататындығын ескерсек, жан адамның өзіне ұқсастырылып сипатталады, яғни антроморфтық қасиеттерге ие. Бірақ бұл жерде бастысы сыртқы ұқсастық емес, құрылым, іс-әрекет ұқсастығы негізге алынады да, мынадай ұғымдар объективтенеді:

а) автор поэзиясында «жан» өлетін, өлгеннен өзінің тіршілікте жоғалған жарымымен қайта бірігетін құрылғы ретінде көрініс табады: *«Аспанның екінші қатына шыққанда, сол жағымнан қоңыр көлеңке көрінді. Құр сүлдеде... өлген кісінің тірі Жанында көлеңке бола ма?»;*

ә) аялық білімге тән «Жан» концептісінің эмоция мен қабылдау аясына қатысы қарастырылу көрінісі М.Мағауинде де бар. Онда да жан әртүрлі эмоциялық күй кешеді: **жан қиналады:** *«Азғана уақыт сүйгенімді тауып, қуаныш-мерейге толған жүрегімді қайтадан қан жуды»;* **жан сезінеді:** *«Жан сезімі ортайған, тән сезімі ғана кенересінде тұр»;* жан түршігеді: *«Сенің, бар*

ғұмырыңды құрбанға байлап, шелектеп тер төккен, тынымсыз азап шегіп, жан түршігерлік үрей, үздіксіз қатер астында жүзеге асырған жұмысың – зобалаң заманның қай күні жалаға ұшырап, өзіңмен бірге кетпек»; **жан күйінеді:** «Күйдірме жанымды»; **жан жараланады:** «Онсыз да жаным жаралы, тынышымды кетірме».

2. **Діни және философиялық** мәтіндерде «Жан – Құдай берген рухани субстанция» ретінде көрініс табады.

Кағбул Ахбардан келген риуаятта Алла Тағала аршының астында тал жаратқан, сол талда қанша жаратылыс болса сонша жапырағы бар. Егерде бір кісінің ажалына 40 күн қалса, сол кісінің аты жазылған жапырақ сол талдан үзіліп түсіп Әзірейілдің (ғ.с.) алдына түседі. Сол уақыттан бастап аспандағы періштелер ол адамды жер бетінде 40 күн тірі болса да «марқұм» дей бастайды. Сол жапырақта қай жерде, қандай себептен қайтыс болатындығы жазылып тұрады. Егерде жазулары нұрдан жазылған болса, ол адамның жәннатқа баратындығы белгілі болады, қара түспен жазылған болса, тозаққа баратындығына белгі болады Алла бізді одан сақтасын. Өлім періштесінің денесінде қанша жаратылыс болса сонша көздері бар, егерде бір адам қайтыс болса денесіндегі бір көз жабылады екен. Алла Тағала бүкіл жаратылысты жойғанда өлім періштесінің бойында сегіз ғана көз қалады. Олар Исафил (ғ.с.), Жәбірейіл (ғ.с.), Әзірейіл (ғ.с.), Микәйіл (ғ.с.) және төртеуі аршыны көтеріп тұратын періштелердікі. Адамның ажалы таяғанда өлім періштесі Алла Тағаладан «Иә, Рабби, мен қашан және қалай адамның жанын аламын» дейді, Алла Тағала «ол ғайыптан, уақыты келгенде саған білдіремін» дейді. Адамның уақыты келгенде адамның дем алуына уәкіл қылынған періште келіп «пәленшенің ауадағы нәсібі бітті» дейді. Содан кейін ырзығына уәкіл қылынған періште келіп «пәленшенің алар ризығы» бітті», дейді. Амалына жауап беретін періште келіп «пәленшенің амалы бітті» дейді. Сол кезде өлім періштесінің алдына аршы астындағы талдан жапырақ түседі. Сол жапырақ түскенде өлім періштесі адамның жанын алады.

Тағы бірде өлім періштесі адамның жанын алуға келгенде, адамның жаны «мен саған бойұсынбаймын, Алла Тағала әмір етпейінше» — дейді екен. Сонда өлім періштесі «маған жаныңды алуға әмір келгендіктен келіп тұрмын» — дейді. Бұған адамның жаны «Маған дәлел керек. Мені Алла Тағала жаратып адам баласының денесіне кіргізгенде жоқ едің енді мені қалай шығарасың», – дегенде, өлім періштесінің амалы таусылып, Алла Тағала тарапына қайтып «Иә Рабби! Құлың маған бойұсынбайды және де маған уәж айтып дәлел сұрайды» дегенде, Алла Тағала «ол рухтікі дұрыс, сен жәннатқа барып, жәннаттың алмасынан алып оны рухқа көрсет. Ол алмада «Бисмилләһир рохмәһир рохим» деп жазылып тұрады. Сол алманы алып рухқа көрсетсең, ол өзі еркімен шығады» дейді.

Бұдан шығатын қорытынды: адамның тәнімен уақытша өмір сүріп, Алла Тағала әмір еткен күні кеудеден шығып кетеді. Тәнде уақытша тұрақтағанымен, жан – мәңгі дербес өмір сүре беретін субстанция. Оның уақытша тұрағы – бұл дүние, мәңгілік мекені – о дүние.

М.Мағауин шығармашылығындағы «Жан» концептісі осы «мәңгілік» категориясымен тығыз байланысты. Тілдік қолданыста ментальдық жан концептісінің семантикалық құрылымының маңызды әмбебап бірлігі ретінде өлім семасы танылады. Берілген контекстің «сипаты мен жан лексемасының лексикалық көрінісінің интенционалдық бояуы өлім – адамның жер бетіндегі ғұмырының аяқталуы, яғни дененің өмір сүруінің тоқтатылуы ғана емес, сонымен қатар адамның мәңгілік мекеніне аттануы, яғни «жанның мәңгіліктігі» туралы ойды білдіреді: «Қолмен ұстап, көзбен көрер уақытша тұрақ – баянсыз Тән емес, кеудеден шыққан Жан ғана екем. Шын өлгенімді, опасыз Тәннен ажыраған мәңгілік Жан екенімді аңдаған соң, байсалды сабыр таптым».

3. **Жанның мекені, орны.** Романда жанның мекені ретінде жүрек, кеуде, денеалынады. Жанның жүрек бейнесінде берілуі, яғни автор танымында жан–жүрек, жан–кеуде, жан–дене когнитивтік модельдері мына тармақтар арқылы объективтенеді: «**Жан-жүрегім, ой-санам да қақ жарылып, амалсыз тәрік болғандай**», «Қолмен ұстап, көзбен көрер уақытша тұрақ – баянсыз Тән емес, кеудеден шыққан Жан ғана екем», «Ғазиз жаным тастап шыққан бейбақ денем қыл тұзақтан алынды».

4. **Жан сипаты.** М.Мағауиннің тілдік дискурсында жанның шектеулі екені және кеудеден шығып кететіндігі айтылады: «Мәңгі жасайтын кісі де жоқ. Адам өмірі шектеулі»; «Қазірдің өзінде қалтырап әрең отырған, кеудесінде шығасы жаны ғана қалған сорлы халқың ең соңғы тиянақ, ең соңғы үмітінен айрылса не болмақ?»

5. Жан мен тән арақатынасы. Ерте кезден жан ағзадағы орны белгісіз ішкі ағза ретінде түсіндірілді. Осыған сәйкес тән мен жан қарым-қатынасы өте күрделі болып есептеледі. Біріншіден, материалдық және материалдық еместігіне байланысты жан денеге қарама-қарсы қойылады, екіншіден, жан дененің ішіндегі ағзаларының бірі ретінде қабылданады. М.Мағауин жан мен тән арақатынасын ғылыми тұрғыдан саралайды: *«Мына менің де, арам деп айтсам обал тәрізді, адал, пәк деуге тағы батылым бармайды, қайткенде де мәнсіз, мағнасыз, зая ғұмырым таусылған екен. Ғазиз жаным тастап шыққан бейбақ денем қыл тұзақтан алынды», «Сол бір азапты түн, сын сағатта, ерікті ме, еріксіз бе, өтпелі тәніміз біржолға бөлінгенімен, ғазиз жан уақытша ғана айрылған.», «Міне, қазір бөлінем... Бөліне алмадым. Екі жармақ емес, бір бүтін екем. Тұтас. Бір Жан...».*

Жанның мәні мен оны денеден бөліп қарастыру индивидуалдық танымда бірнеше сипатта келеді:

1. жан мен дене екеуі екі түрлі күй кешетін бөліктер;
2. жан мен дене біртұтастықтың екі бөлшегі.

6. Жан лексемасының «адам» ұғымын алмастыруы. Автортанымында осы адам ұғымын алмастыратын жан лексемасы әртүрлі окказионалдық тіркестер құру арқылы адам болмысын, оның сапалық қасиеттерінің толық ашылуына жол береді. Адамдардың дағдылары мен қызығушылықтары олардың рухани қасиеттерін сипаттау арқылы көрініс табады. Бұндай жағдайда жан адамның табиғи қасиеттерінің өлшемі ретінде бейнеленеді: *«Шындығында, бөлінбей-ақ жарты шыққан, жарым-жарты болып жүрген қаншама жан бар; Бірақ қандай надан, аяр әрі жиіркенішті жандар!..»*

Әр тілдің сөз байлығы мен көркемдік қуаты сол тілдегі көріктеу амалдары және сөздік қордың деңгейімен өлшеу жеткіліксіз. Сонымен қатар, ол ұлттық тіл тұлғасының танымдық-концептуалдық деңгейімен де өлшенеді. Ол үшін сол ұлттың концептуалды әлемі және содан өрістейтін концептуалды кеңістікке тұтастай барлау жасалуы керек. Зерттеу барысында М.Мағауиннің «Жармақ» романында көрініс тапқан «күлкі» концептісінің бірнеше көрінісі анықталды. Көлемі шағын романның бойында күлкі лексемасы 43 рет қолданылып, әр контексте әр қырынан ашылады. Назар аударсақ:

1. Күлкі – «адалдық» семантикасының контекстік синонимі ретінде қолданылады. Автор адамның көңілін қалтқысыз түсінетін ниеті түзу, көңілі адал, сенімді адамның шынайы әрекетін «жадырай күлу» деп бағалаған. «Күлу» етістігінің ішкі формасының мағыналық жылжуы нәтижесінде семалық өріс кеңейе түскен.

«Жадырай күлу» тіркесінің семасы – боямасыз ақ көңілмен, жасанды қылық көрсетпей, адал қарым-қатынас жасауды білдіреді. Мәнмәтін қоршауындағы «жадырай күлді» деген актуализатор сөз бұл идеяны белсенді етіп тұр: *Бас редактор маған шұбалана қарап, азғана бөгелді де, жадырай күлді.*

2. Күлкі - көңіл-күй, ішкі сезім семантикасының баламасы болып, метафоралық, метанимиялық қатар түзеді. Оны мына үзіктерден анық байқауға болады:

1) *Міне, осындай, кісі күлерлік жағдай.*

2) *Ақыры, ұйқы, күлкісіз, үш күн, үш түн қатарынан ойландым.*

3) *Саған таң, тағы біреулерге күлкі болса да, анығы сол.*

Осыүзінділердегі күлкі лексемасы *кісі күлерлік* контекстінде *болымсыз, түкке тұрмайтын, қисынсыз* мәнін білдірсе, *ұйқысыз, күлкісіз* ойлану контекстінде қайғыру, жабығу, торығу мәніндегі адамның көңіл күйін, оның болмысын көрсететін ішкі әлемі мәнінде тұр. Ал күлкі болу контекстіндегі мағынасы – келеке, мазақ болу. Сонда күлкі болу – ыңайсыздыққа ұшырау мәнін білдіреді.

3. Күлкі – сезім ширығуының мәні, ашу-ызаның көрінісі. Ол мына мысалдармен сабақтасады: 1) *Ащы жымыды.*

2) *Марат менің манадан бергі шарт-талабымның мән-мағынасын енді ғана аңдағандай, кеудесін кере отырды, көзінде қатаң от ұшықыны, езуінде жымысқы, ащы күлкі табы бар еді.*

3) *Ішім отқа оранып отырса да, еріксіз күлдім.*

4) *Дәлел айғағыңыз бұлтартпастан орынды, – дедім мен, ызалансам да еріксіз күліп.*

5) *Басым айналғандай, тағы азғана кідірдім. Содан соң өзіме өзім күлдім.*

6) *Онда... – деді бастық азғана аңырап барып, зорлана жымып, – тыныш отырсаңыз.*

4. **Күлкі – жақсылыққа қолдау көрсету. Мысалы:** Жаңа танығандай, төрдегі той иесіне көз салды, маған қайыра қарады да, **ризашылықпен жымып**, жаппай жамырамаса да, үлкен құрметпен орындықтарынан тұрып, коньяк, виски, таза арақ, ақшыл, қызыл түсті шарап құйылған рүмке, фужерларын көтерісіп, менің апельсин шырыны толтырылған сары бокалыммен соғысты, "Сіз үшін және Марат Бейсенович үшін!" – дескен.

5. **Күлкі - жасандылықтың бейнесін білдіреді:** 1) Ал үлкені... қозықарын дембелше менің ызымнан қағып, **жымып күлген**.
2) Содан соң **зорлана жымыды**.
3) Жазылып, керіле созылып, **еріксіз жымыдым**.
4) Был да сплыл!.. " – дедім **зорлана күліп**.
5) Қаражұманов бейкүнә кейіпте, қан-сөлсіз арық, ақсұр беті тыржиып, **зорлана күлді**.
6) Қаражұманов **жылмия күліп**, әлі сөйлеп тұр.
7) Не үшін келгендерін ұмыта жаздап, арқадан қағып, **өтірік күліп** азғана тұрған соң, басыма тақия кигізіп, қолыма адресін ұстатып, қосарласа тұтығып, әжептәуір мадақ сөз айтып еді.

6. **Күлкі – оңалған шаруаның, көңіл-күйдің дұрыстығының символы.**
Мысалы: 1) Енді аппақ бетін бері бұрып, күйеуінің әлдебір сөз, кеңесіне **мейірлене жымып**, еңсесін жазғанда қапысыз таныдым.

2) Кенет... төрдің төбесінде, биігірек құрылған ұзыншақ дастарқан үстінде, қақ ортада **күлімсірей еңселеніп** отырған... екі жағында үш-төрт кісіден, әйел, еркек, олар да бай мен бәйбіше – нағыз марғасқалар екені аңдалады.

7. **Күлкі – әлеуметтік-психологиялық образды сомдау құралы.**
Әсіресе ол Марат образын ашуға арналған құрылымдардан анық көрінеді: Мысалы: 1) Марат маған қабағын көтеріп, әуелде таңырқай, содан соң **мысқылдай, күлеқарады**. 2) Жарайды, жарайды, тәптіштемей-ақ қой, – деді Марат **жымия күліп**.

8. **Күлкі – сезімге бой алдырмаған сабырлы адамның бейнесі.**
Мысалы: 1) Ескінің несін аяйын, онсыз да оңып тұрған жоқ дегендей, **жеңіл жымып күлген**. 2) Онсыз да барып болдық, – деді Бас редактор **салқын жымып**. – Құрдымға кеткеніміз қашан.

9. **Күлкі тыныштық ұғымымен ассоцияланады.** Мәтіндегі Жүрегім зырқ етіп, табаныма түссе де, **зорлана күлдім** деген жолдардан тыныштығы қашқан, берекесі кеткен адамды аңғарамыз.

10. **Күлкі – сыпайылықтың белгісі:** 1) Балжан **жымыған қалпы**, көзінің қиығымен маған қарайды.

2) **Сыпайы күліп алып**, дастарқандас басқа жігіттерге. – Біз жалғыз әйелді әрең игеріп жүргенде, ол кісіде – бәйбіше, тоқал. Және басқа жұрт сияқты астыртын емес, көпе-көрнеу.

3) Балжанның бойынан байсалды, қазақы сұлулық танылса, **онымен жымия күліп**, шүйіркелесіп сөйлесіп кеткен уыздай келіншек – бүгінгі заманның аруы еді.

11. **Күлкі – ұят көрсеткіші:** 1) Балжан **күліп**, ашыла бере, қымсынып, қайтадан көрпесіне тығылады.

2) Өзіме емес, енді қызара, **сықылықтай** күлсе де, мені мазактап, әлде ынтықтырып, жартылай ашылған Балжанға.

12. **Күлкі – шарасыздық белгісі:** 1) Несіне айтып тұрмын, – деді содан соң **ыңғайсыздана жымып**. 2) Мен еркісіз күлдім.

13. **Күлкі – мақтаныш. Бәкең ұлықтана жымып**, ризашылық білдірді де, көзілдірігін киіп, баптанып тұрып үлкен әкімнің құттықтау хатын оқуға кірісті деген мысалдан кейіпкердің бос мақтану сезіміне бой алдырғанын көреміз.

14. **Күлкінің біреудің қабағын бағу, әліптің артын бағу** деген семалық мәнін де Мағауиннің тілдік тұлғасынан байқаймыз. Мысалы:

1) Өзіңіз білесіз, ақсақал, – деді қамқоршым **еріксіз жымып**.

2) Ал енді осылай тұра береміз бе, – деді сұраусыз кейіппен, таныс-бейтаныс мейман **маған жымия қарап**. – Кіруге болатын шығар?

3) Қоздырған – мен емес, өзіңіз, – деді Қаражұманов тағы да **жымып**. Күлкінің ситуацияға қарай құбылып отыруы осы сынды бірқатар мысалдардан көрінеді.

15. **Күлкі – парықсыздық.** 1) Ғылымнан басқа ештеңеден хабары жоқ шын данышпан сіз ғана! – **Лекіте** күліп алды.

2) **Марат мекірене** күлді, – менің екі қатынымнан басқа бар қажетіңді орнына келтіреді.

3) Сол бетімен біржолға кетпей, шаруашылық, бизнес саласына көшкені қандай жақсы болған, – деді тісінің арасынан **ысылдай** күліп.

4) **Байға тай** мінсе де жарасады, – дедім, **ыржыып күлген** кейіпте.

Мәтіндегі ой парықсыз бос күлкінің босқа уақыт шығындаудан басқа еш пайдасы жоқ екенін еске салуға құрылған. Күлкіге мас болу – пайдалы әрекеттен қалу, шаруа жайын ойламау, ақыл мен ұяттан бірте-бірте ажырау деген прагматикалық ой түзеді.

Сонымен күлкі концептісінің өрісі былайша жіктеледі:

1. Күлкі – «адалдық»;
2. Күлкі - көңіл-күй, ішкі сезім семантикасының баламасы;
3. Күлкі – сезім ширығуының мәні, ашу-ызаның көрінісі;
4. Күлкі – жақсылыққа қолдау көрсету;
5. Күлкі - жасандылықтың бейнесін білдіреді;
6. Күлкі – оңалған шаруаның, көңіл-күйдің дұрыстығының символы;
7. Күлкі – әлеуметтік-психологиялық образды сомдау құралы;
8. Күлкі – сезімге бой алдырмаған сабырлы адамның бейнесі;
9. Күлкі – сыпайылықтың белгісі;
10. Күлкі – тыныштық ұғымымен ассоцияланады;
11. Күлкі – ұят көрсеткіші;
12. Күлкі – шарасыздық белгісі;
13. Күлкі – мақтаныш;
14. Күлкі – біреудің қабағын бағу, әліптің артын бағу;
15. Күлкі – парықсыздық.

Қорыта келгенде, ақын-жазушы өмір сүрген дәуір мен шығарма мазмұны түгелдей әрбір сөзге ерекше мазмұн-мақсат беруді талап етеді.

Қаламгерлер заман тынысын шығарма идеясы мен ондағы сөздер тылсымы арқылы танытуды көздей отырып, түрлі тәсілдер көмегіне жүгінеді. Ол үшін бірде өзгеше сөз формалары қажет болса, бірде семантикасы тың мсөз көмегі керек болады. Кейде халыққа әбден түсінікті сөздерге ереше экспрессия немесе үстеме мән қосылып барып жұмсалады. Оның бір дәлеліне осы күлкі концептісінің қолданысы арқылы көз жеткіземіз.

Әдебиет

1. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 353 б.
2. Әбікенова Г.Т. Когнитивті лингвистика. Оқу құралы ф.ғ.к., - Семей: 2008. - 118 бет.
3. Қасқабасов С. «М.Мағауиннің «Жармақ» романы» «Қазақ әдебиеті», 2010.15-21 қаңтар
4. Әбікенұлы С. Мұхтар-Иманның мұңы немесе «Жармақ» // «Заң» газеті. 2010. 5-ақпан
5. Елемесова Ш.М. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы бойынша) – Алматы, 2003. – 127б.
6. Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі: филол. ғыл. докт. ...автореф. – Алматы, 2009. 48.
7. Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. – Алматы: Ан Арыс, 2007. – 312 б.
8. Маслова В.А. Языковая картина мира и культура / В.А.Маслова // Когнитивная лингвистика конца XX века. Материалы международной научной конференции (в трех частях).- 4.1. - Минск, 1997.
9. Тілеубердиев Б.М. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. – Алматы: Арыс, 2007. – 280 б.
10. Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті: филол.ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2004. – 229 б.
11. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері. Тілтаным 2001. №4.

12. Жиренов С.А. XV-XIX ғ.ғ. ақын -жыраулар поэзиясындағы "Өмір-Өлім" концептісінің танымдық табиғаты [Мәтін] : филол. ғыл. канд. ғылыми дис. ... автореф. : 10.02.02 / С. М. Жиренов. - Алматы, 2007.- 30 б.

ШЫНДЫҚТАН ТУҒАН ШЫНШЫЛ ШЫҒАРМАЛАР ТУРАЛЫ СӨЗ

Бақытова Ақмаржан Сексенқызы

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, №18 мектептің мұғалімі

Қазақтың маңдайына біткен асыл ұл,айбынды батыр,шындықты шынайы суреттеген Бауыржан Момышұлының қаламынан туған әңгімелерді оқи отырып,кең сахараны мекен еткен қазақ халқының өмірін,даланың жазылмаған заңымен өмір сүрген кешегі ата-бабамыздың биік рухын, Ұлы Отан соғысы майданының шындығын,оқ пен оттың астында бірге болған қарулас достары мен көрген жайсаң адамдарын,соғыстан соңғы елдің тұрмысын,әйел-қыздардың қилы тағдырын көреміз.

Жазушының «Музей апа», «Байғұс полковник», «Янина», «Айтыс», «Нар» т.б әңгімелерінде әйел тағдыры,ана махаббаты,ананы қадірлеу мәселелері сөз етіледі.

Көптің көңіліне терең ой салған әңгімелерінің бірі- «Нар».Қаламгер «Нар»атты әңгімесінде алдымен шежіреден сыр шертеді. «Осы уақытқа дейін қазақтар ата-тегін,руларын сұрасады.Жеті атасын білмейтін азаматтар да арамызда аз емес.Мен Дулаттың он бесінші ұрпағымын.» [1.109-бет] деп автор өз шежіресін оқушысына таныстыра келе,өз руынан Нар деген атақты би шыққанын,ол кісіні өз көзімен көргендігін айтады.

Бұдан кейін Бәктөбе дейтін жерде тұратын он үш Сіргеліні билеген Ұмсындық атты ер ананың үйіне түскен Нардың бір оқыс оқиғаға тап болуы,мәселені шешу үшін Ұмсындықты жұмсап, Омарбек деген қартты шақыруы,Нар бидің отты сөзінен соң Омарбектің әйелін сабаған баласын ұруы,биден ұялған Омарбектің Нар биді дәмге шақыруы,Омарбекке берген Нар бидің жауабы баяндалады.

Туынды шынайы өмірден алынып жазылған.Нар би тарихта болған тұлға.Жазушыға рулас,туыс.Биді қаламгер өз көзімен көрген. «Ол кісіні мен өз көзіммен көрдім де:сырықтай тіп-тік,шойындай қап -қара,қолағаш мұрын,салпақ ерін,шүңгір көз,қалың бурыл сақал омырауын басқан еңгезердей шал ,әлі есімде...» деген қатарлар ел алдында жақсы істерімен белгілі болған,халық көзінде асыл қасиеттерімен танылған алып тұлғаның бейнесін көз алдыға әкеледі.

Шығарманың негізгі идеясы- ананы қадірлеу. «Әйел-күдірет иесі»деген ойды айтады. «Мына дүниеге ұрпақ шашқан күдіретті жанды қорлауға болмайды.Ана-қасиетті халық.Сондықтан әлемнің жарығын сыйлаған асыл жандарды аялаңдар» дейді қаламгер.

Өміріңнің мәні,сәні болған балаларыңды дүниеге әкелетін әйелдің қадірін білу,сыйлау туралы жазылған бұл туындыда жамағайын апасының үйіне барған Нар би елден бұрын тұрып,Ұмсындықтың малын өргізіп, қорасын сыпырып,биелерін сауып, су алып,самауырын қойып,үйдің шаруасын істеп жүреді.Бұдан біз Нар би өте еңбеккер жан екенін көреміз.

Апама қолғабысым тисін деп таң сәриден тұрып, тынбай жүгіріп жортуы үлкен мейрімді жан екендігін аңғартады және ерте жесір қалса да он екі Сіргеліні басқарған парасатты жанға деген үлкен құрметі де байқалады.

Нар қора сыпырып жүргенде бір еркек әйелін шыңғырта сабайды. «Ел оразасын ашпастан әйелін сабап жүрген қандай ақмақ?» деп Ұмсындықтан сұрайды. Әйелін таяқтап жатқан Қоралас екенін, зорлық көріп жатқан кімнің қызы екенін,неше баласы бар екенін біліп, «Қораластың қариясы Омарбекті шақыр»деп Ұмсындықты жібереді.Қорғансыз әйелге еркектің күш көрсетуіне бейқам тұра алмауынан Нар бидің азаматық келбетін көреміз.

Тапалтақ жирен сақал келгенде Нар би: «Жібекті түте білмеген жүн етер,қатынды күте білмеген күң етер. Қатынды еркелетсе, ол сенің жұбайың,балаңды еркелет,ол сенің ұрпағың. Қатынды ұстай білмесең, үйленіп нең бар, балаңды тәрбиелей білмесең, оны таптырып нең бар, әйелді сөзбен жықпай,таякпен жығу-әр жаман еркектің қолынан келеді,ақсақал, тентегіңе мен қолымды былғамайын,тыйымды өзіңіз салыңыз,» дейді. Басына басын теңеп алған әйелін сабаған еркекке тыйым салуды тапсырған бидің бұл сөзінен биік адамгершілігі көрінеді.

Кескір де,жігерлі адамның сөзінен соң Омарбек үйіне келіп баласын сабайды.Бидің сөзі таяқ болып өзіне тигеннен соң Омарбек ұялып, би алдынан шығып,үйінен дәм татуды сұрайды.Сонда

Нар би «Ана қадірін білмеген ауылдан дәм татпаймын» деп жауап береді. Ақылды адамның қаймықпай айтқан әділ де дұрыс сөзі көкірекке терең ой салады.

Әңгімеде жеті-сегіз бала туғанша қорлық көріп, таяқ жеген Қораластың келінінің қиын тағдыры, шығыс халқының қыз-келіншектеріне тән болған менталитетпен төзе беретін жан екендігі көрінеді. Жүрегі жараланған сорлы әйел тағдырына жаны ашыған бидің азаматтық ісіне сүйсінеміз. Нар би өткір де жігерлі, ақылды да парасатты, елім деп еміренген асыл ұл. Анасын ардақтаған, қызын әлпештеген, құдай қосқан қосағын сыйлаған ардақты оғланның асқақ бейнесін көреміз.

Бұл шығарма 1962 жыл 9-қыркүйек күні жазылған. Шағын әңгіменің әсері керемет. Ерекектен таяқ жейтін, зорлық-зомбылық көретін әйелдер бүгінгі күнде де бар. Момын да, дәрменсіз әйел тағдыры, Нар бидің азаматтығы туралы сөз болған әңгіме үлкен тәрбиелік мәнімен құнды.

Бауыржан Момышұлының шебер жазылған әңгімелерінің бірі- «Янина».

«Янина»-әйел тағдыры, әйел мәселесі, семья мен махаббат туралы шығарма. Жазушы Янинаның өмір белестерін көрсете отырып, шындық өмірді шынайы суреттейді. Әңгіме «НЕКЕ-тең праволы ерекек пен әйелдің ерікті одағы. Махаббат-некелесудің негізгі шыңы» деген сөздерден басталады. Неке, махаббат, отбасы, есеппен үйлену т.б туралы айта келіп, «Жас кезімізде біздің басымыздан нелер өтпеді?» деп, майданда болған оқиғалар баяндалады.

«Майданда Я.Ш. деген түр сипатымен, әрі ақыл-айласымен сүйкімді бір хирург әйел болды. Мені көрген кезде ол өзге қыздар секілді қуанатын. Ол менің майдандағы сопылығымды құрметтейтін. Менімен сөйлескенде өзін еркін ашық ұстайтын. Жазған әңгіме, өлеңдерімді қызығып оқитын. Бірде мен ауырып медсанбатқа түскенімде, Яна өте жиі келіп, қызықты әңгімелер айтып, орманнан жинап алған жеміс-жидектерін әкеліп беріп тұрды. Ол мені ауру ағасын күткен қарындастай қамқорлыққа алды.» [1.212-бет] Бұл сөздердерді оқи отырып, автордың Янинаға деген көзқарасы көрінеді. Автор Янинадан қиын күндерде жақсылық көрген, сондықтан оны ілтипатпен еске алады. Оның тағдыры туралы ойланады, толғанады және оның болашағы туралы терең тебіренеді. Соғыстан соң оны іздеп барады. Янина үйінде қонақта отырған кезде кешегі өткен өмірі көз алдына келеді. Жүрегі жақын тілектес автор Варвара Ивановнаға жаралы жүрек иесіне барып келуді өтінеді және машинасын береді. Варвара Ивановна да бұл жанды туған сіңлісіндей көруші еді, сондықтан Янинаға барып, екі-үш күн қасында болып, сырласып-мұндасып келіп, Янинаның тағдыры туралы білгендерін жазушыға айтып береді.

Әңгіменің бас кейіпкері Янина-білікті маман, адамгершілікті жан. Ақылды да, сүйкімді, қолынан келген жақсылығын аямайтын хирург өмірдің ащысын молдан көріп, өмір тепкісінде көңлі жүдеулеген. Басынан түрлі қат-қабат оқиғалар өтіп, қиындық көрген. Шығармада Янинаның Дмитрийге еріп жүруі, «Джульета» деген келемеж атқа ие болуы, туыстай болған батальоннан қуылуы, жетекші хирургтан төмендетілуі, әдемілігіне қызығып майорға тұрмысқа шығуы, майордан қорлық көруі, тығырықтан жол іздеуі, Брелауксты таңдауы баяндалған. Янинаның қиын тағдырын шынайы көрсеткен шығарма өз оқырманын тікелей өмірдің ортасына енгізіп жібереді. Ондағы оқиғалар әсерінен ұзақ уақыт шыға алмайсың.

Алдымен бас кейіпкерді туған қарындасындай жақсы көретін жазушының биік адамгершілігіне, ілтипатына таң қаламыз. Автор айтқан манологтар шығарманың идеясын терең ашып тұр. Бұл әңгімеде сұрапыл соғыс жылдары, соғыстан кейінгі жылдардың өмір шындығын көреміз. Миллиондаған жесірлер, миллиондаған жігіттерін жоғалтқан қыздар, соғыстан соң еркектердің аздығы т.б соғыстан алдыңғы өмірмен салыстыра айтылады. Махаббат құдіреті, бір-бірін түсінушілік, жанұя беріктігі, адал махаббат туралы айтылған жазушының сөздері оқып отырған оқырманына терең ой салады. Тағдырдың тәлкегіне ұшыраған жас қыздың басынан не өтпеді? «Янина, жылдам аяқ киімімді тазала», «планшеткамды әкел», «лейтенат Н-ді шақыр», «суға барып кел», «аяғымды жу» т.б бұйрықтар беруден бір шаршамайды» [1.238-бет] деген жолдардан күйеуінен зорлық-зомбылық көрген жас келіншекті көреміз. Тіпті, көпшілік жиналған жерде келіншекке боқауыз сөз айтып, қорлайды да. Әйел болып жар қызығын көре алмаған келіншек тығырықтан шығудың жолын іздеп, Брелаукстің етегін ұстайды.

Әңгіме соңы «Мен барлығын ұмытқым келеді» деген Янина сөзі, Варвара Ивановнаның қайғыра күрсінудімен аяқталады.

Адам дүниеге келіп, тіршілік кешіп, өткен өмірге кейін назар салады. Қиын өмірін ұмытқысы келген Янина алдан үміт күтеді. Біз бұл кейіпкер арқылы тағдырдың талқысымен түрлі оқиғаны бастан кешірген, басқа түскен тауқыметті бір иықпен көтерген жанның асқан төзімділігі мен шыдамдылығын көреміз. Қиын тағдыр иесінің өмір соқпақтарын суреттеген жазушының «Өмір

зу етіп, көзді ашып, жұмғанша өте шығады. Осы қысқа өмірді мәнді өтіруге ұмтылу керек.» деген ойды айтпақ болғанын түсінеміз.

Сонымен қорыта келе, ұлттық әдебиетіміздің дамуына өз үнімен сүбелі үлес қосқан Бауыржан Момышұлының бұл әңгімелерінде өмірде болған оқиғалар шынайы суреттелген. «Шындықтан туған шыншыл шығармалар мәңгі жасай бермек!» дегіміз келеді.

Әдебиет

1. Момышұлы Б. «Музей апа» (Көптомдық шығармалар жинағы). 6-том. - Алматы: «Өнер», 2009. - 248 бет.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ АДАМГЕРШІЛІК, АЗАМАТТЫҚ АСЫЛ ҚАСИЕТТЕРІ ХАҚЫНДА

Умбетова А.

*Ташкент облысы, Қыбырай ауданына қарасты №9 жалпы орта білім беретін
мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің бірінші санатты мұғалімі*

Намысшылдық пен ар тазалығы Бауыржан – замандасы Мұхтар Әуезовті «тектілердің ұрпағы» дегеніндей, өзі де қарапайым тектілер отбасынан. Егер ұшқан ұясында халықтық өрнек-өнеге дәстүрін көрмей өссе, әйгілі панфиловшы-қолбасшы, мыңдаған жауынгерге «баты» (әке) атанған Момышұлы да болмас еді. Әкенің ақылы, ананың ақ сүтімен Бауыржан қанына сіңген қасиеттің бірі – намысшылдық пен ар тазалығы. Бір ғана мысал: Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллиннің естелігінде былай делінеді: «Жауынгерлік ар-намысым менен осында, жауынгер жолдастарымның қаны төгілген дивизияда қалуымды талап етеді. Өлген жолдастарымның аруағы қашан қатардан шыққанымша осы дивизия туының астында болуымды талап етеді. Егер мен бұл жерден кетіп қалсам, онда мені өлген солдаттарымның рухы қарғайтын болады! Мен солдатпын! Солдатша соғыса білуге де міндеттімін. Солдаттың жүрегіндегі сөзді айтуға да тиістімін.

Менің сөзім осы, жолдас комиссар», – дейді Бауыржан комиссар Егоровқа... Олай дейтінім, сол жолы Бауыржан сөйлемесе, бәріміз: «Е, жоғарғы жақтың бұйрығы солай болса, онда не шара деп Алматыға аттанып кетсек, 8-ші гвардиялық дивизия бүкіл дүниежүзілік даңққа ие болар ма еді, болмас па еді? Әй, болмас еді деп ойлаймын. Панфилов 8-ші гвардиялық дивизияның даналығы болса, Бауыржан дивизияның ар-намысы болды. Панфилов дивизияның жүрегіндегі лаулаған оты болса, Бауыржан оның лапылдаған жалыны болды», – деп еске алады Мәлік Ғабдуллин. Ар тазалығының бір белгісі: әскери қызметтен босап, Алматыға келгеннен кейін даңқты қолбасшы «Мен майдангер полковникпін, Мәскеуді кеудемді төсеп қорғадым!» деп жайлы үй, жақсы қызмет сұрап, ешкімнің алдына барған жоқ, қайта белгілі журналист К.Қазыбаевқа: «арамызда Рейхстагқа алғаш ту тіккен батыр қазақ жігіті жүр Рақымжан Қошқарбаев деген, соны тауып алып жазыңдар» деп тапсырма беретіні бар. Момышұлының өмір бойы старшина Николай Рединнен бастап, әскери ұстаздары – Блюхерді, Панфиловты, Чистяковты, Серебряковты және басқа да жол көрсетіп, ақылшы болған аяулы тұлғаларды құрметтеп өтуі; Мәскеуде соғыстан кейінгі жылдарда полковник Серебряковтың құрметіне арнайы ас беруі – нағыз ары таза азаматтың ісі. Қарапайымдылық пен кішіпейілділік Бауыржан туралы жазылған шығармаларда Ер Тұлғаның ерлік мінезі мен қаталдығы қоса өріліп беріледі. Біреулер бұл пікірге онша келісе қоймас та. Ал оның өмірлік ұстанымы мен азаматтық бейнесіне қарайтын болсақ, өзін құрметтеген, тарихын, тілін, дәстүрін, өнерін ардақтаған адамдармен, жалпы, өмірде қатар жүрген сыйлас, замандас аға-інілермен, жолдастарымен тым қарапайым да кішіпейіл қалпында болғанын көрсетеді.

Қателеспесем, З.Ахметованың «Шуақты күндерінде» болу керек, Бауыржан қарапайым құрылысшы жігіт іздеп келіп сәлемдесетіні. Бауыржанның бұрыннан таныс-біліс емес сол бір азаматтың адал еңбегімен жеткен жетістіктеріне, өмір көрген естілігіне ырза болып, батасын беретіні есіме түседі. «Еңкейгенге еңкею, шалқайғанға шалқаю», орнымен қарапайым да кішіпейіл қалпынан табылу – Момышұлының ел-халқымен тамыры бірге екенін нақтылай түседі. Жан жомарттығы, мәрттік Бауыржан – баяғы жалғыз атын қонағына сойып беріп қарап отыратын жаны таза, жүрегі жомарт, мәрт мінез қазақ бабамның сарқыты, содан қалған жұрнақ. Ел ішінде аңызға

айналған мына әңгімелерге назар аударып көріңіз. Біріншісі: 50-жылдардың басында Баукең Мәскеудегі Бас штабтың әскери академиясын ерекше дипломмен үздік бітіреді. Сол кездегі ақшамен 9000 сом көлемінде үздік бітіргені үшін стипендия алады. Үнемі бола бермейтін мұндай көлемдегі ақшаны өз игілігіне жаратса да болар еді. Ал Бауыржан, әскери академияны алғаш бітірген қазақ, Мәскеуде оқитын бүкіл қазақ азаматтарын шақырып дастарқан жаяды. Бұны жан жомарттығы демей, не дейміз?! Екіншісі: алпысыншы жылдардың басында елімізде айтыс өнері қанат жая бастағанын білесіздер. Сол жылдарда ғой, белгілі ақын, тегі орыс, жаны қазақ Надежда Лушникова алғаш маңдайы жарқырап сахнаға шығып, қалың көрерменді тамсандырғаны. Сондай айтыстың біріне Бауыржан да көрермен болып қатысып отырады. Айтыс соңынан түрлі марапаттаулар басталады да, кезегі келгенде қазылар алқасы Надяға ерлердің «Маяк» сағатын сыйға ұсынады. Сонда Баукең орнынан ұшып тұрып: «Жоқ! Надя бұл сыйлықты алмайды!» – деп әйелі Кәмаш екеуі ақынды қолтықтап алып кетпей ме. Сол жылы ғой, Бауыржанның Надежда Лушниковаға қазақ тілінде төгілтіп шешен тілмен айтысқаны үшін қазақ халқының атынан алтын сағат сыйлайтыны. Мәрттік деген – осы! Отаншылдықтың, ұлтын сүюдің шынайы бір белгісі – осы!

Ана тілі, ұлттық дәстүр мен өнер жанашыры Бауыржан Момышұлы дегенде ұлттық дәстүр, ана тіліміз бен өнеріміздің шынайы жанашыры, қамқоршысы есімізге түседі. Тахауи Ахтанов айтқандай, «ноқтаға басы сыймаған адам» қайда жүрсе де: майданда болсын, елде болсын, әскери қызметте болсын, бейбіт өмірде жазушы болсын, ұлттың болашағы, ұлт дәстүрінің, ана тілі мен өнеріміздің келешегі қандай болады деп толғанғаны шындық. Себебі Бауыржан мен халықтың жүрегі бірге соққандықтан елдің толғанысы мен арман-мұңынан Момышұлын бөліп алуға болмайтынына халық пен тарих куә. Момышұлының «Қанмен жазылған кітабындағы» айтылған келелі ойлар, өзекті мәселелер бүгінгі заманда да маңызын төмендетпей, алдағы уақытқа да нысана болатындай күшке ие.

Шешендік үлгісі Момышұлының болмыс-бітімі, табиғаты қандай ерекше болса, шешендігі де сондай ерекше. Талдап айтсақ былай болады: ол сөзін тақырыпқа байланысты ойша құрады; сол тақырып аясында мақсат белгілейді; қай тақырыпта сөйлесе де мол дайындықпен келеді; қандай аудиторияда, кімдердің алдында сөйлейтініне маңыз береді; сөйлейтін сөзін қатаң уақытқа есептейді; сөзі өткір әзіл, қисынды уәжге байланып тұрады; ең бастысы, тыңдаушымен аралық байланыстың мықтылығы. Жинақтап айтсақ, Бауыржан шешендігінің ерекшелігі мыналарда: Мақсат қойылған анық та әсерлі сөз; тақырыпты жіліктеп-бөлшектеп талдау; сөзінің тыңдаушысына жеткен-жетпегенін, әсерін бақылау; өз сөзіне есеп беріп, оған жүрегімен сену, тыңдаушысын да сендіру; бөлшектеп талдаған сөзін қайта жинақтап, маңызды, түйінді қорытынды жасау. Адам мінезін тани білген. Қиынның қиыны адамның ішкі жан дүниесін, мінез ерекшелігін танып-білу болса керек.

Бауыржан Момышұлы алғыр ойлы, шапшаң шешімді, жаны таза, әскери психолог қолбасшы болды. Баукең – адам жанын анық тани білетін дарабоз қолбасшы. Егер олай болмаса, катал да болса әділдігі мен шыншылдығы, командирлер мен жауынгерлерді ерлігіне, ісіне қарай әділдікпен бағалайтын сауатты қолбасшылығы болмаса, жауынгерлер «әкесі» Момышұлы да болмас еді. «Соғыс психологиясы» шығармасындай қай заманда да құнды әскери еңбек тумас еді. Егер қателеспесем, Ұлы Отан соғысы тарихында өз бөлімімен бес рет қоршауды бұзып өткен Бауыржаннан басқа қолбасшы болған емес. Мұндай ересен ерлік қолбасшының өз жауынгерлерінің жан-жүрегін анық түсіне білуімен, ал жауынгерлердің өз қолбасшысына қалтқысыз сенуімен жасалды деуге негіз бар. Талапшыл қаталдық Момышұлының қаталдығының өзі – бір ерекше құбылыс. Оның қаталдығы – мейірбандықпен астасқан қаталдық. Себебі Баукең – табиғатынан жаны таза, жүрегі жылы адам. Оның қаталдығы «Тәртіпке бас иген – құл емес» деп өзі айтқандай, есепке, тәрбиелеуге негізделген қаталдық; соғыста орынсыз адам шығынын болдырмаудан туған қаталдық; әскери жарғы аясындағы қаталдық; бір сөзбен айтқанда, оның қаталдығы – тәрбие, жауынгерді азамат етіп қалыптастыруға қызмет жасайтын талапшыл қаталдық болып саналады.

Қорыта айтқанда, Бауыржан атамыздай алыбымызды ардақтай білейік, ұлтымызға ұран болған ұлы тұлғамызды ұлықтай білейік.

Аннотация: Ана тілі, ұлттық дәстүр мен өнер жанашыры Бауыржан Момышұлы дегенде ұлттық дәстүр, ана тіліміз бен өнеріміздің шынайы жанашыры, қамқоршысы.

Аннотация: Бауыржан Момышұлы, сочувствующий родному языку, национальным традициям и искусству, является истинным сочувствующим и хранителем национальных традиций, родного языка и искусства.

Annotation: Bauyrzhan Momysuly, who sympathizes with his native language, national traditions and art, is a true sympathizer and keeper of national traditions, native language and art.

Әдебиет

1. Қалдыбай Мамытбек. "Мен - халқымның Бауыржанымын" / Қалдыбай, Мамытбек. - Алматы, 2013. – 400 б.
2. Қаһарман Бауыржан Момышұлы, 1910-1982: Фотоальбом / ҚР БҒМ. Р.Б. Сүлейменов атынд. Шығыстану ин-ты. - Алматы: Өнер, 2008. – 196 б.
3. Момышұлы Бауыржан. Төлеген Тоқтаров / Момышұлы, Бауыржан. - Алматы: Жазушы, 1965. – 32 б.: 1п
4. Момышұлы, Бауыржан. Біздің генерал: И.В. Панфилов туралы / Момышұлы, Бауыржан. - Алматы: Жазушы, 1966. – 172 б.
5. Момышұлы, Бауыржан. Жауынгердің тұлғасы: Офицердің дәптерінен: Әңгімелер жинағы / Момышұлы, Бауыржан. - Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958. – 200 б.
6. Момышұлы, Бауыржан. Қанмен жазылған кітап / Момышұлы, Бауыржан; Ауд.: М.Қазыбек. - Алматы: Полиграфкомбинат, 2010. - 348 б.
7. Момышұлы, Бауыржан. Қолбасшының күнделігі - Дневник командира / Момышұлы, Бауыржан. - Алматы: Маматай, 2006. - 88 б.
8. Момышұлы, Бауыржан. Майдан: Ұлы Отан соғысы туралы әңгімелер мен очерктер / Момышұлы, Бауыржан, Сеитов, Сағынғали. - Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. – 402 б.
9. Момышұлы, Бауыржан. Москва үшін шайқас / Момышұлы, Бауыржан. - Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 244 б.
10. Момышұлы, Бауыржан. Офицердің күнделігі / Момышұлы, Бауыржан. - Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1952. – 134 б.

Б.МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІ

Амирбаев А.

Алматы облысы, Қарасай ауданы, Шамалған бекетіндегі жаңа қазақ орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог – зерттеуші

Бауыржан Момышұлы – Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты батыры, аты аңызға айналған қолбасшы, жазушы және қоғам қайраткері, Ұлы Даланың дара тұлғаларының бірі. Ол негізінен әдебиетке соғыстан соңғы жылдары келді, әскери тақырыпта қалам тербеген жазушы болды. Бауыржанның осы тақырыптағы шығармалары және «Ұшқан ұя» повесі көркемдігі мен тәрбиелік маңызы зор рухани қазынамыз болып табылады. Сонымен қатар қазақ әдебиетіндегі әскери тақырыпта партизан жазушы Қасым Қайсеновтың шығармалары, Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы да жазылғанын айтып өткен жөн.

Бауыржанның «Мен әдебиетті жақсы көремін. Көзімді ашқаннан халықтың ауыз әдебиетімен ауыздандым, рухани тұшындым» – деген сөздерінен оның қазақ халқының ертеден келе жатқан ауыз әдебиетін, сүйетіндігін, бала кезінен ауыз әдебиетінің озық үлгілері саналатын ертегі, аңыздар мен жырларды тыңдап өскендігін көреміз. Даңқты қолбасшы «Қолбасшының күнделігі» кітабында әскери өнерде ұлттық мәдениеттің, халық ауыз әдебиетінің маңызын атап өтеді: «Халық даналығының алтын қазынасы біздің жетістігімізге айналып, біліміміз бен тәжірибемізді байытып, істерімізге қолғабыс жасауға тиіс» - деп атап өтеді.

Б.Момышұлының нағыз қазақ тәрбие алғандығын, ұлттық салт – дәстүрді бойына сіңіріп, ауыз әдебиетінен сусындап өскендігін «Ұшқан ұя» повесінен анық байқайды. Ол осы кітабында: «Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын. Өйткені бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспеген баланың көкірек көзі көр бола ма деп қорқамын...» - деп жазады.

Бала Бауыржан әжесі Қызтұмастың тәрбиесінде болып,оның әлдіін,ертегілерін тыңдап өседі. Осы ауыз әдебиеті үлгілерін шығармасында ұтымды қолданады:

Жылама бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Жілігінің майы жоқ
Жіпке тағып берейін.
Көк сиырдың сүтінен
Көже жасап берейін.
Оның тұзын кім татар
Жыламайтын ұл татар.

Осындай «Бесік жырын» тыңдаған кішкене Бауыржанның бойында ұлтжандылық, мейірімділік, адалдық сынды ізгі қасиеттер қалыптасып барады.

Әжесі немерелерінің арасында жыл қайыру туралы тартыс туындағанда,оларды татуластыру мақсатында «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін айтып береді: «-Балаларым, құлақ салып тыңдаңдар. Көңілге түйіп, ұғып алыңдар. Жаппар ием жарықдүниені, Күн мен Айды, ж арық пен қараңғыны жаратарда күнге, аптаға, айға және жылғаат қоюды ұмытып кетіпті... Жер бетіндегі тірі дүниенің бәрі, жан-жануар күн санауды,уақыт өлшеуді білмей бейберекет жүре берген екен. Ақыры дүниенің сапырылысқанысонша, тіптен кімнің үлкен, кімнің жас екенін ажыратудан қалыпты» - бастайды. Ертегіні майын тамызып айтқан әжесін тыңдаған балалар өзара талас – тартысын да ұмытып,ауыз әдебиетінің үлгісімен сусындайды. Әжесі ертегіні немерелеріне ақыл айтумен аяқтайды: «Жыл басы тышқаннан басталатыны содан, құлындарым. «Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты» деген мақал осыдан шыққан ғой. Кейде «түйедей бойың болса да, тышқандайақылың жоқ» деп неге ұрсады дейсің адамдар. Бұл бойыңа сенбе, ойыңа сен, мақтансөзгеерме, мағыналы тірлікке ер дегені. Сондықтан түйеге ұксап орынсыз түксеибермендер, шырақтарым. Ақылға жүгініндер, – деп күліп еді әжем»

Тағы бірде немерелері қарлығаш туралы тартысып қалғанда,әжесі «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін айтып береді. Әрине, жазушы бұл ертегілерді тәрбиелік маңызы үшін де пайдаланып отыр.

Жазушы шығармада әпкесі Ұбиянның ұзатылу тойын суреттей отырып, қазақ халқының ұлттық салт – дәстүрлерін сипаттайды. Ұмытылып бар жатқан ежелгі дәстүрлерімізді де келтіріп өтеді. Сонымен қатар той беру дәстүрін терең ашу мақсатында ауыз әдебиеті үлгілерін шебер қолданады. Мысалы, «Той бастар», «Бет ашар» үлгілерінен келтіріп өтеді: «Ұбианға қарсы отырды да, Оңал тойбастарын шырқата жөнелді. Мұнысы тойбастардан гөрі ауыл қыздарын, қалыңдықты мадақтауға ұқсаңқырап тұр еді. Әрі ел сұлуларын

еліктіріп тілге шақырып отыр.
Біз келдік айдын көлден аққу көріп,
Аққудан таңырқайтын таптым көрік.
Ауылдан құс боп ұшып шығып едік
Бастаған бәрімізді бақ күнге еріп.»

Осылай көркемдікпен шебер суреттей келе,жазушы қазақтың сол кездегі той беру дәстүрін көз алдымызға елестетеді: «Өтеп таппақтай жөнелді.

Келін-келін келіп тұр.
Келіп үйге еніп тұр
Қайын жұрты алдында
Иіліп сәлем беріп тұр.
Келін-келін, келіңіз,
Елімізді көріңіз,
Ала-құла деменіз,
Атын айтып беріңіз.
Ақ тілеулі ағайын,
Көрімдігін беріңіз»

«Ұшқан ұя» шығармасында жазушы бата-тілектерді,мақал – мәтелдерді де орнымен,шебер қолданғанын көреміз.

«Қанмен жазылған кітап» шығармасында батыр қолбасшының «Қолбасшының күнделігі» еңбегіндегі өз ойларын іс жүзінде қолданғанына куә боламыз. Халық даналығының алтын қазынасын терең білетін батыр әскери өнерде,соғыс жүріп жатқанда ұтымды қолданып барады. Ауыз әдебиетіндегі елін қорғаған батырлар бейнесі,азаттық үшін күрескен Исатай, Махамбет бейнелері жауынгерлерге қанат бітіріп,батырлыққа үндеді. Б.Момышұлының «Отан үшін отқа түс,күймейсің», «Тәртіпке бас иген құл болмайды,Тәртіпсіз ел болмайды» деген нақыл сөздері де

осы қан майданда ойына келген деген ойдамыз. «Қанмен жазылған кітап» еңбегінде жазушы әскери адам ретінде өз ойын нақтылау үшін қазақтың мақал – мәтелдерін орынды қолданып барады:

«Халық: «Қарғаны баптағанмен бүркіт болмас», «Аяз би, әліңді, құмырсқа, жолыңды біл», «Әркім өз жөнін білгені жақсы»,— деп бекер айтпаған. Әр уақытта адамның туа біткен қабілеттілігін, табиғи дарынын ескеріп және қызметтік талаппен байланысты тууы мүмкін қайшылықтарды орағытып кеткен жөн»

Соғыс жүріп жатқанда,мақал – мәтелді жауынгерлерін қайрау үшін бұйрық ретінде қолданғанын жазады:

«Түс қайтып, бесін кезінде дұшпан қатты бомбылап, тары да бізді тықсыра бастады.

– Жан-жақтан құмырсқаша өріп, қаптап келеді. Оларға қарсы тұратын дәрмен бізде қалмады – деді Мұхаметқұл. Даусынан қасындағылардың азғырып айтқызып тұрғанын сездім.

– Әрине, неміс бізден көп болмаса, шабуыл жасар ма еді. Олар көп, олардың күші мол. «Төртеу түгел болса, төбедегіні алады» деген. Қасындағы үрейленген әззілдердің ықпалына көніп, сенің де екі көзің алақандай болған екен ғой...

– Тіптен болар емес, – деді тұтығып.

– Кімдер болар емес? – деп ақырдым. – Дұшпан ба, жоқ үрейленгендер ме! «Жаман елге қатын қожа» ете алмаспын мен.

– Әсіресе, дұшпан. Менің айтып отырғаным сол ғой, – дей бергенде:

– Ей, Мұхаметқұл! – дедім. – Қазақтың «Қоянды қамыс, жігітті намыс өлтіреді» деген мақалын білуші ме едің...

– Иә, білем – деді.

– Білсең, менің приказым сол! – деп телефонды тастай салдым.

Бес минут өтпей телефон шыңғыр ете қалды.

– Бәуке, Баукеш, – деген Мұхаметқұлдың даусы естілді.

– Мен, мен, не демексің? – дедім.

– Тұрдым, тұрдық не болса да. Айтайын дегенім осы еді.

– Жақсы, жолың болсын. Зеңбіректерді қайда жұмсайын, айтып тұрғын. Дұшпанның тобына сілте. Бір жүз, екі жүзін өздерің пулеметпен, мылтықпен - ақ үлгеріндер...»

«Исламқұлов жанымды қояр емес.

– Оң жақтағы және сол жақтағы соғысып жатқан көршілер кетіп қалды.

Сөзін, оның да шегінгісі келетінін сезіп тұрмын. Мен оған даусымды көтере жігер бере:

– Ей, Мұхаметқұл! «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» деген халқымыздың мақалы есінде ме? Бұл «Арым – жанымның садағасы» деген сөз. Менің бұйрығым - осы.»

Мақал –мәтелдерді «Қолбасшының күнделігі» кітабында да ой өткірлігі үшін қолданғанын көреміз: «Жалпы мықты ерік жігер – жеңіс серігі,әлсіз ерік – жігер жеңіліске ұшыраудың хабаршысы. «Бір топ арыстанның қойдың қол астында болғанынан гөрі,бір топ қойдығ арыстанның қол астында болғаны жақсы» -деп бекер айтылмаған сөз.»

Халық ауыз әдебиетінің даналығынан нәр алып,сусындаған батыр жазушының нақыл сөздері өте көп. «Арлы адам ардақты. Ар – ардақтың анасы», «Баканың бағынан сұңқардың соры артық», «Елсіз ер болмайды», «Жауға жаныңды берсең де сырынды берме», «Намысты нанға сатпа,намыстың құны зор», «Опасызда Отан жоқ» т.б.

Қорытындылап айтар болсақ, Б. Момышұлының шығармаларында халық ауыз әдебиетінің үлгілері шебер, орынды деталь ретінде қолданылады. Өйткені батыр жазушы сәби кезінен – ақ халық ауыз әдебиетінен сусындап,бойына сіңіріп өскен. Сұрапыл соғыс кезінде де,әскери өнерде де халық ауыз әдебиеті үлгілерін ұтымды қолданды,еңбектеріне арқау етті. Нәтижесінде Б.Момышұлының даналық сөздері де халық аузында сақталып келеді.

Әдебиет

1. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. Алматы: Санат 2005.
2. Мырзахметұлы М. Айналған аты аңызға Момышұлы ,Тараз:«Сенім», 2000.
3. Момышұлы Б.Қолбасшының күнделігі,,Алматы: «Маматай»,2006
4. Әлімжан Е. Жанартау // Ақ жол. – 2000, № 81 (15.381) 4-5 бб.
5. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап, Алматы: «Қазақстан», 1991. – 384б.
6. Мырзахметұлы М. Бауыржан батыр ,Алматы: «Жалын», 1991.

СЦЕНИЧЕСКАЯ ЖИЗНЬ БАУЫРЖАНА МОМЫШУЛЫ

Оразбекова Ф.К.

Преподаватель Каратауского горно-технологического колледжа при ТарПУ им. М.Х. Дулати

Шауханов А.А.

Кандидат педагогических наук, доцент Таразского регионального университета им. М.Х. Дулати

**Мы должны уметь почитать своих героев.
Уважение и почет, оказанные сегодняшним героям,
– это еще и воспитание будущего поколения.**
Бауыржан Момышұлы

В годы Великой Отечественной войны коллективы казахских театров и драматургия шли в ногу со временем. Когда вся страна узнала о подвиге 28 панфиловцев, на сценах были поставлены несколько спектаклей на патриотическую тему, в которых отражались трудовые и ратные подвиги советских людей в тылу и на фронте.

Среди них пьеса Мухтара Ауэзова и Альжаппара Абишева «Намыс гвардиясы» («Гвардия чести»). Премьера состоялась 8 ноября 1942 года, в тяжелые периоды Великой Отечественной войны. Эта пьеса являлась наиболее ярким произведением казахской драматургии на военно-патриотическую тему. В ней показана героическая битва под Москвой легендарной 8-ой гвардейской дивизии под командованием генерала И.В.Панфилова, подвиги казахстанских бойцов, командиров, гибель Героя Советского Союза Тулегена Тохтарова.

Главными героями пьесы являются Бауыржан Момышұлы, генерал Панфилов и Тулеген Тохтаров. Гвардии полковник Момышұлы в пьесе выведен под именем Бахытжана Намысулы («Намыс» – честь, т.е. Сын Чести). Его роль правдиво и мастерски сыграл народный артист Капан Бадыров. Он убедительно показал на театральной сцене мужественные поступки и искренние переживания своего героя, его человечность и честность, крутость и вспыльчивость, железную волю и хваткость ума. В пьесе можно выделить несколько ключевых сюжетов: выход батальона Намысулы из окружения; передовая линия фронта и серьезное ранение, когда, отказываясь покинуть место боя, он под дулом пистолета приказывает извлечь пулю рядом с позвоночником в полевых условиях без необходимых хирургических инструментов; наконец, геройская смерть Тулегена Тохтарова и присяга Намысулы – отомстить за смерть земляка, победить врага. Роль генерала Панфилова сыграл корифей казахского театра, народный артист СССР Калибек Куанышбаев. Пьесу поставил режиссер М.И. Гольдблат.

В «Гвардии чести» основное внимание уделялось не батальным сценам, а переживаниям, чувствам, мыслям воинов, раскрытию национальных особенностей характеров действующих лиц. Показана такая серьезная проблема, как политико-воспитательная работа в армии и душевные качества людей. Лейтмотивом спектакля стали крылатые слова политрука Василия Клочкова: *«Велика Россия, а отступать некуда, за нами – Москва!»*

Спектакль имел большой успех, развивал чувство патриотизма, вдохновлял людей на боевые и трудовые подвиги.

Однако не все в сценарии и режиссуре понравилось Бауыржану Момышұлы. Известно его опубликованное письмо, адресованное М.О. Ауэзову от 17 ноября 1942 года, где он с возмущением приводит факты, вольно трактующие нормы поведения военных, военной этики, бравирующие эпизоды боя, когда даже генерала Панфилова показывают мастером рукопашного боя. Бауыржан не терпел фальши во всем. Но пьеса, написанная по горячим следам, без знания тактики и стратегии подобной войны, нужна была народу для поднятия его боевого и трудового духа.

Одновременно с пьесой «Намыс гвардиясы» в Государственном академическом театре оперы и балета имени Абая прошла премьера оперы Евгения Брусиловского «Гвардия, вперед!» по либретто Сабита Муканова. Это был первый на оперных сценах Советского Союза спектакль, отразивший героические события войны. В финале, как клятва, звучала песня бессмертных воинов 8-ой гвардейской дивизии имени генерала Панфилова, которую подхватила вся страна: «Мы, как поток, обрушимся на врага, и с победой вернемся домой».

К 40-летию разгрома немецких войск под Москвой в Московском художественном академическом театре драмы имени Горького была поставлена пьеса Владимира Шацкого «Волоколамское шоссе» по одноименной книге Александра Бека. Режиссер Всеволод Шиловский. Главные роли сыграли известные актеры театра и кино. Роль Бауыржана Момышұлы исполнил Борис Щербаков, в роли Ивана Васильевича Панфилова выступил Георгий Бурков. В 1982 году коллектив МХАТа приезжал с этим спектаклем на гастроли в Алма-Ату. Им очень хотелось, чтобы их игру посмотрел и оценил сам герой пьесы легендарный Момышұлы, но, к скорбному сожалению, его уже два месяца, как не было в живых.

Однако незримый дух героя, словно витал в зале, сверяя актерскую труппу на мастерство и правдивость изображения суровых эпизодов войны. Один из известнейших академических драматических театров СССР показал на сцене образ народного батыра Бауыржана Момышұлы, героизм и мужество воинов-казахстанцев, отстоявших рубежи Москвы. И долгом чести было для актеров посещение могилы всенародного героя в Алма-Ате, его квартиры, где они могли прикоснуться к личным вещам, к книгам воина и писателя, через воспоминания его родных дополнить новыми штрихами сценический образ Б. Момышұлы. Через два года, в 1984 году, спектакль МХАТа был экранизирован. Режиссерами фильма-спектакля стали В. Шиловский и С. Кокотунова. Сценарий В.Шацкого, художники-постановщики И.Сумбаташвили и Ю.Ефремов. В фильме снимались актеры Г. Бурков, Б. Щербаков, Л. Леонидов, А. Борзунов и другие. Всесоюзная премьера состоялась 5 ноября 1984 года.

Вершиной среди театральных постановок, посвященных Бауыржану Момышұлы и панфиловцам, явилась опера Газизы Жубановой «Двадцать восемь». Премьера ее состоялась 13 июля 1981 года в Ленинграде, на сцене ГАТОБ имени Кирова (ныне Мариинский театр) в день 40-летия формирования Панфиловской дивизии в Казахстане. После ленинградской постановки опера звучала в театрах Ярославля, Алма-Аты/Алматы, Караганды, а 29 ноября 1982 года премьера оперы под названием «Москва за нами» состоялась в Москве, в Музыкальном театре имени К.С. Станиславского и И.В. Немировича-Данченко.

Это музыкально-документальная драма, написанная и поставленная в оригинальной форме, где использованы элементы драматического театра, документальная кинохроника, чтение подлинных писем, дневников, документов военного времени. В либретто оперы удачно введены стихи Михаила Светлова, Александра Твардовского, Николая Тихонова, Касыма Аманжолова и других поэтов военных лет.

К 90-летию Б. Момышұлы народный писатель Казахстана Шерхан Муртаза написал драму-эпигранию «Ноктаға басы сыймаған» о трагической послевоенной судьбе батыра, о неукротимом Бауке... Премьера состоялась накануне юбилея Бауыржана Момышұлы в Жамбылском казахском драматическом театре имени Абая (2000г.). Режиссер-постановщик и исполнитель главной роли Куандык Касымов. Этот спектакль часто показывают в день Великой Победы, в этот день двери театра открыты для всех желающих. И зал никогда не бывает пустым. На одном из таких спектаклей присутствовал автор пьесы, драматург и писатель Шерхан Муртаза, который после спектакля выступил со словами благодарности актерам, создавшим образы легендарного героя Бауыржана Момышұлы, его родных и соратников по оружию. Из рук народного писателя исполнители главных ролей получили памятные подарки.

Такие спектакли содействуют патриотическому воспитанию детей и молодежи, народ должен помнить трагические страницы в истории нашей страны и знать своих героев.

В октябре 2015 года на сцене Кокшетауского музыкально-драматического театра состоялась премьера спектакля «Батырлық жолы», посвященная герою Советского Союза Малику Габдуллину, где также выведен образ Бауыржана Момышұлы.

Легендарная жизнь Бауыржана Момышұлы продолжает восхищать новые поколения людей, его подвиги и труды ждут своих исследователей. Сценическая жизнь народного батыра продолжается.

Литература

1. Краткая энциклопедия Казахской ССР. Т.-4., –Алма-Ата, 1991.
2. Кузембаева С. Воспеть прекрасное.–Алма-Ата, Өнер, 1982.
3. Нуршаихов А. Истина и легенда.–Москва: Советский писатель, 1980.

4. Федупин А., Резников Ю. Искусство, рожденное дружбой. –М., 1972.
5. Оразбекова Ф.К. Образ Б. Момышұлы в искусстве. «Вестник КазНИИКИ (ж.), Алматы. 2003.–№2.
6. Шауханов А.А. «Образ Бауыржана Момышұлы в драматургии». «Мәдениет». (ж.), Алматы. 2005.– № 2.

ВОЕННОЕ ИСКУССТВО БАУЫРЖАНА МОМЫШУЛЫ

Шауханов А.А.

кандидат педагогических наук, доцент Таразского регионального университета им. М.Х. Дулати

«Моя профессия – военное дело».
Б.Момышұлы

Бауыржан Момышұлы прожил долгую, яркую, насыщенную различными событиями жизнь. Почти 40 лет прошло после его смерти на семьдесят втором году жизни. И чем дальше вперед уходит время, тем больше будут стираться реальные черты нашего представления о Бауыржане, тем меньше очевидцев смогут рассказать нам о его жизни и военных делах. Поэтому с каждым годом возрастает значение книг и литературы, написанных о нем, а также еще более имеет значение литература, написанная им самим. Эта литература предназначена, прежде всего, для нашего народа, нашему поколению казахстанцев, а также будущим поколениям.

По сути, литературный фронт Бауыржана является вторым подвигом, так как он сумел найти время, вдохновение, чтобы вложить в свои книги душу, знания, опыт и отдать их людям. *«Однажды я взялся за перо и сел писать обо всем увиденном, пережитом. Посчитал своим гражданским долгом оставить для подрастающего поколения опыт тех замечательных людей, с которыми мне приходилось встречаться. Вот так я решил стать писателем. ... Я не профессиональный писатель. Я пишу только военные мемуары. У казахов никогда раньше не было литературы такого типа. Поэтому и меня называют писателем»*, – писал Б.Момышұлы.

Военный опыт достигается крайне тяжело: через кровь, страдания, потери, зачастую неоправданные. Наш долг – изучать и постигать этот опыт – кладезь мудрости, чтобы быть готовым ко всему. Этот кладезь не должен оставаться на обочине истории. *«Мы пишем о том, что нам самим приходилось пережить на войне. Завтра для Генерального штаба эти воспоминания будут как крупницы золота. Их можно будет переплавить в большой золотой слиток»*, – так писал Момышұлы о назначении военной литературы, мемуаров советских полководцев и военачальников.

Свой военный, гражданский, литературный долг Момышұлы выполнил сполна. Военный опыт и есть военное наследие. Ошибается тот, кто считает опыт прошлых войн устаревшим и непригодным к современным войнам и войнам будущего. Это не так. Может улучшаться оружие, вооружение, средства связи и управления войсками, могут использоваться спутниковые, космические технологии наблюдения и отслеживания противника, могут применяться на поле боя в локальных конфликтах индивидуальные спутниковые комплексы на каждого бойца, передающие ему из космоса полную информацию о ходе сражения в окружающей местности. Но главное остается неизменным во все времена при любых уровнях человеческого развития: человек, его нравственные начала, патриотизм, боевой дух, дисциплина, способности и возможности, обученность, а также сами законы ведения всех войн – стратегия и тактика, которые берут свое начало от увесистого булыжника и примитивной дубины. Поэтому каждый казахстанский военный, будь то солдат или офицер, добросовестно, с чувством долга должен изучать военное наследие Бауыржана Момышұлы.

Важно не просто схематично изучить, но понять до глубины души саму психологию войны, мысленно войти в ауру описываемых событий на страницах книг. Совокупность этой информации является подлинным учителем для офицеров и командиров любого уровня, в том числе и высших, генеральских. Эти книги учат не только тактике и стратегии войны, ведению местного боя, но и учат науке взаимоотношений между людьми, между командиром и бойцами отряда, между солдатом и солдатом, между тобой и твоим закоренелым врагом, которого в определенных случаях невольно зауважашь. Эти книги учат справедливости, порядочности, умению почти в

безвыходных ситуациях оставаться человеком, настоящим воином, командиром, поддерживающим боевой дух и увлекающим бойцов в атаку на врага.

Бауыржан говорил, что *«болезнь и бой, власть и слава высвечивают сущность человека, что бой – это испытание всех человеческих качеств, срывающий маску, ложь, напускную храбрость, что в бою не скрыть уходящую в пятки душу»*. Таким был Момышұлы, человек-монумент, не умеющий делить большую боль на свою и общую, не умеющий разменивать себя на медяки.

Эти книги рассказывают не только о серьезных упущениях, но и о незначительных ошибках, приводящих к большим неоправданным потерям среди личного состава. Такие ошибки часто совершались на начальной стадии войны молодыми, неопытными офицерами. *«Не торопись умирать, а учись воевать»*, – любил повторять Момышұлы слова генерала И.В.Панфилова. *«Командир должен быть творческим человеком. Ведь прежде чем принять решение, нужно его хорошо продумать. Есть тысяча вариантов, и все они требуют осмысления»*, – писал Бауке в книге «Психология войны».

Заслугой, и очень большой, является то, что писатель в своих книгах не избегал тематики ошибок, допущенных на войне, в том числе и личных, а подробно описывал и анализировал их и делал это, прежде всего, для нас, потомков, которым не пришлось бы постигать «на своей шкуре» горечь первых поражений и неудач. Он говорил: *«Я пишу записки офицера. В этих записках я хотел поделиться не только опытом, но и рассказать о собственных ошибках»*. Б.Момышұлы являлся участником, руководителем и наблюдателем более 200 боев и пережил горечь неудач и радость побед: *«Я делаю свои военные записки не как сторонний наблюдатель, а как участник боёв, как солдат, лично переживший всю войну от начала до конца. Я ничего не создаю на вымысле»*, – пишет военный мемуарист и далее продолжает: *«На рискованные дела часто не знаешь, кого послать. Вопрос отбора людей мучительно переживается командиром. Самое страшное в ближнем бою, когда офицер теряет самообладание и люди, в силу дисциплины, выполняя его бестолковые окрики, мечутся по полю, ловя любую шальную пулю. ... В боевой обстановке солдат нередко сбрасывает с себя маску беспрекословного повиновения и смотрит на командира оценивающими глазами, дескать, помолчи, посмотрим, какой ты командир. Я отвечал на эти взгляды прямо: «За мной в огонь и в воду! Вместе победим или вместе погибнем!» Я старался, как и многие мои товарищи, оставаться офицером ближнего боя и солдатом переднего края»*, – делится своими воспоминаниями Бауке с будущими читателями.

Его книги учат заботе командира о своем подразделении, бесперебойному снабжению всем необходимым, но главная забота – это честь оружия и сохранение людей, доверенных ему. На войне главная ценность – человек, его жизнь, а не автомат или техника, – такая психология в армейской среде многократно увеличивает боеспособность войск и повышает чувство долга каждого отдельного солдата. Какова главная обязанность командира на войне? *«Думать»*, – так говорил генерал Панфилов молодому Бауыржану, – *думать и анализировать обстановку боя или предстоящей операции, как ее грамотно осуществить с наименьшими потерями, хозяйственные дела отходят на второй план»*.

Книги Момышұлы учат, *«что мужество не должно оставаться неотмеченным. Не заметить или забыть отвагу, проявленную солдатом в бою, где он кровью доказывал свою любовь к Родине – черное пятно, ложащееся на командирскую совесть»*. Его книги учат тому, что необходимо солдату от командира. А солдату нужны от командира его справедливость, добротное обмундирование, исправное оружие, ясный приказ. Еще солдату нужна не чрезмерность упреков и назиданий, а теплое слово командира после выполненного долга, когда солдат испытывает радость и ждет справедливой оценки своих действий. Писатель рассуждает о том, как должен отдаваться и выполняться приказ. Что при отдаче команды офицер смотрит прямо в глаза солдату и сразу понимает по его глазам, как этот приказ будет выполняться. Он должен правильно рассчитать время, выбрать подходящего подчиненного и обязательно проследить за выполнением приказа в срок. Б.Момышұлы писал: *«Командирам нужно дать время на обдумывание полученного приказа. Не люблю, когда старшие по званию гоняют младших командиров, как борзые зайцев. Дал приказ – дай время на размышление. Исполнение проверь. Вот мое кредо»*.

Он пишет, что солдат – это народ, который говорит умно и толково, к которому нужно прислушиваться и у которого необходимо учиться командирам. Бауыржан Момышұлы говорил: *«Мой полк был моей академией»*.

Его книги учат, каким должен быть командир в своей части. А командир должен быть популярным, солдат должен его любить, бояться, уважать и беречь. Что строгость командира, основанная на справедливости, – основа его популярности. Несправедливость вызывает озлобление, а наказание солдата должно быть только за дело, без ущемления его человеческого

достоинства: «Солдату нужны только чуткость, внимание, человеческое отношение. Он не обидится, если ему жестко укажут на ошибки. Но ему нужно, чтобы об этом сказали, не унижая его достоинства, уважая в нем человека такого же, как ты сам... Бояться своих – величайшее несчастье, а чтобы не бояться своих, надо быть справедливым», – говорил Б.Момышұлы. В подтверждение сказанного приведем слова одного древнего китайского полководца, который утверждал, что «Из двух воюющих сторон побеждает та армия, те солдаты, которые своего полководца боятся больше, чем своего врага». Но солдаты должны не только бояться командира, но и уважать, а уважают за справедливость. И еще он писал, что полководец может наказывать своих солдат только после того, как добьется их полного к себе расположения, но не ранее того. Только тогда его армия будет сильной духом и легкой в управлении. Таким должен быть каждый командир, каждый полководец. Истина такова: солдат, которого наказывают по справедливости, никогда не обижается.

Малик Габдуллин, Герой Советского Союза, говорил: «На войне тысячи бойцов ежедневно совершают подвиги, но госпожа награда выделяет далеко не каждого из них. Да, на тысячу скакунов рождается один тулпар. Однако, если вскачь пускается табун тулпаров, то все они идут ноздря в ноздрю и оставляют за собой глубокие следы!».

Таким тулпаром, оставившим после себя глубокий след, был Бауыржан Момышұлы, наш Бауыржан. Он герой, а герои смертью жизнь не кончают, они начинают жить в душе народа до тех пор, пока жив сам народ!

Литература

1. Психология войны: книга-хроника. В двух частях. – Алма-Ата: Казахстан, 1990. – 237 с.
2. За нами Москва: Записки офицера. – Москва: Московский рабочий, 1960.
3. Генерал Панфилов. – Алма-Ата: Казгослитиздат, 1963.
4. Нуршаихов А. Дорогой памяти: Роман-диалог о Б. Момыш-Улы. – М.: Советский писатель, 1985.
5. Александр Бек. Волоколамское шоссе.
6. Оразбекова Ф.К., Шауханов А.А. Глубокий след тулпара. Бауыржан Момышұлы: личность, воин, мудрец». (Научно-познавательные статьи).–Алматы: Типография ГРДБ им. С.Бегалина, 2006.–142 с.

БІЛІМ – ИМАНДЫЛЫҚТЫҢ БҰЛАҒЫ, ӨРКЕНИЕТТІҢ ӨЗЕГІ

Масатбаева Ш.Ж.

Зейнеткер, «Қазақ тілі» пәнінің ұстазы, Жамбыл облысы, Шу қаласы

Күн астындағы құрметті
қызметтердің бірі - ұстаздық
Әбу Насыр әл-Фараби

Бүгін әлем Халықаралық қарттар күні мереесін атап өтуде. Бұл мереке XX ғасырда алдымен Еуропада басталған екен, сонан соң ол Америкаға келіпті. Ал 1990 жылы желтоқсан айының 14-де Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы осы мерекені жыл сайын қазан айының 1-де ресми атау жөнінде қаулы қабылдапты. Бір ғажабы дүниеде бұл мереке бір күндік дата ретінде ғана аталса, біздің елде қариялардың құрметіне бір ай бойы арнайы шаралар өтіп, әр қартқа жылы лебізге өрілген қамқорлық көрсетіледі. Біздің елдегі тағы бір сәтті сәйкестік – айдың бірінші жексенбісінде Ұстаздар күні ретінде аталады.

Халқымыздың салт-дәстүріне сәйкес қарттарға құрмет көрсетіледі. Бұл имандылығымыздың өзегіндей халықтың бойына жастайынан үлкенге, қарттарға деген құрмет пен сыйлау махаббат шыңына ұялататын құдырет болса керек. Бәрін айт та бірін айт демекші ҚАЗАН айы мен ҚАЗАҚ халқы сөздердің орфографиялық айырмашылығы бір қана әріпте болғаны әрине тылсым жұмбақ, ғанибет. Қарттарға деген құрметке негізделген салт-дәстүріміз біздің елді бақытқа жетелеп келеді.

Демек, Қарттар мерекесі біздің төл мерекеміз, сондықтан жан дүниемізге ең жақын мерекеміз. Оған халықтың даналық сөздері мен жауапкершілікке негіздеген қағидалары дәлел. Мысалы: «Қарты бар үй қазыналы үй», «Қартею оңай, қария болу қиын», «Үйдің берекесі бәйбіше, ауылдың берекесі қария» деген халық мақалдары қарттардың қоғамда алатын жоғары орнын көрсетеді. Ақын Мұқағали Мақатаевтың «Мен қартарды сүйем. Не деген керім еді ...» деген сүйіспеншілікке толы жолдары, ақын Сағи Жиенбаевтың «Құрыштан құйған құдырет, қарттарым аман сау жүрші» деп тебірене жырлаған тілеуі халқымыздың қарттарға деген шынайы құрметін баяндайды.

Бізді қарттар мерекесі күні ауданымыздың жаңа басшысымен бірге шақырып құрмет көрсеткендеріңіз де осы дәстүріміздің жалғасыуы.

Білім беру саласының қызметкерлерін жинап қарттар мерекесін өткізуде маңызды мән жатса керек. Себебі білімнің адамзат қоғамын дамытудағы орны ерекше, ол имандылықтың кәусәр бұлағы, өркениетіміздің өзегін қалыптастыратын құдырет. Кемеңгер Абай атамyzдың:

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып білім алған.
Би болған, болыс болған өнер емес,
Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған.

деген жолдары жолашар жұлдыздай күннен күнге бізді имандылық әлеміне жетелеп келеді.

Биыл мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғұлама ғалым, адамзаттың екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабидің, кемеңгер Абай Құнанбаевтың меретойларын атап өту туралы арнайы қаулылар қабылдап, халық санасына терең ой, әсем әдептілік ұялатып жатыр.

Аталған данышпандардың мерейтойларына тағы бір көрнекті тұлғаның мерейтойы тұспа-тұс келіп отыр. Аты аңызға айналған батыр, данагей қаламгер, халқымыздың сүйікті перзенті Бауыржан Момышұлының туғанына биыл 110 жыл толады.

Баукеңнің «Қанағатшылдық - даналық» (Скромность - мудрость) деген өсиет сөзі елге әрқашанда өте қажет.

Осыған орай тағы бір айта кететін жай Баукең еңбек өтілін Жамбыл облысы Сарысу ауданында мектеп ұстазы еңбегінен бастап, зейнетке де ұстаздық қызметтен шыққан, ол сол кезде Әскери академияда профессор лауазымында еді.

Баукеңнің «Ұстаз адал болуы тиіс» деген қанатты сөзі имандылықтың қозғауыш күші ретінде жаңа кезеңді бастап келе жатқаны сезіледі. Демек, Баукең кәсіби ұстаз ретінде, еліміздің қадірменді қария ретінде құрметіміздің төрінде болғаны бізге ұстаздарға абырой деп ойламын. Себебі бізге, яғни ұстаздарға ол бір табан жақындайды.

Бауыржан Момышұлының ұстаздары мен шәкірттері тақырыбында оқушылармен бірге олимпиада кезінде кеңінен талқылап, мектеп оқушылары осы тақырыпта ғылыми еңбек жазып, ұстаздардың беделін біршама көтеру мәселелері де мені ойландырып қояды.

Биыл адамзаттың екінші ұстазы атанған әл-Фарабидің, әлем руханиятының жарық жұлдыздарының бірі Абайдың, халқымыздың мәңгі ұстазы және еліміздің ұлттық батыры, жас ұрпақтың сүйікті ұстаздарының бірегейі Бауыржан Момышұлының мерейтойларына орай аталған тұлғалар және олардың ұстаздық ізі тақырыбына көңіл бөлу бұл заманымыздың аса өзекті мәселесі екені ақиқат.

Бұл мәселені орнынан қозғауды оқушыларды кітап әлеміне қайта тарту екені айдан анық. Осы мәселе жөнінде Президент әкімшілігі жанында ашылған кеңесте белгілі кинорежиссер, қаламгер, мәдениет саласының ірі маманы Ермек Тұрсыновтың айтқан ұсыныстарын толық қолдар елім. Оның ойлары 2018 жылы қыркүйек айының 14-15 өткен кітапханашылардың съезінде көтерілген мәселелердің шешуіне ықпал етеді.

Осы мәселелердің негізгілерін ақырындап өз күшімізбен де жылжыта беруге болатынына көзім жетіп отыр.

Еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «... Кітап өте шыдамды ұстаз» деп айтқан сөзі ойды тереңнен қозғап, берекелі тірлікке ұйытқы нұр болып, имандылыққа жол меңзеп, ұстаздар мен оқушылардың әрқашанда жолын ашпақ ...

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕ ҚАЛДЫРҒАН ІЗІ

Матай Б., Елемес С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Батыр Бауыржан Момышұлы – алмас қылыштай өткір де қайсар, дана да данышпан, шешен әрі ақын, «сөз қадірін өз қадірі, өз қадірі ел қадірі» деп бағалаған айбынды азамат. Осынау дара тұлғаның бүкіл саналы ғұмыры, ғибратқа толы істері, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөздері, терең мағыналы ойлары әркімнің көкейінде. Бауыржан Момышұлы – адамгершіліктің, азаматтықтың, патриоттықтың, имандылықтың символы, көркем бейнесі іспетті. Батыр атамыз Бауыржан Момышұлы жеке басы ойшылдығымен, отаншылдығымен, ұлтжандылығымен, қаһармандылығымен, дарындылығымен, жоғары адамгершілік қасиеттерімен елеулі. Баукең – әлем халқының ортақ перзенті дәрежесіне дейін көтерілген азамат. Батырдың өзі, сегіз қырлы бір сырлы «ел деп еңіреген ер» болғандықтан, бар білгенін, бар тәжірибесін өсиет ретінде артына қалдырған. (1) Бұл өсиеттердің зор құндылығы жан тебіrentетін білгірлікте. Батыр тек қана еуропалық және ресейлік әскери ғылыммен, әскери өнерге сүйенбейді, өз ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрлеріне арқа тірейді. «Білек бірді жығады, ақыл-айла мыңды жығады», «Ер намысы – ел намысы», «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» секілді аталарымыздың ұшқыр сөздерін Бауыржан Момышұлы орынды пайдаланған. Сондықтан батырдың өсиеттері қазақ жауынгерлеріне өте жақын, ойларына азық, бойларына қуат беріп тұрады. Мұндай харизматикалық және тәжірибелі адамның кейінгі ұрпаққа айтары бар еді. Әскери проза Бауыржан Момышұлының жеке басынан өткен оқиғалар мен естеліктерден шабыт алады. Ол қызмет ете бастаған кезінен-ақ шыға бастады, 1955 жылы ол әдеби жұмыспен толықтай шұғылданды. Өткір ақыл мен шындықты айту әдетін бойына сіңірген Бауыржан Момышұлы өз замандастары туралы жазды, балалар туралы әңгімелер жазды, мақалалар жариялады. Көрнекті жазушының орыс және қазақ тілдерінде жазып қалдырған «Бір түннің тарихы», «Ұшқан ұя» сияқты алғаш шыққан кітаптары мен одан кейін жазылған «Мәскеу үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан» сияқты өзге де көптеген шығармалары оқырман жүрегіне жол тауып, көпшіліктің іздеп оқитын кітаптарының біріне айналды. Бұл шығармалардың барлығы да көптеген елдердің тілдеріне аударылып басылды. (2)

«Біздің отбасы»-бұл кітапқа ұлттық қаһарманның әскери оқиғалар туралы ғана емес, оның өмірі туралы әңгімелері мен әңгімелері енгізілген. Оқиғалардың шынайылығы мен деректілігіне баға беру қиын. Бауыржан Момышұлы өзінің балалық шағы, әжесі мен әкесі туралы толық айтып берді. Міне, жазушының сөздерінің бірі:

«Әкемнің әңгімелері бойынша мен ескі стиль бойынша жиырма төртінші желтоқсанда бір мың тоғыз жүз он қыста дүниеге келдім. Әкем ол кезде Әулие-Ата қаласында болған. Менің туылған түнімде атам барлық бағыттарға, соның ішінде менің әкеме де хабаршылар жіберді.

«Соғыс психологиясы». Бауыржан Момышұлының шешендік сөздер мен шешендік сөздер жинағы бізге ұлы адамның ойлау психологиясын түсінуге мүмкіндік береді. Кітап беттерінде жазушының соғыс және елдегі жағдай туралы пікірлері жақсы ашылған. Міне, командирдің жазғаны: «Соғыс - бұл жеке және уақытша, бірақ адам өміріндегі ең маңызды құбылыс. Ол көптеген жылдар бойы өз Отанының тағдырын, өз халқының тағдырын шешеді». Тарихқа ену үшін және сол кездегі өмірді жақсы түсіну үшін осы жолдарды оқыған жөн. Бауыржан Момышұлы тек кітаптармен ғана танымал емес. Батыр туралы «Қазақтың Бауыржаны» фильмі оның шығармалары негізінде құрылды. Ол туралы деректі фильмдер мен сериалдар түсірілді. Мұндай ұлы адам біздің жерлесіміз Бауыржан Момышұлы болды. Ерік-жігері мықты, қиын мінезді және жарқын болашаққа сенетін адам. (3)

Бауыржан Момышұлының 2004 жылы «Жазушы» баспасынан қос томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Жинақта «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас», деп аталатын туындылары қамтылған. Бұлардың әрқайсысы өзінің жазылу мерзіміне қарай орналастырылыпты. «Қанмен жазылған кітаптан» басқа туындыларының бәрі де бұрын-соңды оқырман қауымға танымал шығармалар болуы себепті, әрі жазылу мерзіміне қарай екінші томға орналастырылған. «Ұшқан ұя» туындысы Бауыржан Момышұлының орыс тілінде «Наша семья» деген атпен жазылған алғашқы көлемді шығармасы болатынды. Бұл шығарма мазмұны мен көркемдігі жағынан жоғары бағаланып, Абай атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік

сыйлығын алды. Ал «Москва үшін шайқас» деп аталатын туындысы орыс және қазақ тілінде жазылған, әрі Баукеңнің майдан төрінен оралмай қалған қанды көйлек майдандас жауынгерлер тағдырын суреттеумен ерекшеленетін айрықша мәні бар шығармасына айналып үлгерді. Қазақ халқының «Ақын елдің еркесі, батыр елдің серкесі» деп ақын мен батырды айрықша қастерлейтін дәстүрі бар. Ұлы Отан соғысында қазақ халқының ұлттық батырына айналған Бауыржан Момышұлы бұлтта ойнаған жасындай Москва түбіндегі шешуші шайқаста қапияда ой тапқан, қараңғыда жол тапқан, ерен ерлігімен даңқы әлемге жайылып, аты аңызға айналған бірегей қолбасшы ретінде танылды. Баукеңнің «Москва үшін шайқас» кітабын жазуға атақты «Волоколам тас жолы» кітабының авторы А.Бектің Баукеңе арнап жазған өлеңінің мына бір жолдары себеп болады:

Кейіпкерін пешкі мен ноқаттардай жайылтты,
Ал мендегі геройлар алға тартпақ тарихты.
Өр көкірек ақымақ! Үнің неден тарылды?
Шейіттерді қастерле! Нанға сатпа арыңды!
Қасиетті құрбандар жанын қиды ар үшін,
Қойсам деймін ескерткіш, бұл солдаттық парызым»-

дегеннен Баукеңнің айбарлы үнін есіткендей боламыз. (4)

Қазақтың Бауыржан Момышұлындай ұлы перзентін таныстырып жату артық. Ел оның ерлігін, жазған кітаптарын біледі. Оның мірдің оғындай қанатты сөздері де халықтың аузында жүр. Сөйтсе де сол сөздерді жүйелеп жинақтаса, ол жаңа бір сипатқа еніп, халқымыздың батыр ұлының абыздық қырын аша түсер еді. Бұл ретте Бауыржан Момышұлының даналық сөздерін келтіріп кетуімізге болады: ер өледі, ел қалады; есімі ел жүрегінде сақталған ер ғана бақытты; ел қорғау жолында ерлікпен өлген ерлердің жазығы жоқ; ақылдың артықтығы, кеңестің көптігі жоқ; бір жаралыға жәрдем беріп, оны аман алып қалған жауынгер – он ұл тапқан анадан артық; өлімнен қорқуға болмайды; еңбекке қабілеттіліктен айырылудан қорқу керек; өтіріктің балын жалап тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық; ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті.

«Туады ерлер, ел үшін»

Өлмейді ісі мәңгілік,

Өшпейді абзал есімдер.

Ұрпаққа жетіп мәңгілік

Кетпейді естен асыл ер, – деп, ақ жалын ақын Жұбан Молдағалиев жырлаған.

Баукең әскери өнерді шарықтау шегіне жеткізе игеріп, меңгерген шығыс арасынан шыққан санаулы сардарлардың төбесінен қарап оқшау тұр. Баукеңнің шығармаларын мұқият оқысаң, көзің осыған көп ұзамай жетеді. Әрине, Баукең қалдырған асыл мұраның бәрін жүйелеп, саралап, ғылыми түрде зерттесең, талай диссертацияға тақырып болар еді. Әскери ғылымға қосқан еңбектері мұрты бұзылмай жатыр. Қанмен жазылған «Артымызда Москва» шығармасы – жер шарына қазақ деген сарбаз халық бар екенін паш еткен, ешқашан ескірмейтін киелі кітап. Соғыс, ерлік, жауынгерлік борыш, жанқиярлық, Отансүйгіштік туралы сан мыңдаған кітаптар жазылды. Қиян-кескі шайқастарға қатысқандар да жазды, соғысты кітаптан оқып, кинодан көргендер де жазып жатыр. Бірақ солардың бәрі Александр Бектің «Волоколамское шоссе» (қазақшаға «Арпалыс» деп аударылған) романының көлеңкесінде қалып қояды. Себебі, бұл шығарма Ұлы Отан соғысындағы басты шайқастың тарихы, жаны алқымға тірелген жауынгердің жан дүниесінің, күйзелісінің соққы берер жұдырыққа айналуының жыр-дастаны, масайраған арам пиғылды жауызды жер жастандырып, жаншудың шынайы көрінісі, қайғы-қасіретті қажыр мен жігерге жеңдіру – жеңіске апарар сара жолдың басты кепілі екендігіне көз жеткізген көсем туынды. Бұл романды осы деңгейге жеткізіп тұрған, әрине, оның басты кейіпкері - Бауыржан Момышұлы. Роман авторы А. Бек бас кейіпкер арқылы қазақ халқын жорықта алдына жан салмай, бес қаруын сақадай сай ұстайтын жауынгер етіп көрсеткен. Шығарма ә дегеннен «В этой книге я всего лишь добросовестный и прилежный писец» деп басталады. Соған қарағанда қаламы ұшқыр жазушы, ойы отты, сөзі жалын, ары таза, намысы өткір, мақсаты баянды, арманы асқақ, ісі адал, өзіне де, өзгеге де қатал, көргені көп, түйгені мол екенін мойындайды. А. Бек қайрақ бола білді, Баукең қазақтың қайқы қылышы болды, қайраған сайын жүзі өткірлене беретін. Баукең тізеден қан кешіп, бораған оқтың арасында өлім мен өмір арпалысып, аспан айналып, жер төңкеріліп жатқанда да өз ұлтының болашғынан үмітін үзген емес. Соны А.Бекке жаздырды, жазушы аянып қалған жоқ. «Волоколамское шоссе» қазақ ұлтының, осы халықтың 20-ғасырдағы

Бас батыры- гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының төл құжаттарындай әлемді шарлап кетті. Осы мәңгілік ескерткіштің іргетасын қалаған, әрине, қазақтың ұлы перзенті Бауыржан Момышұлы.(5)

Әдебиет

1. Чистяков И. М. Біз Отанға Қызмет Етеміз. – М.: Воениздат, 1985, 70 бет.
2. Бақытжан Момышұлы әкесінің атымен. роман-эссе. – Алматы: Жалын, 1991
3. Әшімбаев д.р. Қазақстанда кім бар. – Алматы, 2012.
4. Аты аңызға айналған батыр: Кеңес Одағының Батыры Бауыржан Момышұлының туғанына жүз жыл толуына орай. Құжаттар, мұрағаттық материалдар, естеліктер. – Мәскеу: Ленон, 2010. - 415 б.; ISBN 5-89711-018-2.
5. Егембердиева Ж. Өмір-аңыз: роман-Б. Момышұлы туралы эссе]. – Алматы: Жазушы, 1990.

ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІКТІҢ КИЕСІ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ –ТАУ ТҰЛҒА

Байкабылов У.

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институтының аға оқытушысы

Елдік пен ерліктің киесіндей, батырлық пен батылдықтың иесіндей, асылдық пен жасындықтың үлгісіндей аты аңызға айналған баһадүр батыр Бауыржан Момышұлы – тау тұлға. Ол кісінің өмір жолы, сұрапыл соғыс жылдарындағы жанқиярлық ерлігі, өжеттігі мен өрлігі, алғырлығы мен көрегендігі – біле білгенге ұлы тәрбие, үлкен өнеге мектебі. Батыр Бауыржан Момышұлы – алмас қылыштай өткір де қайсар, дана да данышпан, шешен әрі ақын, «сөз қадірін өз қадірі, өз қадірі ел қадірі» деп бағалаған айбынды азамат. Осынау дара тұлғаның бүкіл саналы ғұмыры, ғибратқа толы істері, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөздері, терең мағыналы ойлары әркімнің көкейінде. Бауыржан Момышұлы – адамгершіліктің, азаматтықтың, патриоттықтың, имандылықтың символы, көркем бейнесі іспетті. Батыр атамыз Бауыржан Момышұлы жеке басы ойшылдығымен, отаншылдығымен, ұлтжандылығымен, қаһармандылығымен, дарындылығымен, жоғары адамгершілік қасиеттерімен елеулі. Баукең – әлем халқының ортақ перзенті дәрежесіне дейін көтерілген азамат.

Бауыржан Момышұлы – соғысты өз көзімен көрген жазушы. Ол – суреткер. Батыр Бауыржанның айтар ойы, жазар тақырыбы – соғыс шындығы. Ол өз шығармасының кейіпкері, өзінің образдарымен тұтасып кеткен тұлға. Барлық оқиғалардың бел ортасында өзі болғандықтан автор әңгімені өз атынан айтады. Ол сырт бақылаушы емес, белсенді қатысушы.

Қазақтың Бауыржан Момышұлындай ұлы перзентін таныстырып жату артық. Ел оның ерлігін, жазған кітаптарын біледі. Оның мірдің оғындай қанатты сөздері де халықтың аузында жүр. Сөйтсе де сол сөздерді жүйелеп беріп, жинақтаса, ол жаңа бір сипатқа еніп, халқымыздың батыр ұлының абыздық қырын аша түседі.

Соғыста 207 рет шабуылға шығып, бірнеше рет жараланып тірі қалғаны, өмір бойы ешкімге бас имей тек өз ар-намысының ғана құлы болғаны, халқының қамын ойлап, болашағы үшін күресіп өткені, өмірдегі өзі арқалаған ауыр жүгін, қоғам алдындағы өз парызын терең түсінгені – осының бәрі Баукең шығарған қанатты сөздердің қайнар бұлағы. Баукеңнің нақыл сөздеріне айналған, оның басынан кешкен жайттары ғана емес, өмірден көріп білгені, көкірек-көңіліне түйгені, жүрегіне ұялағаны, қоғамға, болашаққа деген ой-пікірлері.

Ал бұл ойларды жинақтап, мақал – мәтел деңгейіне дейін көтеріп, болашаққа өсиет ретінде жазып қалдыру – тек Бауыржан Момышұлы сияқты талантты тұлғаның ғана қолынан келетін іс.

Батырдың өсиет сөздерінің көбі Ұлы Отан соғысы кезінде орыс тілінде жазылған, себебі бүкіл Совет Армиясының командирлеріне арналған. Қазіргі уақытта бұл өсиеттер екі тілде де қолданысқа ие. Батырдың артына қалдырған өсиет сөздерін топтай келе, тақырып жағынан ауқымы кең екендігіне көз жеткізуге болады «Елім» деп еңірген ер ұлт, Отан, өмір, батылдық, тіл тағдыры, еңбек, оқу-білім т.б. тақырыптарда өзінің дара, дана ойын жеткізуге тырысқан. Осы өсиет сөздерінің ішінде көбірек қалам тербегені қолбасшылық, сардарлық, әскери борыш жайында жазылған афоризмдері екен.

Батырдың өзі, сегіз қырлы бір сырлы «ел деп еңіреген ер» болғандықтан, бар білгенін, бар тәжірибесін өсиет ретінде артына қалдырған. Бұл өсиеттердің зор құндылығы жан тебіренетін білгірлікте. Батыр тек қана еуропалық және ресейлік әскери ғылыммен, әскери өнерге сүйенбейді, өз ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрлеріне арқа тістейді. «Білек бірді жығады, ақыл-айла мыңды жығады», «Ер намысы – ел намысы», «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» секілді аталарымыздың ұшқыр сөздерін Бауыржан Момышұлы орынды пайдаланған. Сондықтан батырдың өсиеттері қазақ жауынгерлеріне өте жақын, ойларына азық, бойларына қуат беріп тұрады..

Қанатты сөздер жайдан-жай тумайды және оны айтып қалдыру кім болса соның қолынан келе бермейді. Ол үшін ғұлама, терең ойшыл, үлкен философ, ақынжанды және өз басы күнделікті күйкілдің өмірден жоғары тұратын ірі тұлға болуы керек. Бәукең, міне, сондай адам. Ол кісінің нақылдары сан алуан тақырыпқа арналған: соғыс және бейбіт өмір, тәртіп пен тәрбие, парыз бен қарыз, тіл мен әдебиет, салт пен дәстүр, тағы сол сияқты болып жалғаса береді. «Намысты нанға сатпа», «Ердің туы – намыс». «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тіке тұрып өлген артық», «Ұшқынсыз от тұтанбас», «Өзін сыйламаған басқаны сыйлауға қабілетсіз», «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды», «Тіл тазалығы үшін күрес ешқашан толастамақ емес» т.б. сөздері жастың да, кәрінің де санасында жатталған ұлағатты сөздер.

Қазақтың сүт бетіндей қаймағы бар,
Өзіндік парасатты байламы бар
Баукеңнің ерліктері өз алдына
Елге айтқан әр сөзінің айғағы бар
Батыр, батыл, кеменгер, кемел бабам,
Болмайды ешқашан да төмен бағаң
Талай жыл, талай ғасыр өтсе – дағы
Ерлігінді ұмытпас келер қоғам.

Бауыржанның даңқы, рухы өзіне керек емес, ол бізге, ұлтымызға, келер ұрпағымызға керек. Баукеңнің даңқымен, рухымен, дана өсиет сөздерімен тәрбиеленген ұрпақ осал ұрпақ болмайтыны айдан анық.

Маңдайдағы наркескеннің өзісін
Ерлігіңмен, өрлігіңмен ірісін,
Халқыңменен біргесін сен, жан ата
Ұмытылмайды өнегелі ұлы ісін

Қорыта айтқанда, Бауыржандай алыбымызды ардақтай білейік, ұлтымызға ұран болған ұлы тұлғамызды ұлықтай білейік. Тек қана қара дүрсін сөзбен емес, Бәукеңнің атын дәріптейтін игі істермен, тиянақты тірліктермен дәлелдеуге тырысайық.

Аннотация: Батыр Бауыржанның айтар ойы, жазар тақырыбы – соғыс шындығы. Ол өз шығармасының кейіпкері, өзінің образдарымен тұтасып кеткен тұлға.

Аннотация: Основная тема Батыра Бауржана - реальность войны. Он герой своего творчества, человек, интегрированный с его образами.

Annotation: The main theme of Batyr Baurzhan is the reality of war. He is the hero of his work, a person integrated with his images.

Әдебиет

1. Қалдыбай Мамытбек. "Мен - халқымның Бауыржанымын" / Қалдыбай, Мамытбек. - Алматы, 2013. – 400 б.
2. Қаһарман Бауыржан Момышұлы, 1910-1982: Фотоальбом / ҚР БҒМ. Р.Б. Сүлейменов атынд. Шығыстану ин-ты. - Алматы: Өнер, 2008. – 196 б.
3. Момышұлы, Бауыржан. Қанмен жазылған кітап / Момышұлы, Бауыржан; Ауд.: М.Қазыбек. - Алматы: Полиграфкомбинат, 2010. - 348 б.
4. Момышұлы, Бауыржан. Қолбасшының күнделігі - Дневник командира / Момышұлы, Бауыржан. - Алматы: Маматай, 2006. - 88 б.
5. Момышұлы, Бауыржан. Майдан: Ұлы Отан соғысы туралы әңгімелер мен очерктер / Момышұлы, Бауыржан, Сеитов, Сағынғали. - Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. – 402 б.
6. Момышұлы, Бауыржан. Москва үшін шайқас / Момышұлы, Бауыржан. - Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 244 б.

«ӨЗІ БАТЫР, ӨЗІ ҚАЙСАР – ДАРА ТҰЛҒА, НАР ТҰЛҒА...»

Мырзахмет Л.Т.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери-тарихи музейі,
Музейдің ұйымдастыру жұмыстары бөлімшесінің мұрағатшысы

*«... Табиғат көп көріп, көп тыңдау үшін екі көз, екі құлақ берді.
Ал, аз сөйлеу үшін бір ғана ауыз берді»*

Он сегіз мың ғаламды жаратқан Алланың құдіретіне таң қалмайтын жаратылыс аз емес. Жыбырлаған жәндік пен қозғалмайтын тастың да, қиыршығына сан жетпес құмның да, сыбдырлаған жапырақтың да екі жағы болады. Екеуінің де маңызы зор. Бір-бірімен алма-кезек ауысқан күн мен түннің де, жарық пен қараңғының, сол сияқты ақ пен қараның да бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар екені де даусыз. Бұл үрдіс бірімен-бірі алмаса келе, орындарын ауыстыра келе қоғамда да, сол қоғамның мүшесі әрбір адамның өмірінде де өзінше қайталанбас үрдіс туғызады. Адамзат тарихының аумалы-төкпелі болып құбылатын кейбір тұстары, қайғылы оқиғалар мен сұрапыл соғыстар да осының бір дәлелі. Мұны ұмыту сірә, мүмкін болмас. Батыс философиясының негізін қалаушы ежелгі грек философы Сократ – «Өлімді білмей тұрып, одан қорқу қисынсыз сияқты» – дейді. Рас. Адамзат тарихындағы соғыстардың ішінде ең қасіреттісі – екінші дүниежүзілік соғыс. Аталарымыз бен әкелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлығы арқасында өліммен бетпе-бет келіп, ұрпағына бейбіт өмір сыйлады. Ойда жоқта басталған соғыс жағдайында Мемлекеттік қорғаныс саласында үлкен міндеттер тұрды. Олар армияны қару-жарақ және оқ-дәрімен, қажетті құралдармен қамтамасыз етуі керек болды. Сол кезеңдегі бірнеше, тіпті мыңдаған ғылыми орталықтар өз жұмыстарын қайта құрып, соғыс жағдайындағы бағытқа ден қойды. Қаламын қаруға айырбастап, майданның алдыңғы шебіне ұмтылған жазушы Батыр Бауыржан Момышұлының соғыс жылдарындағы өмірі мен соғыс жылдарынан кейінгі еңбектері тарихымыздың алтын беттері.

Отты жылдарда қан кеше жүріп, болашаққа аманат ретінде қалдырған жазушының әрбір еңбегі жастарды патриотизмге, ерлікке, адамгершілікке тәрбиелейтін өнегелі өмір мектебі болары анық.

– «Соғыс – адам өміріндегі жан түршігерлік оқиға. Тылда адам соғыс туралы ойша елестетіп қана жүреді. Соғыстың ішкі мән-мазмұнын кинодан да, театрда да көре алмайсыздар. Әскерсіз – қолбасшы қауқарсыз» – деген Бауыржан Момышұлының ерлік істері, оның соғыс қимылдары жөнінде жазып қалдырған еңбектері мен естеліктері ерлік пен елдіктің үлгісі болып қалды. Баукеңнің ерліктері жөнінде осы уақытқа дейін көптеген еңбектер жазылды. Олардың ең танымалдарының бірі белгілі орыс жазушысы Александр Бектің «Арпалыс» («Волоколам тас жолы») повесі. Бұл кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылған. Бауыржан Момышұлы туралы шығармаларды қазақ жазушылары да көп жазды. Ол туралы түсірілген фильмдер де жеткілікті. Осындай танымал тұлғаның өзгелерге айтары, кейінгі ұрпаққа қалдырары аз емес. Оның соғыстан кейінгі жылдары айналысқан шығармашылық жұмыстары, орыс және қазақ тілдерінде жазып қалдырған «Бір түннің тарихы», «Ұшқан ұя» сияқты алғаш шыққан кітаптары мен одан кейін жазылған «Мәскеу үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан» сияқты өзге де көптеген шығармалары оқырман жүрегіне жол тапты [1].

Баукеңнің тырнақалды тұңғыш очеркі Жуалы ауданының «Социалистік мал шаруашылығы» деген газетінде «Тау сағыз бен көк сағыз» деген атпен жарияланды. Осы очеркінің өзінде-ақ сөз саптауы келешектегі жазушының болмысын бере алды. Мұндағы «Тау сағыз бен көк сағыз» дегені не сонда? Бұрын елде резіңке деген бұйым тапшы болған. Сол кезде біздің жақтың басшылары еңбекшілерге бір арнайы шөп өсіртіп, содан резіңке айыратыны жөнінде баяндайды. Оның жазбаларының басым бөлігі орыс тілінде жазылуымен ерекшеленеді. Көркем шығарма болсын, тарихи-деректі дүние болсын, қазақ және орыс тілінде еркін жаза білетін.

Анасының (Рәзия) құрсағына біткен кезде әкесі Момыналы түс көреді. Түсінде балаға «Бауыржан», «Тәуіржан» деген аттарды қою керектігін ескертеді. Әкесі ояна сала алдымен айтылды ғой деп «Бауыржанды» қояды. Демек, Батырдың тумысынан ғана емес жаратылысынан ерекше жан болғанын көреміз.

«Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ұл болмайды» деген сөзі азаматтық әрі әскери талап тұрғысынан айтылған сөз. Бауыржан Момышұлының соғыс кезіндегі әскери қимыл барысында да, бейбіт кезде де әрдайым темірдей тәртіпті ұстанумен өткен. Тіпті, өзі туралы жазамын деп келген Александр Бекке – «Бірауыз өтірік қоссаң қолыңды кесемін!» – деп талап қойғаны оның шыншылдығы мен тәртіпке қашанда беріктігі.

Кішкентай кезінде оның сүйікті қозысы болған. Қонақ келген кезде үлкендер сол қозыны соймақшы болғанда қатты қарсыласып, қошақанды пышаққа қимаған. Үлкендер қарсыласқанына қарамай, қонаққа тарту етеді. Оған қапаланған бала Бауыржан жылап-жылап ұйықтап қалғанында үйдегілер оятып – «Тұр, Бауыржан. Өзіңнің сүйікті қошақаныңның еті пісті пісті. Тұр. Жей ғой» – дегенде кішкентай болса да қағидаға қатып қалған бала жемек түгілі, етінен ауыз да тимей қойған. Бұл Бауыржанның «Ұшқан ұя» кітабында баяндалады. Міне, Борандыдағы бала Бауыржан мен бүгінде әскери тактикасымен әлемге мәшһүр болған қаһарман Бауыржанның ұяда көрген көрген, ілген тәлімі, тәртібі осындай.

– «Біздің жүрегіміз темір емес. Бірақ біздің кек отымыз қандай темірді болса да ерітіп, күйдіріп жібере алады... Біздің үрейді жеңетін ең күшті қаруымыз бар, ол – Отанға деген сүйіспеншілік. Соғыста ең құдіретті қару танкі де, зеңбірек те емес, ол жауынгердің жан азығы. Ал, жан азығы деген сарбаздың туған халқының тілі, тарихы, әдебиеті. Міне, сонымен сусындаған жауынгердің ұлттық мақтанышы оянады. Ұлттық мақтаныш рух көтеріп, ерлікке бастайды» – дейді Батыр. Берісі Кеңес Одағы, арысы Бостандық аралы, яғни Кубаға дейін даңқы жер жүзін шарлап кеткен біртуар Бауыржан Момышұлы, сөз жоқ, батырлығына қаламгерлігі сай тарихи тұлға.

«Соғыс психологиясы» еңбегі Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі бай әскери тәжірибеге баса мән берілген, көпшілігі бүгінгі таңда әлі де өзінің мәнін жоймаған кейбір әскери өнер мәселелері қарапайым және түсінікті тілде баяндалатын, соғыс алапатының барлық жойқын ауыртпалықтарын мойнымен көтеріп жүрген қарапайым сарбаздарының ерліктерін қағазда қалдыру, әділет жолында олардың рухының алдында тағзым етуге үндейді. Кітапта автор оперативтік соғыс өнері және тактикасының рөлі мен орны, ұрыстың қорғаныс және шабуыл ерекшеліктері, әскери айла қолдану, әскери тәртіп, патриоттық тәрбие, сарбаздар мен офицерлерді оқытып – үйрету мәселелері зерделенеді. Куба, Никарагуа, Израиль, Польша, Венгрия, Чехия мен Словакия сияқты бірқатар шетелдердің әскери оқу орында тактика пәнінің оқулық, жас сарбаздармен жұмыс жүргізуде тәрбие құралы есебінде пайдаланылады. Израиль әскери училищесінде «Соғыс психологиясы» әскери-теориялық мұра ретінде арнайы пән бар, офицер лауазымын алардан бұрын курсанттар сол пән бойынша сынақ және емтихан тапсырады. «Соғыс психологиясы» жастарға арналған баға жетпес құнды дүние. Соғыс куәгерінің әңгімесі патриоттық рух, қайтпас жігер, табандылық пен ерлік, аға ұрпақтың батырлық өнегесіне тәрбиелейді, соның лайықты жалғастырушысы болып, қасиетті әскери дәстүрді арттыра түсуге жетелейді.

22 жасында әскери қызметті қатардағы жауынгерден бастап, 5 мың басы (дивизия командирі) болу дәрежесіне дейін жеткен Бауыржан Мәскеу үшін шайқаста 207 рет ұрысқа кіріп, қолына түскен қағазға ою ойып, сурет салатын болған. Артында бір-біріне ұқсамайтын 70-ке жуық оюы сақталған екен. Өзінің еңбек жолын ұстаздықтан бастап, бастауыш сыныптарға сабақ беріп, банк экономисі қызметін атқарған. Құралайды көзге атқан мерген, турникке тартылу және басқа спорт түрлерінен де шебер. Ат үстінде қылышпен өнер көрсетудің шебері, шабандоздығымен, атбегілігімен аты шыққан. Әсіресе, қарамағындағы жауынгерлерді соғысқа тәрбиелеуде өте озық тәжірибе көрсеткені батыр да, қайсар тұлғаның көпшілік біле бермейтін қырларынан хабар береді.

...Арабтың «Сөздің тілінен істің тілі шешенірек» – деген мақалында үлкен астар бар. Соғыс жылдарынан соң да қолындағы қаламын тастамастан қазақ тілінің болашағына алаңдап, азулы Кеңес заманының өзінде жазып, айтып кеткен. Өз басым басқа, басқа Батырдың соғыс кезінде жүріп қазақ тілінің қолданысы мен болашағы туралы айтқан жазған мақалаларынына тәнті болам. Одан бөлек сұрапыл қан майданда жүріп, қым-қиғаш оқ пен оттың арасында отырып, күнделік жазу мына бейбіт заманда байыз тауып, уақыт тауып отыра алмайтын бізге асқан үлгі.

Оның соғыс кезіндегі ұрыс жүргізудегі әскери шеберлігі, тапқырлығы мен жеке басының ерен ерлігі ерекше көзге түсіп, батырлық даңқы аңызға айналған. Батырдың қаламынан туған көркем шығармалар бірнеше шетел тілдеріне аударылып, өзінің туындыларын орыс-қазақ тілінде бірдей жазған.

*Найзадан қол босаса қалам алдым,
Толғанып оқиганы көп ойландым.
Тырмысып әл келгенше көргенімді,
Жалтақтамай, именбей ашық жаздым.*

Отырсам көп ойланып күнім жақын,
Әр адам біле бермейд сөздің парқын.
Ұрпаққа арнап істелген адал еңбек,
Ақ ниетпен ұсындым саған, халқым.
Жазушы болмаған соң менің затым,
Көркемді, жұмыр емес жазған хатым.
Салмақтайтын саналы ер табылса,

Атаусыз неге қалсын менің атым, - дейді Батыр өзінің «Ескертпе» деген өлеңінде. Ол өзінің сұрапыл соғыс жылдарында қазақпен, елмен жаны бір екендігін мойындатқан тұлға. Соғыста жүрген жылдардың өзінде «Қазақ тілін дамыту» туралы мақаласы назардан тыс қалған жоқ. Ресей империясына бодан болған замандарда қазақтың ана тілінің жойылуға шақ қалғанын білеміз. Ол кездерде ұлт туралы, дәстүр туралы, тіл туралы ой толғау мүлдем мүмкін емес еді. Бірақ, жанын шүберекке түйіп, ұлтының баға жетпес байлығынан айырылып бара жатқанын айтып қалу үшін шындықты жеткізген батыр, ержүрек арыстарымыздың бірі де осы Бауыржан Момышұлы. 1944 жылы Гвардия полковнигі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Әбдіхалықовқа жазған хатында мектептер мен барлық оқу орындарында қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақ тарихы міндетті сабақ болуы керектігін тілге тиек етеді. Сондай-ақ, радио мен газет беттеріндегі жарық көрген, халыққа жеткізілетін хабарлардың да ана тіліміз қазақ тілінде болуын сұрайды. Сол тұстағы қазақ тілі жайлы – «Дөрекі, икемсіз, топас, кедей тіл... Онымен айтайын деген ойыңды, пікіріңді, еркін айта алмайсың...» деген пікірімен келіспейтіндігін ашық жеткізеді. Тілді қалпына келтіру барысы қатал қолға алынса дейді. Әрбір қазақ баласының өз тілінде білім алып, елдің дамуында да қазақ тілінің шұбарланып кеткенін қынжыла жазады. 1938 - 1942 жылдан бері жыл сайын шығарылып келе жатқан Қажым Жұмалиевтың орта мектепке оқу құралы есебінде, халық ағарту комиссарының ұсынып отырған «Әдебиет теориясы» деген кітабындағы сорақы аудармалар мен берілген түсініктемелерді де сынға алды. Кеңес дәуірі тұсында тілдің көпе-көрнеу бұрмаланып, орыстану саясатының қасақана жүргізілуі жанға батты. Ол кездегі саясат бойынша коммунизмге жету үшін барлық халықтың бір тілді болуы басты шартқа айналып, орыс тіліне ерекше мүмкіндік берілді де, орыс тілін игеру баршаға бірдей міндетті болғанын бәріміз білеміз. Нәтижесінде, қазақтардың өз тіліне, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына немқұрайлы қарау құбылысы байқалды соғыс кезеңінен кейін де белең алды.

...«Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе?! Мен әскери адаммын – тіл мәселесі туралы араласарлық жөнім жоқ сияқты, бірақ та, айтылған мәселелер халқымыздың жауынгерлік мінез-құлқын тәрбиелеу, салт-сана, ел намысы, ер намысына, адамгершілік арына, жауынгерлік мұра-дәстүріне ерекше байланысты болғандықтан, көріп, біліп, сезіп тұра айтпағанымды өзіме үлкен ар, кешпес күнә деп түсінгендігімнен жазып отырмын» десе, енді бір сөзінде: – «Қазақ тілі еш уақытта өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге жегізбегендігі мыңдаған жыл тарихында айқындалған емес пе еді?! Барлық өткен заманның, халық тәжірибе, қасиеттерін, ғылыми-мәдениетін, өнеркәсібін бойымызға тарата сіңіріп, жағдайды толық түсіндіріп, ұғындыра, ел қатарына қосып, бізді бұл дәрежеге жеткізіп отырған алдымен тіл емес пе?! Соғыста ең күдіретті қару танкі де, зеңбірек те емес, ол жауынгердің жан азығы. Ал, жан азығы деген сарбаздың туған халқының тілі, тарихы, әдебиеті. Міне, сонымен сусындаған жауынгердің ұлттық мақтанышы оянады. Ұлттық мақтаныш рух көтеріп, ерлікке бастайды [6]. Сондықтан республика мектептерінде, жоғары оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиетін, тарихын жаппай оқыту керек».

*[Бауыржан Момышұлының 1942-1944 жылдар аралығында
Республика басшыларына жазған хатынан үзінді].*

1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан Бауыржанның біржола шығармашылық жұмыспен айналысқаны әдебиет саласына көптеген үлес қосқан тұсы еді.

Бауыржан Момышұлы – әкери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға [5]. Бауыржан Момышұлының өзінің майдандағы қанды көйлек досы Д.Снегинмен өз қолжазбаларының келешек тағдыры туралы әңгімесінде: “Мен саған күллі қағаздарымды қалдырамын. Кейбіреулерінде табу (тыйым) белгісі; бастыруға болмайды. Бірақ мен тиісті кезінде білдіремін – тіпті, ол дүниеден де – “сәті келді, бәрін де жарияла, тіпті “ұмыт” деп әмір еткен нәрселерімнің өзін де жарияла деймін”, – деген екен. [8]. Батыр тұлға жайлы, оның еңбектері жайлы айтылатын, баяндалатын жағдаяттар да аз емес. Солардың бірі белгілі жазушы, зерттеуші Герольд Белгер былай дейді: «Бауыржанның жігерлі мәтіндерінен, аса қатал шындық

сөздерінен, өткір ойларынан, нәзік байқампаздығынан, афоризмдік дана нақышты сөздерінен қаның тасиды, жаныңды толқу сезімі шарпиды, жанды үн қату, үндеу оқырманның қалғыған санасын оятады», – дейді. Қайсарлық – бұл Баукеңнің мінезіндегі ерекше қасиеті. Ең үлкен бақыттың бірі – Отанына, еліне, халқына қадірлі болу. Қайсарлығымен көзге түскен ұлы тұлға ел-жұртын жаудан қорғап, халқының қамын ойлап, елі үшін ерекше еңбек сіңірген ерлігімен көзе түсіп, даңқ пен абыройға кенеліп, халқының сүйіспеншілігіне бөленген. Аса кастерлі, мәртебелі, биік тұлғасымен танылып, туған ұлты үшін ұран салып, ұлт намысын таптатпай, тілін жоғалтпауына барынша күш салған айбынды батыр – «Қымбат сөз қысқа қайырылар» дегендей, ойын да, пікірін де, тілге қатысты ұстанымын да ешбір өзгертпеген. «Көз жетпегенге – ой жетпейді, Тіл жетпегенге – үн жетеді» [7]. Иә, адамның адамдығы сол қасиетін жоғалтпағандығында. Әрбір жан Ана тілімен ғана бақыт тауып, берекелі болады. «Күл былғаныш болмайды. Ақырына дейін жанғанда ғана күл қалады. Лаулай алмай бықсып түтіндегенде көмір күйе қалады. Шала жанған заттың ауыр иісі болады, күлдің иісі таза, әрі мұнды...». Баукеңнің кемел ойы – қазақ баласының бықсып, күлге айналмай, лаулап жанып, барын да, тілін де жоғалтпағаны... Демек, ұрпағымыздың адаспай, асылы мен байлығы – тілін ардақтап, тұлға ретінде қалыптасуы үшін сіз бен біздің тер төгуіміз қажет [8].

*...Сағынғанда өз тұлғанды – қайталанбас тау сынды,
Жылдар өтіп бүгін қайта есіткендей даусыңды.
Шашысына шаң жұқпаған тұяғысың тұлпардың,
Қанаттары ұшқан сайын қатаятын сұңқардың... [9].*

Гүлзина Шерімбетова
ақын, әдебиетші

Өзінің өмір жолында аударма, өлең, әңгімелер, роман, толғау, мөлтек сырлары, әскери теориялық жазбалары, естеліктері пен күнделігі секілді шамамен 180-нен астам туындыны артына мұра етіп қалдырып кеткен өзі батыр, өзі қайсар – дара тұлға, нар тұлғаның есімі тарихтың алтын парағынан ғасырдан ғасырларға өшпей жалғаса бермек.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы айтқандай: – «Тіл мен тарих тамырлас». Демек, ел болып, ұлт болып өз тіліміздің мәртебесін көтеріп, үнемі қолданыс аясын кеңейту арқылы болашақ ұрпақтың көкірек көзі ояу, өнегелі, білімді болып өсуіне септігімізді тигізеріміз сөзсіз. Баукеңнің: «Қазақ тілі сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл» – дегені осының бір дәлелі [4]. Тәжік мақалында айтылғандай «Кім сөйлейді – онда емес әңгіме, Ең бастысы – айтқан сөзі мәнді ме?!» – демекші, сөзіміздің мәнді де, нәрлі, пайдалы да ұғынықты болғаны, айтқымыз келген дүние болашақ ұрпақтың әжетіне жараса біз үшін үлкен жеңіс.

*Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы*

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған! – деп Абай бабамыз айтқандай, Ұлы Жеңіске қаруымен де, қаламымен де үлес қосқан, аты аңызға айналған қаһарман ешқашан ұмытылмақ емес.

Әдебиет

1. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы: 2011 ж. - 880 бет.
2. Әлімбаев М. «Толқыннан толқын туады». – Алматы: 1992 ж.
3. Момышұлы Б. «Ұяда не көрсең» – Алматы: «Жалын» 1988 ж.
4. «Қазақстан Қарулы Күштеріндегі Қазақ тілі». //Бүркіт. №9 (127), 2018 ж.
5. Муханбеткалиев Х.С. «Бауыржан Момышұлы – талантливый военачальник, военный теоретик». – Кокшетау: «РИСК-Бизнес», 2005 г. -38 стр.
6. Биримжанова Б.Б. «Взгляд Бауыржана Момышұлы на мир, звезды и человека». Психологические рекомендации к 95-летию Бауыржана Момышұлы. – Кокшетау: 2005 г. - 52 стр.
7. Момышұлы Б. «Ұшқан ұя». – Алматы: «Санат». 224 б.
8. Ахметова Зейнеп. «Шуақты күндер: Бауыржан Момышұлы туралы естеліктер». – Алматы: «Жалын», 1984 ж.– 176 б.
9. «Легендарный батыр». – М.: «Леном». 2009 г. -416 стр.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ

Құрманова Ж.М.

Қостанай облысы, Жітіқара ауданы, «Пригородный орта мектебі» КММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Мен үшін Бауыржан Момышұлы атамыз (1910-1982) – екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы болып саналады. Туған жері-Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекені.

Біз Бауыржан Момышұлы атамызды көбіне халқымыздың дара туған тұлғасы, кешегі Ұлы Отан соғысының хас батыры, атақты қолбасшы, екі тілде бірдей жазған қаламы жүйрік жазушы ретінде білеміз. Ал нағыз қуатты ағысы тереңде жатқан дария-дарын иесі, рухани ұстаз ретінде Баукеңді әлі толық танып-білгеніміз жоқ. Сондықтан «Бауыржантану» курсы мектепте өткізілсе де артықтығы жоқ. Әсілі, қазақтың арқалы ақындарының бірі Хамит Ерғалиевтің «Баукеңнің телегей-теңіз тағылымы – болашақтың, таяу мыңжылдықтың әңгімесі» деуі тегіннен-тегін болмаса керек.

Бауыржан Момышұлы – жалпы адам баласының, абзал қасиеттері бар азамат тәрбиесін отыз ойланып, тоқсан толғанған парасатты ойшыл жазушы. Ол, әсіресе, ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. Ол оның әрбір шығармаларынан көруге болады. Баукеңнің «Өзінің ұлтын сыйламаған – ұлтын мақтаныш тұта да алмайды, ол, сөз жоқ, арамза, тексіз әрі қаңғыбас» деуі жайдан-жай емес. Оның адами қасиеттер қатарына жатқызатын – ақыл, ар, ерік-жігер, намыс, сезім, парыз, ұлттық рух, ұлттық мінез-құлық, ұлттық патриотизм, ұлттық мақтаныш, т.б. туралы ойлары арнайы зерттеуді қажет етеді. Бұл ойлар арысы Абайдың «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», берісі Мұстафа Шоқайдың «ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігінің болуы мүмкін емес» деген қағидаларымен сабақтасып жатыр. Бауыржан атамыз қазақ қоғамындағы әлеуметтік орталарда орыс тілінің үстемдік ете бастағанын байқаған, келешегін таныған. Бұл мәселенің тұтас халықтың бүкіл тағдырындағы аса күрделі екенін, терең тамырлы келеңсіз көріністің алда ушығып, кері әсер етіп, қазақ халқын өзі сан ғасыр жинаған рухани байлығынан айыратынын ойлап күйзелген. Ол соғыстағы жеңілістен рухани жеңілісті жоғары қойған. Бір соғыста жеңілген келесі бір шайқаста жеңіске жетуі мүмкін. Ал рухани жеңілісте әсте жеңіс бола қоймайды деп санаған. Бауыржан Момышұлы бүйте берсе күндердің күнінде қазақ елінің де тағдыры қыл үстінде болатынын жақсы түсінді. Түсініп қана қойған жоқ, онымен күресті өзінің қазақ ұлтының өкілі ретінде азаматтық борышы санады. Сол үшін хат жазды. «Мен әскери адаммын, – дейді ол, – тіл мәселесі туралы араласарлық жөнім жоқ сияқты, бірақ та айтылған мәселелер халқымыздың жауынгерлік мінез-құлқын тәрбиелеу, салт-сана, ел намысы, ер намысына, адамгершілік арына, жауынгерлік мұра дәстүріне ерекше байланысты болғандықтан, көріп, біліп, сезіп тұра айтпағанымды өзіме үлкен ар, кешпес күнә деп түсінгендігімнен жазып отырмын». Этикетті қатты сақтайтын автор өзінің көзқарасының, түсініктерінің бәрі бірдей дұрыс бола бермеуі мүмкін екенін де ескертеді. Бауыржан Момышұлы тілдің тазалығын сақтаудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөліне ерекше көңіл бөлген. Баукең «елге жақын, барлық жаңалықтарды елге түр-түрлерімен қоғамдық әр алуан арнасынан күнделікті жеткізіп тұратын арнаулы үлгі-насихат құралдары» саналатын сол кездегі қазақ газеттері мен радиосын оқығанда «сөйлем құрылыстарына тіл күрмеленетінін», «тыңдағанда құлаққа суық тиіп, дененді түршіктіретін», қазақ журналистерінің «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» кеткен жан аярлығы молын, жауапсыздығын, ана тілін қадірлемей, қазақша ойлап, үйлестіре сөйлеп, жазуға тырыспағандықтарын қатты сынады. Шығармаларында тіл саласының аса маңызды буыны – термин жасау туралы ойлар да кемел. Ана тілді дамытудың, оны шеттен тіл ауысу арқылы термин жасаудың әлемдік жолын Бауыржан Момышұлы жақсы білген. Ол «тілді байытам деген ақ адал ниеттің негізі, ана тілін толығынан сақтап, жаңалықтарды оның үстіне қосып, дамыту, таныту әбден айқын, әр халықтың тарихында бар арналы жол – нұсқа» деп атап көрсетеді. Барлық сырттан алынған сөздер теріліп, жиналып, әділ билік айтылып, «өзіміздің тіл байлығымызда жоқ, бұрын халқымыздың өмірінде кездеспеген жаңа заттардың аты, сөздер теріліп, жиналып, сөз азаматтығына қабылданып, заңды жүйеге салынуы керек» дейді. Сондай-ақ қазақ тілін орысшамен байытамыз деген «талабы таудай» жігіттер қазақша іркілмей айтатын сөздердің орнына жан қинамай орысшаны жаңбырдай төгіп-төгіп жіберу көбіне әдет болғанын батыл сынап отырып, хатта өзі ұсынған көптеген сөздердің аударма нұсқалары келтірілген. Олар қазір тілімізде солай қалыптасты. Сонымен қатар хатта Ресейдегідей терминологиялық, түсін-

дірмелік, орфографиялық сөздіктер жасаудың қажеттігі атап көрсетіледі. Бұл ойлар сол кез үшін өте өзекті болатын. Бауыржан Момышұлы хатта қазақ тілінің тағдырына қатысты нақты бірнеше ұсыныстар жасайды. Солардың екі-үшеуіне арнайы тоқтай кетейік. Алдымен, 30-жылдардың басынан қазақ тілінің бұрмалануына, бүлдіріле, бұзыла бастағанына әділ баға беріліп, «қазақыландыру мәселесін алдымен қазақтардың өздерінен, тіл жөнін тәртіптеуден бастап, барлық үкімет, кеңсе, ғылым, оқу, өндіріс, өнеркәсіп орындарында бұл мәселені қайтадан әділдікпен көтеріп, қолға алынылуын ұсынды. Алайда бұл принципті мәселе әлі толық шешілмей, осы күнге дейін күнтәртібінде тұр. Сонан соң қазақ тілінің беделін түсіру, бұрмалау, бүлдіру халықтың халық, ұлттың ұлт болуына өте қауіпті, зиянды болғандықтан, тіл білмейтіндер, шүршіт болып кеткендердің орнына «салмақты, саналы, жауапты, қазақ тілінің мүддесін қабырғасы қайыса ойлайтын адамдар тағайындалсын» дейді. Бұл арада әңгіме өз ұлтымыздың өкілдері туралы болып отыр. Осыларды және басқаларды айтып келеді де, Қазақстанда қазақ тілі заңның әділдігі бойынша мемлекеттік тіл болып саналып, төрге шығарылып, бұрынғы қалпына кешікпей келтірудің шаралары тездетіп қолға алынып, іс жүзінде қатал төңкеріс жүзеге асырылуы тиіс деген қорытындыға келеді. Бірақ бұған сол кездегі ұлттық мұраттарды мойындай бермейтін ұлы державалық шовинистік ауруға шалдыққан Орталыққа қатаң бағынған жағдайда мүмкіндік жоқ болатын. Бауыржан Момышұлының хатынан бері 60 жылдан артық уақыт өтті. Құдайға шүкір, еліміз егемендікке жетіп, мемлекетіміз тәуелсіздік алды. Баукең армандаған қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды. Бұл турасында заң да, конституциялық шешім де бар. Тілдерді қолдану мен дамытудың кезең-кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламалары жасалып келеді. Елімізде мемлекеттік тілдің қолданыс аясы кеңі түсті. Рас, сең қозғалды. Бірақ осыны айтсам, көз алдыма сонау балалық шақ еске түседі. Ол кездері Сырдариядағы сеңнің кеткенін қызықтап, өзен жағасына жиі баратынбыз. Сонда әуелгі кезде су ортасындағы үлкен мұздар бірін-бірі ұстап, сеңнің қозғалысына қарқын бермей тұратын. Бұл сонымен қатар өзеннің айналмалары мен қолтықтарындағы мұздың ыдырауын тежейтін. Сондықтан біздер осы аумақтарда біразға дейін коньки тебе беретінбіз. Біздегі ана тілінің жағдайы осыған ұқсас. Ең негізгісі – қоғамда мемлекеттік тіл өз мәртебесіне лайықты орын ала алмай отыр. Көптеген әлеуметтік орталарда қазақ тілі босағадан сығалап қарап тұр. Қалаларда қазақша тілі шыққан жас балаларды кездестіру бүгін де таңсық. Қазақ тілін кедей тіл, онымен айтайын деген ойыңды еркін айта алмайсың дегендер мен ұлттық мақтаныш сезімі мен ұлт намысынан ада, өзінің рухани кедейлігін мойындағысы келмейтіндерді қазіргі басшы қызметкерлер мен кез келген мамандық иелері арасынан табу қиын емес. Өзінің ұлтын сыйлай, мақтаныш ете алмай, өзінің ана тіліне көңіл бөлмей, оны менсінбей, не орысшаны, не қазақшаны дұрыс сөйлей алмай шалдыр-батпаққа бөленіп жүрген, сонан соң бүгін азын-аулақ ағылшынша білгеніне мәз болып, өз ана тілінен жеріп жүргендерді, мәдениеттің көзін тек өзге тілден іздеп жүргендерді кездестіру осы күндері де қиындыққа түспейді. Баукең айтқан «қазақ тілін ана тілім деп танымай, қазақша дұрыс сөйлеп, жазып, оқып өсуді міндетім деп білмейтін» «немере-шөберелерді» қазіргі қазақтың кез келген отбасынан табуға болады. Бұл арада принципшілдікті таныта алмай отырған ата да, әке де кінәлі, дегенмен салмақтың басы анада жатыр. Өйткені ана өз тілінде сөйлемей, баласы анасының тілінде сөйлемейді. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Мұның бәрі – мемлекеттік тілдің болашағы шешілетін мектеп алды мекемелер мен жалпы білім, орталық, аймақтық билік жүйелерінде қазақ тіліне қажеттілікті туғыза алмай отырғанымызда. Барлық қазақ ұл-қыздары қазақ мектептерінде оқып, өз ана тілінде білім, ғылым алулары қажет деген рухани ұстаз пікірін ескеретін де ешкімнің болмауында. Расында да, орысша оқып, орысша тәрбиеленген қазақ баласын ата дәстүрінде тәрбиелеу де, оның ұлттық сана-сезімін қалыптастыру да – қиынның қиыны. Сонымен өткен ғасырдың 40-жылдары көтерілген принципті мәселелер түгел шешілді деуге әлі ерте. Оның толып жатқан әлеуметтік, саяси-құқықтық себептері бар. Оны тарқатып айтуға уақыт тар болып отыр. Дегенмен мына бір мәселені ескерте кеткен артық болмас. Ол әлемдік тәжірибеде мемлекет құраушы ұлт 60 пайыздан асса, онда сол мемлекетте мемлекеттік саясат мемлекет құраушы ұлттың мүддесі мен мұратына жұмыс істеуі қажет. Бұл шындықты біздер ғана мойындай алмай отырмыз. Қазір посткеңестік кеңістіктегі елдер түгел дерлік мемлекеттік тіл туралы заң қабылдады. Біздер артта қалдық. Рас, мемлекеттік тіл туралы заң қабылдаудың аса күрделі екенін түсінеміз. Алайда ғасырлар қордаланған жағдайдан тек мемлекеттік тіл туралы арнайы заң ғана алып шыға алады. Оны қабылдаудың қажеттілігі туралы құқықтық норма негізгі заңымыздың 93-бабында айқын жазылған. Қоғамдағы саяси-әлеуметтік және экономикалық күй де орнықты. Демографиялық жағдай сонау тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен салыстырғанда әлдеқайда жақсарды. Елімізде өзге этнос өкілдерінің көзқарасында жер иесінің ана тіліне деген ізгілікті түсінік қалыптасты. Мемлекеттік тіл туралы заң қазақ халқына ғана емес, Қазақстанды туған елім,

өз жерім дейтін басқа этнос өкілдеріне де қажеттілікке айналды. Оны кейінгі кездегі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер анық байқатып отыр. Осының барлығы және Бауыржан Момышұлының хатын қайта-қайта оқығандағы түйген ойымыз – мемлекеттік тіл туралы заң болмай, қазақ тілінің мәселесі толық шешімін таба алмайды.

Бауыржан жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Туған ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота, командирі болады.

Жасында Жамбыл қаласындағы интернатта тәрбиеленіп, сондағы орта мектепті бітіргеннен кейін бірнеше жыл бойына өз ауданында, Қазақстанның астанасы Алматы қаласында, мекеме қызметінде болады.

Бауыржан Момышұлының Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазған әңгімелері мен повестері өз алдына бір сала. Олар: «Бір түннің оқиғасы», «Москва үшін шайқас», «Жонарқа», «Ұстаз», «Офицер жазбалары» (1962), «Артымызда Москва» (1963), «Генерал Панфилов» (1965), т.б. оның осы соғыс жөніндегі мемуарлық шығармалары да, «Біздің семьясы» да әуел баста орыс тілінде жазылғанды [12]. Мұның өзі адам «Соңғы бес күн, бес түн бойы мен осындай қатал да болса әділ үкімді естуге өзімді-өзім дайындап едім. Ал енді болса, генерал менің алдымнан шығып рапорт айтуыма да мұршамды келтірмей, шапшаң басып қасыма келіп, қолымды қос қолдап қазақша алып, сәл қиғаштау қара көзімен маған тебірене, қуанышты жүзі жайдарылана қарап, көпке дейін қолымды өз қолынан босатпай тұрды». Сондай-ақ бөрік кимегенде Чапаевтан айнымайтын капитан Лысенко, бұрынғы педагог, алғашқы кезде әскери киімді қалай киюді білмейтін, адамға жекіріп сөйлей алмайтын татар жігіті Қайым Гарипов, «Россия байтақ ел, шегінетін жер қалған жоқ, артымызда – Москва», - деген сөздері жүрегімізге мәңгі жазылған политрук Василий Ключков, аю сықылды, мосқал. дөң, бірақ ақкөңіл адам артиллерия капитаны Кирсанов, күні бүгін араласқандай жақын жанды, жарқын образдар, Толстунов, Исламқұлов, Угрюмов, Краев, Бозжанов, Рахимов, Капаров, Курганов, т. б. солар сықылды әр ұлттан шығып, ұлы бір мақсатта достасқан ардақты совет адамдары туралы да осыны айту керек.

Бұларды, оның ішінде Бауыржанның өзін де, совет құрылысы, Коммунистік партия тәрбиелеген. Сондықтан қандай қиын, ауыр кезеңде болсын, олар ерліктің ғажап үлгісін көрсетуге бар. Бұл ерліктің нәр алатын қайнар бұлақ көзі не десек, Отанға деген сүйіспендік пен жеңіске деген шексіз сенім екен. Совет жауынгерінің осы бір құрыштай сезімін ешқандай күш әлсірете алмайды. Өлім екеш өлім де оның алдында дәрменсіз. Бүкіл Армия шегініп келе жатқан жағдайда кейбір бөлімшелер қоршауда қалып, кейбір батальон, роталар тұтасынан апатқа ұшырап жатқан кезде де жауынгерлері жеңіске сенуін қойған жоқ. Бауыржан кітабында осы бір айрықша қасиетті тамаша бейнелеген. Бұл қасиетті толып жатқан түрінде әрбір совет солдаты мен офицерінің басынан табамыз. Олар нанымды фактілерімен алынып, бір жағынан типтік дәрежеге көтерілген, екінші жағынан әр адамның характеріне сыйымды, лайық қалыпта дараланып бейнеленген. Бауыржанның бір ерекшелігі – жеке бір жалқы адамдардың дара ерлігін ғана емес, жалпы кеңес жауынгерлерінің жаппай ерлігін де жақсы бейнелей алуында, ерліктің қайнар бұлақ көзі — социалистік Отанды сүю, жеңіске шексіз сену сезімі екенін айқындай білуінде. Кітаптың үлкен тәрбиелік мәні де осында. Совет Армиясына тән жаппай ерлік туралы жазушы бір жерінде өзі де түйіп айтыпты: «геройдың бәрін бірдей біле бермейміз және ұрыста бәрін бірдей байқай да алмаймыз. Аты әйгілі геройлардан аты белгісіз геройлар ылғи да көп. Алдыңғы айтқандар соңғыларға көптен-көп қарыздар, өйткені қарапайым адамдардың жанқиярлық ерлік қимылдары болмаса устав тілімен айтқанда, өз борыштарына берік берілген қатардағы көп жауынгерлердің ешбір атышулы даңққа таласы жоқ жаппай ерлігі болмаса, аты әйгілі геройлардың ісі мен есімінің қаншалықты құны болар еді.» [13]

Бауыржан Момышұлының қазақ әдебиетінде алатын орны айрықша. Ол бірінші бой көрсеткен әскери жазушы. Оның қызық ерекшелігі – әрі даңқты командир, әрі белгілі жазушы, әрі өз шығармаларының авторы мен кейіпкері, әрі басқа жазушылардың да басты кейіпкері. Бауыржанның екінші ерекшелігі – ол екі тілде жазады, және орыс тілінде жазғанда да өзінің ұлттық ойлау, сезіну, сөйлеу өзгешеліктерін сақтайды. Үшінші ерекшелігі — әдебиетке кеш келгендіктен, жазушының жаратылысындағы суреткерлік дарын өзінің барлық қаблет мүмкіндіктерін әлі көрсетіп үлгірген жоқ. Бұл ерекшелік әскери жазушының жаңа құнды туындылар беруінің кепілі сияқты.

Бауыржан творчествосын дербес көркем өнер тұрғысынан алып қарасак, әрине, көп сын айтуға болады.

Мемуардың аты мемуар ғой. Басқа жанрға қоятын талаптың бәрін бірдей бұған қоя берсек, аз кемшілік таппаған болар едік. Эпизодтарының өзара драмалық байланысында тұтастық жоқ, образдар шығарманың өн бойында көрініп отырмайды, жалт етеді де, жоқ болады, сондықтан олар шығарманың негізгі, өзекті образдары болып шықпайды, характерлерінің көп қырларымен ашылуына мүмкіндік бермейді; шығарманың тіл, стиль кемшіліктері де бар.

Ол өзінің соғыс кезінде есте қалған бай материалдарын қопарып, мол пайдаланған. «Простор» атты орысша журналда Бауыржан Момышұлының «Ежова рукавица» деген әңгімесі жарияланған. Жазушының арихивінен делінген бұл әңгіме 1946 жылы Москвада жазылыпты. Көркемдік өрнегінің ерекше әсем, әдемілігінен шығар? Әлде мүмкін, уақиғасының айрықша тартымды қызықтығынан шығар? Жоқ, оның бәрі де емес. Барлық себеп бәзбаяғы шындықта, шындықтың шындығында. Сонау бір кезде, жеке адамға табынушылық кезеңінде шындық туралы айтуға да, жазуға да болмайтын ащы ақиқат болғанды. Жазушы әңгімесінде сол ақиқатты тайсалмай тура айтып жазған. Және қашан жазған? Сталиннің қара басына табынушылықтың нағыз қабындап, жанып тұрған шағында 1946 жылы жазған.

Сол соғыс біткеннен кейінгі бірінші бейбітшілік жылында жазушы шығармасының кейіпкерімен әңгіме құрады. Ол соғыстан бұрын 1936-37 жылдары, Қиыр Шығыста Армия қатарында бірге қызмет еткен жақын жолдасы екен. 1937 жылы белгісіз себептен Армиядан шығарылып ажырасқаннан қайтып көрісіп отырғаны осы болады. Арада тоғыз жыл өтеді. Бір кездегі уыздай жас жігіт, қазір егде тартқан, бетіне әжім түскен, көзінің алды күлтілдеген, барлық бет әлпетінде, қимылында шеккен азаптың ұшыраған рухани күйзелістің ізі байқалады. Неліктен? Міне осы сырды кейіпкердің жолдасына шерткен әңгімесі ашады...

Ұлы Отан соғысында бастан-аяқ және барлық майдандарда дерлік Ленинград, Великие луки, Белоруссия, Украина, Крым, Кавказ, Карпат таумен шайқасып қажығандықтан ба әлде? Жоқ. Одан емес. Баяғы 1937 жылы кездейсоқ басқа түскен бәледен.

Қорытындылай келе Бауыржан атамыз күнделігінде "Жазғандарым көп, басылғандары аз", - деп ескертуінде зор шындық жатыр. Біздер, оқырмандар, бүгінге дейін жарияланған Б.Момышұлы шығармаларынан айсбергтің су бетіндегі бөлігін ғана көрумен қанағаттанып келеміз. Ал айсбергтің су астындағы аумағы зор, қат-қабат сырға толы қазыналы болмысын, көз алдымызға елестете де алмаймыз. Өйткені онда Баукеңнің бастан кешкен заман шындығы жайлы өтін тіліп айтқан сыншыл да шыншыл жасампаз пікірлері жатыр. Бұл Бауыржан атамыз жазған аталы пікірлердің мән-мағынасы – бірегей тарихшы ғалым профессор Е.Бехмаханов ескерткендей "Қиянаттың үлкені – халықтың өз тарихын өзінен жасыру екен. Бұл – ұлттық сананың төте жолы ғой. Ал, ұлттық санадан айырылған ел ұлт болудан қалады", - деген ой толғанысымен тікелей сабақтасып жатқан құндылықтардың тұнып тұрған рухани қазынасы.

Әдебиет

1. М.Мырзахметұлы. Батыстан жеткен жат мінез бас көтертпей барады: «Егемен қазақстан» газеті, 17.07.2010 ж
2. Әлімжанов. Бауыржан Момышұлы –көп қырлы қоғам қайраткері: «Ақ жол » газеті, 05.01.2010 ж.
3. Апатанов К. Человек-легенда: К 90-летию Бауыржана Момышулы // Панорама Шымкента. - 2000. - 3 ноябрь
4. Апатанов Қ. Аңыз адам Шымкентте оқыған // Оңтүстік қазақстан. - 2000. - 7 қараша

АДАМГЕРШІЛІКТІҢ, ПАТРИОТТЫҚТЫҢ СИМВОЛЫ-БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

Матай Бұлбұл, Ізбасар Меруерт Ұланқызы

Әль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті

Бауыржан Момышұлы – соғысты өз көзімен көрген жазушы. Ол – суреткер. Батыр Бауыржанның айтар ойы, жазар тақырыбы – соғыс шындығы. Ол өз шығармасының кейіпкері, өзінің образдарымен тұтасып кеткен тұлға. Барлық оқиғалардың бел ортасында өзі болғандықтан автор әңгімені өз атынан айтады. Ол сырт бақылаушы емес, белсенді қатысушы.

Қазақтың Бауыржан Момышұлындай ұлы перзентін таныстырып жату артық. Ел оның ерлігін, жазған кітаптарын біледі. Оның мірдің оғындай қанатты сөздері де халықтың аузында жүр. Сөйтсе де сол сөздерді жүйелеп беріп, жинақтаса, ол жаңа бір сипатқа еніп, халқымыздың батыр ұлының абыздық қырын аша түседі.

Соғыста 207 рет шабуылға шығып, бірнеше рет жараланып тірі қалғаны, өмір бойы ешкімге бас имей тек өз ар-намысының ғана құлы болғаны, халқының қамын ойлап, болашағы үшін күресіп өткені, өмірдегі өзі арқалаған ауыр жүгін, қоғам алдындағы өз парызын терең түсінгені – осының бәрі Баукең шығарған қанатты сөздердің қайнар бұлағы. Баукеңнің нақыл сөздеріне айналған, оның басынан кешкен жайттары ғана емес, өмірден көріп білгені, көкірек-көңіліне түйгені, жүрегіне ұялағаны, қоғамға, болашаққа деген ой-пікірлері.

Ал бұл ойларды жинақтап, мақал – мәтел деңгейіне дейін көтеріп, болашаққа өсиет ретінде жазып қалдыру – тек Бауыржан Момышұлы сияқты талантты тұлғаның ғана қолынан келетін іс.

Батырдың өсиет сөздерінің көбі Ұлы Отан соғысы кезінде орыс тілінде жазылған, себебі бүкіл Совет Армиясының командирлеріне арналған. Қазіргі уақытта бұл өсиеттер екі тілде де қолданысқа ие. Батырдың артына қалдырған өсиет сөздерін топтай келе, тақырып жағынан ауқымы кең екендігіне көз жеткізуге болады «Елім» деп еңірген ер ұлт, Отан, өмір, батылдық, тіл тағдыры, еңбек, оқу-білім т.б. тақырыптарда өзінің дара, дана ойын жеткізуге тырысқан. Осы өсиет сөздерінің ішінде көбірек қалам тербегені қолбасшылық, сардарлық, әскери борыш жайында жазылған афоризмдері екен.

Батырдың өзі, сегіз қырлы бір сырлы «ел деп еңірген ер» болғандықтан, бар білгенін, бар тәжірибесін өсиет ретінде артына қалдырған. Бұл өсиеттердің зор құндылығы жан тебіrentетін білгірлікте. Батыр тек қана еуропалық және ресейлік әскери ғылыммен, әскери өнерге сүйенбейді, өз ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрлеріне арқа тірейді. «Білек бірді жығады, ақыл-айла мыңды жығады», «Ер намысы – ел намысы», «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» секілді аталарымыздың ұшқыр сөздерін Бауыржан Момышұлы орынды пайдаланған. Сондықтан батырдың өсиеттері қазақ жауынгерлеріне өте жақын, ойларына азық, бойларына қуат беріп тұрады..

Қанатты сөздер жайдан-жай тумады және оны айтып қалдыру кім болса соның қолынан келе бермейді. Ол үшін ғұлама, терең ойшыл, үлкен философ, ақынжанды және өз басы күнделікті күйкілжің өмірден жоғары тұратын ірі тұлға болуы керек. Баукең, міне, сондай адам. Ол кісінің нақылдары сан алуан тақырыпқа арналған: соғыс және бейбіт өмір, тәртіп пен тәрбие, парыз бен қарыз, тіл мен әдебиет, салт пен дәстүр, тағы сол сияқты болып жалғаса береді. «Намысты нанға сатпа», «Ердің туы – намыс». «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тіке тұрып өлген артық», «Ұшқынсыз от тұтанбас», «Өзін сыйламаған басқаны сыйлауға қабілетсіз», «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды», «Тіл тазалығы үшін күрес ешқашан толастамақ емес» т.б. сөздері жастың да, кәрінің де санасында жатталған ұлағатты сөздер.

Қазақтың сүт бетіндей қаймағы бар,
Өзіндік парасатты байламы бар
Баукеңнің ерліктері өз алдына

Елге айтқан әр сөзінің айғағы бар
Батыр, батыл, кемеңгер, кемел бабам,
Болмайды ешқашан да төмен баған
Талай жыл, талай ғасыр өтсе – дағы
Ерлігіңді ұмытпас келер қоғам.

Баукеңнің даңқы, рухы өзіне керек емес, ол бізге, ұлтымызға, келер ұрпағымызға керек. Баукеңнің даңқымен, рухымен, дана өсиет сөздерімен тәрбиеленген ұрпақ осал ұрпақ болмайтыны айдан анық.

Маңдайдағы наркескеннің өзісің
Ерлігіңмен, өрлігіңмен ірісің,
Халқыңменен біргесің сен, жан ата
Ұмытылмайды өнегелі ұлы ісің

Қорыта айтқанда, Бауыржандай алыбымызды ардақтай білейік, ұлтымызға ұран болған ұлы тұлғамызды ұлықтай білейік. Тек қана қара дүрсін сөзбен емес, Баукеңнің атын дәріптейтін игі істермен, тиянақты тірліктермен дәлелдеуге тырысайық.

Әдебиет

1. Айбын. Энциклопедия. / Басред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақэнциклопедиясы», 2011. - 880 бет. ISBN«9965-893-73-X
2. Герои страны, БауыржанМомыш-ұлы, http://www.warheroes.ru/hero/hero.asp?Hero_id=154
3. Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматыкітапбаспасы”, 2009

4. Героя Советского Союза Бауыржана Момышұлы. Документы, архивные материалы, воспоминания. – Москва: Ленорм, 2010. – 415 с.
5. Егембердиева Ж. Жизнь — легенда: Роман-эссе о Б. Момыш-ұлы]. – Алма-Ата: Жазушы, 1990.

ЕР БАУКЕНДІ ЕЛ ҚАЛАЙ ТАНИДЫ?

Ералыұлы М.

Облыстық тарихи-өлкетану музейі, «Бауыржантану» орталығының ғылыми қызметкері

«Қазақта батыр көп. Әйтсе де олардың біразын ары кетсе, бұрынғы одақ көлемінде біледі. Ал Бауыржан Момышұлы әлемге танымал тұлға» дейді белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметұлы. Рас батыр туралы осыған дейін дейін аз айтылып, аз жазылған жоқ. Батыр Бауыржан әлі де беттері паракталып, ашылып жатқан кітап секілді. Бауыржан Момышұлының батырлық деңгейден де анағұрлым биікте тұрғанын жазушылар мен зерттеушілер осы күнге дейін жиі сөз етеді. Ал жалпы батыр Бауыржанның қазақ қоғамындағы алатын орны қандай? Осы сауалдарға жауап іздеп көрсек.

Аты аңызға айналған батыр өткен ғасырдың ең жойқын, қиян кескі ұрысында таңғажайып ерліктің үлгісін көрсетті. Оның батырлығы, соғыс жүргізу тәсілі туралы ең алғашқы орыс тілшілері мен жазушылары майдан даласына іздеп барып, қалам тартты. Александр Кривицкий: «бұл кезде Ақ теңіз бен Қара теңіз аралығындағы мындаған шақырымға созылған майдан шебінде Бауыржан Момышұлынан даңқы асқан батальон командирі болған жоқ» деп жазды. Ал, соғыс аяқталмай жатып, алғашқы хикаяттары «Знамя» журналында жарық көрген Александр Бектің «Арпалыс» және 60-жылдардың басында өзінің «Москва үшін шайқас» романдары шетел тілдеріне аударылғаннан кейін Бауыржан шын мәнінде әлемдік тұлғаға айналды.

Біз Бауыржан Момышұлын тек әскери қайраткер, Кеңес Одағының батыры және жазушы деп осы уақытқа дейін бір қырынан ғана танып келетін сияқтымыз. Өйткені қазақ оқулықтары мен ғылыми айналымдағы еңбектерде әлемдік тұлғаны тек осы кейіпте ғана сипаттаған. Шын мәнінде батырдың өмір жолына үңіліп, зер сала қарасак, біз білмейтін жаңа қырларына анағұрлым бір табан жақындай түсетініміз.

Жалпы, Бауыржанның жастық шағы қиын кезеңмен тұспа-тұс келді. Еңбек жолын 1926 жылдың соңғы айларында, яғни 16-17 жасында қазіргі Сарысу ауданының милиция бастығы болып бастайды. Ал оның Әулиеата өңірінен шыққан алғашқы ұстаздың бірі болғанын жұртшылық біле бермейді. 1928 жылы Сарысу ауданының сол кездегі орталығы Кентаралдағы кәмпескеленген Өксікбай байдың ағаш үйінде 50 орындық мектеп-интернат ашып, сонда балаларды жинап, оқыту ісін қолға алған. Кейін сол Бауыржан Момышұлы оқытқан шәкірттер Әулиеатадағы екі жылдық педкурсқа оқуға жіберілген. Олар сол оқу орнын тамамдап, Сарысу өңірінің алғашқы ұстаздарының бірі болып көптеген саналы шәкірттерді тәрбиелеп шығарған.

Бірақ, Б.Момышұлы сол кездегі жағдайға байланысты бұл қызметте де көп тұрақтамайды. Одан кейін Жуалы аудандық атқару комитетіне (Жамбыл облысы) жауапты хатшылығына тағайындалады. Ал бес-алты айдан кейін Түлкібас, Сайрам, Жуалы бір аудан болып қосылған соң Баукенді қайта жауапты хатшы етіп бекітеді. Бұл туралы Бауыржан әкесі Момыштың айтқан ақылын былай еске алады: «Әй, орынға тұрыпсың, байқап, абайлап істе. Ешкімнің сөзіне ерме. Бәрінен рушылдықтан аулақ, әділ бол,-деп өсиет айтты әкем. – Рушылдық әділетсіздік батпағына батырады. Әкемнің тәрбиесінің әсерінен бе, әділ, адал болуға тырыстым. Қызмет бабын пайдаланған емеспін. Әйтпесе бір мөр бассан, бір қой беретін кез еді ол. Мен соған барған жоқпын» дейді атамыз Бауыржан. Одан кейін аудандық сот және мемлекеттік банк істерінде де жауапты қызметтер атқарады. Бұл жөнінде де Баукен: «Керімшеев деген кісі облсотқа жоғарылап, орнына мен сот болдым. Әкем жарықтық тағы келді. Жексенбі еді.

– Жүр, ауылға.

–Неге? Ертен жұмысым бар.

– Тілімді алып, жүр. Қонасың да қайтасың. «Ойбай, молда Момыштың баласы сот болыпты», - деп ауыл шулап жатыр.

Лаж жоқ, тор дөненіме мініп, қасына ердім. Үйіміз екі бөлме болатын.

– Әй, Айқан, анда барып жат,-деді әкем келген соң, - Бауыржан екеуіміздің әңгімеміз бар. Төсек жерге салынған. – Жатқын, - деді. Жаттым. Өзі қасымда отыр.

– Қарағым, қазақтар арызқой келеді. Біреуінің үстінен біреуі құртамын деп күйініп арыз бергіш. Әділетсіз тергеушілер біреудің тілін, парасын алып өтірік ақпар жазады. «Тура биде туған жок» деген, қарағым. Бұл бекер айтылған емес. Бүгін сені сот сайлапты. Бес, алты айдан кейін орныңнан алады. Қазір ешкім жоқтықтан қойып отыр. Сол себепті, абайлап істе, әділ болғын. Әділ болмасаң, өз басыңа іс түсіп қалады. Абайла дегенім сол. Кім болса соған сене берме. Пара-мара дегеннен аулақ бол. Менің айтайын дегенім осы, қарағым. Тілімді алсаң ал, алмасаң өз обалың өзіңе. Сот болғанда әкемнен осындай нұсқау алдым» деп еске алады.

Жалпы Бауыржан әскери қызметке түбегейлі кіріскенге дейін жоғарыдағы аталған қызметтерді абыроймен атқара білді. Батырдың бұдан кейінгі әскери өмірі бізге мәлім. Баукеңнің әскери ерлігі мен қайраткерлігінен бөлек тағы бір халық алдындағы үлкен азаматтығы бар. Бірақ оның бұл қырын өкінішке орай кешегі отарлық замандағы, яғни, «кеңестік тарихшылар мен әдебиетшілер кесіп-пішіп кеткен идиологиялық шапанды» тастамай бүгінгілердің қайта-қайта иығына жамыла беруінің әсерінен танымай келеміз. Бауыржан атамыздың үлкен азаматтылығы кешегі кер қоғамдағы жүйеден сескенбей, жасқанбай туған халқының болашағына алаңдап, сол уақыттағы қазақ қоғамындағы ұлттық мүдденің тұманды тұстарына сәуле түсіру үшін талпынған әрекеті еді. Қаһарман қолбасшы сонау майдан даласында 1942-1943 жылдары қан кешіп жүріп ата-бабасының шығу тегін, ерлік салтын, ұрпақ тәрбиесін, ұлттық мінез-құлқын, сол кездегі қоғамдық ортаны, әлеуметтік жағдайы мен қатар ізгі дәстүріміздің ертеңіне алаңдап мемлекет басшылары мен зиялы қауымға қайта-қайта хат жазуы Баукеңнің бүгінгі ұрпақ алдындағы ұмытылмас ерлігі емес пе? Тіпті ол 1956 жылы әскери қызметтен мүлдем босап келген соң да қаруын қаламмен ауыстырып кейінгі ұрпаққа Отанын сүйгіштікке, әділдікке баулитын керемет шығармалар қалдырды.

Момышұлымен мақтанбайтын қазақ кемде-кем. Бірақ сөйте тұра дарабоз тұлғаны тек бір қырынан ғана таныйтынымыз өкінішті. Әсілі жаһан таныған тұлғаны бүгінде біз тарихи тұрғыдан лайықты бағасын бере алдық па? Тірісінде лайықты бағасын алмағанына өкініп, «Жағдай ол кезде басқаша болды» деп өз-өзімізді алдаусыраттық. Ал қазір ше?

Қазіргі таңда кешегі қилы құбылмалы қиын замандар артта қалды. Бүгінде өз тізгінін өз қолына алған егеменді елміз. Енді осынау Ұлы дала төсінде аспан түстес байрағы көкте желбіреген егеменді елдің ұланы Бауыржан Момышұлын жұртшылыққа жіті танытпасақ, бұл бабалар алдындағы парызымыздың өтелмегені.

Расында да Б.Момышұлы тек батыр, әскери қайраткер, жазушы ма? Әлде көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері ме? Жоғарыдағы ең алғашқы қызметтерінен бастап өмірінің соңғы жылдарын індетте зерттеп, үңіле қарасақ батыр, жазушы деген атақтар Бауыржан атамыз үшін өте тар ұғым болып шығады.

Белгілі жазушы, драматург Елен Әлімжанның «Бауыржан Момышұлы кім?» деген Егемен Қазақстан газетіндегі (9 қаңтар, 2014 жылы) мақаласында: «Интернет-энциклопедияда партияның, қозғалыстың белсенділерінен бөлек, қоғамда беделі бар жазушылардың, журналистердің, жеке тұлғалардың да қоғам қайраткері деп танылатынын атап көрсетіліпті. Ал, Баукең болса, қоғамда беделді ғана емес, халық санасына орасан әсер еткен тұлға. Өкінішке қарай, «Қазақстан» энциклопедиясында ол кісіні әскери қайраткер деп атаған. «Жіңішкертіп» болса да қайраткер деген атакты беру ниетімен солай жазған болу керек» дейді. Сонымен қатар автор осы мақаласында «Б.Момышұлын батыр, жазушы ғана емес, қоғам және мемлекет қайраткері екенін алға тартады. Тіпті бірнеше нақты тарихи дәлелдермен сонау алаш арыстарының идеясын жалғастырушы ретінде Б.Момышұлының қайраткерлігін кең сипаттап, ауқымды түрде зерделеп, тұлғалық болмысын ашып береді. Алайда автор әлі күнге дейін ресми түрде Бауыржан Момышұлына бұл атау берілмегенін, бұған ғалымдар мен жазушылардың кемшілігі деп ашық жазады.

Драматург Е.Әлімжан аталған мақаласында өте орынды әрі өзекті мәселені көтерген. Ендеше Бауыржанды алаш арыстарымен бірге ардақтап ресми түрде «көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері», «Халық қаһарманы» деп тануға, ол туралы мектеп оқулықтарына енгізіп, жас ұрпақтың санасына сіңіруге неге әрекеттенбейміз? Неге қазіргі зиялы аға буынмен ақылдаса отырып осы мәселені қолға алмаймыз? Не кедергі? Әлде отарлық замандағы аяр жүйенің санамызға сіресіп қалған уытының әсері әлі бар ма? Меніңше ел болып Бауыржандай ұлы тұлғаны ұлықтайтын күн туды. Оның үстіне биыл алаштың айбарлы арысының туғанына 110 жыл толып отыр. Сондықтан өткен уақыттың «бөгенайы мен эттегенайына» қарамастан батырдың мерейтойы қарсаңында осы мәселені ескеріп қолға алсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

МҰХИТ САЛ МЕКТЕБІНІҢ КЕШЕГІ ЖӘНЕ БҮГІНГІ МҰРАГЕРЛЕРІ

Қарабалина Э., Исламғалиев А.

Құрманғазы атындағы ҚҰК, Халық әні кафедрасының аға оқытушылары

Қазақтың бай музыкалық дәстүрінің бірі – Қазақстанның батыс өңірінде қалыптасып әншілік дәстүр. Бұл әншілік дәстүрдің қалыптасуы Оралдан ән озырған Мұхит (Мұқамбеткерей) Мералыұлының (1841-1918) есімімен тығыз байланысты. Мұхит әндерін ең алғаш нотаға түсіруші А.Затаевич» [1] болса, өмір жолдарын зерттеп, хатқа түсірген А.Жұбанов еді [2]. Өнер зерттеушісі Әмина Нұғыман: «Қазақстанның Батыс өңірінде қалыптасқан Мұхит әншілік мектебі ұрпақтан-ұрпаққа алтын қазына тәрізді мәпелеп табыс етілуінің арқасында бұл күндері қазақ әншілік мәдениетінің алтын қорынан өзінің құрметті орнын алып, халқымыздың рухани ләззат алатын асыл мұрасына айналды»[3, 163 б], – деген болатын. Біз бұл мақаламызда ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып жалғасын тауып келе жатқан осы әншілік дәстүрдің жалғастырушылары жайында айтуды жөн санап отырмыз.

Заманында Мұхит шығармалары Қазақстанның Батыс өңірінде кең қанат жайса, оның әндері бүгінде еліміздің барлық аймағына жақсы таныс. Мұхит әншілік дәстүрін халыққа кеңінен таратуда Мұхит салдың төл шәкірттері Шайхы мен Шынтас Қаратаевтардың еңбегі аса зор болса, радио, дыбыс таспасы арқылы Мұхит әндерін жұртшылыққа тарату ісіне Тәмти Ибрагимова, Нағима Әбілова сынды әншілер көп еңбек еткен. Бұл күнде жоғарыда аталған өнерпаздардың есімдері ән жайлы жазылған мақалаларда, кейбір зерттеулерде арақидік кездескенімен, көп айтылмайды. Бұл да алдағы уақытта назарға алынып, мән беретін мәселенің бірі.

Ал Мұхит қалыптастырған әншілік мектеп мұраларын бойына сіңірумен қатар сол дәстүрді тамаша меңгеріп, оны кейінгі дәуірге, келер ұрпаққа жеткізу жолында ерекше қызмет еткен өнерпаз «Қазақстанның халық артисі» Ғарифолла Құрманғалиев болды. Ғ.Құрманғалиев бала күнінен Мұхиттың даңқты шәкірттері Шайхы мен Шынтастан үлгі-өнеге алған. Халық әндерін, халық композиторларының шығармаларын орындаумен ғана шетелмей, өзі де көптеген ән шығарып, өз мектебін қалыптастырған Ғ.Құрманғалиев жайында әнші, ғалым Сәуле Жанпейісова былай дейді: «Бүгінде Батыс Қазақстан облысында басқа да шебер орындаушы әншілер баршылық, бірақ, Ғарекен салып кеткен шеберлікке, ол жеткен биікке, сірә, ешкім жете алған жоқ. Табиғат берген кең тынысты биік лирикалық тенор даусының арқасында Мұхиттың кең диапазонды асқақ әндерін Ғарекен шегіне жеткізе орындай алды. Мұхит әндерін орындаушы әншіге, ең алдымен тынысты әдемі ашық дауыс, екінші – сол дауысты меңгере білетін асқақ шеберлік керек. Ғ.Құрманғалиев асқан жүйрік жыршы да. Терме айтудың, жыр толғаудың өзіндік ерекшеліктері болатыны белгілі. Әсіресе, жыраулық мекені Қазақстанның Батыс аймағындағы жыршылық өнер – өзінің орындаушылық ерекшелігі бар бай дәстүр» [4, 23-б]. Бұл ғылыми мақаламыздың басты мақсаты – Мұхит салдың ізбасарларына және ол негізін қалаған мектептің ел ішіндегі бүгінгі өкілдеріне назар аудару екенін жоғарыда айтқан болатынбыз. Халық мұрасы мен Мұхит әндерін насихаттаушылар, бүгінгі заманға лайық жаңғырта айтушы-орындаушылар – Мекес Төрешов, Қатимолла Бердіғалиев, Елемес Мағазовтардың шығармашықтары ғылыми тұрғыда әлі де зерттелмей келеді. Батыс Қазақстан өңірінде ғұмыр кешкен әнші-сазгерлер, ақын-жыршылардың шоғыры Мұхит Мералыұлы (1841-1918), Шынтас Қаратаев (1884-1948), Шайқы Қаратаев (1892/94-1922/23), Ғарифолла Құрманғалиев (1909-1993) сынды т.б. әншілер болды.

Бүгінгі таңда Батыс Қазақстан өңірінің әншілік-ақындық, сазгерлік ерекшелігі жайында жүйелі түрде жазылған зерттеулер өнертану ғылымына қосылған жаңалығымен өзекті болып отыр.

М.Мералыұлының және Батыс Қазақстан әншілік дәстүрінің жалғасын табуы, дамуы 1965 жылы «Республикалық эстрада-цирк өнері студиясында» Қазақстан Республикасының халық артисі, әйгілі әнші Ғ.Құрманғалиевтің «Батыс Қазақстанның ән дәстүрі» бойынша класының ашылуымен байланысты дер едік. Ғ.Құрманғалиев класы ашылған алғашқы 1965-1967 жылдарында бүгінде есімдері елге таныс шәкірттері – ҚР халық артисі Қажыбек Бекбосынов, ҚР еңбек сіңірген артисі Әскербек Еңкебаев, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Әлмырза Ноғайбаев, сонымен қатар Нұрипа Еңкебаева (Омарова), Хайдар Өтеғалиев сынды өнер қайраткерлері білім алды. Содан 1984 жылға дейін дәріс берген әнші Ғ.Құрманғалиевтен талай

шәкірт тәлім алып, өнер әлеміне жолдама алды. Атап айтқанда, Қ.Бекбосынов, Ә.Еңкебаев, Қ.Құлышева, Сауле Таудаева, өмірден ерте кеткен талантты әншілер Қалампыр Рахимова, Темірхан әнші, Жақсылық Сәрсенғалиев, Қаламқас Орашовалар, бүгінгі әншілер Бөрібай Кәртен, Сәуле Жанпейісова, Сағадат Рахметжанов және т.б. 1983 жылы Ғ.Құрманғалиевтің класына қабылданған алты талапкердің ішінде атақты әншіден дәріс алу бақытына С.Жанпейісова да ие болады.

Есімдері аталған өнерпаздардың бәрі де шәкірт дайындап, ұстазынан үйренген әндерді халық арасына насихаттай білді. Ғ.Құрманғалиевтің класы бойынша оқығандар бүгінде еліміздегі колледждерде, университеттерде, консерваторияда шәкірт дайындап жүр. Ғарифолла атамның шәкірттері Батыс Қазақстан ән мектебін әрі қарай жетілдіре түсіп, жоғары кәсіби деңгейдегі орындаушылар қатарын жыл өткен сайын арттырып келеді. Астанадағы өнер университетінде консерватория түлегі, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты А.Қосанова еңбек етеді. Орал қаласындағы Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде 2009 жылы Ғарифолла Құрманғалиевтің класы ашылды, қазір ол оқу орнында Қатимолла Бердіғалиев, Сауле Таудаева, Сағадат Рахметжанов ұстаздық етеді.

Мұхит Мералыұлы негізін салған әншілік мектептің көрнекті өкілі, әнші, композитор, Мұхит мұрасын бүгінгі заманымызға бірден-бір жеткізуші, ұстаз, актер Ғарифолла Құрманғалиевтің өмір жолын қысқаша баяндап өткенді жөн санадық. Ол Батыс Қазақстан аймағына қарасты Қаратөбе ауданыдағы Ақкөл деген жерде дүние есігін ашқан. Бала күнінен Мұхиттың немерелері Шынтас пен Шайқы Қаратаевтарға еріп, ел аралап халық әндерімен қатар Мұхит мұрасын қаз-қалпына алып қалады да, ол мұраларды 1965-1985 жылдар аралығында «Республикалық эстрада-цирк өнер студиясында» ұстаздық етіп, шәкірттеріне үйретеді. Ғ.Құрманғалиев өмірінің соңғы кезеңіне дейін Абай атындағы Қазақтың мемлекеттік опера және балет театрында қызмет етіп, Е.Брусиловскийдің «Жалбыр», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Дударайында» әнші Шегенің, Сақанның, Молданың, М.Төлебаевтің «Біржан-Сарасында» Естайдың, А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абайында» Нарымбеттің, З.П.Палиашвилидің «Даисиінде» Титоның, П.К.Чайковскийдің «Евгений Онегиніндегі» Трикенің т.б. бейнелерін шебер сомдап, партияларын кемеліне келтіре орындаған. Қазіргі ТМД, Орталық Азия елдері мен Қытай, Польша, Ауғанстан, Монғолия, т.б сияқты шет елдерде сан рет өнер көрсетіп, XX ғасырда ән өнерінің жарық жұлдызына айналды.

Ұзақ уақыттар бойы қалыптасқан Батыс өңірлік ән мектебін жаңаша сипатта дамытқан Мұхит Мералыұлы болса, Ғарифолла Құрманғалиев сол мектепті жаңғырта жалғастырып, жаңа туындылармен толықтыра түсті. Ол халқымызға Батыс ән мектебінің орнын айшықтап белгілеп, танытып кетті. Ұлттық рухани құндылық ретінде теңдесі жоқ, маңызы мен мәні зор әншілік, жыршылық өнерді сақтау, дәріптеу және оны хаттап келешекке жеткізу басты міндетіміз деп білеміз.

Әдебиет

1. Затаевич А. В. 500 казахских песен и кюев. – Алматы: ИЛИ им. М.О. Ауезова, 2007.
2. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы, 1975. – 464 б.
3. Нұғман Ә. Қазақтың әншілік дәстүрі / Әмина Нұғман. – Алматы: Арыс, 2009. – 240 бет.
4. Жанпейісова С. Әуен – сыр. – Алматы, Арыс, 2008. – 352 бет

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПАТРИОТИЗМ МӘСЕЛЕСІ

Аяrbек Мадина Нұрғалиқызы, Шолпанкулова Қарлығаш Амангелдыевна
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университeтi

Тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуы - қазақ халқының талай ғасырларға созылған ұлт-азаттық күресінің заңды нәтижесі. Қазіргі кезде халқымыздың даму тарихында мүлдем жаңа мазмұндағы саяси кезең басталды.

Тәуелсіздікке жеткізген жол даңғыл болған жоқ, ол ұлы белестерден, қиын-қыстау асулардан тұрды. Болашақ ұлттық мемлекеттің іргетасы осы тарихи кезеңдерде қаланған болатын, сондықтан да азаттық жолындағы қасиеттері де қасіретті күресте еңбегі ерен азаматтарымыздың артына қалдырған мол мұрасымен тарихын зерттеу қазіргі таңда зор маңызға ие болып отыр. “Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін, тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашан да қарыздармыз”, - деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, біздің алдымызда «бабаларының игі дәстүрін сақтайтын», «күллі әлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары» болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеттері жатыр.

Бауыржан Момышұлы – даңқты қолбасшы, КСРО-ның жоғарғы әскери академиясының профессоры, ұлтын сүйген патриот болуымен қатар, қазақ халқының ұлттық рухын қорғауда қаламды қару еткен қайраткер жазушы. Оның өнегелі өмір жолы, әскери портреті талай қаламгердің қаламымен өрнектелгені белгілі. Олардың ішінде әдеби көркем шығармалармен қатар естеліктер, ғылыми еңбектер де кездеседі. Қазақ халқының ұлы перзенті, қаһарман жауынгер, даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, әйгілі жазушы Бауыржан Момышұлы-XX ғасыр биігінде тұрған дара тұлға, қиян - кескі кезеңдерінде алған бағытынан қайтпастан өз заманының биігіне көтерілген қазақ баласы көзі тірісінде бүкіл Кеңес Одағы мақтан тұтатын және шет елдер танытын аңыз - адамға айналды.

Ғажайып жазмыштың күдіретті үкімімен мәңгілік даңқ тұғырына қондырылған Алаш елінің жиырмасыншы ғасырдағы бас батыры, біртуар ардағы – Бауыржан Момышұлы, Жамбыл облысы Жуалы ауданы, Көлбастау ауылында 1910 жылы 24 желтоқсанда дүниеге келген.

Ұлы Отан Соғысының басталмай тұрған кезінде Бауыржан Момышұлы 105-ші атқыштар дивизиясының карамағындағы артиллериялық атқыштар бөлімшесінің командирі қызметінде болады. 1940 жылы Украинаның Житомир қаласындағы 202-ші арнаулы танкке қарсы шабулдайтын дивизионның командирі болып тағайындалады. Алайда, 1941 жылдың қаңтарында тәжірибелі сардар Алматыға қайтарылады. Сол жылдың жаз айларынан бастап жаңадан құрылған 316-шы атқыштар дивизиясының штабына Қазақстан мен Қырғызстан елінен сарбаздарды жинай бастайды. Бауыржан қайта жасақталған дивизияның 1073-ші атқыштар полкының атқыштар батальонына командир болып тағайындалады. Ары қарай қайнаған соғыс майданы басталып кетеді. Ержүрек сардардың батырлығын танытқан майдандар аз емес. Солардың ең ерекшесі 1941 жылдың күзінен басталған Мәскеуді қорғау шайқасы болатын. Ол кезде ол 19-шы гвардиялық атқыштар полкына командир болады. Оның полкы жұдырықтай жұмылып, фашистерді Мәскеуге қарай жібермейді. Жасаған ерлігі мен батырлығы үшін, өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқарғаны үшін, шешуші кездерде жылдам түрде нақты шешім қабылдай білгені үшін ол Ленин Орденімен марапатталады. 1942 жылдың тамызынан бастап Панфиловшылар дивизиясында командир болады. Мәскеуді қорғау майданының Клюкова шайқастарында жарақат алып, біраз уақыт госпитальда жатады. 1945 жылдың ақпаны мен наурызында Латвия жеріндегі Приекуле станциясы маңында болған шайқаста ол басқарған дивизияның солдаттары қарсыластарының қорғаныс шебін тасталқан етеді. Сондай-ақ, ұрыстың нәтижесінде 15 елді-мекен жаудан азат етіліп, жаудың әскеріне солдаттар жағынан және әскери техника жағынан үлкен шығын келтіреді. 1945 жылдың 21-қаңтарында Бауыржан Момышұлы Бірінші Балтық жағалауы фронтының 6-шы гвардиялық әскерінің 9-шы гвардиялық атқыштар дивизиясының командирі болып тағайындалады. 1946 жылы К.Е.Ворошилов атындағы әскери академиясының бірінші дәрежелі Суворов Жоғарғы Орденімен марапатталды.

Ұлы Отан Соғысы аяқталып, Кеңес үкіметі жеңіске жетіп, фашистік Германия тізе бүккеннен соң Б.Момышұлы Қазақ КСР-нің Қарулы Күштерінде әскери қызметтерді атқарады. 1948 жылы Генералдық штабтың әскери академиясын аяқтады. 1950 жылдан бастап “Тыл және Кеңес Армиясын қамтамасыз ету” әскери академиясында аға оқытушы болып қызмет етті. 1955 жылдың желтоқсанынан бастап запастағы полковник Б. Момышұлы Қазақ КСР Жазушылар одағының мүшесі болды. 1982 жылы 10-маусымда Алматыда батыр Бауыржан Момышұлы дүниеден өтті.

Дәл қазіргі кезеңде қазақ жастарына жан-жақты үлгі бола алатын ұлы тұлғаның бірі әрі бірегейі - сөз жоқ, Бауыржан Момышұлы. Б. Момышұлы Кеңес заманында өмір сүріп, Кеңес өкіметі кезінде қызмет еткенімен, оның бүкіл іс-әрекеті, қайраткерлігі, біздің бүгінгімізбен үйлесіп қабысып жатыр. Ол - шын мәніндегі тәуелсіз тұлға. Тәуелсіздік идеясын ту етіп ұстаған тұлға. Өкінішке орай оның тәуелсіз ойларының, тәуелсіз пікірлерінің, аса құнды жазбаларының біразы архивте жатты. Әлі айналымға түскен жоқ. Бір ғана дерек Бауыржан Момышұлы туралы бұрынғы кітаптар мен зерттеулерді алып қарасаңыз, оның «батырлығына, ерлігіне, отаншылдығына» көбірек көңіл бөлінгенін байқайсыз. Ал, Баукеңнің азаматтық тұлғасына, адамгершілігіне, зиялылығына, тектілігі мен кінәсіздік болмысына жете мән беріле қоймағанын аңдайсыз.

Бауыржан Момышұлы - «жоғарғы жақ осылай деді, мен соны қайтсем де орындауым керек» деген секілді көзсіздікке еш уақытта ұрынбаған. Өзінің әрбір ісіне өзі іштей есеп беріп, оны артынан асықпай парақтап. «осым дұрыс болды ма, жоқ әлде бұрыс болды ма?» деп ой елегінен өткізіп отырған. Мұндай қасиет - нағыз зиялыға, ұлттың зиялысына ғана тән қасиет. Мәселен, Б. Момышұлының көзі тірісінде жарық көрмей, осы жақында ғана жарық көрген естелігіне көз жүгіртіңізші. Былай дейді: «Соғыс жүріп жатқан уақытта менің полкымның бір бөлімшесі шабуылға шықты. Шабуыл барысында бөлімшенің көпшілігі жараланып қалды. Сол кезде осы бөлімшеге көрші бөлімшенің бір-екі офицері көмек беруден бас тартты. Шайқас біткеннен кейін маған «осындай адамдар бізге көмек беруден бас тартты» деп мәлімдеді. Сонда бүкіл полктың алдында әлгі екі офицерді шығарып, жауынгерлердің көз алдында атқызып тастап едім. Соларды, сол мықты жігіттерді неге атқыздым? Мүмкін олар өз қателігін түсініп, түзеліп кететін бе еді? Ендігәрі мұндай қателік жібермейтін бе еді? «Сонда асығыстық жасадым-ау» деп әлі күнге өкінемін....».

Қараңызшы, не деген мойындау?! Ештенені жасырып тұрған жоқ. Рас, соғыс кезінде каталдық керек - ақ еді. Әйтсе де, сол соғыс кезіндегі каталдығына артынан кеңес әскерінің командирі ретінде емес, зиялы ретінде, ұлт зиялысы ретінде баға бергенінің өзі неге тұрады?!

Бауыржан Момышұлы өз шығармаларында патриотизмге, ерлікке, батырлыққа байланысты біраз терминдерге анықтама берген. Енді соларға тоқталайық!

Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман– саулығының қоғамдық – мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді.

Ерлік дегеніміз – табиғат сыйы емес, ең алдымен, өзінің ар-намысын және адамзаттың қасиетті абыройын ұятқа қалу, опасыздық пен маскара болу сезімінен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімін – азаматтық парызын орындау үшін, осындай адамгершілік теңдікті өзімен сайысқа түсе отырып тұтас ұжым өмірінің игілігіне ғана емес, оның қауіп қатерін де бөлісіп, жауды барынша жою, жанға – жанмен, қанға - қанмен аяусыз кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарды қауіпсіздік етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп-қатерге бас тігу.

Батылдық – қимыл, әрекет есебін тәуекелдеумен үйлестіре алушылық.

Табандылық – батырлардың қалқаны.

Өжеттілік, қайсарлық – адамның тіпті мүмкін емес деген жағдайдың өзінде абыроймен өлімге бас тігуге тәуекел етушілік, игілікті құлшыныс.

Сондай-ақ Бауыржан атамыз халықты ерлікке, патриоттыққа тәрбиелеуде артына көптеген мақал-мәтелдер қалдырған.

Мысалы: “Үлкенді ізетте, кішіні күзетте көр”.

“Ерлік тәрбиеден туады”,

“Ерлік бірлікте емес, жүректе”,

“Отанда опасызға орын жоқ”,

“Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тік тұрып өлген артық” деп халық атынан ащы да әділ үкімін пайымдайды.

Тіпті, Бауыржан атамыз туған ауылына келіп, ауыл адамдарының ынтымақсыздығын, карттардың қадірсіздігін, жастардың тәртіпсіздігін көріп, ызаланады. Дастарханға ас қайырып, бата бергенде, бұрынғы халықтық бата– тілекті жаңаша жаңғыртып, “Я, құдай, дозактың отынан сақта, қаңғыған оқтан сақта, ынтымақсыз туыстан сақта, қара жүрек батылдан сақта, адамды қадірлемес есерден сақта, нанды басқан есерден сақта, кеудесін керген келіннен сақта, мезгілсіз келген өлімнен сақта, ұятсыз қызыңнан сақта, қайырымсыз жекжаттан сақта, жалқау баладан сақта, жастарында әдеп жоқ, өлгенінде бәтуа жоқ құр айғай шат-шәлекей даңнан сақта” деген батасының тұнып тұрған тәлім, өзіндік үлгі өнеге, өлмес, ескірмес өсиет екенінде дау жоқ. Мен жазушы, тәлімгер Бауыржан Момышұлының еңбектерін оқи отырып, оның шығармашылығы патриоттық тәлім-тәрбиенің қайнар көзі екенін байқадым. Қазақ халқы қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен елдігін сақтап қалу үшін күресе отырып, туған елге, кіндік қаны тамған қасиетті жерге деген махаббатын ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп беріп отырды. “Туған жер” ұғымын бала бойына ерте сіңіруге тырысып, оны Отан, ел-жұрт ұғымдарымен байланыстырып отырған. “Отан от басынан басталады”, “Отан оттан да ыстық”, “Елің үшін отқа түс күймейсің” деп тәрбиеленетін қазақ баласы үшін Отан - отбасынан, ата-жұртынан, туып өскен топырағынан басталады. Сан ғасырдан бері қазақ халқының тәрбие жөніндегі өнегелі сөздері мен істері, тұрмысы, мәдениеті, өнері, өмір тәжірибесі отансүйгіштік сезімнен бастау алады. Әрбір халық өзінің тарихы мен тәжірибесін жалғастыратын өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халқымыздың ғасырлар бойғы

жинақталған тәрбие әдістерін қолданып, өмір тәжірибесі сынынан өткен әдептілік, сыпайылық, адалдық, инабаттылық, іскерлік, мейірімділік, қайырымдылық, еңбексүйгіштік, үлкенді сыйлау, оған ілтипат көрсету сияқты қабілеттерді олардың бойына дарытты. Осылардың бәрі адамзат тәрбиесінде патриотизмнің қандай рөл атқаратындығын көрсетеді.

Патриотизм ұғымын әскери-жазушы, халық батыры Бауыржан Момышұлының педагогикалық-психологиялық тұрғыдан өз шығармаларында жан-жақты қарастырған. Жазушы “патриотизм – Отанға (мемлекетке) деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенінді, мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз – мемлекет деген ұғымды, оның жеке адаммен барлық жағынан: өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын біріктіреді”, – дей отырып, “Ұлттық мақтаныш сезімі дегеніміз белгілі бір немесе басқа ұлт адамының көптеген жеке мақтаныш сезімінің жиынтығы болып табылады, ұлттық мақтаныш сезімі әрбір ұлт адамы үшін бұзылмас заң” – деп, ұлттық патриотизмнің негізгі қасиетін атап көрсетеді. Бауыржан Момышұлы ұлтжандылық пен ұлтшылдықтың да ара жігін ашып көрсетеді: “Екі түрлі ұғым бар: ұлттық рух – бұл асыл қасиет, ұлтшылдық – бұл ұлт ішіндегі жеке адам бойындағы көркеуделік. Бұл мәселені дұрыс түсіне білу керек” – деген сөздерінің жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беруде мәні зор. Патриоттық тәрбиенің нағыз қайнар көзі отбасынан және мектептен басталады. Мұндай тәрбие беруде халқымыздың тарихи мұраларын пайдалану мен тарихи тұлғалардың ұлттық патриотизмге негізделген отансүйгіштік іс-әрекеттерін үлгі тұтудың үлкен маңызы бар екені бүгінгі таңда нақтылана түсуде. Сондықтан зерттеу барысында “патриотизм”, “ұлттық патриотизм”, “қазақстандық патриотизм”, “Отан”, “отансүйгіштік” ұғымдарына қатысты терминдердің мәні мен мазмұны анықталып, нақтыланды. Бауыржан Момышұлының патриот азамат ретінде қалыптасуы, қоғамдық-саяси істерге араласуы Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Тұрар Рысқұлов сынды ұлт зиялыларынан бастау алып, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Қаныш Сәтбаев секілді асыл азаматтардың қасында өтті. Демек, оның азаматтық тұлғасы өзіндік сананы ұлттық санаға ұластырудағы биік парасат өлшемімен көрінеді. Б. Момышұлы қайсыбір саяси, мәдени, әдеби жиындарда болсын, еркін сөйлеп өз ойын ашық айтып отырған. Мысалы, Нұртас Дәндібайұлы Оңдасыновқа жолдаған хатында (1943 ж.) халық тәлімін негізге алып, жігітті батырлық, жауынгерлік, қаһармандық сияқты қасиеттерге тәрбиелейтін ой-тұжырымдарын баяндайды. Халық тәлімінің жүйе-желісін ұстанған жазушы игі дәстүріміздің өмірде қайта жаңғыруына ат салысқан.

Бауыржан Момышұлының хаттарының қаһарлы күндердің шежіресіндей болашақ үшін маңызы зор. Б.Момышұлының Ұлы Отан соғысы жылдарында халқымыздың ақиық жазушысы М.Әуезовке, Қазақстан КП(б) Орталық комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі М.Әбдіхалықовқа, бүкіл әлемге әйгілі “Арпалыс” романының авторы А.Бекке, Қазақ ССР-ы Халық комиссарлары Советінің председателі Н.Оңдасыновқа, Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Қ.Сәтпаевқа және басқа да белгілі адамдарға жазған хаттары, менің ойымша, мән-мағынасын жоймайтын, биік патриотизмге толы, болашақ ұрпаққа сабақ болар құнды шығармалар.

Жауынгер жазушының шығармалары арқылы отбасы тәрбиесі ондағы ұстаз бен ата-ана, мораль, этика турасында тұщымды сөз қозғағанына көз жеткіздік. Оның қаламынан туған төл еңбектерінің тәрбиелік жақтары ашылып, патриоттық мәні айқындалды.

Бауыржан Момышұлы өз шығармаларында ұлттық рухтың жоғары болуына айрықша назар аударды. Осыған орай, бірнеше еңбектерін жарыққа шығарды. Мәселен, “Қанмен жазылған кітап”, “Ұшқан ұя”, “Жонарқа”, “Төлеген Токтаров”, “Бір түннің оқиғасы”, “Генерал Панфилов”, “Москва үшін шайқас”, “Олар менің есімде”, “Ел басына күн туса” атты туындылары дүниеге келді.

Қазақ жастарына патриоттық тәрбие беруде Бауыржан Момышұлының шығармаларының мүмкіндіктері кең. Өйткені ол біріншіден, жас ұрпақты тәрбиелеуде адамгершілікке баулудың басты құралы, рухани дүниесі байиды, ниет-танымы, өмірлік көзқарасы қалыптасады; екіншіден, ұлттық тәлім-тәрбие, отбасы тәрбиесі мен салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптарға бай тарихи мұра, үшіншіден, Ұлы Отан соғысында жанқиярлықпен соғысқан ұлдарымыз бен қыздарымыздың бейнесін және ерен ерліктерін ұмыттырмауға мүмкіндік беретін танымдық мұра.

Тарихи-ғылыми, әдеби әдебиеттерге, энциклопедияларға жасаған талдау Бауыржан Момышұлының шығармалары жіктемесінің бір жүйеге түсірмегендігін, олардың әрбірінде әртүрлі

жанрларына қарай талдағанын көрсетті. Мәселен, Е.Жұматаеваның кандидаттық диссертациясында Бауыржан Момышұлының прозасына ғана педагогикалық талдау жасалса, ал Қ.Уразбаев «Ұшқан ұя» еңбегіндегі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға тоқталған. Ал Ж.О.Иманалиев еңбегінде Бауыржан Момышұлының өлеңдеріне мазмұндық талдау жасалған.

Бауыржан Момышұлының шығармаларының түрлері негізінде ондағы патриоттық идеяларын сұрыптауға тырыстым. Бауыржан Момышұлының шығармаларын алдымен әдеби жанр бойынша (проза, поэзия, ғылыми еңбектері, мақал-мәтелдер, майданнан жазылған хаттары) бойынша жүйеледім.

Прозалық шығармаларындағы (роман, повесть, әңгіме) патриоттық идеялар: ел мен жердің тұтастығы; халықтар достығын қадірлеу; отбасы тәрбиесі: ұл, қыз, келін, ағайын тәрбиесінің ерекшеліктері; ауыз әдебиетті, батырлар жырын сүю; салт-дәстүрді құрметтеу; халыққа адал қызмет ету; халық мүддесін жеке бастың мүддесінен жоғары қоюшылық, намысшылдық.

Поэзиялық шығармаларындағы (өлеңдері мен термелері)

- патриоттық идеялар;
- қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдай;
- ата-баба дәстүрін ардақтау;
- үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету;

Ғылыми еңбектеріндегі (дәрістер мен баяндамалары) патриоттық идеялар: соғыс психикасы; әскери терминдерге анықтама және тактикалық стратегия туралы; ұстаз және батырлар бейнесі; адалдық пен адамдыққа тәрбиелеу;

Мақал-мәтелдеріндегі патриоттық идеялары: Отан, тәртіп, ерлік, батылдық, адалдық, өмір, өлім және әртүрлі ойлар.

Майданнан жазылған хаттарындағы патриоттық идеялар: қазақ тілі мен ділінің тазалығын сақтау; қазақ тілінде ғылыми терминдерді дұрыс аудару; баспасөз бен әдебиет тілін шұбарламау; ұлттық ойындар - әскери қасиеттерге тәрбиелеуші құрал.

Жастар бойында патриоттық қасиеттер тәрбиелеуде Б.Момышұлы мұрасындағы патриоттық тәрбиені тек оқу үдерісінде ғана емес, сыныптан тыс жұмыстарда да кіріктіріп пайдалансақ, оң нәтижелерге жетуге болатындығын аңғардым. Жоғары сынып оқушыларын патриоттыққа тәрбиелеу еліміздің егемендігін сақтап, өркениетті елу ел қатарына қосылуы қажеттілігінен туындап отыр. Елбасы Н.Назарбаев “Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде” атты еңбегінде ұлт ішіндегі бірлікті нығайту, отансүйгіштікке тәрбиелеу, азаматтық келісім ахуалын жасау мәселелеріне тоқталып, “Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру. Шынайы отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді” – деген... Сондай-ақ, жоғары сынып жастарын патриоттыққа тәрбиелеу ісінде мектептің тәрбие үдерісін модельдеу арқылы Бауыржан Момышұлы мұрасындағы патриоттық тәрбие арқылы патриоттық сана-сезімдерінің қалыптасуына мүмкіндіктері зор екендігін байқадық.

Бауыржан Момышұлы - ержүрек жауынгер, атақты қолбасшы, әскери жазушы. Ең бастысы - әр қылығымен, әр көзқарасымен, бар болмысымен қазақтың намыстан жаралған халық екенін мойындата алған тұлға. Бауыржан Момышұлының отызға енді ілінген шағынан-ақ есімі аңызға айналды, даңқы әлемді шарлады. Ұлтжандылықтан жаралған батырлық бейнесі тарих белдерін аралап, жыл өткен сайын “тот баспас саф алтындай жарқыраған” ерлік жолын жалғастыра отырып, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің қаһарманына айналды. Өзі үшін емес, халқы үшін, сол елінің аты үшін бейбіт өмірде де күрестен, ерлік пен табандылықтан қайтпаған Бауыржан Момышұлының өрлік бейнесін Қасым ақын былай жырлайды:

Нақ сол кезде естідім ер дүбірін,

Атағы атын алып келді бұрын,

Үстінде туған елдің тұрды толқын

“Бауыржан Момышұлы” - деген бір үн.

Бауыржан Момышұлының тағдырында, өмір тарихында талай әділетсіздіктердің орын алғаны да мәлім. Бұл туралы да біз әлі күнге дейін арнайы әрі ашық айта алмай келеміз. Әйгілі Саққұлақ шешен «Аспан толы жұлдыздан - жарқырап тұрған ай артық, жабыдан шыққан жүйріктен - қазанат туған тай артық, түйе сойған жиыннан - тоқты сойған той артық, ықылассыз берген етіңнен - жайдары ішкен шай артық» деген екен. Сол сияқты, Бауыржан Момышұлының

өмір - тарихындағы кішкене ғана эпизод, не болмаса шағын ғана оқиға, тіпті айтыс тартыстың өзі - кейбіреулердің күллі ғұмырынан артық екен. Өйткені, Бауыржан Момышұлы өзі айтты емес пе: «Ер намысы - ел намысы. Ел намысы - ердің туы. Жақсы жігіт елін өрге, жаман жігіт елін көрге сүйрейді, Ата күшін, ана сүтін ақтағысы келген жігіт елін өрге сүйрейді. Халқымның қалпына қара таңба бастырмаймын, ел намысына кір жұқтырмаймын, еркіме ен салдырмаймын деген ниетім өмірдің талай арпалысында маған медет те, қуат та болды» деген болатын Бауыржан Момышұлы.

Қорыта келгенде, Бауыржан атамыз отыз жетінің қасабынан аман өтсе де, ұлтжандылығы, халқын сүйгіштігі оның алдынан өле-өлгенше кедергі болып кездескені анық. Оны қарсы алдынан атпаса да сыртынан қанжар сілтеген, қарауылға алғандар, жала мен ғайбатты қарша боратқандар өте көп еді. Аңызға айналған батыр полковник шенінде, 72 жасында Алматыда қайтыс болды. Халық батыры, батальонның аты аңызға айналған командирі Бауыржан Момышұлы, оның ерлігі, ержүректілігі және командирлік шеберлігі туралы дерек, бүкіл елге тез таралды. Оны тірісінде аты аңызға айналған комбат, халық батыры деп атаған. Ұрыс жолы, әскери зерегі мен атамекенді қорғау ісіне қосқан үлесі қазақстандықтар үшін үлкен қызығушылық тудырады. Аты аңызға айналған командир өмірінің аты шыға қоймаған беттерін, әскери өмірбаянының егжей-тегжейлі қалпына келтіру отан тарихының маңыздылығы және жауапты міндеті болып табылады. Шетелдік ғалымдардың ішінде аты аңызға айналған командир туралы А.Бек, А.Кривицкий қаншама көркем шығармалар жазды. Александр Бектің „Арпалыс” атты еңбегінде Бауыржан Момышұлының соғыста жүрген жерінен нақты деректерді осы ғалым беріп отыр. Себебі Бауыржан Момышұлы өзінің оқыған дәрісбаянында ылғида осы А. Бектің еңбегін сілтеп отырған. Олардың ең танымалдарының бірі белгілі орыс жазушысы Александр Бектің «Арпалыс» («Волоколам шоссе») повесі. Бұл кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылған. Қазақстан зерттеушілері Әзілхан Нұршайықовтың „Ақиқат пен аңыз”, келіні Зейнеп Ахметованың „Шуақты күндер”, ұлы Бауыржан Момышұлының „Жанымның жарық жұлдызы” және тағы басқа шығармалары Бауыржан Момышұлының шығармалары туралы М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Ш.Мұртаза, Е.Ысмайылов, Ш.Елеуенов, М.Мырзахметұлы, М.Қалдыбаев т.б. ғалым-жазушылар батыр бейнесін сомдауда үлкен еңбек сіңірді. Мәселен, Е.Жұматаеваның кандидаттық диссертациясында Бауыржан Момышұлының прозасына ғана педагогикалық талдау жасалса, ал Қ.Уразбаев «Ұшқан ұя» еңбегіндегі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға тоқталған. Ал Ж.О.Иманалиев еңбегінде Бауыржан Момышұлының өлеңдеріне мазмұндық талдау жасалған.

Отандық тарих саласында өзінше үлес қосып келе жатқан ф.ғ.д., профессор Мекемтас Мырзахметұлы Жамбыл облысы Тараз қаласындағы Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің қабырғасынан «Бауыржантану» ғылыми орталығын ашты.

Бауыржан Момышұлының өмірі, шығармашылығы қазақ патриоттарына мәңгілік өшпес мұра болып қалды. Бауыржан атамыз сарбаздарынан темірдей тәртіпті талап ете отырып өзі де әділдік пен қайсарлықтың үлгісін көрсете білді. «Отан үшін отқа түс күймейсің», - деген сөзі, бүтін бір ұлттың қағидасына айналып кетті. Сондықтан болар, ғұмыр бойы халықтың ардақтысы, қадірлісі, еркесі болу Бауыржан атамыздың ғана пешенесіне жазылды.

Әдебиет

1. Екі томдық шығармалар жинағы [Мәтін]: Т.1. Қанмен жазылған кітап; Ұшқан ұя / Б.Момышұлы-Алматы; Жазушы, 2002.
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында, Алматы, «Атамұра» 1999 - 96 б
3. Мырзахметұлы М. Айналған аты аңызға Момышұлы [Мәтін]-Тараз: Сенім, 2000,-240 б.
4. Тарихи тұлғалар [Мәтін].-Алматы, Алматы кітап, - 2005,-368б.
5. Батыл, батыр Бауыржан/ К. Рысбаев // Ақ жол.- 2005.- 12 қараша.- Б.3.
6. Ұлтжандылықтан жаралған батыр/ А. Құсайынов // Астана хабары.- 2006.- №50
7. Интернет ресурстары: adebiet.portaly

БЕСҚАЛА ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КҮЙШІЛІК ДӘСТҮРІ

Күнқожа ҚАЙРУЛЛА

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының оқытушысы

Бесқала аймағын ертеден қоныс еткен қазақ халқы өзіне тән музыкалық мәдениетін қалыптастырып, ұлттық өнердің жан-жақты кемелденуіне өзіндік үлес қосты. Өткен ғасырларда Әуе бойындағы Шымбай, Хожелі, Қоңырат, Шаббаз (Бүгінгі Беруни қаласы), Көне Үргеніш қалалары Бесқала деген ортақ атаумен аталып, бүгінгі Қарақалпақстанның ілкідегі бір атауы ретінде тарихта қалды.

Бұл өңірде жыраулық, әншілік дәстүрмен бірге, домбырашылық-күйшілік өнер де жақсы дамыды. Бесқалалық күйшілердің репертуарында бергі заманның күйлерімен қатар, сонау дәуірлерден жеткен «Ақсақ құлан Жошы хан», «Қарт ноғай», «Науайы», «Ноғайлының қоштасу күйі», «Қарт ноғайлының зар күйі» сынды көне күйлер де көптеп кездеседі. Бесқала аймағындағы күйшілік ортаның қалыптасуына ықпал еткен көптеген тұлғалардың есімдері белгілі. Біз ел ішінен және жазба деректерден ондаған өнер иесіне қатысты мәліметтерді тауып, жүйеледік. Атап айтқанда, XVIII-XIX ғасырларда – Тілеуқұл Пендеұлы, шүйт Орынбай, Ақкелтір, Шүңке Құлтабайұлы, Жақсымұрат Торытайұлы, Рах Зұлпықарұлы (1845-1910), Емберген Шақпақұлы (1860-1936), Тұрманқожа, Дүкенбай сынды күйшілердің есімдері аталып, олардың жолын кешегі XX ғасырда Жолды Қосайұлы, Бәйімбет Дүйсенбайұлы (1875-1962), Әкімәлі Шүңкеұлы (1883-1958), Жұмалы Ембергенұлы (1891-1975), Дәулеткелді Жармағамбетов (1899-1950), Тоғайбай Бейсенбіұлы (1904-1976), Молдағали Балымбетов (1906-1984), Үсен Сүгірұлы (1905-1983), Избан, Әбдіғали Жанбыршин (1908-1988), Қарға Өтегенұлы (1910-1972), Биман Кенжебайұлы (1916-2003), Бақыт Басығараев (1926-2001), Абылай Шәукеев (1928-1996), Мүсір Жорабайұлы (1931-2010), Қылышбай Айтжанұлы (1932-2000), Көреген Дүйісұлы (1935-1999) сынды т.б. күйші-домбырашылар жалғастырды. Олар Бесқала халқын күй өнерімен сусындатып, сол аймақта күйшілік өнердің насихатталуы мен дамуына үлкен үлес қосты.

Бесқала өңірінде арнайы музыкалық білім алмаса да құймақұлақтық үрдіспен үйреніп, домбырашылық дәстүрді ұстанып жүрген өнерпаздар әлі де баршылық. Оразғали Әбілханұлы, Ибаш Байділдаұлы, Жарылқасын Оңайбаев, Сапарбай Әкімәліұлы, Қадірбай Алдабергенұлы, Байрам Арзиев, Әбді Қожанов, Жұмабай Жорабаев, Боранбай Медетханов, Жұбатхан Сүндетов, Жолмахан Алпысов, Қожахмет Ниязов, Убайділла Әбдірахманұлы, Жалғас Бекмаханов секілді өнерпаздар соның дәлелі.

Әуе және Жайық бойында «Қырымның қырық батыры» эпосын жырлаған ақын-жыраулар халық тарапынан жоғары бағаланған болса, «Алпыс екі Ақжелең» сынды салалы күйлерді тарта білген күйші-домбырашылар да ерекше құрметке ие болған. Бесқалалық Орынбай, Емберген, Рах, Бәйімбет, Молдағали тәрізді дәулескер күйшілердің жоғарыда аталған циклді күйлерді түгел орындағаны жайында деректер кездеседі [1].

Бесқала қазақтарының арасында кешегі күнге дейін күйші-домбырашылардың сайыстары жиі өтіп тұрған. Күйші, өнер зерттеушісі А.Райымбергенов «Қазанғап Ақжелең» атты еңбегінде XIX ғасырдың аяғында Қарақалпақстанның Қоңырат қаласында Әзберген ханның ұйымдастыруымен тоғыз домбырашының арасында үлкен өнер сайысы өткенін жазады. Оған Бесқаладан және Батыс Қазақстаннан Орынбай, Дүкенбай, Қаратөс-Аймағамбет, Қаналы төре, Қазанғап сияқты сол кездегі белгілі күй шеберлері қатысқанын айта келіп: «Тартыстың шарты бойынша, әрбір күйші «Ақжелең» деп аталатын топтама күйлердің алпыс екісін түгел орындауға тиіс еді»[1, 6-б], – десе, мұны Қарақалпақ аймағында кемелге келіп, сол өңірдегі Жұмалы, Дәулеткелді, Әбдіғали сынды күйшілерден өнеге көріп, өнер тарихына қатысты тың дүниелерді жадына түйген Б.Басығараевтың «Бесқала, Хиуа жақтағы қазақтың Әзберген деген ханы болған. Өзінің хан болып тұрған дәуірінде табын Дүкенбай, шүйт Орынбай, Қаратөс-Аймағамбет, Қазанғап, Айша қатын сияқты тоғыз домбырашыны жинапты...»[2], – деген деректері де растайды. Бұл ертеректе өткен күй сайыстарынан хабар берсе, «Үшсай ауылында күй тартыстары жиі болып, соның қызығына тояттай алмайтынбыз. Бұл сайысқа Мойнақтан Жұмалы Емберген, Құландыдан Тайпан Балмағамбетов келіп, ауыл үсті күй жәрмеңкесіне айналғанын бала болсақ та талай көрдік»[2], – деген деректер Кеңес заманы тұсында да Қарақалпақстанда бұл дәстүрдің үзілмегенін көрсетеді. Сонымен қатар, Шүңкенің әлім күйшісімен, Әкімәлінің түрікмен

дударшыларымен күй сайысын және кеше ғана өмірден өткен Молдағали, Тоғайбай, Бимандардың жиын-мерекедегі күй тартыстарын атап өткеніміз жөн.

Бесқалаға экспедициямен барып, онда өркен жайған халықтық өнерді көрген фольклоршы Көбей Сейдаханов «Қарақалпақ фольклор экспедициясы» мақаласында: «Біз мынаны аңғардық: Қарақалпақстандағы қазақтардың арасында халық мұрасы мол сақталған және ол күнделікті өмірде көпшіліктің рухани қажетін өтейтін өміршең құбылысқа айналған. Импровизациялық өнер дәстүрін жалғастырушы таланттар аз емес» [3, 202-6], – деген болатын.

Бесқала қазақтары күйлерінің жиналу тарихына қатысты айтар болсақ, 1959 жылы музыкалық мұраларды жинаушы фольклор экспедициясымен Асқан Серікбаева Қарақалпақстанға тұңғыш рет барады. Осы кезде Кегейліде тұратын Молдағали Балымбетовтен, Нөкіс қаласындағы Биман Кенжебаевтан, қоңыраттық Жақсылық Мамытұлынан, көне үргеніштік Екібай Кетебаевтан т.б. өнер иелерінен көптеген авторлық және халық күйлерін жазып алады. Бұдан кейін де 1962 жылы Талиға Бекхожина, 1977 жылы А.Байғаскина мен Бағдәулет Аманов, 1982 жылы Болат Қаракұлов пен Есенкүл Сафуанов барып, ондаған күйшілерден мол мұра жазып алды. Т.Бекхожина Бесқала аймағынан жинаған мұраларды негізге ала отырып, «Даламның назды саздары-ай» еңбегінің бір тарауын «Қарақалпақстан домбыра күйлері» деп атады. Біз де 2013, 2015 жылдары Қарақалпақстанға барып, жоғарыда аталған белгілі күйшілердің ұрпақтарымен, сондай-ақ, елімізге оралған ағайындармен кездесіп, көптеген күй саңлақтарының өмір және өнер жолдарына қатысты мәліметтер жинадық. Ел ішінен іздестіре жүріп, жеке архивтерде жатқан дыбыс таспалары мен ертедегі ескі күйлерді білетін өнерпаздардың баршылық екеніне куә болдық. Өзіміз тауып жазып алған қазыналардың арасында тың материалдар жеткілікті. Сонымен қатар Сәрсенбай Қадірұлынан «Бес қыздың жүрісі», Оралбек Сәдуақұлынан «Арқабайдың күйі», Жалғас Жанашбайұлынан «Көй-көй», Жарылқасын Оңайбаевтан «Тоғайбайдың күй басы», Байрам Әлиевтен «Қарғаның күйі», «Ысмаханнның күйі», Мырзабай Қылышбайұлынан «Сақау қыздың күйі», «Қара атты мен торы атты», «Досының күйі», Қарасай Әбдімұратұлының авторлық күйі «Адасқан сұңқар» т.б. күйлерді жазып алдық. Осындай жеке ізденістер нәтижесінде жиналған материалдарымыздың бір бөлігін күйші, өнер зерттеушісі М.Әбуғазы «Қазақтың домбыра өнері» атты еңбегіне «Бесқала күйшілік дәстүрі» деген атаумен енгізді [4, 300-302-66].

Бесқала қазақтарының күйлері – А.Есенұлы мен Г.Елеусізқызының «Күй – қастерлі әуез» [5] атты еңбегінде, «Ақтөбе өңірінің музыкалық мұрасы» [6] атты аудио жинағында, сонымен қатар, «Қазақтың 1000 күйі» антологиясында, А.Токтағанның «Атыраудың 62 Ақжелеңі» [7] еңбектерінде көптеп жарияланды. Осылайша, Бесқала қазақтарының күйлері біршама жинақтарда ноталық және ұнтаспа үлгісінде жарияланып жүрсе де, қай аймаққа тән екені және орындаушылар жөнінде мәліметтер берілген емес.

Бесқала қазақтарының күйлері жұртшылық бас қосқан жиындарда ғана емес, қазақ және қарақалпақ радиоларында, Ташкент телеарнасындағы қазақтілді «Замандас» бағдарламаларында дәріптелді. Әдебиетші-ғалым Қ.Жұмажанов «Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті» атты монографиясында бірлі-жарым күй саңлақтарын сөз еткенмен, аталған өңірдегі күйшілер туралы бұрын-соңды тиянақты зерттеу жұмыстары болмады. Соның себебінен Бесқала күйшілік дәстүріне қатысты айтылған кейбір еңбектерде жаңсақтыққа жол беріліп, біршама қате тұжырымдар жасалды. Мұның бәрі Бесқала күйшілік өнері туралы мәліметтердің бұған дейін жеткілікті дәрежеде зерттеліп, зерделенбегенінен еді. Өзбекстан, Қарақалпақстан қазақтарының халық ауыз әдебиеті нұсқаларын жинаған әдебиетші-ғалым Қыдырәлі Саттаров «Фольклор экспедициясының жемісі» атты мақаласында: «Әмудария құйылысындағы алтын қазына, асыл мұраның бір саласы – қазақ күйлері зерттеушілердің қаламына ілікпей келе жатқандығы қынжылтады» [8], – деген болатын. Ел арасынан материалдар жинастыру нәтижесінде бесқалалық күйші, домбырашылардың өнер тарихын жүйелеп, ұстаз-шәкірт жалғастығының үзілмегенін анықтадық. Бұл орайда, XVIII ғасырда өмір сүрген Тілеуқұл Пендеұлының күйшілік өнерін Жақсымұрат Торытайұлы мен Емберген Шақпақұлы жалғастырса, олардың жолын Жұмалы Ембергенұлы, Үсен Сүгірұлы, Әбдіғали Жаңбыршин, Айтөре Үсенұлы, Дәулеткелді Жармағамбетовтер ұстанғанын айтуға болады. Аталған өнерпаздарға Бақыт Басықараев, Дүйсенбай сынды т.б. күйшілер шәкірт болып, үлкен өнер иесі болып қалыптасты.

Бесқала күйшілік өнерін дамытушылардың алдыңғы легінде шүйт Орынбай мен Тұрманқожаның аты аталса, Орынбайдан Қазанғап өнеге алған.

Сол дәуірде Бесқалада Шүңке Құлтабайұлы сынды дәулескер күйші өмір сүріп, Шүңкеге Әкімәлі Шүңкеұлы, Әкімәліге Оразғали Әбілханұлы мен Мүсір Жорабайұлы шәкірт болды. Оразғалидан Әскербай Нұрқожаев, ал Жұмалы мен Әскербайдан Қожахмет Ниязов күй үйренген.

Аталған аймақта күй өнерін жыршы-жыраулар да кеңінен насихаттады. Бұлардың қатарында – Қарасай Қалиұлы (1848-1926), Амантұрлы (1872-1938), Жақсылық Мамытұлы (1899-1961), Теңізбай Есенбайұлы (1905-1968), Сарыбай Жәдігерұлы, Ұзақ Мыңбаев, Әскербай Нұрқожаев сынды әнші, жыршылар болса, Қарасай Әбдімұратұлы, Тұрлан Бейсенбаев, Сәрсенбай Рахманбердиев сияқты бүгінгі жыршылар да шебер домбырашылар.

Бесқаладағы күйші-домбырашылар сол өңірдің күйлерімен шектеліп қалмай, Үсен, Қаналы, Шәкім төре, Айша қатын, Баймағамбет, Махамбет, Құрманғазы, Дәулеткерей күйлерін де репертуарына қосып, ел ішіне насихаттады. Күйімен халық жүрегінен орын алған өнерпаздарды жұртшылық жадынан шығармай аңыз-әңгіме етіп кейінгілерге айтып отырса, ақындар мен жыраулар олардың есімдерін өз шығармаларына қосып дәріптеді.

Мысалы, «Қарақалпақстанның халық жырауы» Алдаберген Таскынбайұлы (1926-2007):

Тұрманқожа кісі екен,
Домбыра, күйдің иесі.
Ерте бір заман уағында,
Домбыраға дыбыс қостырып,
Келтіруші ағымға.
Күй жүйесі қосылып,
Өзіне әбден ұнамай,
Шаппаған су деп сағымға,

– десе, ақын Жүндібай Көптілеуұлы «Бұл елден кімдер шықпаған» толғауында:

Қарақалпақ елінде,
Күйшілер өткен белгілі...
...Тоғайбай деген кісіні,
Көп мақтайды асыра.
...Молдағали, Биманды,
Кім білмейд дейсің бұл елде.
Ақ домбыра қолға алып,
Ұшар құстай қомданып,
Тартқанда күйді толғанып,
Күш қосқан айбат, жігерге.
Жүзден артық күй тартып,
Тыңдаған халқы құмартып,
Естіген адам кетпеген,
Алғандай затын жоғалтып.
Кешке күйді шерткенде,
Кетіп жүрді таң атып...»[9, 37-б], –

деп Тоғайбай, Молдағали, Биман күйшілердің атын жырға қосады. Деректерге сүйенсек, Бесқала күйшілерінің Маңғыстау, Ақтөбе, Орынбор, Мұнанай, Хиуа, Түрікмен аймақтарын аралап, өнер көрсеткені байқалады.

Күйшілік өнері басымырақ дамыған кейбір аймақтардың жыршылық пен әншілік дәстүрінде күйдің әсері көбірек байқалса, Бесқала қазақтары арасында жыршылық өнердің кемелденіп, өркендеуіне байланысты бұл аймаққа тән күйлерде жыр саздарының ықпалы сезіледі, философиялық сарын басым. Шал Мырза мен Қазанғап күйлерінде де осы ерекшеліктің болуын Бесқала аймағында өмір сүріп және аталған өлкенің күйшілік дәстүрінен нәр алғанымен байланыстыра аламыз.

Сөз қорытындылай келе, алдағы уақыттарда Бесқала қазақтарының күйшілік дәстүрі жеке өнер мектебі ретінде танылып, зерттеледі деп сенеміз.

Әдебиет

1. Қазанғап. Ақжелең. Нотаға түсіріп, құрастырған А. Райымбергенов. – Алматы, 1984.
2. Б.Басықараевтан жазылған материалдар. – Құрманғазы атындағы ҚҰК, ФГЗЗ қоры.
3. Сейдаханов К. Қарақалпақ фольклор экспедициясы // «Жұлдыз» журналы. 1987. №7.
4. Әбуғазы М. Қазақтың домбыра өнері. – Алматы, 2016.
5. Есенұлы А., Елеусізқызы Г. Күй – кастерлі әуез. – Алматы, 1988.
6. Ақтөбе өңірінің музыкалық мұрасы. Аудио жинақ. ЖК «Универсал», 2015.

7. Тоқтаған А. Атыраудың 62 Ақжелеңі. – Алматы, 2000.
8. Саттаров Қ. Фольклор экспедициясының жемісі // «Нұрлы жол» газеті. 1993, №47, 48.
9. Көптілеуұлы Ж. Туған жерім – тұғырым. – Нөкіс, 1998.

ТҰЛҒАСЫ ТҮНҒАН ТӘЛІМ, ЕСІМІ ЕЛГЕ МӘЛІМ – БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

Қалымбетова П.Қ.

*Б.Момышұлы атындағы орта мектеп, Жамбыл облысы.
Т.Рысқұлов ауданы. Каменка ауылы.*

Ұлттық рух – ұлы адамның және тұтастай
алғанда ұлттың да асыл қасиеті

Бауыржан Момышұлы

Бауыржан Момышұлы- 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Мыңбұлақ ауылында туған (Бұрын Шымкент облысымен бірге болған). Ұлы жүз, Дулаттан тараған Шымыр руынан, Шымырдан – Шілменбет - Құлый.

Имаш бабасы 1911 жылы 92 жасында дүниеден өткен. Әкесі Момыш өз бетімен ескіше сауат ашқан, кирил алфавитімен оқуды меңгерген сол кезеңдегі көзі қарақты адамдардың бірі болған. Ел арасында ағаш ұстасы және етікші, зергерлігімен танымал болатын. Имаш атасы қартайған кезінде барлық шаруашылықты Момыш ұлына табыстаған. Әжесінің есімі - Қызтумас, қартайған шағында ағайын - туыс «сары кемпір» деп атаған. Анасы Рәзия дүниеден ерте өтіп, Бауыржан 3 жасынан бастап Қызтумас әжесінің қолында өседі.

1921 жылы бастауыш мектепті Аса интернатына түседі. 1924 жылдан бастап жеті жылдық мектепті Шымкент қаласында оқиды. Бұл сол өңірдегі 1924 жылы ашылған алғашқы жетіжылдық мектеп болатын. Бауыржанмен бір сыныпта Әбділда Тәжібаев және Құрманбек Сағындықов оқиды. 1928 жылы мектепті үздік бітіріп, Орынбор қаласындағы Қазақ Педагогикалық институтына оқуға түседі. Институт директоры Тоқтыбаев деген кісі болатын. Жас баланың қатты суықта жұқа киіммен жүргенін көріп, өзінің кабинетіне шақыртып алады. Баланың қолына бухгалтерияға қағаз жазып беріп, осы қағаз бойынша ақша алатындығын және сол ақшаға ауылға қайтатындығын айтады. Осындай тұрмыс жағдайына байланысты оқудан кетеді.

Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Туған жері - Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекені. Бауыржан жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Туған ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота, командирі болады. 1941 ж. Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аман - есен дивизиясына қосылды. Жауынгерлік іс - қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнайы тарау болып әскери жарғыға енуі, тактикада «ошақты» және «икемді қорғаныс» ұғымдарының қалыптасуы Бауыржан Момышұлының осындай тәжірибелерінің жиынтығы болып табылады. Елдік пен ерліктің киесіндей, батырлық пен батылдықтың иесіндей, асылдық пен жасындықтың үлгісіндей аты аңызға айналған баһадүр батыр Бауыржан Момышұлы – тау тұлға. Ол кісінің өмір жолы, сұрапыл соғыс жылдарындағы жанқиярлық ерлігі, өжеттігі мен өрлігі, алғырлығы мен көрегендігі – біле білгенге ұлы тәрбие, үлкен өнеге мектебі. Батыр Бауыржан Момышұлы – алмас қылыштай өткір де қайсар, дана да данышпан, шешен әрі ақын, «сөз қадірін өз қадірі, өз қадірі ел қадірі» деп бағалаған айбынды азамат. Осынау дара тұлғаның бүкіл саналы ғұмыры, ғибратқа толы істері, жүріс - тұрысы, сөйлеген сөздері, терең мағыналы ойлары әркімнің көкейінде. Бауыржан

Момышұлы – адамгершіліктің, азаматтықтың, патриоттықтың, имандылықтың символы. Батыр атамыз Бауыржан Момышұлы жеке басы ойшылдығымен, отаншылдығымен, ұлтжандылығымен, қаһармандылығымен, дарындылығымен, жоғары адамгершілік қасиеттерімен елеулі. Бауыржанның – әлем халқының ортақ перзенті дәрежесіне дейін көтерілген азамат.

Бауыржан Момышұлы – соғысты өз көзімен көрген жазушы. Ол – суреткер. Батыр Бауыржанның айтар ойы, жазар тақырыбы – соғыс шындығы. Ол өз шығармасының кейіпкері, өзінің образдарымен тұтасып кеткен тұлға. Барлық оқиғалардың бел ортасында өзі болғандықтан автор әңгімені өз атынан айтады. Ол сырт бақылаушы емес, белсенді қатысушы.

Қазақтың Бауыржан Момышұлындай ұлы перзентін таныстырып жату артық. Ел оның ерлігін, жазған кітаптарын біледі. Оның мірдің оғындай қанатты сөздері де халықтың аузында жүр. Сөйтсе де сол сөздерді жүйелеп беріп, жинақтаса, ол жаңа бір сипатқа еніп, халқымыздың батыр ұлының абыздық қырын аша түседі.

Соғыста 207 рет шабуылға шығып, бірнеше рет жараланып тірі қалғаны, өмір бойы ешкімге бас ией тек өз ар-намысының ғана құлы болғаны, халқының қамын ойлап, болашағы үшін күресіп өткені, өмірдегі өзі арқалаған ауыр жүгін, қоғам алдындағы өз парызын терең түсінгені – осының бәрі Бауыржанның шығарған қанатты сөздердің қайнар бұлағы. Баукеңнің нақыл сөздеріне айналған, оның басынан кешкен жайттары ғана емес, өмірден көріп білгені, көкірек-көңіліне түйгені, жүрегіне ұялағаны, қоғамға, болашаққа деген ой-пікірлері.

Ал бұл ойларды жинақтап, мақал – мәтел деңгейіне дейін көтеріп, болашаққа өсиет ретінде жазып қалдыру – тек Бауыржан Момышұлы сияқты талантты тұлғаның ғана қолынан келетін іс. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы – XX ғасырдың жаңаша тарихының маңызды парағы. Біздің санамызда ол шексіз қайғы мен қасіреттің құнымен қол жеткізген, ұлы ерлік пен жеңістің белгісіндей. Бұл адамгершілік ар-намыс және тәуелсіздік үшін болған соғыс.

Ұлы Отан соғысы туралы естеліктерді сақтау – әрі қарай дамудың негізі. Тарихты ұмытпау және оны мақтан ету – ұлт абыройының негізі, оның ұлттық мүдде, құндылықтар мен идеяларын жүзеге асырудың қабілеттілігі. Ұлы Отан соғысы – бізбен қатар өмір сүріп жатқан ата-бабаларымыздың, әжелеріміздің рухани жеңісі, ол жеңіс болмаса, біз де, біздің Отанымыз да болмас еді.

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 75 жыл өтті. Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділіктерін паш ететін, тарихта мәңгілік қалатын күн. Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің тылдағы қажырлы еңбегімен жеңісті шындаған, станоктың қасынан, егін даласында, күні - түні мал бағып, тынымсыз жұмыс істеген жұмысшылар, ауыл адамдары тойлайды. Бұл мейрамды біздің аяулы да даңқты әйелдеріміз - өздерінің әкелерін, ерлерін, ұлдарын және сүйіктілерін көзінен жасы сорғалай жүріп төзімділікпен күткен, олардың орнын жоқтатпаған аналар мен жұбайлар, қалыңдықтар мен қыздар тойлайды. Бұл мейрамды өздерінің әкелері мен ағалары қанын төгіп, жанын қиып бақытты өмірін қамтамасыз еткен Ұлы жеңістің құрдастары тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пида еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл елі болып еске түсіреді.

Ұлы Отан соғысы халқымызға төнген ең ауыр күндер болды. Төрт жыл, 1418 күн мен түн бойы өз жері мен отаны үшін, келешек ұрпақ үшін жан қилы соғыс жүріп жатты. Бір күшке жиналған орыс пен тәжік, грузин мен белорус, қазақ пен украин қарсы алдындағы жауға алмас қамал болып жұмылды...

Қазақстандықтар соғыстың алғашқы сәтінен батыс шекарада жаумен шайқасқа қатысқандардың арасында да, Берлинде Рейхстаг үйіне шабуыл жасап, ту тіккендердің қатарында бар еді. Еліне паналы қорған болған батырлардың, халық қаһармандарының өнегелі өмірлерін еске алу, оларды болашаққа ұрпақтарымызға жарқырата үлгі ету біздің борышымыз. «Ер тарихы – ел тарихы» - дейді халқымыз. Ұлы Отан соғысында ерлік көрсетіп, жеңіске үлес қосқан ағаларымыздың өмірін жастарға үлгі етіп, оларды отансүйгіштікке тәрбиелеуіміз қажет.

Қазіргі күні жас ұрпаққа адамгершілік, азаматтық және патриоттық тәлім-тәрбие беру ісін кешенді, жүйелі түрде жүзеге асыру негізгі мәселелердің бірі болып тұр. Осы мәселені шешуде жас ұрпақты патриотизмге, азаматтыққа тәрбиелеу жүйесін құру қазақстандық педагогиканың басты проблемаларының бірі болып саналады. Қазақ совет энциклопедиясында «патриотизм дегеніміз грек тілінен аударғанда отандас, Отан, туған жер, отанға деген сүйіспеншілік,

бойындағы күш қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау, ана тілін, елінің әдет - ғұрпы пен дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан қалыптаса бастайды», деп көрсетілген. [1]

Қазақ ел басына күн туғанда жалғыз жанын қу шүберекке түйген жауынгер халық болған. Ұлан байтақ даласының бір тұтам жері үшін қорқу деген сезімді жүрегінен жұлып алып тастаған. Тіпті арыға бармай-ақ кешегі Ұлы Отан соғысының әлі сарғайып үлгермеген қатпарлы парактарына үңіліп қарасақ қазақтардың қанды қырғында қаймықпай соғысқанына анық көзіміз жетеді. Оған мысал айқас алаңдарында өшпес ерлік жасаған жүз қазақтың (ең соңғысын арада 50 жыл өткен соң Бауыржан Момышұлы алды) Кеңестер Одағының батыры атағын алғанын айтсақ та жетеді. Бұны сол кездегі 2,5 - 3 млн. қазаққа шаққанда басқа халықтардың алдына шығып кетеді екен. Ердің ері шыдайтын жаңбырша жауған оқ пен қарша бораған бомбаның арасында олардың нәзік жүректері тасқа айналып, гүл ғұмырлары ажалдың қанды тырнағына ілікті. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. 500 ден аса жерлестеріміз, оның ішінде 96 қазақ Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

Руханилық адам әрекетінің оның болмысының барлық жағын қамтиды. Рухани құндылық адамзат болмысы мен іс - әрекетінің барлық жағын қамтитындығын жоғарыда көрсеткендей, ол патриотизм сезіміненде тыс қалмайды. Патриотизм – халықтың тәлім - тәрбиелік дәстүрде жүргізілген ұлттық тәрбие негізінде қалыптасып, тектілікке жеткізер рухани құндылық, адам мен қоғамның алдына жеткізер киелі қасиеті. Ұлы Отан соғысы жылдары да біздің еліміздің қанымен жазылған қиын да, қасіретті жылдар тарихы еліміздің мәңгіге ұмытылмас құндылығы, өмірлік тәжірибесі. Осы отты жылдардағы ерлік, батырлық көріністері арқылы патриотизмге тәрбиелеу, жас ұрпақты отансүйгіштікке өз тарихын, қайраткерлерін құрметтеуге баулу шаралары өткізіледі. Ол халықтың мәдени-этникалық тектестегі тарихи оқиғаларын үнемі еске алу, халықтың рухани құндылықтарына адалдықты сақтау, ұлттық батырлар мен кемеңгерлерді құрметтеу нәтижесінде пайда болады. Қоғам қайраткері, философ А. Айталы ұлттық патриотизмнің бүгінгі жастар тұлғасын тәрбиелеудегі зор мүмкіндігін «Ұлттану» атты монографиясында жан - жақты сөз етеді. [2]

Соғыстың бірінші күнінен бастап отанды жаудан қорғау жолына ерлермен қатар әйел адамдар да тұрды. 1941 жылдың 18 маусымы күні «Правда» газетінде Кеңес Одағы әйелдеріне үндеу жарияланды. Онда «Гитлеризмнен асқан әйелдің жауы жоқ... Фашизм Европа елдерінің әйелдеріне, оларды ұлдарынан, күйеулерінен, әкелерінен айырып, үлкен қайғы әкелді...» [3]

Республиканың партия, комсомол және әскери комитеттеріне соғыстың алғашқы күндерінен бастап қыз - келіншектерден өз еркімен соғыс майданына жіберу туралы мындаған өтініштер түсіп жатты. Кейбір деректерге сүйенсек, Отан соғысының майдандарындағы ұрыстарға Қазақстаннан 6 мың әйел қатысқан.

Батырлық пен батылдықтың, ұлтын сүйіп, халқын қадірлеудің ерен үлгісін көрсеткен ұлы тұлғалардың бірі – Бауыржан Момышұлы. Ақиық ақын М.Мақатаевтың:

Қандай сый тартсам екен, аға, саған,
Бір сый бар, аға саған тартылмаған!
Ұрпақтар аңыз етіп айта жүрер,

Сыйдан да он есе артық даңқын маған,- деуі хас батырдың қазақпен қатар мәңгі жасайтынын көрсетсе керек. Бауыржан Момышұлының батырлығы мен дарынының тұтасқан сипатынан қазақ өркениетінің арғы - бергі тарихындағы дара тұлғалар дәстүрінің жалғасын танымыз. Көсем тұлғалы қайраткерлігі мен жауынгер қолбасшылығына шешендік қасиеті қоса дарыған ол қазақ әскери ғылымын ұлттық және жалпы адамзаттық деңгейде танытты. Оның бұл еңбегіне туындылары арқылы да қанықпыз: «Офицердің күнделегі» (1952), «Бір күннің тарихы» (1954), «Москва үшін шайқас» (1958), «Жауынгердің тұлғасы» (1962), «Генерал Панфилов» (1963), «Төлеген Тоқтаров» (1965), «Қанмен жазылған кітап» (1991).

Бауыржан Момышұлы – Қазақ елі тарихындағы қолбасшылар – батыр қолбасшылардың әскери - жауынгерлік әдістерін зердесіне тоқып өскен, ұлттың елдік, ерлік дәстүрлерін терең сезіммен сүйіп, құрметтеп өткен халық перзенті. Бауыржан Момышұлының әскери ғылымдағы дара тұлғасы, тәжірибесі, шет мемлекеттер тарапынан қызығушылық құрметіне ие болды. Қазақ халқының көп ғасырлық тарихындағы арғы - бергі әскери - жауынгерлік дәстүрлерді ХХ ғасырдағы соғыс мамандарымен ұштастыра білген Отанымыздың дарынды перзенті – біздің ұлттық мақтанышымыз. [6]

Қазақ халқының қаһарман батыры Бауыржан Момышұлы сынды дара тұлғалар тағылымы арқылы тәуелсіз қазақ мемлекеттілігін әлем өркениеті кеңістігінде нығайта танытамыз. Бұл - біздің ұлттық - оташылдық ұлы мұратымыз!

Батырдың өсиет сөздерінің көбі Ұлы Отан соғысы кезінде орыс тілінде жазылған, себебі бүкіл Совет Армиясының командирлеріне арналған. Қазіргі уақытта бұл өсиеттер екі тілде де қолданысқа ие. Батырдың артына қалдырған өсиет сөздерін топтай келе, тақырып жағынан ауқымы кең екендігіне көз жеткізуге болады «Елім» деп еңірген ер ұлт, Отан, өмір, батылдық, тіл тағдыры, еңбек, оқу-білім т.б. тақырыптарда өзінің дара, дана ойын жеткізуге тырысқан. Осы өсиет сөздерінің ішінде көбірек қалам тербегені қолбасшылық, сардарлық, әскери борыш жайында жазылған афоризмдері екен.

Батырдың өзі, сегіз қырлы бір сырлы «ел деп еңіреген ер» болғандықтан, бар білгенін, бар тәжірибесін өсиет ретінде артына қалдырған. Бұл өсиеттердің зор құндылығы жан тебіренетін білгірлікте. Батыр тек қана еуропалық және ресейлік әскери ғылыммен, әскери өнерге сүйенбейді, өз ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрлеріне арқа тірейді. «Білек бірді жығады, ақыл-айла мыңды жығады», «Ер намысы – ел намысы», «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді » секілді аталарымыздың ұшқыр сөздерін Бауыржан Момышұлы орынды пайдаланған. Сондықтан батырдың өсиеттері қазақ жауынгерлеріне өте жақын, ойларына азық, бойларына қуат беріп тұрады..

Қанатты сөздер жайдан-жай тумады және оны айтып қалдыру кім болса соның қолынан келе бермейді. Ол үшін ғұлама, терең ойшыл, үлкен философ, ақынжанды және өз басы күнделікті күйкілжің өмірден жоғары тұратын ірі тұлға болуы керек. Бәукең, міне, сондай адам. Ол кісінің нақылдары сан алуан тақырыпқа арналған: соғыс және бейбіт өмір, тәртіп пен тәрбие, парыз бен қарыз, тіл мен әдебиет, салт пен дәстүр, тағы сол сияқты болып жалғаса береді. «Намысты нанға сатпа», «Ердің туы – намыс». «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тіке тұрып өлген артық», «Ұшқынсыз от тұтанбас», «Өзін сыйламаған басқаны сыйлауға қабілетсіз», «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды», «Тіл тазалығы үшін күрес ешқашан толастамақ емес» т.б. сөздері жастың да, кәрінің де санасында жатталған ұлағатты сөздер.

Қазақтың сүт бетіндей қаймағы бар,
Өзіндік парасатты байламы бар
Баукеңнің ерліктері өз алдына
Елге айтқан әр сөзінің айғағы бар
Батыр, батыл, кемеңгер, кемел бабам,
Болмайды ешқашан да төмен бағаң
Талай жыл, талай ғасыр өтсе – дағы
Ерлігіңді ұмытпас келер қоғам.

Бауыржанның даңқы, рухы өзіне керек емес, ол бізге, ұлтымызға, келер ұрпағымызға керек. Бауыржанның даңқымен, рухымен, дана өсиет сөздерімен тәрбиеленген ұрпақ осал ұрпақ болмайтыны айдан анық.

Бауыржан бірнеше орден, медальдармен наградталады, Кеңестер Одағының батыры атағын алады. Алайда халықтың өзі «батырым» деп танып, ардақтаған қаһарман ұлына бұл атақ Отан соғысы біткеннен кейін жарты ғасырдай уақыт өткенде барып берілген болатын. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен оған «Халық қаһарманы» деген атақ берілді. Баяндамамды қорыта келе, қазақ халқының намысын қорғаған батыр да батыл аға -апаларымыздың ерен ерліктері ой санамызда тұрып, олардың батылдық іс – әрекеттерінен өзімізге тәлім - тәрбие алып, мақтан тұтамыз.

Бауыржандай алыбымызды ардақтай білейік, ұлтымызға ұран болған ұлы тұлғамызды ұлықтай білейік. Тек қана қара дүрсін сөзбен емес, Бауыржанның Момышұлының атын дәріптейтін игі істермен, тиянақты тірліктермен дәлелдеуге тырысайық. Болашақтағы жас ұрпаққа үлгі болар батырларымыз есімі ешқашанда ұмтылмас.

Әдебиет

1. «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды»// Ұлы Отан соғысы тарихын зерделеудегі қазіргі көзқарастар» конференция. – Павлодар 2010
2. Б. Момышұлы екі томдық шығармалар жинағы, 1,2- том. Алматы. «Жазушы» 2004 жыл.
3. Зәкенов Қ «Құштарлық пен қайсарлық» // Коммунизм туы. -1975 мамыр
4. Нурбекова Г.Д. Женщины Казахстана – фронту. – Алма-Ата: Казахстан 1988 -168 с..
5. Гапон М. Сапар Рубаев// Новое время.-2003. -14 мая.
6. Кан Г.В., Шаяметов Н.У. Қазақстан тарихы. Оқулық. – Алматы, 2007.-264 бет.
7. Алғашқы әскери дайындық оқулығы. Алматы «Мектеп» 2006 жыл.

8. Қазақстан мектебі журналы 2008 жыл. №1, 7, 9.
9. Тебегенов Т. // «Таң-шолпан» журналы, №4, 2009 ж.
«Алғашқы әскери дайындық. Өмір қауіпсіздігі негіздері» журналдары 2009 жыл
№ 2,3,4,6. 2008 жыл №1,2.
10. «Алғашқы әскери дайындық» журналдары 2007 жыл №1, 2006 жыл №2, 2005 жыл №2.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ – ӘДЕБИЕТ ЗЕРТТЕУШІСІ

Маталиева А.Е.

*Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі, филология ғылымының магистрі*

Б.Момышұлының қолбасшылық қыры мен батырлығы, сонымен қоса жазушылығы баршамызға мәлім. Оның найза мен қаламды қатар ұстағанын естеліктері мен күнделіктеріндегі жазылған жазбаларынан білеміз.

«Ерлік елеусіз қалмасын» қағидасын ұстанған Б.Момышұлы көзімен көргендерін қағаз бетіне түсіруді, ел үшін опат болғандардың ерлігін жазуды өз парызы санаған.

Жастайынан әже ертегісі мен әке өсиетін, халық ауыз әдебиетінің тағылымы мол туындыларын тыңдап өскен Б.Момышұлының әдебиеттен аулақ кетуі мүмкін де емес еді. Сонымен бірге қазақ халқының ұлы ақыны А.Құнанбайұлының, А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың, М.Дулатовтың, Ж.Аймауытовтың, тағы да басқа Алаш зиялыларының шығармаларымен толық таныс болғандығын естеліктері мен хаттарынан анық аңғаруға болады. Тіптен, олардың шығармаларын жеке мұрағатында сақтағанын филология ғылымдарының профессоры, абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлының естелігінен білуге болады.

Алаш арыстарының шығармалары туралы пікір айту тұрмақ, олардың аттарын атауға қатаң тыйым салынған заманда Б.Момышұлының С.Мұқановпен болған әңгімесінде: «Бірінші классик – А.Байтұрсынов. Тіпті, Мағжанның өзі осыған қол берген. Екінші ақын – Мағжан. Қазақтың поэзиясында Мағжаннан соңғы ақын Ж.Аймауытов болады (1.84),- деп баға беруі көп нәрсені аңғартса керек. Біріншіден, ақын ешкімнен қорқып-үрікпестен қазақ халқының біртуар тумаларының шығармаларын жатқа білген және қажет болған жағдайда мысалдар келтіре алған. Екіншіден, олардың әрқайсысының ұлты үшін жасаған істерін, ұлт әдебиеті мен мәдениетіне, қоғамға қосқан үлесіне әділ баға бере алған. Үшіншіден, оларға қиянаттың жасалғанын анық білген, керек жерде оны айта да алған. Мәселен, И.Омаров пен профессор Темір Дәркембаевпен болған әңгімесінде: «...Алашорданы да ақтара тексеру керек. Олардың кейбіреулері ғылыми еңбектер де істеген еді. Соларды аршып алу керек. Бейімбет, Сәкен, Илияс Жансүгіровтің, тағы басқалардың халық жауы болғанына күмәндімін, солардың істерін қайта қарап, егер де ақталса, олардың бірнеше шығармалары әдебиет байлығына қайтадан қосылған болар еді», - деген пікір айтуының өзі - сол заманда үлкен ерлік. Себебі ол кезде мұндай ойды айту – өз басына қауіп төндірумен пара-пар еді. Алашорданың құрылғанынан бастап құрығанына дейінгі аралықты сипаттайтын әділ, ғылыми еңбектердің жоқтығын, әдебиетте де ол туралы жазылмауының себебін былайша түсіндіреді: «Күш бар, сол күшті ұйымдастыратын мықты қол жоқ. Жазушылар одағында біз секретарьларға қараймыз, секретарьлар біріншіге қарайды, бірінші айнаға қарап, өзіне-өзі ғашық болады (2.16),- деп ойын ашық жазады. Байқап отырғанымыздай, Б.Момышұлы қазақ әдебиетінің қаймақтарының шығармаларында айтылған тарихи шындықты, қазақ халқының өзіне тән құндылықтары мен қасиеттерін, ұлттық мүдделерін анық тани алған. Олардың шығармаларының бастауы халық ауыз әдебиетінде, ұлттың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерінде жатқанын, сонымен бірге ұлттың ұлы ақыны А.Құнанбайұлының шығармаларындағы оймен сабақтасатынын жақсы білген. Яғни, Абай – Алаш – Бауыржан үштігінің мүддесі де, мақсаты да бір болған десек, еш қателеспейтініміз анық.

Б.Момышұлы ұлы ақынның барлық дерлік шығармаларын ой елегінен өткізіп, өмірлік ұстанымы ете білген. Айтылған ойымызға дәлел келтіре отырып талдасақ, А.Құнанбайұлының:

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан
Сен де бір кірпіш дүниеге

Кетігін тап та, бар, қалан!- деген өлең жолдарындағы ойды жастайынан өмірлік бағдары ете білгенін, «пайданы емес, арды ғана ойлайтынын» естелік жазбаларынан байқаймыз.

Әсемпаз болу дегеніміз не? Ақын неге оқырманын әсемпаздықтан сақтануға шақырады? Ал Б.Момышұлы неліктен ақын ойын басты бағдар етіп алды екен? деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Әсемпаздық – дүниенің сырын танудағы материалистік таным-көзқарас. Яғни ақиқатты тануда тек көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын нақтылықтың шеңберінде қалып қою. Бұған көру, есту, иіс сезу, дәм сезу және тітіркену сынды тәннің физикалық қабілеттері арқылы әр нәрсеге сырттай құмар болу мәселесі жатады. Абай мұны тәннің құмары дейді. Ал кез келген әсемдік, ол – өнерпаздықтың нәтижелі туындысы. Демек өнерпаздық дегеннің өзі түптеп келгенде адамның қайраты, ақылы, талабы мен талпынысы, табандылығы, жүйелі ойлауының нәтижесі. Сондықтан да ақын әрнәрсеге сырттай қызығып құмарт бергенше, сол қызықтырғанды жасаудың, өндірудің технологиясын, тиімді әдіс-тәсілдерін меңгеруді ұсынады. Бұл өлеңде өнерпаз сөзі біз білетін өнер мағынасында емес, «іс-әрекет, қызмет, кәсіп» мағынасында айтылған.

Өнерпаздық жолын ұстану – жан құмарын байыту. Өнерпаздықтың өрісі – әрқалану, яғни жан-жақтылық. Өнердің бір ғана түрін меңгерумен шектеліп қалмастан үздіксіз жалғастыру, дамыту. Қазақтың «Жігітке жетпіс өнер де аз» дейтін өмірлік ұйғарымы осыған саяды. Өнерпаз болу үшін өзіңнің икеміңе, өмірлік ұстанымыңа, таңдаған мамандығыңа, кәсібіңе сай жан-жақты болу керек деген қорытындыға келуге болады. Мәселен, барлығымыз әсем киім киюге, тәтті тағам жеуге құмарланамыз, сәулетті үйде тұруға ынтызармыз. Ал егер сол әдемі киім, тәтті тағамды даярлауды өнер деп танитын болсақ, біз солардың қалай жасалғанын білуге ұмтылуымыз керек. Әдемі көйлек тігу үшін тек тігінші болу жеткіліксіз. Алдымен, көйлекті кесіп-пішудің өлшемінен жаңылмау үшін адамға математикалық білім қажет. Бұйым тігуге қажетті мата мен түсті таңдау үшін заманауи сәндік-қолданбалы өнерден хабардың болғаны шарт. Қазіргі ғылым мен техника дамыған заманда қажеттілігіне қарай компьютерлік сауаттылығы, ақыл еңбегі т.б. қажет. Демек қай сала болмасын бір ғана бағытпен шектеліп қалуға болмайды. Кез келген адам үнемі ізденісте болуы шарт.

Өлеңнің алғашқы шумағы арқылы әрнәрсеге әсемпаз болып, тек тән құмарын қуып кетпей, өнерпаздық жолына түсу керектігі, үнемі іздене отырып, жан-жақты болу арқылы өмірден өз орнын табуды, жан құмарын алғашқы орынға қоюды ұғына түстік. Ақын әрбір адамға бұл дүниеде «Сен де бір кірпішсің» деп сенім арту арқылы оның әрбір ісіне жауапкершілікпен қарауы қажет екенін түсінуге шақырады. Өркімнің өмірден өз орнын табуы қажет деген ойды «Кетігін тап та, бар қаланға!» сыйғызады. Ақынның айтқан ойы мен көрсеткен жолын Б.Момышұлы өте жақсы түсінген. Сондықтан да әрдайым ақынның осы өлеңінен үзіндіні мысал ретінде айтып отырған. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Б.Момышұлы пайданың емес, ардың жолында қызмет ететінін: «Шамасын білмеген кісіде ауыл жоқ. Шаманың да шеңбері бар. Соны байқау үшін аз, көп болсын, ақыл керек. Шаманы білу – үлкен нәрсе, онымен санаспасақ болмайды. Өмірден орнын арсыздар мен ақымақтар ғана таба алмайды», – деген пікірінен білуге болады. Шығармаларының өн бойында арсыздық, ақымақтық жолына түспеуге шақыра отырып, Арлы болудың жолын көрсетеді. Халқының игі дәстүрлері мен салт-санасын, әдет-ғұрыптарын, әдебиеті мен мәдениетін, тарихын, ұлттық құндылықтарын құрметтегенде ғана елім, жерім дейтін тұлғаның қалыптасатынын айтады. Ұлы ақын сақтандырған бес дұшпаннан қашық, бес асылға асық болғанын дәлелдеуге мысалды шығармаларынан көптеп-ақ кездестіруге болады: «Мен – талантты қазақ емеспін, талапты қазақтың бірімін. Талап пен жалқаулық туыс емес, жараспас қас»(2.11) дей келіп, талаптанған адам ғана өмірден өз орнын табатынын айтады. Ал адам қатарына қосылуда еңбектің орнын ерекше бағалайды: «Еңбек! Еңбекті мен қара жұмыстан бастадым: қора сыпырдым, қой бақтым, пішен шаптым...». Адал еңбектің жемісті болатынын айтады.

Ал қолда барға қанағат етуді, әрбір тиынның маңдай термен келетінін жастайынан түсініп өскенін, әке өнегесі мен өсиетінен тәлім алғанына мысалды «Ұшқан ұя» шығармасынан көптеп кездестіруге болады.

Сонымен бірге «Абай» романы алғаш жарияланғанда: «М.Әуезовтің «Абайы» – ұлы шығарма, бірақ кейбір жерлерімен келіспеймін. Неге? Себебі не? Ол кісі Абайды көтеремін деп, Құнанбайды кемітеді. Бұл өте үлкен қате деп білемін», – дей келіп, Құнанбайды Иван Грозныйға теңейді және оның қазақ мемлекетін құруға ұмтылғанын баса айтады. Демек, Б.Момышұлы ұлы Абайдың да, Құнанбайдың да тарихтағы орындарын өте жақсы білген деген қорытындыға келуге болады. Ал ақынның аударма өнеріндегі шеберлігін ерекше бағалауының өзідәл сол заманда кез келген әдебиетші ғалымның қолынан келе бермейтін іс екені анық. Ақын шығармаларын жан-тәнімен түсінген адамның ғана тісі бататын дүние.

Б.Момышұлының шығармаларын, естелік жазбалары мен қазақ классик жазушыларына жазған хаттарын оқи отырып, оның әдебиеттен еш алшақтамағанын көреміз. М.Әуезовтің «Абайынан» басқа, Ә.Әбішевпен бірігіп жазған «Намыс гвардиясына», С.Мұқановтың,

Ғ.Мүсіреповтің, Т.Ахтановтың, Ш.Мұртазаның шығармаларына берген: «Ғабиттің «Қазақ солдаты», Тахауидің романы, Дм.Снегиннің, Мәліктің очерктері, Талғаттың естеліктері, Әди, Жұмағали, Қасым Қайсеновтердің партизандық жазбалары, тағы басқалар – топ алдында мақтана көрсетерлік құнды шығармалар деп ойлаймын...» - деген сынды әдеби бағаларынан Б.Момышұлын әдебиет зерттеушісі, сыншы ретінде толық тануға болады.

Әдебиет

1. Б.Момышұлы. Айтылмаған ақиқат. Көптомдық шығармалар жинағы. 9-том. – Алматы: «Өнер», 2010. – 272 бет
2. Б.Момышұлы. Алыстан сәлем жолдаймын. Көптомдық шығармалар жинағы. 21-том. – Алматы: «Өнер», 2010. – 208 бет
3. Б.Момышұлы. Айтылмаған ақиқат. Көптомдық шығармалар жинағы. 10-том. – Алматы: «Өнер», 2010. – 264 бет

Б.МОМЫШҰЛЫ ЖӘНЕ А.БЕКТИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙЛАНЫСЫ

Тамабаева Қ.Ө.

ТИГУ доценті, филология ғылымдарының кандидаты

Бекназаров Б.А.

ТИГУ, «Шерхантану және рухани жаңғыру» FЗО бас маманы

Бауыржан Момышұлы! Ұлы Отан соғысының даңқты қолбасшысы, жазушы, Совет Одағының Батыры. Көзінің тірі кезінде-ақ аты аңызға айналған, осы бір ғажайып адамды ісі қазақтың еңбектеген баласынан еңкейген қартына дейін біледі десек, артық айтқандық емес.

Аты бүкіл әлем халқына аңыз болып таралған қазақ елінің ақиық қыраны Бауыржан Момышұлының қайталанбас ғажайып сырға толы өмір жолы мен көркем туындылары жөнінде сан тарапты пікір айтылып, толассыз жазылып келе жатқан мақала, зерттеу кітаптар қаншама. Ұлтымыздың біртуар ұлы, даңқты қолбасшысы Бауыржан Момышұлы үлкен жазушы. Бауыржанның өзі бастан аяқ қатысқан Ұлы Отан соғысындағы қаруластарының теңдесіз ерлігі жайлы төл туындылары, оның аузынан жазып алып, бір әрпін өзгертпей қағазға түсірген А.Бек пен Ә.Нұршайықовтың тамаша романдары әлемді шарлап кеткелі қашан.

Отан үшін соғыста ерен ерлігімен көзге түсіп, аты аңызға айналған. Бауыржан Момышұлы соғыста 207 рет ұрысқа қатысып, 5 рет өлімнің құрсауында қалған, 2 рет өлімші болып жараланған. Баукең «1943 жылдың аяғында майданнан келеді. Наурыз айына дейін Алматыда болады. Осы кезде ол екі жерде - Академияда және театрда лекция оқиды. Волоколамда болғанын, қоршауда қалғанын айтты. Панфилов туралы көп айтты. Оны туған әке, ағамыздай көрдік деді. Ол біздің бойымыздағы ерлікті жанып отыратын еді» деді. [3;334б.] – деп, Қазақ КСР - інің халық әртісі Серке Қожамқұлов өзінің сол лекцияларға қатысқанын айтып, Бауыржан естелігін жазып алғандығын айтқан.

Қазіргі көпшілік оқырман қауым Бауыржан Момышұлын жазушылық өмірге 1950 жылдардың аяғы, 1960 жылдардың басында келді деп біледі. Тіптен, олай емес екен. Бәукең жазушылық өмірін 1928 жылдары бастаған. Бәукеңінің сол жылдардағы қаламынан туындаған қалта кітапшасына маржандай тізіліп жазылған жыр шумақтары осыны растайды.

Қазақтың кез-келген жазушысы қолына қалам алған сәтте, әдебиетке келер шағында, әдебиетіміздегі поэзия жанрына соқпай кеткені кемде кем. Бәукең де сол секілді. Жазушылықты поэзиядан бастаған көрінеді. Поэзиядан бастауының тағы бір себебі, қазақтың бай ауыз әдебиеті үлгілерімен сусындап, Абай мен Мағжан өлеңдерін көп оқығанының әсері болуы керек. Сондай-ақ Жуалының әсем табиғаты да оны өлең жазуға итермелегені сөзсіз. Өлең-жырларының көбі ауыз әдебиетінің үлгісімен жазылған. 1930 жылдардың басынан үнемі әскери жорықтарда болған Бәукең қалта кітапшасына көрген-білгендерін тізіп жаза отырып, осы күнге мұра етіп қалдырыпты. Бұл қалта кітапшалары Алматыдағы орталық мұрағатта сақтаулы.

1930-1955 жылдар аралығында әскери қызметте болған Бәукең қолы қалт еткен кезде, қолына қаламын алып, шығарма жазып отырған. Жазушының «Ұшқан ұясы» осы екі аралықтағы кезеңнің жемісі. «Ұшқан ұяның» алғашқы нұсқалары 1940 жылдардан бастау алады деп айтуға толық негіз бар. Жауып тұрған оқтың астында, ызғарлы окоптың ішінде мұз төсеніп ұйықысыз

талай түндерді өткізген Бәукең қажыса да, шаршап шалдықса да шығарма жазуды әсте ұмытпаған екен. Сөзіміз дәлелді болу үшін, Бәукең өзінің жазған шығармаларының астына күнін, айын, жылын көрсетіп, қолын қойып отырған. Осы жерде мынадай жағдайды айта кетпеуге болмас. 1943 жылдың аяғына таман КСРО Жазушылар одағының мәжіліс залында «Знамя» журналының редакциясымен бірге жазушы Александр Бектің «Волоколам тас жолы» повесінің қолжазбасы талқылаудан өтеді. Талқылауға көптеген әскери басшы генералдармен қоса Бәукеңнің өзі де қатысады. Повесть егжей-тегжейлі ұзақ талқыланып, екі-үш күнге созылды. Мінбеге көтерілген шешендердің барлығы дерлік повестке өте жоғары баға беріп, оның авторы Бауыржан Момышұлы да, ал Александр Бекті оның жанама авторы деген қызу талқылау болғаны мәлім.

Расында да, осы сөздіңжаны бар секілді. 1942 жылыБауыржанМомышұлы мен Александр Бек кездесіп, шығарманың жазылуы жайлы алғашында ауыз екі, кейіннен жазба түрде шарт жасасып қол қойысады. Сонда автор мен кейіпкер өзара келсімге келе отырып, Александр Бек шығарманың авторы, ал Б.Момышұлы кітаптың бас кейіпкері болуға бәтуаласады. Алайда А.Бек Б.Момышұлының айтуы бойынша ғана кітапты толық жазып шықты, және бас кейіпкер қалай айтса, солай жазылды. Автордың шығарманы кәсіби жазушылар секілді көркемдеп, жанама, қосалқы деректерді қосуға құқы болмады. Б. Момышұлының баяндауы бойынша қалай баяндалса, сол күйінде қағаз бетіне түсірілді. Бірақ осы күнге дейін А.Бек авторлығын, Б.Момышұлы бас кейіпкерлігін сақтап келді. Бұл әрі қарай да осы күйінде қала бермек.

Кейде оқырмандардың мынадай ойға келуі әбден мүмкін.

Шығармадағы объекті де, деректер де түгелдей Б. Момышұлынікі, ал автор оған жанама дерек қоспаған. Осы орайдан келсек, Бәукең неге осы шығарманы өзі жазбаған – деген заңды сұрақ туындайды.

Әрине, автор мен кейіпкер арасындағы жасалған шарттарға жүгінсек жоғарыдағы сөзімізді толық дәлелдеп шығамыз.

Біріншіден, Б.Момышұлы қырғын соғыстың ортасында жүріп, мұз қатқан окоптарда отырып, бұл шығарманы жазуы мүмкін емес еді. Соғыста жүріп шығарма жазуға оның уақыты да жоқ. Екіншіден, жаза қалған жағдайда оны Бәукең соғыс аяқталғаннан кейінбастауымүмкін деген пікірді толық қуаттаймыз. Қалай айтсақ та, шығарма дер кезінде жазылды. Осы шығарма арқылы Б.Момышұлының есімі әлемге әйгілі болды. Бұл жерде А.Бектің еңбегін, әрине, жокқа шығаруға болмайды. Қайткен күнде де шығарманы жазып, баспаға ұсынуда А.Бек өз міндетін ойдағыдай орындап шықты. Бәукеңнің айтқанына жүріп, айдауына көніп, Мәскеу мен майданның алдыңғы шебінің арасын жол қылып, талай ұйқысыз түндері мен күндерін өткізе жүріп, атақты «Волоколам тас жолы» повесін дүниеге әкелді. Негізінен осы повесть арқылы А.Бек жазушы деген атқа ие болып, Мәскеудегі ірі тұлғалы жазушылардың қатарына қосылды. Жай ғана қосылып қойған жоқ, аты дүние жүзіне танымал жазушы болды. Осы повесть жазылғанша А.Бекті жазушы ретінде ешкім де білмейтін еді. Повесті жазуды бастамас бұрын А.Бек «Знамя» журналының редакциясына келіп, қазіргі жүріп жатқан сұрапыл соғыс жайлы шығарма жазуға тапсырма сұрайды. Бұл 1942 жылдың соғыстың нағыз қайнап тұрған кезі еді. 1941 жылдың күзінде Мәскеуді жаудан қорғау кезінде ерекше ерліктерімен көзге түскен жиырма сегіз панфиловшы батырлардың еңбегін ешкім толық жазбай және де олардың кім екендері анықталмай тұрған кез.

Редакцияға тапсырма сұрай келген А.Бек нақ осы тұсқа тап келеді. Редакцияның сол кездегі қызметкері «Бранденбург қақпасы» кітапшасының авторы жазушы Александр Кривицкий А.Бекке осы жиырма сегіз батыр жайлы түсіндіре келіп, шығарма жазуды тапсырады. Сен барған полкте бір қатал полк командирі – аға лейтенант Б.Момышұлы деген командирдің бар екенін ескерте айта келіп, сол жайлы шығарма жазуды қатты өтініп сұрайды. Аға лейтенант өте қатал, ешкіммен ашықпа-ашық сөйлесе бермейді, тіпті маңына да жолатпайды дегенді баса ескертеді. Сен Момышұлымен тіл табыса алсаң, онда сенің жолыңның болғаны, – дейді Бекті жолға шығарып салып тұрып. Шындығында да Александр Кривицкий өзі де соғыстың алғы шебін аралап жүріп, Бәукеңмен танысып, шығарма жазуды ойлағандардың бірі еді.Әйтсе де, оның бұл ойы іске аспады. Ол Б.Момышұлының қатаң қаһарына шыдамай, дегеніне көне алмай жолдары екі айырылған болатын. Осы жағдайды көп ойланған А.Кривицкий панфиловшылар жайлы шығарма жазуды бір сәтте есінен шығарған емес. Ақыры А.Бекке өзінің ойын іске асыруды тапсырады. Ал, А.Бек бұл жұмысты ойдағыдай атқарып, Б.Момышұлының атын да, өзінің атын да дүние жүзіне әйгілі етті.

Б.Момышұлы А.Бекті алғашында қабылдамады. Турасын айтсақ, сөйлеспек түгіл маңайына да жолатқан жоқ. Ал Бек Б.Момышұлының бұл қылығына қатты қынжылса да, наразы болмады. Бірақ, соңынан қалмай Б.Момышұлы алғы шептегі окоптарды аралағанда, ізінен қалмай алғы шепке барды. Штабта отырса, ол штабтың босағасын қарауылмен бірге күзетіп отырды. Сөйтіп жүріп ақыры Бәукеңді дегеніне көндіріп, өз ойын іске асырды.

«Егер дұрыс жазбасаң, алдымен оң қолыңды, содан соң сол қолыңды шауып тастаймын деген» Бәукеңнің қатал бұйрығы осы кезде болған.

Талай ұйқысыз түндері мен күндерін өткізе жүріп А.Бек Баукеңнің айтқандарын бұлжытпай айна-қатесіз қағаз бетіне түсіре берді. Арнайы дайындап алып барған қалта кітапшаларын бірінен кейін бірін толтырып, өзінің болашақ повестіне деректер жинады. Бауыржан Момышұлы Мәскеу түбіндегі ауыр шайқастарды тәптіштеп баяндап берсе, А.Бек мұқият тыңдап, бір сөзін өзгертпей жазып алып отырды. Бірер күннен кейін А.Бек «Волоколам тас жолы» повестінің алғашқы бөлімін жазуға Мәскеуге қайтады. Қайтып бара жатып, повестің алғашқы бөлімін бітіріп, жарияламас бұрын Бәукеңе оқып беруге уәде етіп, жолға шығады.

Мәскеу бағытына баратын поездардың біріне отырған Бек қатты шаршаулы еді. Өйткені Б.Момышұлының қатал мінезі бір вагонға жүк боларлықтай ауыр болатын. Сапарының сәтті басталғанына А.Бек қатты қуанды. Алайда, оның бұл қуанышы ұзаққа бармады. Жүрер алдында Баукең Бектің арқа қапшығына бір бөлке нан мен бес алты банкі консерві салып берген еді. Ал А.Бек Баукеңнің айтқандарын жазып алған қалта кітапшаларын осы қапшыққа салған болатын. Қатты жүйіткіп кел жатқан поездің тербеуі ме, әлде ұйқысыз өткен бірнеше күндердің шаршауы ма Бек қапшығын алдына қойып, қатты ұйықтап кетеді. Ұйқы дұшпандығын істеді. Қапшық қолды болып бір кезбе ұрының қолында кетті. Былай қараған адамға ұрыға қапшықтың ішіндегі нан мен консерві ғана керек. Ал, Бектің қолжазбасының түкке де керегі жоқ. Ұйқысынан селт етіп ояңған Бек қапшықтың қолды болғанын біліп, поездағы вагондардың барлығын аралап, қапшығын іздеді. Бірақ қапшық табылмады. Салы суға кетіп, үйіне сүлесөк оралған Бек өзінің зеректігінің арқасында Бәукеңнің баяндауларын мұқият есіне түсіре отырып, повестің алғашқы бөлімін жазып шығады. Бәукеңнің мінезінен сескеніп қалған Бек қолжазбаны Бәукеңе қорқа-қорқа ұсынады. Бәукең қолжазбаны түгелдей оқып шығып, аз ғана түзетулер жасап, баспаға ұсынуына рұқсат етеді. Қолжазба «Знамя» журналында жарық көреді. Бұл жолы Бек шынымен қуанды.

1944 жылы академик Қаныш Сәтпаев Қазақстан Ғылым академиясын басқарып отырған кезінде Александр Бекті Алматыға шақыртып, оның «Волоколам тас жолы» кітабын Алматыдан шығаруға келісім шартқа отырады. Сөйтіп, кітап шыққанша сегіз мың, кітап шықаннан кейін сегіз мың сом қалам ақы төлеуге келісім бере отырып, А.Бекті кітаптың авторы ретінде, ал Б.Момышұлын шығарманың бас кейіпкері деп белгілеп, келісім шартқа қолын қойып, мөрін басады. Бұл келісім шарт А.Бек пен Б.Момышұлының арасындағы ауыз екі келісім шарттың заңдастырылған түрі. Қалай айтсақ та, автор мен кейіпкер арасындағы ауыз екі келісімшарттың негізінде жасалған бұл шарттың маңызы зор еді. А.Бектің «Волоколам тас жолы» кітабы сол кездегі соғыс тақырыбына қалам тартамын деген қазақ жазушыларына жол сілтеуші құрал болатындай шығарма еді. Бір қызығы, шартты Қазақстан Жазушылар Одағы емес, баспа емес, Ғылым академиясы жасап, қаламақыны авторға солар төлеп отырғаны.

Академияның қысқа курсың тамамдаған полковник Б.Момышұлы 1943 жылдың басында елге қысқа демалысқа келгені мәлім. Бұл демалысын батыр атамыз өте тиімді пайдаланды десек, артық айтқандық болмас еді. Сол кезде үшке толып қалған баласы Бақытжанды көріп, сағынышты мауқын басады. Жуалыдағы елге барып, әкесі Момышқа Құран оқытып, ауыл ақсақалдарына сәлем береді Бәукең мен демалыста жүрмін деп шалқайып жатпай, сол кездегі республика басшыларының бір Әбдіхалықовқа кіріп, өзінің қазақ тілі жөніндегі ойларын ортаға салып және басшылық тарапынан ана тілімізге жанашырлық танытуын сұрайды. Әрі 1942 жылдары тілге байланысты жазған хаттарының жағдайын білуге әдейі ат басын бұрады.

Ана тілімізге төніп тұрған қатерлі қауіпті көреген Баукең сол жылдары-ақ байқап, әрекетке көшеді. Қазіргі біздің ана тіліміздің тағдырын Б.Момышұлы осыдан алпыс жылдан астам бұрын байқаған еді.

1937 жылдың зардабын тартып, қорқып қалған сол кездегі Республика басшылары батыр атамыздың бұл ұсынысына аса мән береді. Дегенмен, ұсыныс аяқсыз қалмады деуге толық негіз бар. Баукеңнің жазған хатына мән берген өкімет басындағы басшылар арнайы талқылау өткізіп, тіпті тілге қатысты қаулы да қабылдауға шешім даярлап қояды. Бұл жөнінде Баукең Сағындықовқа жазған хатында толық баяндап береді. Осы жерде Орталық комитеттің бір қызметкері арыз жазып, шығайын деп тұрған қаулыны шығартпай тастайды. Сөйтіп өтірік уәде беріп, жылы жауып қоя салды. Ал, ана тіліміздің тағдыры сол күннен бастап әлі күнге дейін дұрыс шешімін тапқан жоқ.

Жазушы – заманның құлы. Өзі өмір сүріп жатқан қоғамның толық тыныс-тіршілігіне аса мән беріп, төңіректегі болып жатқан құбылыстарды қағаз бетіне түсіріп, суреттеп, көркем шығарма ретінде оқырманға ұсыну – жазушының парызы. Олай болса сол кезде жүріп жатқан соғыс тыныс-тіршілігіне қалам тартып жүрген қазақ жазушылары бірен-саран болмаса жоқтың қасы еді. Болса да, бірен-саран ақындар өлең жазып, М.Әуезов «Намыс гвардиясын» енді аяқтап, баспаға ұсынған

болса керек. Әйтсе де, соғыс тақырыбына жазылған қомақты дүние әлі пайда болған жоқ болатынын. Ондай үлкен дүние 1950 жылдардың ортасында қазақ оқырмандарының қолына тиді. Ол Б.Момышұлының «Москва үшін шайқас» романы. Оған дейін мұндай қомақты үлкен соғыс тақырыбына жазылған шығарма болған жоқ.

Москва түбіндегі ұрыстардан кейін, Бауыржан Момышұлының жаңадан батыр атала бастаған кезінде С.Мұқанов, М.Әуезов, Ә.Әбішев, Ә.Тәжібаев, Ғ.Мүсірепов секілді қазақтың майталман жазушыларымен хат арқылы танысып, хат жазысып тұрғаны белгілі.

Академик жазушы М.Әуезовтің «Абай жолы» романының бірінші кітабын майдан даласында алып, мұздай окоптың ішінде оқып рахаттанған. Кейіннен батыр атамиздың жазушылық жолға түсуіне осы ағаларымыздың ықпалы болуы әбден мүмкін.

М.Әуезов өзінің «Намыс гвардиясы» пьесасының қолжазбасын ешкімге көрсетпей тұрып, Бауыржан Момышұлына жіберіп, пікір айтуын сұрап, майданға пошта арқылы жібереді. Бәукең қолжазбаны толық оқып шығып, әр бетіндегі кемшіліктерді түзеп, қолжазбаны түгелдей шимайлап, авторға қайтарады.

Заманымыздың заңғар жазушысы Әуезов оған ренжімейді. Өйткені, автор соғысқа барған жоқ. Соғыс тыныс-тіршілігін көзімен көріп, қолымен ұстаған жоқ. Қайта Бәукеңе рахмет айта отырып, оның жасаған қатал сынын мойындап, кем-кетігін Бәукеңмен хат арқылы ақылдаса отырып, қайта жазып шығады. Сөйтіп, ол қойылым республика театрларының бірінде қойылып тиісті бағасын алды.

Әдебиет

1. Бек А. Арпалыс. - Алматы: Жалын, 1985. - 664 б.
2. Мырзахметов М. Б.Момышұлы жайында сұхбат // Қазақ әдебиеті. 2004.-10қыркүйек.-8 б.
3. Ахметова З. Шуақты күндер, Алматы: Жалын, 1987. – 264 б.
4. Әлімжан Е. Жанартау // Ақ жол. – 2000, № 81 (15.381) 4-5 бб.
5. М.Мырзахметұлы «Өмір өзен ағысында» Алматы: Шапағат-нұр, 2010.
6. Әлімжан Е. А.Бек пен Б.Момышұлының әдеби келісім шарты // Қазақ әдебиеті. - 2000. - 8 желтоқсан. - 10 б.
7. М.Кәтімхан «Арпалыс» романының авторы кім? Астана: Педагогика-пресс, 2010. – 128 б.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТӘМСІЛДЕРІ

Абдыханова Ғ.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің аға оқытушысы

Бата (араб, фатиха – алғыс, ризашылық, тілек) – әлем халықтарының баршасында дерлік кездесетін, адамзат қоғамы сөздің магиялық құдіретіне күмәнсіз сенген қадым заманда қалыптасқан көне дәстүр. Батаны кім көрінген емес, елге сыйлы, абыройлы адам, ақсақалды қария беретін болған. Бата халқымыздың жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық турасындағы түсініктердің айғағы іспетті. Бата қысылғанда – қуат, қиналғанда – медет беріп, Әрбір іс-әрекетіне даңғыл жол ашып, бәле-жаладан қорғайды деп есептелген.

Бауыржан шығармашылығының бір саласы оның өлеңдері мен қанатты сөздері, мақал-мәтелдері. Батыр жазушының өсиет сөздері күні бүгінге дейін елдің аузында.

Біздер Бауыржан Момышұлын көбіне халқымыздың дара туған, тұлғасы, кешегі Ұлы Отан соғысының хас батыры, атақты қолбасшы, екі тілде бірдей жазған қаламы жүйрік жазушы ретінде білеміз. Ал нағыз қуатты ағысы тереңде жатқан дария – дарын иесі, рухани ұстаз ретінде Баукеңді әлі толық танып білгеніміз жоқ. Әсілі, қазақтың арқалы ақындарының бірі Хамит Ерғалиевтың «Баукеңнің телегей – теңіз тағылымы – болашақтың, таяу мыңжылдықтың әңгімесі» деуі тегіннен тегін болмаса керек.

«Кейде менің өнеге алған, тәлім үйренген, дәріс оқыған ұстаздарымызды есіме түсіріп ойға бататыным бар. Сондай шырын шақтарда ең алдымен ата-аналарымның бейнесі елестейді. Солардың уағызы басымырақ бола береді...», – дейді.

Жазушының рухани нәр алған қайнар көздерінің енді бірі – халқымыздың сарқылмас бай әдебиеті.

Бауыржанның «... мен әдебиетті жақсы көремін. Көзімді ашқаннан халықтың ауыз әдебиетімен ауыздандым, рухани тұшындым – деген сөздерінен оның қазақ халқының ертеден келе жатқан ауыз әдебиетін, сүйетіндігін, бала кезінен ауыз әдебиетінің озық үлгілері саналатын ертегі, аңыздар мен жырларды тыңдап өскендігін көреміз.

Халқымызда «Жауынменен жер көгерер, батаменен ел көгерер» деген қасиетті сөз бар. Бала Бауыржанның елінің сүйіктісі, аты аңызға айналған батыр, әрі жазушы Б. Момышұлы болуына, дүние есігін ашқан алғашқы күндері атасы Имаштың берген батасының шарапаты тимеді деу қателік болар.

Атасы Имаштың немересіне өмірлік өнеге болсын деп берген батасы бар:

Алатаудың қыраны мол еді-

Қырағы болсын, құлыным.

Қойнауы суға толы еді-

Бұлағы болсын құлыным.

Елінің тілегі зор еді-

Шырағы болсын құлыным.

Ата тілегі он еді-

Құмары болсын құлыным.

Бұл жер батырлар төрі еді-

Сыңары болсын құлыным – деп, немересінің өркені өсіп, азамат болсын деген көзі қырағы, ойы ұшқыр Имаш атасы, немересі екі-үш ай толғанда, сәби Бауыржанды қолына алып, жас өркен бұтақты қолына ұстатып тұрып:

Құрық деп берсем – құл болма,

Шыбық деп берсем – шіл болма,

Бәрінен де шырағым,

Баяны жоқ ұл болма – деп, немересінің мәнді де мағыналы өмір сүріп, туған еліне аянбай еңбек етіп, баянды ғұмыр сүруіне ақ батасын береді. Бауыржанның бата-тілектері де осы батадан өріс алып тұрғандай.

Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова атасы жайлы жазылған «Шуақты күндер» атты кітабында: «Мен атамның келінімін. Тұла бойы қайшылықтарға тұнып тұрған қайталанбас адамның биік шаңырағының кең дастарқанын ұстаған, шамам келгенше иіліп қызмет істеп, өнегелі өсиетін де, өңменімнен тесіп өтер айқайын да естіген маңдайлы келінімін. Атам деген – тірі тарих, шексіз шежіре еді... Ол – өз өмірінде сый-құрметке, қошеметке бөленген адам. Бірақ, Халқымыздың жақсы салттарын сақтап, әдеп пен ізет көрсетуім тіпті ұнап-ақ тұратынын білетін едім...» – дейді.

Мына бір батасы оқыған әрбір адамның жүрегіне терең ой салары анық. Бұл батада Бауыржан Момышұлы жақсылық пен жамандықты, адалдық пен арамдықты ашып көрсете келіп, неден сақ болу керектігін ашық айтады.

Бауыржанның баталары өзінше бөлек әңгіме. Бата беру халқымыздың ежелден келе жатқан қасиетті дәстүрлерінің бірі. Ақ тілек айту, жылы пейіл-ықылас білдіру, шын жүрегінен шыққан лебізді жеткізу – ата-бабаларымыздың өсиетнамасы, адамгершілік аманаты. «Бата – сөздің анасы», «Атаңнан бота қалмаса да, бата қалсын» деген сөздер тегін емес. Баукең батаның қадір-қасиетін білген, мән-маңызын терең түсінген адам. Сондықтан бұрынғы ескі баталарды қайталамай, осы заман ауқымына сай, өмірдің өзекті мәселелерін қоса отырып, өз жанынан шығарған баталары ел ішінде кең тарап кеткен. Солардан аз ғана үзінді келтірейік:

Е, Жаратушы жасаған!

Тілегімізді қабыл ет.

Иманымызды кәміл ет.

Дозақтағы оттан сақта,

Қаңғыған оқтан сақта.

Парақор соттан сақта.

Кірлі сумен жуыстан сақта,

Ынтымақсыз туыстан сақта,

Адалдықты арбаған ақыннан сақта – дей келіп, отбасы тәрбиесіне байланысты былай дейді:

Қарияны кемел, сыпайы ғып бер,

Ағаларды райлы ғып бер,

Апаларды мейірлі ғып бер,
Жезделерді зейінді ғып бер,
Құдағиды кеңпейілді ғып бер,
Қарындасты көрікті ғып бер,
Інілерді бөрікті ғып бер,
Әйелді ақ некелі ғып бер,
Баланы қаны толық, шекелі ғып бер,

Жиендерді жетелі ғып бер – деп айтып келіп, ары қарай барша еліне бақ пен бакыт, ынтымақ-ырыс тілеп, бүгінгі ұрпақты жақсы тәрбиеге шақырады. Қариясы кемел, апалары мейірлі, жезделері зейінді, қарындасы көрікті, әйелдері ақ некелі ел қашанда мәдениеті жағынан ең озық ел болмақ.

Мақал-мәтел – өмір тәжірибесі. Қиналған, қысылған сәттерін мен шақтарың, сол қысылшаң кезден қалай құтылғаныңды ойыңмен өрнектеп, сөзбен кестелесең, тұжырымдап қысқа бейнелесең, нақылға айналады. Қол астында пәлендей мың солдат болып, оның пәлендей отбасының тағдыры және сенің мойнында болса, ойланбай отыра алмайсың. Сонымен бірге солдатты өлімге жұмсау да оңай емес. Қарамағымдағы жауынгерлер маған тек бағынышты ғана болған жоқ. Олардың ішінде ақылгөйлері де көп болды.

Кейде солардың ауыздарынан маржандай асыл сөздер атқылап жатады. Мен елден естігендерімді оймен елеп-екшей бердім. Екшегенімді ерінбей қағазға түсірдім.

1. Опасызда Отан жоқ.
2. Табандылық – батылдықтың қорғаны.
3. Намысты нанға сатпа.
4. Өзін аяған – дұшпанға дос.
5. Өмір үшін өлгенше күрес.
6. Өлтірсең, өлімнен құтыласың,
Өлтірмесең, өлімге тұтыласың.
7. Тірескеннің тізесін бүктірген – ер,
Белдескеннің белін сындырған – ер,
Жағаласқанның жанын жаһанамға жіберген – ер.

Бауыржан Момышұлы – жалпы адам баласының абзал қасиеттері мен азамат тәрбиесін отыз ойланып, тоқсан толғанған, парасатты ойшыл. Ол, әсіресе ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. Баукеңнің «Өзінің ұлтын сыйламаған, ұлтын мақтаныш тұта алмайды, ол сөз жоқ, арамза, әрі қаңғыбас»- деуі жайдан-жай емес.

1. Көп тұрған су сасиды,
Ойламаған ми сасиды.
2. Үмітсізден үміт қашады,
Үміт асқар таудан асады.
3. Тәртіпсіз ер болмайды,
Тәртіпке бас иген құл болмайды.
4. Отан үшін отқа түс, күймейсің.
5. Ана тілің білмеген, ана сүтін татпаған.

Жалпы Бауыржан Момышұлы мақал-мәтелдері адам бойына күш-жігер, қайрат беріп, рухтандырады. Жерге тер төгіп, ал халыққа қан төгіп қызмет ету үшін, таяқтан тайсалма, семсерден сескенбе деген.

Қанатты сөздер – тұжырымды ой, әуезді ұйқасқа құрылған өрнекті сөз тіркестері. Кейде халық оны ауызекі тілде аталар сөзі, өсиет-нақыл деп те атайды. Қанатты сөздер – мақал-мәтелдерге өте ұқсас. Оларды ішкі мазмұны жағынан бірінен ажырату қиын. Қанатты сөздердің көбінесе авторлары белгілі болады. Өткір де тапқыр, ойлы, бейнелі қанатты сөздер ақын-жазушылардың тіл шеберлігін арттырады, суреттегелі отырған кейіпкерлердің айқын тұлғасын кескіндеуге септігін тигізеді.

Бауыржан Момышұлының нақылдары сан алуан тақырыпқа арналған: соғыс және бейбіт өмір, тәртіп пен тәрбие, парыз бен қарыз, тіл мен әдебиет, салт пен дәстүр тағы сол сияқты болып жалғаса береді. Бірақ көбі жас ұрпақты отанына деген махаббатқа тәрбиелейтін нақыл сөздер. Айтылған сөздерінің көбісі өз тағдырына байланысты. Баукеңнің нақыл сөздеріне айналған оның басынан кешкен жайттары ғана емес, өмірден көріп-білгені, көкірек көңіліне түйгені, жүрегіне

ұялағаны, қоғамға, болашаққа деген ой-пікірлері. Ал бұл ойларды жинақтап, мақал-мәтел деңгейіне дейін көтеріп, болашаққа өсиет ретінде жазып қалдыру – тек Бауыржан Момышұлы сияқты талантты тұлғаның ғана қолынан келетін іс.

1. Тәртіптің өзі кейде тәртіпсіздік туғызады.
2. Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше,
Шындықтың уын ішіп өлген артық.
3. Ептілік пен батылдықты қосса, айлакерлік шығады.
4. Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындықтың белгісі.

Тарихи кесек тұлғалар тұғырында Бауыржан Момышұлы өнегесі баға жетпес байлыққа жол сілтейді. Жас ұрпақты жігерлендіреді. Батылдыققа баулиды. Адамдыққа тәрбиелейді. Бауыржан атамyzдың ғибраты санаға сіңіп, көңіл көгіне жетті.

Сондай-ақ Бауыржан Момышұлы халықты ерлікке, патриоттыққа тәрбиелеуде артына көптеген мақал-мәтелдер, нақыл сөздерін қалдырған. Мысалы:

- Намысты нанға сатпа.
- Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу — сатқындық.
- Именіп жүріп көрген игіліктен — қарсыласып жүріп көрген бейнет артық.
- Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше — шындықтың уын ішін өлген артық.
- Ерлік — елдің қасиеті, жүректілік — жігіттің қасиеті.
- Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та, мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге

байланысты қалыптасады.

• Батырлық тәуекел мен ақылдың есебінен шығуға тиіс. Тәуекел кейде ақылды да ақтап алады. Ал ақылсыз тәуекелді ештеңе де ақтап ала алмайды.

- Ерлік — тайсалмас табандылық пен қайыспас қайсарлықтан шығады.
- Өршіл рухтан — өлмес ерлік туады.
- Белдескеннің — белін сындыр, тірескеннің — тізесін бүктірі.
- Ептілік те – ерлік.
- Қолбасшы болсаң сондай бол – жосылып жатқан жолдай бол.

Осындай тағы да басқа батырлық, ерлік, тәлім-тәрбие, өсиет, тағлым туралы біздерге өсиет сөздер қалдырған.

Б. Момышұлы нақыл сөздеріндегі халықтық тәлім-тәрбие:

«Мен де адаммын жаралған сүйек, еттен,»

Менде де жан бар, менде де ар бар жан тебіrentкен,

Халқымның қарапайым бір ұлымын,

Жанымды арым үшін құрбан еткен», –

деген жолдар арқылы беріліп тұр.

Айталық, «Адам қайраты» кітабында «Түсі жақсыдан түңілме», «Төртеу түгел болса төбедегі келеді», «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді», «Көз қорқақ, қол батыр», «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» секілді халқымыздың даналығы жиі айтылады. Қай мақалға талдау жасасақ та, мағынасы адалдық пен ерлік, ұлттық рухқа саяды.

Ол өзінің шығармаларын бастан-аяқ тек тамаша бір қасиетке — „шындық” атты ұлы ұғымға тіреді. „Біздің нақты болмысымыз – шындық. Шындықты суреттеп жазу кемістік емес, керісінше, дұрыс түсіндіре алмаушылық - кемістігі”. „Шындық - бас шабатын айбалта, бұл - өтіріктің тамырын шабатын айбалта. Кім өтірік айтатын болса, оны мен емес, тарих жазалайды”. Шындықтың қасиеті жайында ата-бабадан қалған киелі сөз, қисапсыз ойлар баршылық. Соның бірі Төле би бабамыз айтқан: „Жіп түйінсіз байланбайды, сөз шындықсыз байланбайды”,- деген нақылы. „Шындықты айтсаң рас, маймылға да құлақ ас”. „Алысар болсаң шыныңды айт, қауысар болсаң, сырыңды айт”,- деген екен Төле би бабамыз. Баукеңнің „Байлық мұрат емес, жоқтық ұят емес, намысың үшін өлсең бопты” дейтіні де сондықтан.

Ол „Ұшқан ұя” кітабында „Намыс – азаматтың алтын түбі” деген. Намыс – азаматтың алтын түбі. Әке-шешесін сыйлаған балада ғана намыс болады. Оларды ұялтпайтын, сүйегіне таңба түсірмейтін, өлсем өлейін, бірақ ата-анамды, ағайын-жұртымды жерге қаратпайын дейді. Ер жігіттің елі – ата-анасы, Отаны – өз үйі деп Бауыржан атамyz айтқан. Ұлы Абай: „Қазақтың біріне-бірі қаскүнем болмағынын, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғындығының, қызметке таласқыш болатынын, өздерінің жалқау болатындығының себебі не? ”- деп сұрақ қоя отырып, өз елінің, өз қандастарының күншілдігіне, бірін-бірінің жетістігін

көре алмаушылығына қарап мынадай философиялық ой түйеді: „Әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз, надан арсыз келеді; әрбір арсыз, жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады”. Бауыржан Момышұлы күншілдік, біреудің жетістігін көре алмаушылық сияқты теріс әрекеттерді жек көреді. Соған дәлел, генерал-майор Чернюгов Бауыржанға, Панфиловшылығы, оның дәстүрін сақтағыштығы үшін сөгіс беріп, сол күншілдікке қарсы қаймықпастан: „Панфиловтың аты ешқашан да өшпейді, оның дәстүрі Кеңес Армиясының рухында мәңгі өмір сүретін болады”, - деп жауап берген екен. Батырдың күншілдікті, намысты, ерлікті сынау арқылы да өзгелердің және басқалардың биік мұратын көрсетеді. Ал қаһарман батыр Бауыржан Момышұлы : Достық дегеніміз — өзара ақталған сенімнің түтіні. (Жаман дос басыңды күн шалса, қашып құтыла алмайсың, басыңды бұлт шалса іздеп таба алмайсың)”, - деген. „Адамгершілік – ар тазалығы”, Адам адамға дос болу үшін мейірім, шыншылдық, тату достық, таза жүрек керек дейді. „Талаптының тоқпағы жерге қата қағады”, „Адамгершілігі жоғары адамның алдында жат қылықтар жасауға ешкімнің батылы бармайды. „Жан жүрегі таза, рухы биік адамды ешкім басына алмайды”.

Бауыржан Момышұлы тіл туралы былай дейді: „Ежелден, атам заманнан тілдің, мәдениет әдебиеті өсіп, өніп от басындағы үй тіршілігінен бастап, қоғам, халық, ел-жұрттың, жалпы мәдениеттің арнаулы құралы – ғылымның атаулы санасы екені даусыз. Тілсізді – айуан дейді. Тілі кедей елді мәдениетсіз, анайы, надан халық деп санайды. Тіл адам баласының негізгі қасиеті болғандықтан – тіл байлығы елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми-әдебиетін білдіреді”. Бауыржан бабамыз: „Өмір сүргің келсе, сүріне еңбек ет”, „Именіп жүріп көрген игіліктен, қарсыласып жүріп көрген бейнет артық”, „Арпалысып алған абырой өмірдің ең шырын рахаты”, - дейді. Бауыржан Момышұлы өз шығармаларында білімді ел ең қуатты ел болатындығы туралы айтқан. Оның шығармасында қанат болып қалған мына сөзге мән берейікші: «Ақыл айтар мезгілде мың жасаған шалдай бол», - дейді батыр. Демек білімді адам көпті көрген, мың жасаған шалдай болады. Ол: «Қоғамды өзгертіп дамыту жастардың қолында», - дейді.

Бауыржан Момышұлы өнер саласында қазақтың киелі аспабы домбыра туралы былай дейді: Екі ішектің, бірін қатты, бірін сәл-сәл жай бұра, Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ - домбыра. Бауыржан Момышұлы: «Домбыра деген қазақтың қасиетті дүниесі. Өздерің тарта алмасаңдар да, қадірлей біліңдер. Баланың бойына халықтың рухани байлығын сіңдіру осындайдан бастау алады. Домбыраның сырлы сарынына ауызданбаған бала, уызына жарымаған көтерем қозыдай болады», - дейді. „Домбыраны қастерлей білмеген қазақтың баласы туған халқының жанын білмейді, ал халықтың жанын түсінбеу деген тамыры шабылған ағашпен тең. Ондай ағаш жапырақ жайып сая да бола алмайды, жеміс те бермейді”, - деп Бауыржан Момышұлы қазақтың ән өнерін, музыка өнерін, оның адам өмірінен алатын орнын әдемі суреттеген.

Б.Момышұлының мынадай қанатты сөздері бар:

Шын дос сыртыңнан мақтайды.

Ақылды кісінің сөзі де, өзі де сүйкімді.

Терлеп еңбек етпегеннің тілегіне жеткенін көргенім жоқ.

Ежелден ер тілегі – ел тілегі. Адал ұл ер боп туса – ел тірегі.

Опасызда Отан жоқ.

Отанда опасызға орын жоқ.

Отаның үшін отқа түс – күймейсің.

Тәрбиелі – тәртіптің құлы.

Тәртіпті – елдің ұлы.

Белдескеннің белін сындыр,

Тірескеннің тізесін бүктірі.

Сен жаудан қашсаң, өмір сенен қашады.

Таяқтан тайсалмасаң,

Семсерден сескенбесең,

Жендім дей бер...

Қарабет болып қашқанша,

Қайрат көрсетіп өлген артық.

Ептілік те – ерлік.

Айбындана шапқаннан ажал да сескенеді.

Қой бастаған арыстан тобынан арыстан бастаған қой тобы артық.

Қайратыңа әдісінді жолдас ет,
Әдісіңе ақылыңды жолдас ет.
Ел дегенде езіліп, жұрт дегенде жұмылып қызмет ет.
Жерге тер төгіп, халыққа қан төгіп қызмет ет.
Тізе бүгіп тірі жүргеннен,
Тіке тұрып өлген артық.
Ана үшін аянба – ант ұрады,
Бала үшін аянба – бетің күйеді,
Ел үшін аянба – ерлігіңе сын,
Жұрт үшін аянба – жігіттігіңе сын.
Тәртіп – тән үшін, ынтымақ – жан үшін керек.
Тәртіпке бас иген – құл болмайды,
Тәртіпсіз – ер болмайды.

Қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлының «Ер серігі – сергек ой», «Сын ерді шыңдайды, қорқақты қинайды», «Азаматқа өмірден ар қымбат, өлімнен ұят күшті», «Қорқақ – дөрекі, әрі ақымақ», «Алғырлық ойдың ішкі мазмұнын нұрландырып тұрады», «Ақылгөйлік кейде өнегесіздікке тірейді» деген ұлағатты сөздері қанатты сөздер қатарынан шығып, мақал-мәтелдер қатарынан мықты орын алуы заңды құбылыс десе болады. Бауыржан Момышұлының мақалдары ерлікке, адамгершілікке шақырады. Мысалы:

«Анаң үшін аянба, ант ұрады,
Балаң үшін аянба, бетің күйеді,
Елің үшін аянба – ерлігіңе сын,
Жұртың үшін аянба – жігіттігіңе сын»,
«Жерге тер төгіп қызмет ет,
Халыққа қан төгіп қызмет ет»,
«Қайратыңа әдісінді жолдас ет,
Әдісіңе ақылыңды жолдас ет»,-

деген мақалдары әрбір елжанды ұрпақтың жүрегіне әсер етпей қоймас. «Әкесіне қарап ұл өседі, шешесіне қарап қыз өседі», «Әкесіне қарап, ұлын сына» деген мақалдардың ұлағатына көз жіберіңізші. Өзіне тартқан өнегелі ұл өсіре алмаған әке ұятты, ал абыройлы әкеге тартып өсе алмаған жасық, болбыр ұл да ұятты деп тұрған жоқ па? «Тектей білген екшей де біледі» демекші, адам танумен шұғылданған, ертедегі өткен ата-бабалар қасиеттерін түптеп зерттеген кісі бүгінгінің жақсысы мен жаманын саралай алады, өзі де терісінен түңіледі, безеді, тектісіне еліктейді, өзгелерді де еліктіре ертеді. «Білімсіз бүлдіреді, ата-анасын күйдіреді» бұл да бір ақылды мақал. Надандар, намыссыздар әке-шешесін ғана емес, бүкіл жұртын жерге қаратады. Ендеше, осы сияқты мақал-мәтелдерде тәрбиелік мән, мазмұн тұнып тұр. «Азамат – елдің ажары» деген ақылды мақалды оқушыға қайталаудан жалығуға болмайды, себебі балаға кішкентай кезінен бастап-ақ елдіктің еңсесі ер азаматтарымен биік екенін құлағына құя берудің несі артық?! «Алты қадам алдын көрмеген, алысқа ұзап кете алмас», «Арманменен ер – сұлу, орманменен жер – сұлу» деген мақалдар бүгіннің ығында ғана бүккендей беруге болмайды, ертеңді де ойлау керектігін, сонда ғана алға жылжуға болатынын меңзейді. Бұл ойды «Арманды адам – пәрменді» деген мақал нықтай, нақтылай түседі.

Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАЛАРЫ: ТҰЖЫРЫМ МЕН ТОЛҒАМ

Абдимомынов Е.Б.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.

Тағдыры талай рет талапайға түсіп, тарихы аңыздармен астасатын қазақ халқының ауыз әдебиеті мен жаңа жазба әдебиетінде небір қаһарман батырларларымыздың болғандығын бүгінде мақтанышпен айтамыз. Дегенмен, сан ғасырлық тарихымыздағы осынау тұлғалардың тағдыры мен іс-әрекетіндегі, артында қалған мұраларындағы ақиқат пен аңыздың аражігін ажырату жаңаша көзқараста саралап, қайта ой елегінен өткізуді қажет етеді. Әсіресе, қаһармандық бейнесінде ел

жадында жаңғырып, ертегі-аңыздарда емес, шынайы өмірде болған, жас ұрпаққа батырлықтың озық үлгісін көрсетіп, реалистік кейіпкерге айналған тұлғалардың мұраларын зерделеудің маңызы айрықша. Қазақ әдебиетіндегі мұндай тау тұлғалы қаһарманның бірі де бірегейі екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты қолбасшысы, күллі түркі халықтарында әскери әдебиеттің негізін салушы Бауыржан Момышұлы болып табылады. Жасыратыны жоқ, кеңестік кезеңде және тәуелсіздіктің алғашқы жалдарында біз Б.Момышұлына әйгілі батыр, дарынды қолбасшы деп тек бір жақты көзқараста қарап, сол бағытта ғана бағалап, жас ұрпақтың санасына да солай сіңдіруге тырыстық. Дегенмен, уақыт өтіп, жоғымызды түгендеп, рухани санамыздың жаңғыруға бет алған қазіргідей уақытта Б.Момышұлының ақындық, жазушылық және т.б. қырлары жан-жақты ашылып, жыл өткен сайын қанатын кеңге жайып келеді. Б.Момышұлының әр тақырыпқа қалам тартып, қызықты оқиғалармен оқырманды баурап алатындай шығармаларын ел сүйіп оқып, жүрекке түйіп алған әсерлерін танданыспен айтып жүргеніне бүгінгі таңда куә болып та жүрміз. Әсіресе әдебиетімізден проза жанрында жазған роман, повесть, әңгімелері, естеліктері мен эпистолярлық мұралары бірде тарихи әлеуметтік мәселелерді қозғаса, бірде ұлттық рухымызға терең бойлап, ел ішіндегі елең еткізерлік елеулі оқиғаларды, тайға таңба басқандай етіп баяндап, оқырман ойынан шығып отырады. Ал, өмірлік тәжірибеден жинақтап түйіндеп айтқан нақыл сөздері ерекше иждиһаттылықпен талдап-түсіндіруді тұрарлық дүниелер. Б.Момышұлының проза жанрындағы «Музей апа», «Текебай бидің айтқандары», «Ұшқан ұя», «Бір түннің оқиғасы», «Янина», «Әзімханның әңгімелері», «Москва үшін шайқас», «Арпалыс» (Александр Бекпен бірігіп жазған романы), «Адам қайраты», «Қанмен жазылған кітап», «Көз алдымда бәріңсің» және т.б. туындылары қазіргі қазақ әдебиетінде шоқтығы биік, мәні мен маңызы ерекше құнды мұраларға айналған. Қазақ әдебиетінде жаңа «Бауыржантану» саласы дүниеге келіп, жоғары оқу орындарында батыр бабамыздың рухани мұраларын жас ұрпаққа оқыту ісі де қолға алынды. Бұл орайда, Б.Момышұлының рухани мұраларын әр қырынан жан-жақты қарастырып, жинақтап, бір арнаға түсіруде көрнекті ғалым М.Мырзахметұлының еңбегі ерекше елеулі. Ғалымның пікірінше: «Бір таңданар жай – Баукеңнің өз шығармалары мен ол жайлы жазылған кітап атаулының бәрі де тез таралып кететін ерекшелігі бар» [1, 3 б.]. Осыған қарап, батыр бабамыздың шығармалары таралымы мен оқылымы жөнінде өзіндік ерекшелік танытады деп ой қорытуымызға болады. Сондықтан, Б.Момышұлының рухани мұраларын жинақтау мен жариялау ісі еш тоқтамақ емес. Бауыржантанудың негізін салған ғалымның жетекшелігімен «Б.Момышұлы мұрасы ХХІ ғасыр көгінде» атты арнайы жобасының негізінде 2010 жылы «Өнер» баспасынан жарыққа шыққан Б.Момышұлының көптомдық шығармалар жинағында (30 томдық) бұрын соңды беймәлім мағлұматтар барынша айқын көрініс берді. Ш.Мұртаза, Б.Момышұлы, Ә.Көпіш, М.Кәтімхан, Б.Момынкүл және т.б. авторлар ұжымының қажырлы еңбегінің нәтижесінде дайындалған аталмыш еңбекте Б.Момышұлының естелікке толы құнды қолжазбалары, оқыған лекцияларының стенограммалары, эпистолярлық мұралары, шежіресі және т.б. мол мұралары тыңғылықты жинақталып, жүйеленіп берілді. Редакция алқасының төрағасы М.Мырзахметұлының пікірінше бұл бағыттағы жұмыстар Б.Момышұлының рухани мұраларын 100 томға жеткізіп жарыққа шығарғанға дейін жалғаспақ. Қазіргі таңда Республикамыз бойынша батыр бабамыздың мұраларын жинақтау мен зерттеп-зерделеуді мақсат етіп отырған Жамбыл өңірінде орналасқан «Бауыржантану» ғылыми-зерттеу орталығы 2004 жылдан бері осы бағытта жемісті еңбек етіп жатқан еліміздегі жалғыз орталық. Аталмыш орталықтың аға ғылыми қызметкері Ә.Найзабаевтың пікірінше бүгінгі күні Б.Момышұлына қатысты архив деректері мен жеке адамдардың қолдарындағы құжаттар, естеліктер, арнау өлеңдер, және драмалық туындылар жинақталып 15 томнан тұратын (30 томдық жинақтың жалғасы) көлемді материалдар дайындалып баспаға әзірленіп болған. Бұл бағыттағы көздеген мақсат-міндеттерге қол жеткізу мен игілікті істерді жаңғыртуда орталық қызметкерлерінің аянбай тер төгіп жатқандығы көңіл қуантады.

Б.Момышұлы 1956 жыл әскери зейнеткерлікке (отставкаға) шыққаннан кейін бір жолата жазушылық жолға бет бұрды. Бұл жолға батыр бабамыз тіпті соғыс жылдарында да әдебиет пен өнерді жоғары бағалап, қастерлей білгеннен кейін келгендігі мәлім. Оны батырдың «Литература и искусство Казахстана как выразители развития духовных сил народа в годы войны тоже верно служили интересам победы над врагом» [2, 5 б.] - деген пікірінен қарап аңғаруға болады. Сол уақыттан бастап жазушылар одағының өмірі мен тыныс-тіршілігіне тікелей араласып, шетел жазушыларымен байланыс орнатуға да ат салысқан. Бұл орайда батыр бабамыздың ұлы жазушы Мұхтар Әуезов екеуінің Үнді жазушыларымен байланыс орнатудағы еңбектерін атап айтқанымыз орынды болар. Бүгінде сол тұстағы үнді әдебиетімен орнатылған байланыс көпірдің мәні мен маңызы, әрі жетістіктері жайлы көптеген оңды пікірлерді айтуға болады. Б.Момышұлының жазушылық жолда жемісті еңбек етекендігін жоғарыда аталған еңбектеріне қарап-ақ түсінуге

болады. Дегенмен, батыр бабамыздың әдебиетімізде кенжелеп туып кеш дамыған шығын көлемді, бірақ ауықымды идеяларды білдіре алатын, эпистолярлық мұралары ерекше көңіл аудартады. Эпистолярлық мұралар қазақ әдебиетінде әлі де болса тыңғылықты қарастыруды қажет ететін жанрға жатады. Кеңестік кезеңде де бірен-саран жазушылар мен қоғам қайраткерлері бұл жанрға ерекше көңіл бөліп егжей-тегжейлі зерттей қойған жоқ. Профессор Құлбек Ергөбек жазушы Сәбит Мұқановтың хаттарынан монография жазып жол ашқанымен, соңғы жылдары бұл бағыттағы зерттеу жұмыстары ауқымды түрде жүріп жатқандығы сезілмейді. Б.Момышұлының көптомдық шығармалар жинағының алты томы осы эпистолярлық жанрға арналған. Бірақ, көптомдықты құрастырушы авторлардың пікірінше Б.Момышұлының эпистолярлық шығармалары 12 томнан асып жығылады. Қазақстан Республикасының орталық мұрағатынан Б.Момышұлының 15 мыңға жуық хаттары табылған. Оның ішінде өзінің жазған хаттары толық бір жинақты құрап берілген.

Осы хаттарға зер салып қараған адамға Б.Момышұлының әлемнің түкпір-түкпірінде таныс-біліс болып араласқан белгілі қоғам қайраткерлерімен, танымал жазушы әріптестерімен, сүйікті оқырмандарымен байланыста болғанын байқауға болады. Әсіресе, оның ең қызықты тұстары М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Орманов, Ә.Әбішев, М.Ғабдуллинмен арадағы хат арқылы байланыстары кез келген зерттеуші ғалымның назарынан тыс қалмайды деген ойдамыз.

Б.Момышұлының хаттарын жүйелегенде: шет елдік және қазақстандық жазушы әріптестерімен танымал өнер қайраткерлерімен алысқан хаттар, танымал мемлекет қайраткерлері және мемлекеттік аппараттың қызметкерлері, әскери ірі тұлғалы қолбасшыларымен, сондай-ақ Отан соғысына қатысқан әскери соғыс жорықтарын бірге өткізген ардагер жауынгер жолдастарымен, отбасылық, ағайын туыстармен, оқырмандармен, жазушы Александр Бекпен, сондай-ақ ғашықтық хаттары ерекше құнды дүниелер.

Мысалы: Б.Момышұлының М.Әуезовке жазған 1942 жыл 18.08 жазған хатында: «Жазған хаттарыңды алып өте шаттанып төбем көкке, қолым аспанға жеткендей болып отырмын. Хатыңызға көп рахмет... Сіз сияқты қазақ әдебиетінің полковнигі болмады... Абайдың бірінші кітабының жарыққа шығуына өте қуаныштымыз, амандық болса, айқын пікірімізді айтамыз» десе, Төлеген Тоқтаров пен Мәлік Ғабдуллиннің ата-аналарына Төлегенге Советтер Одағының батыры атағы берілгенге бәріміз қуандық деген сәлемін жолдайды. Міне, сол секілді хаттар легі көп-ақ. Оның бәріне бірдей тоқталып, бір ғана мақаланың көлеміне сыйдыру мүмкін емес. Сондықтан, бұл тақырыпты арнайы зерттеу нысанына қалдырғанды жөн көрдік.

Б.Момышұлы әдебиетке 1960 жылдары емес 1928 жылдан бастап келген. Оның Қазақстан Республикасының орталық мұрағатында сақталған қалта кітапшаларында 1928 жылдан бастап жазылған өлеңдер мен мақалалары, Қазақ шежіресі, сондай-ақ ұшқан ұяның алғашқы жазбаларынан көруге болады. Әскер қатарында қызметте жүргенде, бос сәттерін пайдаланып, демалыс күндері қаламға ерік беріп шығарма жазумен шұғылданып, үзіліп қалған сәттерде шағарманың қайта жалғастыру үшін аз тер төкпеген. Әсіресе, соғыс жағдайында тар окопта отырып, ой-пікірлерін қағазға түсіру ісі – кімнің ойына келетін іс?

Оқ пен оттың ортасында жүріп, ысқырған оқтың астында отырып, демалуға бөлінген аз уақытты пайдаланып «Ұшқан ұяны» жалғастырып жазған Б.Момышұлының көзсіз ерлігі кімді болса да таң қалдыратыны анық. Вера Павловна Строева шығармаға назар аудара келе, оны баспаға ұсынуға кеңес береді. Өкінішке қарай Ресейде кейбір баспалар шығармаға түрлі сылтау айтып, қол жазбаны авторға қайтарған. Оның алдында Б.Момышұлы 1944 жыл елге демалысқа келгенде қолжазбаны ала келіп, жазушы ағаларымыздың пікірін тыңдауға берген болатын. Ол кісілер шығармаға жақсы пікірлерін айта отырып, шығармаға авторы болуға ниеттерін білдіреді. Шығармада пайдаланған деректердің мықтылығы ма әлде басқа да себептері болды ма әйтеуір қолжазбаны қалдырып кетуді өтінеді. Б.Момышұлы бұл өтінішті қабылдамай, өзімен бірге майданға қайта алып кетті.

Б.Момышұлыны талмай жасаған әрекеттерінің арқасында шығарма 1956 жылы Калинин баспасынан жарық көрді. Сөйтіп, бұл шығарма мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып соның иегері атанды. «Ұшқан ұя» - жазушының балалық, бозбалалық шағынан мағлұмат беретін, әрі халқымыздың салт-санасынан, дәстүрінен, әлеуметтік-мәдени тұрмысын танытатын көркем туынды.

Алғаш мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап, күнделікті 1930 жылдардағы ауыл өмірінің тұрмыс тіршілігі көз алдынан өтіп, автордың басынан өткен сан қилы оқиғалары жіті көрініс тауып оқырыманды баурап алады.

Б.Момышұлы «Ұшқан ұяны» кезінде үш кітапқа жоспарлаған көрінеді. Кейбір деректер көзіне сүйенсек осыған көзіміз әбден жетеді. Мәскеудің қарапайым көп оқырмандарының бірі Зоя Сергеевнаға жазған хатында былай деп жазады: «Розговор должен идти только о нашем семье... Продолжение наши семи частичного имеется в набросках объем более 50-70 машинописных

страниц» деген жерден ұшқан ұяның жалғасының жазылғанын көру қиын емес. Өкінішке орай, бұл қолжазбалар әлі күнге дейін табылып, қалың оқырманға жол тартқан жоқ. Аталмыш еңбектің жалғасы алдағы уақыттарда бауыржантану саласында талмай еңбек етіп жүрген зерттеушілер тарапынан табылып жатса нұр үстіне нұр болары анық.

Б.Момышұлы табиғатында қалам мен қаруды қатар ұстаған жазушы. 1944 жылдан бастап елмен етене араласып, көптеген кездесулерге барып, ел сыйлайтын танымал тұлғаға айналды. Осындай кездесулердің ең үлкені мұхиттың арғы бетіндегі Куба халқымен жүздесуі. Кубаның көрнекті жерлерін аралай жүріп, таң атып, кеш батқанша Куба халқымен әдебиет жайлы және әскери тактика жайлы қызда қызықты әңгіме жүргізіп қайтты.

Кубадан құралақан қайтпай «Куба сапарлары» деп аталатын эссе естеліктерін ала қайтты. Сол уақыттарда Куба революциясы жеңгеннен кейін оларға көмек қолын созуға әр сала бойынша кеңес азаматтарының барғаны мәлім. Солардың арасында Аркадий Гайдардың баласы Тимур Гайдар Б.Момышұлын арнайы іздеп барып, сұхбат жүргізеді. Ол сол тұстағы Известия газетінің Кубадағы арнайы тілшісі болатын. Оның жеке архивінде Б.Момышұлына қатысты көптеген бізге беймәлім деректердің болуы мүмкін.

Б.Момышұлының ең сүйіп оқитын жазушысы Лев Толстой болатын. 1930 жылдары Санкт-Петербург қаласына оқуға барғанда оның шығармаларымен жақын танысып, орталық алаңдағы оның ескерткішіне барып бас иіп, үш рет айналып шығып, елге қайтқанша тағзым етіп жүрді. Мәскеудегі бір үлкен кездесуде мен жазушы емеспін Толстой секілді соғыс және бейбітшілік секілді роман жазатын, жаңа Толстой шықса мен соларға дерек қанамын деп ағынан жарылған. Б.Момышұлы жатқан Кубадағы қонақ үйдің вестюблінде оны Куба халқының өкілдері қолтаңба беруін өтінеді. Әркім әртүрлі зат ұсынып қолтаңба алып жатқанда тұрғандардың арасынан біреу үлкен кітап ұсынады. Алып қараса Лев Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» деген романы екен.

– «Аруағыңнан айналайын, жарықығым, осында да кездестік пе? – деп портретін сипадым да латын әріптермен қол қойып қолтаңба қалдырдым» - дейді Б.Момышұлы.

– «Біз сізді бұрын сыртыңыздан білуші едік. Бүгін көріп кездесіп, дидарласып, өз аузыңыздан нақыл сөздер естіп отырмыз. Аз уақытта сіз бізге көп сабақ бердіңіз. Сіз ең озат Советтің әскери мектебінің өкілісіз... Бұл біз үшін ең үлкен мектеп... Сізге көп рахмет корнел», - дейді генерал әскери училищедегі кездесуде.

Генералдың сөзінің жаны бар сияқты. Б.Момышұлы «Москва үшін шайқас» романы мен А.Бектің «Арпалыс» романы Кубаның әскери училищесінде оқулық ретінде пайдаланылады. Кубаның әскери оқу орындары Б.Момышұлының осындай үлкен құрмет көретін үлкен ілтипат пен елге шағырып салған.

«Москва үшін шайқас» романы баспадан шыққаннан кейін Б.Момышұлымен оқырмандардың арасында жиі кездесулер өтті. Олардың дені Мәскеу мен Қазақстанның түкпір-түкпірінде ұйымдастырылып арты қызу пікірталасқа ұласып жатты. Кейінгі жылдары бұл шығарманың да қазақ әдебиетінде айтулы орны бар, құнды туындыға айналғаныдығын кіріп те жүрміз.

Б.Момышұлының академик Қаныш Сатбаев пен Мұхтар Әуезовтың ұйымдастыруымен 1944 жылы Қазақстан ғылым академиясының мәжіліс залында ұйымдастырған қазақ зиялыларымен кездесуі қазақ әдебиетінің тарихында маңызды роль атқарды. Ол бұл кездесуде күніне 6-7 сағаттан тікесінен тік тұрып бір жеті лекция оқыды.

Лекцияның мәтіні Ұлы Отан соғысының тарихи маңызды уақиғаларымен қазақ зиялыларын таныстыру болатын. Бұл ұсынысты Б.Момышұлына Мұхтар Әуезов жасады. Ұлы жазушыға мұндай ой «Намыс гвардиясы» пьесасы жазғаннан кейін келген болуы керек. Жазушы Ә.Әбішевпен бірігіп жазған бұл пьеса жазушыға көп-көп қиындықтар туғызды. Қолжазбаның алғашқы нұсқасын Мәскеу түбінде соғыста жүрген Б.Момышұлына пікір сұрап хат жіберген. М.Әуезовтың өтінішін ерекше көңіл күймен қабыл алған Б.Момышұлы қолжазбаны оқып болғаннан кейін, аямай сынға алады. Шын мәнінде қолжазба шикі әрі соғыс қимылдарын өрескел бұзып, әскердің соғыстағы іс-әрекеті сенімсіз беріліп, ойдан құралған оқиға жемісі тартымсыз суреттеліп, жеңіл жаза салған шығарма екендігін дәлелдеп береді. Артынша М.Әуезов «Ер серігі – сергек ой» деген деректі әңгімесін жазады. Бұл шығармасында нақтылы өмір шындығын, майданда болып өткен бірегей оқиғаларды негіз етеді [3, 7 б.].

Б.Момышұлының жасаған сынына М.Әуезов ренжіместен онымен хат арқылы байланысып көптеген соғыс жайлы пікірлерін алып, қайта жазып болғаннан кейін тағы да екінші қайтара қолжазбаны оған жіберіп, оның көрсеткен сын ескертпелерін ескере отырып, қолжазбаның осал тұстарын жөндеп болғаннан кейін барып пьесаның сақынадағы жолы ашылады. Жалпы Б.Момышұлы майданда жүргенде М.Әуезовпен сегіз рет хат жазысып, пікір алмасақан. М.Әуезов тіпті өзінің ұлы шығармасы «Абай жолын» жазған уақыттарда да майдан даласында жүрген

Б.Момышұлына жолдап, пікірін біліп, сынына құлақ асып отырған. Ол туралы батыр бабамыз өз естеліктерінің бірінде «Я очень недоволен. М.Әуезовтің «Абайы» ұлы шығарма, бірақ кейбір жерлерімен келіспеймін. Неге? Себе не? Ол кісі Абайды көтеремін деп, Құнанбайды кемітеді. Бұл өте үлкен қате деп білемін» дей келіп «Құнанбай – ол қазақтың Иван Грозныйы. Иван Грозный мақсатына жетті, бірақ Құнанбай ойына жете алмады. Мұхаң осыған түсінбеді. Мен бұл ойымды Мұхаңа айтқанмын. Құнанбай қазақ мемлекетін жасауға ұмтылған еді» [4, 11 б.] - деп өз ойын ары қарай бүкпесіз жеткізген.

Осы жағдай түрткі болды ма, әлде басқадай себептері болды ма әйтеуір үш-төрт күн соңынан қалмай жүріп, бір жағынан академияның президенті Қаныш Сатбаевты үгіттеп жүріп академияда лекция оқуға Б.Момышұлын көндірді. Бұл лекция соғыс тарихын зерттейтін ғалымдар мен соғыс тақырыбына көркем шығарма жазамын деген жазушылар үшін өте маңызды болатын.

Әсіресе, қазақ қаламгерлерінің Ұлы Отан соғысы тақырыбына қатысты шығарма жаза алмай қиналған тұсында осындай лекция олардың жұмысын ілгері қозғалуына көптеген көмегін тигізді. Қиналған тұстарында көмек болды. 1-ші күні – Ұрыс және оның психологиясы. Қосымша тақырыптар: 1. Панфилов. 2. Офицерлер. 3. Солдаттар. 2-ші күні – Волоколамск бағытында. 3-күні – 1947 жылғы қысқы науқан. 4-ші күні – Қортындылар», – дейді Б.Момышұлы лекцияны бастаған кезде. Б.Момышұлының өміріндегі ең маңызды екі кездесуінің бірі осы болды десек те болғандай. Табиғатында бойында шешендік өнері бар батыр ағамыз қағазға жазып баяндама жасамаған. Мұрағаттағы деректердің көпшілігі әр жерде жасаған баяндамаларының стенограммасы. Әсіресе, 1958 жылғы Қазақстан мәдениетінің Мәскеуде өткен декадасында жасаған баяндамаларының стенограммасы көлемді-ақ. Оларды арнайы стенограф мамандар тауып, қағаз бетіне түсіру оңайға түскен жоқ. Бірақ, бұл бағыттағы жасаған зерттеушілердің еңбектері еш кеткен жоқ. Нәтижесінде бүгінде батыр бабамыздың шығармашылық лабораториясы айқындалып, әдеби туындылары мен қолжазбалары жинақталып, бір арнаға түсіп, жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқытуда кеңінен қолдануға болатын құнды мұраларға айналды. Оның үстіне, батырдың қойын жазбаларында қоғамдық дамудың шындығын, тарихи тұлғалардың қарым-қатынасын, заман ағымын, көркемшығармаларға байланысты сыни көзқарастарын т.б. білдіретін құнды пікірлер өте көп. Әсіресе, замандас-қаламдастары заманымыздың заңғар қаламгерлері Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Әлжаппар Әбішев, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Мұхамеджан Қаратаев, Ісмет Кеңесбаевтармен әдебиет проблемаларына қатысты қақтығыстары, кімге де болса ой салып, оқырман назарынан тыс қалмасы анық. Шындықты жазу-заң, себебі өтірік әдебиетке, мәдениетке, келешегімізге кесір. Әдебиетте ылғи да шындық салтанат құрып келді деп айта алмаймыз. Бірақ, бұл заңдылыққа басы ноктаға сыймай өмір сүрген батырдың көндігуі екіталай нәрсе еді [5, 56 б.]. Сондықтан, көп жағдайда Б.Момышұлы шығармаларында көркем шындықтан гөрі өмір шындығы басымырақ көрініс беріп отырды.

Қорыта айтқанда, Б.Момышұлының әдеби мұраларын өзі жазып қалдырған шығармалары және ол туралы жазылған әдеби туындылар деп шартты түрде екіге бөліп қарастыруға болады. Біз мақаламызда осының біріншісіне ғана тоқталып тұжырымдар мен толғамдар жасадық, ал екіншісі туралы баяндауды алдағы уақыттың еншісіне қалдырдық.

Әдебиет

1. Б.Момышұлы туралы естеліктер. Құраст. М.Мырзахметұлы, Р.Сатаев. – Алматы: Білім, 2005. – 208 б. + 8 б. сурет.
2. Момыш – улы Б. Тысячи мыслей – тысячи сомнений. Сборник произведений. Том 19. (2-я книга). – Алматы: Өнер, 2010. – 312 стр.
3. Момышұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. – Том 1. – Алматы: Жазушы, 2004. – 480 б.
4. Момышұлы Б. Көз алдымда бәріңсің. – Тараз, 2007. – 195 б.
5. Абдимомынов Е.Б. Б.Момышұлының стенограммалары мен лекцияларындағы әдеби-танымдық көзқарастар: филол.ғылы.магистрі академ.дәреж. алу үш. дайын... дис.: Тараз, 2012. – 104 б.

НАР ТҰЛҒА

Шота Қ.Н.

Филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Алматы қ.

«Мен де адаммын жаралған сүйек-еттен,
Менде ар бар, менде ой бар жан тебіrentкен.
Халқымның қарапайым бірі ұлымын,
Жанымды арым үшін құрбан еткен»
(Б.Момышұлы).

Халық мүддесі үшін қызмет жасап, ат жалын тартып мінгеннен, өмірінің соңына дейін еліне ерен ісімен белгілі жандар қаншама! Елдің келешегі – жастар деп біліп, оларға қамқорлық жасаумен қатар артына мол мұра қалдырды. Ұрпақ алдында өздерінің борышын адал орындап, ел ішінде НАР ТҰЛҒАҒА айналды. Сол НАР ТҰЛҒАЛАРДЫҢ елге, жерге деген жанашырлығы мен қамқорлығының арқасында біздің ел бейбіт күнде өмір сүріп жатқандығы баршамызға аян, әрі біз сол ағаларымыз бен аталарымыз алдында қарыздармыз. Мұны біз де, біздің ұрпақ та, немере, шөберелеріміз де ұмытпауы тиіс.

Табандылығымен, қайраттылығымен, ептілігімен көзге түскен іскер азаматтарымыз иығына жүктелген міндеттерді адал орындап, қайсар мінезді ердің ғана қолынан келетін іс тындырды. Ел басына күн туған сәтте қолына қару алды. Топтан суырылып шығып, отан үшін от кешті, отан үшін мұз құрсанды. Қым-қиғаш оқиғаның куәсі болған халық тайғақ мұздан басталған қауіпті жерден өткел жол іздегенде, басы қасында өр тұлғалы азаматтарымыз тығырықтан шығудың жолын іздеді. «Соқтықпалы, соқпақты» жолдармен жүріп, саяси сауатын шындап, оны ел қажетіне жаратты. Тыңнан жол тауып, көздеген мақсатына жету үшін небір сындарлы сағаттан өтіп, халықтың басына түскен қиын жағдайларды өзі де солармен қатар жүріп өткерді. Елдің басынан өткен Екінші Дүниежүзілік соғыс еңбектеген баладан, еңкейген қарттарына дейін күйзелткені бүгін тарих бетінде алтын әріппен жазылды.

Біз ендігі ретте қазақтың маңдайына біткен арыстарымыздың бірі, бірі емес-ау, бірегейі – Бауыржан Момышұлы жайлы сөз қозғамақпыз. Алайда біз Момышұлы Бауыржан атамyzды Екінші Дүниежүзілік соғыста данқты қолбасшы болғандығын, атақты жазушы, әскери академияларда дәріс берген ұстаз ретінде танимыз. Ол кісінің тектілігі, ешкімге ұқсамайтын мінездерімен де ел сүйіспеншілігіне бөленіп, аты аңызға айналған тұлға екендігін барша жұрт біледі. Батыр атамyzдың өмір жолы, сұрапыл соғыс жылдарындағы жанқиярлық ерлігі, өжеттігі мен өрлігі, алғырлығы мен көрегендігі – өз алдына бір мектеп.

Біз мақаламызда Бауыржан Момышұлының қанатты сөздеріне танымдық тұрғыдан талдау жасауды мақсат етіп, батыр Бауыржан Момышұлының дана да данышпан, шешен әрі ақын да, данагөлігін айтып, дара тұлғаның бүкіл саналы ғұмыры, терең мағыналы ойлары әркімнің көкейінде қалса екен деген мақсатпен қалам тартып отырмыз.

Ар мен намысты, ерлік пен батылдықты өз бойына сіңдіре білген Бауыржан атамyz өзінің айналасы мен жастардың да бойынан осы қасиеттің болуын қалады. «Аз сөз – алтын», – деп бағалаған батыр аталы сөздің қадірін жоғары бағалады. Сөйтіп ол мақалалары мен өз шығармаларында аталы сөз айтып, жастар мен жасөспірімдерге ұлағатты сөз қалдырды.

Бауыржан атамyzдың ұлағатты сөздері мен нақылдары сан алуан тақырыпқа арналған: соғыс және бейбіт өмір, тәртіп пен тәрбие, парыз бен қарыз, тіл мен әдебиет, салт пен дәстүр, тағы сол сияқты болып жалғаса береді. Алдыңғы қатарға батырлық туралы айтқан аталы сөздерінен нағыз отансүйгіш жанның нелктен батыл да, батыр қадамға барудың жолдарын түсінесің, шырынды сөздеріне тәнті боласың.

Батырлық, ерлік туралы Баукең былай дейді:

«Ерлік дегеніміз не? Бұл – адамға туа біткен қасиет емес, дұрыс жүргізілген әскери тәрбиенің жемісі. Ержүректілік пен батырлықты найзаласқан қолма-қол ұрыстан көргісі келетін адам қателеседі. Ерлік – табиғат сыйы емес, ең алдымен өзіңнің ар-намысыңды және азаматтың қасиетті абыройын ұятқа қалу, опасыздық пен масқара болу сезімінен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімін - азаматтық парызын орындау үшін осындай адамгершілік, теңдікте өзіңмен сайысқа түсе отырып, тұтас коллектив өмірінің игілігін ғана емес, сонымен қауіп-қатерін де бөлісіп, жауды

барынша жою, жанға-жанмен, қанға-қанмен аяусыз кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарыңды қауіпсіз етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп-қатерге бас тігуге мәжбүр ету. Батылдық - қимыл әрекет есебін тәуекел етумен үйлестіре алушылық. Тәуекелді есеп ақтайды. Есепсіз тәуекел - тұл. Көзсіз батырлық - ептілікті батылдықпен ұштастыра білушілік. Ойланбай жасалынған көзсіз батырлық - есерсоқтық. Ептілік - адамның ақыл-ойын ұшқыр ойлай білуге, дене қимылын икемділікке, бұлшық еттерінің шиыршық ата қозғалыс жасауға қатаң жүйелі түрде тәрбиелеудің (жаттықтырудың) нәтижесі [1]. Айтса, айтқандай-ақ, батырлық пен ерлік жасау – екінің бірінің қолынан келе бермейтінін әрсе. Ол – табиғаттың берген сыйы десек, артық айтпағандық.

Ерлік - елдің қасиеті, жүректілік - жігіттің қасиеті – деп білген Бауыржан елдің қадір-қасиетін ерекше бағалаған. Осы орайда Қлы Абылай ханның мына бір сөзіне құлақ салайықшы:

«Абылайдан үш жүздің батырларының ішінде кімді қатты құрметтейсің деп сұрағанда ол былай деп жауап береді: «Өзімнен бұрынғылардан Қалданның тұтқынынан 90 адамды алып шыққан қаракесек Қазыбек пен өз адамдарын тұтқыннан босатып алған уақ Дербісәліге қатты таңқаламын. Біріншісі Қалданның алдына өзі барса, екіншісі ауылында отырып, жауын ықтырған. Менің батырларымның ішінде жүрегінің түгі бар Малайсары. Ал батыр Баян ақылы мен ержүректігі жағынан барлығынан артық», – деген екен. Сондықтан да болар нар тұлға Бауыржан атамыз ел қадірін білетін, жер қадірін түсінетін жандар ғана батыл қадам жасап, асқан ерлік жасауға қауқарлы екендігін атап өткен.

Ешкім іштен батыр болып тұмайды: батырлық та, мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады – шынында да солай, батыр ел игілігі үшін халқының қамын ойлап, небір ерліктерге барған. Бұл туралы Бауыржан Момышұлы: «Даналық шығармашыл ойдың мәйегінен тұрады, ол өткеннің тәжірибесін, осы шақтың салауатты талдануын және болашақты болжауды бойында қорытады». «Сынақ ер кісіні шынықтырады, қорқақты шаршатады». «Адамгершілікке шақырып ақыл үйрету кейде адамгершілікті қашырады». «Екіжүзділіктің балына тойынғанша, әділдік уының ащы дәмін татқан артық». «Барлық халықтар ұлылық пен әдемілікке қабілетті». «Құтылу қашуда емес, қорғануда және шабуылдауда». «Соғыстағы ең мықты қару – адамның жаны, ал оның оқ-дәрісі – рухани азық-түлік». «Майданда сарбаздар өз ана тілінің, туған әдебиетінің, ән-күйінің қорынан ең қарапайым, аз да болса үлесін ала алмаса, мен мұны қылмыс деп есептеймін». «Тобыр әскер емес және әскер де тобыр емес». «Ақыл бәріне берілген, ал жүрек барлығына емес».

Батырлық тәуекел мен ақылдың есебінен шығуға тиіс. Тәуекел кейде ақылды да ақтап алады. Ал ақылсыз тәуекелді ештеңе де ақтап ала алмайды – батырлық ақылды адамның ісі екендігінде ешкімнің күманы жоқ. «Ерлік - тайсалмас табандылық пен қайыспас қайсарлықтан шығады», – дей келе, батыр атамыз батырлықтың өзі көзсіздік емес екендігін алға тартады. Сөйтеді де, «Өршіл рухтан - өлмес ерлік туады», «Белдескеннің - белін сындыр, тірескеннің - тізесін бүктірі», – деп, еруліге қарулы іс істеу керек екенін алға тартады.

Бауыржан Момышұлының «Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше, уын ішіп өлген артық» дейтін аталы сөзі бар. Өтіріктің – адам мінезіндегі қасиет. Өтірікшілік әрекеті шын мәніндегі жағдайды әдейі бұрмалауға бағытталады. Өтірік айту өтірікшіге ғана емес, оны тыңдайтындарға да опық жегізеді. Өтірікші адам жалған сөзімен айналасын абыржытып, елге іріткі салуы мүмкін. Шәкерім: «Өтіріктен тілін тия алмаған адам арамдықтан ындынын тия алмас», Сайф Сараи: «Өтірік сөз жарақат сияқты, жазылса да орны қалады,» – деп өтірікшіліктің қоғамға зиянды құбылыс екендігін атап көрсеткен.

Қазақ халқының «Өтірік өрге баспайды», «Өтірікшінің шын сөзі заяға кетеді» деген сөздер бар. Оған тән сипат өтірікші өзінің сөзін «дәлелді» ету үшін кейбір қулық-сулықты ойлаптабады. Әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан өтірік-өсек адами қарым-қатынасқа зиянын тигізетіні көпке белгілі. Ол айналасындағыларды алдап-сулап шатастыру арқылы өз мақсатына жетуді көздейді. Өтірік айтуды әдетке айналдырған кісіні жұрт «суайт», «өтірікші» дейді. Ал суайттық пен өтірік айтып жалған сөйлеуді Бауыржан батыр мейлінше жаны сүймейтін.

Батырдың өсиет сөздерінің көбі Ұлы Отан соғысы кезінде орыс тілінде жазылған, себебі бүкіл Совет Армиясының командирлеріне арналған. Қазіргі уақытта бұл өсиеттер екі тілде де қолданысқа ие. Батырдың артына қалдырған өсиет сөздерін бұл күндері халық ерекше пір тұтады. Мысалы: «Ептілік те – ерлік», «Қолбасшы болсаң сондай бол - жосылып жатқан жолдай бол», «Именіп жүріп көрген игіліктен - қарсыласып жүріп көрген бейнет артық» [2].

Сондай-ақ Бауыржан атамыздың: «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу – сатқындық», – деп бойынды жамандықтан сақтау керектігін анық аңғартатын ұлағатты сөзі бар. Сатқындық

әсіресе 1937-38 жылдары асыра сілтеу кезінде қаншама адам зардап шекті. Осыған бір дәлел ретінде мына бір мысалды келтіруді жөн деп отырмыз.

«1937-жылдың күзінде біздің Тоқсанбай ауылымызда (ШҚО, Ұлан ауданы) бір шілдеханаға кешігіп келген Қайырлы деген жігіт: «Менің аудан орталығынан келгенім жаңа ғана, кәне, шүйінші беріңдер! Аудандық «Социалды майдан» деген гәзетіміз шықты!» деп қойынқалтасынан бүктеулі гәзетті алып көрсетеді.. Сонда Рақыш деген жігіт:

«Ау, алақандай «Майдан»,
шыға келдің қайдан?

Бастықтарға жағарсың,бізге болмас пайдаң!», – деп жұртты күлкіге қарық қылады. Содан үш күннен кейін: «Коммунистік партияның гәзетін жамандаған халық жаулары» Қайырлы, Рақыш, үй иесі Рүстембек, «олармен ымы-жымы бір» төрт жігіт ұсталып кетеді» [3]. Әрине, бұл сатқындықтың көрінісі болатын. Сол қиын заманда менің де туған аулымда (Алматы обл. Кербұлақ ауданы, Басши елдімекені) «өзің комсомолсың, неге талқан жейің?» деген желеумен де ұсталып, түрмеге тоғытылған жандар болған. Осындай әділетсіздіктерді көре білген Бауыржан атамыз мірдің оғындай қанатты сөздері арқылы жастарды адалдыққа, батылдыққа, шыншылдыққа баулыды.

«Намысты нанға сатпа», «Ердің туы – намыс». «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тіке тұрып өлген артық», «Ұшқынсыз от тұтанбас», «Өзін сыйламаған басқаны сыйлауға қабілетсіз», «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды», «Қарабет болып қашқанша - қайрат көрсетіп өлген артық», «Әділдікті мойындау - адал кісінің ісі» – деп ар мен намысты ерекше биік қойған.

Тіл туралы да Бауыржан ата:

«Ана сүті бой өсіреді, **Ана тілі** ой өсіреді» деген сөзді бойына жинап өскен Бауыржан атамыз «Тіл – елдің елдігін, оның ғылымы мен мәдениетінің, өнеркәсібінің, қоғамдық құрылысының, салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің, ұлттық мұрасының қай дәрежеде екенін білдіріп тұратын көрсеткіш», – деп ұлағатты сөз қалдырды.

- «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту», – деген сөзі дәл бүгінгі өз тілін білмейтін жандарға арнап айтылғандай. Шынында ана сүтімен дарыған ана тілін білмеу, білсе де менсінбейтін жандардың қатары күннен күнге артқан сайын, «қайда кетіп бара жатырмыз?» деген сұрақ кімді де болса мазалайтыны рас.
- «Ана тілімізге мән бермеушілік, оны құрметтемеу - шынайы патриоттар тәрбиелеу жұмысына үлкен зиян» екендігін де Бауыржан ата көрегенділікпен айта білген. Сондай-ақ «Қазақ тілі еш уақытта өзімен көрші халықтардың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалмағаны, өз сыбағасын ешкімге жібермегендігіне мың жылдық көне тарих куә» – деуінің өзі батыр атамыздың ана тілімізге деген құрметін көрсетеді.
- «Қазақ тілі - сұлулығымен бой балқытып, – тамыр шымырлататын, жанжүйенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл» [4], – деп бағалап, мейлінше қадір тұтты .

Ойымызды қорыта келе айтпағымыз, даңқты жауынгері Бауыржан Момышұлының өнегеге тола өмір жолынан да, жазған шығармаларынан да, сөйлеген сөздері мен берген батасынан да, қайтпас қайсар мінезінен де үлгі алуға болады. Батырға тән өрлік пен ғұлама ғалымға тән білімі, үлкен кісіге тән батагөйлігі, тіпті қазақ деп соққан жүрегі, ешкімге ұқсамайды. Елдік пен ерліктің киесі, батырлық пен батылдықтың үлгісі, аты аңызға айналған тау тұлға Бауыржан Момышұлы – қазақтың бетке ұстар біртуар азаматы. Ол кісінің сөйлеу мәнері, басқан қадамы, көзқарасы, тіпті бәрі-бәрі қайталана бермейтін өзіне ғана біткен ірілік.

Еліміздің біртуар азаматы, халық мақтанышы, Нар Тұлға Бауыржан Момышұлы – адамгершіліктің, азаматтықтың, патриоттықтың, имандылықтың символы. Батыр атамыз жеке басы ойшылдығымен, отаншылдығымен, ұлтжандылығымен, қаһармандылығымен, дарындылығымен, жоғары адамгершілік қасиеттерімен елеулі, қазақтың бақытына біткен жанар тауы.

Баукеңнің атақ-даңқы, өшпес рухы артында қалған келер ұрпағымызға ұлтымызға керек. Батыр бабалардың салған сара жолын ұлықтау, олардан қалған асыл сөздрді болашаққа жеткізу біз үшін парыз. Ал оны екшеп, елеп алу жаастар сіздердің еншілеріңізде. Ендеше Букеңнің даңқымен, рухымен, дана өсиет сөздерімен тәрбиеленген ұрпақ осал ұрпақ болмайтыны айдан анық

Әдебиет

1. “Қазақстан”: Ұлттық энциклопедия/Бас редактор Ә.Нысанбаев – Алматы “Қазақ энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998 ж. 340 б.
2. Қазақ әдебиеті, Қызыл қырғынның» басы мен аяғы. 06.11.2019 ж.
3. «Әдеби әлем» порталы <https://el.kz/news/archive/content-15444/>

ҚАЛАМ ҰСТАҒАН БАТЫР

Түймебекова Ә.Ә.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, аға оқытушы

Көркем әдебиеттегі психологизм – әдебиеттану ғылымының негізгі қарастыратын өзекті мәселелерінің бірі. Қазақ әдебиеттану ғылымында бұл бағытта бірқатар өнімді зерттеу жұмыстары жасалуда. Жалпы проза жанры бойынша іргелі туындылардағы, яғни романдардағы көркемдік психологизм, оның жасалу жолдары жайында жазылған көлемді зерттеу еңбектері баршылық. Батырдың шағын жанрға қалам тербеп, оны қандай шеберлікпен жазғандығы туралы бірді-екілі пікірлермен қорытылғанмен, нақты талдау аз. “Б.Момышұлы әңгіме жанрында шындалған, осы салада аз да болса салмақты дүниелер қалдырған қаламгер. Рас, “Жол үстінде” атты бастапқы шығармаларының бірі композициялық шашыраңқылығы, ой көмескілігі, тіл мүкістерімен табысты шыға қойған жоқ. Басқа әңгімелерде мұндай тәжірибесіздік салдары байқалмайды” – дейді белгілі ғалым Б.Майтанов /8/. Қаламгердің «Ана әмірі», «Грицконың сағаты», «Олар менің есімде», «Адам қайраты», «Жон арқа» әңгімелері майдан өміріндегі типтік жағдайларды өзгеше нанымды, деректі түрде көрсететіндігімен ерекшеленеді. «Қоянды қамыс, ерді намыс өлтіреді» деген ұлттық дүниетанымдық санаға мықтап бекінген қолбасшы Б.Момышұлының зілді бұйрығы Мұхаметқұл Исламқұловқа «Ана әміріндей» әсер етсе, қатардағы жауынгер Грицко Проценконың олжа сағатқа байланысты оқиғасы арқылы соғыс жылдарында шындала түскен қаһармандық тәрбие жемістері шынайы бейнеленеді. Ұлы сезімге бас қойдыратын тар жол, тайғақ кешу күндердің азаматтық парасаты мүсінделеді. Дәуір шырдаған ақиқат солай: қарулас достар Б.Момышұлын өңіне қарап, бөтенге балау сәтіне рахаттана мәз болады. (“Сезікті қыз”), “Көк төмпеш”, “Өлтір оны да”, қатардағы жауынгер Дүрқара Тұраровтың мергендігіне, оның өзіне тапсырылған міндетті адалынан орындауына деген разылық күй қалың жұртты жаппай батырлыққа ұмтылдырған керемет күш – фашист зұлымдарына деген өшпенділікте жатқанын тану сезіміне ұласады. Автор Дүрқараның жаман орысшасын қызықтай тұрып, оның үйретуіндегі жас жігітке: “Ей, бала, бірден 13 немісті қырып тастағаның ұят емес пе, бүйте берсең, жер жүзінде неміс қалдырмайсың ғой”, – деп қалжыңдайды. Табиғи юмор тыныс шақтағы серпіліс, үміт, сенім әуендерін дәл қамтиды.

Аталған шығармаларының бәрінде дерлік жазушы өлең-жыр, мақал-мәтелге, халық творчествосының өнегелік мұратына тәнті көңілін нақты оқиғалар үстінде кестелейді, үзінділер келтіріп, ел жүрегінің лебімен өзі де толғанып, рухани түлеу мезеттерін бастан өткізеді. Қолына түскен кездейсоқ хат (“Хат”) ешбір боямасыз түпнұсқа қалпында-ақ жан тебіренерлік жар махаббатын шебер жеткізеді. Жолдасына деген жақынының сағынышты лебізі баяндаушы – кейіпкер көкейіндегі ұқсас сырдың тиегіне мегзейді. Сюжетсіз, түрлі шегіністерсіз, шағын ғана новелла тағы да өмірдің айна-қатесіз нақты суретін терең нанымдылық күшімен бедерлеген.

Жазушы өз әңгімелерінің соңында үлкен моральдық-эстетикалық қорытындылар түйіндеп отырады. Мәселен, соңынан генералдың жылмағай адыютанты болып шыға келген бір кездегі қорқақ капитан жайлы «Жон арқа» әңгімесінде «ханның еркесі болғанша, жігіттің серкесі бол» деген тұжырымға шығарманың бүкіл идеялық-сюжеттік желілері бағындырылған. Ал, «Адам қайраты» атты шығарма қарапайым қазақ жауынгерінің бойындағы өршіл рух пен мойымас жігерді паш етеді.

Жоғарыда тоқталып кеткен қаламгердің атақты «Жон арқа» әңгімесі бейвербалды ишараттарға толы. Кейіпкерлердің тұла бойындағы қимыл-қозғалыстар, оның ішкі әлеміндегі жай-күйден хабар береді. Мысалы: «Ол шығып бара жатқанда менің көзім оның иығы мен жон арқасына түсті. Оның иығы қомданып, жоны томпайып кетіпті. Капитаннан мен мұны күтпеген едім. «Көкіректің өрлігіне қорқа томпайған жон айғақ болады. Қорқаққа топты тапсыруға

болмайды. Адамдар қырылып, тапсырма орындалмайды...» деген ой сап ете қалып, капитанға деген сенімді құлағын қатты бұраған домбыраның шегіндей үзді» /11,128 б/. Сырт көрінісі кере тартылған сымдай жинақы көрінгенімен, жүрісі жылпос капитанның барлауға аттануға байланысты берілген бұйрықты естіген сәтте, дір еткен жауырыны оның жүрексініп, іштей қорқынышқа бой ұрған сезімін байқатады. Шешуші сәтте капитанның нағыз келбеті осылайша танылып-ақ қалды.

Әңгімелеуші мұнда қаға берісті қалт жібермейтін қағылез бақылаушы ретінде ой тастайды. Сондықтан да ол кейіпкерінің психологиялық жағдайын денедегі, кескін-келбеттегі қимыл-қозғалыс арқылы беруге тырысады. Мына үзіндіге назар аударайық: «Ол мөлііп төмен қарады, аузындағы түкірігі таусылған адамша, сілекейін тамсанып, сәл тұншыққан дауыспен менің бұйрығымды қайталады » /11,128 б/.

Жазушы психологиялық сыртқы симптомдар арқылы адам жанының ішкі иірімдеріне ене білген.

Әңгімеде жылтырақ капитанға ақ жарқын, таза жанды, қарапайым лейтенант Молярчук қарама-қарсы қойылған. Лейтенанттың ары да, жаны да таза. Оны ешқандай жауырын қозғалысы ұстап бере алмайды.

Жазушының алғашқы әскери ұстазы «помкомвзвода» Н.В.Рединге деген құрметті көзқарасы, алғыс көңілі «Ұстаз» атты әңгімеде әсерлі өрнектелген. Естелік түрінде жазылған шығармада баяндалатын оқиғаның деректі нанымдылығы жазушы қаламының әрнәрсені тәптіштемей, тура қайыратын, дәл байқағанын түрлі жасанды психологиялық иірімге салып, орынсыз бұраңдатып қоятын профессионализм салқынынан алыс, байсалды, көңілді, мұңды, жігерлі әуендегі реалистік нақыштары бел алады. Алғаш әскери мектептің қатал тәртібіне баулыған қамқор, талапшыл “помком взвод” Рединнің ұрыс шебінде танкіге қарсы артиллерия взводуна басшы болып, ерлігі үшін Ленин орденіне ұсынылуы, сол шақтағы дивизия командирі Бауыржанның арнайы кездесуі, керісінше жағдайға қарамастан екі сарбаздың бір-біріне алғыспен соққан жүрегі, бас сауғалауды намысқа санайтын старшина Редин егде жауынгердің бір кездегі жас шәкірті алдында ауыр жаралы жатып, Отанға адал қызметін өзіне деген полковниктің ыстық сүйіспеншілігіне орап ризалықпен жан тапсыруы патетикалық асқақтық, мөлдір лиризм пернелері арқылы қоғам мен жеке адам кездейсоқтық пен заңдылық арасындағы терең өмірлі-философиялық байланыс сырларын қозғайды, азаматтық борыш, ұрпақтар жалғастығы, халықтар достығының әлеуметтік сыры тұжырымдалады.

Әңгімеде бас кейіпкер Н.В.Рединнің ізгілікті болмысы әр түрлі ситуацияларда ашылады. Мәселен, бір кездегі шәкірт, қазіргі дивизия командирі Бауыржан Рединге іш тарта қарап, оны қауіпсіздеу нан пісіретін жерге наубайханашылық қызметке ауыстырмақшы болады. Бұл ұсынысқа басқалар қуанар еді. Ал Редин болса «төмен қарап, тұншыға, қызара бөртіп қапаланады» /11,141 б/. Майдандас жолдастарынан ажырап, бас сауғалауды намысқа санайтын старшинаның бұл ұсынысты қош көрмегендігін жазушы осылай сипаттайды.

Б.Момышұлының «Адам қайраты» атты әңгімесінде жауынгерлердің ерлігі, олардың бойындағы ізгілікті қасиеттер, Отанын шексіз сүю сияқты азаматтық, патриоттық мінез-құлықтар молынан сипатталады. Шығарманың бас кейіпкері - бірде «добарищ болкоуных», «қарағым болкоуных» деп сөйлейтін, 16 рет жараланып, тірі жүрген старшина шеніндегі сарбаз, дала қазағы, қорбандаған Әкімгерей. Ол жазушы тарапынан таңырқау, сүйсіну сезімдерінің тоғысында бейнеленген. Жетім өсіп, таза еңбекпен күн көре бастаған, жырақтағы ауыл азаматы Отан үшін қантөгісте беріктік, ұқыптылық, қайсарлық таныта білген.

Бұл әңгімеде де баяндаушы-автор кейіпкердің жүріс-тұрысы, бет-пішіні, сөйлеу мәнеріне қатысты ұрымтал тұстарды қалт жібермейді. Оқушыны зеріктірмейтін жағымды юмор, әсіресе, Б.Момышұлының характер бедерлерін, көңіл-күй аудандарын нақты түрде ашатын мағыналы диалогтарынан көбірек аңғарылады. Қаламгердің юморы кемшіліктен ерекшелікті көруге бастайтын, кешірімді, ықыласы мол, зілсіз, ақжарқын юмор болғандықтан, ол туындылардағы терең гуманистік, оптимистік арналар өрелі философиялық – адамгершілік мұраттарға жетелейді.

Кейіпкер бойындағы кішіпейілділік, момындық, адалдық сияқты қасиеттер портреттік мінездеме, бейвербалды ишараттар арқылы нанымды бейнеленген. Әкімгерей портретіне назар аударайық: «Денесі аюдай, аяқ-қолы добалдай, жалпақ бет, салпы ерін, кең маңдай, қыр мұрын, қою қас, шүңірек көз, бура сан... Әйтеуір барлығы олпы-солпы. Түрі қазаққа ұқсайды. Өзінің білгенінше әскери әдепті сақтаған болып қақшып тұр»/11,117 б/.

Аталған портрет кейіпкер образын бейнелеуде, психологиялық комментарий беруде көп көмегін тигізген.

Шығармада кейіпкердің қимыл-қозғалысы да оның мінез-құлқынан хабар бергендей. Әкімгерей «қауқалақтап барып отыра бергенде орындық сықыр ете қалады» немесе «жас балаша қысыла-қымтырыла орнынан түрегеледі». Старшинаның сыртқы іс-қимыл әрекеті әдемі юмормен, психологиялық дәлдікпен берілген.

Міне, бұл келтірілген мысалдар қаламгердің әңгімелеріндегі өз кейіпкерлерінің психологиясын, көңіл-күйін ашудағы көркемдік міндетін танытқандай. Автор өз кейіпкерлерінің сыртқы белгілерін талдау арқылы олардың жан-дүниесіне терең енеді.

Әдебиет

1. Нұрпейісов Ә. Толғау. Әдеби портреттер. – Алматы: Жазушы, 1972.- 220 б.
2. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап. Ауд. М.Қазбеков. – Алматы: Қазақстан, 1991.- 400 б.
3. Момышұлы Б. Көз алдымда бәріңсің.- Тараз, 2007.- 195 б.
4. Гиленсон Б.А. Эрнест Хемингуэй: Кн. Для учащихся.- Москва: Просвещение, 1991.- 192 с.
5. Елеуенов Ш. Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Жазушы, 1977.- 300 б.)
6. Нұрғалиев Р. Арқау. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1991. -572 б.
7. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. 4 т. – Алматы: Жазушы, 1978. - 194 б.
8. Майтанов Б.. Қазақ романы және психологиялық талдау. – Алматы: Санат, 1996. – 336.
9. Ақшولاқов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты. – Алматы: Ғылым, 2001. – 430 б.
10. Қаратаев М. Шеберлік шыңына. – Алматы: ҚМКӘБ, 1963. – 296 б.
11. Б.Момышұлы. Екі томдық шығармалар жинағы. 1т. – Алматы: Жазушы, 2002. – 480 б.

ТОРҒАЙЛЫҚТАРДЫҢ ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Ералина А.Е.

*А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы*

Өмір мен өлім арпалысқан, 1418 күнге созылған қанды майдан,алапат соғыстың елдің елдігіне, ердің ерлігіне аса ауыр сын болғандығы белгілі. Жаңбырдай жауған жау оғынан тайсалмай, қан майданда елінің азаттығын қорғап қалған мыңдаған жерлестеріміздің ерен ерлігі бүгінгі ұрпақтың да мәңгілік жадында.Мыңдаған шақырымға созылған майдан шебінде елін жаудан қорғаған жауынгерлердің арасында Қостанай облысынан майданға аттанған жастардың қатарында Торғай(қазіргі Жанкелдин)ауданының ұл-қыздары да болды.Алайда,төрт жылға созылған Ұлы Отан соғысының бұрынғы Кеңестер Одағының халқы үшін орны толмас ауыр шығын әкелгені де белгілі.Бұған Торғай ауданының халық санына сараптама жасау арқылы да көз жеткізе аламыз.1940 жылы жүргізілген халық санағы бойынша Торғай ауданында 2501 үй болған,олардағы жан саны-12741 адам болған.Бөліп қарастыратын болсақ:жұмысшылар-2750,оқушылар-1649,қалғандары мектеп жасына дейінгі балалар мен қарттар және үй шаруасындағы әйелдер болған [1].

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанда тұрған әр төртінші тұрғынның майданға аттанып,олардың үштен екі бөлігінің майдан даласынан туған жеріне оралмағаны белгілі.Ал соғыс жылдары Торғай ауданының да әрбір үшінші тұрғыны қолына қару алып майданға аттаныпты.Ресми деректерден майдандағы армия қатарына Торғай (Жанкелдин) ауданынан 4167 адамның шақырылғандығын анықтай аламыз. Ал олардың 2261-і,яғни,осы ауданнан майданға аттанған жауынгерлердің жартысынан көбі туған өлкесіне оралмады,олар елін жаудан қорғау жолындағы шайқастарда ерлікпен қаза тапты.

Жерлестеріміздің Ұлы Отан соғысының отты жылдардағы ерен ерлігі Ұлы Жеңіске жол ашты.Торғай ауданынан соғысқа аттанған жауынгерлердің майданда ерлікпен шайқасқандығы тарихи деректерден белгілі болып отыр.Олар Москва мен Ленинградты,Сталинградты жаудан қорғау ұрыстарына,Орел –Курск,Украина мен Белоруссияны,Балтық жағалауындағы елдер мен Батыс Европа мемлекеттерін жаудан азат етудегі шайқастарда ерліктерімен көзге

түсті.Германияның астанасы- Берлинді басып алуға және 1945 жылғы 24-маусымда өткен Жеңіс Парадына қатынасты.Торғайлықтар азаматтардың арасында батальон, полк, дивизия, корпус басқарған жаужүрек офицерлердің де аз болмағанын айта кеткеніміз жөн.Атап айтар болсақ, жауынгерлер Жабатай Смағұлов,Қойшы Аманкелдиндер Ұлы Отан соғысының алғашқы сәтінен бастап Жеңіс күніне шейін майдан даласында елін жаудан қорғады.Олар жауынгерлік ерлігі үшін 1-ші және 2- дәрежелі “Даңқ”ордендерімен марапатталды.Торғай ауданына қарасты Шұбалаң колхозында туған, артиллерия дивизионының командирі, 25 жастағы майор Әбдірахман Қапанов Югославияны жаудан азат етуде ерлікпен қаза болды.Ол майданда көрсеткен ерлігі үшін ”Жауынгерлік Қызыл ту”мен “Қызыл жұлдыз”ордендерінің иегері болған еді.Ал осы ауданнан әскер қатарына шақырылған Ғалым Сомтеміров,Сапан Ділдабеков,Сапабек Саматов, Қапсұлтан Мәженов,Есман Досанов, Айтмағанбет Сәдірбаев, Ерден Нұрғазин, Қажен Имекенов, Кәкен Көркембаев,Дәурен Сәуекеновтер соғыс жылдары бөлімше командирі мен батальон командирлері және саяси жетекшілер болды.Сондай-ақ,Ленинград қаласын жаудан қорғауға:Нұртай Әбілов,Райымбек Ахметов,Мұратқали Камалов,Шайсұлтан Биекиндер қатынасса, Шәкір Көрпебаев, Ғабдырахман Төлебаев, Нұржан Абдуллиндер Сталинград майданының жауынгерлері ретінде Вольга бойында елін жаудан қорғады.Ал Торғайлық майдангерлер Кәкім Анапин,Сейітқазы Рағатов,Қайырбек Бекмағанбетовтер 1-ші Белорус майданының құрамында Берлинді алуға қатынасты [2].

Ал генерал-полковник ани Бекенұлы Сафиуллин 1912-1923 жылдар аралығында Торғай қаласындағы туысқаны-Ғалымовтардың отбасында тәрбиеленген еді.Ол 1923 жылы Қырғыз өлкелік кеңес-партия мектебіне оқуға жіберіледі.1927 жылдан бастап әскер қатарында болған Ғ.Сафиуллин Ташкент жоғарғы командирлер курсың,Мәскеу Жоғарғы шекара мектебін және Мәскеудегі Қызыл Армия Бас Штабының Фрунзе атындағы Әскери академиясын бітірген жоғарғы санатты әскер басы болды. Бас Штабтың Әскери академиясын 1941 жылы бітіріп шыққан ол Ұлы Отан соғысы басталғанда полк командирі болатын.Генерал-майор Ғ.Сафиуллин басқаратын 38-атқыштар дивизиясы Сталинградты жаудан қорғауда ерен ерлігімен көзге түсті.Орел-Курск түбіндегі шайқасқа да қатынасты.Ол кейін гвардиялық атқыштар корпусын басқарып,Белгород пен Харьковты жаудан азат етті.Осы шайқастардағы ерлігі мен қолбасшылық шеберлігі үшін генерал-лейтенант Ғ.Б.Сафиуллинге Кеңестер Одағының Батыры атағы берілді.

Ал Торғайлық Мырзағали Жангелов те Ленинград артиллерия училищесін бітіріп,кейін Фрунзе атындағы әскери академияның жедел курсыңда білімін жетілдірді.Ол соғысқа 1941 жылдың 24 маусымынан бастап қатынасқан.Соғыстың соңғы күніне дейін әскер қатарында болған полковник Мырзағали Жангелов басқарған артиллерия полкы бірнеше рет жауапты жауынгерлік тапсырмаларды орындауда көзге түсіп,Жоғарғы Бас қолбасының марапатына ие болды.Майдан даласындағы ерлігі үшін полковник М.Жангеловтің өзі де бірнеше жауынгерлік орден-медальдармен марапатталды.

Торғайлық майдангер Ғабнұр Зайнуллин болса, соғысқа 1943 жылдан бастап қатынасты.Ол да 1945 жылғы 24-маусымда Қызыл Алаңдағы Жеңіс парадына қатынасқан жауынгерлердің бірі.Ал офицер Қызылбай Нұрғазин генерал Панфилов атындағы 8-гвардиялық дивизиясының қатарында Мәскеуді жаудан қорғаушылардың қатарында болды.Ол да жауынгерлік ерлігі”Қызыл Жұлдыз” “1-ші және 2-ші дәрежелі Даңқ” ордендерінің және бірнеше медальдың иегері болды [3].

Біздің жерлесіміз, Қостанай облысы Торғай ауданының тумасы Боранбай Әбілдинов батылдық пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Боранбай РКК қатарына 1939 жылы шақырылды, фин жорығына қатысушы, 272-ші атқыштар полкінің взвод командирі болды. Ұлы Отан соғысы Белоруссияда басталып, 4-ші армия құрамында жаумен шайқасты. Бірақ ол тұтқынға алынды, тек үшінші әрекеттен кейін ол қашып, партизандарға қосыла алды, бірнеше тексерулердің нәтижесінде оған сенім артып, Шиловичи аймағында партизандық қозғалыс қатарына қосылды. Партизан газетінің шығарылымдарында Абилдинов партизанның даңқты жолы туралы жазды[4, 203 б.].Бөлімше командирі Боранбай Әбділдин Кеңес Одағының батыры С.Ковпак басқарған партизан құрамасында рота командирі ретінде жаумен шайқасты.

Ұлы Отан соғысының қанды майдан шайқасына қатысушы әрбір майдангер – ол азаттық жауынгері, халқының қалаулы да ардақты ұл-қыздары. Майдангер жауынгерлер арасында соғыстағы елеулі тар кезең, сын сағаттарда айрықша табандылық көрсетіп, ұмытылмас ерлік жасағандар есімі ешқашан ұмытылмақ емес. Халқы, болашақ ұрпақ оларға әр уақыт құрметпен

қарап, жадында сақтауда. Осындай тұлғалардың бірі Қызылбай Нұрғазин деп білеміз. Ол осы Жангелдин ауданының бұрынғы он төртінші ауылының, қазіргі Шақшақ Жәнібек ауылының түлегі. Ер жеткеннен соң 1933 жылға дейін міндетті әскер қызметін өтеп келгеннен кейін ауданда дайындау мекемелерінде, ал соғыс басталғанда аудандық партия комитетінің әскер бөлімінде жауапты қызметте болған. 1942 жылы жазында Отан қорғауға аттанды. 1943 жылдың қаңтар айында Вольже қаласы түбінде дұшпанмен алғашқы бетпе-бет шайқасқа қатысып, қаланы босатуға қатысты. Бұл кезде бөлімше командирі болып ақпан айында Витебск қаласын неміс басқыншыларынан азат ету ұрыстарында болды. Осы Витебск қаласын босату шабуылында Қызылбай батыр қыз Мәншүк Мәметовамен қатарлас бөлімде жаумен шайқасқан еді. Ол Мәншүк ерлігінің куәгері болды. 1943 жылдың қыркүйек айындағы Витебскіні босатқан айқастан екі күн өткенде Мәншүк қаза табады, оған Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі. Командованиенің атынан Мәншүктің үйіне жазылған хатқа қол қойғандардың ішінде Қызылбайда болған. Ол осы ұрыста көрсеткен ерлігі үшін “Ерлігі үшін медальмен” наградталды, алайда қыркүйек айының соңғы күндерінің бірінде кезекті шайқастардың бірінде ауыр жараланып әскери емханаға түседі. Ол өз естелік әңгімелерінде М.Мәметованың ерліктерін, оның кішіпейіл де қайсар мінез, қылықтарын айтып мақтаныш ететін. 1944 жылдың қаңтар айында есханадан жазылып шыққан сержант Қ.Нұрғазинді 8 гвардиялық атқыштар дивизиясына - панфиловшыларға жібереді. Мұнда келгеннен кейін ұрыс майдандарында неміс басқыншыларынан Латвия, Эстония, Польша жерлерін азат ету шайқастарына қатысады, алғашқы кезде бөлімше командирі кейін батальон парторгы болып істейтін. Ол осы гвардияшы – панфиловшылар дивизиясында елге кейін танымал болған жазушы – журналистер Дихан Әбілев, Әзілхан Нұршайықов, Жәкен Жұмақанов, Қасым Шәріпов және ғалым, қоғам-мемлекет қайраткері Асқар Закариндермен қарулас болды. Майдангер Қ.Нұрғазин ұрыс даласында талай қиындықтарды бастан өткізді, қысылтаң кезеңдерді де көрді. Ерлік жасаған тұстары да болды. Оның өзінің майдан жолдары жөнінде естеліктері баршылық, кісінің өзі туралы айту қиынырақ қой, ал ол жөнінде оны жақсырақ білетін екінші бір кісінің айтуы анағұрлым әсерлі болатыны белгілі. Осыны ескеріп, Қызылбайдың майдангер қаруластарының бірі, кейін республикалық “Социалистік Қазақстан” газетінің редакторы, ҚАЗТАГ директоры болып қызметтер атқарған танымал журналист, Қасым Шәріповтың республика баспасына шыққан “Қатардағы қаһарман” деген кітабында ол туралы жазғандарына тоқталайық.

Қасым Шәріповтың “Қатардағы қаһарман” атты кітабында 453 жауынгердің есімі кездеседі. Соның ішінде сол кездегі аға сержант Қызылбай Нұрғазин де бар. Кітапта оның есімі көптің бірі болып аталып қоймайды, оның бір күнгі еңбегі баяндалады. Біз Қ.Шәріповтың 1944 жылдың қазан айында өз көзімен көріп жазғанынан үзінді келтірейік. “19 октябрь коммунист – Нұрғазин Қызылбай жолдас өзінің жауынгерлік ісімен атын бөлімшеге түгелдей танытты. Ол бір ұрыста 15 немісті өлтіріп, екі немісті тұтқынға алды. Бұл былай болды. Капитан Зайцев жолдастың батальоны қатты артиллергиялық атыстан соң жаудың бекінісін бұзып, алға басты. Бірақ сол жақ бүйірдегі жаудың станокты пулеметі өте қатты кедергі етіп бөлімшенің алға жылжуына бөгет жасады. Мұны білген аға сержант Нұрғазин жолдас жау пулеметін өшіруге Командирден рұқсат сұрады. Ол төрт гранатаны қолына алып, жер бауырлап пулемет ұясына қарай жылжыды.

Небары 15 метрдей жер қалғанда гранатаны лақтырды. Осы гранатадан екі неміс өліп, біреуі ауыр жараланды. Жау пулеметінің үні де өшірілді. Жауынгерлік тапсырманы орындап қайтып келе жатқанда он жеті неміс біздің гвардеекті тірідей ұстамақшы болып қоршады. Бірақ аға сержант Қызылбай Нұрғазин ешбір саспастан жалғыз өзі оны жеті неміспен ұрыс салуға бел байлайды. Ол немістерді небары он шақты метр жерге жақын жіберіп, автоматтан бората оқ жаудырды. Алты неміс өліп, қалғаны жер бауырлап жата қалды. Біраздан соң олар еңбектеп басып, біздің жалғыз гвардеецке жабыла төнді. Жақындап келгенде үш граната лақтырып Нұрғазин тағы да жеті немісті жоқ қылды. Тірі қалған немістер бұдан әрі шыдай алмай қаша жөнелді, жаралы екі немісті қолға түсірді. Міне, Қ.Нұрғазиннің бұл бір күнгі ғана, осы күнгі оқиға үшін ол Қызыл жұлдыз орденімен наградталды. Тағы да осы сияқты шайқастарда бірінші, екінші дәрежелі Отан соғысы орденімен, Москваны қорғағаны үшін, “Германияны жеңгені үшін” медалдарымен наградталды. Ол соғыстан 1945 жылғы қазан айында елге оралды. Келген соң әуелі аудандық ауылшаруашылық бөлімі, содан кейін мал өнімдерін дайындау мекемелерінде басшылық қызметтерде болды. 1954-1960 жылдары III Интернационал колхозында басқарма төрағасы, одан соң еңбек демалысына шыққанша совхозда жұмысшылар комитетінің төрағасы,

бөлімше басқарушысы болып жұмыс атқарады. Сөйтіп ол бейбіт өмірде де ел молшылығын арттыруға да өзіндік үлес қосты[5].

Майданға азаматтармен қатар Торғайлық арулар да аттанды. Аға лейтенант Күлөнда Ғалымова 1942 жылдан бастап артиллерия бөлімшесінің командирі болды. Батыс Украина мен Польшаны азат етуге қатынасқан ол да бірнеше жауынгерлік орден-медалдардың иегері болды. Ал ұшқыш лейтенант Есілбай Омаров 1941-жылғы шілде-тамыз айларында Рейхстагты алғаш бомбалаған ұшқыштардың қатарында болған еді. Ержүрек ұшқыш жерлесіміз Е. Омаров майдан даласында ерлікпен қаза болды.

Майданнан оралмаған Торғайлық жауынгерлердің 931-і түрлі шайқастарда қаза тапты. Ал, 134-і ауыр жарақаттан госпитальда қайтыс болыпты. Ал Торғайлық 1194-жауынгер хабар-ошарсыз кеткен. Олардың Ақ теңізден Қара Теңізге дейін созылған майдан даласының қай түпкірінде көз жұмғандығы толық анықталмаған. Соғыстан оралмаған жерлестеріміздің жартысына жуығы, яғни, 848-жауынгер жастары 18-30-дың аралығындағы өрімдей жастар еді. Мәселен, Торғай ауданындағы бұрынғы «Төңкеріс» колхозынан 71 адам майданға аттанған болса, олардың 53-і елінің азаттығы үшін жанын құрбан етті. Ленинград пен Сталинград қалалары үшін жүргізілген қанды шайқастардың Ұлы Отан соғысы жылдарында қабырғадан қан кешкен, ең бір ауыр аяқастар болғандығы белгілі. Ленинградты жаудан қорғауда -213. ал Сталинград түбіндегі шайқаста 105 Торғайлық жауынгер ерлікпен қаза тапқан болатын.

Тылдағылар да майдандағы жауынгерлерге қолдан келген жәрдемін аямауға тырысты. Бұл іске Торғай ауданының тұрғындары да өз үлестерін қосты. Торғайлықтар аудан жерінің құрғақшылығына қарамастан суарма егін салды, оған тары егіп, мол өнім жинады. Мұрағат құжаттарында сақталған деректерге сүйенетін болсақ, соғыстың алғашқы жылында «Қазақ ССР Халық Комиссарлар Советі мен ҚКП/б/ Орталық Комитетінің 1941 жылғы 21 қыркүйектегі Республика колхоз-совхоздарында мал қыстатуға әзірлігі туралы Қаулысын орындауға Торғай ауданының еңбекшілері де белсене ат салысқан. Астық өндіруде Түйемойнақ, Сужарған, Ақшығанақ, Шұбалаң колхоздары нәтижелі табыстарға ие болыпты. Олар өткен жылдармен салыстырғанда, 1941 жылы астық түсімін 2-3 есе арттырған. Республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің 1944 жылғы 14-наурыздағы «Жергілікті кеңестер мал өсіру күресінде» атты мақаласында «Торғай ауданының Шөмішкөл колхозы (төрағасы Б. Қонарбаев) мен Аманкелді колхозы (төрағасы Ш. Құлпейісов) мал өсірудің мемлекеттік жоспарын төрт түліктен асыра орындады, жоспардан тыс та көптеген мал өсірді»- деп атап көрсетті [6].

Торғайлықтар мемлекеттік тапсырыстан тыс майдандағы армияға 17 тонна ет, 3 тонна сары май, 5446 дана жылы киім жинап тапсырған. Сол жылдары Қостанай облысының аумағында «Сужарған» колхозының төрағасы Бидаш Қонарбаевтың бастамасы» деген бастама қанат жайды. Б. Қонарбаев 1943 жылы мамыр айында мемлекеттік соғыс заемы үшін 100 мың сомға жазылып, оның ақшасын қолма-қол төлеген болатын. Шөмішкөл, Сужарған колхоздарының төрағасы қызметін ұзақ жылдар бойы атқарған Бидаш Қонарбаев-есімі тек Торғай ауданына ғана емес, Қостанай облысына да кеңінен танымал шаруашылық басшысы еді. Ол 1902 жылы Торғай уезінің Шұбалаң ауылында дүниеге келген. 1940 -жылдан бастап Торғай ауданының Тереңсай колхозының төрағасы қызметін атқарған. Ал Ұлы Отан соғысы жылдарында Шөмішкөл колхозының төрағасы болып еңбек етіп, жері жартылай шөлейт осы аймаққа тары егуді алғашқы болып бастады. Ал тары дақылының ол кезде майдандағы Қызыл Армияның басты ас мәзірінің бірі болғандығы белгілі. Ол 1943-1945-жылдары Торғай ауданындағы Сужарған колхозын басқарған жылдары бұл ұжым бірнеше рет аудандық, облыстық социалистік жарыстың жеңімпазы болып, Сужарған колхозы мен оның төрағасы Бидаш Қонарбаевтың есімі Қостанай облысының Құрмет тақтасына жазылған болатын. Бидаш Қонарбаевтың майдандағы жауынгерлерге көмек беру үшін бастаған бұл бастамасы Торғай ауданының өзге азаматтарының тарапынан да кең қолдауға ие болды. Бұл туралы Қостанай облыстық «Большевиктік жол» газетінің 1943 жылғы 8-маусымдағы санында: «1943 жылы соғыс заемына жазылып, ақшасын қолма-қол тапсырған 13 адам облыстың Құрмет тақтасына жазылған болса, олардың 7-і Торғай ауданынан болатын: Сужарған колхозының төрағасы Бидаш Қонарбаев-100 мың сомға, Албарбөгет ауылдық кеңесінің төрағасы Кенжеқара Досымов-15 мың сомға, Тамқамыс колхозының төрағасы - Шәйім Ормағанбетов - 15 мың сомға, Шұбалаң колхозының ферма меңгерушісі - Атығай Жармағанбетов - 15 мың сомға, Сталин колхозының төрағасы – Қабылда Жақабаев - 10 мың сомға, Қызыл Жұлдыз

колхозының төрағасы Кәрбоз Теміров - 10 мың сомға, Шұбалаң колхозының колхозшысы Әмірхан Кәрібаев - 10 мың сомға заемға жазылды»- деп жазды [7].

Торғайлықтар жаудан азат етілген жерлерді қалпына келтіруге де белсене ат салысқан. Олар азат етілген облыстардың мектептеріне жәрдемге 9450 сом жинап, Ресейдің Орлов облысына 430 оқулық, 59 плакат жіберген. Торғай ауданының тұрғындары фашистерден азат етілген Ресей, Украина, Белоруссия мемлекеттерінің облыстарына 1740 бас ірі қараны өздері айдап апарып берді.

Торғай ауданының тұрғындары соғыстың қиыншылығына қарамастан мал басын бұрынғыдан да көбейте түсуге тырысты. Ресми деректерге сүйенер болсақ: 1940 жылы Торғай ауданында 9065 ірі қара, 21273 қой-ешкі, 130 түйе болған. Ал 1945 жылы аудандағы мал саны: 13664 ірі қара, 12930 қой-ешкі, 219 түйе, 2063 жылқыға жеткен. Бұдан Торғай ауданындағы мал басы соғыстың ауыртпалығына қарамай бірнеше есе өскенін аңғарамыз. Соғыс жылдары Торғай ауданында колхоз төрағалары болған: Шәймен Құлпейісов, Омарбек Раисов, Міркемел Сейтқазиев, Шәйім Ормағанбетов, Мұқан Жұмағалиев, Үсенбай Оразалин, Білкен Қошанов, Қали Әшенов, Үсенбай Мұратов, Хамидолла Бәйкемелов, Кәрбоз Теміров, Түйебай Жарқынбеков, Досмайыл Тонтақаевтар мен осы аудандағы мекеме басшылары болған аудан активтері: Ахметқали Мейірманов, Хамитбек Қапанов, Асан Тілеубергенов, Қайырбек Нәлібаев, Бекмағанбет Құлпейісов, Бейсенбай Ералин, Тайфа Сафарғалиева, Кәрім Оразбаев, Сақып Құсайыновалардың да тылдағы жемісті еңбекті ұйымдастыруға қосқан үлестері зор болды [8].

«Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін»-деп күн-түн қатып тылда бел жазбай еңбек еткен, майданда жанбырдай жауған жау оғының астында жүріп, қаймықпай елін жаудан қорғаған Торғай ауданының тұрғындары өзге отандастары тәрізді Ұлы Жеңісті жақындата түсуге өздерінің үлестерін осылай қоса білді.

Біздің Қостанай облысының ауылдары мен селоларынан 73 мыңнан астам жерлестеріміз майданға аттанды. Қостанай жері Кеңес Одағының 31-ші батырын, Даңқ орденінің тоғыз толық кавалерін тәрбиелеп шығарды. 30 мыңнан астам қостанайлықтар жауынгерлік ордендермен және медальдармен марапатталды. Кеңес Одағының екі мәрте Батыры-Леонид Беда, Иван Павловтың есімдері халық жадында мәңгі қалады.

Жеңіс құрбандық ошағына Қостанай облысынан шамамен 38180 адам өз өмірлерін қиды, оның ішінде майданда 22156 адам қаза тапты, госпитальдарда жаралардан 2973 адам қайтыс болды, тұтқында қайтыс болды және 89 адам тұтқыннан оралмады, 12962 адам хабар-ошарсыз кетті.

Соғыс жылдарында біздің облысымыздың еңбеккерлері, бүкіл ел сияқты, күн сайын еңбек ерлігін орындап, жеңіс сағатын жақындатты. Олар тәулігіне 15-16 сағаттан жұмыс істеді. Облыста қорғаныс үшін қаражат жиналды.

Облыс тұрғындары уақытша басып алынған аумақтардан көшірілгендер туралы үлкен жұмыс атқарды. Олардың барлығы баспанамен, киіммен және тамақпен қамтамасыз етілді.

Әдебиет

1. Қостанай облысының мемлекеттік мұрағаты (КОММ) Қор 72, Т. 10, Іс 28, П. 19-20.
2. КОММ Қор 268, Т. 1, Іс 345, П. 375
3. Қостанай облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан және тыл бірлігі (құжаттар мен материалдар жинағы). - Қостанай. 2010ж. Аталар ізімен. - Астана, 2013.
4. 5. Торғай аудандық мұражайлар кешенінің материалдарынан.
5. Социалистік Қазақстан газетінің 1944 жылғы, 14-наурыз
6. Большевиктік жол газетінің 1943 жылғы, 8-маусым .
7. Сейдахметов К. Жеңісті жақындатқан жандар. // Кустанайцы – герои тыла. Личный вклад. - Костанай, 2015.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ – ЕРЛІКТІҢ, ОТАНСҮЙГІШТІКТІҢ СИМВОЛЫ

Бақытжанова А.Б.

Жамбыл ауданы әкімдігі білім бөлімінің әдіскері

Қазақ халқының ұлы перзенті, қаһарман жауынгер, даңқты қолбасшы, Кеңес Одағының Батыры, әйгілі жазушы Бауыржан Момышұлы – XX ғасыр биігінде тұрған дара тұлға.

Балалық шағын Қаратау, Алатау қойнауларында өткізіп, асау заманмен арпалыса жүріп есейген, қоғамның небір сұрапыл, қиян-кескі кезеңдерінде алған бағытынан қайтпастан өз заманының биігіне көтерілген қазақ баласы.

Ұшы-қиыры жоқ қазақтың кең даласының терең тарихында талай батырдың аты қалып, кешегі аласапыран заманның өшпес белгісіндей болып, бүгінгі тәуелсіз танның ақыл-есі дұрыс, көзі ашық, ел көгертер талантты да талапты ұрпағын тәрбиелеуге зор ықпалын тигізіп жатыр. Еңселі ескерткіштері жас жеткіншектерге жөн сілтеп тұрғандай. Қобыланды, Қабанбай, Бөгенбайлар – қол бастаған батырлар. Осыдан жүз жылдай бұрын болған көтеріліске басшылық жасаған Амангелді де – батыр. Бауыржан Момышұлы да осы батырларға еліктеген де болар. Бірақ солардай жауға шауып, қантөгісте жанын шүберекке түйіп қол бастаймын деп армандамаған шығар. Арыдағы Алпамыстар мен берідегі Бауыржан Момышұлының ұқсастықтары мен ерекшеліктерінің басты айғағы – оларға Батыр атағын халықтың өзі берді. Ешбір жарлықсыз. Керісінше, жарлықпен берілген атақтың халықтың басым көпшілігіне беймәлім болуы әбден мүмкін. Көреген де дана халық оларды Батыр деп өзі басына көтерді. «Менің төрешім – уақыт пен халық» - деп жазып кеткен Б.Момышұлының өзі.

Бауыржан Момышұлының өзінен бұрын өткен Батыр бабаларынан басты айырмашылығы бар. Баукең қан төккен соғыстың салмағы да, көлемі де, маңызы да қазақ даласында ертеректе болған ұрыс-шайқастардан ерекшелігі көп. Сондықтан, сол кескілескен сұрапыл соғыста суырылып шығып қол бастау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ұлы Отан соғысы – ол тактика мен стратегияны былай қойғанда, әскери техниканың, қару-жарактың ең үздік үлгілерінің шайқасы болды. Командирлердің әдіс-айласын әскери техниканың мүмкіншіліктерімен үйлестіріп, үлкенді-кішілі атыс-шабыста азуына дейін қаруланған жауға тойтарыс беріп қана қоймай, ұрыс даласының басты тұлғасы қатардағы жауынгерді аман алып қалудың да амалын табу қолбасшы Б. Момышұлының негізгі қағидасы болды. Баукең осы әскери өнерді шарықтау шегіне жеткізе игеріп, меңгерген, шығыс халықтарының арасынан шыққан санаулы сардарлардың төбесінен қарап оқшау тұр.

Б.Момышұлының даңқы бүкіл Республикаға әйгілі. Мыңдаған қазақ майданда шайқасты, дегенмен Б.Момышұлының есімі аңызға айналып, соғыс және соғыстан кейінгі жылдары жаңа туған нәрестелердің көпшілігіне Бауыржан есімі берілді, себебі әр ана өз баласының Бауыржанға ұқсағанын қалады.

Бүгінгі таңда оның есімімен мектептер және әскери интернаттар, көшелер аталған, ол туралы жазылуда, оқылуда, айтылуда, зерттелуде. Уақыт төреші барлығын өз орнына қойды, халқы оны ұмытқан жоқ, даңқы жылдан-жылға артып келеді.

Бауыржан Момышұлы соғыстан соңғы жылдарда аса көрнекті жазушы ретінде танылды. Оның қаламынан шыққан әскери және көркем шығармалар, роман-эпигемелер, хикаяттар ел игілігіне айналды.

Әрине, Баукең қалдырған асыл мұраның бәрін жиып, жүйелеп, саралап, ғылыми түрде зерттесең, талай диссертацияға тақырып болар еді. Қазіргі таңда 5 кандидаттық, 1 докторлық диссертация қорғалуда. Әскери ғылымға қосқан еңбектері мұрты бұзылмай жатыр. Қанмен жазылған «За нами Москва» шығармасы - жер шарына қазақ деген сарбаз халық бар екенін паш еткен, ешқашан ескірмейтін киелі кітап.

Қазақ елінің қоғамдық ойында бүкпесіз пікір айтып, батыл көзқарас танытуда Б.Момышұлының орны бөлек. Оның өмір шындығын көлегейлеместен ашық айтуымен «ноқтаға басы сыймай кеткен» болат мінезді батыр болмысы талайлардың жалын күдірейтті де... «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ!» ұстанымымен ғұмыр кешкен Момышұлының бұл мұралары екі салалы. Оның алғашқысы - әскери мамандар үшін таптырмайтын оқу құралы да, екіншісі - жастар үшін өмірдің шындығын терең түйсінуге, шыңдалуға бастар ғибратты құндылық.

Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өмірінде көрген білгендерін арқау етеді. Оның қаламынан туған, өмір шындығын арқау еткен тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқырманның іздеп оқитын шығармаларына айналады. Олар бірнеше қайтара басылып шығады.

Қазіргі таңда Бауыржан Момышұлы – ерліктің, отансүйгіштіктің символы. Ол – жас ұрпаққа үлгі болатын хас батыр, халық қаһарманы.

Әдебиет

1. «Қанмен жазылған кітап» Бауыржан Момышұлы Алматы «Қазақстан» 1991 350-360-беттер
2. Бауыржан Момышұлы екі томдық шығармалар жинағы 2 том Алматы «Жазушы» 2004 310-

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ -ҰЛЫ ТҰЛҒА

Қожахметова Б.Қ.

*Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Станционный орта мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Найзадан қол босаса қалам алдым,
Толғанып оқиғаны көп ойландым.
Тырмысып әл келгенше көргенімді,
Жалтақтамай именбей ашық жаздым.

Отырсам көп ойланып күнім жақын,
Әр адам біле бермес сөздің парқын.
Ұрпаққа арнап істелген адал еңбек

Ақ ниетпен ұсындым саған халқым- деп осы бір Бауыржан Момышұлына арнаған мақаламды атамыздың өз сөзімен бастағым келеді. Жазушы атамыз сонымен қатар батыр атамыз өз көзімен көріп, көңіліне түйгенінің бәрін көркем тілмен қағаз бетіне түсіріп отырған. Мен өзім 1993-1997 жылдары Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының филология факультетінің түлегімін. Әдебиетке деген қызығушылығым негізі бала кезімнен, кішкентай кезімнен әртүрлі әдеби кітаптарды көп оқитынмын. Сол үшін өзімнің мектептегі, жоғары оқу орнындағы ұстаздарыма айтар алғысым шексіз. Ел ағаларынан білім алып өстік. Сейіт Кенжеахметұлы, Жұмаш Сомжүрек, Мәлік Жәркенов.... Айта берсем, ағайларымыз берген білімді келешек ұрпақтың санасына құйып, білім беріп келе жатқаныма жиырма жылдың жүзі болыпты. 1997 жылы Қарасу ауданы Прогресс орта мектебінен еңбек жолымды бастадым. Қазір Қарабалық ауданының Станционный орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беремін. Мектепте болашақ ұрпаққа тәрбие беруден жалықпай еңбек етіп келемін...

Бауыржан Момышұлы атамызды – әдеби және әскери өнерде артына қайталанбас ұланғайыр ұлттық рухани мұра қалдырған бірегей қаламгер ретінде көреміз. Оның қазақ және орыс тілінде жазылған төрт томға жуық шығармалары бүгінде қалың оқырманның игілігіне айналады. Қазақ әдебиетінде әскери тақырыптың негізін қалаған жазушылардың бірі де бірегейі - Бауыржан Момышұлы. Бұл жолға ол бірден келді десек, қателескен болар едік. Әжесінің айтуындағы қазақтың бай ауыз әдебиеті мен әке өнегесін тындап өскен Бауыржан Момышұлы жастайынан әдебиетке әуес болып өседі. Әскери тақырыптағы шығармалар жазбас бұрын бірнеше өлеңдер, шағын әңгімелер жазады. Ал оның майданда жүріп жазған күнделіктерінің және хаттарының қазақ әдебиеті тарихында алар орны ерекше.

Бауыржан Момышұлы бұрыннан әдеби кейіпкер болуға дайын тұлға еді. Өзі көсем, әрі өзі шешен және жазушы. Соғыс кезінде оның 40 мақаласы жарияланды. Ол туралы А. Бек кітап жазды. Нұршайықов «Ақиқат пен аңызда» дайын образды сол қалпында қайталап шықты.

Ерлігі де, өрлігі де, білімділігі де парапар. Оны сен қазір кез келген маршалдың қасына апарып қойсаң, ешқайсысынан да кем түспейді. Мәселен, Кубаның соғыс министрі Рауль Кастромен қатар отырған кезін қарауға болады. Бөтен елдің министрімен терезесі тең, тіпті биік те тұрғандай көрінеді. Әсіресе, соғыс тактикасы жайында сөз сөйлегенде, Кастро-министр полковник Момышұлынан төмен қалады. Оны Кастроның өзі де мойындап отырады. Бауыржан атамыз

туралы қызық деректерге сүйенетін болсам...Батыр атамyz желтоқсан айының 24 күні туған. Қыстың әбден қаһарына мініп тұратын шағында туған екен. Жайшылықта сабырлы, ал майданда аса қатал болған деседі. Бала кездегі лақап аты «Шаңтимес» болғанын біреу білсе, біреу білмес.

Қанқұйлы соғыс уақытында дивизия басқарған екі-ақ қазақ болған екен. Біріншісі – Бауыржан Момышұлы, екіншісі – Әбілқайыр Баймолдин.

Соғыстан кейін 1950-1955 жылдары полковник шенімен Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді. Совет одағының генералдары алдында дәріс оқыған асқан стратег, психолог, шешен, тапқыр полковниктің кәсібилігін бірден мойындайды. Батыр ақын, алаштың арысы Мағжанды өз көзіммен көрдім деп осы кезді айтады.

Көзі тірісінде–ақ аты аңызға айналған даңқты қолбасшы үлгі тұтар батыр бабаларымыздың бірі болып қала беретіндігі айқын.

Бауыржанның ұлы Бақытжан Момышұлы өз сөзін: «Мен үшін әкем басқаларға да сияқты ержүрек жауынгер, танымал жазушы, заманауи адам, ең бастысы жақын адамым болып қалады. Ал, немерелерінің есінде ол гүрілді зор дауысы бар тікенек сақалды қайырымды ата ретіне қала бермек. Әкем халықпен бірге жүрсең жалғыз қалмайсың деуші еді. Мен осы сөзді баршаңызға бағыштаймын, ел аман, жұрт тыныш болсын» деп түйіндеді. Бауыржан Момышұлының Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазған әңгімелері мен повестері өз алдына бір сала. Олар: «Бір түннің оқиғасы», «Москва үшін шайқас», «Жонарқа», «Ұстаз», «Офицер жазбалары» (1962), «Артымызда Москва» (1963), «Генерал Панфилов» (1965), т.б. оның осы соғыс жөніндегі мемуарлық шығармалары да, «Біздің семьясы» да әуел баста орыс тілінде жазылғанды...

Бауыржан Момышұлының қазақ әдебиетінде алатын орны айрықша. Ол бірінші бой көрсеткен әскери жазушы. Оның қызық ерекшелігі – әрі даңқты командир, әрі белгілі жазушы, әрі өз шығармаларының авторы мен кейіпкері, әрі басқа жазушылардың да басты кейіпкері. Бауыржанның екінші ерекшелігі – ол екі тілде жазады, және орыс тілінде жазғанда да өзінің ұлттық ойлау, сезіну, сөйлеу өзгешеліктерін сақтайды. Үшінші ерекшелігі – әдебиетке кеш келгендіктен, жазушының жаратылысындағы суреткерлік дарын өзінің барлық қаблет мүмкіндіктерін әлі көрсетіп үлгірген жоқ. Бұл ерекшелік әскери жазушының жаңа құнды туындылар беруінің кепілі сияқты. Бауыржан Момышұлы – әдеби және әскери өнерде артына қайталанбас ұланғайыр ұлттық рухани мұра қалдырған бірегей қаламгер. Оның қазақ және орыс тілінде жазылған төрт томға жуық шығармалары бүгінде қалың оқырманның игілігіне айналууда. Сондықтан, мен айтып, жазып жүрген 30 томдыққа енетін тың туындылары қайдан және қандай деректер көзінен құралмақ деген сұрағың көкейге қонады. Бұл Бауыржан Момышұлының 1928 және 1982 жылдар аралығында хатқа түсірген дүниелері. Яғни, батыр өмірінің 54 жылын қамтиды.

Батыр Баукеңнің 1910 жылдың 24 желтоқсанында дүниеге келгенін ескерсек, сонда қолына 18 жасында қалам алып, ой қаузаы бастаған екен.

Рас, Бауыржан Момышұлының жазушылық таланты ерте оянған. Оның “менің әкімдік карьерім – мансабым ауылдық милиционерден басталды. Бірақ әдебиеттегі жолымды сол кездің өзінде іздей бастадым. Ол заманда біздерде қазақтың сауатты жігіттерін, жаңа өмірді орнатушыларды саусақпен санауға да болатын. Жай жағдайдың ауанына лайық біздердің ағартушы да, баспагер де, әрі жазушы, әрі редактор да болуымыз керек. Бірақ әрқайсысымыз өзімізге әуелден тәңірі тағайындаған істі іздедік”, деп, өзінің маңдайына әскери өмірдің қиындығы мен қызығы бұйырғанын еске алып, тебіренетіні бар. Мысалы, Баукеңнің тырнақалды тұңғыш очеркі 1928 жылы Жуалы ауданының (ол кезде Жуалы, Түлкібас, Сайрам ауданы бір) “Социалистік мал шаруашылығы” деген газетінде “Тау сағыз бен көк сағыз” деген атпен жарияланды. Осы очеркінің өзінде-ақ Баукеңнің қалам сілтесі, сөз саптауы жұп-жұмыр келіп, келешектегі жазушының табиғи болмысы елес беріп тұрады. Бірде інілік ізетпен: “Бауке, баспасөзде тұңғыш жарияланған шығармаңыз қандай еді?” деп сұрағанымда, “уақыт талабына үн қосып жазған шығармасымағым осы очерк болатын” деп айтқан екен.

Бүгінде Баукең туралы архив деректері түгелге жуық жинақталды десек те болады. Баукеңнің қара шаңырағында қалған архивіне келіні Зейнеп Ахметова аса ыждағатпен мән беріп, рет-ретімен жүйелеп бізге дер кезінде жеткізіп берді.

Қазақтың сүт бетіндей қаймағы бар,
Өзіндік парасатты байламы бар
Баукеңнің ерліктері өз алдына
Елге айтқан әр сөзінің айғағы бар

Батыр, батыл, кемеңгер, кемел бабам,
Болмайды ешқашан да төмен баған
Талай жыл, талай ғасыр өтсе – дағы
Ерлігіңді ұмытпас келер қоғам.

Маңдайдағы наркескеннің өзісің
Ерлігіңмен, өрлігіңмен ірісің,
Халқыңменен біргесің сен, жан ата
Ұмытылмайды өнегелі ұлы ісің

Қорыта айтқанда, Бауыржандай алыбымызды ардақтай білейік, ұлтымызға ұран болған ұлы тұлғамызды ұлықтай білейік. Тек қана қара дүрсін сөзбен емес, Баукеңнің атын дәріптейтін игі істермен, тиянақты тірліктермен дәлелдеуге тырысайық.

Жазушы болмаған соң менің затым,
Көркемді жұмыр емес менің хатым.
Салмақтайтын саналы ер табылса,

Атаусыз неге қалсын менің менің атым,- деп арттағы ұрпағы аман болса, атының аталусыз қалмайтынына сенім білдірген даңқты атамыздың есімі ел есінен өшпек емес. Халқы қашан да аңыз етіп айта жүрмек.

Әдебиет

1. Аманжол Қ. Баукеңнің университеті // Егемен Қазақстан, №181 (25578) 23 мамыр сенбі 2009 жыл
2. Аманжол, Қ. Баукеңнің университеті // Егемен Қазақстан. - 2008. - №48, 23 ақпан. - Б.5. : фото
3. Апатанов К. Человек-легенда: К 90-летию Бауыржана Момышұлы // Панорама Шымкента. - 2000. - 3 ноября
4. Апатанов Қ. Аңыз адам Шымкентте оқыған // Оңтүстік қазақстан. - 2000. - 7 қараша
5. Аупбаев Ж. Сырымды саған айтам. – Алматы, 1990. – 7-17 бб.
6. Ахметова З. Шуақты күндер. – Алматы, 1987. – 262 б.
7. Әбілұлы М. XX-ғасырдың күлтегіні: Қазақ халқының қаһарман-жазушысы Бауыржан Момышұлының 100 жылдығына орай // Жұрағат. - 2007. - №6. - Б. 10-11

ТІЛ МӘСЕЛЕСІ-ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Разиховская Сауле Бекмагамбетовна

*Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Станционный орта мектебі,
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

*Тіл байлығы, тіл тазалығы-ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнегесі, нағыз белгісі.
Бауыржан Момышұлы*

Бауыржан Момышұлының ана тілін ардақтап, қазақ тілін құрметтегенін, оны дамыту және өркендету, қолдану аясын кеңейту мақсатын көздегенін қан майдан ортасында жүріп Мұқамеджан Әбдіқалықовқа «Қазақ тілі туралы пікір» атты жазған хатынан (1944) айқын көруімізге болады.. Хат авторы қазақ халқы, оның тарихы мен тағдыры, келелі келешегі турасындағы көзқарас эволюциясын ұлттың ұлы байлығы – тіл арқылы көрсетеді: «..айтпай кетсем, өмір бойы көңілім тынар емес»,- деп ар алдында ант бергенін де жасырмай жазады. Хаттың алғашқы тұстарынан – ақ автордың ана тілі туралы таным-біліктері айқын көрінеді:» ... ежелден, атам заманнан тіл-елдің мәдениеті, әдебиеті өсіп-өніп, от басындағы үй тіршілігінен бастап, қоғам, халық, ел құралы – ғылымның атаулы саласы екендігі даусыз..». Сол хаттан үзінді келтіре кетейін. «Тілсізді айуан

дейді. Тілі кедей елді – мәдениетсіз, анайы, надан халық деп санайды. Тіл – адам баласының негізгі қасиеті болғандықтан, тіл байлығы, елдің елдігін, жұртшылығын, ғылым әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғамдық құрылысын, салт-санасын, жауынгерлік дәстүрінің – мұрасының қай дәрежеде екендігін көрсететін сөзсіз дәлелді мол жері» (Мерило).

«Тілдің көмегімен өнер-білімге, мәдениет-ғылымға жетіп, өткен кеткенмен әлемді танып, өзімізді жұртқа-әлемге танытамыз, сөйлейміз, оқимыз, жазамыз, өз басымызды, үй-ішімізді, қоғам-халықты, ел-жұртты, мемлекетті меңгеруіміз, сондықтан «Өнер алды қызыл тіл» дегендей адам баласының байлығы тілден артық не бар?»

Бұдан – Бауыржан Момышұлының Кеңес үкіметі дәуірлеп, Сталиннің қылышынан қан тамып тұрған кезде, жасқанбай айтып, жазып кеткен жанайқайын көреміз. Автор халықтың басты байлығы – тіл екендігіне көз жеткізеді. Тілсізді айуанға, тілі кедейді-наданға теңеу арқылы да ұлт рухын көтереді, үлкен-кішінің халық алдындағы қарызы мен парызын еске түсіреді. Ар алдындағы адалдықты асқақтатып, дәстүр-салтты өнеге етеді.

Тіл байлығы, тіл тазалығы-ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе? Хатта ана тілінің қадірін түсінбейтіндерге тіл мәселесіне немқұрайлы қарамау керектігін ескертеді.

Сонымен қатар Қадыр Мырза Әли атамыз: «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» - деп айтқандай, жан – жақты болуға ешкім қарсы емес, тек ана тілге деген құрметтің аздығына көптеген тіл мамандары уайымдауда. Егер өзіміз ана тілімізді құрметтемесек, өзге ұлттардан қандай құрмет күтеміз? Өзіміз құрметтемей, кім құрметтейді? Бұл мәселені өзіміз қолға алмай, кім алады? Сондықтан бір – бірімізге итере бермей, өзімізден бастауымыз керек. Ең болмаса, қазақ қазақпен қазақша сөйлесуден бастаса, жылжу байқалады. Мұны байқап өзгелер қызықпай ма? Осы мәселені шешуді қолға алып, өзектілер қатарынан алып тастайық дегім келеді. Біз, жас ұрпақ, тілімізді тек жақсы жақтарынан көрсетуіміз керек. Шетел азаматтары «бұл қандай тіл?» деп қызықтыратындай етсек те, бұл біздің қолымыздан келеді деп санаймын.

Бауыржан Момышұлының хатын қорытындылай отырып, тоғыз түрлі ұсынысына қысқаша тоқталсақ: «Қазақстанда қазақ тілі заңының әділдігі бойынша мемлекет тілі болып саналып, өз орнына, төрге шығарып отырғызылып, бұрынғы қалпына кешікпей келтіру шаралары тездеп қолға алынып, тіл бұрмалау ежелден келе жатқан ескі ауруға айналып бара жатқанын ескере отырып, іс жүзіне қатал төңкеріс түрінде арылуы жөн», -деп, ата-баба зердесін келешек ұрпаққа жалғастыратын жалғыз ғана кілт – әр халықтың ана тілі екеніне қарапайым жұрттың біле бермейтініне, Коммунистік идеологияның бет қаратпай тұрған кезінде халықтың арман-мүддесін, қазақ тілінің тағдыры мен әдебиеті жөніндегі олқылықтар мен кемшіліктерге қатты сын, батыл да тура баға берді.

Мен әскери адаммын, тіл мәселесі туралы араласарлық жөнім жоқ сияқты, бірақ та айтылған мәселелер халқымыздың жауынгерлік мінез-құлқын тәрбиелеу, салт-сана, ел-намысы, ер-намысына адамгершілік арына, жауынгерлік мұра-дәстүріне ерекше байланысты болғандықтан, көріп, біліп сезіп тура айтпағанымды өзіме үлкен ар, кешпес күнә деп түсінгендігімнен жаздым», -деп қорытынды жасаған. Бауыржан Момышұлының хатында айтқан әрбір сөзі терең ойы, бәріміз үшін баға жетпес құнды дүние. Ата тағлымын тыңдап өскен кейінгі жас ұрпақ, көңіліне тоқығаны мол әрбір қазақтың атқа мінер азаматтары Бауыржан Момышұлы зиялылардың жаңа ұрпағы бас көтермесе, қазақ халқының діні де, тілі де салт-дәстүрі де түгелдей жоғалатынын білді.

Қазақстанның халық жазушысы Әзілхан Нұршайықов: «Баукеңнің көрегендігі: қан майданда жүріп Қазақ Компартиясы Орталық Комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Мұқамеджан Әбдіқалықовқа хат жазды. Қазақтың салт-сана, әдет-ғұрып, ұлттық ойындарын өшірмей сақтауға жетекші болуды аманат етті. Барлығы он алты пункттен тұратын мұндай жазу Баукеңнен басқа қай полковник, подполковник, майордың қолынан келіпті», -деп ризашылық сезімін білдірді.

Тіл тірегі болған Бауыржан Момышұлы хаттарының мазмұнынан Бауыржан Момышұлының еліне – жеріне адалдығы, халық өміріне, оның өткен тарихы мен тағдырына, тіл мен дініне жанашыр-қамқор көзқарастары жан-жақты танылады.

-«Барлық өткен заманның, халық тәжірибе-қасиеттерін, ғылыми-мәдениетін, өнеркәсібін бойымызға тарата сіңіріп, ұғындыра, ел қатарына қосып, бізді бұл дәрежеге жеткізіп отырған тіл емес пе? Тіл дегеніміз қай халықтың болмасын кешегі, бүгінгі ғана тағдыры емес, бүрсігүнгі де тағдыры», -деп Бауыржан Момышұлының хаттарының мазмұны терең, көзқарасы айқын, өткір ой-

пікірін батыл айта білген. «Халықтың асыл қасиеттерін ана сүтімен бойына сіңірген Баукең өзіне дейінгі қазақ зиялыларының үлгісімен Кеңес кезеңіндегі орыс оқуын соншама қомағайлана оқып, зейінін берсе де, дінін берген жоқ. Сондықтан да олардан дұбаралықтың құттай да белгісін таба алмайсың. Олардан ұлттық рух қалай есіп тұрса, интернационалистігі де ұлтжандылығымен әдемі үйлесіп тұратын», -деп жазушы-драматург Елен Әлімжанов жазғандай, Бауыржан Момышұлы-орысша, қазақша, екі тілде бірдей жазатын санаулы қаламгерлердің бірі.

Бауыржан Момышұлы атақ та байлық та іздеген адам емес. Ол халықтың еркіндігінің, тілінің тазалығын, ұлттың мықтылығын көксеп өтті. Батыр деген атақты да халық берді. «Қазақ халқының Қаһарман ұлы Кеңес дәуіріндегі Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қызыл Ту, Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы, 1-ші дәрежелі Отан соғысы, 2 рет Қызыл Жұлдыз, Құрмет белгісі» сияқты орден-медалдармен марапатталса, 1990 жылы Бауыржан Момышұлының 80 жыл толуына орай Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ұсынысы бойынша гвардия полковнигіне кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Сол сәтте Елбасымыз нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Бауыржан жұлдызды болған күн-Қазақтың жұлдызы жанған күн», -деп толғана айтқан еді. Бауыржан Момышұлының «Әділет қашанда жеңеді, ол кешіксе де келмей қоймайды», - деген сөзі шындыққа ұласты.

Қадірін білмейміз ғой тірі кезде.

Деп жылап сорлы қазақ мен өлгенде

Ұрпақ атар сексен мен жүздігімді,

Тарихтың түкпірінен сөз келгенде, -деп жазған (6.12.1947) Баукеңнің рухы мәңгілік ел есінде болары даусыз. «Мен өмірден кетемін ол- заңдылық. Кетпейтін ешкім жоқ. Бірақ мен өлілердің ішінде кетпеймін тірілердің бірі боламын. Менің рухым халқымның есінде қалады», -деп көрегендікпен болашаққа сенім артқан.

Бауыржан Момышұлының халқымыздың тарихы мен әдебиеті, әлеуметтік жағдайы, адамгершілік мінез-құлық т.б. алуан түрлі мәселелер туралы жазғандары ұшан-теңіз. «Өмірімнің өзі дастан», -деп айтқан Бауыржан Момышұлының өмірі, қызметі, ақыл-парасаты бір дастанға сыймайды. Оған Баукеңнің Ілияс Омаровқа жазған хатында: «Тарих қадірлейді. Мен бұған сенімдімін.» Мен өлгеннен кейін менің материалдарымнан 50 кандидаттық, 10 докторлық диссертациялар қорғалады. Бұған мен сенемін. (ҚРОММ 2066 қор 1 тізімдеме. 306 іс №79 п) -дегені дәлел.

Бауыржантанушы Мекемтас Мырзахметұлының: «Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақ қаламгерлерінің ішінде өз ұлтын Бауыржан Момышұлындай сүйетін жазушы жоқ деуі тегін емес. Заманынан озып, дәуірінен асып туған бауыржан Момышұлының еңбектерінен ғылым кандидаттары мен докторлары шығып, бауыржанның айтқаны шындыққа айналды. ХХІ ғасырдың хас батыры Бауыржантану ілімінің көкжиегін кеңейтумен бірге өрен тұлғаның турашылдығы, бүкіл ерлігі ұрпаққа үлгі бола бермек», -деген ойымен түйіндейік.

Бауыржан Момышұлының есіміне қатысты деректер, артына қалдырған бай мұрасы-бүгінгі, ертеңгі ұрпақ үшін үлкен қазына. Оның ұлттың патриоттық рухын көтеретін еңбектері мен асыл қасиеттері бүгінгі ғана емес, ертеңгі ұрпақтың санасында мәңгілік сақтала бермек. Және, сөз соңында айтып кеткім келгені – қазақ тіліміз латын қарпіне көшсе, ол тілімізді бүлдірмейді, тіліміз бұдан жоғалмайды. Бұл – тіл мәселесі жайындағы бастапқы қадамдардың бірі. Сол себепті, баршаңыздан қазақ тілін құрметтеулеріңізді сұрап, осымен қорытындылаймын.

Әдебиет

1. М.Мырзахметұлы. Батыстан жеткен жат мінез бас көтертпей барады: «Егемен қазақстан» газеті, 17.07.2010 ж
2. Әлімжанов. Бауыржан Момышұлы – көп қырлы қоғам қайраткері: «Ақ жол » газеті, 05.01.2010 ж.
3. Апатанов К. Человек-легенда: К 90-летию Бауыржана Момышұлы // Панорама Шымкента. - 2000. - 3 ноябрь
4. Апатанов Қ. Аңыз адам Шымкентте оқыған // Оңтүстік қазақстан. - 2000. - 7 қараша

ҚАЗАҚТЫҢ БАУЫРЖАНЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ РУХЫ

Амангелдиева А.Қ., Қалдыгүл Орынбасаровна

«Ғылым-білім деген-түпсіз тұңғық. Жұмыр жердің бетінде оның түбіне жеткен жан жоқ. Дегенмен шетсіз-шексіз ілім-білім жолында әркім өзінің өресі, шама-шарқы жеткен жерге бір белгі-шыбық шаншып қалдырса, сол шыбық өсіп, өзінен кейінгіге сая болып, жол нұсқап жатса, есте қалған деген сол болады».

Б. Момышұлы

Бауыржан Момышұлы «Қанмен жазылған кітап» шығармасындағы бір сөзінде Екінші дүниежүзілік соғыс туралы «Қазақ халқы осы соғыс тұсында бүкіл дүниежүзіне өзінің қазақ екенін танытты» деді. Егер осы бір сөзді екінші бір мағына, басқа бір қырынан алып қарайтын болсақ, 2-дүниежүзілік соғыс, жалпы, халықтарды тек ерлік тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге халықтардың мәдениеті тұрғысынан да сынаққа салған соғыс болса керек. Біз бұған нақты мысалды қазақ жазушысы Қалмұқан Исабаевтың кезінде әр қазақ қызыға оқып шыққан «Соната» әңгімесінен де көреміз. Шығармада қала халқының тізімін алу үшін үйге келген жауынгерлерді немістер өздерімен салыстырғанда тағы санайтындары бар еді ғой. Осылар біз сияқты мәдениеті озық елді қалай жеңді деп ойлады. Оларды ғылыми-техникалық прогрестен, мәдениет пен дамудан артта қалған азиялық «малғұндар» деп санап, оларға электр қуаты және электр қуаты арқылы жұмыс істейтін электр байланысы құралдары – телефон, радионы көрсетіп: «Бұл – радио! Мұнымен дүниежүзінің қалаларынан концерт, музыка тыңдауға болады. Радио деген Европада, соның ішінде Германияда өте көп» деді. Ал телефонды көрсетіп: «Бұл арқылы осы жерден тура Берлин, Парижбен сөйлесуге болады. Европа халқы үйлерінде отырып-ақ, осы арқылы басқа қалалармен сөйлесе береді» деді. Сонда жауынгерлер немістерге олардың өздерінің үйінде тұрған рояльдан Бетховеннің музыкалық шығармасын ойнап беріп, оларға өздерінің де мәдениеттен хабары бар екендігін танытып кеткен еді. Электр байланысының радио, телефон сияқты техникалық құралдарын қолдану, пайдалану да адамзат мәдениетінің өркенді бір жетістігі болса, ал музыка ойнау, оның үстіне Бетховен сияқты әлемдік композитордың музыкалық шығармасын рояльда сауатты ойнап беру де – оны ойнаушы жауынгерлердің әлемдік мәдениеттен хабары бар екендігінің дәлелі болатын. Ал осы жазушының «Қазақ вальсі» әңгімесінде «Қазақ вальсі» «Классише вальсен» ресторанына келуші жандардың қайта-қайта музыканттардан ойнауын өтініп, сұраған шығармасына айналды. Мұнда «вальс королі» атанған Штраустың ғажайып вальстері ойналатын еді ғой. Сондықтан «Австриялықты вальспен тандандырамын деу мүмкін емес қой» деген болатын соның алдында ғана «Классише вальсен» («Классикалық вальстер») ресторанының қожайыны ресторанға өзі келген сайын ғана «Қазақ вальсін» ойнап беріп тұруды сұраған Совет Армиясының офицері, қазақ жігіті Әубәкірге. Өйткені Австрия вальстің отаны ғой. Бірақ осы бір сыртына қазақ өрнегі жүргізілген жұқа кітапшада (вальс нотасы) жазылған әуен ресторанға келген жандардың үлкен сұрауына ие болды. Ал осы вальстің өмірдегі шығу тарихына келетін болсақ, біздің вальсіміз қалай шықты? Бұл вальс 1940 жылы жазылған болатын. Қазақ Республикасының 20 жылдығына байланысты жазылған Сәбит Мұқановтың «Екі той» радиопьесасына композиторға музыка жазу тапсырылған еді. Пьесаның «Екі той» аталған себебі пьеса кейіпкері Жоламан да 20 жасқа толатын және Армия қатарына аттанатын. Жоламан мен оның сүйген қызы Сайранның ариялары романс жанрында дүниеге келді. Романс бұл кезде қазақ музыкасына сіңісіп келе жатқан жанр еді. Ал вальстің қазақ музыкасына әлі етене сіңісе қоймаған кезі болатын. Сондықтан композитор осы екі жастың енді пьесадағы қосылып орындайтын дуэтін вальс ырғағында тек тәуекел деп барып қана жазып көрген еді. Сонда әнді тыңдаған Жоламан мен Сайранның рольдеріндегі әншілер Жүсіпбек Елебеков пен Күләш Байсейітова «Қарай гөр, мынау қазақ вальсі ғой» деген екен қуанғаннан қосарлана дауыстап. Осылай қазақтардың да вальсі өмірге келеді. Жоғарыдағы әңгімеде Австрияның Совет әскері тұрған аймағындағы кішкентай қаладағы ресторанға келген жұрттардың да қайта-қайта өтініп ойнатып жатқан вальсі осы қазақ вальсі болатын. Осы орайда «Қазақ халқы осы соғыс тұсында бүкіл дүниежүзіне өзінің қазақ екенін танытты» деген сөз де еске түседі. Өйткені әңгімедегі 1952 жылғы оқиға да осы Екінші дүниежүзілік соғыспен байланысып жатқан дүние ғой. Австриядан Совет әскері 1955 жылы шығарылды. Ал осы Совет әскері оның алдында, 1945 жылы әлемдік музыкада үлкен орны бар

қала – Венаны гитлершілдерден азат еткен еді. «Қазақ вальсіне» әуелде «Сайранның әні» деген ат қосарлана еріп жүрді. Оны Күләш Байсейітова орындайтын. Ал осы Екінші дүниежүзілік соғыстың тұсында, яғни 1942 жылы қазақтардың вальсінің әсем әуені Фрунзе қаласында өткен Орта Азия республикалары мен Қазақстан музыкасының онкүндігінен кейін Одақ көлеміне кең тарап кетеді. Осыдан кейін ақындар композиторға «Екі той» соғыс тақырыбы ғой, бұл вальстің өлеңін жастық, махаббат тақырыбына қайтадан жазу керек дейді. Композитор өлеңді қайтадан сол Сәбеңнің өзіне жаздыртады. «Сәбеңнің өлең жазғанын алғаш көруім еді. Жылдам жазады екен» деп жазды әннің композиторы Латиф Хамиди өзінің «Қазақ вальсі» қалай туды?» атты шығармасында. Өлең жазып отырған С.Мұқанов бір кезде қағаздан басын көтеріп: «Тыңдап көрші, Латеке, мен бітірдім» деді. «Қазақ вальсінің» жастық, махаббат тақырыбында айтылып жүрген бүгінгі өлеңі өмірге осылай келеді.

Май туса, гүлдер шешек атса жазда,
Тоғайда бұлбұл, көлде акку, қаз да
Сайраса, біз жастар да нақ солардай,
Бақытқа бөленеміз, сауық назға.

Қ-сы:

Бақыт нұрға,
Оранса жер, аспан.
Біздің жыр да,
Бар жырға ұласқан.
Махаббатты жырлаймыз біз –
Жастар, жастар, жастар.
Сарқырап асау бұлақ ақса құздан,
Алтын күн күлімдесе көкте қызған,
Біз жастар күн нұрынан қуат алып,
Жайнаймыз жарығырақ жұлдыздардан.

Қ-сы:

Жоғарыдағы «Соната» әңгімесінде рояльда Бетховенді ойнаған солдатты немістер сержанттан: «Мына жігіт Бетховенді қайдан біледі?» деп сұрағанда, сержант оларға: «Бұл консерватория бітірген» деді.

Консерватория бұл кезде бізде де бар болатын. Кейіннен Алматы консерваториясы аталған, күйші, композитор, виртуоз домбырашы, қазақтың аспаптық музыкасының (күйдің) классигі Құрманғазының аты берілген жоғары оқу орнының тарихы 1944 жылдан басталады. Біздің ұлттық музыка аспабымыз – Домбыраның тек өз күйімізді ойнауда ғана емес, жатжұрттық музыкалық шығармаларды ойнауда да мүмкіндігі жоғары аспап екендігі белгілі. Ал осы күйіміздің, осы Домбыраның ұлылығы жөнінде оны күллі әлем білетін – күйсандық (пианино) аспабымен салыстыра отырып, қазақ халқына танымал ақын-композитор Тынышбай Рахимов өзінің 1983 жылы шыққан «Көкірегім – күйсандық» атты жыр кітабында былайша толғаған еді:

Ұлылық бар бабам қазақ ісінде:
Күйсандықты көрмесе де түсінде
–Домбыраға перне таққан он екі,
Мұның сырын түсін мейлі, түсінбе...
Жыр нотасын көңіл-көзбен дәл оқы,
Сонда ғана лапылдайды ән оты.
Домбыра мен күйсандықта ұқсастық –
Екеуі де шығарады үн он екі!
Жетеуінде негізгі әуен жосылса –
Бесеуінің міндеті бар – қосымша.
Жырлағым кеп, жырлай алмай келем мен
Даналықты – даралықты осынша!
Бабам місе тұтпаған ғой сыйды арзан!
Дана болса – не істемеген ми жазған!
Домбырамен – сол он екі пернелі
Күйсандыққа сыймайтұғын күй жазған!
Ұрпағы, рас, перне санын дамытты:

Өмірден де, өнерден де мән ұқты!
Қос шегі – көзінің ақ, қарасы –
Сол Домбыра өлтірмейді халықты!

Атақты «Жас қазақ» әнінің композиторы Рамазан Елебаев та консерваторияда оқыған болатын. Ол жайлы энциклопедиялық деректе: «1937 ж. жолдамамен Москва консерваториясына оқуға түсті. 1942 ж. Е. оқуын үзіп, майданға аттанды» дейді. 1942 жылы Ғабиден Мұстафин, Жүсіпбек Елебеков, Елубай Өмірзақов, тағы бірнеше артист бар Калинин майданына келеді. Қазақстаннан келгендер өнерін көрсетіп болған соң, жауынгерлер де өнерін көрсетеді. Сонда композитор Рамазан Елебаев гармонь аспабына қосылып 21 жастағы ер Төлегенге арналған «Жас кабір басында» деген өзінің әнін мәтінімен орындайды. Сол сапарда жазушы Ғабиден Мұстафин әнші Ж.Елебековпен бірнеше күн бірлесіп жұмыс істей отырып, осы әнге жаңа текст жазады. Ән «Жас қазақ» деп аталды, кейін Ж.Елебековтің орындауында тарайды. Бұл жөнінде жазушы Ғабиден Мұстафин «Ардақ» өнер тақырыбындағы туындылар жинағына енген әнші Жүсіпбек Елебеков туралы жазылған «Сыршыл әнші» атты өзінің шығармасында баяндаған.

Қар жамылған кең дала қанға бөгіп,
Күрілдейді сұр аспан өлім төгіп,
Жас қазақ, мұрттай ұшты уралап.
Жанын қиып кете алмай жас өмірден,
Асқақтаған арманға өрмелеумен,
Жас қазақ, жатты көзі от жайнап.
Сол бетінде жан берді ол тұрмады,
Ары үшін елінің боп құрбаны,
Жас қазақ, атылды оқтай көре сап.
Ел қорғаған майданда жас арыстан,
Төлегендей артыңа қалдыр дастан,
Жас қазақ, жатты жауын жаныштап.

Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор Панфиловтың атындағы 8-дивизияның гвардия жауынгері Төлеген Тоқтаровқа арналып шыққан «Жас қазақ» әні 1941–1945 жылдардың арасындағы Ұлы Отан соғысында өлім төккен күрілдеген сұр аспан астындағы қанға бөккен қар жамылған кең далада жанары от жайнап, жауын жаныштап барып, қан майданда ар-намысы үшін елінің құрбаны болған қазақтың сол уақыттағы өмірден қыршын кеткен барлық жауынгер жас ер ұлдарына да коса тұрғызылған өлмейтін ескерткіш сықылды.

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ, ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ, КӨРНЕКТІ ЖАЗУШЫСЫ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

Бұғыбай Еркегүл

Информатика бөлімінің студенті

Бимаганбетова Ж.Т.

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі

«Бұталардың біреуі басын қылтитып, өзінше өсуге талпынса, дереу басын қырқып, басқалармен теңестіріп қояды. Сәнді бұзбауы керек. Біз өмір сүріп жатқан қоғам – бірыңғай бұталар секілді. Мемлекетке илеудегі құмырысқадай бір-бірінен аумай қалған адамдар керек. Айтқанға көнеді, айдағанға жүреді. Сонда басқару оңай болады. Егер біреу басқаша ойлап, өзінше бұра тартса, анау бұталар секілді басын қырқып тастайды».

Бауыржан Момышұлы.

Бауыржан Момышұлы – бірдей қыркылған бұталар арасындағы ерекше тұрған еңселі бәйтерек еді. Ол мүлде бөлек болатын. Оның әлемі ерекше жаралған. Тіпті Кеңестік жүйенің қасаң қалпы оны өзгерте алмады. Ол өзінің табиғатына берік болды. Елдік пен ерліктің киесіндей, батырлық пен батылдықтың иесіндей, асылдық пен жасындықтың үлгісіндей аты аңызға айналған баһадүр батыр Бауыржан Момышұлы-тау тұлға. Ол кісінің өмір жолы, сұрапыл соғыс жылдарындағы жанқиярлық ерлігі, өжеттігі мен өрлігі, алғырлығы мен көрегендігі –

білебілгенгеұлытәрбие, үлкен өнеге мектебі. Батыр Бауыржан Момышұлы – алмас де қайсар, дана да данышпан, шешен әрі ақын, «сөз қадірін өз қадірі, өз қадірі ел қадірі» деп бағалаған айбынды азамат. Осынау дара тұлғаныңбүкілсаналыңұмыры, ғибратқа толы істері, жүріс-тұрысы, сөйлеген сөздері, терең мағыналы ойлары әркімнің көкейінде. Бауыржан Момышұлы – адамгершіліктің, азаматтықтың, патриоттықтың, имандылықтың символы, көркембейнесііспетті. Батыр атамыз Бауыржан Момышұлы жеке басы ойшылдығымен, отаншылдығымен, ұлтжандылығымен, қаһармандылығымен, дарындылығымен, жоғары адамгершілік қасиеттерімен елеулі. Баукең – әлем халқының ортақ перзенті дәрежесіне дейін көтерілген азамат.Бауыржан Момышұлы – соғысты өз көзімен көрген жазушы. Батыр Бауыржанның айтар ойы, жазар тақырыбы – соғыс шындығы. Ол өзшығармасының кейіпкері, өзінің образдарымен тұтасып кеткен тұлға. Барлық оқиғалардың бел ортасындаөзіболғандықтан автор әнгімені өз атынан айтады. Ол сырт бақылаушыемес, белсенді қатысушы.

Қазақтың Бауыржан Момышұлындай ұлы перзентін таныстырып жату артық. Ел оның ерлігін, жазған кітаптарын біледі. Оның қанатты сөздері де халықтың аузында жүр. Сөйтсе де сол сөздерді жүйелеп беріп, жинақтаса, ол жаңа бір сипатқа еніп, халқымыздың батыр ұлының абыздық қырын аша түседі.

Соғыста 207 рет шабуылға шығып, бірнеше рет жараланып тірі қалғаны, өмір бойы ешкімге бас имей тек өз ар-намысының ғана құлы болғаны, халқының қамын ойлап, болашағы үшін күресіп өткені, өмірдегі өзі арқалағанауыр жүгін, қоғам алдындағы өз парызын терең түсінгені – осының бәрі Баукең шығарған қанатты сөздердің қайнар бұлағы. Баукеңнің нақыл сөздеріне айналған, оның басынан кешкен жайттары ғана емес, өмірден көріп білгені, көкірек-көңіліне түйгені, жүрегін еұялағаны, қоғамға, болашаққа деген ой-пікірлері.

Ал бұл ойларды жинақтап, мақал – мәтел деңгейіне дейін көтеріп, болашаққа өсиетретінде жазып қалдыру – тек Бауыржан Момышұлы сияқты талантты тұлғаның ғана қолынан келетін іс.

Батырдың өсиет сөздерінің көбі Ұлы Отан соғысы кезінде орыс тілінде жазылған, себебі бүкіл Совет Армиясының командирлеріне арналған. Қазіргі уақытта бұл өсиеттер екітілде де қолданысқа ие. Батырдың артына қалдырған өсиет сөздерін топтай келе, тақырып жағынан ауқымы кең екендігіне көзжеткізуге болады «Елім» деп еңірген ер ұлт, Отан, өмір, батылдық, тілтағдыры, еңбек, оқу-білім т.б. тақырыптарда өзінің дара дана ойын жеткізуге тырысқан. Осы өсиет сөздерінің ішінде көбірек қаламтер бегені қолбасшылық, сардарлық, әскери борыш жайында жазылған афоризмдері екен. Батырдың өзі ,сегіз қырлы бір сырлы «ел депеніреген ер» болғандықтан, бар білгенін, бар тәжірибесін өсиет ретінде артына қалдырған. Батыр тек қана еуропалық және ресейлік әскери ғылыммен, әскери өнерге сүйенбейді, өз ата-бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрлеріне арқа тірейді. «Білек бірді жығады, ақыл-айламыңды жығады», «Ер намысы – ел намысы», «Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» секілді аталарымыздың ұшқыр сөздерін Бауыржан Момышұлы орынды пайдаланған. Сондықтан батырдың өсиеттері қазақ жауынгерлеріне өте жақын, ойларына азық, бойларына қуат беріп тұрады.

Қазіргі кезде жаһандану мәселесіне ерекше назар аударылуда. Әлеуметтік-гуманитарлық білім жаһандану үрдісінің жағымды және жағымсыз жақтарын зерделеп, методологиялық және танымдық, аксиологиялық тұрғыдан ой қорытуда. Жаһандану үрдісінің экономикалық, саяси, әлеуметтік, ақпараттық, мәдени астарлары терең зерделенуде. Бұндай қарқынды және жүйелі зерттеулер әсіресе ХХІ ғасырда кеңінен етек алып отырғанын атап өткен жөн.

Жаһандану, кейбір ғалымдардың айтуынша, әлемдік сипатта дамып, бүкіл адамзат қоғамында түбегейлі бұрын-сонды болмаған өзгерістер мен жаңғырулар әкелуде. Жаһанданудың басты типтік және сапалық көрсеткіштеріне транстерриториялық сипаттағы экономикалық-шаруашылық, сауда- қаражаттық, мәдени, ақпараттық байланыстармен өзара әрекеттердің интенсивті түрде дамуын, қаржы-экономикалық нарығының пайда болуы мен тауар, капитал, жұмыс күшінің интернационалдық сипат алуын, трансұлттық корпорациялардың пайда болуын жатқызуда.

Сонымен қатар қазіргі қоғамдық даму тенденциясына сай келетін белгілі бір сипаттағы идеологиялық ұстаным, нарықтық экономика, демократиялық сипаттағы әлеуметтік-саяси жүйе, дүниетанымдық плюрализм, конституциялық тұрғыда бекітілген адам құқын қамтамасыз ететін институциялық тетіктер, мемлекетаралық және мемлекеттен жоғары тұратын саяси және құқықтық институттар құруды жаһандану үдірісінің басты көрсеткіштері ретінде қарастыруда. Қандай да болмасын ерекшеліктің тамыры, тегі болатыны белгілі. Тамыр, тек сапалық қасиеттер

арқылы өлшенетінін ескерсек, қазақстандық менталитеттің өлшемі, межесі қазақ халқының құндылықтары болып табылады. Қазақстандық менталитеттің құрылымдық сипатының ішкі өлшемі, қозғаушы күші, жүзеге асуы да қазақ халқының құндылықтарына тікелей байланысты. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстанның болашағы қазақ тілінде деуі де сондықтан. Демек ұлттық ерекшелікті елемей, ескермей, «азаматтық ұлт» туралы тұжырым жасау сыңаржақтылық. Өкініштісі, кейбір ғалымдар мен саясаткерлер «азаматтық ұлтты» қазақ халқынсыз, оның тілінсіз және менталитетінсіз көз алдына елестеткісі келеді. Елестету былай тұрсын, тіпті армандайтындар да көбеюде. Тіпті ұлт туралы айтпандар, ол кешегі заманның феномені, бүгін ел туралы айту қажет дегенді алға тартады. Бұл бос әурешілік, ұлтсыздандудың талайын басынан кешірген, «мың өліп, мың тірілген» қазақ, енді оған жол бермейтініне сенімдіміз. Өйткені заман өзгерді, ұлттық сана өсті, қазақ оңы мен солын, жақсысы мен жаманын ажыратар деңгейге жетіп қана қойған жоқ, сонымен қатар өз мүддесін қорғауға да шамасы келді. Бұны ескермеу, қазақ халқымен санаспау ақиқатқа жасаған қиянат болар еді. Қанатты сөздер жайдан-жай тумайды және оны айтып қалдыру кім болса соның қолынан келе бермейді. Ол үшін ғұлама, тереңойшыл, үлкен философ, ақын жанды және өз басы күнделікті күйкілжің өмірден жоғары тұратын ірі тұлға болуы керек. Бауыржан атамыз міне сондай адам. Ол кісінің нақыл сөздері сан алуан тақырыпқа арналған: соғыс және бейбіт өмір, тәртіп пен тәрбие, парыз бен қарыз, тіл мен әдебиет, салт пен дәстүр, тағы сол сияқты болып жалғаса береді. «Ердің туы – намыс». «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тіке тұрып өлген артық», «Ұшқынсыз от тұтанбас», «Өзін сыйламаған басқаны сыйлауға қабілетсіз», «Тәртіпке бағынған құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» т.б. сөздері жастың да, кәрінің де санасында жатталған ұлағатты сөздер.

Қазақтың сүт бетіндей қаймағы бар,
Өзіндік парасатты байламы бар
Баукеңнің ерліктері өз алдына
Елге айтқан әр сөзінің айғағы бар
Батыр, батыл, кеменгер, кемел бабам,
Болмайды ешқашан да төмен баған
Талайжыл, талай ғасыр өтсе – дағы
Ерлігіңді ұмытпас келерқоғам.

Баукеңнің даңқы, рухы өзіне керек емес, ол бізге, ұлтымызға, келер ұрпағымызға керек. Баукеңнің даңқымен, рухымен, дана өсиет сөздерімен тәрбиеленген ұрпақ осал ұрпақ болмайтыны айдан анық.

Маңдайдағы нар кескеннің өзісің
Ерлігіңмен, өрлігің менірісің,
Халқың менен біргесің сен, жаната
Ұмытылмайды өнегелі ұлы ісің

Қорыта айтқанда, Бауыржандай алыбымызды ардақтай білейік, ұлтымызға ұран болған ұлы тұлғамызды ұлықтай білейік. Тек қана қара дүрсін сөзбен емес, Баукеңнің атын дәріптейтін игі істермен, тиянақты тірліктер мен дәлелдеуге тырысайық. Қазақ елі тәуелсіз болса деген арман ұшқын шашса, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Қазақ елінің соңғы он тоғыз жыл тұтқасын ұстап, туын көтерген тұрлаулы да тұғырлы тұлғасы – тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен әлем мойындаған, жаһанға аты жеткен мемлекетке айналды. Ұлы даланың тағдыр-тарихын барлық дем тынысымен түсініп, елінің ендігі тарихын сол ұлылар рухында одан әрі жаңғырта, жасарта алып кететін ер, көзсіз батыр, тап-таза ар - намыстан жаралған қайтпас-қайсар қайраткер, елін басқарып, қос батырдың ісін істей алатындай ерекше тұлғаны тап басып таңдап, тағдырын қолына бергенінде жаза басып жаңылған жоқ еді.

«Барлық халық пен ұлт барлық ұлы және тамаша нәрселерді жасауға қабілетті, әрбір азамат өз ұлтын сүюге тиіс және өз ұлтына деген терең сүйіспеншілігі мен мақтаныш сезімі арқылы басқа ұлттарды танып, құрметтеп, оларды сүйе білуге тиіс» деген еді ұлтымыздың мақтанышы, ұлы патриот атамыз Бауыржан Момышұлы. Бұл сөздің астарында өз ұлтыңды ерекше сүй, сол арқылы өзге ұлтты сүюге үйрен деген ой жатыр. Сондықтан, Сөз соңында айтарым, қазіргі кезде «Жастар – еліміздің болашағы» деген қанатты сөзді жиі айтамыз. Ал сол жастардың болашағы, Отанымыздың ертеңгі тағдыры өзіміздің бүгінгі қызметімізді қалай атқарып жүргенімізге тікелей байланысты. Ендеше мына өтіп жатқан жаһандану, ғаламдану үрдістеріне жұтылып, ұлт ретінде жойылып кетпейік десек ұлымызды рухты, қызымызды ғұрыпты етіп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелейік дегім келеді.

Әдебиет

1. Тарихи тұлғалар танымдық – көпшілік басылым «Алматы кітап» 2006 ж. 349б
2. «Қанмен жазылған кітап» Бауыржан Момышұлы Алматы «Қазақстан» 1991 350-360-беттер
3. Бауыржан Момышұлы екі томдық шығармалар жинағы 2 том Алматы «Жазушы» 2004 310-
4. «Қазақстан тарихы» журналы. №4. 2003 жыл.

ӘСКЕРИ ӘДЕБИЕТТЕГІ ҚАҺАРМАНДЫҚ ТҰЛҒА-ӘДЕБИ КЕЙІПКЕР

Конурбаева Динара

Ғылыми жетекшісі: Калиева С.А.

«Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау гуманитарлық колледжі» МКҚК

Еліміздің Тәуелсіздік алғанын халқымыздың айбынды перзенті, ұлтымыздың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы көрген жоқ. Бірақ, «тәуелсіздік» деген қасиетті ұғым мен Бауыржан Момышұлының есімі тығыз байланысты. Қазір біз егемен еліміздің іргесін нығайту үшін «ұлттық идея», «тәуелсіз ұлттық идея» деген ұғымдарға назар аударып жүрміз. Шын мәнінде біз енді Тәуелсіздік идеясымен, Тәуелсіздік мұратымен өмір сүруіміз керек. Ішкі саясатта да, сыртқы саясатта да, өндірісте де, өнеркәсіпте де, мәдениетте де, әдебиетте де, өміріміз бен қоғамымызда да осы тәуелсіздік мұратын ту етіп ұстауымыз қажет. «Мәңгілік ел» болу үшін елдік пен ерлікті біріктіруіміз керек. Қазақты қарашаңырақтың құтиесі ретінде ұрпаққа таныту үшін батырларымызды ұлықтау, түптеп келгенде, төл тарихымызды танып-білу маңызды. Біздің тәуелсіз ұрпақ барын мақтан тұтып, еңсесін тік ұстап, көк туымызды төбеден түсірмеуге тиісті.

Ұлы Отан соғысының аты аңызға айналған қаһарманы, Кеңес Одағының Батыры, ерліктің толассыз қайнары, өшпес өнегесі, тозбайтын асылы Бауыржан Момышұлының ұрпаққа қалдырып кеткен таусылмас мирасы, сарқылмас мұрасы, ерен еңбектері әркез еске алынып, жас ұрпаққа үлгі болатын ерліктері жайлы жиі айтып отыруымыз қажет. Жастарымыздың елін, жерін құрметтейтін азамат тәрбиелеу үшін оларға ұлтымыздың тәуелсіз тұлғаларының өнегелі өмір жолын жан-жақты насихаттау. Қазіргі кезеңде қазақ жастарына үлгі боларлық ұлы тұлға - Бауыржан Момышұлы. Бауыржан Момышұлының «Қанмен жазылған кітап», «Ұшқан ұя», «Москва үшін шайқас» атты үш туындысынан адамгершілік қасиеттер туралы асыл сөздерін желкілдеп өсіп келе жатқан ұрпаққа жеткізу, оларды ұлтжандылыққа бейімдеу барысында, қазіргі қоғамда біреуге жалтақтамай, таныс-тамыр іздемей, Бауыржан ағамыз сияқты әділ жолмен жүру керектігін жеткізу. Қарапайым солдат өмірі жайлы, майдан шындығы жайлы мағлұмат беру. Б.Момышұлы Кеңес заманында өмір сүріп, Кеңес өкіметі кезінде қызмет еткенімен, оның бүкіл іс-әрекеті, қайраткерлігі біздің бүгінгімізбен үйлесіп, қабысып жатыр. Тәуелсіздік идеясын ту етіп ұстаған тұлға. Халық: «Дананың аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді», - деп айтады. Қалай болғанда да халық қате айтпайды, қалт кетпейді, халық қаласа хан түйесін сояды. Иә, ғалымның аты да, жазып кеткен хаты да мәңгілік, артындағы ұрпағына, халқына қалдырып кеткен өсиеті сияқты, ол өз басына орнатып кеткен бейне бір ғажайып құлпытас іспетті. Міне, осындай өлмейтұғын сөз қалдырған, із қалдырған асылымыздың бірі, кешегі Ұлы Отан 76 соғысында аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы. Оның адамдық айрықша табиғатымен, адалдығымен, қара қылды қақ жарған әділдігімен, шындықты бетке айтқан қайсарлығымен, оның қаламгерлік өзіндік ерекшелігімен танимыз.

«Барлық халық барлық ұлы және тамаша нәрселерді жасауға қабілетті» - деп айтқан Бауыржан ағамыз. Мұны парыз сезімі дейміз. «Бұл адамгершілік сезімі, намыс, ар-ұят - бұл адам өзін кез келген опасыздықтан сақтайды, қорғайды, яғни масқара болып жүргеннен абыроймен өлген артық деген сөз. Өлімнен ұят күшті». Жақсы қасиеттер де, жаман қасиеттер де адамға өнегеден жұғады ғой! Осыны жетік білетін қаламгер өз шығармаларында қаншама ғажап өнегелерін алға тартқан! «Осыларды оқы да - сезін! Сезін де – соларға елікте Оқы да – ұғын! Ұғын да – сен де солардай адал адам болуға ұмтыл! Солардай адамгершілікті бол!» - дегенді уағыз етеді автор. Абырой - жеке адамның ар-намысын ұғыну деген сөз. Абыройды, жоғары моральдық рухты сақтау жолында өз өмірін қиюға дейін баруға ниет ету намыс деп аталады. Ұят - жасаған әрекетінің жөнсіздігін түсінушілік. Намысқа кір келтірушілік, моральдық рухтың асқақтығын

корлау - маскара болушылық. 77 Сенімділік, соғыс пен ұрыстағы сенімділік – дұшпаннан басым түсу сезімі, өзінің жеке басының ар-намысын сезіну. Сенімділікке істі білу мен жауынгерлік рухты көтеру арқылы қол жетеді. Жігерлендіру дегеніміз – рухани күш беру, күш-қуаттың тасуы, сергектік күй. Әскерді жігерлендірудің құралдары мыналар: инабаттылықпен, кішіпейілділікпен ықпал ету, адамның адамгершілігін құрметтеу, бастықтың жеке өнегесі, ақыл- кеңес беру, айтқанын түсінікті етіп ұғындыру, көңілден шыққан қарапайым сөз, тапқырлық, шешендік, орынды айтылған әзіл-қалжың. Өзара көмек көрсету және ұжымдық сезімі – әскери парыздың маңызды міндетті элементі, жолдастық топтық-қоғамдық сезімнің асыл белгісі. Адамның басына түскен қайғыны бөлісе білушілік адамның бойындағы ұжымдық сезімді тәрбиелеудің нәтижесі, ортақ мақсатқа жетуге көмектесу. Міне, Бауыржан атамыз осыншалық оқырман қауымның, әсіресе жастардың түйсігіне әсер етер, санасына саңылау кіргізер, рухын өсірер, ойын оятар, ішкі жан сарайын кеңітер, өмірге ілтипатпен қарауға үйретер жолдарын аша білген. Бауыржан атамыз: «Тәрбие жұмысының мақсаты – адамның бойында жауынгерлік қасиетті жауынгерлік өнегелілікті қалыптастыру. Бұған адамды иландыру арқылы қол жеткізіледі, отбасыңа, халқыңа, отаныңа, мемлекетке берілгендік, үлкенді сыйлау заңды, тәртіпті, салт-дәстүрлерді сақтау, жеке адамның игілігімен етене байланысты, қоғамдық игілік жөнінде қамқорлық жасау өмірлік әрі қажеттілік болып табылады, қоғамдық қажеттіліктерге (әркімнің қабілетіне қарай) деген дұрыс көзқарас қоғамнан лайықты бағасын алады. Бұл ұғымдар тәрбиелеу арқылы сана сезімге сіңіріледі де адамның бойында саналы іс- әрекет жасау үшін дербес мінез-құлық қалыптастырады; жауынгердің адамгершілік келбетіне қорқыныш пен құлдық ұрушылық жат болуға тиіс, мұның өзі шексіз сүйюшілік пен мемлекетке, халқына шын жүректен сенушіліктің мән-мағынасын білдіреді» - деп жазады өз шығармасында. Ерлік дегеніміз не? – дегенде ол кісі былай жауап берген екен: «Ерліктің анасы – мақтаныш. Кәне, мақтаныштың қандай қайнар көздері бар екеніне талдау жасап көрейікші. Тазалық, ұқыптылық, тән мен жан жүйесінің кіршіксіздігі жеке мақтаныш сезімін тудырады, өзін-өзі ұстай білушілікке үйретеді, өзі мен айналасындағыларға талап қоя білушілікке дағдыландырады. Сыртқы тәртіпсіздік – адамның ішкі кемістігінің белгісі. Кір – қоқыс адамды аздырып-тоздырады. Жеке мақтаныш сезімі дегеніміз не нәрсе – бұл ең алдымен жеке бастың гигиенасы. Адам өзін көйлегі көк, қайғысы жоқ, қарыны тоқ кезде лайықты ұстап жүре алады. Егер сіз үстіңізге алба-жұлба киім киген болсаңыз, онда қоғамдық орында өзіңізді лайықты ұстай алмайсыз. Тұрмыста салақ ұқыпсыз адам – жұмыс орнында да ұқыпсыз. Егер адам 78 сырттай тәртіпсіз, көргенсіз болса, онда ол жұмыста да дәл сондай, егер адам ұқыпты болса, ол онда жұмыста да ұқыпты болғаны. Кір-қоқыс адамды бүлдіріп, оның бойында жеке мақтаныш сезімін біртіндеп көмескілендіре береді. Сыртқы ұқыптылық – ішкі жинақылықтың, өзін-өзі ұстай білушіліктің, өзіне және айналасындағыларға талап қоя білушіліктің белгісі болып табылады. Жеке мақтаныш сезімі ерлікті тудырады. Жасық жан ержүрек бола алмайды. Жасық жан жанқиярлық ерлік жасауға да қабілетсіз - деп жазған «Қанмен жазылған кітап» шығармасында. Міне, осының бәрі өмір, өмір шындығы, адам қатынастары, адамдық, адалдық, адамгершілік, әділеттілік, жолдастық, бауырымдылық жайында. «Ұшқан ұя» шығармасында жастарға ақыл болар жазылған жолдар бар. «Қаншаға келдің, қарағым»... - деп қай баладан сұрасаң да өз жасын мақтанышпен айтатыны мәлім. Қазір жыл сайын баланың туған күнін тойлау дәстүрге сіңіп болған әдет. Ал менің балалық шағымда туған жылды, туған күнді емес мүшелді кезеңдерді тойлаушы еді: Алғашқы мүшел – нәрестенің қырқынан шығатын күн. Бұл күні үй ішінде емес, ауыл-аймақта да көтеріңкі көңіл, көп шаттық үстем болатын. Екінші мүшел – баланың жеті жасқа толған күні. «Жетіге келгенше бала жерден таяқ жейді» деп тегін айтылмаған ғой. Сол жетіге толған күні өрен аяғын жерде нық басты деп санайды. Азаматтыққа аттанар жолдың алғашқы қадамы да осы жерден басталса керек. Ата-ана мен төңірекке бұл үлкен қуаныш. Ендігі мүшел – 13 жас. «Он үште отау иесі» деген мақал бар. Бұл енді оңды-солынды тани бастадың, ер санатына іліктің, сенімен есептесер, ақыл бөлісер кезең келді деген сөз. Енді сен өзгенің жетегінен гөрі өзің тізгін ұстағанды, өзің ат жалын тартып мінгенді қалайсың. Бұл жазылған жолдардан жастардың есті, ақылды, болашағынды дұрыс болжай біл дегендігі. 30 жасқа келгенше ата-аналарының мойнында отырған балаларға сабақ болсын деп айтылған сөздер. «Москва үшін шайқас» шығармасында әділ командир екендігі жайлы айтылады. «Қас батыр жауға шабар жағаласа, Ел үшін ар мен намыс қолқа салса, Мәңгілік өмір жасап өлшегені, Батырдың ел аузында аты қалса» - дей отыра, ерлікті елеусіз қалдырған командирге күнә – деп жазады. Оның адамгершілігіне қатты сын. Соғыс майданында да көпірте сөйлеу, бояп, борандата мақтау, «жоғалған пышақты алтын сапты» ете

салу сияқты өтіріктер атам заманнан бергі келе жатқан емі жоқ аурудың бірі. Мен солардан сау болғым келеді. Өтірік мақтау – қиянат. Қиянатпен елді алдап, қылмысты болғым келмейді. Елге ер туралы шын айтсам. Шыным мен сырым Төлегендей (Төлеген Токтаров) таза, ақ пейіл, ақ ниет болса, ақ қағазға түсіріп, елге сөз жеткізсем мен Төлегеннің қарызынан құтылған болар едім... Өстіп, шығармаларында бастан кешкен қаншама өмір оқиғаларын, өмір құбылыс қатынастарын, тартыстарын, ой – тағылымдарын, ұлағатты, қанатты сөздерін, сырларын жеткізген. Қорытынды. Мақаланы жазар алдында көптеген әдебиеттерді қарастырдым. Көптеген авторлардың шығармаларында батыр тұлғасы жақсы сомдалған. Сонымен бірге өз шығармаларында да Бауыржан Момышұлы соғыстағы оқиғаларға жан бітіріп, оны көркемдеп суреттей отырып, бейбітшілік идеясына халықтың патриоттық моральдық сезімдерін оятуға, соған ұрпақты тәрбиелеуге ерекше ден қойғаны көрініп тұр. Оның рухани жеңісі сол, кеңестік заманның қытымыр қылышына қарамастан, бәріне төтеп берді. Адал еңбекпен өмір сүруді, халыққа, қауымға адал қызмет етудің, жақсылық жасаудың, жамандық біткеннен жиренудің қағидаларын ұсынды. Дарабоз батыр атамыздың өсиет қылып кеткен нақыл сөздерін қазіргі және болашақ ұрпақ жадына сақтап, еліне, халқына деген патриоттық сезімдері өшпейді деген үміттемін. «Даналық – өткеннің тәжірибесін қорытатын, қазіргі жағдайды зерделі талдайтын және болашақты көре білетін творчестволық ойдың қаймағынан тұрады» дегендей, өткен өмірден алған тәжірибелерді, қазіргі таңда зерделеп, қорытып, іске асырып, сол дана адамдардың іс-әрекетімен сабақтастыра білу қажет деген ойдамын.

Ұсыныс: Мектептерде Бауыржантану факультативтері енгізілсе. Оқушыларды Бауыржан Момышұлы шығармаларымен таныстырып, шығармалар арқылы ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Әдебиет

1. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясы, 1998 ж
2. Момышұлы Б. «Қанмен жазылған кітап» I том, А., «Жазушы» 2004 ж.
3. Момышұлы Б. «Ұшқан ұя» I том, А., «Жазушы» 2004 ж.
4. Момышұлы Б. «Москва үшін шайқас» II том, А «Жазушы» басп., 2004 ж. 5. Смағұл Б. «Қаһарман», «Хантәңірі» баспасы, 2016 ж.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ: ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ

Баймыш Райиса Абайқызы

«Мұрын жырау Сеңгірбекұлы» атындағы Маңғыстау Гуманитарлық колледжі

Жетекшісі: Ергалиева Калдыгуль Орынбасаровна

«Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана
тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту»
Б.Момышұлы

Кеңес Одағының батыры, жазушы, әскери жауынгер Бауыржан Момышұлы 1910 жылы 24 желтоқсанда Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көлбастау ауылында малшының отбасында дүниеге келген. Әкесінің шын аты Момынәлі, бірақ халық арасында Момыш деп аталып кеткен. Ол 1911 жылы 92 жасында қайтыс болған Имаштың төртінші ұлы. Ал әжесінің есімі Қызтумас, қартайған кезінде оны Сарыкемпір, ақ әже деп атап кетті.

Әкесі Момыш 33 жасында шаңырақ көтерді. Анасы Разия Байтан руының ұрпағы Әбдірахманның қызы. Алайда, болашақ халық батыры анасынан ерте айырылды. Разия Бауыржан үш жасқа келгенде қайтыс болды. Сол себептен, Бауыржан Момышұлының ана туралы барлық ойлары негізінен әжесі мен әкесінің әңгімелерімен қалыптасты. Сондай-ақ, қазақтың батыр ұлының өзінен үлкен төрт әпкесі болды.

Бауыржан Момышұлы үш рет шаңырақ көтерген. Бірінші әйелі Жамал Бұқаевадан жазушы Бақытжан Бауыржанұлы Момышұлы дүниеге келді. Халық батырының тұңғышынан Ержае есімді немересі мен Нұрсұлтан, Мадияр атты шөберелері бар.

Екінші әйелі Жамал Қалибекқызы Қуанышбаевадан Рамзан есімді ұлы болды. Ал үшінші әйелінің есімі Ғайникамал Баубекова. Бауыржан Момышұлы үшінші рет 1961 жылы үйленіп, Ғайникамал Баубековамен 12 жыл, жұбайы қайтыс болғанға дейін бірге өмір сүрді.

Бауыржан Момышұлы 1982 жылы 10 маусымда Алматы қаласында қайтыс болды.

Қазақтың салқам сахарасында «Малым - жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы» деп елі мен жері үшін етігімен қан кешіп жүріп, туған халқының ұлттық құндылықтарын, салт - дәстүрі мен тілін сонау қиын-қыстау кездерде жанұшыра, қызғыштай қорыған, бастары құлдықтың ноқтасына сыймай кеткен арыстарымыз аз емес. Ресей империясына бодан болған замандарда қазақтың қаймағы бұзылмаған ана тілінің саф алтындай бай құндылықтары сарқыла бастады. Ол кездерде ұлт туралы, дәстүр туралы, тіл туралы ой толғау «ескіліктің, ұлтшылдықтың» белгісіндей, өзіне-өзі қол жұмсаумен бірдей еді. Бірақ, жанын шүберекке түйіп, ұлтының баға жетпес байлығынан айырылып бара жатқанын біле, көре тұрып үндемей қалуын болашақ ұрпақтың алдында ар санаған, оны айтып қалу өзінің басты парызы екендігін сезіне отырып, бар дауысымен жар салып, шындықты жеткізген батыр, ержүрек арыстарымыз да болды. Оларды мен Алаш арыстарының рухани мұрагерлері деп білемін. Солардың бірі де бірегейі батыр Бауыржан атамыз болатын. Осыдан тура 65 жыл бұрын, дәлірек айтсақ 1944 жылы Бауыржан батырдың Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Әбдіхалықовқа жазып, жолдаған мына хатын оқып отырып, батыр баба алдындағы өзімнің парызымды өтей алмай жүргендігімнен, тек маған ғана емес, барша қазақтың жастарына - «болашақ ұрпағыма аманат» деп тастап кеткен баба аманатына қиянат жасағаным үшін кірерге тесік таппадым, қиналдым.

Қазақ тілінің дәл қазіргі алаңдатарлық күйін Бауыржан батыр 65 жыл бұрын айтса да, Абай айтпақшы «Баяғы жартас, бір жартас» күйінде қалып тұр. Батыр атамыз бұл жанайқайын Кеңес үкіметі дәуірлеп, Сталиннің қылышынан қан тамып тұрған кезде, бұқпай, жасқанбай-ақ айтып, жазып кетіпті. Егер Бауыржан атамыз дәл қазір тіріліп келіп, бүгінгі жағдайымызды көрсе не істер еді деген ойға қалады екенсің. Егеменді ел болып, өзінің Туы мен Елтаңбасы бар Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік тілінің өз жерінде өгейдің күйін кешіп отырғанын көрсе маңдайымыздан сипай қоймасы айдан анық.

Халқымыздың біртуар қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлының сол бір қазақ тілі туралы жазған толғанысын батыр бабамыздың болашақ ұрпағына деп қалдырған аманаты ретінде түсініп отырмын.

Тіл мәселесі қашан да ұлттық мүдде деңгейінде зерттелетін өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі уақытта әлемге өзінің мәдени құндылықтарын тарату, сол арқылы үстемдік құруды көздейтін мемлекеттер алдыменен тілі мен философиясының қолданылу аясын кеңейтуге ұмтылуда. Осы себептен тілдің мәдениеттегі феноменін зерттеу, ұрпақ санасында орнықтыру кез келген мемлекет үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қоғамдағы тіл мәселесінің негізінде ұлттық сана мәселесі жатыр. Ұлттың тілін білген, оны жетік меңгерген адам сол ұлттың дүниетанымымен сусындап, ұлттық ойлауға дағдыланады. Тіл білімінің адамның рухани қалыптасуына, мемлекет азаматы ретінде тәрбиеленуіне әсер етуші бірден-бір құбылыс екендігін адамзат баласы, біздің де бабаларымыз ерте түсінген. Осының негізінде тілдегі сөздердің қорын байыту, дүниетанымдық ұғымдарды ғылыми айналым шеңберіне енгізу көзделді. Тіл білімін сақтау мен нығайтып отыруда ғылыми бағытты қалыптастыру, шешендік өнер түрлерін дамытудың негізінде жаһандану құбылыстарына ерте қамдану жатыр.

Қазақ даналығында «Отан оттан да ыстық» деген ұғым бар. Өз болашағын елдің болашағымен ұштастырып отырған адам мемлекетінің рухын терең сезінеді. Адамның ұлттық рухын терең сезінуінде ата-ананың балаға үйретер өнегесі бар. Бұған мысал ретінде қазақтың бала тәрбиелеу ісіндегі ұлттық құндылықтарды айтуымызға болады. Өзінің қоғамынан үйренген өнегесіне, ата-ананың берген тәрбиесіне орай, қазақтың ойшыл адамдары өздерінің ұлағатты ойларын жазып кеткен:

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутімнен,
Құлағыма сіңірген таныс үнім.
Сол тілмен шешем мені әлдилеген,
Еркелеткен: «құлыным, жаным» деген.
Сол тілменен бірінші білгізілген,

«Апа» деген сүйгендік сөз әм менен.

Отанға деген адалдық, қоғамға деген жақындық, ел мүддесіне жауапкершілік жастың бойында ата-ананың мейірімінен басталатындығын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың сөздері анық көрсетіп тұр. Ұлттық болмыстың өрісін интеллектуалдық тәжірибе арқылы кеңейтуде, тұлғалық дәстүрді қалыптастыруда қазақ тәжірибесінің де тарихтан алар орны бар. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шығады», – деп, Ахмет Байтұрсынов жазғандай, тарихтағы қазақтың бала тәрбиесінен «не ексең соны орасың деген» мәтелдің де мағынасын түсінуге болады. Яғни, баланың өсуі әлеуметтік ортаға, атамекен болмысына байланысты қалыптасып отырады. Атамекен жағдайына байланысты, тарихи уақыттың талабы негізінде бабаларымыздың көшпелі тұрмыс мәдениетін қалыптастырғандығы белгілі. Осы атамекеннің табиғи ортасына (климат жағдайына) байланысты шаруашылық түрлерін дамытуда қоғамға қажет нәрсе ұлттық бірегейлік, рухани тұтастық. Рухани негіздегі әлеуметтік тұтастықтың негізінде ұлттық және азаматтық бірегейлікті қалыптастырып, нығайтып отыратын ұлттық құндылықтардың танымдық қызметі жатыр. Осы себептен, «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту» – деп айтып кеткен Бауыржан Момышұлы.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ТАҚЫРЫБЫНА ЖАЗҒАН ӘНГІМЕЛЕРІ

Қаленова Қаракөз Қуанышбекқызы

*Қостанай облысы, Қарабалық ауданы, Қарабалық ауданының әкімдігінің
«Абай Құнанбаев» атындағы Қарабалық орта мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Момышұлы Бауыржан (1910-1982) – екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Туған жері-Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекені.

Бауыржан жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Туған ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота, командирі болады.

Жасында Жамбыл қаласындағы интернатта тәрбиеленіп, сондағы орта мемтепті бітіргеннен кейін бірнеше жыл бойына өз ауданында, Қазақстанның астанасы Алматы қаласында, мекеме қызметінде болады.

Бауыржан Момышұлының Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазған әңгімелері мен повестері өз алдына бір сала. Олар: «Бір түннің оқиғасы», «Москва үшін шайқас», «Жонарқа», «Ұстаз», «Офицер жазбалары» (1962), «Артымызда Москва» (1963), «Генерал Панфилов» (1965), т.б. оның осы соғыс жөніндегі мемуарлық шығармалары да, «Біздің семьясы» да әуел баста орыс тілінде жазылғанды [12]. Мұның өзі адам «Соңғы бес күн, бес түн бойы мен осындай қатал да болса әділ үкімді естуге өзімді-өзім дайындап едім. Ал енді болса, генерал менің алдымнан шығып рапорт айтуыма да мұршамды келтірмей, шапшаң басып қасыма келіп, қолымды қос қолдап қазақша алып, сәл қиғаштау қара көзімен маған тебірене, қуанышты жүзі жайдарылана қарап, көпке дейін қолымды өз қолынан босатпай тұрды». Сондай-ақ бөрік кимегенде Чапаевтан айнымайтын капитан Лысенко, бұрынғы педагог, алғашқы кезде әскери киімді қалай киюді білмейтін, адамға жекіріп сөйлей алмайтын татар жігіті Қайым Гарипов, «Россия байтақ ел, шегінетін жер қалған жоқ, артымызда – Москва», - деген сөздері жүрегімізге мәңгі жазылған политрук Василий Клочков, аю сықылды, мосқал. дөң, бірақ ақкөңіл адам артиллерия капитаны Кирсанов, күні бүгін араласқандай жақын жанды, жарқын образдар, Толстунов, Исламқұлов, Угрюмов, Краев, Бозжанов, Рахимов, Капаров, Курганов, т. б. солар сықылды әр ұлттан шығып, ұлы бір мақсатта достасқан ардақты совет адамдары туралы да осыны айту керек.

Бұларды, оның ішінде Бауыржанның өзін де, совет құрылысы, Коммунистік партия тәрбиелеген. Сондықтан қандай қиын, ауыр кезеңде болсын, олар ерліктің ғажап үлгісін көрсетуге бар. Бұл ерліктің нәр алатын қайнар бұлақ көзі не десек, Отанға деген сүйіспендік пен жеңіске

деген шексіз сенім екен. Совет жауынгерінің осы бір құрыштай сезімін ешқандай күш әлсірете алмайды. Өлім екеш өлім де оның алдында дәрменсіз. Бүкіл Армия шегініп келе жатқан жағдайда кейбір бөлімшелер қоршауда қалып, кейбір батальон, роталар тұтасынан апатқа ұшырап жатқан кезде де жауынгерлері жеңіске сенуін қойған жоқ. Бауыржан кітабында осы бір айрықша қасиетті тамаша бейнелеген. Бұл қасиетті толып жатқан түрінде әрбір совет солдаты мен офицерінің басынан табамыз. Олар нанымды фактілерімен алынып, бір жағынан типтік дәрежеге көтерілген, екінші жағынан әр адамның характеріне сыйымды, лайық қалыпта дараланып бейнеленген. Бауыржанның бір ерекшелігі – жеке бір жалқы адамдардың дара ерлігін ғана емес, жалпы кеңес жауынгерлерінің жаппай ерлігін де жақсы бейнелей алуында, ерліктің қайнар бұлақ көзі — социалистік Отанды сүю, жеңіске шексіз сену сезімі екенін айқындай білуінде. Кітаптың үлкен тәрбиелік мәні де осында. Совет Армиясына тән жаппай ерлік туралы жазушы бір жерінде өзі де түйіп айтыпты: «геройдың бәрін бірдей біле бермейміз және ұрыста бәрін бірдей байқай да алмаймыз. Аты әйгілі геройлардан аты белгісіз геройлар ылғи да көп. Алдыңғы айтқандар соңғыларға көптен-көп қарыздар, өйткені қарапайым адамдардың жанқиярлық ерлік қимылдары болмаса устав тілімен айтқанда, өз борыштарына берік берілген қатардағы көп жауынгерлердің ешбір атышулы даңққа таласы жоқ жаппай ерлігі болмаса, аты әйгілі геройлардың ісі мен есімінің қаншалықты құны болар еді.»[13]

Бауыржан Момышұлының қазақ әдебиетінде алатын орны айрықша. Ол бірінші бой көрсеткен әскери жазушы. Оның қызық ерекшелігі – әрі даңқты командир, әрі белгілі жазушы, әрі өз шығармаларының авторы мен кейіпкері, әрі басқа жазушылардың да басты кейіпкері. Бауыржанның екінші ерекшелігі – ол екі тілде жазады, және орыс тілінде жазғанда да өзінің ұлттық ойлау, сезіну, сөйлеу өзгешеліктерін сақтайды. Үшінші ерекшелігі — әдебиетке кеш келгендіктен, жазушының жаратылысындағы суреткерлік дарын өзінің барлық қаблет мүмкіндіктерін әлі көрсетіп үлгірген жоқ. Бұл ерекшелік әскери жазушының жаңа құнды туындылар беруінің кеңілі сияқты.

Бауыржан творчествосын дербес көркем өнер тұрғысынан алып қарасақ, әрине, көп сын айтуға болады.

Мемуардың аты мемуар ғой. Басқа жанрға қоятын талаптың бәрін бірдей бұған қоя берсек, аз кемшілік таппаған болар едік. Эпизодтарының өзара драмалық байланысында тұтастық жоқ, образдар шығарманың өн бойында көрініп отырмайды, жалт етеді де, жоқ болады, сондықтан олар шығарманың негізгі, өзекті образдары болып шықпайды, характерлерінің көп қырларымен ашылуына мүмкіндік бермейді; шығарманың тіл, стиль кемшіліктері де бар.

Ол өзінің соғыс кезінде есте қалған бай материалдарын қопарып, мол пайдаланған. «Простор» атты орысша журналда Бауыржан Момышұлының «Ежова рукавица» деген әңгімесі жарияланған. Жазушының архивінен делінген бұл әңгіме 1946 жылы Москвада жазылыпты. Көркемдік өрнегінің ерекше әсем, әдемілігінен шығар? Әлде мүмкін, уақиғасының айрықша тартымды қызықтығынан шығар? Жоқ, оның бәрі де емес. Барлық себеп бәзбаяғы шындықта, шындықтың шындығында. Сонау бір кезде, жеке адамға табынушылық кезеңінде шындық туралы айтуға да, жазуға да болмайтын ащы ақиқат болғанды. Жазушы әңгімесінде сол ақиқатты тайсалмай тура айтып жазған. Және қашан жазған? Сталиннің қара басына табынушылықтың нағыз қабындап, жанып тұрған шағында 1946 жылы жазған.

Сол соғыс біткеннен кейінгі бірінші бейбітшілік жылында жазушы шығармасының кейіпкерімен әңгіме құрады. Ол соғыстан бұрын 1936-37 жылдары, Қиыр Шығыста Армия қатарында бірге қызмет еткен жақын жолдасы екен. 1937 жылы белгісіз себептен Армиядан шығарылып ажырасқаннан қайтып көрісіп отырғаны осы болады. Арада тоғыз жыл өтеді. Бір кездегі уыздай жас жігіт, қазір егде тартқан, бетіне әжім түскен, көзінің алды күлтілдеген, барлық бет әлпетінде, қимылында шеккен азаптың ұшыраған рухани күйзелістің ізі байқалады. Неліктен? Міне осы сырды кейіпкердің жолдасына шерткен әңгімесі ашады...

Ұлы Отан соғысында бастан-аяқ және барлық майдандарда дерлік Ленинград, Великие луки, Белоруссия, Украина, Крым, Кавказ, Карпат таумен шайқасып қажығандықтан ба әлде? Жоқ. Одан емес. Баяғы 1937 жылы кездейсоқ басқа түскен бөледен.

Қорытындылай келе Бауыржан атамыз күнделігінде "Жазғандарым көп, басылғандары аз",- деп ескертуінде зор шындық жатыр. Біздер, оқырмандар, бүгінге дейін жарияланған Б.Момышұлы шығармаларынан айсбергтің су бетіндегі бөлігін ғана көрумен қанағаттанып келеміз. Ал айсбергтің су астындағы аумағы зор, қат-қабат сырға толы қазыналы болмысын, көз алдымызға

елестете де алмаймыз. Өйткені онда Баукеңнің бастан кешкен заман шындығы жайлы өтін тіліп айтқан сыншыл да шыншыл жасампаз пікірлері жатыр. Бұл Бауыржан атамyz жазған аталы пікірлердің мән-мағынасы – бірегей тарихшы ғалым профессор Е.Бехмаханов ескерткендей "Қиянаттың үлкені – халықтың өз тарихын өзінен жасыру екен. Бұл – ұлттық сананың төте жолы ғой. Ал, ұлттық санадан айырылған ел ұлт болудан қалады",- деген ой толғанысымен тікелей сабақтасып жатқан құндылықтардың тұнып тұрған рухани қазынасы.

Әдебиет

1. М.Мырзахметұлы. Батыстан жеткен жат мінез бас көтертпей барады: «Егемен қазақстан»газеті, 17.07.2010 ж
2. Әлімжанов. Бауыржан Момышұлы –көп қырлы қоғам қайраткері: «Ақ жол »газеті, 05.01.2010 ж.
3. Апатанов К. Человек-легенда: К 90-летию Бауыржана Момышұлы // Панорама Шымкента. - 2000. - 3 ноябрь
4. Апатанов Қ. Аңыз адам Шымкентте оқыған // Оңтүстік қазақстан. - 2000. - 7 қараша

Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ОРНЫ

Мұқашева А.

*М.Х.Дуллати атындағы Тараз мемлекеттік университетінің аға оқытушысы
Ғылым магистрі*

Шайнүсіп Н.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4-курс студенті

Әдебиет дегеніміз – халықтың жаны. Оған тек жаны таза, рухани бай, адамгершілігі мол адамдар ғана кіре алады. Яғни, бір сөзбен айтқанда аскет (өзін көп нәрседен тыйған қанағатшыл, таза адам) адамдар ене алады. Б.Момышұлы солардың бірі және бірегейі бола білген тұлға. Б.Момышұлының ерлігін, батырлығын, жазушылығын, адамгершілік айнасын жазу үшін қалам ұстап, ой тербетпеген ақын-жазушы кемде-кем. Дегенмен, Баукеңдей ержүрек жанның шынайы тұлғасын бейнелеуде соны бағыт тауып, батыр болмысын терең зерттеп, толымды туындылар жазған қарымды қаламгер Ө.Нұршайықов еңбегі ерекше. Оның осыдан бірнеше жылдар бұрын жазған «Ақиқат пен аңыз» атты роман-диалогын (Алматы, 1969) бүгінгі, ертеңгі оқырман қайталап оқыған сайын Баукеңмен қайта жүздесіп, қайта сырласып отырғандай күй кешері даусыз. Өйткені бұл – жазушының өмір өткелінде жинақтаған мол тәжірибесі мен көп жылдар бойғы дамылсыз шығармашылық ізденісінің нәтижесінде туған шығарма. Аталған роман туралы кезінде баспасөз беттерінде азын-аулақ пікірлер айтылып, баға берілгенмен, уақыт өткен сайын қайта-қайта ой елегінен өткізіп, жаңа тұрғыда әр қырынан қарап отыру кейінгі ұрпақтың міндеті болса керек. Диалог түрінде жазылған бұл романнан оқушы қауым батыр Баукең туралы білгісі келген жайлардан толық мәлімет алып, өзін толғантқан сан-салалы сұрақтарға жауап табады. Сондықтан романның диалог, сұхбат түрінде жазылуы батырдың қаһармандық тұлғасын, жалпы адамдық болмысын сенімді бейнелеуде ұтымды әдіс болған.

Бір ерекшелігі, романда Б.Момышұлы үнемі қатал, сұсты, бірбеткей жан ретінде көрінбейді, ол тебірене алатын, жүрегі егіліп, езілетін нәзік сезімнің де иесі. Бауыржанның:

«Мен де адаммын жаралған сүйек, еттен,

Ойым бар, арманым бар жан тебіренткен.

Ақ жалды асау теңіз ортасында,

Аз ба, көп пе білмеймін өмір өткен», - деген өлең жолдары өзінің ішкі әлемінен сыр айтқандай.

Б.Момышұлының адамгершілік әлемінің шығармадағы көрінісін сөз еткенде, оның бұл мәселе жөніндегі түсінігіне, ой-пікіріне тоқтала кету орынды. Өңгімеге арқау болған «Қол көтерген дұшпаннан гөрі, қорамсаққа қолы жетпей өлген жауды сыйла», «Бір жаралыға жәрдем беріп, оны аман алып қалған жауынгер ол ұл тапқан анадан артық», «Үлкенді ізетте, кішіні күзетке», «Айбындана шапқаннан ажал да сескенеді» деген мақалдарының қандай оқиғаға

негізделіп айтылғанына мән беріп қарасаң, айналасындағы адамгершілік іс-әрекет, қарым-қатынастарды батырдың ойымен қорытуы нәтижесінде туғандығын аңғарамыз. Батыр аға өзінің жазушылыққа бет бұруына түрткі болған себеп адамгершілік парызды сезіну болғандығын айтады. «Өзім көрген асыл азаматтар өнегесін, өз тәжірибемді өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі етіп қалдыруды адамгершілік парызым деп білдім. Жазушылыққа осылай бет бұрдым» дейді [1,98].

Осылайша қазақ әдебиетіне аяқ басқан Б.Момышұлы қазіргі кезең әдебиетінде ешкімге ұқсамайтын, қолтаңбасы айдай анық жазушыға айналды. Оның шығармалары негізінен мемуарлық тақырыпқа арналғанымен ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыпқа арналған шығармалары да баршылық. Мәселен, Б.Момышұлының «Москва үшін шайқас» романы нағыз ХХ ғасырдағы тарихи шығармаға жатады. Бұл шығарманы жазу үшін Баукең көптеген ізденістер жүргізіп, өзінің басынан өткен қиын күндерін есіне алады, оғын іштей қынжылады да. Сол арқылы өзіне өкімет басшылары тарпынан көрсетілген әділетсіздіктерді де ашына жазады.

Б.Момышұлы өзінің әскери өмірге арнаған қызмет жолдарында сол кездегі өкімет басшыларының көпшілігінен еш алғыс та, қолдау да көрмеген. Оның көзінің тірісінде Кеңес Одағының Батыры атағын ала алмауы осыны дәлелдесе керек. Бұл жөнінде Б.Момышұлы 1950 жылы өзіне ұстаз санаған И.М.Чистяковқа жазған хатында «Я полковничаю 13 лет и за все эти годы по служебной лестнице не поднялся я на одну ступень, не потому, что я (по своим способностям, знанием, опыту, и др. качествам) хуже других, а лишь потому, что чиновники из ГУК-а на меня смотрели и смотрят как на посынка. Эта горькая правда за семь последних лет угнетает, унижает, оскверняет меня. Вы меня знаете – дело не в корьере, а в спроведливом и достойном отношении ко мне как советскому офицеру...» дей келіп, оған Ресейден ешқандай да әскери қызмет берілмейтініне көзі жеткен соң, Қазақстандағы әскери комиссарлыққа үміт етеді. Дегенмен, Б.Момышұлына бұл қызмет те бұйырмайды. Осылайша Ұлы Отан соғысы жылдарында бірнеше мыңдаған жауынгерді бастап, жеңіс туының желбіреуіне үлес қосқан, еліне, жеріне өз пайдасын тигізген Б.Момышұлы соғыстан кейінгі бейбіт уақытта өкіметке пайдасыз, керегі жоқ тұлға болып шыға келді. Талай басшылардың тарапынан қыспаққа алынып, 1956 жылы оқытушылық қызметтен де біржола босайды. Қайсар рухты Б.Момышұлына қызметтен босау ауыр тиді. Десе де ол сары уайымға салынып, өмірден түңілмей, керісінше одан шығудың жолын іздеп табады. Ол – оның жазушылық өнері еді. Қол бастаған батыр өзінің өмірінде көрген барлық қиыншылықтарын жеңе отырып, сөз бастаған жазушыға айналады. Б.Момышұлы өзі жазып қалдырғандай, соғыс аяқталғаннан кейін қолжазбаларын, күнделіктерін қайта қарап, тарихилығымен қатар тәрбиелік мәні зор шығармаларын жазды. Сол айтулы шығармаларының бірі «Москва үшін шайқас» романы. Роман оқиғасы қою, тілі орамды, оқырманды өзіне тартатын бірнеше әңгімелердің жиынтығынан тұрады. Романның құрамына кіретін бірнеше әңгімелерді Б.Момышұлы 1951 жылдан бастап жарыққа шығарған. Ал, жалпы әдебиеттегі кез келген шығармаға әдебиет тарихы баға береді. Әдебиет тарихы әдебиеттің дамуын, стильдер мен ағымдардың, тәсілдердің ауысуын, әдебиеттердің өзара байланысы мен басқа да әдеби үрдістерді зерттейді: көне дәуірдегі шығармаларды зерттеп, талдау жасайды және жазушылардың көркем шығармаларына баға береді. Міне әдебиет тарихы дәл осындай қағидаларға сүйене отырып әдебиеттегі әр қаламгерге өзінің әділ бағасын береді. Ал, Б.Момышұлына бүгінгі қазақ әдебиеті өзіне тиесілі бағасын беріп үлгерді. Соның нәтижесінде Б.Момышұлы қазіргі кезең әдебиет жазушыларының да қатарынан көрінді [2,17-19]. Бұл өз кезегінде дұрыс, әрі әділ қабылданған шешім.

Б.Момышұлы әдебиетке жазушы болайын, қаламгер болайын, атақ алайын деп келген жан емес. Ол халқымыздың басына соғыс бұлты үйірілген қияметтің қыл көпірінде жүрген шақта өмір кешті. Бойында Алланың берген дарынының арқасында өз шығармаларын әсерлі етіп жазып қалдырды. Жазғанда да шығармаларын екі тілде бірдей (қазақ және орыс) жазды. Жазушы қай тілде жазса, сол тілді әбден біліп алған болуы керек. Халық арасында, ойда, қырда, бір жерде жүргенде, тұрғанда, отырғанда естіген әрбір сөзді жібек жіпке тізген, моншақтай тізіп алуы керек. Жазушы - тіл шебері. Тіл шебері болған соң, тілдің барлық нақысын білуі керек. Міне, жазушыға қойылатын талап осы. Ал, Баукең бұл талапқа әрқашанда сай болатын.

Соғыс кезінде Б.Момышұлының шығармашылықпен айналысу мүмкіндігі болмады. Бірақ оқ пен оттың ортасында қан кеше жүріп, болашақ жазушылық дүниетанымының бекігені шындық. Сол себепті де оның, біздіңше, майдангер-жазушы ретінде қалыптасуының екі кезеңін бөліп айтуға болады.

Бірінші кезең – шығармаларын жазуға соғыс уақыты мұрша бермегенмен, ішкі дайындық кезеңі, яғни келешек туындыларына арқау боларлық өмір материалдарымен бетпе-бет келіп, оны қорыту, жинақтау сәті. Бұл уақытта да Б.Момышұлы мүмкіндігіне орай белсенділік танытты.

Соғыс кезінде жазылған әскери тақырыптағы туындыларға көзқарасын білдіріп отырды. Онда соғыс шындығының шынайы да көркем бейнеленуі, Отан қорғаушылардың әр алуан мінез-құлқының, тағдырының нақты ашылуы тәрізді қатаң реализм талаптарын қойды. Сондай-ақ А.Бектің «Арпалыс» кітабының орталық кейіпкеріне айнала отырып, өзі де реалистік әдебиеттің талаптарын іске асырушы шығарманың соавторы дәрежесіне дейін көтерілді. Әрине, Б.Момышұлының өзі атап жазғандай, шығарма авторы талассыз А.Бек. Бірақ оған материал беруші, іштей сұрыптап, екшеп, шындықты, қиын қатерлі сәтті нақпа-нақ баяндаушы Б.Момышұлының туындының жазылуындағы белсенділігі автордан бір де кем болмады. Және айтылған материал «Қазақ солдаты» романының кейіпкерінің баяндауындай жалпы баяндау, автордың суреткерлік қиялына еркіндік беретін көзқарас емес, авторына шарт қоя білген, әдебиеттің кейбір мәселелерінде көзқарас-пікірлері келіспей, өзара айтыс-тартысқа түскен, өз ойын жақтап, дәлелдеп жеткізе білген әдеби танымы қалыптасқан сақа баяндаушы. Сондай-ақ бұл ұлтжанды парасат иесі Үкімет басшыларына, елдегі ақын-жазушыларға ұлттың, ұлт келешегінің өзекті мәселелерін көтерген өзекті де өткір мақалаларын жазды, әр алуан аудиторияларда (жоғары шенді әскери адамдардан бастап ақын-жазушылар мен мемлекет қайраткерлеріне дейін) еркін баяндамалар жасады. Бұл кезеңге Б.Момышұлының ұрыс оқиғаларының ізін суытпай, қолжазба жүргізуін де жатқызуға болады. Майдан қолжазбалары – Б.Момышұлының жазушы ретінде қалыптасуының негізгі жолының бірі, мықты әдеби қоры болғаны сөзсіз. Күнделік-жазба жұмыстарын жүргізудегі автордың барынша ұқыптылығы кейінгі шыққан кітаптарынан байқалады.

Екінші, Б.Момышұлының жазушылыққа бірыңғай бетбұрыс жасау кезеңі. Қолға қалам алып, бірыңғай шығармашылыққа келуі, ең алдымен, Отан қорғау жолында опат болған қарулас аға буын, замандастарының алдындағы қасиетті парыз бен соғыстың мол тәжірибесі қалам иесін жазушылық жауапкершіліктен, көркемдік талаптан босатпайтыны белгілі. Көптеген майдангерлердің кітаптары деректік-танымдық жағынан маңызды болғанмен, шындығы керек, құр баяндау үрдісінде деректік очерк, естелік сипатынан аса алмай жатты. Бұл ретте Б.Момышұлының суреткерлік қаламы қарымды. Ана тілінің көркемдік қуаты мен нәрін бала күнінен бойына сіңіріп өскен ол нағыз өнерпазға тән дарындылығымен көрінді.

Жазушылыққа бетбұрыс дегенде Б.Момышұлының соғысқа дейін, соғыс кезінде жазған өлеңдерін, әңгіме эскиздерін, болашақ үлкен шығармалардың жобаларын жоққа шығаруға болмайды. Мақал –мәтел ойды дәл де көркем, жинақы беру ерекшелігін ұғынып, орнымен пайдалана білді және өз тарапынан да өткір ойлы мақал-мәтелдерді шығарды. Мұның барлығы айналып келгенде, болашақ қаламгердің әдебиетке деген ішкі мол дайындығының крінісі болды.

Жалпы Б.Момышұлы дегенде екі бірдей бейне көз алдымызға келеді: бірі – батырдың бейнесі де, екіншісі – жазушының бейнесі. Бойында осы екі қасиеттің бірі табылып, бірі табылмағанның өзінде Бауыржан халықтың асқан ардақтылығының бірі болар еді. Ал, екеуі бірдей табылған жанды неге теңеуге болады?! Бауыржан тұлғасына тамаша жауынгерлік сипат пен әдеби творчестволық сипаттың ғажап сыйысқандығына таңданбасқа да, тәнті болмасқа да болмайды.

Бауыржан Момышұлы көзінің тірісінде –ақ аты аңызға айналған, осы бір ғажайып адамды иісі қазақтың еңбектеген баласынан еңкейген қартына дейін біледі десек, артық айтқандық емес. Елінің сүйер ұлы Баукеңнің бойынан асқан ерлікпен қатар, иненің жасуындай жалғандық жоқ, бір өзіне ғана жарасар өрлік те табылатын.

Осы орайда, ғалым М.Мырзахметұлы былай дейді: «Қазақ халқы «Ақын елдің еркесі, батыр елдің серкесі» деп ақын мен батырды айрықша қастерлейтіні бар. Баукеңде осы екі қастерлі ұғымның екеуі де бар, тіпті, қабаттасып жатыр десек те болғандай. Қазақ халқы сан ғасырлар бойы мануфактуралық дәуірдегі соғыстарда шайқасып, жауынгерлік салт-дәстүрлі, қару-жарағы, әскери терминдері, ұрыс жүргізу тәсілдері-бәрі де сол заманның талабына сай қалыптасты. Батыр елдің серкесі деген ұғым да сол заман талабының жемісі болар. Өйткені, қазақ халқының айтулы батыр ұлдарының бәрі де сол көне дәстүр бесігінде тербеліп, даңқ тұғырына көтерілді емес пе?

Тарихта теңдесі жоқ қаһарман соғыстың жарқын эпизодтарын ақын – жазушыларымыз шығармаларындағы көркем образдар арқылы суреттейді. Халқымыздың біртуар батыры көркем шығармаларда онан да зор, онан да алып күшке ие болып, халықты ұлы жеңіске бастады. Қарапайым Кеңес адамдарының жан қиярлық істерін көпке үлгі етіп көрсетіп, жұртты жауға қарсы мейірімсіз күрес ісіне жұмылдырды.

Әдебиет

1. Момышұлы Бауыржан. Көз алдымда бәріңсің.-Тараз, 2007.-195 бет.
2. Б.Момышұлы туралы естеліктер. А. «Білім», - 2005.-208 бет.

АБАЙДЫҢ «СЕГІЗ АЯҚ» ӨЛЕҢІНДЕГІ АВТОБИОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕК

Найзабаева М.А.

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қаласының білім бөлімінің №2 орта мектебі» КММ, Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Абай Құнанбайұлы шығармаларының көркемдік ерекшелігі, қазақ поэзиясына қосқан үлесі кең көлемде зерттеліп, сараланса да біз қарастырмақ болған «Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңіндегі автобиографиялық дерек» абайтануда әлі толық зерттелмеген. Әсіресе, мектеп оқушылары арасында ашылмаған тың тақырып.

Мақаламыздың негізгі бағыты – 1917 жылғы ақпан төңкерісіне дейін Абай өмірбаянын зерттеген адамдардың еңбектеріне шолу жасау, академик Мұхтар Әуезовтен жазған Абайдың ғылыми өмірбаянының жазылу тарихын, ондағы көтерілген мәселелерді ашу, профессор Мекемтас Мырзахметұлының зерттеу еңбектерін басшылыққа алу болып табылады. Абай өмірбаянын ақынның өлеңдері арқылы қайта қараумен Абай өлеңдеріндегі автобиографиялық деректерді жаңа қырынан аша түсу мақсатында «Сегіз аяқ» өлеңінің жазылу тарихы мен ондағы кейбір мәселелерді сөз ететін боламыз.

М.Әуезов ұлы Абайдың ғылыми өмірбаянын жазуда тек ауызша деректерге ғана сүйеніп қоймай, ақынның өлеңдеріндегі дерек көздерін де молынан пайдаланып отырған. Абай творчествосының дені – лирикалық өлеңдер. Ал, әрбір лирикалық өлеңде ақын өміріне, оның басынан өткен оқиғаларға байланысты шындықтың сәулеленетіні әдебиеттану ғылымынан белгілі.

«Абай өзінің өмірбаяндық деректерін шығармаларында аз келтіреді. «Сегіз аяқта»:

Атадан алтау,

Анадан төртеу,

Жалғыздық көрер жерім жоқ, -

деген сияқты кей жерде айтып кетеді» [1. 153 б.], - деген М.Әуезов пікіріне сүйенсек, онда «Атадан алтау, анадан төртеу» деген бұл тармақтарда ақынның нағыз автобиографиялық сыры жатыр деп түсінеміз. М.Әуезов Абай жайындағы ұзақ жылғы зерттеулерінен соң «Абай Құнанбаев» атты монографиясында: «Абай Құнанбайдың 41 жасында туған. Құнанбай көп әйелді болған. Үлкен әйелі – қыздай алған Күнке. Бұдан туған баласы – Құдайберді. Екінші әйелі – Ұлжан. Ол Құнанбайдың інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалыңдық екен. Інісі өлген соң, Құнанбай келінін алған. Бұдан Айғыз. Одан Халиолла, Ысмағұл деген балалары болған. «Атадан алтау, анадан төртеу» дейтін Абай өлеңінің мәнісі осы. Құнанбайдың төртінші әйелі – Нұрғаным. Бұдан бала болмаған» [2.30 б.], – деп ақын өміріне қатысты қызықты мәліметтер келтірген.

Осы жоғарыда ғалым келтірген Құнанбай балалары туралы мағлұматтарды жинақтасақ, онда Құнанбайдан – Құдайберді, Тәңірберді, Абай, Ысқақ, Оспан, Халиолла, Ысмағұл деген жеті бала туған. Бірақ Абай не үшін атадан «жетеу» демей, «алтау», - деген?

Не себепті ғалым М.О.Әуезов Құнанбай балаларын бас-басына атап келіп, «Атадан алтау, анадан төртеу» өлеңінің мәнісі осы деп түйеді? Біздің ойымызша Абайдың «атадан жетеу» демей, «алтау» деуіне қарағанда бұл өлеңді жазғанда Құнанбай балаларының біреуі айтылмайтын сияқты. Ол кім болуы мүмкін? Не үшін айтылмаған? деген сұрақтың жауабын ғалым соңғы зерттеушілердің еншісіне қалдырған сияқты.

М.Әуезов Абайдың лирикасы туралы сөз еткенде ақын өміріне қатысты кейбір өлеңдеріне «автобиографиялық сыры бар» – деген сияқты сілтеме жасайтыны бар.

Абай «анадан төртеу» дегенде Ұлжаннан туған Құнанбай балалары:

1. Тәңірберді (Тәкежан) (1844)
2. Ибраһим (Абай) (1845)
3. Ысқақ (1847)

4.Оспан (1852)

Ал, «атадан алтау» деген ақын өлеңінің сырын кейінгі зерттеушілер де соң табылған тарихи құжаттарды негізге ала отырып, өз пайымдауларын жасаған сияқты. Себебі, сыншы, ғалым С.Қирабаев пен Қ.Мырзағалиевтің басшылығымен қайта жазылған 10-сыныпқа арналған мектеп оқулығында: «Құнанбайдың Құдайберді, Тәңірберді (Тәкежан), Абай, Ысқақ, Халиолла (жастай қайтыс болған), Ысмағұл, Оспан тәрізді жеті ұлының Абай ерте көзге түседі» [3.40] деген деректі пікір бар.

Бұдан шығатын қорытынды, егер Халиолла жастай қайтыс болса, онда Абайдың «атадан алтау» деген өлеңінің сыры ашылады. Абай бұл өлеңді жазғанда Халиолла ерте дүниеден қайтқан боп шығады. Яғни кітап құрастырушылардың пайымдауынша, Абай бұл өлеңді жазғанда інісі Халиолланы есептемеген. Себебі оны 21 жасында жас қайтыс болды деп санаған.

Ол: «Бір өкініштісі сол – Халиолла жастай дүниеден көшіп, оның қолжазбалары әркімнің қолында кеткен» [4.301 б.], – деп ой түйеді.

Олай болса, Халиолла қашан және қанша жасында қайтыс болды екен?

Құнанбай балаларының туған, қайтыс болған жылдарын төмендегіше салыстырайық:

Р/с	Құнанбай балаларының есімдері	Туған, қайтыс болған жылдары	Қайтқан жасы
1	Күнкеден: Құдайберді	1829-1866 жж.	37 жас
2	Ұлжаннан:		
3	Тәңірберді (Тәкежан)	1844-1906 жж.	62 жас
4	Ибраһим (Абай)	1845-1904 жж.	59 жас
5	Ысқақ	1847-1901 жж.	54 жас
6	Оспан	1852-1891 жж.	39 жас
7	Айғыздан:		
8	Халиолла	1849-1870 жж.	21 жас
9	Смағұл	1852-1931 жж.	79 жас

Жоғарыдағы хронологиялық принципке негізделіп жасалған кестеге көз жүгіртсек, Халиолла 1870 жылы 21 жасында жас қайтыс болған. Бірақ, байқап қарасақ, Халиолладан төрт жыл бұрын 1866 жылы 37 жасында ағасы Құдайберді ерте қайтыс болған.

Осы хронологиялық принципке негізделген салыстыруларға қарағанда, біздің пайымдауымызша, біріншіден, Абай «атадан алтау» деген өлеңді жазғанда ағасы Құдайберді дүниеден ерте қайтқан да, ал інісі Халиолла бұл кезде тірі болған болу керек деп шамалаймыз. Сонда Абай өлеңді 1866 жыл мен 1870 жылдың арасында, әліде болса Халиолла тірі кезде жазған деп шамаласақ, онда өлеңді Абай жігіт ағасы жасқа шыққан шағында 1870 жылы 25 жасында жазған болады.

Екіншіден, бұған қоса М.Әуезовтің: «Ұлжан мен Айғыз бір ауыл болып, Құнанбай осылармен тұрған уақытта, екі шешесінің ортасындағы тел баласы Ыбырай (Абай - Ә.Н.) болады... Сондықтан Абай алғашқы балалық шағын екі шешесінің ортасындағы жалғыз баласының қалпында өткізген. Екі шешеге бірдей бала болып жүргендіктен сол кездегі үлкендері Абайға «Телқара» деп ат қойыпты» [4.30 б.] деген пікіріне үңіліп қарасақ, онда Ұлжанның төрт баласына Айғыздың екі баласын қоссаңыз, Абайдың «атадан алтау» өлеңіндегі «алтау» сыры ашылады.

Әдебиет

1. Абайды оқы, таңырқа. Алматы: 1993
2. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. (Ибраһим Құнанбайұлының ғұмырнамасы). Оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1997. – 416 бет.
3. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері: Оқу құралы – Алматы, «Санат», 1997 – 448 бет.

4. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монографиялық зерттеулер мен мақалалар (Құрастырып, баспаға әзірлеген Н.Ақбаев). – Алматы, «Санат», 1995. – 320 бет.

ЗАМАННЫҢ ЗАҢҒАР ТҮЛҒАСЫ

Аманова А.Т.

Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы, «№2 орта мектебі»
КММ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

«Баукеңнің телегей - теңіз тағылымы –
болашақтың, таяу мыңжылдықтың әңгімесі».
Хамит Ерғалиев

Бауыржан Момышұлы – жалпы адам баласының, абзал қасиеттері бар азамат тәрбиесін отыз ойланып, тоқсан толғанған парасатты ойшыл. Мәңгілік даңқ тұғырына қондырылған Алаш елінің жиырмасыншы ғасырдағы бас батыры, біртуар ардағы Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан Соғысы кезінде үлкен ерлік көрсетіп, артына өшпес із қалдырды. Батыр бойындағы намыс пен өр мінез оның қайталанбас ерлігінен ғана емес, шығармаларынан көрініс табады. Осы орайда «Қазақты тану үшін, алдымен, Абай мен Бауыржан ілімдерінен сусындау керек...» деген ғалым Мырзахмет Мекемтасұлының сөзін еріксіз еске түсіресің. [1] Баукеңнің ерліктері жөнінде осы уақытқа дейін көптеген еңбектер жазылды. Олардың ең танымалдарының бірі белгілі орыс жазушысы Александр Бектің «Арпалыс» («Волоколам шоссесі») повесі. Бұл кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылған. Бауыржан Момышұлы туралы шығармаларды қазақ жазушылары да көп жазды. Ал осыншама көпті көрген, белді қызметтерді атқарып, үлкен марапаттардың, атақтардың иесі атанған танымал тұлғаның өзгелерге айтары, кейінгі ұрпаққа қалдырары аз болмаса керек. Оның соғыстан кейінгі жылдары айналысқан шығармашылық жұмыстары мен жазып қалдырған еңбектері осындай ниеттен туған дүниелер деуге болады. Көрнекті жазушының орыс және қаза тілдерінде жазып қалдырған «Бір түннің тарихы», «Ұшқан ұя» сияқты алғаш шыққан кітаптары мен одан кейін жазылған «Мәскеу үшін шайқас», «Жауынгердің тұлғасы», «Майдан» сияқты өзге де көптеген шығармалары оқырман жүрегіне жол тауып, көпшіліктің іздеп оқитын кітаптарының біріне айналды. Бұл шығармалардың барлығы да көптеген елдердің тілдеріне аударылып басылды. Осы ретте, «Егемен Қазақстан» газетінде 2008 жылы сәуірдің 4-інде жарияланған Көсемәлі Сәттібайдың «Аңыз бен ақиқат» атты мақаласынан үзінді келтіре кеткенді жөн көрдік. «...Көзінің тірісінде-ақ өмірі аңызға айналған халқымыздың қаһарман перзенттерінің бірі Бауыржан Момышұлы туралы әлі толық айтылып та, жазылып та біткен жоқ. Бауыржан Момышұлы, сөз жоқ, батырлығына қаламгерлігі сай тарихи тұлға. Әрине, көзсіз батыр емес, алды-артын ақылмен, оймен барлай білген бірегей берен.

Қазақ халқының өр тұлғаларының жалғасы, Отан қорғаған қаһарман ұлдарының бірі – Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы. Қазақта «Ақыл жастан, асыл тастан» деген нақыл сөз бар. Бауыржан сияқты халқының ұлдарына байланысты айтылған сөз болар, сірә. Батырдың өмір жолына көз жүгірте отырып, амалсыз осындай ойға қаласың. Ол Жамбыл облысының Жуалы ауданына қарасты Көлбастау ауылында дүниеге келген. Шымкенттегі 7 жылдық мектеп-интернаттың бітірген соң, біраз жылдар мектепте мұғалім болыпты. Бұл сол кездегі ең бір абыройлы, беделді мамандықтардың бірі. Сол кездің өзінде-ақ еңбекқорлығымен, өз қызметіне деген ынта, жігерімен, дарынымен көзге түскен жас жігітке ауаткомның хатшысы, милиция бастығы сияқты аса жауапты қызметтер сеніп тапсырылған. Бауыржан Момышұлы әскер қатарына 1932 жылы алыныпты. Еңбекқор, іскер азаматтардың қандай да болсын істен нәтиже шығара білетіні белгілі. Баукең бойындағы мұндай қасиеттерін әскер қатарынан оралғаннан кейінгі жылдары көрсетсе керек. Осы уақытта біраз жылдар Шымкент, Алматы қалаларындағы банк саласында жемісті еңбек еткен ол, жақсылап қолға алса, өзінен тәп-тәуір қаржыгердің де шығатынын көрсеткен. Бұдан әрі қарай Баукеңнің өмірі өзінің туа біткен қасиеттерімен байланысты, яғни әскер саласындағы қызметтермен жалғасады. Яғни ол 1936 жылы Ленинград финанс академиясы жанындағы курсты тәмамдап, қайтадан Қызыл Армия қатарына алынған. Онда жүріп, взвод, рота, командирі полк штабы бастығының көмекшісі сияқты басшылық

қызметтерді атқарады. 1941 жылы Қазақ әскери комиссариатының нұсқаушысы болады. Ал Ұлы Отан соғысы басталысымен 316-шы атқыштар дивизиясының жасақталуына атсалысып, сол дивизия құрамында майданға аттанады. Онда Баукең немістермен Мәскеу түбінде болған айқастарға қатысып, әйгілі 8-ші гвардиялық дивизияның батальон, полк командирі болып, соғыс бітердің алдында осы гвардияны басқарады. Тап осы сұрапыл соғыс жылдарында ол өзінің асқан ерлігімен, соғыс өнерінің қыр-сырын меңгерген білікті жауынгерлік қасиетімен ерекшеленіп, оның атақ-даңқы аңызға айналады. Соғыстан соң Баукең Кеңес армиясы Бас штабы жанындағы Жоғары әскери академияны бітірген. Ал 1950-1956 жылдар аралығында әскери академияда сабақ берген және түрлі әскери қызметтерді атқарған. Бауыржан Момышұлының ерлік істері мен оның соғыс қимылдары жөнінде жазып қалдырған еңбектері мен естеліктері, халық арасында «Бауыржан айтқан екен» деген әңгімелері кейінгі ұрпаққа, өз еліне деген сүйіспеншілік пен махаббатың, ерлік пен елдіктің үлгісі болып қалды. [4]

Алайда бұл ғұмырнамалық сипаттама да Бауыржан кім деген сұраққа толық жауап бере алмайды. Оның ақындығы мен суретшілігі, қолөнер шеберлігі, музыкадан хабардарлығы, құралайды көзге атқан мергендігі, ат құлағында ойнайтын шабандоздығы мен атбегілігі, турникке тартылу мен басқа да спорт түрлерінен жетістіктері мен билярд ойынындағы шеберлігі және т.б. қырлары көпшілік үшін жақсы таныс емес. Сан алуан талант пен адами қасиеттерді бір бойына тұтас жинаған Баукең қазақтың нағыз «сегіз қырлы, бір сырлы» азаматы еді.

Қазақ және орыс тілдерін бірдей еркін меңгерген ол сөзге шешен және ұтқыр ойға тапқыр болатын. Ол заманауи жаратылыстанулық және қоғамдық білімдерді терең меңгерумен қатар, қазақтың өткен тарихын, шежірелері мен салт-дәстүрін өте жақсы білген. Баукең адам бойындағы сезім иірімдері мен жан толғаныстарын зерек түсініп, оны талдап тамырлай білген психолог. Қоғамдық психологияны жақсы меңгергендіктен айта да, тыңдата да білген. Сұсты бет келбеті, тікелей қайратты шаштары мен кең маңдайы, отты жанары қос қанатын қомдап, ұшуға дайын отырған қыран бүркітті елестетеді. Жалған сөйлеуді, жасанды мінез көрсетуді жақтырмайтын тік мінезден хабар береді. Ар мен намыс, тазалық пен риясыздық, батырлық пен мәрттік, абырой мен бедел, ақыл мен парасат, ұлтжандылық пен Отан үшін жанқиярлық сияқты адами қасиеттер мен рухани құндылықтар дара әрі дана Бауыржанның тұлғалық бейнесін сомдап тұрғандай. [5]

Бауыржан Момышұлының адами портретін ол туралы айтылған пікірлер де айқындай түседі. Олардың кейбіріне құлақ түрсек. «Бауыржан Момышұлының ел ұғымында толымды, жинақы, тұтас бейнесі қалыптасқан. Бұл- соғыс қаһарманы ғана емес, сонымен бірге жарқын да жалқы, қайта тумас азаматтың бейнесі. Оған енді жазушы Момышұлы деген атақты қосқанда алуан қырлы алып тұлғаның өзі шыға келер еді» (Тахауи Ахтанов). «Мен қазақтардың арасынан Бауыржанмен салыстыруға келетін жан таппай жүрмін. Бәлкім, таппайтын да шығармын» (Дмитрий Снегин).

Бауыржан Момышұлы – әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында суреттелді. Кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылды.

Соғыстан кейін Бауыржан Момышұлы Совет Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академиясын бітіреді. Әскери-педагогикалық жұмыспен айналасып, Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді. 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан Бауыржан біржола шығармашылық жұмыспен айналысады. Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өмірінде көрген-білгендерін арқау етеді. Оның қаламынан туған, өмір шындығын арқау еткен тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналады. Олар бірнеше қайтара басылып шығады. [6]

Бауыржан бірнеше орден, медальдармен наградталады, Кеңестер Одағының батыры атағын алады. Алайда халықтың өзі «батырым» деп танып, ардақтаған қаһарман ұлына бұл атақ Отан соғысы біткеннен кейін жарты ғасырдай уақыт өткенде барып берілген болатын. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен оған «Халық қаһарманы» деген атақ берілді

«Қадірін білмейміз ғой тірі кезде,

Деп жырлар сорлы қазақ мен өлгенде.

Ұрпақ атар сексен мен жүздігімді,

Тарихтың түкпірінен сөз келгенде», - деп, көреген Бауыржанның өзі көріпкелдікпен жырлағандай, батырды ұрпағы ешқашан ұмытпақ емес.

Ежелден келе жатқан қазақтың халықтық мақал-мәтелдері – дидактикалық әдебиеттің көркемдік негізі. Мақал-мәтелдер – фольклордағы дидактикалық ғибрат үлгілері. Б. Момышұлының мақал-мәтелдері қазақтың халық ауыз әдебиетінің үлгісінде қалыптасқан. Бауыржан Момышұлының қаламынан туған мақал-мәтелдерінде, нақыл сөздерінде әрбір сөз тіркесінде терең мағына бар. Оларды өсиеті өміршең нағыз нақыл сөз бен мақал-мәтелдер десек қателеспейміз. Б. Момышұлының (Орталық мемлекеттік мұрағаттың жеке қорында №1432) жүз жиырма үштен астам мақал-мәтелдері бар. Мақал-мәтелдің табиғаты жайлы фольклорист ғалым Б. Адамбаев былай дейді: «Мақал-мәтелдер – халықтың сан ғасырлық көрген-білгенінен, бастан кешкен уақиғаларынан қорытқан ақыл-ойының жиынтығы, анықтамасы, табиғатта, өмірде үнемі қайталанып тұратын уақиғалармен, құбылыстармен байланысты туған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» [8]. Ендеше Бауыржан Момышұлының мақалдары да құрғақ жерде пайда болған нәрсіз, сөлсіз, әйтуір ұйқастыра салған үйлесім тапқан бос сөздер жиынтығы емес. Ол – ойдан, толғаныстан, өмірлік тәжірибеден, көңілді селт еткізер бір сәттік құбылыстан туған, халық даналығының мәйегінен қанып шыққан жанды сөз. Оны біз әдебиетші ғалым академик Р. Бердібаевтың ойымен келтірсек: «Әйгілі қолбасшы И.В. Панфилов «Өткір сөз бен үшкір найза батыл шабуылда біріне-бірі көмек болады» деп текке айтпаса керек. Василий Ключковтың «Шегінетін жер жоқ, артымызда Москва!» деген ұлағатты сөзі сияқты Бауыржан Момышұлының да қанатты сөздері майданда кең тарағаны мәлім» [9]. Жалпы Бауыржан Момышұлы тудырған әр мақалдың өзіндік бір тарихы бар. «Ой түбінде жатқан сөз шер толқытса шығады» деп Асанқайғы айтқандай, іште жатқан ой түбінде сыртқа шықпай ма?! Ол жай шықпай, алып таудың астында талай жылдар, ғасырлар бойы жиналған ыстық лавадай бар күшіне лықсып шығып, бар қысымымен бұрқ ете қалады. Ондай өткір сөздің қызуы, оты күшті болады. Міне, Бауыржан Момышұлының да ойы осындай ыстық қордаланған сезімдерге толы болып келеді. Сонымен бірге ол тұнық та терең, сабырлы да байсалды сөз асылы, ұрпақтан-ұрпаққа қалатын, ұлағатты ұстаздың сыйындай нақыл сөздер. Бұл жайында Бауыржан Момышұлының соңғы он жыл өмірінде бір болған зайыбы Ж. Егембердиева «Өмірінің өзі дастан» атты естелік роман эссесінде: «Баукең – жазушы ғана емес, ақын адам, қазақ халқының бай мақал-мәтелдерін, фольклорын, өткен-кеткен тарихын терең білетін зерделі, зерек, өзі қанатты мақал-мәтел жазып кеткен білімдар, ғұлама да» [Ж. Егембердиева 1990 : 319] деп жазады. Халқымыз: «Өнер алды қызыл тіл» деп бекер айтпаған. Бұл – даналық, тазалық бұлағы, өмір қайнары. Ол ізгілікті еміп өскен мойымас рухтың, әр тамшы қанына сіңген кемеңгерлік кемел ойдың кені іспеттес. Адамзат санасындағы ақыл-ойдың інжу-маржандары, ғасырлар жемісі. «Мақал-мәтел атасы – сөз», «Сөз анасы – құлақ» деген халқымыз. Өйткені айшықты сөз өнерін зер сала тыңдайтын құлақ дүниеге келген асыл мұрасы мақал-мәтелдер мен нақыл сөзін ұрпақтан-ұрпаққа қастерлеп жеткізіп, уағыздап келген. Ақын игілігі көпке ортақ. Өзекті жарып шыққан өнеге көпке ортақ. Бірдің тапқаны баршаға бірдей. Себебі адамзаттың тарих көшінде, бүкіл өмір жолында ізгілік пен адамгершілік, жақсылық пен шындықты мақал-мәтел, нақыл сөздерінде әдемі жеткізе білген. Баукеңнің өзі халқы жайында: «Менің халқым – жер бетіндегі қасиетті халықтардың бірі. Себебі табиғаты таза, ар-ұжданын саудаға салмаған, адам сүю сезімі сарқылмаған, бұзылмаған, жарылмаған халық. Бір сөзбен айтсам, ақын халық» [Бауыржан батыр 1991: 3] деген еді. Нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер – тарихтың ескерткіші, ақыл-ойдың өшпес, өзгермес жәдігері, даналықтың тобықтай түйініне айналған туындысы. Мақал-мәтелдер – бейнелі пікірді аз сөзбен ықшам түйіндеуді, мәнерлі ырғақ пен ішкі үндестікті, әдемі ұйқас пен өткір өрнекті барынша қажет ететін әдебиеттің ең қиын түрі. Сондай бейнелі, өрнекті мақал-мәтел, нақыл сөздер ана тіліміздің әдемі үлгісімен кейінгі ұрпаққа мол мұра ретінде келіп жетті. «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» дейді халық. Мақал-мәтелдер өмір тәжірибесі. Бауыржан Момышұлы қиын сәтте, қиын кезде өз атын қанатты сөзбен өрнектеп, шешен тілмен кестелеген. Автордың

мақал-мәтелдері жалпы әртүрлі жағдайға байланысты туындап отырған. Олар сан-салалы. Бірінде өмір туралы ой өрнектелсе, екіншісінде еңбек жайлы өнеге ұсынылады, үшіншісінде ерлік мәні ашылады. «Бірақ, біз майдан шебінде, үгіт-насихат ісінде, оларды жағдайға байланыстырып, айтқан сөздеріміздің тұжырымды қорытындысы ретінде пайдаландық. Жауынгерлер оған түсініп отырды. Халқымыздың мақал-мәтелдері өзіміздің тәжірибемізден алған қорытындыларымыз найза мен оқ сияқты қолымыздағы жарак болып, бізді кезінде қаруландырып, көңілімізге әжептәуір тірек болып отырды» [Бауыржан батыр 1991: 3] деген еді Бауыржан Момышұлы. Мақал-мәтелдерді жастайынан жаттап, халық педагогикасын жадына сақтап өскен Бауыржан Момышұлы

ұлттық тәрбиеге де көп көңіл аударған. Бауыржан Момышұлы бата-тілекке де ерекше көңіл бөлген. Ол «Москва үшін шайқас» романының «Ақ бата – ізгі тілек» деген тарауында жау қоршауынан құтқарылған Мәскеу түбіндегі бір селода қалың елдің алдында қарт ана Вика апайдың жауынгерлер мен оның командирі Бауыржанға: «Қош бол, балам! Жаратқан жар болсын! деген батасы жеңіске дем беруші болды. «Баталы құл арымас!» «Жаным – арымның садағасы» деген ата дәстүрін ұстап, өлім қаупіне бас байлап, соғысқа еніп кеттік. Ар кіндігі Мәскеу артымызда «Жол болсын» деп қол бұлғап тұрғандай болды, - деу арқылы ел тілегі ерді өлімнен сақтайды, «Көп тілеуі – көл». Сондай-ақ «Бата» атты әңгімесінде, туған аулына келіп, ынтымағы кеткен елді, қадірі жоқ кемпір-шалды, берекесіз, бейбастақ келін мен қызды, дөрекі, масаң бозбаланы көріп ызаланған Баукең дастарханаға ас қайырып, үй иесіне бата бергенде де, бұрынғы халықтық бата-тілекті қайта жаңғыртып, «Я, құдай, дозақтың отынан сақта, қаңғыған оқтан сақта, паракор соттан сақта, кірлі сумен жуыстан сақта, ынтымақсыз туыстан сақта, қапажүрек батылдан сақта, көкдолы қатыннан сақта, колхозды жеген бастықтан сақта, намды басқан кесірден сақта, кеудесін керген келіннен сақта, мезгілсіз келген өлімнен сақта, татымсыз тұзыңнан сақта, ұятсыз қызыңнан сақта, жастарында әдеп жоқ, өлгенінде бәтуа жоқ құр айғай, шат-шәлекей даңнан сақта!» [Бауыржан батыр 1991 : 308] депті. Бата беруі тұнып тұрған тәлім, өзіндік үлгі-өнеге, өлмес, ескірмес өсиет. «Баукең шығыс, батыс елдерінің көне заманнан осы жаңа заманға дейінгі ойшыл философтарының біршама еңбектерін оқып, бойына сіңіре білген, өзінің де өмірге деген философиялық ой-пікірі бар, тұжырымы терең психолог, философ кісі» [Ж. Егембердева 1990 : 319] дейді жазушы Ж.Егембердиева. Бауыржан Момышұлының нақыл сөздері құнарлы ойдың құнды қазынасы екендігі даусыз. Елдің ерлігі, ердің ерлігі сыналған сұрапыл жылдардан жеткен сол нақыл сөздерде қазір де халыққа керек, келешекке қажет дүниелер молынан кездеседі. Өйткені аталарымыз бен әкелеріміз біздің ашық аспан аясында бейбіт тіршілік етуіміз үшін от кешіп Отанды қорғады. Өмірді сүйіп, өліммен белдесті, жеңісті жақындатып өздері құрбан болды. Ендеше сол күндерден жеткен Бауыржан Момышұлынан қалған ұлағатты сөзді ұмытпау әрқайсымыздың борышымыз. Бауыржан Момышұлының бойындағы ізгі қасиеттердің қалыптасу негізі халқымыздың гүлге қонып бал іздеген арадай сан ғасырлар бойы жинақтаған әдет-ғұрып, салт-сана, тәлім- тәрбие дәстүрі мен іштей түлеп сұрыпталған рухани мәдениетінде жатыр. Б. Момышұлы: «Халқымыздың мақал-мәтелдері, өздеріміздің тәжірибеден алған қорытындыларымыз найза мен оқ сияқты қолымыздағы жарық болып бізді кезінде қаруландырып, көңілімізге әжептәуір тірек болып отырды. Дұрысы – жәрдемдесті...» [Бауыржан батыр 1991 : 86] Бауыржан Момышұлының Орталық мемлекеттік мұрағатта (ҚРОММ, 1432. Қор. 2-тізімдеме. 45-іс. 7 б.) сақталған «Офицердің майдан дәптерінен» атты жинағындағы «Нақыл сөздерде» жауынгер жазушы, ақын Б. Момышұлы Ұлы Отан соғысының отты жылдарында офицердің майдан дәптеріне сарбаз солдаттармен күні-түні бірге болғанда кенесе, ақылдаса жүріп, ой-пікірін тұжырымдаған, жинақталып ой-елегінен өткізген, көкейіндегі ой көркінен туған нақыл сөздерді қойын дәптеріне тіркеп отырған. Бауыржан Момышұлының бүгінгі таңда ел арасына тарап кеткен нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні орасан зор. Әсіресе: «Тексізден тезек артық. Тәрбие – таза ниет атасы. Тәрбиелі тәртіптің құлы. Тәртіпті – елдің ұлы. Бақаның бағынан сұңқардың соры артық. Ежелден ел тілегі – ер тілегі, Адал ұл ер боп шықса – ел тірегі т.б. [Бауыржан батыр 1991 : 182].

Жауынгер жазушының нақыл сөздері – келешек ұрпаққа үлгі мұра. Әсіресе Б. Момышұлының соғыс дәуірінде насихат-жырының арқауы етіп, фәни дүниенің жалт етіп өте шығатын қас қағымдық кезеңін мағыналы да мәнді өткізу ұлағатын алға тартады. Насихат өлеңінде ақынның лирикалық серпілісінен тыңдаушысына қарата тебірене толғауы – адамдарды оптимизмге, рухани құлшынысқа шақырады.

Отырсам көп ойланып күнім жақын,
Әр адам біле бермес сөздің парқын...

Ақын – өзінің рухани болмысымен (үнемі ішкі жан дүниесімен) үнемі сұхбаттаса жүретін психологиялық сыры күрделі тұлға. Б. Момышұлының ақындығының лирикалық сыршылдығы насихат өлеңдерінде де байқалады. Жауынгер ақынның нақыл, насихаты ақын тұлғасының шығармашылық болмысы. Өлеңдері мен нақыл сөздері жауынгерлер жүрегіне, халқының жүрегіне ұялаған туындылар.

Кім кетпес ажал жетіп тағдыр болса,
Өмірге ар мен намыс қолқа салса.
Мәңгілік өмір жасап өлмегені –

Батырдың ел аузында аты қалса.

Ақын – мақтаншақ, мансапқор, қорқақ «данышпансынған» адамдардың бет-бейнесін де өлең сөздерінде айқындай түседі.

Мақтанбағын мас болып,
Абырой алсаң табысқа.
Қоян болма тығылып,
Жау көргенде қамысқа.

Б. Момышұлының нақыл, насихат өлеңдері – дидактикалық поэзиядағы негізгі арнаны құрайтын туындылар. Фольклор мен Шығыс әдебиеттерінде кең өрістеген халықтық тәлім-тәрбие сарындары (ерлікке, батырлыққа, адамгершілікке баулитын) Бауыржанның ақындық поэзиясында кең өріс алған. Академик З. Ахметов: «Нақыл өлең – ғибраты, тағлым берерлік мәні бар, ойды ықшамды, ұғымды түрде жеткізетін, өткір нақышты сөздерге негізделетін терме жырлар, өлеңдер» [Әдебиеттану терминдерінің сөздігі 1996 : 146] дейді. Б. Момышұлының майдан төрінде туған бірнеше толғаулары «Тырнақтап жинап әр жерден», «Ана тілін ардақта», «Толғау», «Қайран сегіз» т.б. отты өлеңдеріндегі ойлар жүйесі философиялық тереңдіктерімен адамды баурайды. Адамзаттың адамгершілік қасиетін жоғары бағалап, не істесе де ақылмен билік етіп, әділдіктің құлы бол дейді.

...Әділдікке құл болып,
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезіп тармағын...

Б. Момышұлы өлеңдерінің құндылығы сол бүгінгі егеменді еліміздің азаматтарына еліңе, халқына, мемлекетіңе адал қызмет ет деп үндейді.

Менікі емес деп түсінбе
Өкіметтің дүниесін.
Ол сенікі, апандікі, ағандікі,
Бекерге ол күймесін, -

немесе Ел еңбегін қадірлемеген – ер емес, - дейді. Ақын елін, халқын, Отанын шын сүйген азаматтардың болашағынан көп үміт күтеді. Отаншылдық рухқа тәрбиелейді. Ерлік – ер жігіттің батырлығын көрсетеді. Ақынның нақыл сөздерінің тақырыбы сан алуан. Оның тектілікке, намысшылдыққа, ерлікке, әділдікке, отаншылдыққа, ана тілін сүюге, тәртіптілікке, ақылдылыққа, адамгершілікке уағыздайтын нақыл сөздері мол. Әсіресе біздің ғылыми зерттеу тақырыбымыздың өзгесіне айналып отырған негізгі мәселе: жауынгер ақынның ерлік пен өрлікке үндейтін нақыл сөздері – егеменді, тәуелсіз еліміздің туын нығайтуға, жастарды ұлы ерлікке, батырлыққа, ұлттық рухқа, Отанын қорғауға тәрбиелейтін ұлы дүниелер. Қолына қаруы мен қаламын қатар ұстаған жауынгер жазушы Бауыржан Момышұлы, әскер қатарына шақырылғаннан бастап-ақ, өзінің офицерлік күнделік дәптерін мұқият жүргізген. Әрине жазушының ақындық таланты ерте жастан-ақ танылғаны тарихи шындық. Осы талантын жауынгер жазушы Ұлы Отан соғысы дәуірінде «найзадан қол босағанда», толғанып, ой елегінен өткізген тұжырымды сөздің мәйегін қағаз бетіне түсіріп отырған. Б. Момышұлының бұл ұлағатты ісі – ұрпаққа сарқылмас мұра, ұлы қазына жастардың қолға ұстайтын шамшырағы. Ақын:

Ақыл айтар мезгілде,
Мың жасаған шалдай бол.
Қатал болар мезгілде,
Шатырлаған жайдай бол, -
- десе, енді бірде:
Мейірім түсер мезгілде,
Ағарып атқан таңдай бол.
Жауды бөгер кезеңде,
Көлденең жатқан ордай бол, – дейді.

Ақылды, парасатты, мейірімді болу әрбір жастың (адамның) міндеті мен парызы. «Ақыл айтар мезгілде», «мың жасаған шалдай бол», «жауды бөгер кезеңде», «көлденең жатқан ордай бол», адамдық пен батырлықты ақын қатар қояды. Қазақтың халықтық мақал-мәтелдері – дидактикалық әдебиеттің көркемдік негізі. Халқымыздың ертеден дамып келе жатқан көркем әдебиетімен сусындаған Бауыржан Момышұлы мақал-мәтелдерді көркем әдеби туындыларында

кеңінен пайдаланды. Ақын – Ұлы Отан соғысы жылдарында өмір тәжірибесінен жинақтаған ойларын адамзатқа ортақ тағылым атаулыны ғибратшыл ой өрімдерімен өрнектейтін парасат иесі. Жан дүниесіндегі ізгіліктен қуат алған, жамандықтан жабыққан көңіл-күйін ғибратшыл ойлы талпынысқа айналдырады.

Сөз сөйлеу – әсем, шебер орындаумен тамырлас. Бұл біздің денеміздің тілі іспетті. Және ой әлемімен үйлесуі қажет. Ал көз болса, бұл жылқы мен арыстанға табиғат сыйлаған жал, құйрық, құлақ сияқты. Көзінің тірісінде-ақ аңызға айналған ұлы тұлға – Бауыржан Момышұлы жаужүрек батыр, даңқты қолбасшы, қарымды қаламгер. Әрине, қазақ даласында батыр да, қолбасшы да, қаламгер де аз болған жоқ. Бірақ олардың ешбірінің даңқы алты алаштан асып әріге асып көрген емес. Ал, Бауыржан атаны төрткүл дүние халқы түгел таныды, оның қаһармандық қайсар тұлғасы мен адамзат баласында сирек кездесетін озық ақыл-ойы, қарағайға қарсы біткен бұтақтай алабөтен ірі мінезі естіген жұртты тегіс тәнтті етті.

Бауыржан Момышұлын өзгелерден даралап тұрған айырықша қасиеті – оның қалам мен қаруды қатар ұстауы, қай кезде де ұлт мүддесін қаймықпай қорғауы. Бауыржан ата Ұлы Отан соғысы барысында 207 рет ұрысқа қатысып, 5 рет өлімінің құрсауында қалған, 2 рет өлімші болып жараланған. Бірақ өліммен бетпе-бет келген сәттердің барлығында не негізгі жауынгерлік құрамымен қоршаудан аман-есен шығып, өз девизиясына қосылып отырған. Бұл, әрине, ол кісінің терең ойлай білетін әскери даналығы мен талантының арқасында жүзеге асқан.

Бауыржан ата – қазақтың кешегі от тілді, орақ ауызды, әрі ақын, әрі батыр тұлғаларының заңды жалғасы, түйіндей айтсақ, ұлттық рухтың XX ғасырдың басындағы айқын көрінісі. Бұдан кейін Баукеңді әскери тарихшы деп атауға болады. Оның үстіне ол фольклор білгірі болғандықтан, өзінің тамаша мақал-мәтелдерін шығарды. Ең соңында Баукең қазақ әскери әдебиетінің негізін салушы болды. Мемлекет болғаннан кейін әскери әдебиет керек. Әскери әдебиет – патриотизмнің мәйегі екендігі бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселе [13]

Жазушының отансүйгіштік рухы қазақ даласын тынбастан кезіп жүретін болады. Қазір де кезіп жүр... Демек, Бауыржан атадай темірқазық тұлғасы бар қазақ атты қайсар халықтың ұлттық рухы ешқашан аласармайды деген сөз...

Баукең – XX ғасырда ұлтының жоғын түгендеп, барын бүтіндеген бірегей тұлға. Ол қағынан жерінген құландай өз тілі мен дәстүрінен, ата салтынан қол үзіп, мәңгірттене бастаған өз ұлтына қабырғасы қайысқан. Ғаламат ғажап екендігі, қайта тумас қазақ екендігі де сонда.

Баукеңдер кіріп келгенде кезде шындық шалқайып, өтірік бұқпантайлаған. Біз де ащы да болса, жастарды шындықпен тәрбиелеуіміз тиіс. Ол кісінің артында қалған мұраларының бізге берері көп. «Менің көзімді ойып алсаң қан ағады, жас шықпайды», – деген. Міне, нағыз патриот!

Насихат, нақыл сөздеріндегі адамгершілік ұлағатына шақырған ой- өрімдері жауынгер ақынның ұлттық топырақтағы гуманистік мұраттарды биіктетуші тұғырнамасын дәлелдейді. Мысалы: «Адал ниет – ардақ атасы», «Адалдықтың адымы – алты құлаш» деп адамдыққа, адалдыққа үндейді. Жауынгер ақын-жазушы Бауыржан Момышұлының қаламынан туған ұлы туындылары – әскери көркем әдебиетіміздің ұлы қазынасы. Әскери өлең толғаулары мен дидактикалық сарындағы нақыл сөздері – жауынгер жазушының ғылыми, әскери көркем туындылары бүгінгі күнгі мәдени мұрамыздың ұлы қазынасы.

Әдебиет

1. Адамбаев Б. Алтын сандық. Әдеби мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 200 б.
2. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 240 б.
3. Егембердиева Ж. Өмірдің өзі дастан. – Алматы: Жазушы, 1990. – 319 б.
4. Бауыржан батыр / Құрастырған, алғы сөзі мен түсінігін жазған М.
5. Мырзахметов (Жоғарғы класс оқушыларына арналған жинақ). – Алматы: Жалын, 1991. – 352 б.
6. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құр. З. Ахметов, Т. Шыңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
7. Әуезов М.О. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Жазушы, 1962. – 410 б.
8. Б.Момышұлы «Москва түбіндегі шайқас» 2002.-111б
9. Адамбаев Қазақ халқының мақал-мәтелдері 1989: 15- 16 б
10. Бердібаев Баукең туралы естеліктер 1979 120б
11. Б.Момышұлы -тәлңмгер ғалым.// // Білім мен тәрбие-27б
12. Б.Момышұлы I том Алматы, «Жазушы»2004 55-93бб
13. 12.Баһадүр ...Батыр Бауыржан (мәтін)Б.Момышұлына 100 жыл
14. Е. Әлімжан.Бауыржан Момышұлы –көп қырлы қоғам қайраткері 88 б

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ «ҮШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІНДЕГІ КӨРКЕМДІК БЕЙНЕ – ТАНЫМ ТӘСІЛІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Күсёва С.Ж.

*Жамбыл ауданы, Антон Макаренко атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі*

Нұрмолдаева А.А.

Жамбыл облысы әкімдігінің білім-басқармасы оқу-әдістемелік кабинетінің әдіскері

Жеке жазушының тіл өрнегінің толып жатқан бояу бедері, өзіндік өсу, жетілу жолдары болады. Көркем әдебиет тілінің нәзіктігі көп жағдайда жазушының белгілі бір сөздері өзара мағыналық байланысқа түсіру шеберлігімен байланысты. Тіл – ойдың айнасы. Ойы нәрсіздің ойы әрсіз.

В.Виноградовтың көзқарасы бойынша, көркем әдебиет стилистикасы үшін мәнді жайт – «автор бейнесінің тілдік құрлымы» туралы мәселе. Көріктеуіш құралдарының ішкі бірлігін анықтау міндеті тұрғысынан мәнді, терең шығарманың барлық стильдік жүйесі ішкі діннің айналасына топтасады.

Автор бейнесі – шығармадағы негізгі қаһарманмен, екінші қатардағы кейіпкерлермен бірге, шығарманың өн бойынан үздіксіз бой көрсетіп отыратын, баяндауға ерекше сипат беретін, оқырманға ой тудырып шығарма идеясын оны түсінуге көмектесетін тағы бір образ. Ол – көркем әдебиет тілінің ішкі сапалық қасиеттері мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін негізгі категориялардың бірі.

А.Толстой: «Оқырман да – менің өмір тәжірибемнен хабардар бір тіршілік иесі, ол менің шығарманың тақырыбымен бір уақытта бірге қалыптастады, оқырман сипаты мен оған деген қарым-қатынас форманы құрайды, шығарма әлеміне қаысушы, ойдан құрастылған әлдекім», - деген.

Шығарманың қанша түріне (әңгіме, повесть, новелла, роман т.с.с) үңілсеңіз де осы бір сөз талғам әлеміндегі шеберлікті байқамай, оған таңдай қақпай өтуіңіз мүмкін емес. Қазақ сөздің бағы жанып шыға келеді.

Өйткені сөз зергерлері сөздерін әралуан мағыналық қырларын, ішкі мүмкіндіктерін, гауһар қырын қашап ашқан зергерше түрлендіріп отырады.

Бауыржан Момышұлының «Үшқан ұя» повесі бойынша көркем бейненің таным тәсілі екенін мысалдармен көрсетсек. Бауыржан Момышұлы сөйлемдерінде сөздер мейлінше құлпыра, қуаттана бас құрап оқырманын өзгеше бір толқынысқа салады. Ол Сізді неше алуан оқиға, құбылыстар әлеміне жетелеп, тағы не болар екен дегендей, ынтықтыра, қызықтыра түседі.

Баукеңдей сөз құдіретін терең түсінетін жазушы кемде-кем шығар. Сол құдіретті игерген адам шамасы өзі де құдіреттене түсінетін болу керек. Онда шашау шығып, бей-берекет шашылып жатқан артық-ауыс қолданыстар болмайды. Ол қолданған әрбір сөз, әрібір сөз тіркесі, әрбір сөйлем өзінің орын-орнында. Ол қуаты, мағынасы салмақты тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерді де көп қолданады. Соған орай көптеген сөздері мен сөйлемдері мақал-мәтелге бергісіз туындап жатады.

«Құрығы ұзын қуып жүріп алады, құрығы қысқа құры қол қалады». «Бұл саздау жердің ағашы, сабырсыз ердің жазасы. /3;87 б/. «Жүйрік ат аяғынан қалады», «Сұңқар қанатынан қалады» /3. 166 б/ «Ал егер жігіт осы екеуінен де мақұрым қалса, онда ол ер атаулының санатынан қалады». «Атсыз ер қанатсыз құспен тең», «Жаяу қалсаң – жау қолына түскенің, сан қорлықтың запыранын ішкенің» /3, 166 б/ «Атқа ретсіз ауырлық артпаған, айылын жөнсіз тартпаған, ақ көбік етіп атойлап басқа шаппаған, алқымын судан, қарқынын даудан сақтаған. «Төл атыңды төреге де берме» деген сөз бар қазақта. Бұл атты ардақтаудың биік шыңы болса керек. «Адам көңілінің айнасы ғой әйел»- деген. «Қайғы болса, шын жүректен қайғыра алады, қуаныш болса, ықыласымен қуанады» /3; 177/ т.б.

Б.Момышұлының өзінің шығармашылығында қолданған тәжірибесі арқылы шығармашылық пен адами ерекшеліктерді көркем мәтіннің көрсетуге тиіс нысаны ретінде шығарады. Оқиғалар мен сюжет арасынан адамды тани білуді әдеби үрдістің даму ахуалына дөп келуге тиіс деп санайды.

Көркем әдебиеттің негізгі мақсаты – оқырманның шығармашылық қиялын ояту, оны жетілдіру, оны адамдық биік қасиеттерге тәрбиелеу. Повесте Баукең «тәрбие» концептімен оқырманға терең ой салады.

Дүние тарихы, жаратылыс шежіресі, жан-жануар болмысы жайлы алғашқы әңгімені **әжемнен естігенімді** адамзат қауымының қалыптасуы туралы тұңғыш мағлұматты әжемнен алғанымды қалай ғана ұмытармын... Иә, әлемнің пайда болуы, тіршілік дамуы, адамзаттың шығуы, өмір жайлы, шынаы сезіммен азаматтық тұрғысындағы жан баурайтын аңыздарды айтқан, ненің жақсы, не жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді үйреткен, әр заңының, әдеттің жинағынан алғашқы тарауларды таныстырған да ең алдымен ата-ана, ағайын-туған еді...

Әжемнің «осылай болған екен» деген сөздері мені бірде ғасырлардың шыңырауына сапар шектірсе, бірде құс қанатындай демеп, ілгері ұмтылдырды, биікке самғатты... /3; 23 б/

Қаламгер өзінің дүниетанымын қалыптастыруға ата-ана, ағайын, «қалай ғана ұмытармын...» тіркесімен өкініштен гөрі, қанаттану, мақтану мағынасын білдіріп, алғашқы әңгімені, тұңғыш мағлұматты деп синонимдер қатарымен нақтылай түседі, «ілгері ұмтылдырады, биікке самғатты» етістік тіркестері оқырманға прагматикалық әлеуетпен әсер етіп, осы стилемалардың мәнін ашуға мәжбүрлейді.

Ары қарай автор «қорқыныш» концептімен өз тәрбиесіне – баласы мен немересінің өмірін қарсы қояды: Біздің қазіргі балаларымызға әжелері, не шешелері ертеке айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта бермейді. Бесікке жатқанда құлағына анасының әлди әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең болып қалмаса деп қорқамын.

Ал менің апам Қызтумас маған ертекті көп айтатын, әлди әнді көп айтатын. Арада неше заман өтті, Қызтумас апамның сүйегі әлдқашан қурап кетті, ал әлди әнін айтқан үні әлі тұр құлағымда...

Қайран сол балалық, қайта келермісің сен?! Алайда бал-балалық қайдан келсін. Ойыңа сол шақтардың өрнектері ғана, үзік-үзік бөлшектері ғана, сапырылысқан ретсіз саздары ғана оралады. Сен соны тұшынасың да тамсанасың. Тамсанасың да еріксіз жымиясың. Осы сәтте бір шеттен балалық дәуірдің бір елесі де жымиып тұрғандай сезіледі.

Әр адам балалық шағын осылай есіне алады, сағынады, автор сол сағынышты балалық дәуірдің бір елесі жымиып тұрғандай деп, өрнектері, бөлшектері, саздары бірыңғай мүшелерімен етістіктің II жағында келген қайталаманың іліктес түрімен тамсанасың, тамсанасың да еріксіз жымиясың деп көркем бейненің қалыптасу жолдарын көрсетеді.

Етістік тұлғасының көркем бейне жасауда прагматикалық әлеуеті ерекше. Қаламгер көсемше тұлғалармен, оларды қосарлап оқиға шиеленісін күшейтіп, әр көңілде күдік ұялаған, жанарда жас ұялаған жабырқау сәт еді бұл деп жалпы жұрттың көңіл-күйін сенімді береді.

Тіл шеберлігі мен жазу мәнері ана тіліміздің асылын паш етіп, оқырманға ләззат береді. Өзіндік өрнекпен қаламдастыра берілген үлгі-өнеге, «әсемдік әлемі» сөздерді әдемі орналастыра білуінен айқын көрінеді. Әрбір жазушының алдында өзіндік сипатына қарай повесте қазақтың жалпы халықтық лексикалық байлығы еркін, молынан қажетінше пайдаланылған.

Жазушы шығарманың көркемдік жағынан жетіле түсуін көздеп, көптеген айшықты теңеулерді пайдаланған: аш қасқырдай арсылдатып қоярмын; қоңыр бұзаудай арқандап қоюға әлі шамам келеді; бұзаудан босанған долы арыстанша; қолбасшысынан айрылған жауынгердей, қайралған пышақтай; сәуір жаңбырындай; сынапша сусып; құмырсқаның илеуіндей; бүкіл даланы гүлге бөлеп жібергендей; бапкері жоқ тұлпардай; толғақ азабын тез ұмытқан әйел сияқты; байлаудағы сұңқардай, суға түскен кесектей; қасқырға құйылған қырандай. «Проза – қара сөз емес, ырғағы бар, екпін лебі бар, өз ритмі бар, негізгі ойыңды теңеу, бейнелеу арқылы оқырманның сезіміне дөп тигізетін көркем сөз. - деген сөз заңғары Ғ.Мүсірепов.

Адам баласы ертеден-ақ табиғат құбылыстарын, өзін қоршаған дүниенің заңдылықтарын білуге, тануға тырысқан. Сол іздеу арқылы адам санасы дамиды. Повесте сондай танымдық мысалдар әжесі, әкесі, ауыл адамдарының сырт бейнесін суреттеу, ішкі психологиясын үйлестіре беру арқылы, іс-әрекеттері арқылы оқырманды тәнті етеді.

Автордың танымдық көзқарасын көркемдік ойға жетелейтін бұл повесть қазақ халқының тәлім-тәрбиесінде жоғары бағалануымен қатар қалдырған «мұрасы» идеялық – көркемдік мазмұнының байлығымен ерекшеленеді.

Повесте халқымыздың сонау бағзыдан бері қалыптасқан өмір сүру салтына, тұрмыс-тіршілігінің барлық саласына қатысты сан түрлі әдет-ғұрып, ырым-жора, жол-жоралғыларын қамтитын фольклорлық-этнографиялық суреттердің алуан үлгісін кездестіреміз және олар жазушы қаламынан туғанда жаңаша шешім тауып шығарманың идеялық-танымдық салмағын арттырып тұр. Мұндай деректер өткенімізді бағамдап, бүгінгімізді байыптауда, ұлттық санамызды, ой-өрісімізді кеңейтуге зор қызмет атқарады. Мысалы, туған күнді тойлау (Ал менің балалық шағымда туған жылды, туған күнді емес, мүшелді кезеңдерді толаушы еді...)

Жазушының сөзге жан бітіруі – жалпы халықтық тілдің қат-қабатын терең меңгеріп, батыл да үйлесімді қолдана білетін, жанды бейне туғыза білуі, сөздің эстетикалық өрісін кеңейту әр сөз

ойдың әсерлігі өрнекпен шығуына, дәлдігіне сөйлем құрылымына жүгінетін жазушы қолынан келеді.

Көркем туындының семантикасын түзетін компонент – астарлы ой, яғни мәтінді интерпретациялауға көмек. Цитата арқылы қаламгер өз шығармасындғы сөйлеу субъектісін өзгертіп, өз ойы мен кейіпкердің көзқарасындағы айырмашылық, қайшылық, ортақ ойларды даралап, оның жаңа мәнмәтінге бөтен екенін танытады. Интертекстуалды элемент өзі түскен жаңа мәнмәтіннің бір-бірінен ажырағансыз байланыспен кірігіп кетеді. /1; 48 б/, Мысалы, Соны білген атқамінерлер ояздың чиновнигінің аузын алуға жанын салып бағады. «Ояз шықты, сияз бардын» кері келеді. Күштінің алдында байғұстар «бас изейді шыбындап» Баукеңнің Абай жолдарын қолданғанын оқырман еш қиындықсыз тауып, онымен ассоциация жасайды.

Табиғат көріністердің болмыс – бітімі, көркемдік мәні ертегімен, әлемді өзіндік тану тәжірибесімен етене өскен қиялшыл балаға қандай әсер етіп, адам жан дүниесінде табиғат көріністердің үндес жатқанын Баукең былай береді: Тек оқта-текте ауылдың үстін, тау бөктерін тұнжыр бұлт торлайтын. Бұлт сонда үн-түнсіз шаруақор менің әкеме ұқсайтын. Ал күн күркіресе, апамның ересек балаларына ақырып-зекіргені есіме түсіп, жым боласың. Жаңбыр жауса, жас баланың көз жасындай кімді аяйтынымды білмеймін, әлдекімге жаным ашып, жылағым келер. Биелер шұркырап, құлындар құтырып, ауылды айнала шауып еріксіз елеңдетеді. Ала-құйын айдалаға сен де жүгіре жөнелгің келеді. Енді бірде аспанға аң-таң боп қарап қаласың. Буда-буда бұлттар жалы желбіреп, шауып бара жатқан түйелер сияқты. Кішкентай қолдарыңды созып, сол керемет дүниеге ұшып барып, әлгі қанатты тұлпардың жалынан сипағың келеді. Баланың бақытты шағы сол кереметке сенгенінде шығар. Кейін есейе келе әлгі бұлттың су екені, күннің қызуымен бу болып ұшатынын білу қандай қатал. Ертексіз өскен бала-рухани мүгедек адам.

Қаламгер оқырманмен тікелей қарым-қатынасқа көшіп, өз ойын тура жеткізіп, ойталқыны ашып береді – сол кереметке сену – баланың бақытты шағы; ертексіз өскен бала рухани мүгедек адам екенін аңғаурға болады.

Қаламгер – көркем іс-әрекеттің негізін салушы, мәтін түзуші, мәтінде субъективті дүниенің объективтіленуі жүзеге асырушы. /2; 33 б/ Танымдық әрекеттің ұғымында мәтін-автордың шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі бояумен қатар, автордың ойлауында мәтін субъектінің нысаны болып табылады.

Сонымен Б.Момышұлы өзінің шығармашылығында шынайылық пен адами тани білуге ықпал етеді. Ұлттық тәрбиенің басы отбасынан басталады. «Ұшқан ұя» повесінде ондай мәселеге келтірілген неше түрлі мысалдарды жоғарыдағы талдаудан көреміз.

Қорыта айтар болсақ, авторлық дүниетанымдық көзқарасы жүйесінің тұғырында адамгершілік мәселесі тұрады, ол қазақ халқының психологиялық тәрбие, танымдық жағына қатты көңіл бөлген. Қаламгердің танымдық көзқарасын көркемдік ойға жетелейтін бұл повесі қазақ халқының тәлім-тәрбиесінде жоғары бағаланумен қатар идеялық-көркемдік мазмұнының тереңдігімен де ерекшеленеді.

Әдебиет

1. Қабдолов З. «Сөз өнері» - Алматы, 1976 жыл
2. Жанпейісов Е. «Қазақ прозасының тілі» - Алматы, 1968 жыл
3. Момышұлы Б. «Ұшқан ұя» Алматы: «Жазушы» баспасы, 1976 жыл

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ӨМІРІ МЕН СОҒЫСТАҒЫ ЕРЛІГІ

Қожахметова Н.

Информатика бөлімінің студенті

Ғылыми жетекшісі Бимаганбетова Ж.Т.

Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі

Бауыржан Момышұлы 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Мыңбұлақ ауылында дүниеге келген. Кеңес Одағының батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, әскери қолбасшысы. Имаш бабасы 1911 жылы 92 жасында дүниеден өткен. Әкесі Момыш өз бетімен ескіше сауат ашқан, кирил алфавитімен оқуды

меңгерген сол кезеңдегі көзі қарақты адамдардың бірі болған. Ел арасында ағаш ұстасы және етікші, зергерлігімен танымал болатын. Имаш атасы қартайған кезінде барлық шаруашылықты Момыш ұлына табыстаған. Әжесінің есімі-Қызтумас, қартайған шағында ағайын-туыс “ сары кемпір” деп атаған. Анасы Рәзия дүниеден ерте өтіп, Бауыржан 3 жасынан бастап Қызтумас әжесінің қолында өседі.

1921 жылы бастауыш мектепті Аса интернатына түседі. 1924 жылдан бастап жеті жылдық мектепті Шымкент қаласында оқиды. Бұл сол өңірдегі 1924 жылы ашылған алғашқы жетіжылдық мектеп болатын. Бауыржанмен бір сыныпта Әбділда Тәжібаев және Құрманбек Сығындықов оқиды. 1928 жылы мектепті үздік бітіріп, Орынбор қаласындағы Қазақ Педагогикалық институтына оқуға түседі. Институт директоры Тоқтыбаев деген кісі болатын. Жас баланың қатты суықта жұқа киіммен жүргенін көріп, өзінің кабинетіне шақыртып алады. Баланың қолына бухгалтерияға қағаз жазып беріп, осы қағаз бойынша ақша алатындығын және сол ақшаға ауылға қайтатындығын айтады. Осындай тұрмыс жағдайына байланысты оқудан кетеді.

1928-1930 жылдары бастауыш мектепте ұстаздық етеді. Біраз уақыт аудандық атқару комитетінің жауапты хатшысы ретінде қызмет атқарады. Аудандық милицияда 6 айдай жұмыс істейді. 1932-1934 жылдар аралығында Қызыл Армия қатарына қызмет етеді. 1933 жылы полк мектебін бітіреді. Атқару комитетіндегі қызметімен көзге түскен Бауыржан Тимофей Дубовниктің қолдауымен Шымкент өнеркәсіп банкінің экономисі болады. Осы қызметте жүрген уақытта 1936 жылы Республикалық банктің меңгерушісі Б.М.Барханның жолдамасымен Ленинградтағы Финанс академиясының жанындағы бір жылдық курсты бітіреді. Біліктілігін бағалаған басшылық оны КСРО өнеркәсіп банкінің республикалық басқармасына аға консультант ретінде тағайындайды. 1936 жылы жаңадан құрылып жатқан бөлімге взвод командирлігіне шақырылады. Бұл кезде рота командирі, полк штабы бастығының көмекшісі болады. 1939 жылы әкесі Момыш қайтыс болады.

Мәскеу түбіндегі шайқас Бауыржан Момышұлының өміріндегі ерекше кезең болды. Жас сардар, 1073 атқыштар полкінің батальон командирі, аға лейтенант Бауыржан Момышұлы сарбаздармен қақаған қыста Мәскеу түбінің омбы қарына малтыға жүріп, бес рет қоршауды жарып шығып, жалпы саны 27 рет қол бастап ұрысқа кіріп, соғыс тарихында болмаған тактикалық маневрлер жасап, әскери өнерге жаңалық енгізген. Командир Момышұлы жетік стратег, асқан тактик, психолог еді.

1941 жылдың 16-18 қараша күндері аралығында Вермахтың Мәскеуге екінші дүркін шабуылы кезінде Б.Момышұлы басқарған батальон өз дивизиясынан қашықта Матронино селосының маңында Волоколам тас жолында аса ерлікпен соғысты. Комбаттың дарынды басшылығының арқасында неміс әскері бұл манда 3 күнге іркіліп қалды. Бұл ерлігінен соң жас комбат өз сарбаздарын қоршаудан соғысқа қабілетті жағдайда алып шықты. Алайда аласапыран шақта қысылтаяң жағдайға ұшыраған кейбір полктердің батальон, роталарымен байланысы үзіліп, жауынгерлердің қай жерде, қандай халде екенін білу қиынға соғады. Сондай жағдайға ұшырағандардың бірі - Бауыржан басқарған бірінші батальон еді. Баукең енді шегінудің нақты жоспарын жасайды. Батальонның алдында жүретін он бес адамнан құрылған барлаушы қойып, взвод – взводпен бөлек – бөлек болып, бірінің ізімен бірін жүргізе жылжуды ұйғарады. Батальон алдындағы барлаушыларды аға лейтенант Рахимов пен саяси жетекші Мұхаметқұл Слэмқұлов басқарады. Күндіз жау көзіне түспеу үшін жауынгерлеріне түнделетіп жүруді бұйырады. Күндіз қалың тоғайда танысып, түнде барлаушылар арқылы белгіленген бағытпен сақтана жүріп отырған жауынгерлер табандылық пен төзімділік көрсетіп, қалың қарағайлы тоғай ішінің қалың қарын омбылай жүре отырып, екі күннен кейін Новлянск пен Ивановск деревнясында панфмловшылардың 1075-полкінің бірінші батальоны тұрады екен. Бұлар әлі шайқасқа қатыспағандықтан тың тұрады.

Әдісқой, тәжірибелі комдив И.В.Панфилов бұл полкті уақытша әдейі резервте ұстап тұр екен. «Б.Момышұлы басқарған батальон түгелдей жау қолынан қаза тауып, жойылып кетті» деген лақапты естіген олар түгелдей аман оралған жауынгерлерді зор қуанышпен қарсы алды. Бауыржан бастаған батальон жауынгерлерін көргенде И.В.Панфилов қуанғаннан көзіне жас алады. Иван Васильевич көптен көрмеген бауырын кездестіргендей Бауыржанды қаусыра құшақтай алып, бетінен сүйіп: «Жарайсың, сұңқарым!» деп арқасынан қағады.

19 гвардиялық атқыштар полкінің командирі ретінде 1941 жылдың 26-30 қараша күндері гвардия капитан Момышұлы Мәскеу облысының Соколово деревнясының маңында неміс әскерінің шабуылын 4 тәулік бойы қайтарып, сәтті ұрыс жүргізді. 1941 жылдың 5 желтоқсанында

омыртқаға оқ тиіп, жарақат алды. Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен Аңыз» кітабында Бауыржан өзін санбатқа жеткізгенде дәрігерлер дереу госпитальға апару керек деп шешкендігін, бірақ ол тапаншамен дәрігерді қорқытып, оқты сол жерде шығаруды бұйырғанын айтады. Оқты алып, жараны таңғаннан кейін капитан Бауыржан Момышұлы ұрыс алаңына қайта оралады.

Кеңес әскерлерінің 1942 жылғы қаңтар – ақпан айларындағы ұрыстарында 8-гвардиялық дивизияның Бауыржан Момышұлы басқарған полк жауынгерлері ерекше көзге түсті. Дивизия екі ай ішінде батысқа қарай 500-600 шақырым алға басып, фашистердің мыңдаған солдаты мен офицерлерін саптан шығарады, жаудың көптеген техникасын жойып жіберді. 1944 жылы Комдив болып жүрген кезінде Дубровка деревнясының маңында болған ұрыс кезінде тағы қатты жараланады. Өз айтуынша құйымшақпен жерден шығып тұрған темірге құлаған екен. Біраз уақыт атқа отыра алмай және шалқасынан жата алмай жүрді, бірақ госпитальге бармады. Сол уақыттан 1944 жылдың наурызына дейін госпитальде жатады. Сол жылы Бас Штабтың Әскери Академиясының жанындағы офицерлердің біліктілігін арттыру курстарын бітіріп шығады.

1945 жылдың 21 қаңтарынан бастап гвардия полковник Бауыржан Момышұлы Екінші Прибалтика майданының, 6 гвардиялық армиясының, 2 гвардия атқыштар дивизиясын басқарды. 1945 жылдың ақпан – наурыз айларында Бауыржан Момышұлы басқарған дивизия Приекуле станциясының солтүстік – батыс жағында орналасқан неміс әскерінің үш бекінісін бұзып өтеді. Дивизия шабуылының нәтижесінде 15 елді мекен босатылды, ал жау әскеріне үлкен зиян тиген болатын.

Бауыржан Момышұлының қатардағы жауынгерлер жайлы айтқан нақылға бергісіз сөздері халқымыздың есінде. Даңқты қолбасшы солдаттың мінез-құлқын, парасатын, елі үшін шыбын жанын қиятын ерлігін ерекше бағалай білген. Соның арқасында оларды жеңістерге бастап, жігерлендіріп отырған. Бауыржан Момышұлы соғыс жылдарында адуынды да қатал әскери басшы болып қана қойған жоқ, сонымен қатар қарамағындағы жауынгерлер мен офицерлердің ақылгөй жетекшісі, зерделі де білгір, байыпты да мейірман тәрбиешісі де бола білді. Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының 1990 жылдың 12 желтоқсанында туғанына 80 жыл толуына орай Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді. Б.Момышұлының «Әділет қашанда жеңеді, ол кешіксе де келмей қоймайды» деген сөзі шындыққа айналып, ел тілегі орындалды.

Бауыржан соғыс уақытында “Серігім”, “Жазушыға”, “Қалыбек аға”, “Біреулерге”, “Омарбекке”, “Жардың мұны”, “Ана тілін ардақта”, “Досыма”, “Толғау” атты өлеңдер жазған. 1952-1956 жылы “Офицердің күнделігі”, “Бір түннің тарихы”, “Біздің семья” деген алғашқы кітаптары жарық көрген.

Бауыржан Момышұлы 1962 жылы Фидель Кастроның шақыруымен Куба еліне барады. Сапар барысында Куба басшысы Фидель Кастромен кездесіп, ол кісіге үлкен әсер қалдырады, Куба әскерілерінің алдында дәріс оқиды. Кубаға барған саяхаты жайында “Куба әскерлері” атты кітап жазады. Бауыржан Момышұлы Фидель Кастро мен Эрнесто Че Гевараның үлгі тұтқан тұлғасы болған. Бауыржан қазақ және орыс тілдерінде бірдей жұмыс жасады, өз кітаптарын өзі аударды. Сондай-ақ, қазақ, ұйғыр жазушылары мен ақындарының шығармаларын, өлеңдерін де орыс тіліне жиі аударған. Орыс жазушыларының шығармаларын Қазақстанда басылып шығуы үшін қазақ тіліне аударған. Прозадан тыс көптеген мақалалар жариялаған, әдеби сын, жолсапар очерктері саласында жұмыс істеді. КСРО Жазушылар Одағының мүшесі болды.

«Бауыржан Момышұлының жауынгерлік ерлігі бәрімізге белгілі. Ол жазушылық жолды таңдауы арқылы екінші рет ерлік көрсетті. Менің ойымша, оның екі ерлігі де бірінен кем емес», - деп жазады Кеңес Одағының батыры, генерал – майор, жазушы Петр Вершигора.

Әдебиет

1. Бауыржан Момышұлы екі томдық шығармалар жинағы 2 том Алматы «Жазушы» 2004 жыл
2. «Қазақстан тарихы» журналы. №4. 2003 жыл.
3. Тарихи тұлғалар танымдық – көпшілік басылым «Алматы кітап» 2006 ж.
4. «Қанмен жазылған кітап» Бауыржан Момышұлы Алматы «Қазақстан» 1991 350-360-беттер

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНДЕГІ ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Джорабекова Ұ.Т.

Қызылорда қаласы, Н.Ахмадеева атындағы №112 орта мектеп

Нақыл сөздер (Афоризмдер) - күрделі мәселелерді терең ете дәл жеткізетін ой шалымы кең, қысқа қайырымды шешен сөз. Ол - көп қырлы, түйіндеуге бай, көркемдік дәрежесі жоғары сападағы, қанатты сөз айшығы данышпан ақылдың төзінен, ой көзі айқын керінетін сөз жасаушы ұлы шебердің мүсіндеуінен шыққан іші - алтын, сырты - күміс сөз төресі. Нақыл сөздер үлгісі қазақ әдебиетінде ерте кезде-ақ ауызекі тіл өнерге, өнегеге айналған шақтан бері қалыптасқан. Олар мақал-мәтелдермен қатар туып отырды. Мақал-мәтелдердің өзі қазақтың елін, жерін, отанын сүюінің негізі болып табылады. Қандай бір халық болмасын отанын, елін, жерін сүймейтіні жоқ. Соның ішінде қазақ халқы да жалпы шығыс, оның ішінде түркі тілді халықтардай отанын, жерін, суын, табиғатын сүюге жастарды тәрбиелеу көне заманнан өзімен бірге дамып келеді. Ежелгі руна жазуымен тасқа жазылған «Күлтегін», «Білге қаған», «Ежелгі Руно», «Тоныкөк» жырлары ерлікке шақырады. Дүние жүзіне таралған «Қорқыт ата» кітабы, Жүсіп Баласұғұнның «Құтты білік» дастаны кісілікке, адамгершілікке, патриоттыққа, сөз өнеріне тәрбиелеуді үндейді. Батырлар жыры мен шешендердің даналық сөздерінде де тұнып тұрған тәрбиенің мектебін көреміз. Осыған орай қазақтың би-шешендерінің даналық сөздері ел бірлігін сақтауда, жақсы мен жаман қасиеттерді айыруда таптырмас сүбелі сөздер екенін байқаймыз. Сол шешендердің сөздеріне жүгінейік.

Төле Би:

Атадан ұл туса игі,

Ата жолын куса игі.

Өзіне келер ұятын,

Өзі біліп тұрса игі.

Қазыбек би:

Бір бала бар – атасына жете туады,

Бір бала бар – атасынан өте туады,

Бір бала бар – атасынан кері кете туады.

Әйтеке би:

Жігіттің жақсысы:

Дұрыс сөзге тоқтай білген,

Басқаны сөзіне тоқтата білген.

Жазба әдебиетімізде нақыл сөздердің бай негізін өзінің дидактикалық шығармалары арқылы Абай жасады: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң – Алланың сүйген құлының бірі боласың».

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін келтірген дала абыздары мен дана ойшылдары бұлармен бітпейді. Біздің қозғайтын тақырыбымыз қазақтың біртуар азаматы, от тілді, орақ ауызды тұлғаларының бірі Б. Момышұлының нақыл сөздері жайында болмақ.

Момышұлы Бауыржан (1910-1982жж) – екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Қазақ халқының даңқты перзенті Бауыржан Момышұлының аса күрделі өмір жолы Ел басындағы ірі тарихи кезеңдермен тұспа-тұс келеді. 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады.

Б. Момышұлы 1955 жылы әскер қатарынан толық босағаннан кейін жазушылық жолға түсіп, өзінің әскери мемуарлық шығармаларын жазуға кірісті. Жазушылықпен айналысып қана қоймай, Жазушылар Одағының қоғамдық өміріне етене араласып, әскери-патриоттық іс-шаралар ұйымдастырып, заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезовпен бірлесе отырып, үнді жазушылары мен Қазақстан жазушылар арасында шығармашылық көпір салып, сол қоғамдық ұйымды басқарды.

Мақал-мәтелдерді, ауыз әдебиетіндегі жыр, дастандарды, ертегілерді жастайынан жаттап, халық педагогикасын жадына сақтап өскен Бауыржан Момышұлы ұлттық тәрбиеге көп көңіл аударған. Ол кісінің ұлттық болмысымызды өне бойына сіңіріп өсуі ататегінен берілсе керек. Себебі Баукең дүниеге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата сұраған бабасы Имаш «Төл немерең – бел немерең ғой. Бата жөні де – өзіндікі» дегенде:

Алатаудың қыраны мол еді –

Қырағы болсын, құлыным.

Қойнауы суға мол еді –

Бұлағы болсын, құлыным.

Елінің тілегі зор еді –

Шырағы болсын, құлыным.

Ата тілегі оң еді –

Құмары болсын, құлыным.

Бұл жер батырлар төрі еді –

Сыңары болсын, құлыным, – деп бел немересіне осылай ақтарыла батасын берген екен.

...Жарық дүниеге келгеніме екі-үш ай болғанда, шешем мені күн көзіне шығарып, Имаш атамның алдына әкеліпті. Атам ерте көктем алдында ағаш отырғызып жүр екен. – Атасының қолын ұзартып, қолғабыс беруге келді, – депті шешем ізетпен иіліп. Атам еміреніп, мені алақанына алыпты. Қолыма жас бұтақ ұстатып:

Құрық деп берсем, құл болма,

Шыбық деп берсем, шіл болма.

Бәрінен де шырағым,

Баяны жоқ ұл болма, – деп келініне мені қайтарып берген екен, – деген өзінің «Ұшқан ұя» кітабынан-ақ Баукеңнің ділмарлығы, тілге жүйрік, сөзге шешендігі бабасы Имаштан берілген қасиет екенін аңғаруымызға болады. Осы ойымызды Бауыржан Момышұлы осы еңбегінде: «Кейде менің өнеге алған, тәлім үйренген, дәріс оқыған ұстаздарымды еске түсіріп, ойға бататыным бар. Сондай шырын шақтарда ең алдымен ата-аналарымның бейнесі елестейді. Солардың уағызы басымырақ бола береді... Өйткені есейе келе көрген көп ұстаздарым талай-талай тағылымға бой ұрғызғанымен, солардың бірде-бірі нақ өзімнің әжемдей, әке-шешем мен ауылдың қадірлі ақсақалдарындай өсиет айдынына жүздіре алған жоқ, молынан құлаш сермете алған жоқ десем, ардақты ұстаздарымның көңіліне келмес. Бұл сезім өзіме қанымның тартқанынан немесе жақыныма сезімімнің бөлектігінен, әлде ата-анаға деген парызымның молдығынан ғана туып отырған жоқ. Өмір шындығының өзі ақиқатқа бас ұрары даусыз» – деп еске алуы сөзімізді дәлелдей түскендей. Өзінің «Бата» атты әңгімесінде, туған аулына келіп, ынтымағы кеткен елді, қадірі жоқ кемпір-шалды, берекесіз, бейбастақ келін мен қызды, дөрекі, масаң бозбаланы көріп ызаланған Баукең дастарқанға ас қайырып, үй иесіне бата бергенде де, бұрынғы халықтық бата-тілекті қайта жаңғыртып:

«Я, құдай,

Тозақтың отынан сақта,

Қаңғыған оқтан сақта,

Парақор соттан сақта,

Кірлі сумен жуыстан сақта,

Ынтымақсыз туыстан сақта,

Қапажүрек батылдан сақта,

Көкдолы қатыннан сақта,

Колхозды жеген бастықтан сақта,

Нанды басқан кесірден сақта,

Кеудесін керген келіннен сақта,

Мезгілсіз келген өлімнен сақта,

Татымсыз тұзыңнан сақта,

Ұятсыз қызыңнан сақта,

Жастарында әдеп жоқ,

Өлгенінде бәтуа жоқ құр айғай,

Шат-шәлекей даңнан сақта!» – деп бата беруі қазіргі заманның өзінде де маңызын жоймаған ескірмеген бата деуге болады.

Бауыржан Момышұлы «Патриотизм, мен Отанды сүйемін, ол үшін жанымды беремін деген бос сөз емес. Менің өмірден тоқығаным: Отанға сүйіспеншілік ата-анана, бауырларына, туып өскен аулыңа, қалаңа, өз ұлтыңа деген махаббаттан басталады» деген екен. Түсінген адамға осы сөздердің ішінде талай мән жатыр.

Батыр Баукеңнің «Ана үшін аянба-ант ұрады

Бала үшін аянба –бетің күйеді

Ел үшін аянба-ерлігіңе сын

Жұрт үшін аянба-жігіттігіңе сын» деген даналық сөзінде жас ұрпақты ана, бала,ел, жұрт алдындағы парызын өтеуге шақырғандай. Бауыржан атамыз артына жетпіске жуық мақал-мәтелдер қалдырған. Ол мақал-мәтелдеріне «Үлкенді ізетте, кішіні күзетте көр», «Ерлік білекте емес, жүректе», «Отанда опасызға орын жоқ», «Тізе бүгіп тірі жүргеннен, тік тұрып өлген артық» деп халық атынан ащы да әділ үкімін пайымдайды.

Халқымыздың маңдайына жарқырап біткен өр ұлы, қайталанбас тұлға Бауыржан Момышұлының шайқастағы ерлігі, жауына қатыгездігі, ұрпаққа өсиет еткен ұлттық тәлім - тәрбиесі, терең ойлы қаламгерлігі жайлы айта берсек таусылмас қазына. Өскелең ұрпақ тәрбиелеуде Б.Момышұлының ұлттық рухта жазылған мұралары, ерліктері, бүгінгі ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісінде негізгі құрал болмақ. «Отанды сүйер болсаң, Бауыржандай сүй» деп Ө.Нұршайықов айтпақшы,батыр шығармаларындағы даналық ойлар әр жасқа жігер берері сөзсіз!

Әдебиет

1. Адамбаев Б. Алтын сандық. Әдеби мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 200 б.
2. А.С. Ақтанова, А.К. Жундибаева, Л.К. Жүмекенова Жалпы білім беретін мектептің 8 сыныбына арналған оқулық Алматы «Атамұра» 2018.
3. Егембердиева Ж. Өмірдің өзі дастан. – Алматы: Жазушы, 1990. – 319 б.
4. Токбергенова Р.Аты аңызға айналған ғұмыр.//Тәрбие жұмысы. 2007 ж.№5.16б.

БАТЫР ТҰЛҒА – БАУЫРЖАН

Берденова Т.К.

Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектебі

Жамбыл облысы,Т.Рысқұлов ауданы, Каменка ауылы. С.Ж.Шәу № 1

Тарих және география пәнінің мұғалімі

«Отанға деген сүйіспеншілік – еліміздің келешегіне, оның кемел ұрпағына біздің аманат етер ең қасиетті өсиетіміз деп білейік. Отанын Бауыржан Момышұлындай сүюді өнеге етіп қалдарған басқа қаламгер жоқ»

Н.Ә.Назарбаев

Қазақ елі өз еркіндігін алғаннан кейін тәуелсіздікті нығайтып, саяси әлеуметтілікті тұрақтандырып, болашақ қазақстандықтардың патриоттық рухын қалыптастыру және оны дамытуды басты мақсат етіп қойды. ҚР тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның барлық азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру – біздің басты мақсаттарымыздың бірі, - деп көрсетті. Қазақ халқының тарихына үңілсек, көшпелі қазақ елі еш уақытта өзге елге басқыншылық соғыс жүргізген емес. Ал, өз жерін, елін қорғауға келгенде қазақ сарбаздары көзсіз батырлығы мен ерлігін, Отанын көзінің қарашығындай қорғайтынын жауларының өздері де мойындаған. Ұлы Отан соғысы кезінде қазақ батырлары нағыз патриоттық ерлігін көрсетті. Қазақ халқының даңқын шығарып абыройын асырған, айтулы ұлдарының бірі - гвардия полковнигі, жазушы, Совет одағының батыры Б.Момышұлы есімі қазақ еліне таныстыруды қажет етпейді. Ол «Халық батыры», ол «даңқты әскери қолбасшы», ол «көрнекті қаламгер» деген ұғыммен ұрпақ санасында біте қайнасқан.

Ол тұтас алғанда Нағыз Қазақ аса қастерлі, мәртебелі биік тұлғасымен танылған еді. Туған ұлты үшін ұран салып, ұлт намысын таптатпай, ұлт байрағын құлатпай, айбынды ұстаған Бауыржан атамyzды өз халқы шексіз сүйіп мерейін асырды.

Баукең үйреткен тағлым - Ұлы сенім, Болашаққа деген сенім еді. Бауыржан үйреткен тағлым - ұлы шындық. «Жалғандықтың балын жалап өмір сүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық» деп Баукең сияқты орақ тілді, от ауызды жаужүрек азаматтар ғана кесіп айта алады.

Баукең үйреткен тағлым - өз халқыңды ағынан жарылып, жанындай жақсы көру.

Бауыржан үйреткен тағлым - Ұлт ар-намысына, Ұлт тарихына, ұлт санасына, ұлт мәдениетіне қамқор болу еді.

Елбасымыздың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ!» атты Қазақстан халқына жаңа Жолдауында айқындалған Даму Стратегиясы – алдағы патриоттық рух салтанатының көзі, жеңісіміздің кепілі! Н.Ә.Назарбаев: «Отанға деген сүйіспеншілік - еліміздің келешегіне, оның кемел ұрпағына біздің аманат етер ең қасиетті өсиетіміз деп білейік. Отанын Бауыржан Момышұлындай сүюді өнеге етіп қалдарған басқа қаламгер жоқ» - деп айтқандай, Бауыржан Момышұлының отаншылдығы патриоттық тәрбиеде баға жетпес құнды құрал болып табылады.

Туған жерлі жақсы көру, құрметтеу, өз еліңе адал қызмет жасау, үздіксіз білім алу, бәсекеге қабілетті болу т.б асыл қасиеттер - патриотизмнің құрамдастығы болып табылады. «Патриотизм – Отанға, 16 елге деген махаббат!», «Адал болу – қасиет, азамат болу – міндет, патриот болу – парыз» деген Бауыржан Момышұлының асыл сөздері бар. Бауыржан Момышұлының өмірі тұнып тұрған – өнеге. Ол кісінің өнегелілігі сол, ол – елі мен туған жерін нағыз сүйген, үнемі адал еңбек еткен, сын сағатта оны жан аямай қорғаған және қол бастап, жауды жеңуге ерен үлес қосқан батыр.

Батырлық пен батылдық иесі Бауыржан Момышұлы – тау тұлға. Аты аңызға айналған батырымыздың сұрапыл соғыс жылдары ерлігі мен өжеттілігі келешек ұрпаққа ұлы тәрбие болып отыр. Бауыржан Момышұлы алмас қылыштай өткір де, қайсар «сөз қадірін өз қадірі, өз қадірін ел қадірі» деп білген, бағалаған ұлы тұлға.

Ұлы Отан соғысының батыры атамyz Бауыржан Момышұлының жеке басына тоқтала кететін болсақ ойшылдығымен, отаншылдылығымен, ұлтжандылығымен, батырлығымен жоғарғы қасиеттерге ие болған асыл тұлға. Бауыржан ағамыз соғысты өз көзімен көрген жазушы. Ол кісінің айтар ойы, жазар шығармасы – соғыс шындығы. Ол өз шығармасының кейіпкері, өзінің бейнесін тұтастырған. Кез келген шығармасын алып қарасақ та бел ортасында өзі жүрген, өз бейнесін, қимылын суреттеген. Халық оның жазған, ерлік, батырлық жайлы кітаптарын біледі. Әр шығармасындағы даналық сөздері де әлі күнге дейін ел аузында жүр.

Момышұлы Бауыржан (1910-1982) – екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Туған жері – Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекені. Бауыржан жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Туған ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота, командирі болады. Батыр – табиғаттың сыйы емес. Бұл патриоттық борышынды орындау үшін Соғыс жылдары 210-ден артық шабуылға шығып, бірнеше рет жараланса да, ешкімге иек бермей батырлық ар намыстың басты тұлғасы болғанын білеміз. Соғыс – елдік пен ерлікке сын дүние болып табылады. Бауыржан атамyz елінің батырлық, адамгершілік, әділдік рухымен қаруланған сарбаздардың бірі болды және қасындағы жауынгерлерді де осы рухқа шақырды. Қазақ халқының жауынгерлік салт дәстүрі, жау жүректілігі мен ерлігі Бауыржанның қолбасшылық тұлғасынан ерекше көрініс тапты.

Соғыс жылдарында Баукеңнің атағы тек қазақстандықтарға ғана емес, майданда жүрген қатардағы солдаттан бастап генералдарға, алыс-жақын шет мемлекеттерге дейін жеткені, оның батальон командирінен бастап дивизияны басқарған уақыттарында көрсеткен ерліктері ел аузында аңыз ретінде айтылып жүр. Бірақ, мұның барлығы – ақиқат. Әзілхан Нұршайықов ағамыз «Ақиқат пен аңыз» атты романдиалогында Баукеңмен соғыста сырттай қалай таныскандығы жөнінде әдемі суреттеп береді. 1943 жылдың жазында 100-Дербес атқыштар бригадасының құрамында жүрген Әзілхан ағамыздың қолына «Знамя» журналының 5- номері тиеді. Онда Александр Бектің «Панфиловшылар алғы шепте» атты повесі жарияланған болатын. Әзекең бұл повесті күндіз

тоқтай қалғанда күннің жарығымен, түнде қонған жерде айдың жарығымен оқып жүргенде сол журналдың 6-номері келеді. Повесті оқимын деп түнде зеңбіректің аккумуляторының жарығын тауысып алады. Бұны ертеңгісінде білген взвод командирі лейтенант Полянец үш тәулікке гауптвахтыға қаматуға шешім қабылдайды. Жолда солдаттар Әзекенді айдап келе жатқанда дивизион командирі майор Сахонь кездесіп, не үшін тұтқындалғанын сұрайды. Түнде кітап оқимын деп зеңбіректің жарығын тауысып алғанын айтады. Майор Сахонь бұл кінәні алып тастайды, өйткені зеңбіректің жарығын тауысқанымен панфиловшылардың ерлігін, соның ішінде Бауыржан Момышұлының батальоны бес рет қоршауда қалып, одан шыққан ерліктері жөнінде жауынгерлерге әңгімелеп, жүректеріне от жаққанымен байланысты болады... Баукеңнің Мәскеу үшін шайқастарда көрсеткен ерліктері ұшан-теңіз, бірақ бірнеше себептермен оның ерліктері ескерусіз қалады. Атап айтсақ: 1941 жылы 26-шы қазанда Момышұлы жолдас, батальон командирі кезінде, оң жақ рубежде болған табан тірескен ұрыстардан кейін қоршаудан шығып, Волоколамск қаласына 690 адамды, 18 артиллерия жегінін, 30 пәуескені 10 аман-есен алып келеді. Сөйтіп, 35 шақырымға созылған аралық рубежде ұйымдасқан түрде ұрыс жүргізе отырып, жау қоршауын бұзып өтіп, дивизияға келіп қосылады. 1941 жылы 16-20 қараша айының аралығында Момышұлының батальоны Волоколамск тасжолының бойындағы Горюны деревнясы ауданында, Матренино темір жол станциясында тағы да жау әскерінің қоршауында қалып, қиян-кескі ұрыс жүргізеді. Дұшпанның Мәскеуге шабуыл жасап бара жатқан басты күшін қақ ортасынан бөліп тастайды. Осы жағдайды пайдаланған дивизияның бөлімдері келесі рубежге барып бекінеді. Момышұлы батальонының бұл қимылы тағы да дивизияның негізгі күшін шабуылдап келе жатқан жаудың соққысынан аман сақтап қалды. Осы ұрыстарда батальон 600-дей гитлершілерді жер жастандырды, 6 танкіні құртады. Тағы бір ерен ерлігі, он үйі бар Лопастино деген деревняда 1941 жылы 25-ші қарашада Баукең бір ПТО, екі миномет, екі станокты пулеметпен қаруланған жарты взвод жауынгерлерді бастап, жау тұрағына түнде шабуыл жасап, 200 неміс солдатын жояды.

Баукеңнің соғыс жылдарындағы қызмет бабы мен әскери атағы мынадай болады:

1. 1941 жылдың шілде айында атқыштар батальонының командирі, аға лейтенант.
2. 26.11.1941 ж. 1073 атқыштар полкының командирі, аға лейтенант.
3. 10.12.1941 ж. 1075 атқыштар полкы командирінің орынбасары, аға лейтенант.
4. 23.02.1942 ж. 1073 атқыштар полкының командирі, капитан.
5. 1943 жылдың желтоқсаны мен 1944 жылдың наурыз айлары аралығында демалыста, полковник.
6. 1944 жылдың мамыр мен қазан айлары аралығында К.Е. Ворошилов атындағы Жоғары Әскери Академиясының жанындағы білім жетілдіру курсының тыңдаушысы, полковник.
7. 21.01.1945 ж. 9-шы гвардиялық дивизия командирінің орынбасары, полковник.
8. 28.03.1945 ж. 9-шы гвардиялық дивизия командирі, полковник.

Әскери атақтары жөнінде Батыс майданы әскерлеріне арналған №0413 бұйрық бойынша 1941 жылы 19-шы желтоқсанда капитан, Калинин майданы әскерлеріне арналған №0143 бұйрық бойынша 1942 жылы 10-шы мамырда майор, ал Қорғаныс Халық Комиссариатының №06190 бұйрығы бойынша 1942 жылдың 2-ші қазанында подполковник. А.Бек пен Ә.Нұршайықовтың «Арпалыс» және «Ақиқат пен аңыз» батыр атамyzды да, өздерінде де жұртшылыққа кеңінен таратқан шығармалары болғаны баршамызға аян. Олай болса бұл екі шығарманың жазылуына Б.Момышұлының сіңірген еңбегі аз емес. Екі автор да кейіпкердің баяндауынан аса көп ауытқыған жоқ. Қайта оқырман көңілінен шығатындай үлкен туындыға айналдырды. А.Бектің «Арпалыс» романын деректі шығармалардың қатарына и жатқызсақ, Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» роман-диалогы қазақ 11 прозасында бұрын-сонды болмаған жаңа үлгідегі шығарма еді. Басынан аяғына дейін журналистік стильмен сұрақ-жауап, яғни интервью сипатында жазылды.

«Москва үшін шайқас» романына қайта оралатын болсақ, Б.Момышұлы өзінің басынан өткізген сұрапыл күндердегі шытырман оқиғаларды жүйелі түрде жеке-жеке тақырыптарға бөліп, рет-ретімен шығарманың композициясын құрған. Мәскеу түбіндегі ұлы қырғындағы оқиғалар арқылы кейіпкердің 1941-1945 жылдар аралығындағы өсу жолын анық көреміз. Отызға әлі толмаған аға лейтенант аз уақыттың ішінде өзі басқарған батальонды дивизияға, кейіннен армия құрамындағы үлгілі батальон етіп шығарды. Жай ғана үлгілі батальон емес, батырлар батальонына айналдырды. Соғыста жалғыз Момышұлы батальон басқарған жоқ, батальон басқарғандар армия құрамында көптеп кездеседі. Бірақ оның барлығы аға лейтенант емес, азы капитан, біразы майор.

Кейбір деректерге сүйенсек, қоршауда қалған кеңес құрамаларының көпшілігі із-түссіз жойылып кетіп отырған. Олардың арасында батальон, полк, дивизия түгелдей жойылып кеткен

кездері болған. Осы тұрғыдан келгенде Б.Момышұлы әскери мыңбасы ретінде басқарудың өзіндік үлгісін көрсеткен адам. Олай болса, бес рет қоршау бұзып, айтып жеткізе алмас ерліктер жасаған Б.Момышұлының ерліктері неге ескерілмей қалды деген заңды сұрақ туындайды. Бәсе, неге ескерілмеді екен? Оның ол кездегі ешкімге ұқсамайтын фамилиясы ма, жоқ әлде шындықты шімірікпестен бетке айтатын қайтпас қайсар мінезі ме? Меніңше екеуі де секілді. Ә.Нұршайықовтың: Сізге неге батыр атағы мен генерал атағын бермеді деген сауалына ол, бұған менің де қосқан үлесім аз емес деп өзінің мінезі мен фамилиясын меңзеген. Алайда, 1941 жылы қараша айында Панфилов өз қолымен Бауыржан Момышұлын сол кездегі жоғары награда Ленин орденіне ұсынған екен. Арада біраз уақыт салып, тағы да Панфилов Момышұлының ерліктеріне тәнті болып, оны Совет Одағының Батыры атағына ұсынады. Ол кезде Б.Момышұлы бұл марапаттардың бір де біреуін алған жоқ. Неге бұлай болғаны осы күнге дейін белгісіз күйде қалып отыр. Соғыстың қайнап тұрған кезінде дивизия командирі генерал Панфиловтың ұсынысы неге аяқсыз қалды деген ой кімді болса мазалауы сөзсіз. Осы жерде тағы бір мәселеге көңіл бөлейік. Б.Момышұлы аға лейтенант кезінде полкті басқарғаны көпшілікке мәлім. Бұл туралы армия қолбасшысының өзі тағайындау туралы бұйрыққа қол қойып тұрған кезде: - Момышұлы жолдас, басқа армияны білмеймін, ал мен басқарып отырған армияда сізден басқа полк басқарып отырған аға лейтенант жоқ, - деді. Осы сөздің астарында көп мән жатыр. Біріншіден, соғыстың қайнап тұрған кезінде, құрамында он шақты мың адамы бар полк басқару түгіл, құрамында отыз адамы бар взвод басқарудың өзі қиын екенін айтқан орынды болар. Екіншіден, бұл мәселеге жүйелі түрде келетін болсақ, ол кезде де, қазір де, әскери устав бойынша аға лейтенанттар взвод, ары кетсе рота басқарады. Ал, Б.Момышұлы бірден батальонды қабылдап, бір жылға 12 толар-толмас уақытта сол әскери шенімен полк басқарды. Шындығына келсек, әскердің уставы бойынша полкті подполковник немесе полковник шеніндегі әскери адамдар басқаруға тиіс-ті. Әлбетте, 1073 полкті басқаратын жоғарғы шенді офицерлер табылмай қалған жоқ шығар. Жоғарғы әскери басшылар Б.Момышұлының біліміне, қабілетіне қарап көптің ішінен таңдап алып, тағайындағаны сөзсіз. Ол кезде Б.Момышұлының әскери жоғары білімді соғыс аяқталғаннан кейін, әскери академияны бітіргеннен соң алды. Осындай ерен ерлігімен аты аңызға айналған Бауыржан Момышұлы бабамыздың Ұлы Отан соғысында көрсеткен ерлігі, әсіресе Мәскеу түбіндегі ерлігі ғасырдан-ғасырға жалғасын табатын құбылыс. “Отан үшін отқа түс - күймейсің” деген ұраны барлық қазақ халқын туған жерін сүйге, Отанын жаудан қасық қаны қалғанша қорғауға шақырады. Қаһарман Бауыржан Момышұлының ерлігі кешегі елін, жерін, тілін қорғаған атабабаларымыздың ғасырда бір-ақ рет қайталанатын ерлігінің жалғасы. “Адам кеудесінде жаны барда Отаны үшін күресуі тиіс”-деген Әлішер Науаидың сөзін Баукең қалай орындаған десеңші...

Атақты, әрі даңқты батыр Бауыржан Момышұлы өзінің «Москва үшін шайқас», «Қанмен жазылған кітап» т.б кітаптары арқылы келешек жастарды отансүйгіштікке тәрбиелейтін басты құрал бола алады. Бауыржан Момышұлы атамыздың «Ел дегенде еміреніп, жұт дегенде жұмыла қызмет ет», «Отан үшін отқа түс – күймейсің!» т.б өсиеттері Отанды құрметтеуге шақырады. Батыр атамыз осы нақыл сөздермен келешек ұрпағының нағыз адам болуларын қалады. Халық батыры Бауыржан атамыздың - ұлттық болмысты қалыптастыру- 17 шы қаламгер ретінде танылды. Халық оның ерлігін, жазған әңгімелерін және ғибратқа толы дүниелерін біледі. Бауыржан Момышұлының мірдің оғындай нақыл сөздері бүгінгі күнге дейін халықтың аузында жүр. Дана халқымыздың «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді» деген ғибрат сөздерін Бауыржан Момышұлы орынды пайдаланды және үлгі қылдырып алды. Ғибратты, қанатты сөздер жайдан- жай тумайды және кез келген адам ойдан шығара бермейді. Міне, Баукең осындай адам. Ол кісінің нақыл сөздері Отанға, туған жерге, адал еңбекке, әдебиет пен тәрбие-тәртіпке арналған болып отыр. «Намысты нанға сатпа», «Ердің туы - намыс», «Ұшқынсыз от тұтанбас» т.б сөздері кез келген саналы адамның ойында жатталған ұлағатты сөздер.

2010 жылы 14 қыркүйекте Алматы қаласында "Қазақтың Бауыржаны" атты деректі фильм көпшілікке таныстырылды. Оны үкіметтің тапсырмасымен батырдың 100 жылдың мерейтойына арнап режиссер Қалила Омаров түсірген болатын. Осы жылдың 10 желтоқсанында Алматы қаласындағы 28-панфиловшылар саябағында соғыс қаһарманы әрі жазушы Бауыржан Момышұлына арналған ескерткіш салтанатты түрде ашылды. Жалпы биіктігі 6 метр болатын батырдың мүсіні қоладан, ал ескерткіштің қалған бөлігі граниттен құйылған.

2010 жылы Қазақстан бойынша батырдың 100-жылдығына арналған мерекелік іс-шаралар өтіп, оның 30 томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Қазақстанда батыр атына Алматы, Атырау, Тараз, Семей қалалары және Жамбыл облысында көше берілген. Осы күнге дейін Бауыржан Момышұлына арнап бірнеше фильм түсіріліп, кітаптар жазылды. 1967 жылы режиссер

Мәжит Бегалиннің фильмінде "Артымызда Мәскеу" фильмінде батырдың рөлін Кәукен Кенжатаев сомдады. 2013 жылы режиссер Ақан Сатаев "Бауыржан Момышұлы" атты телехикая түсірді. Бақытжан Момышұлының "Восхождение к отцу", "Во имя отца" және "Сыновья великого волка" атты кітаптары мен Зейнеп Ахметованың "Шуақты күндер" туындысы Бауыржан Момышұлына арналады. Даңқты қолбасшы сарбаздардың елі үшін шыбын жанын қиятын ерлігін ерекше бағалай білген. Оның қатардағы жауынгерлер жайында айтқан нақылға бергісіз сөздері халықтың есінде мәңгіге қалмақ.

Қорыта айтқанда, Бауыржан Момышұлы бірнеше орден, медальдармен наградталды, Кеңестер 18 Одағының батыры атағын алады. Алайда халықтың өзі «батырым» деп танып, ардақтаған қаһарман ұлына Отан соғысы біткеннен кейін жарты ғасырдай уақыт өткенде барып берілген болатын. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен оған «Халық қаһарманы» деген атақ берілді. Бауыржандай алыбымызды ардақтай білейік, ұлтымызға ұран болған ұлы тұлғамызды ұлықтай білейік. Тек қана қара дүрсін сөзбен емес, Бауыржан атамыздай батырдың атын дәріптейтін игі істермен, тиянақты тірліктермен дәлелдеуге тырысайық.

Әдебиет

1. Ахметова З. «Шуақты күндер»
2. «Санат» журналы 1994 ж.
3. Баялиев «Рух күші Б.Момышұлы» Ақ жол // 26 тамыз, 2000 ж.
4. Байтуов «Бір сұхбаттың тарихы» Ақ жол 7 ақпан, 2001 ж.
5. Момышұлы Б. «Ұяда не көрсең» Алматы «Жалын» 1988 ж.
6. «Б.Момышұлының "Ұшқан ұя" повесіндегі мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні.» Ұлт тағлымы. // № 1, 2003 ж.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ- АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

Бүтінбай Ш.С.

Ғылыми жетекші: Шолпанқұлова Қ.А.

М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Бауыржан Момышұлы- аты аңызға айналған ұлы тұлға. Белгілі жазушы, атақты қолбасшы, нағыз халық батыры. Батыр туралы бірнеше кітаптар әңгіме – жинақтар көптеп жазылған . Дегенмен, бір нәрсе жетіспейтін сияқты. Ол-батыр атамыздың ерлігінің марапаты жайлы толық түсінбеушілік болып отыр.

Батыр атамыз 1910 жылы желтоқсан айының 24-ші жұлдызында Жамбыл облысы, Жуалы ауданында дүниеге келген. Бала кезінен әкесі Момыштың (Момынәлі) тәрбиесін жадына терең құя білген батыр атамыз, өзінің өмір жолында кездескен сан-салалы белестерді сонау балалық шағында сіңірген тәлім-тәрбиесі мен жауынгерлік рухын ұштастырып бағындырды.

Аңыз адам. Еркеше тұлға, жан-жақты, тік мінез-құлық пен әскери ерліктің батылдығы, әскери төтенше жағдайындағы жауынгер психологиясының жазушысы мен зерттеушісі, яғни Бақыржан Момышұлының өмірбаянында-Мәскеу түбіндегі шайқас ерекше орын алады. Ол генерал И. В. Панфиловтың басқаруымен 316-шы атқыштар дивизиясының құрамында соғысты. Сол кезден бастап алғаш рет Бауыржан Момышұлының дарынды командир екендігі айтыла бастады. 7 қарашада генерал Панфилов Волоколамск бағытындағы ерліктері үшін, аға лейтенант Момышұлын Ленин орденіне (сол кездегі елдің ең жоғары наградасына) ұсынды. Бірақ марапат қағазының тағдыры әлі белгісіз болды.

Панфилов дивизиясының жауынгерлері мен командирлерінің ерлігі туралы белгілі жазушы А.Векпен «Волоколамское шоссе» атты тамаша әңгіме жазылған, онда көптеген беттер батыл жауынгерге, қазақ офицеріне, біздің жерлесімізге арналған. А.Век оқырмандарға панфиловшылардың ерлігі туралы айта отырып, Момышұлының іс-әрекетіне баға береді. Ол бірден жазушыға былай деп: «Сіз тек шындықты жазасыз, егер олай болмаса, мен өзім сізге қолымды кесіп беремін», қатаң шарт қойды.

Мәскеу көркем театрының әртістері Алматыға «Волоколам тас жолын» сахнада құруға келгенде, генерал Панфиловты ойнаған Георгий Бурков: «мен қазақтар Мәскеуді қорғады деп әрдайым айттым және айтамын!»деді.

Момышұлының әскери өмірбаянында басқа да даңқты ерліктері аз болған жоқ. Момышұлының елеулі жауынгерлік еңбегін ескере отырып, полковник И.И. Серебряков 42-ші жылдың тамызында Кеңес Одағының Батыры атағын беруге Бауыржан Момышұлын ұсынды.

Бұл марапаттау қағазы жайлы да ақпараттар белгісіз. Біздің батырымыздың кейінгі жауынгерлік еңбектері де лайықты атап өтілген жоқ. Момышұлы – Қызыл Ту, I дәрежелі Отан соғысы және Қызыл Жұлдыз атты үш жауынгерлік орденмен марапатталды...

Осы тұста ақылға қонымды сұрақ туындайды: Момышұлының әскери ерліктері неліктен өз уақытында лайықты бағаланбады? Мүмкін соғыс уақытындағы жаңылысу әсер еткен шығар? Бірақ неге Момышұлы? Оның тұлғасы сол кездің өзінде өте әсем және көрнекті болды, ал аты қатты болды. Мүмкін, соған қарамастан, оған қатысты билік басындағылардың бірінің теріс көзқарасы бірнеше рет көрінді ме? Бұл Бауыржан Момышұлының қатты мінезімен және тік сызықты болмауымен ерекшеленуінен сияқты. Ол әрдайым мәселерді тереңінен ойланып айтты, ешқашан ешкімге бейімделмеген. Оның сөздері мен іс-әрекеттерінің сыртқы қайшылықтарына қарамастан, ол өте адал және батыл адам болған. Момышұлы ешбір жаннан қорықпады. Өзіне талап қоя отырып, ол мұны басқалардан да талап етті. Ол өз уақытында тік мінезділігімен көптеген басшалардың «көреалмаушылығына» тап болды. Сондықтан қиындықтар көбінесе онымен бірге жүрді, оның есімінің айналасында көптеген мәселелер болды. Ал жалпы түсініспеушілік ауыртпалығын Бауыржан өмір бойы бастан өткерді. Ол бірбеткей адам ретінде танылды, сондықтан олар марапаттар мен атақтарды жоққа шығарып, елемеді. Бауыржан нағыз жауынгер және батыр болған. Сонымен қатар, ол тәуелсіз пайымдаулардың адамы болды. Ол Қазақстанның ыстық патриоты болды, өз Республикасын, халқын жанқиярлықпен жақсы көрді. Құйтырқы саясат демеушілері Бауыржан атамyzды ұлтшыл деп, әрдайым жолын кескестеді.

90-шы жылдардың басында Р. Қошқарбаев, Қ. Қайсенов және бақилық болғаннан кейін Б. Момышұлы Кеңес Одағының Батырлары атағына ұсынылды. Олар нағыз даңқ иелері, батыл және Отанға шексіз адал адам ретінде бүкіл елге ианымал еді. Мәскеуден Берлинге дейінгі бүкіл соғысты Бауыржан атамyz орасан зор ұрыс тактикасының шеберлігімен сәтті аяқтап отырды. Оның көз алдында жолдастары қайтыс болды. Төрт жыл жерде, траншеяларда. Ұйқысыз, мазасыз түндер, қатыгез шайқастар. Бәріне қарамастан, Бауыржан атамyz қарапайым адами қасиеттерін сақтай білді. Және ол өз сыйлығын алды. 1990 жылдың 11 желтоқсанында М. Горбачев Жарлыққа қол қойды, ал 31 Желтоқсанда Б. Момышұлының ұлы Бақытжан бұл марапатты Қазақстанның Тұңғыш Президентінің қолынан алды.

Біздің атақты жерлесіміздің ұрыс тактикалық білімін өзінен кейінгі ұрпаққа жеткізу мәртебесі соғыстан кейін де жалғасты. Ұлы жеңістен кейін Б. Момышұлы Кеңес Армиясы Бас штабының Әскери академиясын сәтті бітіріп, кейінірек әскери-педагогикалық қызметпен айналысты. Білімді адамдар оның тактика саласындағы идеялары-батылдық пен жаңалықпен ерекшеленді дейді. Ал оның 43-ші жылы Ұлттық академияда оқыған дәрістерінің стенограммасы (ол кезде ол Алматыға жаралануы бойынша демалысқа келген) жеке кітап болып шықты. Қазіргі әскерилер атамyzдың «Соғыс психологиясы» атты еңбегін әскери іс бойынша таптырмас оқулық дейді. Атамyz бірақ полковник болып қалды, ал 1956 жылы отставкаға кетті. Ол уақытта небәрі 46 жаста болатын.

Б. Момышұлы жазушы және азамат ретіндегі өзінің мүмкіндіктерін, жауапкершілік өлшемін байсалды таразылап, бағалауын, өзінің бастан кешкен қиындықтары мен өзін қолға ала отырып қорқыныштарын жеңгендігі жайлы тәжірбиелерімен бөлісу үшін, қаруын қауырсынға ауыстырды. Оның есімі адамдарға құрмет пен таңдану сезімін тудырды. Бауыржан атамyz бақталастықты, сасқалақтықты, жағымпаздықты ұнатпады. Бұл қасиеттер оның адал табиғатына жат еді. Ол майданда көрген және бастан кешкен нәрселер туралы жазды, ол дірілдеп, жадында мәңгі қалды. Қауырсын оған соғыс туралы шындықты және майдандағы қиындықтарды өзінің отыз сегіз дәптер, күнделіктерін толтыруына көмектесті. Гвардиялық Панфилов дивизиясының солдаттары мен офицерлерінің ерлігіне арналған «За нами Москва» атты кітабы қарапайым сарбаздарға, Отанға деген үлкен махаббатпен бейнеленіп жазылған. (1958 жылы жарық көрген).

Б. Момышұлының жазушылық дарыны жайлы отандық әдебиеттің майталманы Мұхтар Әуезовті де атап өтті: «Мен сенің жауынгерлік ерлігің ғана емес, сондай-ақ сенің әдеби еңбегіңнің

де бағаланғанына өте қуаныштымын. Ал Момышұлы өзінің «бір түннің тарихы» атты алғашқы кітабымен өзін талантты жазушы ретінде танытты». Екіншісі-академияда оқыған жылдары жазған «Біздің отбасымыз» бірден танымал болды. Онда жазушы өз халқы, тарихы, әдет-ғұрпы, халқы туралы шынайы да нақты айтты. 1976 жылы бұл кітап Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығына ие болды. «Мәскеу бізден кейін» әңгімесі соғыс жылдарындағы сарбаздардың Ұлы ерлігі туралы нақтылы жұмыстардың бірі. Жазушы бізді сол қайғылы оқиғаларға қатысушылардың ащы және қиын тағдыры жайлы толық даяндады. Автор бүкіл соғысты басынан аяғына дейін өткізді. Ол өз жолымен адамдардың санасында болып жатқан оқиғаларды, терең процестерді жеткізе алды, бұл адамның адамгершілікке жатпайтын жағдайда да адам болып қала алатындығының дәлелдері іспеттес.

Момышұлы өте сауатты сөйлеп, екі тілде жазған. Ол мұны былай түсінді: Ана тілі ана тілімен, орыс тілін басқалармен біріктіреді. Ол « бір тілді білу-бір адам. Екі тілді білетін адам екі адамға лайық»-деп санады.

Оның қаламынан шыққан қанатты сөздер мен өрнектер дәлдік пен тереңдікті, сұлулық пен адамгершілікті іжетілдіреді. Оның дәл айтқандары шын мәнісінде таңғалдырады, жан-жақтылығымен және әртүрлілігімен. Мысалы:» намысты нанға сатпа»,» ұлттық сезім – сезімге лайық»,» өз халқыңды сүй – басқаны жек көру дегенді білдірмейді»,» Отан үшін отқа түс-жанбайсың»,»әділеттілік баяу басады, бірақ сөзсіз келеді».

Момышұлының сөздері біз үшін қағаз бетінде қалды, ал оның өзі жердегі жолдан өтті, билік иелерінің алдында ешқашан еңкеймей, тура қарап, елін мақтан тұтып өтті. Жастар бойында патриоттық қасиеттер тәрбиелеуде Б.Момышұлы мұрасындағы патриоттық тәрбиені тек оқу үдерісінде ғана емес, сыныптан тыс жұмыстарда да кіріктіріп пайдалансақ, оң нәтижелерге жетуге болатындығын аңғардық. Сондай-ақ, жоғары сынып жастарын патриоттыққа тәрбиелеу ісінде мектептің тәрбие үдерісін модельдеу арқылы Бауыржан Момышұлы мұрасындағы патриоттық тәрбие арқылы патриоттық сана-сезімдерінің қалыптасуына мүмкіндіктері зор екендігін байқадық.

Бауыржан атамыз сарбаздарынан темірдей тәртіпті талап ете отырып өзі де әділдік пен қайсарлықтың үлгісін көрсете білді. «Отан үшін отқа түс күймейсің»,-деген сөзі, бүтін бір ұлттың қағидасына айналып кетті. Сондықтан болар, ғұмыр бойы халықтың ардақтысы, кадірлісі, еркесі болу Бауыржан атамыздың ғана пешенесіне жазылды.

Бауыржан Момышұлының есімі халық арасында танымал болған және солай болып қала береді. Оны біледі және жақсы көреді.Атамызға жан түршігерлік соғыстан соң да,әскери академиядағы көпжылдық еңбегінен кейін де лайықты батыр және генерал атағы берілмеді. Оның ұрпақтарының алдындағы даңқы бұған көнбеді,оданда жоғары деңгейге өрістеді. Ол-қаһарман және аңыз тұлғалар тізімінде және кітаптарда, біздің жүрегімізде, ұрпақтар жадында. 1990 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен оған қайтыс болғаннан кейін Батыр атағы берілді.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚАҺАРМАН ПЕРЗЕНТІ

Калдыбекова П.Д.

*Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Антон Макаренко атындағы орта
мектебінің тарих пәнінің мұғалімі*

Аты бүкіл әлем халқына аңыз боп тараған қазақ елінің ақиық қыраны Бауыржан Момышұлының қайталанбас ғажайып сырға толы өмір жолы мен көркем туындылары жөнінде сан тарапты пікір айтылып, талассыз жазылып келе жатыр. Бауыржан Момышұлының өмірі – өнеге, жазған мұралары – патриоттық өсиет. Бауыржан Момышұлының өнегелігі сол, ол – елі мен туған жерін нағыз сүйген, оған қашан да адал қызмет еткен, сын сағатта оны жан аямай қорғаған және қол бастап, жауды жеңуге ерен үлес қосқан ер. Бауыржан Момышұлы өмір сүрген заман айқас пен шайқасқа толы дүрбелең еді. Ұлы Отан соғысы тап болды. Соғыс – елдік пен ерлікке сын. Бауыржан халқының ерлік, адамгершілік, әділдік рухымен өзі де қаруланды, сарбаздарын да сол рухқа шақырды.

Ойранды отызыншы жылдардан есеңгіреген жанкешті халқымыз серке сөзімен ұлт рухын көтеретін ертегінің еріндей ақ жүрек азаматтарды аңсады. Дүйім жұрттың көкейіндегісін іркілмей

айтатын, қара қылды қақ жаратын әділ сөз иесін, адамдық ары таза турашыл мінезді толағай тұлғаларды күтті. Халық күткен толағай тұлғалардың бірі, аты аңызға айналған Момышұлының қан майдандағы ерлігі мен өрлігі ғана емес, ақ сөйлеген кесімді сөзі де рухани жұтандық дертіндегі әлеумет санасын серпілтті, жігерін жаныды.

Тумысы ерек Бауыржан Момышұлы – қазақтың рухани және саяси қайраткерлерінің мемлекетшілдік дәстүрін, отаншылдық ұстанымын жалғастырған ұлт қаһарманы. Сталинизм құрбаны болған арыстардың іргелі зерттеулері мен көркем туындыларының қайнарынан қанып өскен қайраткер Алаш идеясының ұлт санасынан өшпейтініне кәміл сенді. Алаш боздақтарының қазақ ғылымы мен сөз өнерін өркендетудегі өміршең қызметін бағалаудағы өрелігінен тайғаны жоқ.

Батыр соғысқа мыңбасы (батальон) командирі болып кіріп, түменбасы (дивизия) командирі дәрежесінде аяқтады. И. В. Панфилов Б. Момышұлын алғашқыда әскери мінездеме арқылы білсе, кейін әскери мамандығы мен ұқыптылығын сынау арқылы бағалады. Дивизияны жасақтау кезінде жауынгерлерге бөлінген ғимараттардың сыйымдылығын және тағы басқа ерекшеліктерін білуге Бауыржанды жұмсайды. Баукең бұл істі алты парак жоспар сызып аса ұқыптылықпен генералдың ойындағы істен асыра орындайды. Сонда разы болған И.В.Панфилов «Сіздің жазу- сызуыңыз жаман емес екен. Бұл жоспарда маған керекті мәліметтердің бәрі де бар көрінеді» деуі Баукеңнің кез келген тапсырмаға тиянақтылығын байқатса керек. Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан соғысы кезінде айрықша алғырлығымен, қайтпас қайсарлығымен, турашыл да қаталдығымен қазақ ұлтының атын асқақтатты. Алматыда жасақталған 316-атқыштар дивизиясын басқарған генерал Иван Васильевич Панфилов Бауыржан батальонын «отқа салса күймейтін, суға салса батпайтын батырлардың жасағы» деп жиі айтады екен. Аты аңызға айналған батыр өткен ғасырдың ең жойқын, қиян-кескі ұрысында таңғажайып ерліктің үлгісін көрсетті. Б.Момышұлы 316-атқыштар дивизиясы Алматыда жасақталған кезде әскери шені аға лейтенант болған. Майданда гвардия полковнигі деген дәрежеге жеткен. Батальон, полк және дивизияны басқарған. Соғыстан кейін Бас штабтың академиясын бітіріп, әскери академияда ұстаздық еткен.

Бауыржан Момышұлы түменбасылық қызметті де өте жақсы атқарады. Бұған екінші атқыштар гвардия командирі, Совет Одағының Батыры, гвардия-майоры Баксовтың 1945 жылы 18 наурыздағы Бауыржанға берген мінездемесі дәлел. Соғыс біткеннен кейін 125 адамды Жоғарғы әскери академияға оқуға қабылдайды. Соның ішінде ісі түркі халықтарынан жалғыз Бауыржан Момышұлы болады. Бауыржан мұнда да сабақты үздік оқиды. Ол XX ғасырдағы нағыз сауатты әскери маман, даңқты қолбасшы болды.

70-ші жылдардың соңында Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» атты шығармасында Бауыржанның тұлғасы жаңа қырынан бейнеленіп, жазылды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ол ержүрек панфиловшы жауынгер, Отанымыздың жалынды патриоты ретінде өз есімін мәңгі өшпес даңққа бөледі. Өзінің жауынгерлік ерліктерімен, азаматтық қаһармандығымен, жазушылық жалынды сөзімен Бауыржан Момышұлы Кеңес халқының құрметіне бөленіп, аса зор беделге ие болды. Жұрт осы жаны жайсаң тамаша адамды нағыз халық батыры деп санап, оған деген шынайы сүйіспеншілігін аяған емес. Аты аңызға айналған жанның төл әдебиетімізге сіңірген еңбегі өлшеусіз екені ақиқат.

Бауыржан Момышұлы – көп қырлы талант иесі. Бұл жағынан оның Шоқан Уәлиханов сияқты сан-салалы өнері де болған. Соның бірі – суретшілігі мен оюшылығы. Бауыржан Момышұлының мұражайында қазақы ою- өрнекке жататын, бірін – бірі қайталанбас үлгілер көп кездеседі. Ол үлгілерді автор қазақ тұрмысындағы кілем, алаша, сырмақ, басқұр, текемет, түскиіз беттерінен сонау жас кезінде көріп, көңіліне тоқып алған. Оюшылық – керемет түйсік пен ойдан туындайтын құбылыс. Екі адамның бірі, көңіл көзі болмаса, ою өнерін түсініп және оқи білмейді.

Қазақ халқының ержүрек жауынгер батырының бүгінгі жас ұрпаққа үлгі боларлықтай мұра қалдырғанын айта аламыз. Жалпы Бауыржан Момышұлының әскери ғылымды терең меңгеруі, сондай-ақ, батыр бейнесінде көріну, халықты шексіз сүйіп қадірлеу батырдың бойынан табылған асыл қасиеттер. Қай істі болмасын жауапкершілікпен қолға алуы батырдың өзіндік дара қасиетін айшықтар тұр. Батырдың бойында жалыны мол, қуаты көп, өз ойын еркін, түсінікті етіп жеткізгісі келетін командирге тән қасиеті бар.

«Бізге Б.Момышұлының жауынгерлік ерліктері жақсы таныс. Ол жазушы болып тағы бір ерлік жасады. Меніңше, екі ерлігі де бара-бар» деп жазды Кеңес Одағының Батыры, генерал-майор Петр Вершигора. Кеңес Одағының Батыры Б.Момышұлының қаламынан «Ұшқан ұя»,

«Москва үшін шайқас», «Бір түннің тарихы», «Майдандағы кездесулер», «Адам қайраты» және «Мен оларды ұмытпаймын» атты тамаша кітаптар шықты. «Ұшқан ұя» кітабына Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Баукеңнің майдан даласында жазған хаттарының мәні ерекше. Оның өмір мен өлім, оқ пен оттың арасында жазған хаттары сол жылдардағы көкейтесті мәселелерге арналған. «Қазақ халқының ұлттық салт - дәстүрі», «Қазақ тілі». «Қазақстан жазушыларына», «Кенесары туралы», «Қойын дәптеріндегі жазбалар» сынды хаттары осының дәлелі.

Бауыржан хаттарының тақырыбы сан салалы: қазақ халқының ұлттық қалпын сақтап қалудың жолдары ұлттық қадір — қасиеттерімізді жас ұрпақтың құрметтеуі ана тіліміздің мәртебесін жоғарылату. ата сатты мен ұлттық әдет - ғұрыптарды қастерлеу. туған тарихымызды бұрмалауға жол бермеу және Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әскери әдебиетінің сапасын арттыру секілді ұлттық қоғамдық сипаттағы өзекті мәселелер көтеріледі.

Қаламгердің тарихи шығармасы майдан тақырыбында жазылған көркем туынды - «Қанмен жазылған кітап» шығармасы. Б.Момышұлының соғыс тақырыбындағы шығармашылығына бармас бұрын, оның соғыс туралы түсінігін, сондай - ақ «ет пен сүйектен жаралған» адамдар тағдыры туралы ұғымын анық мәнін ашып алуымыз қажет. Ал, бұған тіреуіш болар шығарма ол «Қанмен жазылған кітап» болмақ. Онда, айтылатын ой - соғыс, оның қасіреті, ондағы адам тағдыры, соғыста жеңіске жетудің айла - тәсілі, жауынгер мен командирдің жандүние иірімдері мен адами қасиет - қабілеттері жайлы тебіреністері болмақ.

Б.Момышұлы: «Соғыста шындықты табу өте қиын, ал оны жинақтау, қорыту, одан да күрделі» - дейді.

Сондықтан да, Б.Момышұлы өз шығармаларында соғыстың шындығын, ақиқатын айтуға адал болды. Адал болумен бірге ол сұрапыл соғыс әкелген қасіретті өз жүрегінен өткізіп, көркем шығармаларында оның зардабын шынайы баяндаған суреткер. Бауыржанның болмысы, әрі пір ғып ұстанған ұраны - Шындық. Сондықтан да оның шығармалары бастан аяқ осы бір тамаша қасиетке -шындыққа құрылған.

«Қазақта кейінгі уақытта жаңадан дүние есігін ашқан баласына Бауыржан деп азан шақырып ат қойып жатқандар көп. Бұл – халқымның мені құрмет тұтқаны. Бұған алғысым шексіз. Қазір Қазақстандағы қазақ шаңырақтарында нөмірлері белгісіз қанша Бауыржан барын білмеймін, бірақ халқымның нөмірі бірінші Бауыржаны мен» деп айтып кеткен Бауыржан Момышұлы расында да дара тұлға еді.

Батырдың өзі айтқандай, «Мен өмірімде екі түрлі аңызды басымнан кешірдім. Бір кезде мені жер-көкке сыйғызбай аңызға айналдыра мақтады. Кейінгі кезде әркімдер аңызға айналдыра жамандады. Мақтады деп тасығаным жоқ, жамандады деп жасығаным жоқ. Қара қылды қақ жарғанда мақтайды да, боқтайды да» – дей келе, «Менің азаматтық арым таза. Атағым да, шатағым да бар кісімін ғой. Атағым қарағанда, шатағым он проценттен аспайды. Бірақ оны атағымнан асырып жіберетіндер де бар. Оған мен кінәлі емеспін. Мен жаудан көп қорлық көрген кісімін. Ал өз халқымнан көрген қорлықты есептеп қарасам, аз емес екен» – дейді.

Жаратқан Бауыржан атамызға барлық қасиетті төгіп бере салған ғой, шіркін! Кісілікпен қоса, тектілікті, ақыл мен білімді, ерлік пен ептілікті, тіпті мінезді де ерекше берген. Оның мінезі әділетсіздерге қыс мезгілінің қаңтары мен ақпанындай болса, әділдікті ту етіп ұстағандарға көктем мен жаздай еді. Қай дәуірде де, қай заманда да әділдік пен әділетсіздік алысып келеді. Бауыржан да өз дәуіріндегі әділетсіздіктің белін сындырып, омыртқасын опырған әділдіктің көзсіз батыры еді.

Бауыржан Момышұлы туралы естеліктерді оқи отырып, ол кісінің жан-жақтылығына таң қаласың. Бір адамның басына осыншама даналықты берген Алла тағалам не деген шебер. Оның батырлығынан басқа – таза этнограф, психолог, философ, ақын, жазушы, суретші, биші нағыз сезіз қырлы, бір сырлы жан дерсің. Оның нақыл сөздерінің философиялық мағынасы ұлттық әдебиеттің қаймағы. Қаймағы дерсің ия, ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ болмысының өзі. Бұл туралы Шерхан Мұртазаның айтқан бір сөзі бар: «Бауыржан Момышұлын біз тек қана батыр деп қабылдамауымыз керек. Үңіліп қарасақ, оның тұла бойы тұнып тұрған ақыл». Бұл сөздің, әрине, жөні бөлек. Баукең неге ерекше батыр, Баукең неге дара батыр дегенде Баукеңнің батырлығы мен ақылдылығы халық даналылығымен үндесіп, ұштасып жатқанын айтуымыз керек». Үш рет генералдыққа, үш рет Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылған тау тұлғаның болмысы қазақ үшін ірілене түсті. Атақ пен даңқ оған құлақ кесті құл болды. Жоғары атап кеткеніміздей

Бауыржан атауы, Бауыржан деген сөз қазақ деген сөздің ең ұлы, ең терең, ең асқақ баламасына айналды.

Б.Момышұлы компартияға мүше болған жоқ. Бірақ «олар халқы мен сол партияны басқарып отырғандарды сыртқы фашизмнен қорғады емес пе?» деген көкейдегі сауалдар саналы азаматтарды ойландыратыны анық. Дейтұрғанмен қай жағынан қарасаңыз да, гәп сол баяғы қитұрқы саясаттың астарында жатқандығын аңғарасыз. Әйтпесе есімі бүкіл әлемге жеткен Екінші дүниежүзілік соғыстың қаһарманы Б.Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағын бермеу сол кездегі биліктің тарапынан қасақана қолдан жасаған қиянаты ғой. Тіпті елді абыроймен көп уақыт басқарған Д.Қонаевтың өзі батырға бұл атақты алып бере алмай арманда кетті.

Иә, Момышұлы бұл атаққа мұқтаж емес еді. Ол бұрыннан-ақ «менің атағымды халқым өзі беріп қойған» деп айтатын. Десек те ресми бұл атақты батыр дүниеден өтіп кеткеннен кейін 1990 жылы бір-ақ берді. Оның өзінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың араласуымен берілді. Мұның өзі үлкен ерлік. Батырдың әруағы разы болсын. Бірақ байқап қарасақ, бұл жерде де өзіндік үлкен саяси астар жатқан екен ғой. «Баукең жұлдызды болған күн – халықтың жұлдызы жанған күн!» деп Елбасы текке айтпаса керек.

Әдебиет

1. Ахметова З. «Шуақты күндер»
2. Асыллов Ұ. (құрастырған) «Дана ойдан шыққан
3. Ахтанов Т. «Ел қасиеті – ер» 1983ж.
4. Әлімқұлов Т. «Күйеу келтір, қыз
5. «Санат» 1994ж
6. Әлімжан Е. «Жанартау». Егемен Қазақстан //
7. Баржақсы А. «Мың бір мақал, жиырма
8. Баялиев «Рух күші Б.Момышұлы» Ақ жол
9. Байтуов «Бір сұхбаттың тарихы» Ақ жол
10. «Беташар» (жинақ) Алматы «Өнер» 1991 ж
11. Голушко И.М. «Б. Момышұлы туралы». Қазақ әдебиеті

Б.МОМЫШҰЛЫНЫҢ ТІЛ ТУРАЛЫ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

Капарова А.М.

Қостанай облысы Арқалық қаласы «Ш.Уәлиханов атындағы №1 жалпы орта білім беретін мектебі» ММ Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Мен Бауыржан Момышұлының мерейтойына арнаған мақаламды Ғ.Мүсіреповтың сөзімен бастағым келеді: «Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді».

Тілдің ұлт болашағы алдындағы киесі жоғары. Туған тілін қастерлеу, құрмет таныту - әрбір пенде баласының басты борышы болып саналады. Тіл тәуелсіздігі - ой тәуелсіздігінің, ел тәуелсіздігінің бастау бұлағы.

Біздер Бауыржан Момышұлын көбіне халқымыздың дара туған тұлғасы, кешегі Ұлы Отан соғысының хас батыры, атақты қолбасшы, екі тілде бірдей жазған қаламы жүйрік жазушы ретінде білеміз. Ал нағыз қуатты ағысы тереңде жатқан дария-дарын иесі, рухани ұстаз ретінде әлі толық танып-білгеніміз жоқ. Әсілі, қазақтың арқалы ақындарының бірі Хамит Ерғалиевтің «Баукеңнің телегей-теңіз тағылымы – болашақтың, таяу мыңжылдықтың әңгімесі» деуі тегіннен-тегін болмаса керек. Бауыржан Момышұлы – жалпы адам баласының, абзал қасиеттері бар азамат тәрбиесін отыз ойланып, тоқсан толғанған парасатты ойшыл. Ол, әсіресе, ұлттық тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. Баукеңнің «Өзінің ұлтын сыйламаған – ұлтын мақтаныш тұта да алмайды, ол, сөз жоқ, арамза, тексіз әрі қаңғыбас» деуі жайдан-жай емес. Оның адами қасиеттер қатарына жатқызатын – ақыл, ар, ерік-жігер, намыс, сезім, парыз, ұлттық рух, ұлттық мінез-кұлық, ұлттық патриотизм, ұлттық мақтаныш, т.б. туралы ойлары арнайы зерттеуді қажет етеді. Бұл ойлар арысы Абайдың «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», берісі

Мұстафа Шоқайдың «ұлттық рухсыз ұлт тәуелсіздігінің болуы мүмкін емес» деген қағидаларымен сабақтасып жатыр.

Қазақтың сахарасында «Малым - жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы» деп елі мен жері үшін етігімен қан кешіп жүріп, туған халқының ұлттық құндылықтарын, салт - дәстүрі мен тілін сонау қиын-қыстау кездерде жанұшыра, қызғыштай қорыған, бастары құлдықтын ноктасына сыймай кеткен арыстарымыз аз емес. Ресей империясына бодан болған замандарда қазақтың қаймағы бұзылмаған ана тілінің саф алтындай бай құндылықтары сарқыла бастады. Ол кездерде ұлт туралы, дәстүр туралы, тіл туралы ой толғау «ескіліктің, ұлтшылдықтың» белгісіндей, өзіне-өзі қол жұмсаумен бірдей еді. Бірақ, жанын шүберекке түйіп, ұлтының баға жетпес байлығынан айырылып бара жатқанын біле, көре тұрып үндемей қалуын болашақ ұрпақтың алдында ар санаған, оны айтып қалу өзінің басты парызы екендігін сезіне отырып, бар дауысымен жар салып, шындықты жеткізген батыр, ержүрек арыстарымыз да болды. Оларды мен Алаш арыстарының рухани мұрагерлері деп білемін. Солардың бірі де, бірегейі батыр Бауыржан Момышұлы болатын.

Тіл байлығы, тіл тазалығы - ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе. Өйткені Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлы бұл қиындықтадың барлығын абыроймен атқарып, ел құрметіне бөленген тұлға. Яғни сөздің қадірін білетін хас батыр, даңқты жазушы көптеген нақыл сөздері арқылы қазақтың қара домалақ балалары мен жалынды жастарын, тіпті орта жастағы ел ағаларымызды тәрбиелеп тұрғандай. Ал нақыл сөздерінің тақырыптарына келсек, олар әртүрлі тақырыпта жазылған. Ерлік пен жаужүректік туралы, адам туралы, өмір мен өлім туралы, ел, отан туралы, білім, ақыл, және ізгілік адамгершілік туралы, еңбек және бірлік туралы, ақиқат пен шындық туралы, халық пен ұлт туралы, тіл және сөз күдіреті туралы, атақ, абырой, бедел туралы және де тәртіп туралы оймақтай орынды нақыл сөздері салмақты ойға бөлейді. Мәселен, «Ердің туы – намыс», «Намысты нанға сатпа» деген адуынды сөздері ер жігіттің бойындағы намысы туралы айтылса, «Отаның үшін отқа түс күймейсің», «Ел бақыты ер қолында», «Опасызда Отан жоқ», «Өсер елдің баласы әкеден де асып түсер» деген түйінді сөздері ел мен Отан туралы айтылған. Жалпы, кейіпкеріміздің бұл тақырыптағы нақыл сөздері намысы биік ер жігіттердің жүрегін дір еткізіп, олардың бойына отаншылдық сезімді ұялатады. Ал, «терлеп еңбек етпегеннің, тілегіне жеткенін көргенім жоқ», «тілекке еңбек тірек болмаса, ойға омалып қырдан аса алмайсың», «жұмысқа жарап тұрғанымда өзімді кәрілердің тізіміне қоса алмаймын» деген нақыл сөздері адам баласы тек еңбекпен ғана бейнетке жететіндігін дәлелдеп тұр. Сөз өнерінің қадірін тереңнен ұғатын Баукеңнің сөз жүйесін, мал иесін табады», «жылытатын да, жұбататын да сөз», «жаман айтпай – жақсы жоқ», «жігерсіз сөз жүрекке жетпейді» деген нақыл сөздері, оның бұл салада шебер суреткер екендігін дәлелдейді.

Ежелден, ата заманнан тіл - елдің мәдениеті, әдебиеті өспіп-өніп, от басындағы үй тіршілігінен бастап, қоғам, халық, ел-жұрттың, жалпы мәдениетінің арнаулы құралы - ғылымның атаулы санасы екендігі даусыз.

Б.Момышұлының тіл туралы бірнеше нақыл сөздеріне тоқталып өтейін. Тілсізді - айуан дейді. Тілі кедей елді - мәдениетсіз, анайы, надан халық деп санайды. Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту - бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту. Қазақ тілі - сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл. Жақсы сөз жанға - жақын, құлаққа - жағымды, ойға - қонымды келеді. Сөз жылата да, жұбата да алады. Тіл - ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі.

Қазақ тілі - сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет берер ғажайып кемел тіл.

Тілдің көмегімен өнер-білімге, мәдениет-ғылымға жетіп, өткен-кеткенмен әлемді танып, өзімізді жұртқа - әлемге танытамыз, сөйлейміз, оқимыз, жазамыз, өз басымызды, үй-ішімізді, қоғам-халықты, ел-жұртты, мемлекетті меңгереміз - сондықтан «өнер алды- қызыл тіл» дегендей, адам баласының байлығында тілден артық не бар.

Тіл адам баласының негізгі қасиеті болғандықтан - тіл байлығы елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми-әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғам-құрылыстары мен салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің - мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелді мөлшері.

Ал, атақ пен абырой, бедел туралы ол былай деді: «Маған деген атақты, Міндет етсең өзің ал.

Әділдікке бас ұрып,
У берсең де маған бал».
Сонымен қатар,
Мақтанбаған мас болып,
Абырой алсаң табысқа,
Қоян болма тығылып,
Жау көргенде қамысқа.
Арыстансыма ақырып,
Данышпансыма ақылдан,
Елемей көзге жалпыны,

Айрылып қалма жақыннан, – деп өлең ретінде жеткізсе, «әр адамға бақыт пен бедел ақылмен, көп ізденіспен, адал еңбекпен келеді», – деу арқылы абырой мен беделдің түп мағынасын салиқалы түрде түсіндіре кетеді. Жалпы, Б.Момышұлының қандай да болмасын нақыл сөздері телегей-теңіз іспетті өмірдің мән-мағынасын сипаттап тұрғандай. Оның нақыл сөздерінің тәрбиелік маңызы қаншама жылдар өтсе дағы еш жойылмайды.

Ана тілінен бірнеше жағдайлар себеп болып ажыраған ел «азғын» ел атанып, кейіннен аты өшіп, ұрпақтары бұршақша бытырап, қардай еріп, құмға сіңген судай дерексіз жоғалып кеткенін, тарихтан кездестіруге болады.

Қазақ тілі еш уақытта, өзімен көршілес халықтың тілдерінен сорлы болып, қатардан қалып өмір сүрмегендігі, өз сыбағасын ешкімге жегізбегендігі мыңдаған жыл тарихында айқындалған.

Барлық өткен заманның, халық тәжірибе-қасиеттерін, ғылыми-мәдениетін, өнеркәсібін бойымызға тарата сіңіріп, жағдайға толық түсіндіріп, ұғындыра, ел қатарына қосып, бізді бұл дәрежеге жеткізіп отырған да, алдымен, тіл екені сөзсіз.

Қазақ халқы: «Тәрбие – тал бесіктен», – деген. Яғни қазақ халқы жас баланы, кішкентайынан тәрбиелеген. Ұят болады, жаман болады, обал болады деген үш ауыз сөз арқылы тәрбиелеп баққан. Ұят боладыға ұрындырмай, жаман боладыға жақындатпай, обал болады дегенге ойландыра қаратып, өсер кезде ертегі-жырларды жаттатқызып өсірген. Осы орайда қазақтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, сөздерінің төркінін жақсы білген Бауыржан Момышұлы өзінің ғибраты мол керемет сөздері арқылы сол кездегі болсын, мейлі қазіргі болсын қоғамдағы айшықты орнын нақтылап қойған ба, дерсің? Өйткені, оның нақыл сөздері арқылы миллиондаған оқырман өз ойына ой салып, терең сөздің мағынасын ұғып, көкірегіне адамдық пен адалдық, намыс пен отаншылдық, береке мен бірлік, еркек пен әйел затын сыйлау, еңбекқорлық пен әділеттілік секілді ізгі мінездерді ұялатуда. Б.Момышұлының сөздері өткеннің өрнегі, бүгіннің тәрбие көзі болмақ.

Ия, қазақ әдебиетінде оны жеке тұлға, даңқты – Баукең дейді. Ол нақыл сөздері арқылы Алаш жұртына, Отаныма еңбегінің сіңгенін ойлады. –Мен әскери адаммын - тіл мәселесі туралы араласарлық жөнім жоқ сияқты, бірақ та, айтылған мәселелер халқымыздың жауынгерлік мінез-құлқын тәрбиелеу, салт-сана, ел намысы, ер намысына, адамгершілік арына, жауынгерлік мұра дәстүріне ерекше байланысты болғандықтан, көріп, біліп сезіп тұра айтпағанымды өзіме үлкен ар, кешпес күнә деп түсінгендігімнен жазып отырмын,-деген екен. «Абыройлы, даңқты боламын» деген ниетте бақай есеппен құр сөздер жазған жоқ. Мәселен, ол өзінің досына хат жазғанда әскери әдебиетке өз үлесін қосып, бұл сала терең зерделенсе деп айтқан еді. Яки, оның нақыл сөздерінен әскери тәртіпті де көруге болады. Мәселен, командир – аға, солдат – іні.

Сөзімді қорытындылай келе, ел тәуелсіздігімен еңсе көтерген тұста, Бауыржандай асыл қазыналарымызды зерттеп, зерделеуіміз бүгінгі заманның заңы деп ойлаймын. Өйткені, қалың оқырман Момышұлы Бауыржанның мән-мағыналы нақыл сөздеріне мұқтаж десек, артық айтқандық емес. Ол әлем әдебиетінен өз орнын алып, қазақ әдебиетінде жастарды тәрбиелеу мақсатында айшықты із қалдырды. Яки, жастарды тәрбиелеу әдісінің патриоттық тұлғасы – Бауыржан. Ол майданда да, әдебиетте де мәңгілік батыр болып қала бермек.

Әдебиет

1. «К 100 летию Бауыржана Момышұлы издается 40 томный сборник его сочинений»
2. «Давать как можно больше – это стремление борца» Blogtime.kz сайты, Бауыржан Момышұлының нақыл сөздері
3. Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлы. 15 - 25. 2. 1944 жыл. Алматы. «Ана тілі» газеті

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Омарова А.Ж.

*Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Н.Куикбаев атындағы мектеп-гимназиясы
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Аңыз адам Бауыржан Момышұлы туралы естеліктерді оқыған сайын батырлық пен ерліктің символы, адамгершілік пен ізгіліктің тұнық бастауындай, адалдық пен абыройдың мөлдірілігін терең түсіне бастайсы. Мекемтас Мырзахметұлының «Бауыржан Момышұлы туралы естеліктер» әдеби мемуарында Дмитрий Снегин «Ойнаған бұлт ішінде найзағайдай» атты естелігінде Б.Момышұлының шығармаларындағы ерекшелігі – оның әркез жастарға бағышталып отыратындығында дей келе, батырдың мынандай цитатасын келтіреді. «Жастар – біз бастаған істің жалғасы, елеміздің ертеңі. Сондықтан олардың өміріне немқұрайды қарай алмаймын» [1,37]. Өмірдің қайғысын да, қуанышын да ортақ деп білетін батыр болашаққа деген шексіз махаббатымен, ел алдындағы асқан жауапкершілікпен қарайтын талғампаз махаббатының арқасында батырдың ең қымбат қазынасы – оған деген бүкіл халықтың шексіз махаббатын оятты.

Тәуелсіз ел болып өз ұлтымыздың рухын асқақтатар заман туғанда еліміздің болашағы үшін алаңдар азаматтар көп болса дейсің осындайда. Батыр өзінің туған халқын шексіз сүйгендігі ол кісінің шығармаларындағы ұлттық котпен ерекшеленіп тұратындығын зерттеуші ғалымдарымыз айтып та, жазып та жүр. Автор өз естелігін «Бауыржан нағыз қазақ жазушысы, ұлттық жазушы екенін баса айтықым келеді. Оның бар кітабын байқап отырсаңыз, олардың қазақтың қолынан шыққанын жазбай тану қиын емес. Бауыржан қазақша жазса да, орысша жазса да ұлттық өрнектен айырылмаған қазақ жазушысы. Оның байлығы мен бақытының көзі, міне, осында»

Расымен, қай шығармасын алып қарасаңыз да өз туған халқына деген нәзік, ыстық, танымы мол махаббатты көресіз. Даңты тұлғаның жалғыз ұстазы ол-өмір. Ал өмірге деген тазалық пен құштарлық адами қасиеттердің таза шынайы болғанда ғана ақиқатқа айналары анық. Бауыржан Момышұлы екіжүзділік, надандық, арсыздық дегендердің бет пердесін жұлып алып, жұрт алдында әшкерелеп отырған. Осындай деректерді оқи отырып бүгінгі қоғамымызда жиі ұшырасатын жағымсыз қасиеттердің белең алуы ұлтымыздың дамуына шын кедергі болатын дүниелер екендігін сезінесің. Тарихтағы танымал тұлғаның осындай тағылымы мол өнегелі өмірлерін келер ұрпақтың санасына сіңіру, көбірек насихаттау жағы әлі де болса ақсап жатуы өкінішті-ақ.

Бауыржан қасиеттерінің сипаттары қандай? деген сұраққа замандастары - бұл қиын сұраққа оның берген жауаптарын жазған шығармаларынан табуға болады, - дейді. Бауыржан Момышұлы шығармаларында және замандастарының, келіні Зейнеп апамыздың естеліктерін оқи отырып, ол кісінің отбасы, жанұя құндылықтарын, қазақтың салт-дәстүрлерін керемет дәріптеп, өзі де қатаң ұстанғанын көреміз. Зейнеп Ахметованың «Дала этикасы» деген шағын естелігінде сәлем беру мәдениеті жайлы былай деп еске алады. «Сәлемнің ең ұлысы- шаңырақ сәлемі. Кісі үйіне келген адам кейде біреу болсын, болмасын амандасып кіреді. Үй иелерімен сыртта ұшырасып, есік алдында есен- саулық сұрасып алса да, табалдырықтан аттай бере, сол үйдің шаңырағына, отының басына, сәлем беріп кіреді. Қазақ халқы шаңырақ пен табалдырықты, бесікті қасиетті санайды. Үй табалдырықтан басталады, шаңырақпен еңсе көтеріледі, бесікпен ұрпақ өседі. Әркімнің от жаққан, ұрпақ өсірген үйі өзіне құтхана. Сондықтан келген адамның кісі үйін сыйлауы шаңыраққа сәлем беруден басталады» [1,145]

Міне, сәлем берудің әркім біле бермес тәрбиелік сырын өз отбасының да біліп, ұстанып жүруіне де аса зер салып отырғандығын көреміз. Шыныменде, қазақ «сәлем сөздің анасы» деп бекер айтпаған. Сәлем беру, амандасудың да өзіндік үлкен мәдениеті, дала заңы, этикасы бар. Қазірде біз оған жете мән беріп зерделеп жатпаймыз.

Бауыржан Момышұлы өзінің «Ұшқан ұя» повесінде жете атасын тану жөнінде мынандай үзінді келтіреді: «Әкем маған ата-тегіміздің аты- жөнін үйретуші еді. –Кімнің баласысың?-деп сұрайтын ол. -Мен Момыштың ұлымын. - Момыш кімнің баласы? –Момыш –Имаштың баласы. Осылайша жеті атаға дейін жетелеп отырып санатады. Ал келген қонақ ең алдымен атымды сұрайтын. Сонан соң менің жеті ата жөніндегі білімімді тексеретін. [3,309]. Орыс отаршылдық саясатының құрбаны болған ұлтымыз жеті атаның не екенін ұмытты. Оның түпкі салдары өз шыққан тегімізден бастап тарихымызды танудан ада болдық, жалған желеу мен жаңғырық

ұрандардың арасында күн кештік. Дәл қазір жаһандану үрдісіне бой алдырған мына заманда ұрпағымызға жеті атасын таныту, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп, көрсетіп отыру арқылы ғана өткенімізді қайта жаңғырта аламыз. Ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан ата-баба салтын бұрмаламай қолдану, ұлттық жан-дүниеміздің болашақтағы кепілі болары анық. Бауыржан атамыз айтқандай, елтанудың басы, алтын көпірі - жанұядағы тәрбие мен дәстүрлер сабақтастығы екені даусыз.

Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының ерлік, соғыс, ұлт, тіл, еңбек тағы басқа тақырыптар төңірегінде айтылған әңгімелері батырдың көзі тірісінде-ақ нақыл сөзге айналып, ел аузына тарап кеткен. Соның бірі ана тіліміз туралы айтылған: «Қазақ тілі - сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл» - деген сөзі ана тіліміздің құдіреті мен қасиетін бір-ақ ауыз сөзге сыйғызып айтқан даналығын көреміз. Немесе «Тіл - ұлт қасиетін айқындайтын белгі, ұлттық салт-сана өзегі» дейді. Өкінішке орай тәуелсіз ел болып, басқалармен терезесі тең заманда өз ана тілінде сөйлей алмайтын, қастерлей білмейтін қандастарымыз қаншама? Ана тілінің нарқы мен парқына түсінбейтін кейбір атқамінерлеріміздің ел тізігінің ұстап отырған жоқ па? Тіл түзелмей мемлекеттің де, ұлттың да болашағы күңгірттене береді. Сондықтан да еліміздің қоғамдық-рухани өмірінде ұлттық тіл саясатын барынша батыл қолға алып, қарқынды жүргізу бүгінгі күннің басты талабы болып отыр. Сөзімізді түйіндей келе, шағын ғана мақаламыздың арқауы болған, ол-дара да дана, ұлтымыздың мақтанышы Бауыржан Момышұлы жайлы жазылған естеліктерден бір үзік сыр қозғадық. Аңыз адам жайлы жазылған естеліктер мен шығармаларды бүгінгі буын оқи отырып, тағылым алса нұр үстіне нұр болар еді!

Әдебиет

1. Мекемтас Мырзаахметұлы «Бауыржан Момышұлы туралы естеліктер», Алматы, 2007
2. «Бауыржан Момышұлы» 1-том, Алматы, 2004
3. Бауыржан Момышұлы «Ұшқан Ұя», Алматы, 1974
4. https://massaget.kz/layfstayl/debiet/bauvirjan_momyishulyi/24101/

ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҰЛЫ БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

Утебаева Г.

Жамбыл ауданы Айшабибі орта мектебінің мұғалімі

Бауыржан Момышұлы 1910 жылдың 24 желтоқсанында Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау ауылында туған. Дулат тайпасының Шымыр руынан.

Имаш бабасы 1911 жылы 92 жасында дүниеден өткен. Әкесі Момыш өз бетімен ескіше сауат ашқан, кирил алфавитімен оқуды меңгерген сол кезеңдегі көзі қарақты адамдардың бірі болған. Ел арасында ағаш ұстасы және етікші, зергерлігімен танымал болатын. Имаш атасы қартайған кезінде барлық шаруашылықты Момыш ұлына табыстаған. Әжесінің есімі - Қызтумас, қартайған шағында ағайын-туыс "сары кемпір" деп атаған. Анасы Рәзия дүниеден ерте өтіп, Бауыржан 3 жасынан бастап Қызтумас әжесінің қолында өседі.

Бауыржан жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Туған ауылына қайтып оралған соң, ол біраз жыл қаржы мекемесінде қызмет істейді. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота, командирі болады. 1941 ж. Ұлы Отан соғысы басталысымен, Бауыржан даңқты генерал-майор И.В.Панфиловтың басшылығымен Алматы маңында жаңадан жасақталған 316 атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанады, батальон, полк командирі қызметтерін атқарады. Соғыстың соңғы жылдарында гвардиялық дивизияны басқарады. 1941 жылғы күзгі, қысқы кескілескен шайқастар кезінде өз батальонын 27 рет шабуылға бастап шықты. 5 рет қоршауды бұзып, негізгі жауынгерлік құрамымен аман-есен дивизиясына қосылды. Жауынгерлік

іс-қимылдарға қатысты ұрыстан шығу, шегініс жасау тәсілдерінің арнайы тарау болып әскери жарғыға енуі, тактикада «ошақты» және «икемді қорғаныс» ұғымдарының қалыптасуы Бауыржан Момышұлының осындай тәжірибелерінің жиынтығы болып табылады. Оның қолбасшы, терең ойлай білетін әскери мамаң ретіндегі таланты соғыста полк, дивизия басқарған жылдары кеңінен ашылды. Бауыржан Момышұлы жау шептеріне ішкерлей еніп ұрыс жүргізу теориясын соғыс тәжірибесінде алғаш қолданушылардың және оны дамытушылардың бірі болды. Бауыржан Момышұлы - әскери педагогика мен әскери психологияны байытушы баға жетпес мұра қалдырған дара тұлға. Оның атақ, даңқы, батырлығы А.Бектің «Волоколамск тас жолы» атты кітабында суреттелді. Кітап неміс, чех, еврей, ағылшын, француз, т.б. шет ел тілдеріне аударылды. Соғыстан кейін Бауыржан Момышұлы Совет Армиясы Бас штабының Жоғары әскери академиясын бітіреді. Әскери-педагогикалық жұмыспен айналасып, Совет Армиясы әскери академиясында сабақ береді. 1956 жылы полковник атағымен отставкаға шыққан Бауыржан біржола шығармашылық жұмыспен айналысады. Ол қазақ және орыс тілдерінде бірдей жазып, өз өмірінде көрген-білгендерін арқау етеді. Оның қаламынан туған, өмір шындығын арқау еткен тамаша романы мен әңгіме, повестері қалың оқушының іздеп оқитын шығармаларына айналады. Олар бірнеше қайтара басылып шығады. Бауыржан бірнеше орден, медальдармен наградталады, Кеңестер Одағының батыры атағын алады. Алайда халықтың өзі «батырым» деп танып, ардақтаған қаһарман ұлына бұл атақ Отан соғысы біткеннен кейін жарты ғасырдай уақыт өткенде барып берілген болатын. Ел тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың жарлығымен оған «Халық қаһарманы» деген атақ берілді.

Әскери ерліктерден басқа Бауыржан Момышұлы жазушы болып тағы бір ерлік жасады. Қаламды қолға алмай тұрып, ол өз мүмкіндіктері мен жауапкершілігін өлшеп алды. Себебі, кейіннен халық оны жазушы және азамат ретінде бағалайтын болды. Оның барлық кітаптары жүректің қанымен жазылған. Соғысқа қатыстан Момышұлы майданда үлкен тәжірибе алды. Күнделік жазып, ұрыс алаңында көрген-білгенін, басынан өткен жайттарды қағазға түсірді. Ол кез-келген жағдайда қарда да, жаңбырда да және тіпті қоршауда қалған кезде де жазба жүргізді. Осылайша, ол 38 жауынгерлік жазба кітапша жазды. Онда соғыс барысы, сарбаздардың ойы мен әрекеті туралы айтылады. Оның негізгі әдеби шығармалары оқырманды шыншылдығымен таңғалдырады. «Бір түннің тарихы» оның дарынды жазушы екенін жариялаған алғашқы туындысы.

Бауыржан Момышұлы 1982 жылы қайтыс болған.

Гвардия полковнигі Бауыржан Момышұлының 1990 жылдың 12 желтоқсанында туғанына 80 жыл толуына орай Кеңес Одағының Батыры деген жоғары атақ берілді. Б.Момышұлының «Әділет қашанда жеңеді, ол кешіксе де келмей қоймайды» деген сөзі шындыққа айналып, ел тілегі орындалды.

Арын жалау етіп, жанын жалау етіп жауға аттанған ел ұландары Отанымыздың байтақ жерін қорғады, айдын көлін қорғады, халқымыздың өмірін қорғады, өзі туған өңірін қорғады, ақ сүт берген анасын қорғады, ақ самал ескен даласын қорғады, пәк күлкі шашқан баласын қорғады, парасатты данасын қорғады. Осы әділет жолында қасық қанын қиып ұрыс даласынан қайтпай қалған қаһармандар қаншама.

Солардың қасиетті рухы бүгінгі бейбіт тірлігіміздің нұрындай мәңгі шуағын шашпақ.

«Ұлылыққа тек ұлы адамдар ғана бас иеді. Бұл да ұлылық» дейді Бауыржан ата. Ендеше біз де Бауыржан ата ерлігіне бас иеміз.

Әдебиет

1. Момышұлы Б. «Музей апа» (Көптомдық шығармалар жинағы). 6-том. -Алматы: «Өнер», 2009. - 248бет.
2. Момышұлы Б. Көз алдымда бәріңсің.- Тараз, 2007.- 195 б.

ӨТКЕН ҒАСЫРДЫҢ ШЫНАЙЫ РУХАНИ КӨШБАСШЫСЫ – БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ

Қожағұл Н.С.

Алматы қаласы Түрксіб ауданы,
№84 жсбб мектептің 11 сынып оқушысы

Жалпы әрбір қоғамда алдына қойған мақсатын іске асыруға талпынатын, ақыл-ойымен, парасатымен, адамгершілігімен, дараланатын көшбасшылар бары анық. Бірақ, атқаратын қызметіне байланысты көшбасшылықтың да бірнеше түрлері бар екенін ескеру қажет. Оның ішінде ерекше орын алатыны – **рухани көшбасшылар...**

Өткен ғасырға шолу жасасақ, қазақ тарихында тайға таңба басқандай із қалдырған тұлғалар жетерлік. Кешегі әл-Фарабиден бастап, Керей мен Жәнібек хандармен жалғасқан, Абаймен шыңдалып, Алаш зиялыларымен байланысқан, XX ғасырдағы Д.Қонаевпен шарықтау шегіне жеткен біртуар азаматтар болғаны рас. Бірақ, менің айтайын деп отырғаным, өзінің қайсарлығымен табанды ұрыс көрсете білген, тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім, «ғасыр адамы» – **Бауыржан Момышұлы.**

1910 жылы 24 желтоқсанда дүниеге келген даңқты қолбасшымыздың рухани көшбасшы ретіндегі қосқан үлесі зор. ХХІ ғасырда, яғни қазіргі таңда елімізде қазақ тілінде сөйлей алмайтын, екі сөздің басын қоса алмайтын адамдар бар екенін жасырмаймын, әрі бұл ең өзекті мәселелердің біріне айналғандай. Осы сарын ХХ ғасырда да байқалғанымен, Бауыржан бастаған біртуар азаматтардың талпынысы, бағыт-бағдары арқылы ғана ол сол уақытта, патша өкіметінің құрсауында болса да, жоғалып кететіндей күй кешкен емес еді...

Бауыржан атамyzдың Қазақ ССР коммунистік партиясының хатшысы Мұхаметжан Әбдіхалықовқа жазған хатында: **(хаттың қысқаша нұсқасы)**

«...Тіл маманы болмасам да, Алматыға келгелі Орталық «Социалистік Қазақстан» газетін оқып, кейбір, кейінгі кезде басылған қазақ тіліндегі кітаптарды желе-жорта қарап шығып, күннен күнге ұлғайып, шым-шытырық «шүршіттенуді» көзбен көре, құлақпен ести отырып, дәтім шыдамай жазайын деп отырғаным ТІЛ мәселесі туралы.

Ежелден, атам заманнан тіл - елдің мәдениеті, әдебиеті өсіп-өніп, от басындағы үй тіршілігінен бастап, қоғам, халық, ел-жұрттың, жалпы мәдениетінің арнаулы құралы - ғылымның атаулы санасы екендігі даусыз.

Сондықтан - тарихи, ғылыми, саяси әділеттік, меніңше мынадай ұсыныстарды тілейді:

1. 1935-36 жылдан бастап қазақ ана тілі, бұрмалана, бүлдіріле, бұзыла бастағанын сөзсіз, айқын дәлелдей отырып, оған айыпкер, кінәлі, басты газет, радио, жазушы, кеңсе қызметкерлеріне тарихи қарғыс айтылып, беттеріне қара күйе жағылып айыпталғаны жөн.

2. Қазақстанда, қазақ тілі заңның әділдігі бойынша мемлекет тілі болып саналып, өз орнына, төрге шығарып отырғызылып, бұрынғы қалпына кешікпей келтіру шаралары тездеп қолға алынып, тіл бұрмалау ежелден келе жатқан ескі ауруға айналып бара жатқанын ескере отырып, іс жүзіне қатал төңкеріс түрінде асырылуы жөн.

3. Аяқ асты, елеусіз болып кеткен қазақыландыру мәселесін алдымен қазақтардың өздерін, тіл жөнінен тәртіптеуден бастап, барлық үкімет, кеңсе, ғылым, оқу, өндіріс, өнеркәсіп орындарында қайтадан әділдікпен көтеріліп, қолға алынуы жөн.

4. Тілді азғындырып құрту, иә жандандырып өсіру, дамыту құралының алдыңғысы газет пен радио болғандықтан, Орталық «Социалистік Қазақстан» газетінің барлық мақалалары қазақтың еркін, анық таза тілімен көсіле жазылып «Правда» газетіне ұқсап тіл тазалығы жағынан басқаларға үлгі болуы жөн.

Алматы радиосына саналы, салмақты, жауапты қазақтың ана тілінің тазалығын қабырғасы кайыса ойлайтұғын адамдар дайындалып, осы кездегі қоқыр-соқырлар қуылып, құлақ құрышын қандырырлық тілі дәмденіп елге сүйкімді, түсінікті айтатын орынға айналуы керек.

5. Барлық оқу орындарында қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақ тарихы міндетті сабақ болуы керек.

6. Осы кезде қаладағы қазақтың ұл-қыздарының $\frac{3}{4}$ тен көбі орыс мектептерінде оқығандықтан ана тілден хабарсыз жастар өсуі молайып келе жатыр. Олардың ата, аналары орыс мектебінде оқытуға мүлде әуес-ақ. Қазақ мектебін менсінбейтіндер де екеудің бірі болғандықтан барлық қазақ ұл-балалары, қыз балалары әкімшілік ретінде қазақ мектептеріне көшіріліп, алдымен

ана тілінде ғылым алатын болуы қажет. Он шақты жылдан кейін жас қазақтарға, қазақтармен сөйлесуге тілмаш керек болуы тарихи масқаралық болар.

Өзіміз орысшаны қазақ мектебінде жүріп-ақ үйренгенбіз. Ондай шара қолдануда орысшадан құр қаларлық ешқандай қауіп жоқ.

7. Барлық қазақ тіліндегі әдебиет, оқу құралдары қайта қаралып, шұршіттіктен тазаланып, елгезермен елегендей, коксық-құрымнан мүлде арылуы керек.

Қазақ ана тілінің беделін түсіріп, бұрмалап, бұлдіріп халықтың халық болуына, ұлттың ұлттық қасиетіне, салт-санасына өте қауіпті, зиянды болғандықтан, шұршіт болып кеткендер бетін бар, жүзің бар демей мейірімсіз түрде, масқаралана қуылып, қолдарына таяқ ұстатып, қой бақтырған көп олжа болар еді.

8. Тіл мәселесі бұдан былай да аяқ асты болып «Дүмше молдалардың» құрбандығы болып кетпес үшін:

А) Барлық сырттан алынған «есіктен кіріп, төр менікі» деген сөздер теріліп, жиналып, әділ билік айтылып, сол мағынадағы «даусы жойылған» қазақтың ана тіліндегі сөздерге өз еркі өзіне қайта беріліп, қазақ тілінің бұқаралық қатарына қосылып, бұдан былайда ел аузында, жазушының қалам ұшында болуы керек.

Б) Өзіміздің тіл байлығымызда жоқ, бұрын халқымыздың өмірінде кездеспеген жаңа заттардың аты, сөздер, теріліп, жиналып, сөз азаматтығына қабылданып, заңды жүйеге салуы керек.

В) Дальдің «Толковый словарь»-нің үлгісімен атам заманнан бергі қазақ сөздері жиналып, дұрыс талқыланып түсіндіріп, ғылыми аумақты кітап жақында шығу шаралары қолданылуы қажет.

Г) Профессор Ушаковтың «Орфографический словариның» үлгісімен қазақ сөздерін дұрыс жазуға көмек, құрал болатын кітапша кешікпей жазылып шығарылуы қажет. Кейінгі екеуі тіл жағынан өмірлік нұсқау, құрал және тіл жағынан қорған болар еді.

9. Алдағы басқа халықтардың тарихында осы кезге дейін ана тілімен таза сөйлеп, шешендік, шеберлікпен ойдағысын айта, ұғындыра білу, ел басқарған халық азаматтарының салты, санасы, ақыл мөлшері болып келген. Ол жағынан біздің халықтың тарихында да мысалдар көп-ақ. «Қисындыра қаласаң отын жанар, қиыстыра сөйлесең халық нанар» деп айтқандай елге шешендікпен мысал - мұра болып, тарихта атын қалдырған қазақтың атаулы ұлдары да аз емес.

Ана тілінен бірнеше жағдайлар себеп болып ажыраған ел «азғын» ел атанып, кейіннен аты өшіп, ұрпақтары бұршақша бытырап, қардай еріп, құмға сіңген судай дерексіз жоғалып кеткенін, тарихтан кездестіруге болады. Ондай сормандай ел, бұрынғы кезде аз болмағандығына тарихта дәлелдер аз емес.

Барлық өткен заманның, халық тәжірибе-қасиеттерін, ғылыми-мәдениетін, өнеркәсібін бойымызға тарата сіңіріп, жағдайға толық түсіндіріп, ұғындыра, ел қатарына қосып, бізді бұл дәрежеге жеткізіп отырған алдымен тіл емес пе?

Мен әскери адаммын - тіл мәселесі туралы араласарлық жөнім жоқ сияқты, бірақ та, айтылған мәселелер халқымыздың жауынгерлік мінез-құлқын тәрбиелеу, салт-сана, ел намысы, ер намысына, адамгершілік арына, жауынгерлік мұра дәстүріне еркше байланысты болғандықтан, көріп, біліп сезіп тұра айтпағанымды өзіме үлкен ар, кешпес күнә деп түсінгендігімнен жазып отырмын.» , – делінген. Ия, расында да, тіл – ұлттың жаны, рухы, оның бет-бейнесі, әрі «тіл байлығы, тіл тазалығы - ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өнеге, нағыз белгісі емес пе?»

Жоғарыда көрсетілген тіл мәселесінен басқа, Бауыржан Момышұлы атамыз халқымыздың мәдениеті мен салт-дәстүріне де көңіл бөлген. Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы Нұртас Оңдасыновқа жолдаған хатында:

«Асық, жілік, жасырынбақ ойнау; жарыс, күрес, ақсүйек ойнау жастарды ептілікке, шеберлікке, айлакерлікке, мергендікке, ширақтыққа, табандылыққа... тәрбиелейді. Қазақ халқының өткен тарихындағы барлық жақсы дәстүрлер бүгінгі таңда қайта салтанат құруға тиіс. Халық даналығының алтын қазынасы біздің жетістігімізге айналып, біліміміз бен тәжірибемізді байытып, істерімізге қолғабыс жасауға тиіс» деп жазылған.

Екінші бір сөзінде:

«Егер біздер қазақ халқының барлық жақсы дәстүрлерін керегі жоқ деп құдалайтын болсақ, ата-бабаларымыздың кім екенін білмейтін болсақ, мұның өзі пайда бере қояр ма екен?... Тәрбие

жұмысындағы осындай сорақы жаңсақтықтың салдарынан жастардың кейбір бөлігі адам танымастай әдепсіз, жеңіл ойлы, нашар, ебедейсіз, қопал болып өсіп келеді; тіпті су жүрек, қажырсыз, бас қамын ғана ойлайтындар ұшырасады», – деп сын айтып, патша өкіметінің тегеурінді саясатына қарсы ұлттық салт-сана мен дәстүрдің жоғалмауына үлес қосқан еді. Демек бұл – атамыздың өз халқына деген жанашыр келбетінің көрінісі, Отансүйгіштік пен рухани құндылықты дәріптеудегі «патриоттың» бейнесі емес пе?

Одан бөлек, өзінің балалық шағын суреттеп жазған «Ұшқан ұя» кітабын дәлел ретінде келтірсек болады. Неге десеміз, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болған бұл кітапта ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрып элементтері жиі ұшырасады. Жалпы, шығарма атауының өзі де сол кездегі қазақ халқының өмірін суреттейді. Сонымен қатар, «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген мақал-мәтелдің етегінен ұстау арқылы жазушының болашақ ұрпаққа ұлттық мұрамызды дәріптегенін аңғаруға болады. Мәселен, Қадыров Ж.Т., Исакова Л.К. секілді тұлғалардың зерттеуіне сүйенсек:

«Автор «Ұшқан ұядағы» оқиганың түп өзегін әже бейнесі арқылы өрбітеді. Туындының өн бойында әже образы – тектіліктің, кемеңгерліктің діңгегі ретінде суреттелген. Отбасының ғана емес, ауылдың ақылшысына айналған әже бейнесін автор ерекше бір тебіреніспен, сүйіспеншілікпен бейнелеген. Әуезді әуенімен әлпештеген әже әлді де қаламгердің жүрегінде мәңгілік сақталған» – деп жазылған. Осы орайда, Бауыржан Момышұлының:

«Біріншіден, бесік жырын айтатын келіндердің азайып бара жатқанынан қорқамын, екіншіден, немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқанынан қорқамын, үшіншіден, дәстүрді сыйламайтын балалардың өсіп келе жатқанынан қорқамын. Өйткені бесік жырын естіп, ертегі тыңдап, дәстүрді бойына сіңіріп өспеген баланың көкірек көзі көр бола ма деп қорқамын...» – деп айтылған нақыл сөзі еске түседі. Шынында да, қазірдің өзінде ана тілінде сөйлеуден құр қалғаннан бөлек, ұлттық құндылықтарымызды білмейтін, оны дәріптей алмайтын адамдардың (көбінесе балдырғандар мен жастардың) бар екендігін байқаймыз. Бұл – қазақ халқының басына түскен дерт секілді әлі толастамауда. Керісінше қоғамның санасына жаңа ағымдар әкеліп, ұлттық қайнар бұлағымыздың көзін жоюда.

Тақырыпқа қайта оралсақ... Жоғарыда аталған ақпараттарға сүйене отырып, Бауыржан Момышұлының рухани көшбасшы ретіндегі қосқан еңбектеріне бірсыпыра шолу жасадық. Тіл мен мәдениетті, салт-сана мен ата дәстүрді жаңғыртқан тұлғаның бейнесін көрдік. Алайда бұл рухани көшбасшының бір қырын танытады.

1941-1945 жыл аралығы. Екінші дүниежүзілік соғыс. **Бауыржан** – батальон командирі, кеңес әскерлеріне бағыт-бағдар беріп, жеңіске бастаушы қаһарман, қатардағы «солдат», әрі қолбасшы. Бұл сөздерді айтып отырған себебім, атамыздың соғыс кезіндегі жазған «Қолбасшы күнделігі» бар еді. Онда:

«Қолбасшы – басты тұлға, сарбаздың ақыл-ойы, ұрысты ұйымдастырушы, жеңіске қол жеткізуші адам... Ол барлық уақытта барлық жағынан үлгі-өнеге тұтарлық адам болуы тиіс. Тек сонда ғана оның үстіне киген мундиріне мақтана алуға қақысы болады. Қарумен қатар қолбасшының жарағында өзінің қарапайымдылығымен, шыншылдығымен сарбаздардың жан дүниесін баурайтын, оған әсер ететін жауынгерлік сөз болғаны жөн.» – деген секілді сөздер кездеседі. Бұл сөздермен қатар, атамыздың **«Өсиет сөздері»** бір жағынан қатардағы әскерді ынталандынырып, «Жеңіс туына» жетелесе, екінші жағынан рухани азық ретінде әрбір жауынгердің тұлға болып қалыптасуына үлкен септігін тигізеді. Өздеріңіз білетіндей, **руханият** – адам дүниетанымының кеңдігінен, жанының нәзіктігінен, санасының жоғарлығынан, әділеттілік үшін белсенділігінен, өзгелерге қайырымдылығы мен ізгі ниеттілігінен көрініс беретін оның ішкі әлемі, әрі моральдық азғындықтан, сезімдік жадаулықтан құтқаратын күш болған соң, ол майдан шебіндегі әрбір азаматтың жүрегінде, көкейінде болуы тиіс. Демек, руханияттың бір бөлшегі ретінде – «қазақстандық патриотизм» ұғымын да атап айтсақ болады. Ендеше, ҚР Конституциясының 1-бабы, 2-тармағында республика қызметінің 4 түбегейлі принциптерінде атап көрсетілген **«Қазақстандық патриотизм»** ұғымына шолу жасалық.

Себебі, **«Қазақстандық патриотизм»** – кең ауқымды ұғым, ел басқару жүйесінің басты тәсілі, негізгі тетігі, халық кеңінен қолданатын интеллектуалды құрал ретінде қоғамның асыл құндылығы болып табылады.

«Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» III бөлімнің 7-тарауында да : Жаңа қазақстандық патриотизм – біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысымыздың негізі» атты тақырыпты байқаймыз. Яғни, жаңа қазақстандық патриотизм – біздің қоғамымыз дамуының бұлағы, әрі қозғаушы күші. Сонымен қатар, бұл тақырып бүгінгі таңда мемлекеттік идеологиямыздың ең өзекті мәселесі болса керек. Осы орайда патриотизмді дамытуда үлес қосқан Бауыржан Момышұлының рухани көшбасшы ретіндегі қалдырған мұрасын атап айтпасқа болмас.

30.01.1998ж. ҚР ҰҒ академиясында ҚР Білім министрлігі, Мәдениет министрлігі, Қорғаныс министрлігі, ҚР Ассамблеясы, Алматы қалалық әкімдігі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы, басқа да мүдделі құрылымдардың қатысуымен «Бауыржан Момышұлының рухани мұрасы және патриоттық тәрбие мәселелері» тақырыбында ғылыми-практикалық конференция өтті. Аталған конференция «Жаңа қазақстандық патриотизм Бауыржан Момышұлының рухани мұрасының негізінде қалыптасады» – деген тұжырымға келді. Демек, ұлы қаһарманның өмірі мен жасаған игі істерін келешек ұрпаққа насихаттау арқылы біз «**Мәңгілік Елдің**» құрылымын қалыптастырып, «**Рухани жаңғыру**» аясында рухани болмыс пен мәдениеттің, салт-сана мен «**Ұлттық кодтың**» негізін қалаймыз.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келетін болсақ, мен Бауыржан атамyzдың бірнеше еңбектері мен мұрасына талдау жасадым, өзіндік пікірімді таныттым. Әлі де талданбай қалған зерттеу жұмыстары көп, түбі терең қойнауға жатқаны, қалғаны қаншама!? Алдағы уақытта солардың барлығына зерттеу жұмыстарын жүргіземін деген ойдамын. Себебі әрбір ғасырда әрбір елде көшбасшылар туары анық. Бірақ, соның ішінде рухани көшбасшылар бірең-сараң болары бәрімізге мәлім. Өз ұлтының патриоты, жанашыр тұлғасы, сегіз қырлы, бір сырлы, ең бастысы елін, жерін көркейтіп, дамытуда жанын аянбас, айбынды да жігерлі адам болу – екiнiң бiрiнiң қолынан келе бермейтiн дүние! Міне, сондықтан да Бауыржан Момышұлы – қызыл тілдің шешені (оратор), рухани азық беретін көштің көсемі, керемет қайраткер, әрі өткен ғасырдағы ерен еңбектері мен қажырлы істерінің арқасында рухани көшбасшылардың алды саналған «**Ұмытылмас тұлға**»!

Әдебиет

1. «Вся жизнь его – плинительный дастан!». О Бауыржане Момыш-улы – легендарное воине-писателе.–Алматы: ГДБ им.С.Бегалина, 2015.–98с. (89-бет)
2. Б 28 Бауыржан Момышұлы / Құраст: Н.Қ.Қосаева. Ред. алқасының төрағасы академик Ә.Нысанбаев. Ред. алқ. мүшелері: профессор К.Серікбаев (бас ред.), К.К.Әбуғалиева (жауапты ред.). Ғылыми кең.: М.Қалдыбай, О.Масатбаев...-Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2011. -382 б., сур («Ұлы тұлғалар» . ғылыми-ғұмырнамалық серия). (219-260-беттер)
3. (М. Қозыбаев атындағы СҚМУ) Қадыров Ж.Т., Исакова Л.К. -тың «Бауыржан Момышұлының «Ұшқан Ұя» шығармасындағы ұлттық салт дәстүр мен әдет-ғұрып элементтері» атты мақаласы
4. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы: Санат, 2005
5. Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал «Ұлт болмысы» №1-2 (35) қаңтар-ақпан 2015 жыл. (24-27-беттер)
6. ҚР Конституциясы. Алматы. 2015 жыл
7. «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Алматы. 2012ж.
8. «Б.Момышұлының мұрасы және қазақстандық патриотизм» атты жоба. Алматы – 13.12.2015 жыл.
9. М 67 Өсиет сөздер / Бауыржан Момышұлы. – Алматы: «Өнер», 2012 жыл.-48 бет

«ҰШҚАН ҰЯ» ПОВЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МЕН САЛТ – ДӘСТҮРДІҢ БЕЙНЕЛЕНУІ

Жайлғанова С.

Алматы облысы, Қарасай ауданы, Шамалған бекетіндегі жаңа қазақ орта мектебінің
10-сынып оқушысы

Бауыржан Момышұлы Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, Кеңес Одағының Батыры, қазақтың көрнекті жазушысы. Туған жері – Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекені.

Бауыржан Момышұлының қазақ әдебиетінде елеулі орны бар шығармасы - «Ұшқан ұя» кітабы. Бұл кітабы үшін ол Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болған. Жазушының «Ұшқан ұя» повесі нағыз ұлттық педагогиканы көркем суреттейтін шығарма. Бауыржан оны алғаш орыс тілінде жазып, «Наша семья» деп тақырып қойған. Повесті орыс тілінен қазақшаға аударған Тұтқабай Иманбеков «Ұшқан ұя» деп атаған. Жазушы «Ұшқан ұя» шығармасында балалық шағында, көрген куә болған, есте қалған оқиғалар арқылы жалпы сол тұстағы әлеуметтік кезеңді, қоғамдық өмірді суреттеу мәселелерін басты міндет етіп қояды. Қаламгер өзінің ес біле бастаған кезінен мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі өмірін еркін әңгімелейді. «Ұшқан ұя» қызықты оқылатын, сонымен қатар құнды шығарма.

Повестің ұлттық сипаты оның алғашқы беттерінен-ақ аңғарылады. Бауыржанның атасы Имаштың, әжесі Қызтұмастың нағыз қазақы қалпымыздың қалыбынан шыққандығын байқауға болады. Салт-дәстүр – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы; қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Салт-дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық – өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындаумен бірге оны құрметтеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалап та отырған. Өткен заманда қазақ қоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды. Мысалы, той, наурыз көже, қыз ұзату, қонағасы, шашу, ерулік ата салты болып саналады. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы – мәдениеттің байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Әдет, ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі осы салт – дәстүрдің көрінісі.

Повесте көзге түсетін салт – дәстүрдің бірі – «**Бесік жыры**» немесе ана әлдіі. Бұл туралы жазушы өзінің ойын білдіріп өтеді: «Біздің қазіргі балаларымызға әжелері не шешелері ертеке айта бермейді. Содан қорқам. Менің қазіргі келіндерім немерелеріме бесік жырын айта білмейді. Бесікте жатқанда құлағына анасының әлді әні сіңбеген баланың көкірегі кейін керең боп қалмаса екен деп қорқамын.» (17-18 – бет) Соңынан өзінің әжесі айтқан бесік жырын келтіріп өтеді:

- Балам менің қайда екен?
 - Қыздарменен тауда екен.
 - Тауда неғып жүр екен?
 - Алма теріп жүр екен.
 - Алмасынан қәнеки?
 - Жаңа теріп жүр екен.
 - Қызыл алма қолында
- Қыз – бозбала соңында. (18 – бет)

Бұл жерде біз батыр Бауыржанның қазақтың бесік жырының маңызына ерекше көңіл бөлгенін аңғарамыз. Дана қазақ ұрпаққа тәрбие беру жолында еш аянып қалған емес. Ең алдымен, дүниеге қыз келсін, ұл келсін, қуана қарсы алып, сол шаттығымен жақындарын шақырып, ақ дастархан жайып бөліскен. Бала мен ананы зиянды күштерден, жаман адамдардан, жын-шайтаннан қорғауды және сәбидің дені сау болып өсуі мен дамуы үшін жағдай жасауды мақсат

тұтатын салт-дәстүрлерге үлкен мән берілді. Баланы бесікке салу салты да осы мақсатқа сәйкес келеді.

Хикаяттағы ерекше аталып өтілетін салт – дәстүріміздің бірі **бата – тілек** болып табылады. «Алыс сапарға шығарда, аса жауапты істі бастарда, басқа ақ ниетті асыл арманда алдында тұрғанда, бата алу халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүрі.» («Келін келтір, қыз ұзат», 99 – бет.) Қазақ дәстүрінде батаның түрлері көп болып, оны көпті көрген, жасы үлкен ата – әжелеріміз береді. Сондай – аузы дуалы би – шешендеріміз, жырау – ақындарымыз ақ батасын береді. Сондықтан да «Жаңбырменен жер көгереді, Батаменен ер көгереді» деген даналық сөз бар.

Бауыржан дүниеге келгенде, әулеті қуанышқа бөленген. Өйткені қазақ халқы ұл баланы мұрагер деп санаған, «ат ұстар келді» деп қуанатын болған. Имаш бабасы былай деп бата берген екен:

«Алатаудың қыраны көп еді –
Қырағы болсын құлыным.
Қойнауы суға мол еді –
Бұлағы болсын құлыным.
Елінің тілегі зор еді –
Шырағы болсын құлыным.
Ата тілегі оң еді –
Құмары болсын құлыным.
Бұл жер батырлар төрі еді –
Сыңары болсын құлыным .»

Бұны батаның ең жақсы үлгісі деп қарауға болады. Сонымен қатар бабасының батасы қабыл болып, Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан сғысында елін қорғаған, аты аңызға айналған батыр болды. Өмірден өткен соң Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Ал туылғанына екі – үш ай болғанда, қолына жас бұтақ ұстатып берген бата – тілегі қысқа да нұсқа болған екен:

Құрық деп берсем, құл болма,
Шыбық деп берсем, шіл болма,
Бәрінен де, шырағым,
Баяны жоқ ұл болма. (9-бет)

Осыдан жазушының бабасы шешен, дана кісі болған деп ой түюге болады.

Ауыл жігіттері көкпар тартар кезде, Аққұлға келіп бата сұрайды. Бұл қазақ ауылында қалыптасқан салттың бірі еді. Аққұл алақанын жайып бата жасайды:

«Тәңірім тілеулеріңді берсін, қастарыңа қыдыр ерсін. Қашан да оң жол болсын, қызықтарын мол болсын. Ат – көлігің мұқалмасын, азаматтар жұқармасын, аумин!» (104-бет)

Әпкесі Үбиян ұзатылып бара жатқанда, әкесі Момыш оң батасын береді. Жазушы қазақ халқының осындай ұлттық салты туралы сүйсіне баяндайды да, ұрпаққа аманат етіп қалдырады. Шығармада **«теріс бата»** туралы да сөз болады. Бауыржандармен рулас, ағайынды Бабас пен Қабаш деген болады. Қабаш ұрлықпен айналысып, елге қарабет болады. Осыған қатты күйзелген Бабас інісінің шашын ұстарамен алып, құйқасын тіліп, тонын теріс кигізіп, қолына таяқ ұстатады:

«-Енді қайда барсаң сонда бар. Сендей арам ағайыннан адал арым артық, - деп теріс батасын беріп, ата қоныстан аластап шығарған екен. Ол заманда қарғыс ауыры «теріс бата», жазаның үлкені «қасқа» етіп әйгілеп, елден қуып, қаңғытып жіберу болыпты ғой.» (55-бет)

Ежелден келе жатқан, бүгін де жалғасын тауып жатқан ата дәстүріміздің бірі – қыз ұзату. Повесте ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүріміздің көрінісін Үбиянның ұзатылу тойынан аңғарамыз. Автордың балалық көңілмен қабылдаған, өзіне ерекше қызық көрінген «ұрын келу» салты шығармада мөлдіреп тұнық баяндалған. Жазушы қазақ дәстүріндегі құдалық, құда күтудегі кәде-жоралғылардың жасалу ерекшеліктерін де ерекше мән бере сүйсіне суреттейді:

Үбиянның ұзатылар алдындағы ағайын-туманы аралауға аттанғаны да автор назарынан тыс қалмайды: «Тойға екі апта қалғанда Үбиян ағайын-туған, жекжат-жұрағаттармен танысуға аттанады. Әпкемнің қасына екі жігіт, үш келіншек ерді. Байқап отырсам, осынау дәстүрдің үлкен мәні бар екен ғой. Ауылынан аттанып, қызықты дәуренімен қоштасар алдындағы қыздың ең соңғы рет емін-еркін салтанат құруы сияқты екен бұл» [1; 94].

Шығармадағы **қалың мал** салтының суреттелуі де көңіл аудартап қоймайды. Бұл салт XX ғасыр басында жазылған әдеби туындыларда кертартпалық жағынан суреттеледі. С. Көбеевтің

«Қалың мал» романы, С. Торайғыров «Кім жазықты» т.б. көркем шығармалар арқылы бұл салттың кертартпалыққа айналған себептері біршама ашылған. Жазушы қалыңға алынатын малдың қайда жұмсалатынын түйіндеп көрсетеді. Олардың жасау-жабдыққа жұмсалғандығын суреттейді. Аяулы әжесі «табақ-аяқ, көрпе-төсек, жасау-жабдықтарын түгендеп, ине-жіпке дейін қалдырмаймын деген сөздерін баяндай келе «қалыңмал қанша көбейсе де, қорамызға тұяқ қосылмай, азая берді. Бәрі жасау-жабдыққа жаратылып жатыр еді»[1; 96]. Осы шығарманы оқығанда, қызын сатып, байып жатқан қазақты емес, болашақ перзентінің қамын ойлаған адал азаматты көреміз. Жас үйленген отбасы үшін қалыңмал дәстүрінің қаншалықты маңызды болғанын көре аламыз. Ұрпақ санасына теріс түсіндіріліп келген бұл салттың шынай мәні тек «Ұшқан ұяда» ғана ашық та айқын анықталған.

Көнеден келе жатқан халықтың салт-дәстүрінің бірі – ұзатылар қыздың отауын тігу: «Жасау-жабдық түгелденіп болған соң әпкемді ертіп келді. Ауылдың үлкен жеңгесі алдынан қарсы алып, қолтықтады да отауға қарай беттеді. Осы сәтте әйелдердің толқуында шек жоқ еді. Бәрі қыбырсыз тына қалды. Демдерін іштеріне тартып салтанатты сәт күткендей кейбіреуі көзіне жас алып жатыр. Әлгі үлкен жеңгеміз босағаға жақындағанда Үбиянға тіл қатты:

- Отауыңа оң сәт тілеп, есігін аштырғалы тұрмыз, еркежан. Отауың бақытқа толсын, иелері қайғысыз болсын. Даусы біртүрлі қалтырап шықты» [1; 95].

Повестегі автор шеберлігін танытатын тағы бір тұс – Үбиянды **ұзату тойы**. Әдетте, қыз ұзату тойы екі жақтың құдаласуы бітіп, қалың мал аяқталған кезде келісіммен жасалады. Үбиян тойынан оқырман ойын-сауыққа арналған көңілашарды ғана емес, ғасырлардан ғасырларға дәстүрлі жалғастығын бұзбай, ұрпақ санасының сарасынан сарапталған мәдени құндылықты көреді. Екі жастың неке киюына куәлік беру дәстүрі – имандылыққа шақырар танымға негізделген. Күйеуге тән иба, «мұрын астынан сөйлейтін» күйеу бала Аюбай бейнесі, қолапайсыз тірлігі юморлық штрихтар арқылы әдіптеледі. Қазіргі таңда мүлдем ұмытыла бастаған көне дәстүрдің бірі – «жар салу» дәстүрі де Өтеп бейнесі арқылы ашылған. Осы Өтеп Үбиянның беташарын айтады.

Келін – келін келіп тұр,

Келін үйге еніп тұр.

Қайын жұрты алдында

Иіліп сәлем беріп тұр. (113-бет)

Келін ауыл – елмен таныстырып, сәлем бергізген соң, оған өсиет айтуға көшеді:

Үлкендердің алдында,

Тайраңдама, келіншек,

Жөн – жосықсыз желігіп

Сайраңдама, келіншек,

От басына барғанда,

Отырып алма, келіншек,

Су басына барғанда,

Сумандама, келіншек... (115-бет)

Шығармада аз да болса **сүйінші сұрау, қыз айттыру, құтты болсын айту** сынды ежелгі дәстүрлеріміз көрініс тапқан. Мысалы, Бауыржан дүниеге келгенде, Байтоқ деген кісі Әулиеатада жүрген Момыштан сүйінші сұрайды. Сонымен қатар шығармада ұмытылып бара жатқан дәстүрлер де сөз болады. Хат танитын сауатты әпкесі Үбішті Байтана руынан Рысқұлбек Омаров дегенге бесіккерті етіп атастырған екен. Ол сауатсыз, салауаты аз болып өседі. Ел арасы «сауатты қыз білімсізге қор бол ма» деп сөз болғанда, әкесі Момыш бата бұзбаймын, арыма таңба түсірмеймін деп, Үбішті ұзатады. Өкінішке орай Үбіш бір жылға жетпей дүние салады.

Тәрбиенің негізгі алтын діңгегі – Отан. «Отан отбасынан басталады» демекші, тәрбие-тағылым отбасынан берілетін ұлттық құндылық. Қазақ халқының даналығы, тәрбие тағылымы – тамыры тереңде жатқан асыл мұра. Ерте заманнан ата-бабаларымыз өскелең ұрпақты елін, жерін сүюге, тектілікпен, жан-жақты тәрбиелеуді басты мұрат тұтқан. Ұлттық тәрбиеден нәр алған адам – рухани құндылықтарды бойына сіңіріп биік дәрежеге көтеріледі. Адам баласының бүкіл адами қасиеттері отбасында беріліп, бүкіл ғұмырына негіз болады. Отбасында берілетін тәрбие мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріміз, отбасылық құндылықтарымыз ұрпақтан – ұрпаққа мұра болып келе жатыр. Қазақ халқында «Ұяда не көрсен, Ұшқанда соны ілесін», «Әкеге қарап ұл өсер, Шешеге қарап қыз өсер», «Ұлдың ұяты-әкеде, қыздың ұяты-шешеде» деген даналық сөздер бекерге

айтылмаған. Жастардың бойында ұлттық сана-сезімді, ата-баба дәстүріне адалдықты сіңіру ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүріміздің бір тармағы.

Қазақ халқы «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» деп, атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуге тырысқан. Атасы немересіне жылдың маусымы ауысымен көштің қалай, қайда көшуін, суды қайдан тауып ішетінін, жеті атасын білуі, елдің батырларының ерлік хикаяларын әңгімелеп, адамды жақсы ететін де, жаман ететін де тәрбие екенін жастайынан баланың бойына сіңіріп отырған. Жас ұрпақты бұлай тәрбиелеудің маңыздылығын қазақ халқы ерте түсінген.

«Ұшқан ұяда» автор ерекше мән берген мәселенің бірі – адамдардың бірін-бірі құрметтеуі, ізет көрсетуі, сыйлауы болып табылады. Оны Қабылбек пен Текебай би арасындағы дау-дамай арқылы жеткізеді:

«- Менің күшігім саған қарап шәуілдесе керек, Қабылбек! Айыбын көтергелі келдім алдыңа. Кешіремісің, сірә! – депті.

Мына сөзден Қабылбектің қабырғасы сөгіліп, қалбалақтап атынан аунап түседі:

- О, текті би Текебай! Сенің балаңның айыбынан менің айыбым асып кетті білем. Аға болсаң да сені мен аттан түспей тыңдаппын-ау. Сен кешіремісің мені? Бұл әдепсіздігім бүкіл әулетімізге таңба болатын болды ғой, ой әттеген ай. Ат шапан айып сенен емес, менен, ақсақал! - деп үстіндегі зерлі шапанын шешіп, Текебайдың иығына жауыпты». [1;11]. Көркем өрілген диалогтан суреткер шеберлігі ғана емес, ұлттық болмыстың тұтас бітімі көрінетіндей.

Автор «Ұшқан ұядағы» оқиғаның түп өзегін әже бейнесі арқылы өрбітеді. Туындының өн бойында әже образы – тектіліктің, кеменгерліктің діңгегі ретінде суреттелген. Отбасының ғана емес, ауылдың ақылшысына айналған әже бейнесін автор ерекше бір тебіреніспен, сүйіспеншілікпен бейнелеген.

Шығармада ұлттық тәрбиенің бір көрінісі – әжесі мен көкесі Момынкүл арасындағы жағдай. анасына «Қойшы,апа!» деп дауыс көтерген Момынкүлді ағасы Момыш жазалайды. «Анау інің көргенсіздеу болып бара жатыр. Жөнге сал туысқаныңды» дейді әжесі Момышқа. Оны басқа бір ауылға бір аптаға аттандырып жібереді. Бірақ сол арада анасы баласын сағына бастайды. Бұл жерде біз қазақ халқына тән ұлттық менталитетті,мейірімді әйел-ана бейнесін көреміз.

Дала философиясында ер баланы тәрбиелеуде әкенің рөлі ерекше болған. Повестің өн бойынан аңғарылатын автор позициясы да осы қастерлі ұғымды үнемі алға ұстайды. Әкесінің баласын үлкенді сыйлау, сәлем беру дағдысына қалай тәрбиелегені шығармада шынайы көрініс тапқан. Үлкендерге амандасу рәсімін меңгерту нәтижесінде олардың аузынан бала Бауыржанға «жақсы азамат, жігіт болып қалыпты» деген көтерме баға берудің өзі тек жақсы болуға жетелеу екенін танытады.

Бауыржанның дүниеге келуі де әулетіне әкесіне үлкен қуаныш сыйлайды. Ұл тәрбиесіне әкесі Момыш ерекше мән береді. Мысалы ,қаршадайынан үлкендерге сәлем беруді үйретеді. Үйде бір топ ауыл ақсақалдары отырғанда,Момыш Бауыржанға «аталарыңа сәлем беруді ұмытпа дегенім қайда?» дейді. Осы сөзден соң ұялған бала Бауыржан үйден шығады да,қайта кіріп, қол қусырып, «Ассалаума әлейкум,аталар» деп сәлем береді. Әрине,баланың көңілін қалдырмау үшін үлкендер сәлемін алады, мақтау сөз айтады. «Жақсы сөзге мәз болып,мен әкемнің тізесін ала жайғасамын. Ол басымнан сипап отырып: «Жарайсың,балам! Үйге кіргенде,әрқашан үлкендерге сәлем беруді ұмытпа. Әдепті бала сүйтеді» дейтін.» (20-бет)

Жазушы қазіргі жастардың туған күнді жылда тойлайтынына қынжылады. Ал ертеде туған жылды,күнді емес,мүшелді кезеңдерді тойлайтын болған. Мүшел жас туралы әңгіме де ұлттық тәрбиенің бір көрінісі. «Әке маған жастайымнан қазақша жыл қайыруды,күн мен ай аттарын,жыл аттарын жаттатты. «Тышқан жылы,сиыр жылы,жылан жылы,,жылқы жылы,мешін жылы,тауық жылы,доңыз жылы,қоян жылы,қой жылы,барыс жылы,ит жылы,ұлу жылы» деп жаттаушы едім» (24-бет) Ал бұлар не үшін бұлай аталғаны туралы ертегіні Қызтұмас әжесі майын тамызып айтып береді. Ертегі тыңдап өскен бала отаншыл, адал,еңбексүйгіш болатыны белгілі. Сондай – ақ әжесі немерелеріне «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» деген ертегіні де айтып береді. Осы ертегілер арқылы баланың бойында ұлттық тәрбие,рух қалыптасып барады. Сонымен қатар адамгершілік, мейірім, қамқорлық сияқты қасиеттерді бойына сіңіріп барады.

Ойымызды қорыта келсек, Б. Момышұлының дәстүрдің озығын қайта әкелудегі, жаңғыртудағы әрекеті осы «Ұшқан ұя» повесі арқылы өрбігенін аңғарамыз. Әрбір оқиға мен жағдайларды кейіпкерлерінің іс-әрекетімен бейнелеуде көркемдік-эстетикалық көпқырлылықты байқатады. Осының бәрі жазушының ерекше шеберлігін, стильдік ұтымдығын дәлелдеп, көркемдіктің ең биік деңгейінен көрсетеді.

Повесте Бауыржан Момышұлы өзінің балалық шағы туралы әңгімелеп, сол кездегі ұлттық салт – дәстүрлерді бейнелейді, шұрайлы көркем тілмен жеткізеді. Бұл дәстүрлердің кейбірі қазір де өз жалғасын тауып келмекте. Ал кейбірі ұмыт бола бастаған.

Шығармада бала Бауыржанның бойында ұлттық тәрбиенің қалыптасып барғанын аңғарамыз. Жазушы бұны қайнаған тұрмыс – тіршілікпен тығыз байланыста бейнелеген. Ұлттық тәрбиенің жас ұрпақты отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеуде маңызы зор.

Тұтастай алғанда, Б.Момышұлы шығармашылығы адам мен оның еңбегін биік бағалайтын, өмір, уақыт талаптарын адал атқарып, әділеттілік тұрғысынан жүзеге асыратын елдік пен ерлікке тәрбиелейтін тағылымды туындылар болып табылады.

Асылы, адамтану ісіне үлес қосу аса күрделі, ғибратты еңбек болып табылады. Б.Момышұлының адамға қызметі, елге, жерге құрметі, Отанға, майдандас жауынгерлеріне адалдығы, елдік пен ерлікке тәрбиелейтін туындылары осы реттен де бедерлі, құнды.

Әдебиет

1. Момышұлы Б. Ұшқан ұя. Алматы: Санат 2005.
2. Мырзахметұлы М. Айналан аты аңызға Момышұлы, Тараз: «Сенім», 2000.
3. Әлімжан Е. Жанартау // Ақ жол. – 2000, № 81 (15.381) 4-5 бб.
4. Момышұлы Б. Қанмен жазылған кітап, Алматы: «Қазақстан», 1991. – 384б.
5. Мырзахметұлы М. Бауыржан батыр, Алматы: «Жалын», 1991.
6. С.Қалиев, М.Оразаев, М.Смайылова, Қазақ халқының салт – дәстүрлері, Алматы, «Рауан», 1994.
7. Күйеу келтір, қыз ұзат. Алматы «Ана тілі», 1992.

Б. МОМЫШҰЛЫН ТІЛДІК ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ТАНУДЫҢ ҚЫРЛАРЫ

Есимкулова С.С.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті

3 курс докторанты

Қазіргі кезде тіл білімінде тілдік қарым қатынас барысында адамның алатын рөлі, яғни тілдік тұлға аясындағы тың мәселелер көптеп көтеріліп жатыр. Тілді жасаушы да, тілді қолданушы да адам екені анық, сол себепті де тілдің қолданылуы мен оның туындауы туралы көзқарастардың адами тұрғыға ойысуы таң қаларлық жайт емес. Тілдің ең басты қызметі – коммуникация, яғни ол – қарым қатынас құралы болып табылады. Сол себепті адамның жеке тұлға ретінде өмірдің әр түрлі салаларындағы қарым қатынасынан көрінетін тілдік тұлға ұғымы адамтану ғылымдарының көптеген салаларында қоладанылып келеді. Тілдік тұлғаны әр қырынан қарастырушы ғылымдар қатарында философия, психология, әлеуметтану, коммуникативтік лингвистика, лингвомәдениеттану, саяси лингвистиканы көрсетуге болады. Аталған салалардың барлығы қарым қатынас жасау барысында адамның ішкі және сыртқы қасиеттерінің қоғам үшін қайсысы маңызды деген сауалдарға жауап табуға тырысуда.

«Кез келген адам баласы қандай да бір тілді, яғни өзінің ана тілін қолдана біледі, сол тілде сөйлеп, өз ойын толық жеткізе алады. Алайда, кез келген адамды біз тілдік тұлға деп тани алмаймыз. «Қандай да болмасын шығарма иесін тілдік тұлға ретінде тану үшін оған қойылатын бірнеше критерийлері болуы тиіс.

Біздің ойымызша, тұлға – интеллектуалды ерекше жаратылыс иесі. Кез-келген адам мен болмыс тұлғаның деңгейін («тұлғаны» «жеке адам» ұғымымен шатастырмау керек) бере алмайды. Кез-келген шығармашылық адамы жеке-дара тұлға бола алмайтыны белгілі. Тұлғаға ең алдымен даралық қасиет тән. Яғни ол «өзгелер» деп атауға болатын жалпылама ортақ болмыстан ерекшеленіп бөлініп шыққан өзіндік бітім-болмысымен айқындалуы қажет.

Екіншіден, тұлға адамзатқа тән құндылықтарды тап басып тани білуі, сезініп қабылдай алуы тиіс. Және сол құндылықтар үддесінен өзі де көрініс беруі керек.

Үшіншіден, тұлға тудырған интеллектуальды таным нәтижесі белгілі бір мәдениет түрінде (сөз өнері, сурет, мүсін, музыка т.б.) танылуы қажет.»

Академик Ә. Қайдар өзінің еңбегінде тілдік тұлға туралы «Ұлттық ойлау ділі бар, ұлттық тіліміздің дамуына өз шығармашылығы арқылы үлес қосатын, әсерін тигізетін адамдар жатады. Тілдік тұлғаның қуаты – сөз. Ойы қоғамдық ісінен көрінеді. Ал психологиясы ұлт перзенті ретінде халқын сүюі сезімімен өлшенеді. Ұлттық таным мен ұлтжандылық, туған тілін дәріптеу – тілдік тұлға бейнесінің ең басты қасиеттері» деп айтқан.

Қазақ халқының айтулы азаматтарының бірі, өз халқы үшін жанын да, тәнін де аямаған қаһарман қолбасшы, мықты қаламгер, адамдық болмысымен де, шығармашылық тұлғасымен де, өзгелерден ерекше тұлға-тұрпатымен де, тұған елі, ана тілі үшін көптеген талқыға түскен, қазақтың біртуар перзенті, Кеңес Одағының батыры, жазушы, Екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, мықты стратег Бауыржан Момышұлы нағыз тілдік тұлға болып табылады. Бауыржан Момышұлының өзіне тән тілдік әлеуеті, қазақтың сөз қазынасындағы әрбір дүниені орнымен қиыстыра білудегі ешкімді қайталамайтын, ешкімге қайталата алмайтын шеберлігі тіл өнеріндегі ерекше әлем деуге тұрады.

«Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,

Қиыннан қиыстырар ер данасы.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.» - деп Ұлы Абай жырлап кеткендей, өлең сөздің патшасы, яғни ақын ретінде де, парасатты жазушы ретінде де жазған шығармаларымен Бауыржан Момышұлы мәңгілік есімізде қалады. Кемеңгер тұлға туралы «Ақиқат пен аңыз» атты кітап жазған, Бауыржан ағамыздың даңқын еселеуге өз үлесін қосқан көрнекті қаламгеріміз, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Әзілхан Нұршайықов Тараз қаласында Бауыржан Момышұлының 100 жылдығына арналған ғылыми-тәжірибелік конференцияда сөйлеген сөзінде: «Мен өз кітабымда Баукең бойындағы отаншылдықты (патриотизм), Отан үшін жан аямаған ерлікті, қанына сіңген кейбір ұлттық қасиеттерді көрсетуге тырыстым. Әрине, оның бәрін толық түгендеп көрсете алдым деп айта алмаймын. Баукеңнің бойындағы толып жатқан қадірлі қасиеттер кітаптан тыс қалып қойды. Баукеңнің бойында қандай қасиеттер бар еді? Баукең ең алдымен АҚЫН болатын. Соғыста жүргенде де көп өлеңдер жазды. Мәселен, “Серігім”, “Жазушыға”, “Қалыбек аға”, “Біреулерге”, “Омарбекке”, “Жардың мұңы”, “Ғ-ға”, “Ана тілін ардақта”, “Достыма”, “Толғау”, тағы басқа.» дей келе Бауыржан ағамыздың ақындық талантын баса айтады.

Мәселен, Бауыржан Момышұлының өз ұлтына, өз ана тіліне деген жанашырлығын 1944 жылы жазған «Ана тілін ардақта» деген өлеңінде көре аламыз:

«Көшеде бояу ерін сылқылдаған,

Былдырлап, орысшалап жырқылдаған.

Ұмытып ана тілін, салт-санасын,

Не қалды тілімізден жыртылмаған.

Ақынның бұл өлең жолдарында жастардың ана тілге деген немқұрайлық көзқарастары мен ана тілін шұбарлап, бұрмалауын қатты сынға алады. Өлең жолдарындағы бір-бірімен ұйқас құрап тұрған сылқылдаған, жырқылдаған, жыртылмаған етістіктері арқылы өз тіліне жақтырмаушылық танытып, тілді шұбарлап сөйлегендердің қылықтарының сүйкімсіздігін көрсетеді.

Отбасы түсініксіз жатқан былдыр,

Газетте қазақ сөзі аз, шылдыр-мылдыр.

Оқысаң алып кітап шым-шытырық,

Опырмау, сандырақ па, бұл не былжыр.

Газетте қазақ сөзі аз, шылдыр-мылдыр деген жолындағы шылдыр-мылдыр еліктеуіш сөзі арқылы автор қазақ тілінің бұрмалануын көрсетсе, Оқысаң алып кітап шым-шытырық дегендегі шым-шытырық қосарлама сөздері арқылы тілі шұбарлана жазылған кітаптарды қатты сынға алады. Өлеңнің Опырмау, сандырақ па, бұл не былжыр деген жолында ақын тілге құрмет көрсете білмеген қоғамдағы тіл кедейлігін сандырақ пен былжырға арқылы сол қоғамға деген ашу-ызасын білдіреді.

Ержеткендер сөйлейді орысшалап,

Кім отыр сөз құрылысын қынап-сынап.

“Мамасы” мен “папасы” шүршіт болып,

Күйдірді-ау, шүршітшілеп, бала жылап.»

Өлеңнің бұл шумағында Б. Момышұлы тілге қатысты қоғамда орын алған кемшіліктердің өсіп келе жатқан ұрпаққа да тигізіп жатқан зиянын өлеңнің «Мамасы» мен «папасы» шүршіт болып, Күйдірді-ау, шүршітшілеп, бала жылап» деген жолындағы шүршіт сөзін қолдану арқылы нақ басып көрсеткен. Шүршіт сөзінің өз мағынасы бөтен адам, жат кісі, түкке түсінбейтін дүлей,

ақымақ, оңбаған деген мағына білдіреді. Сонымен қатар, шүршіт деп қазақтар ертеде қытайларды атаған екен. Ақынның бұндай ауыр сөздерді қолдануы, оның қазақ тілінің аянышты жағдайын көріп, оған қоғамның, өкіметтің көңілін аудару мақсатындағы жан айқайы екенін көре аламыз.

Ұлт жанашыры ретінде де танылған Батыр ағамыз Бауыржан Момышұлының өлеңдері, көркем шығармаларымен қатар өсиет, нақыл, қанатты сөздері де көп. Автор еңбектеріне арқау болған басты тақырыптар тіл мәселесін, тәрбие, батырлық, ерлік, намысшылдық және өз ұлтымызға деген жанашырлықты қамтиды. Өзінің тіл туралы нақыл сөздерінің бірінде Б. Момышұлы: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту» деп ана тілінің бүкіл ұлттық маңыздылық екенін көрсетіп кеткен.

Бауыржан Момышұлының ана тіліміздің нағыз жанашыры екендігінің тағы да бір айқын дәлелі, ағамыздың қан майдандағы күрестің алдыңғы шебінде жүріп, бар күш-жігердің соғысқа бағытталған ауыртпалық кезеңіне қарамастан, өз елінің, тілінің намысы үшін жасаған әрекеті тағы бір ерлікпен тең. Атап айтсақ, 1944 жылдың 20 ақпанында өлім мен өмірдің арбасқан майданында жүріп, Бауыржан аға Қазақстан Компартиясы орталық Комитетінің хатшысы Әбдіхалықовқа «Қазақ тілі туралы пікір» атты хатын жазады.

«Қазақстан астанасы - Алматыға келіп, аз уақыт болғанымда үстірт байқау мен болжаулар ауыр ойға салып, көп толғантты. Олардың біреуі ішіме сияр емес. Сізге айтпай кетсем, өмір бойы көңілім тынар емес.

Ойдағыны айтып кетуді міндетім деп біліп, кеселханада жатқан бос уақытымды пайдаланып осы хатты Сізге жазып отырмын. Тіл маманы болмасам да, Алматыға келгелі Орталық «Социалистік Қазақстан» газетін оқып, кейбір, кейінгі кезде басылған қазақ тіліндегі кітаптарды желе-жорта қарап шығып, күннен күнге ұлғайып, шым-шытырық «шүршіттенуді» көзбен көре, құлақпен ести отырып, дәтім шыдамай жазайын деп отырғаным ТІЛ мәселесі туралы.

Бұл мәселелер ойланып та, көтеріліп те, тиісті орындарда қойылып та жүрген болар, сүйтсе де біз сияқты жолаушы қонақтың сөзін тыңдауға уақытыңызды бөлерсіз деп сенгендігімнен жазып отырмын.» - деп бастаған өзінің хатында, Б. Момышұлы қазақ тілінің сол кездегі мүшкіл халін ашық түрде батыл суреттеп отыр. Бұл жерде де, Халық Қаһарманы «шүршіттену» сөзін қолдану арқылы тіліміздің өкімет билігі дәрежесінде, газет-журналдарда да шұбарланып кеткендігін айтады.

Еліміздің Қаһарман ұлы Б. Момышұлы өзінің көркем шығармаларымен қатар, көптеген нақыл сөздер мен мақал-мәтелдердің де авторы болып табылады. Батырдың нақыл сөздеріне айналған оның басынан кешкен жайттары ғана емес, өмірден көріп білгені, көкірек көңіліне түйгені, жүрегіне ұялағаны, қоғамға, болашаққа деген ой-пікірлері. Ал бұл ойларды жинақтап, мақал-мәтел деңгейіне дейін көтеріп, болашаққа өсиет ретінде жазып қалдыру тек Бауыржан Момышұлы сияқты талантты тұлғаның ғана қолынан келетін іс.

Түйіндеме. Мақалада Бауыржан Момышұлының шығармалары негізінде халық қаһарманының тілдік тұлғасы сипатталады. Әрі жазушы, әрі ақын ретінде танылған қаһарман батырдың «Ана тілін ардақта» атты өлеңінен үзінді келтіріліп, автордың қолданған сөздеріне талдау жасалды.

Түйін сөздер. Тұлға, мықты қаламгер, тілдік қарым қатынас, коммуникация

Әдебиет

1. Ә. Қайдар. Қазақтар ана тілі әлемінде. I-том. Алматы, 2009. – 780 б.
2. Белянин В.П. Психоллингвистические аспекты художественного текста. МГУ, 1988. -121.
3. Бабенко Л.Г., Казарин Ю.В. Лингвистический анализ художественного текста. –Москва: Флинта-Наука, 2003. -495с.
4. Нұрдәулетова Б.И. Жыраулар тіліндегі дүниенің концептуалдық бейнесі. Астана: Нұра-Астана, 2008. -429 б.
5. Ж.Ж. Есеналиева. Основные направления когнитивной лингвистики в Казахстане. ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №2(63). 2013

Мазмұны/Содержание

Сарыбеков М.Н.	
Б.Момышұлы – ғасыр перзенті	5
Батырбаев М.Б.	
Қазақтың хас батыры – Бауыржан	6
Мекемтас Мырзахметұлы	
Бауыржан Момышұлы – әскери ағартушылық әдебиеттің негізін салушы	7
Ким Серікбайұлы	
Батыр Бауыржан, қазіргі заман немесе батырдың майдандағы ізі, даналық сөзі	14
Мусина М.	
Мой Аташка	25
Мамытбек Қ.	
Мәңгілік өнеге	28
Бақытбек С.	
Алаштың айбыны – Бауыржан	30
Мұхтар Қазыбек	
Б.Момышұлының психологиялық ойларына талдау	32
Даут Қ., Максымканова А.Х.	
Бауыржан Момышұлының жеке тектік қор құжаттары	40
Сәмен Құлбарак	
Бауыржан Момышұлы мен Тахауи Ахтанов	41
Баринев М.В.	
Бауыржан Момышұлының тактикасы мен айлалы жоспары	45
Зейнуллаұлы С.	
Құжатта қатталған қолтаңба	47
Елен Әлімжа	
Бауыржан Момышұлы - Алаш идеясының алтын көпірі	50
Мұқашев Т.	
Б.Момышұлы мұраларындағы ұлттық намыс мәселесі	53
Жанқұлов Т., Құламанова З., Құлбаева Д.	
Б. Момышұлы және тіл тағдыры туралы	57
Найзабаев Ә.А.	
Бауыржан Момышұлының қызметтік жолын айғақтайтын құжат	60
Төлебаев Д.	
Бауыржан атаның «Қазақ тілі туралы пікірін» оқығаннан кейінгі туған ойлар	63
О. Жарылқасынұлы	
Абайдың аманаты – имандылық әлеміне бағдар	67
Исмазова С.М.	
Мұрасында бүкіл ұлттың намысы	72
Белботаев А.Б., Арапов С.	
Применение военных назаний в эпистолярных произведениях героя-писателя Б.Момышұлы	78
Толықбаева Е.Ә.	
Бауыржан Момышұлы - 110 жыл	80
Беркенова Р.А., Пертаева Э.Қ., Стамкулова Б.Ш.	
Меңдібай Әбілұлы – Бауыржантанушы	81
Жүрсінбаев Б.А., Байболов Е.Т.	
Жамбылдықтардың Ұлы Отан соғысына қатысуы және майдандағы ерліктері	84
Сапанов С.Ж., Жумабаева К.С.	
Патриотического воспитания в Казахстане на примере великой отечественной войны	88
Баешова Б.	
Бауыржан төрттіктерінің көркемдік ерекшелігі	90
Бекназаров Б.А.	
Б.Момышұлы жайындағы еңбектердің зерттелу жайы	92

.....	
Кембаева А.Т., Бекназаров Б.А.	
Бауыржан Момышұлының тарихи тұлға ретінде қалыптасуы және көркем образ	96
Бупетаева С.Ж., Тұлымхан.Н.С.	
Бауыржан Момышұлы нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні	100
Карабалаев К.А.	
Батырлар ерлігі – тәуелсіздік жаңғырығы	102
Матай Б., Махмудова А.К.	
Бауыржан Момышұлының әдеби мұрасы және әдебиет әлеміндегі алар орны	104
Матай Б., Туребекқызы А.	
Бауыржан Момышұлы және қазіргі тіл білімі ғылымындағы өзекті мәселелер	108
Матай Б., Озғанбек Ш.О.	
Бауыржан Момышұлы және қазіргі тіл білімі ғылымындағы өзекті мәселелер	111
Мұқашева А.	
Ұлттық әдебиеттегі Б. Момышұлы бейнесі	113
Шертаева Б.Р.	
Бауыржан Момышұлы және соғысқа дейінгі әскери қызметі	115
Сейтжанов Е.О.	
Бауыржан Момышұлы – ана тілінің жанашыры	117
Раймбекова Қ.К.	
Батырдың ұшқан ұясы	120
Найзабаева А.Ә.	
М.Мағауиннің «Жармақ» романындағы микроконцептілер	124
Бақытова А.С.	
Шындықтан туған шыншыл шығармалар туралы сөз	129
Умбетова А.	
Бауыржан Момышұлының адамгершілік, азаматтық асыл қасиеттері хақында	131
Амирбаев А.	
Б.Момышұлы шығармаларында ауыз әдебиеті үлгілері	133
Оразбекова Ф.К., Шауханов А.А.	
Сценическая жизнь Бауыржана Момышұлы	136
Шауханов А.А.	
Военное искусство Бауыржана Момышұлы	138
Масатбаева Ш.Ж.	
Білім – имандылықтың бұлағы, өркениеттің өзегі	140
Матай Б., Елемес С.	
Бауыржан Момышұлының қазақ әдебиетінде қалдырған ізі	142
Байкабылов У.	
Елдік пен ерліктің киесі Бауыржан Момышұлы –тау тұлға	144
Мырзахмет Л.Т.	
«Өзі батыр, өзі қайсар – дара тұлға, нар тұлға...»	146
Құрманова Ж.М.	
Бауыржан Момышұлының қазақ тілі туралы ойлары	150
Матай Б., Избасар М.Ұ.	
Адамгершіліктің, патриоттықтың символы-Бауыржан Момышұлы	153
Ералыұлы М.	
Ер Баукенді ел қалай таниды?	155
Қарабалина Э., Исламғалиев А.	
Мұхит сал мектебінің кешегі және бүгінгі мұрагерлері	157
Аярбек М.Н., Шолпанкулова Қ.А.	
Бауыржан Момышұлының шығармаларындағы патриотизм мәселесі	158
Күнқожа Қайрулла.	
Бесқала қазақтарының күйшілік дәстүрі	164
Қалымбетова П.Қ.	
Тұлғасы тұнған тәлім, есімі елге мәлім – Бауыржан Момышұлы	167

Маталиева А.Е. Бауыржан Момышұлы – әдебиет зерттеушісі	171
Тамабаева Қ.Ө., Бекназаров Б.А. Б.Момышұлы және А.Бектің шығармашылық байланысы	173
Абдыханова Ғ. Бауыржан Момышұлының тәмсілдері	176
Абдимомынов Е.Б. Б.Момышұлының әдеби мұралары: тұжырым мен толғам	181
Шота Қ.Н. Нар тұлға	186
Түймебекова Ә.Ә. Қалам ұстаған батыр	189
Ералина А.Е. Торғайлықтардың ұлы жеңіске қосқан үлесі	191
Бақытжанова А.Б. Бауыржан Момышұлы – ерліктің, отансүйгіштіктің символы	196
Қожахметова Б.Қ. Бауыржан Момышұлы -ұлы тұлға	197
Разиховская С.Б. Тіл мәселесі-өзекті мәселе	199
Амангелдиева А.Қ., Қалдыгүл Орынбасаровна Қазақтың Бауыржаны және қазақ рухы	202
Бұғыбай Е., Бимаганбетова Ж.Т. Кеңес Одағының батыры, халық қаһарманы, көрнекті жазушысы Бауыржан Момышұлы	204
Конурбаева Д., Калиева С.А. Әскери әдебиеттегі қаһармандық тұлға-әдеби кейіпкер	207
Баймыш Р.А., Ергалиева К.О. Бауыржан Момышұлы: Тәуелсіздіктің тарихы мен тағылымы	209
Қаленова Қ.Қ. Бауыржан Момышұлының Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазған әңгімелері	211
Мұқашева А., Шайнүсіп Н. Б.Момышұлының қазақ әдебиетіндегі орны	213
Найзабаева М.А. Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңіндегі автобиографиялық дерек	216
Аманова А.Т. Заманның заңғар тұлғасы	218
Күсёва С.Ж., Нұрмолдаева А.А. Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» повесіндегі көркемдік бейне – таным тәсілінің қызметі	224
Қожахметова Н., Бимаганбетова Ж.Т. Кеңес Одағының батыры Бауыржан Момышұлының өмірі мен соғыстағы ерлігі	226
Джорабекова Ұ.Т. Бауыржан Момышұлының нақыл сөздеріндегі ұрпақтар сабақтастығы	229
Берденова Т.К. Батыр тұлға – Бауыржан	231
Бүтінбай Ш.С., Шолпанкулова Қ.А. Бауыржан Момышұлы - аты аңызға айналған ұлы тұлға	235
Калдыбекова П.Д. Қазақ халқының қаһарман перзенті	237
Капарова А.М. Б.Момышұлының тіл туралы нақыл сөздері	240
Омарова А.Ж. Бауыржан Момышұлы шығармаларындағы ұлттық құндылықтар	243

Утебаева Г.	
Қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлы	244
Қожағұл Н.С.	
Өткен ғасырдың шынайы рухани көшбасшысы – Бауыржан Момышұлы	246
Жайлғанова С.	
«Ұшқан ұя» повесінде ұлттық тәрбие мен салт – дәстүрдің бейнеленуі	250
Есимкулова С.С.	
Б. Момышұлын тілдік тұлға ретінде танудың қырлары	254

Жауынгер жазушы, Кеңес Одағының Батыры
Бауыржан Момышұлының 110 жылдығына арналған
**«БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ:
ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ»**
тақырыбындағы ғылыми-тәжірибелік конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

24 желтоқсан 2020 ж.

Техникалық редактор
Редакциялық сектор жетекшісі
Компьютерлік беттеу

С.М. Қосбол
Г.Н. Алдыкеева
Г.Н. Дауирбекова

Баспаға 05.02.2021 ж. қол қойылды.
Пішімі 60X80 1/16. Есепті б.т. 16,0. Шартты б.т. 16,5.
Таралымы 500. Тапсырыс 732.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
«Dulaty университеті» баспасы
080000, Тараз қаласы, Сулейменов көшесі, 11